


«Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің білім басқармасы»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің «Білім саласындағы
әдістемелік жұмыс және
ақпараттық технологиялар
орталығы»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі»




Коммунальное государственное
учреждение «Центр методической
работы и информационных
технологий в сфере образования»
коммунального государственного
учреждения «Управление
образования акимата
Северо-Казахстанской области»

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТ ҰСТАЗЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

Петропавл, 2022 ж.

**«Солтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің білім
басқармасы» коммуналдық
мемлекеттік
мекемесінің «Білім
саласындағы әдістемелік
жұмыс және ақпараттық
технологиялар орталығы»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі»**



**Коммунальное государственное
учреждение «Центр
методической работы и
информационных технологий в
сфере образования»
коммунального
государственного учреждения
«Управление образования
акимата Северо-Казахстанской
области»**

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТ ҰСТАЗЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

Петропавл, 2022 ж.

ББК 94(каз.)

A95

«Білім саласындағы әдістемелік жұмыс және ақпараттық технологиялар орталығы» КММ сараптамалық кеңесінің шешімімен 2022 жылғы 23.09. №5 хаттамасы

П-5-1

Пікір жазғандар:

Қадыров Ж.Т.– М. Қозыбаев атындағы СҚУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., профессор

Жақанова Г.Ш.– «ЛОРД дарынды балалар үшін мамандандырылған облыстық мектеп-лицей-интернаты» КММ директоры

Құрастырушы-авторлар:

Шаукерова С.Н., Есімсейітова Ә.К., Махмутова С.С., Аубакирова А.С., Абдраимова А.Г., Макашева С.М. «Шамшырақ» облыстық қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері қауымдастығының әдіскері және жетекшісі, мүшелері

А95 «Ахмет Байтұрсынов – ұлт ұстазы» республикалық ғылыми-практикалық конференциясының жинағы/ Құраст. Есімсейітова Ә.К., Шаукерова С.Н., Махмутова С.С., Аубакирова А.С., Абдраимова А.Г., Макашева С.М.
2022, 301 бет.

Бұл жинаққа республика көлеміндегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің «Ұлт ұстазы - Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдық» мерейтойына арналған мақалалары енгізілді. Ахмет Байтұрсынов шығармаларын әр түрлі бағыт бойынша зерттеп, зерделеп жазылған мақалалары жинақталды.

МАЗМҰНЫ:

I АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ КӨСЕМІ

1. Орумбаева Д.Ш. Ахмет Байтұрсынов - қазақ руханиятының көсемі.	5
2. Курмангожина А.Е. Ахмет Байтұрсынов – қазақ руханиятының көсемі	9
3. Оралова А.Ж. Еліміздің ұлы тұлғалардың бірі – Ахмет Байтұрсынов	11
4. Абишева А.А. Ахмет Байтұрсынов – қазақ руханиятының көсемі.	15
5. Мендекеева А.Ж. Ахмет Байтұрсынов – қазақ руханиятының көсемі	17
6. Култанова М. Б. Ахмет – алаш ардақтысы	21
7. Алимбаева Б.Т. Ахмет Байтұрсынұлы – Алаштың алғаш тұлғасы	24
8. Асылбекова С.Ж. Ахмет Байтұрсынов – Алаштың ардақты азаматы	26
9. Сейтқасым Ә.О. Мен таныған алаштың Ахметі ...	34
10. Искакова А. О., Муканова М.С. Ұлтты сүюдің озық өнегесі	39

II АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ ТІЛТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

43	1. Бекбулатова Г.Б. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ әліппесі	
47	2. Сәулетұлы С. Ахмет Байтұрсынов - қазақ тілтану ғылымының атасы	
52	3. Усанова С. Т. Ахмет Байтұрсынов – қазақ тілтану ғылымының атасы	
	4. Аубакирова А.С., Жақанова Г.Ш. Ахмет Байтұрсынов – қазақ тілтану ғылымының атасы	55
58	5. Бектурова А.К. Ахмет Байтұрсынов – қазақ тілтану ғылымының атасы	
	6. Джуманова С.А. Ұлттық жазудың реформаторы, қазақ графикасының негізін салушы тұлға	61
	7. Искакова Н.У. Ахмет Байтұрсынов - қазақ тілтану ғылымының атасы	67
	8. Каражигитова Н.К. «Әдебиеттанымшы» - қазақ ғылымына қосылған сүбелі еңбек	71
	9. Кулмаканова М.К. Ахмет Байтұрсынов - тіл білімінің атасы	78
	10. Аубакирова Л. Е. А.Байтұрсынов – қазақ тілтану ғылымының атасы	82
	11. Махметова К.Д. «Ахмет Байтұрсынұлы- қазақ тілтану ғылымының атасы»	86
	12. Мұстафина К.Н. Ахмет Байтұрсыновтың «Қазақ әліпбиінің атасы»	89
	13. Сәркенқызы А. Тіл дамыту мәселесінің зерттелуіне шолу	91
	14. Махмутова С.С. Ахмет Байтұрсынұлы – тіл білімі мен терминологиясының негізін қалыптастырушысы	99
	15. Синбаева Г.К. А.Байтұрсынов шығармаларындағы ғұрып сөздердің этнолингвистикалық сипаты	102
	16. Абдраимова А.Г., Макашева С.М. Ұлы тұлға шығармаларындағы символдық мәні бар сөздерді талдау	106
	17. Казиева С.А. Ахмет Байтұрсынов – қазақ тілтану ғылымының атасы	109
	18. Еслямова.У.Т. Ахмет Байтұрсынов – қазақ тілтану ғылымының атасы	114
	19. Кенжеболатова С.К. Ахмет Байтұрсынұлы және терминология	117
	20. Жакупова А.О. А. Байтұрсынұлы - қазақ терминологиясының негізін қалаушы	120

III АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ

1.	Абушукирова Н.А. «Ахмет Байтұрсынұлының - ғылыми педагогикалық мұрасы»	124
127	2. Шамшиева А.К. Қашықтықтан оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері	
129	3. Амиржанова Н.С. Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми - педагогикалық мұрасы	
135	4. Кургунбаева Б.Б. Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-педагогикалық мұрасы	
137	5. Нурмаханбетова С.А. Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-педагогикалық мұрасы	
	6. Есенбаева Г.Г. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының оқу- әдістемелік кешені мен жаңартылған білім мазмұнының сабақтастығы	141
146	7. Жукушева К.А. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасы	
150	8. Майрагүл Шайзақызы. Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы	
152	9. Байгужина А.Ж. А.Байтұрсынұлының ғылыми-педагогикалық мұрасы	
155	10. Оспанова А.К. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-педагогикалық мұрасы»	
157	11. Кушербаева Г.Р., Нурахметова А.Р. А. Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы	
161	12. Адильшина Д.Т. «Аққу, шортан, һәм шаян» мысалындағы түйінді ой»	

IV АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ПУБЛИЦИСТ

	1. Шаукерова С.Н. Смаилова К.К. Ахмет Байтұрсынұлының көсемсөзіндегі білім мәселесі	164
167	2. Асайбекова А.Т. Ахмет Байтұрсынұлы – публицист	
170	3. Беделбаева А.К. Ахмет Байтұрсынұлы – публицист	
172	4. Иржанова Г.Ж. Ахмет Байтұрсынұлы – публицист	
176	5. Кадирова Л. Е. «Ахмет Байтұрсынұлының сөз өнеріне қосқан үлесі»	

V АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ - ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

1.	Ахметова А.Т. Ахмет Байтұрсынұлы – ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға	180
2.	Баелова Д.Н. Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт жанашыры	183
3.	Исмаилова А. Т. Ахмет Байтұрсынұлы – ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға	186
4.	Уразалиева Ж.К. «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға»	190
5.	Конкабаева Г.Қ. «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға»	193
6.	Карипенова А.А. Ахмет Байтұрсынұлы – ұлтқа үлгі	194
7.	Нұрекина А.М. «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға»	197
8.	Аульбеков Д.К. «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға»	200
9.	Исина Б.Т. «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға»	204
10.	Алимбаева Б.Т. Ахмет Байтұрсынұлы алаштың алғаш тұлғасы	208

11. Гүлбану Асқарова «Ахмет Байтұрсынов - ұлт ұстазы»	209
12. Даулетова А.С. «Ахмет Байтұрсынов – ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға»	213
13. Искожина А.А., Казбекова А.Х. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында өскелен ұрпаққа «Ахмет Байтұрсыновты - ұлт ұстазы» ретінде таныту	217
14. Жетписова Р.Ж. «Ахмет Байтұрсынов – ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға»	220
15. Жусупова Н.А. «Ахмет Байтұрсынов – ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға»	223
16. Курмангалиева Г.С. Ахмет Байтұрсынов- қазақ халқының асыл перзенті	225
17. Шегенова Т.А. «Ахмет Байтұрсынов – ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға»	228
18. Изтулина Е.Е. «Ахмет Байтұрсынов – ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға»	230
19. Можганова Н.Т. «Ахмет Байтұрсынов – ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға»	237
20. Жумабаева С.Е. «Ахмет Байтұрсынов – ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға»	238
21. Кожабекова А.С. Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттың ұлы ұстазы	243
22. Раисова Н. Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми-педагогикалық мұрасы	246
23. Шакирова А.Т. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ ғалымы әрі ұстаз	249
24. Кабденова Н.Б. «Ахмет Байтұрсынов – ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға»	252
25. Умутбаева А.Г. «Ахмет Байтұрсынов – ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға»	255
26. Акишева Г.К. Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы	259
27. Габдулина А.Ш. «Ахмет Байтұрсынов – ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға»	264
28. Бейсенова К.Т. Ахмет Байтұрсынов – қазақ тілтану ғылымының атасы	266
29. Сулейменова Б.А. Ахмет Байтұрсынов – ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға	271
30. Сейткасимова Д.М. Ұлтын сүйген ұстаздардың ұстазы	274
31. Кажикенова С. Ұлт ұстазының ұлы ойларын бүгінгі ұрпаққа жеткізу – ұлы міндет	279
32. Калиякбарова Р.А. «Ахмет Байтұрсынов – ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға»	281
33. Канапина Ш.Б. Ұлттың ұлы ұстазы	284
34. Койшибаева Г.К. Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми-педагогикалық мұрасы	287
35. Жалаушина Ж.А. Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт жанашыры	290
36. Жунусова А.К. Ахмет Байтұрсынов –қазақ руханиятының көсемі	293
37. Туякбаева Ж.Б. Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми-педагогикалық мұрасы	297
38. Джапашева А.М. Ахмет Байтұрсынов- ұлы тұлға	299
39. Габбасова С.С. Ахмет Байтұрсынұлының “Адамдық диқаншысы” өлеңі	301

I БАҒЫТ: АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ - ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ КӨСЕМІ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ КӨСЕМІ

Орумбаева Дана Шингисовна

СҚО, Айыртау ауданы, Лобаново орта мектебі
қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі мұғалімі
педагог-зерттеуші
karapina82@mail.ru

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ мәдениетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Ол өзінің құдай берген талантын туған халқына деген сүйіспендікпен суғарып, толассыз еңбекпен шыңдаған қайсар да қаһарман ғалым. Мен, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында оқып жүргенде студенттік шағымыздың соңғы жылында университет тарапынан А.Байтұрсынұлы мұражай-үйіне өндірістік бардық. Осы тәжірбиені жан-жақты жүйелі түрде өткізу арқылы бізге, білім алушыларына ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының дара тұлғасын тереңірек танып білуімізге үлкен мүмкіндік туды.

Ол – қараңғылық тұңғиығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы. Не оқыту жүйесі, не өзіндік жазуы қалыптаса қоймаған, мал соңына ерген, малмен бірге ұйықтап, малмен бірге жусаған қалың ұйқыдағы халқының қамын жеп, сауатын ашпақ боп сары масадай ызыңдаған үлкен ақын, тілім деп түн ұйқысын төрт бөлген талантты тілші, шебер аудармашы, түркі тілдес халықтар тұлға тұтқан

түрколог қоғам ісіне араласқан мемлекет қайраткері. Бұл санамалап отырған атақ, дәреже, лауазымдардың өзінен өзі келмегені мәлім. Оқып отырсам, ол талмай ізденіп тамаша туындылар берген. Өмірдегі өзінің басты мақсатын – туған халқына қызмет ету деп түсінген Ахаң (Ахмет Байтұрсынов) небір тар, тайғақ кешулерден өте келе тамаша еңбегімен қазақ халқының ары мен ұятына айналған өте күрделі де, көсем тұлға.

Ел басына төнген кешегі қара түнектің көбесі сетінеп, әділеттің ақ жалауы көтерілгелі бері қазақтың ұлттық мәдениеті аспанында шуақты нұрын төгіп жарқырай жайнаған рухани көсемдер туралы, олардың өмірі мен шығармашылық өнері жайлы, азаматтық болмысы мен қайраткерлік қарымы туралы біраз дүниелер жазылып, көпке беймағлұм көмескі жайлардың көзі ашылғандай. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғандай, рухани қазынамыздың олқы тұсының орны тола бастады. Негізгі тақырыпқа көшпес бұрын, тарих тұңғығына батып мәңгі жоғала жаздаған Ахмет Байтұрсынұлы сияқты Алаш ардагері арыс ұлдарымыздың асыл еңбектерін көздің қарашығындай сақтап, осы күнге жеткізген жеке адамдарға, архив қызметкерлеріне және бұларға жабылған жаланы жұлып тастап ақтауда ат салысқан еліміздің естияр азаматтарына жұрт риза екенін айта кеткім келеді [1, 86 б.].

Ахмет қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымының ағартушысы. Ахметтің мұрағаты жаңа уақыт, жаңа заманға, халқына қызмет етуде. Ахметтің ілімдері — әлі зерттелетін үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсыновтың ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі — қазіргі жаңа заманға өте керек. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына 1896 жылдары көңіл бөле бастады. 1905 жылдары Ресей «Кіндік үкіметіне» жазылған петициядан, редакторы болып «Қазақ» газетін шығарып, оның бетінде мәселелер көтеруінен, қазақ балаларын ана тілінде сауаттандырып, әрі ана тілінде оқыту үшін жүргізген күресінен, ең соңғысы сол ана тілінде оқытатын оқулықтар жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интелегенциясы өкілдерін баулуынан танылады.

Оқу-ағарту идеясы – Ахмет Байтұрсынұлының әлеуметтік қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі. Бұл платформаны мықтап ұстауға итермелеген- оның туған халқының тағдырын ойлаған қамқор- әрекеті. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы жатқан отар ел болатын. Халқы үшін сол кезде белең қаққан ойшылдардың көзімен көріп, сөзімен айтқанда, бұл тұстағы қазақ халқы «көгі қараңғы, көңілі ұйқылы, еспесі жоқ қайығы қалтылдақ, малы талауда, жаны қамауда» болған «қайран ел, қайран жұрт» еді. Қазақ халқын әлеуметтік теңдікке, азаматтық мәдениетке жеткізетін, амал- әрекеттің бастысы «түгел қазақты» сауатты етіп, көзін ашу, «наландық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң, олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты».

Халықты ағарту мектептен, баладан басталады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының әйтеуір көзі ашылып, сауатты болуын, ғана емес, тек ана тілінде сауаттануын, содан соң барып өзге ұлт мәдениетіне, тіліне қол созуды принципті талап етті. 1913 жылдың өзінде ол «Қазақ» газеті мінбесін пайдаланып, қазақ қоғамына оқу- білімнің қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәлелдейді. Ахмет бұдан 80 жылдай бұрын байқап- түйгендері, айтқан пікірлері дәл бүгінгі күні айтылып жатқан мәселелерімізбен үндес келеді. «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, сол шикізатынан жасалған өнімді екі- үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл надандықтан келген кемшілік» деп жазды «Қазақ» газетінде. Надандық деп отырғаны — халқының білім- ғылымнан қалыс келе жатқандығы. Қалыс қалуға үлкен себеп — қазақ жерінде мектептер аз, сол аз мектептердің өзінде мұғалімдер жетіспейді, ұлт кадрларын даярлайтын орындар жоқ дейді. Демек, қазақ халқы қараңғы дегенде, кінә халықта емес, сол қараңғылықтан қытқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында екендігін «алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе!» деп бейнелі түрдегі тілмен білдіреді.

Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі — ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенін олардың күні бүгінге дейін қолданылып Ахмет Байтұрсынұлының 1928 жылы Қызылордада жарық көрген екі бөлімнен тұратын екі кітапты «Тіл жұмсар» деген еңбегі белгілі.

Ол методика саласында 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жинаған. Жазу таңбаларын үйрету амалдарын түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы 1912 жылы жарық көрген. Жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын «Әліп-би астары» атты методикалық еңбегінде тағы көрсетеді. 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында қазақ тілі методикасына арналған бірнеше мақала жариялайды.

Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» дүниеге келген, екінші-сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, бұл үшін «Тіл құралды» жазған.

Ахметтің қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (синтаксис) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. «Ахметтің Октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі секілді орында оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды»-, деп жазды Сәбит Мұқанов, 1929 жылы 5 мамырда Ахмет Байтұрсыновтың өз қолымен жасап берген газет және журналдарда жарияланғаннан басқа ғылыми, ғылыми-методикалық, еңбектердің тізімі» деген құжат ҚазПУ архивінде сақталған [2, 86 б.].

Байтұрсынұлы қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына 1896 жылдары көңіл бөле бастады. 1905 жылдары Ресей «Кіндік үкіметіне» жазылған петициядан, редакторы болып «Қазақ» газетін шығарып, оның бетінде мәселелер көтеруінен, қазақ балаларын ана тілінде сауаттандырып, әрі ана тілінде оқыту үшін жүргізген күресінен, ең соңғысы сол ана тілінде оқытатын оқулықтар жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интелгенциясы өкілдерін баулуынан танылады. Ахмет Байтұрсыновтың қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (грамматика) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. «Ахметтің октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды», — деп жазды Сәбит Мұқанов. Ғаббас Тоқжанов пікірі де осымен сабақтас. «Бір кезде сары маса боп ызындап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілері де қадірлей біледі, сөзін оқып сүйсінеді».

«Тіл — құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Кезінде қазақ қауымы Байтұрсынұлы десе, Байтұрсынұлын «Тіл — құралды», «Тіл құралы» десе, Ахметті қазір – Ахаң деп танитын болған.

Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын графикасын жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» (Төте жазу) дүниеге келген, екінші – сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған бұл үшін «Тіл құралды» жазған. Міне, «Өнер алды –қызыл тіл» деген қазақ мақалын естен шығармайық. Мұны қазақ сөз қадірін білгендіктен айтқан.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Дулатов М. Ахмет Б. Кітапта:М.Дулатов шығармалары Алматы 1991ж.
2. Сыздықова.Р. Ахмет.Б Алматы «Білім қоғамы» 1991ж.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ КӨСЕМІ

Курмангожина Асемгуль Екпиновна

СҚО, Петропавл қаласы

«Бірінші гимназия» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог -зерттеуші

asemgul_kurmangozhina@mail.ru

Ұлы халықтар тарихын ісімен,
сөзімен және өнерімен жазады.

Джон Рескин

Қазақ халқының есінде мәңгі сақталып, қоғамына адал еңбек етіп, жарқыраған жұлдыздай болған, бүгін ұлы тарихи тұлға – Ахмет Байтұрсынұлы туралы сөз қозғалады.

Ахмет Байтұрсынұлы–ұлы ағартушы, ірі ғалым-лингвист, түркітанушы, аудармашы, жазушы, зерттеуші, бірқатар оқулықтар мен оқу құралдарының авторы, қоғам қайраткері.

Әрине, Қазақстан тарихында ұлы істермен өз іздерін қалдырған ірі тұлғалар аз емес. Алайда, бір адамның бойында шебер ақын, білімді ұстаз, білікті ағартушы, дана ғалым, белсенді қоғам қайраткері болған жеке адам-Ахмет ұстаз. Тек таңдаулылар ғана осындай мәнді өмір сүріп, ел тарихының бетбұрысына зор үлесін қоса алатынына күмәніміз жоқ.

Отаршылдықтың озбыр саясатына қарсы жұртты ояту үшін халықты ағартудан басқа жол жоқ екенін, надандықпен, қараңғылықпен күресу керектігін толық түсініп, бар ғұмырын осы жолға арнады. Қуғын сүргінге түсті – мұқамады, тозаққа түсті – жұқармады, одан өлең жазып, мақсат-мүддесін танытты, үлгі-өнеге

көрсетті. Бірақ ақиқатын теріске шығарып, оның есімін де, еңбегін де тарихтан өшіруге тырысқан күндер болды.

Ахмет Байтұрсынұлының халқы үшін істеген игі істерінің ішіндегі ең шоқтығы биік қызметінің бірі- араб жазуына өзгерістер енгізіп, қазақ әліпбиін құрастыруы. Осы арқылы ғалым қазақ халқының тез сауаттанып хат тануына, оқу-білімге деген құштарлықтарының оянуына ерекше ықпал етті. Ғалым халықты сауаттандыру жолындағы болған кедергілер мен қиындықтарды жойып, араб жазуын қазақ тілінің заңдылығына сәйкес реформа жасаған. Қазақ қоғамында ғасырлар бойы қолданған араб жазу жүйесі үш сатыда қызмет етті: қадим, жәдид, төте жазу. Осылардың ішінде соңғысы, Байтұрсынұлының әліпбиі «Ана тілінде сауат ашудың ең тиімді құралы» болды. Осылайша, «төте жазу жүйесімен» «Оқу құралы» деп аталатын тұңғыш кітабы жарыққа шықты. Бұл да қазақ халқының рухани-мәдени өміріндегі үлкен жаңалық болды. Өз әліпбиін қазақ білімпаздарының съезінде танытқанда, бұл жай ғана «жиылыс» емес, «ұлт тағдырын» шешуге арналған үлкен мәні бар «жиын» екенін бірден түсінікті болды.

Бүгінгі күні қоғам алдында тағы бір үлкен жағдай күтіп жатқаны бәрімізге мәлім. Бұл-латын әліпбиіне көшу мәселесі. Қазіргі кезде осы мәселені тіл жаңашырларының арасынан Ахмет ағамыз секілді ұлы ғалымдар қолға алса, бұл үдерістен де ауырсынбай өтеміз деген ойдамыз.

Қай заманда, қандай қоғамда болсын алдында тұрған зор міндеттердің бірі – болашақ ұрпақты тәрбиелеу. Ахмет ағамыз жастарды надандықтан аулақ болуға шақырды. Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсады. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған.

Ахмет Байтұрсынұлының қаламынан туған мысалдар негізінде аударма түрінде. «Қырық мысал» жинағы түгелдей орыс мысалдарының, оның ішінде Иван Крылов шығармаларының аудармасы болып келеді. Бұл кезеңде қазақ әдебиетіне көркем аудармаға деген талпыныс күшті болған екен [1, 324 б.].

Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал» жинағы да міне, осы дәстүр үлгісінде туды. Жинаққа қырық мысалдың аудармасы енген. Олардың тақырыбы әр алуан. Көшпелікке ұғымды идея қазақ тұрмысына етене таныс суреттермен ұласа келіп, тамаша ғибратты ойлар ұсынады. Атап айтқанда, «Аққу, шортан һәм шаян», «Қарға мен түлкі», «Қасқыр мен қозы», «Қартайған арыстан», «Айна мен маймыл» тағы басқа өзге аудармашылар арқылы бізге бұрын да таныс шығармалардың өзі жаңаша мазмұнда көрінеді.

Ахмет Байтұрсынұлының қаламынан туған аударма мысалдардың тақырыбы мен кейіпкерлері сан алуан болғанымен, аудармашының оларды аударудағы мақсаты біреу-ақ. Ол-халыққа ғибратты ойлар, нақты насихат айту, адамдарды адамгершілікке, ынтымақ-бірлікке, жаман әдеттерден арылуға шақырды.

Сонымен қатар, ғалым «Қазақ» газетін шығарды. Газеттің ұйымдастырушысы әрі бас сарапшысы қызметін атқарады. Ахмет Байтұрсынұлы

«Қазақ» газетінің бірінші санындағы халыққа арнауын былай деп аяқтады: «Аталы жұртымыздың, адуынды ұлтымыздың аруақты аты деп газетіміздің есімін «Қазақ» деп қойдық. Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына күшін қосып, көмектесер қызмет ету қазақ баласына міндет. Қызмет етем десендер, азаматтықтың зор жолының бірі осы».

«Қазақ» газетінің дәл сол кездегі тарихи мәнін Ахмет Байтұрсынов осы басылымның бірінші нөмірінде былай деп көрсетті: «Әуелі, газет-халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды. Дүниеде не болып жатқанын білу жоқ, не сөйленіп жатқанын есту жоқ, өз пікірін айту жоқ.

Екінші, газет жұрттың уланбасына медет нәрсе. Олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп ғалым адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық етіп тұрады.

Үшінші, газет халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттерден жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте молайып, пікірі ашылып, қыр асты жетпекші.

Төртінші, газет халықтың дауысы. «Жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады»-, деген тұжырым арқылы мерзімді баспасөздің қоғамда алатын орнын, оның саяси маңызын барынша айқындап берді.

«Қазақ» газеті либералдық-демократиялық бағыттағы идеяларды білдірді. Тұтас алғанда қазақ өлкесінің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірінің дамуымен таныстыра білген «Қазақ» газеті «Алаш» партиясының дауысына айналды [2, 281-288 б.].

Ақын, аудармашы, ғалым, қоғам қайраткері болған Ахмет ағамыздың аты ел ауызында болып, мәңгі ұмытылмас. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ ұлтының әлеуметтік өмірі мен мәдениеті, ғылымы мен білімі жолында аянбай адал еңбек еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, қайталанбас зор тұлға. Елімізде Ахмет сияқты жастарымыз көбірек болса, еліміздің болашағы үшін алаңдамас едік.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы.- Ұлттық рухтың ұлы тіні/Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы:Ана тілі; 1992 – 448 б
2. Мәжітаева Ш. Қазақ (араб) жазуының тарихы хақында // Ұлттық рухтың ұлы / - Ғылыми мақалалар жинағы- Алматы, Ғылым, 1999 281-288 б.
3. Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер/Алматы, 1989 ж. 297 бет.

ЕЛІМІЗДІҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БІРІ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ

Оралова Айым Жаныбековна
СҚО, Уәлиханов ауданы
Кішкенекөл №1 орта мектебі

Еліміздегі ұлы тұлғалардың бірі – Ахмет Байтұрсынов. Ахмет Байтұрсынов – әдебиет зерттеушісі, ғалым-тілші, ақын, аудармашы, публицист, әдебиет зерттеушісі, педагог, қоғам қайраткері, ұлт жанашыры. Ол сан қырлы, жан-жақты кемеңгер, білімді адамдардың бірі.

Алдымен ақынның өмір баянына тоқталып кетсек, Ахмет Байтұрсынов (1873-1938) қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы, Сарытүбек ауылында дүниеге келген. Ахмет атамыз - ұлан ғайыр қазақ халқының даласында кіндігі тамған, қазақтың қарапайым қара домалақ баласы болып қазақи ауылда өскен. Балалық шағы қазақтың қарапайым балалары секілді бей-қамсыз, уайымсыз өткен еді. Бала кезден Ахмет Байтұрсынов оқуға деген ынтасы мен құлшынысы мол болады. Оқуға, білім алуға көп көңіл бөледі. Ауылдық мектептің білімімен ғана шектелмей, училищеде оқып, Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітіреді. Еңбек жолын мұғалім болудан бастаған. Қазақ мектептерінде, училищелерде мұғалім болып жұмыс атқарады.

Ахмет Байтұрсынов шығармалығымен қатар саяси өмірге де қатысып отырған. Елінің, жерінің бодандығы үшін күрсінген, күңіренген. Патша өкіметінің отыршылдық саясатына қарсы күрескені үшін 1909 жылы Семей түрмесіне қамалады. Көп жылдар бойы «саяси сенімсіз» адам ретінде патша өкіметінің бақылауында болады. 1913 жылы «Қазақ» атты апталық газетті ұйымдастырып, 1917 жылға дейін редакторы болады. Ахмет Байтұрсынұлы "Қазақ" газетінің бірінші санындағы халыққа арнауын былай деп аяқтады: "Аталы жұртымыздың, адуынды ұлтымыздың аруақты аты деп газетіміздің есімін "Қазақ" деп қойдық. Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына күшін қосып, көмектесе қызмет ету қазақ баласына міндет. Қызмет етем десендер, азаматтықтың зор жолының бірі осы". Осы газет жолдарынан Ахмет Байтұрсыновтың халқының жанашыры, ұлттың нағыз ер азаматы екенін байқауға болады [1, 282 б.].

«Алаш» партиясының басшыларының бірі ретінде қазақ елінің болашағы, тәуелсіздігі үшін күреседі. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ комитеттері сияқты тарихи құбылыстың қалың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ газеті» арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды. 1919 жылы бірқатар ғалым-зиялыларымен бірге Кеңес өкіметі жағына өтуге мәжбүр болады. Ахмет Байтұрсынұлы пен Міржақып Дулатұлы қазақ арасында бұрыннан келе жатқан ру – жүзаралық алауыздыққа байланысты Алаш Орда үкіметінің құрамына саналы түрде енбей қалды, бірақ олардың қазақ ұлттық мемлекеттік идеясын жасаушы топтың ішінде болғандығын замандастары жақсы біліп, мойындады. Кеңес өкіметінің ағарту саласында оқытушы, халық ағарту комиссары болады. 1937 жылы сталиндік репрессияға ұшырап, 1938 жылы өлім жазасына кесіледі. Осындай сұрапыл, қатігез заманда ең ұлы тұлғалардың бірі – Ахмет Байтұрсынов өз өмірін халқының бостандығы үшін құрбан етті. Қаншама данагөйлеріміз өмірлерін

киды, жерінің еркіндігі үшін күресті, қарбаласты. Көп жазушыларымыз, ақындарымыз, ұлт жанашырларымыз, көрнекті әдебиет өкілдерінің жарқын болашағынан бас тартып, жандарын тәуелсіздік үшін қиды. Біздің болашақ ұрпақтарымыз, жастарымыз оны ешқашан ұмытпаймыз, үлгі тұтамыз, құрметтейміз.

Қазір, біз тыныш елде, еркін және тәуелсіз Қазақстанда өмір сүріп келеміз. Осыған жету үшін қанша жас төгілді, қанша өмірлер қиылды. Оқушылармыз үлкен мектептерде тегін білім алады, тамақтары тоқ, киімдері бүтін, еш уайымсыз өмір сүреді. Өз мемлекеттік символдарымыз бар. Көркем, тамаша елордамыз күннен-күнге гүлденіп келеді. Қалаларымыз одан сайын көркейіп, дамып келеді. Ауылдарымызда мұрынға жағымды таза ауамыз, самал жел есіп, еркіндікті аңсатқан жеріміз гүлденіп, жасыл желекке оранып, көркейіп келеді. Жас ұрпағымыз ән салып, жыр айтып, би билеп еш қайғысыз сайран салып жүр.

Өздерінің өлеңдері, шығармалары арқылы көптеген ақын-жазушыларымыз ашы шындықты айтуға, жар салуға ешқашан қорықпаған. Бізге осындай жарқын болашақты, бей-қамсыз өмірді, тыныштықты сыйлаған адамдарға мың алғыс айтамыз!

Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығына тоқталып кетсек. Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылық жолын өлең жазудан бастаған. Өз өлеңдерінде ақын еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады. Патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады.

Ақынның алғашқы өлеңдері "Қырық мысал" атты аударма жинағында 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды [1, 46 б.].

Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған. Ақын елінің шын жанашыры екенін осыдан байқауға болады. Ақынның жүрегі елі үшін, жері үшін, жұрты үшін соғып, қалың ұйқыға батқан қазақ халқын оятуға тырысқан.

Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған.

Ахмет Байтұрсынұлының екінші кітабы — "Маса" (1911). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады. Ақын қазақ халқының қараңғылықта жүргеніне күрсінген, намысына тиген, қазақ жастарын білім алуға, надан болмауға, ел намысын қорғауға үгіттеген.

Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. "Қазақ салты", "Қазақ қалпы", "Досыма хат", "Жиған-терген", "Тілек

батам", "Жауға түскен жан сөзі", "Бақ" және тағы басқа өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. Абайдың жалғастырушы ретінде Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектерінің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалған еді. Ахмет Байтұрсынов Абайдың шығармашылығына тәнті болады, оның ғибрат сөздерін үлгі тұтады, ұғынады. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Ахмет Байтұрсынұлының Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі — "Әдебиет танытқыш" (1926). Автор әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. «Әдебиет танытқыш» – сан-салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып, талдап-түсіндірген, ғылыми зерттеді. Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Сондай-ақ ол – әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым ретінде танымал болды.

Ахмет Байтұрсынұлы әдебиетпен қатар қазақ тіліне де көңіл бөлген, қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазып шыққан. Сонымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Араб таңбаларын қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды - жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Содан, 24 таңбадан тұратын өзі "қазақ жазуы" деп, өзгелер "Байтұрсынов жазуы" деп атаған қазақтың ұлттық графикасын шығарды. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазды [2].

1911-1912 жылдары Уфа мен Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі "Оқу құралы" деген атпен 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым "Әліпбидің" жаңа түрін жазды. Сол кезде оның атақты "Тіл – құрал" атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды.

Ахмет Байтұрсынов қазақ халқының данагөй, оқымысты, көзі ашық тұлғаларының бірі. Қазақ халқының мүшкіл халіне, төмен жағдайына, жұртының білімсіздігіне, надандығына қатты күрсінді. Жерінің бодандығы намысына тиіп, тәуелсіздікті аңсады. Ол оны өз өлеңдерінде, шығармаларында көрсетеді, білдіреді. Қазақ елінің саяси өміріне де белсене араласты. «Алаш» деп жүрегі дүр-дүр соқты, жұртының жанашыры болды. Әдебиетімізге мол үлесін қосты, тіліміздің негізін қалады. Жұртының, елінің, жерінің нағыз мақтан тұтарлық азаматы болды. Елі үшін жасаған еңбегі - баға жетпес жұмыс. Осы үшін өзін де құрбан етті. Болашақ ұрпақтың жарқын

болашағы үшін көп үлес қосты. Ақынның , жазушының, педагогтың тәуелсіздікке жету үшін арналған өлеңдері, еңбегі – біздің жүрегімізде мәңгілік сақталады.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ КӨСЕМІ

Абишева Айнаш Абиевна

СҚО, Ғабит Мүсірепов атындағы аудан

«Новоселов орта мектебі» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

aynash.abisheva@bk.ru

"...Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды...
халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті"
Сәкен Сейфуллин

Ғалым-тілші, әдебиет зеттеуші, тюрколог, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсыновқа - 150 жыл толып отыр. Отызыншы жылдары сталиндік озбырлықтың құрбаны болған Ахмет Байтұрсыновтың ардақты есімі ақталып, артына қалдырған асыл мұрасы халыққа қайта оралды. Халықты ағарту баладан, мектептен бастау алады. Ең алғаш қазақ тілінде Әліппе кітабын жинақтаған Ахмет еді. Қазақ балаларының көзі ашық, сауатты азамат болып шығуға септігін тигізген. Қазақ әдебиетінің атасы Ахмет Байтұрсынов кітап жазумен қатар орыстың белгілі жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аударып, көпшілікке ұсынған. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздермен жеткізе білген. Ғалымдық, ақындық, публицистік, қайраткерлік істері өз заманында аса жоғары бағаланған.

Ахмет Байтұрсыновқа қазақ ортасы, түркі әлемі ғана емес, орыс ғалымдары берген тарихи тұжырымдардың орны ерекше. Оның тарихтағы орнын, әлеуметтік-қоғамдық істерін, дүниетанымдағы кейбір қайшылықтарын өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамдардың бірі – Сәкен Сейфуллин. Ол «Еңбекші қазақ» газетіне (1923жыл, 19 қаңтар) мақала жазып, онда былай дейді: «А. Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында арам қулықты атарман-шабармандардың қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары губернатор, соттарға күшін сатып

тілмаш болып, кейбір оқығандары арларын сатып ұлықтық істеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай, қызметтерін қылды». «Қырық мысал», «Маса» кітаптарын, «Қазақ» газетіне редакторлық еткен еңбектерін, Алаш кезеңін, артынан Компартияға кіргенін түгел шолып айта келіп, мынадай түйін түйеді: «Қалай болса да, жазушысы азғана, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына оқу һәм тіл құралдарымен қылған қызметі таудай...». Ал «Ақ жол» газетінде (1923жыл, 4 ақпан) «Қазақтың дыбысына, сөзіне арнап әліппе шығарып, тіл һәм оқу құралдарын шығарып, қазақтың жалпақ тілін талайға үйреткен Ақаң еді. Қазақ құлшылыққа кез болғанда, бостандыққа жол көрсеткен Ақаң еді», - деп жазылған [1, 346 б.].

Бұдан кейінгі уақыттарда, лениндік принциптер бұзылып, сталинизм қылышынан қан тамған зұлмат жылдар, нәубет, селебе, қанқырғын – репрессиялар басталған кезде, көп нәрсе мүлде бұрмаланды, «байтал түгіл, бас қайғы» дейтін күндер туған. Ол шақта Ахмет Байтұрсыновтың еңбектерін талдап, тарихтағы орнын көрсетпек түгіл атын атаудың өзі – қылмыс, адамзат басын жұтатын, абақтыға апарар жолға айналды.

Қазақстанда Байтұрсынов есімін ауызға алуға да, жазуға да тыйым салынған уақыттарда түркологтар тарапынан оқта-текте ол туралы бірен-саран пікірлер айтылып қалып жүрді. Әсіресе академик А.Н. Кононов еңбегі көпшілікті елең еткізді. Аты шартарапқа мәлім, беделді тілші-ғалымның редакциясымен және алғы сөзімен Москвада 1974 жылы шыққан «Отандық түркологтардың биобиблиографиялық сөздігі» кітабында Ахмет Байтұрсыновтың туған жылы, өскен ортасы, ата-бабасы, білім алған мектептері, қызмет еткен орындары, әлеуметтік-қоғамдық қызметі, басты еңбектері нақты айтылып, ол «араб алфавиті негізінде жетілдірілген қазақ әліппесінің авторы, қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі, этимологиясы, сол сияқты әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы оқулықтарын жазды» деп, тарихи тұрғыдан әділ көрсетілді.

Ахмет Байтұрсынов мұрасының негізгі арналарына тоқталар болсақ, қалай да халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын, айналып келгенде, Ұлы Абай тапқан соқпақ орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсұнады. Бұрынғы ескі ертегі, хикая үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма – мысал арқылы, көшпелі едің жақсы білетін – жан-жануарлар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крылов туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургта бастырып шығарды. Ал ғалымның тілші, әдебиетші ретінде жазған мақалалары тұтас том боларлық мол дүние. 1913 жылы жазылған «Қазақтың бас ақыны» еңбегі оқшау, дара тұр. Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысымыздағы орны, көркемдік-эстетикалық сипаттар дұрыс көрсетіліп, терең талданып, алғаш рет қазақ оқырмандарының алдына тартылды. Өмірдің сан алуан көкейкесті мәселелерін арқау етіп жазған Ахмет Байтұрсынов мақалалары алдымен «Айқап» журналында, 1913-1918 жылдар арасында өзі редакторлық еткен «Қазақ» газетінде, кейін советтік баспасөзде жарияланған [3, 136 б.].

Ғалым әдебиеттің барлық жанрларына, көркемдік құралдарына қатысты еуропалық, орыс әдебиеттануындағы ұғым, термин, категорияларға шып-шырғасын шығармай түгелдей қазақша балама табады. Баспасөзде, кітаптарда, оқулықтарда, радио-теледидарда қазір кең де еркін қолданатын сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтығы, тіл дәлдігі, көрнектілігі, меңзеу, теңеу, ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, әсірелеу, арнау, қайталау, шендестіру, дамыту сияқты ұғымдарды тұңғыш рет енгізіп, осы сөздерді термин дәрежесіне көтерген, дәл анықтап берген Ахмет Байтұрсынов екенін айту – тарихи әділет [2, 326 б.].

Қысқасы, «Әдебиет танытқыш» кітабындағы бірқыдыру термин, ұғым, категория әдеби тілімізге, ғылыми оралымға кезінде кіргенін айта отырып, бұл еңбекте эстетикалық ойлау жүйемізді әлі де байыта түсетін тамаша қазына, ересен тапқырлықтар бар екенін көрсетуіміз қажет. Сонымен, Ахмет Байтұрсынов қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым екендігін мойындамау шындық алдындағы қиянат болар еді.

«Өзіміздің елімізді сақтау үшін, бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз.» деп айтып өткен [4, 17 б.].

Ахмет Байтұрсынов — қазақ руханиятының көсемі. Өзінің көсемсөздерінде қазақ тағдырына байланысты сан алуан көкейкесті мәселелерді қозғап, халқына жеткізуге, көкірек көзін ашуға ұмтылған заманның озық ойлы азаматы. Ол кісі данышпандығы мен ұлылығын өз кезінде-ақ мойындатқан. Ақаң сөздерінің жаңғырығы бүгінгі ұрпақтарын да бейтарап қалдырмады. Сондықтан да халқының Ақаңдай адамдары сол халқы барда мәңгі жасайды, тарих көшінде ұмытылып қалмайды.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.
2. Сейфуллин С. Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды // Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.
3. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. - Алматы: Мектеп, 1976. -136-б.
4. Әуезов М. Ақаңның елу жылдық тойы // Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991. - 17-б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ КӨСЕМІ

Мендекеева Айтолқын Жуматаевна

СҚО Қызылжар ауданы

«Налобино орта мектебі» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

amendekeeva@mail.ru

Ұлттың ұлы ұстазы, алғашқы қазақ әліпбиінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы қазақ үшін қасиетті есім. Ол өз ұлтының бағы жану үшін өмірдің барлық саласына араласты. Бұған оның атақ-даңқы дәлел. Қазақ халқы біртуар перзентін өз халқының дамуына қызығушылық танытқан қоғам қайраткері, ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, педагог, аудармашы, ұлттық жазудың реформаторы, терең ойшыл, жарқыраған публицист, жанқияр саясаткер, ағартушы... ретінде жақсы біледі. Биыл еліміз Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын атап өтуде. Жұртшылық жақсы білуі тиіс, Байтұрсынұлы әйгілі Қарқаралы петициясы авторларының бірі болды. Осы арыз-тілекте жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне Қазақ елінің мүддесіне сай өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстау еркіндігі, күні өткен Дала ережесін қазақ мүддесіне сай заңмен ауыстыру және басқа да мәселелер көтерілді. Дәл осы кезден Байтұрсынұлының саяси қызметі басталды деуге болады.

Оның алғашқы кітабы - «Қырық мысал» 1909 жылы жарық көрді. Осы кітаптың өзінде отаршылдықтың зорлық-зомбылық, елдің тұралаған халін тұспалдап болса да жеткізді. Ол қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап жаңа үлгі ұсынған реформатор. Оның «Оқу құралы» қазақ жазуының тұңғыш әліппелерінің бірі. Ал «Тіл - құралы» қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Ол ұлтына, қазақ халқына қызмет етті. Бұл туралы Сәкен Сейфуллин кезінде былай деген болатын: «...Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен, Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл». Ахмет Байтұрсынұлын қазақ даласының "Сегіз қырлы, бір сырлы" деп аталатын атақты адамдарына жатқызуға болады. Ол энциклопедиялық ақыл мен ерекше қабілеті бар, өмірді жақсы көретін және айналасындағы адамдардың тағдырына бей-жай қарамайтын адам [1, 46 б.].

Ахмет айналасындағылардың барлығын өзінің таусылмайтын қуатымен терең мағыналы тіршілігімен тарта білді. Ахмет Байтұрсынұлының сан қилы оқиғаға толы өмірі бүгінгі күні де адамдарды таңғалдырады және өмір сүруге, жасампаздыққа деген ұмтылысын оятады! Халқымыздың өмірінде және бүкіл Еуразия кеңістігінде болып жатқан "өзгерістер дәуірінің" драмалық оқиғаларына қарамастан, оның өмірін конъюнктуралық деп айту қиын, дегенмен ол әрқашан ең өзекті әлеуметтік проблемалардың басында жүрді. Сонымен қатар, оның қоғамдық өмірге ат салысуындағы әрекетін өте дәйекті және мұқият деп айта аламыз.

Ахмет Байтұрсынов басы қасында болған жобалардың әрқайсысын кемелдіктің шекті деңгейіне жеткізді. Қазақтың Ахметі халқы үшін, - " түнгі аспанның төрінде жарқырап тұрған шоқ жұлдыз!» Байтұрсыновтың өміріндегі ең маңызды істер қатарына үш ірі бастамасын жатқызуға болады: Әлихан Бөкейханов және Міржақып Дулатовпен бірлесе отырып, өз заманы мен бүкіл қазақ халқы үшін тұтас ұлттың сауаты мен білім айнасына айналған "Қазақ" газетін басып шығару; Араб графикасын қолдану арқылы "Төте жазу" жасау және "Алаш-Орда" үкіметінің қызметіне қатысу. Әрине, Ахмет Байтұрсыновтың өмірінде өзгеде айтулы оқиғалар болды, алайда дәл

осы оқиғалар қазақ халқының өмірінде терең із қалдырды, оны өз елінің көрнекті ұлы етті, оның тәуелсіздігі туралы арманын асқақ етті.

"Қазақ" газетінде сол кездегі қайта өркендеген қазақ қоғамы үшін танымның кең көкжиегін ашқан мазмұны терең және тақырып бойынша алуан түрлі материалдар басылып шықты. Осы басылымның арқасында қазақтар қазіргі өркениетті ұлттың қалыптасуы жолында өте маңызды қадам жасады деп айтуға болады.

Дәстүрлі көшпелі қазақтың "ұзын құлағы" осы газеттің арқасында ақпарат беру құралынан ұлтты тәрбиелеу және кеңінен ағарту құралына айналды. Қазақ зиялыларының айтуынша, бұл белгі қазақтар арасында Еуропалық ғылым мен өнердің таралуын, "Қазақ" газетінің қазақ халқы үшін мәдениеттің терезесіне айналуын және өзгелердің зиянынан қорғаушысы болу ниетін білдірді [2, 234 б.].

Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектердің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетик. сипаты баяндалды. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Байтұрсыновтың Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты.

Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды. Сөз өнері жайында жазылған әлемдік ғылымның ең үздік үлгілерін пайдалана отырып, әдебиеттанудағы ұғым, термин, категориялардың соны ұлттық үлгілерін жасады. Мысалы, меңзеу, теңеу, ауыстыру, кейіптеу, әсірелеу, алмастыру, шендестіру, үдету, түйдектеу, кекесіндеу, т.б. «Әдебиет танытқышта» ақындық дарын табиғаты, шығарм. психологиясы, шабыт стихиясына ғылыми тұжырым берілді. Өлеңге жан-жақты зерттеу жасап, шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас, т.б. ұғымдарға анықтама берді. Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап берген. «Әдебиет танытқыш» – сан-салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып, талдап-түсіндірген ғылыми зерттеді. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды.

Сондай-ақ ол – әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926) кітап етіп шығарды. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет

Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті. Байтұрсынұлы ұйымдастырып, бас редактор болған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкелді. «Қазақ» газеті халықтың рухын сергіткен ірі құбылысқа айналды. Байтұрсынұлы – әлеуметтік мәселелерге, қоғамдық ой-пікірге ықпал жасаған публицист. Оның мақалалары ғылыми байыптауымен, өткір ойларымен сол кезеңнің шындығынан хабар береді. Абайдың қоғам өмірінің демократиялық құрылысы туралы ойларын дамытып, саяси-әлеум. жағдай, оқу-ағарту, халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы мәселелерді қозғады. Қазақ зиялыларының жан-жақты білімдар әрі саяси күресте шыңдалған легін қалыптастыруда Байтұрсыновтың публицист, баспасөз ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі ұшантеңіз. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп жазды. Байтұрсыновтың «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қам қылды. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген. Б. [3, 313 б.]. қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы,

морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл граммат. терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ. Байтұрсыновтың ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды.

Ол шын мәнінде ұлт ұстазы, халқымыздың рухани көсемі бола білді.

Пайдаланылған әдебиет:

1. А.Байтұрсынұлы. Қазақ әдебиеті (Энциклопедиялық анықтамалық) «Аруна» 2005.
2. А. Байтұрсынұлы. Қазақ әдебиетінің тарихы (10 томдық). «Қазақ университеті», 2006.
3. А. Байтұрсынұлы «Алаш» қозғалысы 2008.

АХМЕТ – АЛАШ АРДАҚТЫСЫ

Култанова Мадина Болатовна

СҚО, Петропавл қ.

«№17 ұлттық өркендеу орта мектеп-кешені» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

nurgazina.m@bk.ru

Қызылжар мен Қызылорданың, Алтай мен Атыраудың арасын мекен еткен алты Алашта бес бірдей арыс болса, соның бірі һәм бірегейі, алып бәйтерегі - Ахмет Байтұрсынұлы. Біз артынан еш уақытта өлмейтұғын сөз, өшпейтұғын із қалдырған замананың заңғарын неге шығыстың шамшырағы Шәкәрім Құдайбердіұлы, теріскейдің тумасы Мағжан Жұмабаев, Керекудің көрнекті жазушысы Жүсіпбек Аймауытов және Торғайдың текті ұлы Міржақып Дулатов сынды тау тұлғалармен бір қатарға қоямыз? Осы сұраққа жауап іздеуді жөн көрдім. Мәселенің мән-жайын тереңірек ұғыну үшін әңгіменің әлқиссасын әріден бастаған жөн сияқты.

Қасиетті Торғай топырағында туған Ахмет Байтұрсынұлы – нағыз сегіз қырлы, бір сырлы жан. Оның бойдағы өнері бір төбе болса, ардақты Алаш

жұрты үшін төккен тері бір төбе. Бірінші кезекте Алаш арысы – педагог. Ол «Кел, балалар, оқылық» деп жырлаған жерлесі Ыбырай Алтынсариннің жолын лайықты жалғады. Мысалы, тар жол, тайғақ кешкен 1895-1909 жылдар аралығында Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі мектептер мен орыс-қазақ училищелерінде ұстаздық қызмет атқарып, талай жастың бойына білім нәрін сіңірді. Том тарихты ақтарсақ, мұғалімнің шекара асып, Ташкент барғанын да білеміз. Ол бір кездері өз ағамыз мекен еткен Өзбекстандағы Қазақ халық ағарту институтында еңбек етті. Кейін ару Алматы қаласындағы бұрынғы Қазақ педагогикалық институтында, қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде қыз-жігіттерге тәлім берді. Ахмет атамыздың тағы бір елеулі ісін айтпай кетпеске болмас. Педагог қазақ тіл білімінің негізін 20 ғасырдың басында қалыптастырып, оның ірге тасын мықтап қалады. «Бұлақ көрсең, көзін аш» демекші, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуы үшін бірнеше еңбекті де өмірге әкелді. Олар: «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), «Әліпби» (1924), «Жаңа әліпби» (1926). Бұл туындылардың маңыздылығы қазіргі күннің өзінде арта түспесе, жойылған жоқ. Оған Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың бастамасы бойынша ұлт ұстазының әдістемесіне негізделген «Әліппе»-нің қайта оралуы дәлел. Жасыратыны жоқ, «Әліппе» мектеп бағдарламасынан алынып тасталғанда көпшілік қынжылды. Ал оқулық қайта қолданысқа берілгенде, бөріктерін аспанға атқан ағайынның санында есеп болмады. «Ұлтым, көзі ашық, көкірегі ояу қазақ баласы» деп басын бәйгеге тіккен Ахмет Байтұрсынұлының баға жетпес еңбегіне талайлар бас иді. Мысалы, қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов замананың заңғары жайлы былай дейді:

- Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны - «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын. Бірақ зорлықпен, күшпен дегенін болдырып үйренген большевиктер бұл ақиқатты теріске шығарып, оның есімін де, еңбегін де тарихтан өшіруге тырысып бақты. Оны бар ғұмырын адал қызмет етуге арнаған туған халқына жау етіп көрсетіп, «халық жауы» деген жалалы жамылғыны жауып, атқызды, атын атағандарды қуғынға салды. Бәрібір олар мақсатына жете алмады. Жала - бұлт, шындық - күн екен, заманы қайта туып, шындықтың шұғыласы өз нұрын төкті. Ұлтын сүйген ұлтжанды Ахаң, Ахмет Байтұрсынұлы өз халқымен қайта табысты [1,509 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы – қоғам қайраткері. Ол бұл бағытта нендей істерімен тарихта қалды? Біріншіден, "Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі" деп жазған ұлт көсемі 1913 жылы Орынборда атақты «Қазақ» қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени газетін құрып, бірнеше жыл редакторы болды [2,480 б.]. Ғұмыры 1918 жылға дейін созылған басылымның 260-тан астам нөмірі жарық көрді. Онда қазақтың жоғы жоқталып, мұңы мұңдалды. Ұлттық-демократияның еуропалық үлгісін ұстанған Алашорда үкіметінің жұмыс барысы тұрақты түрде жазылып тұрды. Әдебиетсүйер, тарихсүйер

қауымға жақсы таныс, газеттің рәміздік бейнесі – түндігі батыстан ашылып, есігінде «Қазақ» деп жазылған киіз үй. Оның өзіндік мән-маңызы бар екенін біреу білсе, біреу білмес. Ахметпен бірге қызмет еткен ұлт зиялылары ерекше бейнені *«Қазақ ішіне Еуропа ғылым-өнері таралсын, «Қазақ» газеті қазақ жұртына әрі мәдениет есігі әрі сырт жұрт жағынан күзетшісі болсын»* [3] деп түсіндірді. Ахмет Байтұрсынұлының өмірі жоғарыда аталып өтілген Алашордамен тығыз байланысты. Тарихи тұлғалардың басын біріктірген Алашорданың құрамында арысымыз бірнеше қызмет атқарды. Төрдегі «төрелердің» ықпалына қарамастан негізгі мақсаты қазақтың мойнына ілінген құлдық қамытын шешу, ұлтын сүйетін жастар тәрбиелеу болды. Бұл жөнінде атақты ақын, жалынды жазушы Сәкен Сейфуллин былай дейді:

- Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды. Халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті [1, 509б.].

Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың талантты көркем аудармашысы. Көркем аударма дегенде есімізге бірден тау тұлғаның 1909 жылы жарық көрген «Қырық мысал» жинағы түседі. Сіз бен біз жақсы білетіндей, «Қырық мысал» - орыс классигі Иван Крылов мысалдарының бір тобы. Иә, Алаш арысы орыстың басқа да ақын-жазушыларын аударып, тамаша туындыларын қазақ халқына ұсынды. Бірақ, Ахмет атамыз не себепті бірінші Крыловты аударды? Бұл сұраққа жауап беріп көрейін. Менің ойымша Иван Крылов пен Ахмет Байтұрсынұлының стильдері бір-біріне өте ұқсайды. Иван Крылов ақсүйектердіңағни, байлардың қатысуымен қоғамда болып жатқан жайттарды кекетіп мысалмен жазды. Әрбір еңбегінде мақтаншақтық, менмендік, паракорлық, өтірікшілдік сынды адам бойындағы жағымсыз қасиеттер анық сипатталды. Өкінішке қарай, қара бастың қамын ойлаған қазақтың қалталы азаматтарында да осындай қасиеттер бар. Оның үстіне бір кездері қазақтың бай-бағландары мал-мүлік пен абыройды сақтау және шен-шекпен үшін «биліктегі баһадүрлердің» ығына жығылды. Міне, осы факторлар ұлтын сүйген Ахмет атамызға бірінші кезекте Иван Крыловты аударуға себеп болған сыңайлы.

Атынан ат үріккен үкіметке қарсы тұрған, қоғам арасында өзіндік беделі болған адам кімге керек? Әлбетте, Алашордаға керек болғанымен, билікке мүлде керек емес. Осы себепті ол талай мәрте тағдырдың тәлкегіне ұшырады. Ұлт көсемі алғаш рет 1929 жылы 2 маусымда өзге де Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге Алматыда тұтқындалды. Тасқараңғы темір қоршау, адам төзгісіз азап, нақақтан-нақақ жабылған жала. Ақыры соңында Ахмет Байтұрсынұлы Архангельскіге жер аударылады. Айта кетерлік жайт, советтің сойылын ұстағандардан өзі ғана емес, әйелі мен қызы да қорлық көреді. Бәрі ату жазасымен аяқталады. Қазақтың біртуар ұлы 1937 жылы 8 желтоқсанда Алматыда атылады.

Ардақты Ахмет атамыздың кім екені, қаймана қазаққа нендей қызмет қылғаны бірден жария етілмеді. Әрине, бұл – заңды құбылыс. «Халық жауы» атандырып, ату жазасына кескен үкімет бұл тұрғыда тіс жармасы түсінікті. Ал сол кездегі ғалымдар мен тарихшылар, жазушылар мен ақындар қандай да бір жайтты жария етуге сескенді. Архивтерде сақталған талай сыр Тәуелсіздік алғалы ғана біртіндеп көпшілікке мәлім болуда. Айтатын дүниелер әлі де бары айдан анық. Осы орайда биыл туғанына 150 жыл толғалы отырған ұлт ұстазының ізбасары ретінде тарихшылардан тарихтың қойнауына терең бойлауды сұраймын. Тарихи тұлғаны одан әрі ардақтау, кейінгі буынға барынша таныту – біздің, яғни егемен елдің жастарының қасиетті парызы. Сондықтан, ерінбей еңбек еткеніміз жөн. Алаш ардақтысының аты өшпесін!

Пайдаланылған әдебиет:

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509 бет. ISBN 5-7667-2616-3
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. – Алматы: Мектеп, 2008. – 480 б.
3. «Алаш» қозғалысы. Алматы, 2008. ISBN 9965-32-715-7

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – АЛАШТЫҢ АЛҒАШ ТҰЛҒАСЫ

Алимбаева Бибигуль Тулигеновна
СҚО, Ғабит Мүсірепов атындағы аудан
«Новоселов орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
alimbaejewa@mail.ru

XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ұлт азаттық қозғалыс жетекшілерінің бірі мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттанудың негізін қалаушы, XX ғасыр басындағы қазақ жазуының реформаторы, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы болды.

Түркітанушы, публицист, ұстаз, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте Қостанай облысы Жангелді ауданы, Сарытүбек ауылында дүниеге келген. Тоғыз жасында орыс қазақ мектебін бітірген соң, мұғалімдер даярлау үшін Орынбордағы төрт жылдық мектепке оқуға түседі. 1895 жылы педагогикалық кеңестің шешімімен бастауыш сынып мұғалімі болды. 1895 жылы жас Ахметтің еңбек қызметі басталады. 1909 жылға дейін ол Ақтөбе,

Қостанай және Қарқаралы облыстарындағы қазақ мектептерінде сабақ берді, Қарқаралы мектебінде, одан кейін Омбыда, содан кейін Торғай облыстық халықтық училищесінде мұғалім болып жұмыс істеді. Ахмет Байтұрсынұлының саяси жолы 33 жасында басталды.

1908 жылы саяси көзқарасы үшін Қарқаралыда түрмеге түсіп, екі

жылдан соң Орынборға жіберілді. Ол Семейде жүргенде түрмеге қамалды. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқының әлеуметтік жағдайы және оған қатысты патша отаршылық саясатын сипаттайтын мақалаларды жариялағаны үшін түрмеге қамалады. Ахмет Байтұрсыновтың Орынбордағы өмірі туралы айта отырып, оның қоғамдық саяси қызметіндегі ең жемісті болғанын атап өту керек.

Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатовтың бірлесіп құрған тұңғыш ұлттық "Қазақ" газетінің бірлескен авторы, олар жаңа құрылған ұлттық интеллигенцияны қолдады. 1917 жылы Ресейде патша өкіметі құлағаннан кейін көптеген қазақтар, оның ішінде Байтұрсынов та жеңіл дам алды, өйткені Ақпан төңкерісі өзен өзі басқаруға және құтылуға үміт берді. Осы сәтті пайдаланып, Ахмет және оның серіктері Алаш жаңа автономиясының бірге Алаш қазақ ұлттық демократиялық партиясын құрды. Осыдан кейін Алаш мемлекеттік мекеме ретінде таратылды. Автономияның негізін қалаушыларының барлығына рақымшылық жасалды, бірақ 1930 жылдардың аясында оларға сталиндік құғын сүргін саясаты жүргізіледі. Ахмет Байтұрсынұлы Алаш партиясының бағдарламасын дайындауға арналған жұмыс тобының мүшесі болған және Алаш Орданың II Бүкілқазақтық съезінде оның бастама бойынша Білім комитеті құрылды, Байтұрсынов бірауыздан Алаш Орданың төрағасы болып сайланды. 1919 жылы наурызда Ахмет Байтұрсынов Мәскеуге Алашорда үкіметінің атынан кеңес үкіметімен келіссөздер жүргізу үшін барады. Ахмет Байтұрсынұлы Мәскеуге Алашорда үкіметінің атынан кеңес үкіметімен келіссөздер жүргізу үшін барады. Ахмет Байтұрсынұлы Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ Әскери Революциялық Комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды. 1920 жылы Ленин үкіметіне Қазақстанды басқарудағы алғашқы қадамды қатты сынап, хат жолдады. Ахмет Байтұрсынұлы 1920 жылы тамызда құрылған Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы үкіметінің мүшесі және халық ағарту комиссары қызметін атқарған. 1922 жылы Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы Халық ағарту комиссариатының академиялық орталығында 1922-1925 ж.

Халық ағарту комиссариатының ғылыми әдеби комиссиясында және Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы ғылыми қоғамының төрағасы болды. Ахмет Байтұрсынұлы Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен қазақ халқының бостандығы мен теңдігі үшін жүргізілген саяси күреске белсенді қатысты. "Алаш" ұлттық патриоттық саяси партиясын құруға тікелей қатысты. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халық ертегілерін жинауға және жариялауға үлкен үлес қосты. Сонымен бірге Пушкин, Лермонтов, Вольтер шығармаларын қазақ тіліне аударған. Қазақ әліпбиі және қазақ тілі оқулықтарын жазған. 1911-1912 жылдары Уфа мен Орынбордың баспаханаларында жарияланған. Ахмет Байтұрсыновтың алфавиті 7 рет басылып шықты және 1920-1930 жж. ортасына дейін қазақ мектептерінде оқу тәрбие процесінде кеңінен қолданылды. 1929 жылы 2 маусымда Ахмет Байтұрсынұлы Алаш қозғалысының 43 белсенділерімен бірге Алматыда тұтқындалып, Мәскеудегі Бутырская түрмесіне қамалды. А

Байтұрсынұлының мерзімінен бұрын босатылып, отбасымен Алматыға оралады. 1925 жылы 29 мамырдағы "Ақ жол" журналының редакциясына жазған хаты Ахмет Байтұрсынұлы мен оның ізбасарларын "қазақ ұлтшылары" ретінде жаңа саяси қудалауға негіз болды. 1937 жылы желтоқсанда сталиндік қуғын-сүргіннің жаңа толқыны түстіп, бір жылға жуық түрмеде отырды.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Әдебиет 6 сынып Алматы "Атамұра" 2006 ж. (87 бет)
2. Қазақ әдебиеті 11 сынып "Арман-ПВ" 2007 ж. (16 бет)
3. Қазақ әдебиеті 11 сынып Алматы "Рауан" 1997 ж. (187 бет)
4. Қазақ әдебиеті 11 сынып "Арман-ПВ" 2007 ж. (6 бет)

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫ АЗАМАТЫ

Асылбекова Салтанат Жаркенбековна,

СҚО, Мамлютка қаласы

«№ 1 Мамлют мектеп-гимназиясы» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-сарапшы

salta_kz96@mail.ru

Биыл еліміз ұлы қазақ халқының біртуар ұрпағы, Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойын атап өтуде. Оны қазақ даласының «Сегіз қырлы, бір сырлы» деп аталатын атақты адамдарына жатқызуға болады. Ол талантты әдебиеттанушы, терең ойшыл, жарқыраған публицист, жанқияр саясаткер, ізденуші ғалым, керемет ұйымдастырушы және өз халқының дамуына қызығушылық танытқан қоғам қайраткері болды. Ол энциклопедиялық ақыл мен ерекше қабілеті бар, өмірді жақсы көретін және айналасындағы адамдардың тағдырына бей-жай қарамайтын адам. Оның бүкіл еңбегінің мәнін бір ауыз сөзге сыйғызып айтар болсақ, ол бас әріппен жазылған халық ұстазы.

Тұтас буынның төлбасы, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым-тілші, әдебиет зерттеуші, түрколог, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынұлов қазіргі Қостанай облысы, Торғай атырабындағы, Сартүбек деген жерде ел арасында беделді, қайратты кісі Шошақұлы Байтұрсын шаңырағында 1873 жылы 18 қаңтарда дүниеге келген.

Әкесі Байтұрсын мен оның інісі Ақтас қорлық-зорлыққа шыдамай, 1885 жылы 12 қазанда ояз начальнигі Яковлевтің басын жарып жібереді. Мұның арты – дүние-мүлікті тартып алу, түрме, абақты, Сібірге 15 жылға жер аударылумен аяқталды.

Табиғатынан аса дарынды туған талапты бала Ахмет 1882-1884 жылдары әуелі көзіқарақты адамдардан өз үйінде хат танып, артынан жақын жердегі ауыл мектебінен сауат ашады да, 1886-1891 жылдары Торғай

каласындағы екі сыныптық орысша-қазақша училищеде, 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып, білім алады.

1895 жылдың 1 маусымынан бастап мұғалім болады: Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы атырабында бала оқытады, өмір, тіршілік күресіне араласады, әділет үшін күреседі, байларға қарсылық білдіреді, патшаның отаршылдық саясатын айыптайды. Кейін екі сыныптық мектептерде ұстаз бола жүріп, 1901 жылдан бастап қолы бос кездерде өзі ізденіп, сан алуан кітаптар оқиды, әдебиетпен айналысады, оқу құралдарын жинайды. Ел ішінде оқыған, еркін мінезді батыл ойшылдың бедел, атағы өсе бастайды. Ахмет 1909 жылы 1 шілде күні Семей абақтысына алынып, сотсыз, үкімсіз 8 ай бойы азап-қорлық көріп, торығады, қиналып ширайды, күреске белді бекем буады. Бостандық аңсаған, күреске шақырған өлеңдер жазады. Ақыры Қазақстанда тұру құқынан айырылғандықтан, 1910 жылы 21 ақпанда түрмеден шығып, наурыз айында Орынбор қаласына келеді. Бұдан кейін Ахмет Байтұрсынов өміріндегі ең күрделі, қызықты, қажырлы кезеңдер басталып кетеді. 1913-1918 жылдар арасында "Қазақ" газетінде редактор болып, орасан зор әлеуметтік-тарихи қызмет атқарады, халық өмірінің сан-алуан көкейкесті мәселелерін көтереді, елді прогреске, өнер-білімге үндейді.

Алаш қозғалысы тұсында 1918–1919 жылдары Ахмет Байтұрсынов жаңа өткел, соны өріс іздейді. Ұлт азаттығы жолындағы күрес басшыларының бірі болады. Азапты толғаныс, күрес революциясынан өтіп барып, 1919 жылдың наурыз айында бұрынғы ұлт интеллигенциясының кейбір өкілдерін өзімен бірге алып, қазақ халқының мүддесі үшін қызмет етеді деген үмітпен Кеңес өкіметі жағына өтеді. Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери революциялық Комитеттің мүшесі ретінде оның жұмысына белсене араласады. Ахмет Байтұрсыновтың ғалымдық, ақындық, публицистік, қайраткерлік істері өз заманында аса жоғары бағаланған. Қазақ ортасы, түркі әлемі ғана емес, орыс ғалымдары берген тарихи тұжырымдардың орны ерекше. Кезінде Ахмет Байтұрсынов, оның ғылыми еңбектері туралы орыс ғалымдары жағымды пікірлер айтқан болатын. М.Дулатовтың «Ахмет Байтұрсынұлы» мақаласындағы тарихи фактілер, деректер күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ. Мақалада тұңғыш рет ақын, ғалым, публицист, қоғам қайраткерінің туған уақыты, кіндік қаны тамған жері, ол органың басты сипаттары, білім алған ошақтары, қызмет еткен орындары, әлеуметтік қызметтері, саяси-қоғамдық көзқарастарының өзгеруі, сан алуан эволюциясы жан-жақты ашылып берілген. Ал екінші мақалада А.Байтұрсыновтың ғылыми еңбектерін, әсіресе тіл саласында ендірген жаңалықтарын саралауға арналған. Ахмет Байтұрсыновтың тарихтағы орнын, оның әлеуметтік-қоғамдық істерін, дүниетанымдағы ерекшеліктерін өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамның бірі – Сәкен Сейфуллин. Ол "Еңбекші қазақ" газетіне 1923 жыл, 30 қаңтарда "Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды" деген арнаулы мақала жазған.

Түркістан республикасы Орталық атқару комитеті мен Түркістан Орталық партия комитетінің газеті "Ақжол" 1923 жылғы 4 ақпанында шыққан 270-санында: "Қазақтың дыбысына, сөзіне арнап әліппе мен әріп, тіл һәм оқу

құралдарын шығарып, қазақтың жалпақ тілін талайға үйреткен Ақаң еді. Ұлт қамы дегенді көксеген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда бостандыққа жол көрсеткен Ақаң еді”, — деп жазылған. Әр түрлі оқиғаларға, халықаралық жағдайға, заң, құқықтану, жер мәселесіне, отарлауға, ғылым-білімге, педагогикаға арналған "Тағы да народный сот хақында", "Қазақ һәм ІҮ Дума", "Земство", "Жер жалдау жайынан", "Көшпелі һәм отырықшы норма", "Уақ қарыз", "Бұ заманның соғысы", "Жәрдем комитеті", "Закон жобасының баяндамасы", "Қазақ халқын билеу туралы 1868 жылы шыққан уақытша положение" сияқты көптеген мақалалар публицист Ахмет Байтұрсыновтың көзқарасын, тарихи білігін, ойшылдық деңгейін, журналистік қарымын көрсетіп, рухани даму кезеңдерімізден мол хабар береді. Автордың "Қазақ өкпесі" мақаласында тарихи мәселелерге объективті, ғылыми тұрғыдан қарайтындығы көрінеді, қазақ хандығы неліктен құлады, өз алдына дербес мемлекет болып тұра алмаудың себебі, Ресейге қосылудың негізгі жағдайлары деген проблемалардың жауабы айтылады. "Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз — бәрі надандық кесепаты", дей келіп, ел мен елді, ұлт пен ұлтты теңгеретін ғылым, өнер екенін айтып, оқуға, ағартушылыққа ден қояды. Қазақ өлкесінің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірінің дамуымен таныстыра білген «Қазақ» газеті «Алаш» партиясының дауысына айналды. Осы тұста әлеуметтік ахуалды баяндаған цензура көтермейтін мақалалар жариялағаны үшін әкімшілік А.Байтұрсыновқа бірнеше мәрте (1914-1915) айыппұл төлетеді, кейіннен абақтыға қамайды. 1917 жылы патшаның тақтан құлауын Ахмет Байтұрсынов зор қуанышпен қарсы алып, Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен қазаққа бостандық, теңдік әперу үшін саяси күрес майданына араласты. 1917 жылы Ақпан революциясының жеңісінен кейінгі елдегі революциялық процестердің қарқынды дамуы барысында Әлихан Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан либерал-демократиялық көзқарастағы қазақ интеллигенциясының өкілдері ұлттық партия құру жоспары бойынша өз жоспарларын жүзеге асыруға кірісті. 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында І-ші жалпықазақтың съезде Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов «Тәуелсіз автономия» құру идеясын ұсынды. І-ші жалпықазақтық съездің қортындасында «Алаш» ұлттық саяси партиясы құрылды. Әлихан Бөкейханов қазақ халқының көсемі, партия басшысы болып сайланды. Бірақ қоғамда аласапыран ахуал қалыптастырған большевиктердің төңкерісі Ахмет Байтұрсынов және оның серіктерінің қазаққа дербес ұлттық автономия алып береміз деген әрекеттерін тұйыққа тіреді. Алаш қозғалысы білімсіз кедей-кемшіктің қалың тобырына арқа сүйеген жүгенсіз коммунистік қозғалысқа қарсы тұруға ол заманда қауқарсыз еді. Осыны түсінген және халқымен бірге болуды ойлаған Ахаң 1919 жылдың наурызында Кеңестер өкіметі жағына өтті, алғашқы өлкеде құрылған Революциялық комитет құрамына енгізілді. Ол екі жылдай Республика халық ағарту комиссары қызметінде болып, қазақты ағарту ісіне, осы саланы аяғынан тұрғызуға қыруар еңбек сіңірді. Қазақ халқының қоғамдық

ой-санасының дамуындағы барлық саяси қозғалыстар А.Байтұрсыновтың есімімен байланысты. 1919 жылғы жаз бен күзде Ахмет Байтұрсыновтың инициативасымен Қазревком өз мәжілістерінде Алашорданың батыс бөлігімен байланыс жасау және оның басшыларымен келіссөздер жүргізу үшін арнаулы өкілдер жіберу мәселесін талай рет талқылады. Қазревкомның және оның төрағасы қызметін көп жағдайда өзі атқарған Ахмет Байтұрсыновтың осы мәселедегі табандылығы Торғайда болған оқиғаларды қайталамау және Алашорданың батыс бөлімінің түгелдей Совет жағына шығуын қамтамасыз етпесе де, оның Совет өкіметіне бейтарап жағдайда болуын жүзеге асыру ниетінен туындаған еді. Түптеп келгенде Алашорданың батыс бөлімін ақтардың одақтасы болудан совет өкіметі жағына шығару Орал өңіріндегі азамат соғысын тезірек аяқтаудың алғы шарттарының бірі еді. Шын мәнінде, Ахаңның және оның серіктерінің Кеңес өкіметі жағына кездейсоқ өтпегені белгілі. Бұл туралы Ахаңның өзі «Жизнь национальностей» журналында 1919 жылы 3 тамызда жазған «Революция және қазақтар» атты мақаласында төмендегідей пікір білдірген еді: «Егер де бұрын бір топ адамдар патша чиновниктері атынан қырғыздарды (қазақтарды) жауапсыздықпен қамап, әр түрлі зорлық-зомбылықтарға жол берген болса, дәл осындай қылықты шет аймақтарда большевик-коммунистер деген атты жамылған осындай және басқадай адамдар тобы байқатты.. Ахмет Байтұрсынов және оның серіктері, шын мәнінде кеңестік билікті амалсыз мойындады. Қазіргі жаңа заман серпіні адамзатты «жазу», «графика» дәуіріне жетелеуде.Түрлі заманауи техника мен технологияның,инновациялық шарықтап өркендеуі-заңды құбылыс.Осы цифрлық графикалық дәуір өткелінде ұлттық,мемлекеттік тілімізді сақтап,сол тіл арқылы сан ғасыр тоғысында тарихымызды, мәдениетімізді, ұлтымызды, мемлекетімізді нығайтып, оны тарих беттерінде шежіре қып таңбалағымыз келсе, Ахаң салып кеткен-латын графикасына өтуіміз өте орынды реформа.Оны жүзеге асыру – Мәңгілік ел ретінде, рухы биік мемлекет ретінде даму үдерісінің негізгі сатысы болып табылады. Мәңгілік ел мұраты –қазақ тілінің латын әліпбиіне өтуі болып табылады. Менің ойымша, бүгінгі күннің өзекті мәселесі «Қазақ тілінің латын әліпбиіне кезеңді өтуі». Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне,латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бүгінгі жаңа заманауи талапқа тіл реформасын сәйкестендіріп, күшейту-Мәңгілік ел идеологиясын толыққанды жүзеге асыруға зор мүмкіндік береді. Қазақ тілінің тарихы сонау ертеден бастау алады. Тіліміз көне түркі тілінің қыпшақ-ноғай тармағына жатады.Қазақ жазуы ғасырлар тоғысында бірнеше рет өзгеріске ұшырап отырды.1929 жылдарға дейін Қазақстанда араб жазуы пайдаланылса,20 ғасыр басында ағартушы А.Байтұрсынов бастауымен араб графикасына негізделген төте жазу пайдаланылды. 1929-1940жылдар арасында латын графикасы қолданылса, 1940 жылдан соң кирилл әліпбиі енгізіліп қазірге дейін қолданылуда. Яғни көріп отырғанымыздай,латын графикасын қолдану тәжірибесі біздің ел тарихында болған,және мұрағат материалдарына сүйенсек,латын графикасында басылып шыққан ғылыми еңбектер мен шығармалар қоры

қазақтың белгілі ағартушылары, Алаш қозғалысының белсенділері арқасында сақталынған болатын. Демек,біздің латын графикасына көшуіміз-біздің алғашқы қазақ зиялыларының салған сара жолына қайта оралу деген сөз. Тіліміздің келешегіне қарқынды дамыған заман сарынына қарай бір мықты серпін беру. Бұл шешім –техникалық инновациялық мүмкіндіктері шарықтаған әлемдік ақпараттық кеңістікке еліміздің еркін енуіне кепіл болмақ. Сөз соңында айтарым,латын графикасына өту-біз үшін аса қиындық тудыра қоймайды. Олай ойлауымыздың себебі ,біріншіден жоғарыда айтып кеткенімдей бұл біздің тарихымызда орын алған тәжірибе,екіншіден,біз латын графикасымен таныспыз, жастарымыздың көп бөлігі ағылшын тілін жақсы меңгерген,оларға таныс заманауи техниканың атауларынан бастап, әлемдік брендтер барлығы латын графикасымен таңбаланған. Бұл жерде аса қатты көңіл бөлетін мәселе ол тіл меңгерудегі грамматикалық сауаттылық пен жазудың емлесі.

Ахмет қазақ даласының әр түрлі аймақтарында мектептер ашып, ұстаздық қызметпен айналысты, жарғақ құлағы жастыққа тимей, «әр қазақтың баласы қалайда оқу керек» деп –масаша ызылдап, туған халқын оқуға, өнер-білімге шақырды.

«Өркениетті елдерден кейін қалып, көрінгенге жем болып жүргеніміз біліміздің, өнеріміздің жеткіліксіздігінен, оқыса, ілгері кеткен елдер қатарына қосылуға талпынса, қазақ халқы да ешкімге есесін жібермейді» – деген Ахмет Байтұрсынұлы! Тәуелсіздік алғалы бері біз бүкіл әлем мойындаған мемлекетімізді құрып, экономикамызды нығайта алдық.

Біздің алдымызда ел болашағын сеніп тапсыратындай,төл мәдениетін жақсы білетін, туған тарихын сүйетін естияр ұрпақ дайындау міндеті тұр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы өзінің алғашқы жолдауына айтқандай, «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келетін болды» деп есептеймін. Латын әліпбиіне көшу соған ықпал ететініне мол сенім артамыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары.-Қарағанды: «TENGRİ Ltd», 2013.-382 б.
2. Нұрпейісұлы К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция. // Егемен Қазақстан. 1997 ж. 5 желтоқсан. –3-5 бб.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. — Алматы: «Атамұра», 2002. — 768 б.
4. «Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық» Алматы 2010

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ-ҰЛТ ЖАНАШЫРЫ.

Темирбаева Куралай Хабибуллақызы

Орал қаласы Д.А.Қонаев атындағы
№44 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог -сарапшы
педагогика ғылымдарының магистрі,

Ахмет Байтұрсынұлы. Қазақ үшін қасиетті есім.

Ол өз ұлтының бағы жану үшін өмірдің барлық саласына араласты. Бұған оның атақ-даңқы дәлел. Қазақ халқы біртуар перзентін қоғам және мемлекет қайраткері, ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы... ретінде жақсы біледі.

Биыл еліміз Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын атап өтуде. Жұртшылық жақсы білуі тиіс, Байтұрсынұлы әйгілі Қарқаралы петициясы авторларының бірі болды. Осы арыз-тілекте жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне Қазақ елінің мүддесіне сай өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстау еркіндігі, күні өткен Дала ережесін қазақ мүддесіне сай заңмен ауыстыру және басқа да мәселелер көтерілді. Дәл осы кезден Байтұрсынұлының саяси қызметі басталды деуге болады.

Оның алғашқы кітабы - «Қырық мысал» 1909 жылы жарық көрді. Осы кітаптың өзінде отаршылдықтың зорлық-зомбылық, елдің тұралаған халін тұспалдап болса да жеткізді. Ол қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап жаңа үлгі ұсынған реформатор. Оның «Оқу құралы» қазақ жазуының тұңғыш әліппелерінің бірі. Ал «Тіл - құралы» қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Ол ұлтына, қазақ халқына қызмет етті. Бұл туралы Сәкен Сейфуллин кезінде былай деген болатын: «...Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен, Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл». Ол шын мәнінде ұлт ұстазы, халқымыздың рухани көсемі бола білді.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ең үлкен артықшылығы алғашқы білімді молдадан немесе медреседен алғандығы еді. Олардың барлығы діни сауатты болатын. Ахмет Байтұрсынұлының әр мақаласы, әр кітабы Құранның «Бисмиллахир-рахмани-рахим» деген сөздерімен басталғанын әдебиетші ғалым Айгүл Ісімақова да қуаттайды. Кейін түсіп қалған бұл сөздер, соңғы басылымдарда түпнұсқада қалай болған болса, солай беріліп жүр. Сонымен қатар, Ахаңның араб әріптері негізінде қазақтың алғашқы әліпбиін жасап шығуы оның көрегендігі дер едік. Ол кезге дейінгі түркі елдерінің 90 пайызы хат жазуда немесе қолжазбаларында араб таңбаларын пайдаланып келгені белгілі.

Ғалымның өзі Орынборда өткен Қазақ, қырғыз білімпаздарының съезінде сөйлеген сөзінде: «Жақсы әліппенің қасиеттері – жылдам жазылу, баланы оқытқанда әріптерінің бөлек-бөлек оңаша тұрып көзге түсуі, жазбасына баспасының ұқсастығы. Қазіргі қазақ әліппесінен жер үстінде жақсы әліппе жоқ. Латыннан анағұрлым озық әліппеміз тұрғанда босқа латыншыл болудың керегі жоқ. Әріпке қызығып бүкіл мәдениетімізден айрылып қаламыз ба?» – дейді. Осылай 1913 жылдан бастап Ахаң жасаған

әліпби мұсылман медреселерінде, қазақ-орыс мектептерінде қолданыла бастайды.



Жазушы Сейіт Кенжеахмет: «1917 жылы 5-13 желтосқан аралығында Орынборда ІІ жалпықазақ съезі өтті. Онда Алашорда үкіметінің құрамы бекітілді. Ахмет Байтұрсынұлы Алашорда үкіметінің оқу комиссары болып тағайындалды. Қасында Мағжан Жұмабаев, Елдес Омаров, Биахмет Сәрсенов, Телжан Шонановтар болды. Ахаң сол тұста халықтың сауатын ашу ісіне ел арасындағы молдаларды пайдаланған. Өйткені ол кісі сауат ашуға тек «қаріп тану» деп қарамаған. Оны тәрбиенің өзегіне балаған. Адамгершілік, жанашырлық, мейірім, шапағат секілді қасиеттерді бойына сіңірмеген адамның алған білімі зиянды деп түсінген. Торғай жерінде діни ілім үйрететін мешіт-медреселер көп болған. Ахаң осы дайын тұрған ілім ошақтарын халықтың игілігіне пайдалануды дұрыс көрген. Сол себепті тұңғыш әліпби жасағанда халқымыз сан ғасырдан бері пайдаланып келе жатқан араб графикасы негізінде жасады. Былайша айтқанда, Ахаң жарықтық тілді дінге байлап берді. Бұл – дін құрымай, тіл жоғалмайды деген сөз. Егер қазірге дейін Ахаң жасап берген әліпбимен жүргенімізде мәңгүрттер еліне айналмас едік» деген пікірді айтады. Бірақ жағдай Алаш зиялылары ойлағандай болмады. Араб жазуы Исламмен байланыстырылып, қолданыстан алынып салынды. Тек жат жұртқа Қытай, Ауған, Иранға қоныс аударған қандастарымыз Ахаң жасаған әліпбиді жүректеріне байлай кетті.

Қазіргі күнге дейін олардың арасында төте жазу аталып, қолданылып келе жатқан әліпби сол–Ахаңдікі. Ақын Ахмет Байтұрсынұлы 1872жылы 5 қыркүйекте Қостанай облысы, Жангелдин ауданына қарасты Сарытүбек елді мекенінде дүниеге келген. Әкесі Байтұрсын Шошақұлы еті тірі, намысты қолдан бермейтін, адал азамат болған екен. Руластарына қысым көрсеткен Торғай уезінің бастығы, полковник Яковлевті соққыға жығып, 15 жылға Сібірге айдалыпты. Әкеден тірідей айрылу бала Ахметтің жан дүниесіне қатты әсер етіп:

Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,

Бітпейтін жүрегімде бар бір жарам.

Алданып жегеніме оны ұмытсам,

Болғандай жегенімнің бәрі харам, –

деген алғашқы өлеңін шығарады. Патша әкімшілігінің әкесі мен туысқандарына көрсеткен қорлығы жанына жазылмастай жара салған ол өз өмірбаянында: «Осы бақытсыздық менің Торғай қаласындағы мектепке

түсуіме себеп болды», - деп жазды. Кішкентайынан зерек, талапты Ахмет алғашында 1882-1884 жылдары көзі ашық ауыл адамдарынан сауатын ашып, кейін жақын маңдағы ауыл мектебін бітіреді. Сосын Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде білім алып, оны бітірген соң Орынбордағы мұғалімдер дайындайтын мектепке оқуға түседі. Оны тәмамдағаннан кейін өзінің бүкіл саналы ғұмырында алдына мақсат етіп қойған қазақ балаларының сауатын ашу жұмысына бар күш-жігерін арнайды. «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек», – дейді Ахаң. Істі ағартушылықтан бастау – халқын құлдықтан азаттыққа алып шығатын жол екенін жақсы түсінген ол бастапқыда Ахметкерей Қонысбаев деген байдың үйінен мектеп ашып, кейіннен Аманқарағай ауылнай мектебінде бір жылға жуық бала оқытады. Көп ұзамай Қостанай қаласындағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне ауысады. Міне, осылай Ахаңның бұралаңы көп ұстаздық жұмысы басталады. Осыған байланысты Сәкен Сейфуллин: «А. Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан өз заманында патша арам қулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын қорғап, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губернатор, соттарға күшін сатып, тілмаш болып, кейбір оқығандары арларын сатып ұлықтық істеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызметтерін қылды», – деп жазса, ақынның өзі ол туралы:

Адамдық диқаншысы – жолға шықтым,

Көгі жоқ, көгалы жоқ қырға шықтым.

Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,

Көңілін көтеруге құл халықтың, – деп жырлайды.

Алдына үлкен мақсаттар қойып, соған жетер жолда аянбай қызмет еткен қарапайым мұғалім Ахаңды кейін бүкіл ұлттың ұстазына айналады деген ой сол сәтте ешкімге де келмеген болар... Халқының болашағы мен мәдениеті үшін қыруар тер төккен Ахмет Байтұрсынұлының ерен еңбегі мәңгілік қазақ халқының жүрегінде орын алып, ұлтының жанашыры болған арыстың есімі ұрпақтар есімінде сақталады.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Ғаламтор Гүлфар Мамырбекованың еңбегі
2. Машқанова Н.Т. Ахмет Байтұрсынов –қазақ жазуының реформаторы. Алматы, 1994 ж.

МЕН ТАНЫҒАН АЛАШТЫҢ АХМЕТИ ...

Сейтқасым Әлишер Оралұлы

СҚО Айыртау ауданы, Саумалкөл селосы

Саумалкөл қазақ орта мектебі
ағылшын тілі пәні мұғалімі
ali_seit@mail.ru

«... Бір кезде сары маса боп ызындап оятқан Ахметті
қазақ еңбекшілері де қадірлей біледі,
сөзін оқып, сүйсінеді»

Ғаббас Тоқжанов.

Мен Тәуелсіз елім – Жаңа Қазақстанымның бел баласымын. Әкемнің әкесі Жәмшит атам да ұстаз, әкем мен анам да ұстаздық еткен азаматтар. Атамның әкесі Сейітқасым атамның отбасы, оның маңайындағы жақындары 1930 жылдары Кеңес үкіметінің қысымына шыдамай, Ресейдің Челябі жеріне қоныс аударуға мәжбүр болған. Сейтқасым атам, оған еріп барған біраз жандар көп ұзамай сол жерде өмірден озып, жат жердің топырағында мәңгілік мекендерін табады. Ал жастай жесір қалған ұлы әжеміз екіден жаңа ғана асақан Жәмшит атамды жетелеп, елге қайтамыз деген қайныларымен баяғы ата жұртқа оралады. Әрине, көкейде «Бұл жайттар туралы неге жазды екен?» деген сұрақтың туындауы – заңдылық. Шығармамды осылай бастауымның себебі бар.

Көзімізді ашып, сөз түсінер шаққа жеткенімізде әкем Орал бізді «тәуелсіздік», «еркіндік», «ата жұрт», «құрылтай», «оралман бауырлар» деген ұғымдармен таныстыра бастады. Мектеп табалдырығын аттағаннан бастап, ұстаздарымыздан «Алаш елі», «Алашорда» деген сөздерді ести бастадық. Ұстаздарым мен әке-шешемнің арқасында Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Әлихан Бөкейханов деген есімдермен таныс бола бастадық. Әкемнің 700-ге жуық кітаптан тұратын шағын кітапханасы осы аталған ақындар туралы, олардың шығармалары бар кітаптармен толыға бастады (ол кітаптар сөренің сәні болып, ешқашан шаң басып жатқан емес). Біздерді қасына отырғызып алып (біз үшеуіміз), Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» жинағының газет бетіне жарияланған үзінділерін, алаштың өткен күнге деген сағынышын, Ресей империясы билігінен кейінгі қазақтың жағдайына деген күйінішін білдіретін «Қазақ қалпы», өзі өмір сүріп жатқан қоғамның әділетсіздігін суреттеп, абырой-арын сатып, ақшаға құныққан адамдарды сынаған «Достыма хат», сонымен бірге, азаттық таңы үшін қиын-қыстау кезеңді басынан өткеріп жүргендегі өзінің ішкі тебіренісін білдіретін өлеңдерін оқып беретін («Жарқырап жақсылықтың таңы атпай тұр, Түнерген төбемізден бұлт арылмай...» деген өлең жолдарының өзі оқырманға көп сырды аңғартқандай).

Қоғам қайраткері Байтұрсынұлының «Маса» жинағы қалың жұртшылыққа арналған, өнер-білімге, оқуға, рухани деңгейін көтеруге шақыру, адамгершілік пен мәдениетті уағыздап, еңбектенуге үндеу болып табылғанымен, бұл өлеңдер сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды.

Қазақтың Шоқан, Абай, Ыбырай сынды демократты ойшылдарының еңбектерін жіті оқып, терең зерттеген Байтұрсынұлы олардың қалыптастырған кең өрісті ойларын, гуманистік көзқарастарын жалғастырушы десек, қателеспейтін болармыз. Себебі оның өлеңдерінің тақырыптары, ойларының өрнектелуі Абай, Ыбырай өлеңдерімен үйлесіп, үндесіп жатты. «Ызыңдап, ұшқан мынау біздің маса...» жолдары қозғалыс пен сергектікті, ізденісті астарлап бейнелесе, «...үстінде ұйықтағанның айнала ұшып...», «ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен, қоймастан құлағына ызыңдаса?» жолдары өзі өмір сүрген қоғамның ұйқыдағы күйден оянып, енжарлық пен жалқаулықтан арылуынға шақырды. Осы ағартушылық ойды ақын басқа да шығармаларында әрі қарай дамыта түсті. Ұйқыдағы қоғамның осы бір келеңсіз көріністеріне салқын қарай алмаған ақын Байтұрсынұлы жанды ауыртар, жүрек сыздатар «қасірет сөздерін» хатқа жазып отырды.

Ал аудармашы Байтұрсынов орыстың мысалшы ақыны Иван Андреевич Крыловтың жан-жануар өмірінен алынған шығармаларын аудару арқылы әлеуметтік ойға ықпал етуді мақсат тұтты. Көркем аударма – аудармашы Байтұрсынұлының қалдырған бай мұраларының бірі, ғалымның жаңа қыры. Ұлы дала данасы Абай Құнанбаевтің ақындық, ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңартып жалғастырған Байтұрсынұлы XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге дейін көтеруде орасан зор еңбек етті. Қараңғы қапас құрсауынан шыға алмай жатқан халқының келешегіне алаңдаған ақын ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсеміне айналды. Аудармашы ретінде Байтұрсынұлы И.А. Крыловтан басқа да орыс классиктері Иван Иванович Хемницердің, Александр Пушкиннің, Михаил Лермонтовтың, Семён Надсонның, француз ағартушыларының көсемдерінің бірі, жазушы, философ, тарихшы Франсуа Вольтердің шығармаларын қазақ тіліне аударды. Бұл аудармалардың құндылығы неде десеніз – олар аудармашы-ғалымның кең мағыналы тақырыпты, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылары еді. Байтұрсынұлының осындай еңбектерінің арқасында дала жастары басқа әлемнің әдеби мәдениетімен таныса бастады.

1909 жылы Петербургте жарық көрген «Қырық мысал» жинағы әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды меңзейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен ұқсас әуездер, өнеге-үлгі болар ғибратты тұжырымдардан тұрады. «Аңдарға келген індет», «Қаптесер көртышқан», «Өзен мен Қарасу», «Қайырымды түлкі», «Түлкі мен қарашекпен» және де басқа өлеңдері оқырманды алуан түрлі ойға жетелеп, қоғамдағы әр түрлі құбылыстардан арылуға үндейді. Аудармашы-ғалым «Қырық мысал» жинағы арқылы қалың ұйқыдан басқан қараңғы елін, оның ой-санасын оятуға бар күшін, білімін жұмсайды. Ол әрбір аудармасын өзінің негізгі ойымен, халыққа жеткізейін деген пікірімен түйіндеп отырды. Осы арада қазақтың жыры сырға толы ақыны, Байтұрсынұлының замандасы Сәкен Сейфуллиннің қайраткер туралы пікіріне көз салайық: «... А.Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі.

... Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды. Халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті. Қалай болса да, жазушысы аз ғана, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына оқу хәм тіл құралдарымен қылған қызметі таудай» – деген екен «Еңбекші қазақ» газетінің бір нөмірінде.

Ахмет Байтұрсынұлын әр қырынан таныңымыз келсе, оның өмірбаянын аттап кете алмаймыз. Бұрынғы Торғай уезінің Тосын болысы (қазіргі Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы Ақкөл ауылы) дүниеге келген сегіз қырлы, бір сырлы жан Ахмет Байтұрсынұлы қоғам қайраткері, түркітанушы, педагог, әдебиет зерттеуші ғалым, аудармашы, публицист, ағартушы, жанынан жыр төгілген ақын, музыка мәдениетін терең түсінген музыкант. Үш бірдей білім ордасынан білім алған жас Ахмет үлкен үш уезде мұғалімдік қызметін шыңдаған (Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы мектептері мен орыс-қазақ училищесі). Саяси көзқарасы ертерек қалыптасқан ғалым Николай патша үкіметінің саясатына наразылығын білдіргені үшін 1909 жылы Семей қаласының түрмесіне қамалып, бір жылдан кейін Орынбор қаласына бес жылға жер аударылды. Осы қалада жүріп Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатов үшеуі дос болып, бірлесе отырып «Қазақ» газетін жарыққа шығарды. Бірнеше жыл газеттің бас редакторы қызметін атқарған Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газеті арқылы бостандықты аңсаған қазақ халқын жақсылыққа, өмірлеріне өзгеріс кіргізуге шақырды. Осы Орынбор қаласында өткен өмірі де, атқарған қызметі де патша үкіметінің бақылауында болды. Бірақ бұл жағдай Байтұрсынұлын мойытқан жоқ, керісінше, бақылау кезінде де, патша үкіметі құлағаннан кейін де ұлт-азаттық қозғалысты қолдап, жаңа қазақ қоғамын құру жолында қыруар еңбек атқарды, Алаш партиясының саяси бағдарламасын дайындаған топтың мүшесі болды, бірақ ежелден келе жатқан ел арасындағы жүзге, руға бөлінуге байланысты дау-дамайдың салдарынан үзеңгілес досы Міржақып Дулатов екеуі бұл партияға мүше болудан бас тартты.

Қазақ жастарын сауаттандыруды аңсаған ғалым Байтұрсынұлы Алаш Орда үкіметінің II съезінің шешімімен Оқу-ағарту комиссиясының төрағасы болып тағайындалды. Оның тек қоғам қайраткері емес, ағартушылық қыры осы кезден бастау алған: 1910 жылдардан бастап қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды қолға алған ғалым қазақ графикасын жасауға кіріседі. Графика негізіне көп ғасырлық дәстүрі, мәдениеті бар, сонымен қатар басқа да түркітілдес халықтар пайдаланып отырған араб таңбаларын алып, оны қазақ фонетикасына икемдейді. Арабша таңбасы жоқ дыбыстарға таңба қосып, алфавиттен қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен алып тастап, қазақ тілінің сингармонизм заңына (жуанды-жіңішкелі үндестік) сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Осылай 24 таңбалы қазақтың

ұлттық графикасы пайда болды. Ағартушы ғалымның өзі «қазақ жазуы» десе, көпшілік бұл тізбені «Байтұрсынов жазуы» деп атап кетті. Оқу-ағарту идеясы жандана бастады. 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылған ғалымның әліппесі «Оқу құралы» деген атпен қазақ далсында ашыла бастаған алғашқы мектептерде кеңіне пайдаланылды. Ал 1926 жылы ағартушы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды.

Қазақ тілінің табиғатын, құрылымын терең зерттеп-білген Ахмет Байтұрсынұлы мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жаза бастады. Осылай үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған «Тіл – құрал» оқулықтары жарық көрді. Мектеп оқулықтарының басы болып саналып кеткен «Тіл-құрал» оқулығы арада бір ғасырдай уақыт өтсе де, қазіргі таңдағы қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасын қалады.

Зерттеуші, жазушы қырынан көріне білген әдебиетші Ахмет Байтұрсынұлы халық ауыз әдебиетінде сақталған, ел аузында жатталған жоқтау-жырларды топтап, жүйелеп, «23 жоқтау» деген атпен 1926 жылы жеке кітап шығарған. Сол жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш» атты еңбегі жазушы Байтұрсынұлының қазақ әдебиеті тарихы мен әдебиеттану ғылымы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі еді. Көркем сөз өнерінің табиғаты, мазмұны, жанрлары, ерекшеліктері, жаңа терминдер, ұғымдар жайлы жан-жақты зерттеулер, тұжырымдарға тоқталған бұл еңбегінде ғалым-жазушы жазба әдебиеттегі ағымдар, әдістер туралы ой-түйіндерге тоқталған, сонымен қатар, көркем сөздің сан түрлі қыры мен сыры, тараулар мен тармақтар, «сөздің өлең болатын мәнісі», өлең айшықтары, «шумақ түрлері», «тармақ тұлғалары», «бунақ буындары», «ұйқастығы» туралы сөз еткен. «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деп аталтын бұл еңбектің екінші бөлімінде көркем қара сөздің табиғатын, оның тарауларын (өмірбаян, шежіре, тарихи әңгіме, заман хат, «мінездеме», «әліптеме, әліптеу тәртібі – мәнді әліптеме, сәнді әліптеме, жол әліптемесі, байымдама, байымдау әдістері, әліптеу тәртібінің түрлеріне (пән, сын, шешен сөз, оның түрлері) жүйелеп келіп, әңгіме, романға сипаттама берген. Ал «Сындар дәуірі, онда шығарма түрлері» атты тарауы сыншыл реализм туралы алғашқы пікірлер нышанын кездестіруге болады.

Қазақ халқының жыр әлемінің алыптары Асан Қайғы, Нысанбай жырау, Құбыла ақын, Жарылғап ақын, Ақмолда, Әбубәкір, Шортанбай, Байтоқ, Сүгір ақын, Мұрат, Досжан, Орынбай, Шернияз сынды ақын-жазушылар шығармаларын жетік білген ақын Байтұрсынұлы XV-XVII ғасырлардағы жыраулар поэзиясына қатты көңіл бөлген. Өзінің шығармаларында осы жыраулардың туындыларынан үзінділер қолданып отырған.

Тілші-ғалым (публицист), түркітанушы Байтұрсынұлы қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері мен ерекшеліктері, араб әліпбиі мен жаңа терминдер жайлы, қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы мақалалар жазған. 1926 жылы Өзірбайжанның Баку қаласында өткен түркітанушылардың Бүкілодақтық I съезіне «Түркі тілдеріндегі терминология жайлы» деген тақырыптағы баяндамасымен қатысты.

Менің өскен ортам әнді пір тұтатын жандар: атам мен әжем де әнші, әкем мен анам, екібастан, өнерсүйгіш, ән десе, ішкен асын жерге қоятын жандар. Анам – домбырашы. Әкеме келетін жолдастары да әнші, гитара, домбыра, баянда ойнайтын жандар болды. «Шилі өзен», «Екі жирен», «Қарғаш», «Қараторғай» әндері бізге бала кезден таныс. Атаммен бірге қосыла шырқайтынбыз. Біз оны халық әні деп келсек, бұл әндердің авторы Ахмет Байтұрсынұлы екенін беріректе естідік. Қанша іздестірсем де, өкінішке орай, Ахмет Байтұрсынұлының музыкалық қырынан мәлімет берер еш дерек көре алмадым. Егер де ондай деректер болғанда Байтұрсынұлындай тұлғаны тағы бір қырынан тануға мүмкіндік алар едік. Бір қуантатын нәрсе – ол қазақ халқының ән өнерін зерттеген музыка және қоғам қайраткері, этнограф, композитор Александр Затаевичке көп қолдау көрсеткен. Тарихи деректерге сүйенсек, Байтұрсынұлы мен Затаевичтің арасындағы жылы қарым-қатынас Орынбор қаласында басталған. Ғалым ағарту ісінің халық комиссары болып жұмыс істеген 1919-1921 жылдары Затаевичке қолдау көрсетіп отырған. Музыкаға жаны құмар Байтұрсынұлы халқымыздың ұлттық мәдениетін зерттеуге ден қойып, комиссариат жанынан Қазақстандағы филология мен музыкатану ғылымының қалыптасуына ықпал жасайды. Сонымен бірге құрамында Қырғыз (Қазақ) өлкесін зерттеу қоғамы бар академиялық орталық та құрылады. Затаевич өзінің көпке мәлім «Қырғыз (қазақ) халқының 1000 әні» деген кітабына берілген түсініктемелерінде Байтұрсынұлының музыкалық қабілеті жөнінде құнды мінездемелер жазған: «Туған елінің әндерін шын сүйетін және білетін жан ретінде, оларды нақышына келтіріп орындаушы және тамаша домбырашы ретінде Байтұрсынұлын отандастары да өте жоғары бағалайды. Ахмет Байтұрсынұлының білімі мен біліктілігінің бұл қырын бағалауға менің де мүмкіндігім болды. Өйткені менің мына еңбегімді ол үнемі назарына алып, Торғай, Қостанай, Ақтөбе, Бөкей ордасы және Қарқаралы (Семей губерниясы) өңірлеріне тән өзі білетін, қойын кітапшасына түртіп алған әндердің жазбаларын беріп, тіпті тамаша екі күйді өзі домбырада шертіп берді. Қазақ тарихы, тұрмысы мен этнографиясының терең білгірі ретінде мен жинаған мол материалды жүйелеуге бағыт-бағдар сілтеп отырды. Оның бұл елеулі еңбегіне аса тәнтімін, айтар алғысым шексіз». Осы мінездемемен танысқан оқырман ғалымның өнерге, музыка әлеміне деген ерекше ықыласын көреді деп ойлаймын. Ұстаздардың ұстазы, ақын, ғалым, түркітанушы, публицист, зерттеуші Байтұрсынұлы мен үшін XX ғасырдың феномені іспеттес.

Жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің «Ұлттың ар-ұжданы» кітабында Байтұрсынұлының «Шилі өзен», «Аққұм», «Екі жирен», «Қарғаш», «Қараторғай» әндерінен де басқа әндері болғанын, бірақ белгілі себептермен Байтұрсынұлының әндері деп айту қауіпті болғандықтан, ол әндердің көбі ел аарасында халық әндері деп тарап кеткені жайлы жазылған. Ахмет

Байтұрсынұлы тек орындаушы ғана емес, ән мәдениеті теориясын зерттеуге де еңбегін сіңірген (профессор Айгүл Ісімақованың еңбектерінде көрсетілген). Кезінде ғалым «Қазақ» газетінде бас редактор болып тұрғанда Орталық, Оңтүстік, Батыс Қазақстандағы күйлердің орындалу мәнері туралы мақалалар жариялаған екен. Ғалымның «Әдебиет танытқыш» деген еңбегінде қазақ музыкасының теориясы, күй теориясы, халық әндері, қазақ әндерінің басқа әндерден айырмашылығы туралы бөлімдер де бар. Оның үстіне, домбыра, пианино, скрипкада ойнаған Байтұрсынұлын неге музыкант демеске? Пианино мен скрипкада ойнауына қарағанда, ғалым классикалық музыканы да жақсы білген.

Міне, өмірінің 22 жылы ауыр науқастың салдарынан бір бөлмеде өткен біздің әкеміз біздерді Алаш азаматтарының, оның ішінде Ахмет Байтұрсынұлы мен Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатұлының өмірімен, шығармаларымен осылай сусындатып отырды. Қоғамның саяси жағымен біз осылай таныса бастадық. Қазіргі таңда Саумалкөл қазақ орта мектебінде ағылшын тілі пәнінің мұғалімі болып қызмет жасап келе жатсам да, әлі күнге дейін әкем таныстарған Алаштың арынды ақындары Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев шығармаларын қолымнан түсірмеймін. Шығарманың тақырыбын «Мен таныған Алаштың Ахметі...» деп алуының себебі де жоғарыда баяндап кеткен жағдайларға байланысты болып тұр.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Байтұрсынұлы А. Қырық мысал: Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 2002.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. Алматы: Жазушы, 1989.
3. Мамыткеліні Амина. Көркем әдебиет туралы //Қызыл Қазақстан. 1927. – №5-7.

ҰЛТТЫ СҮЮДІҢ ОЗЫҚ ӨНЕГЕСІ

СҚО, Петропавл қаласы

Искакова Айгүл Ораковна,

Қожаберген жырау атындағы №6 орта мектебі

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, магистр

aighul.iskakova.1979@mail.ru

Муканова Меруерт Сериковна,

Қожаберген жырау атындағы № 6 орта мектебі

директордың бейіндік пәндер бойынша орынбасары

Жазушы Дидахмет Әшімханов бір жазбасында: «Қазір халық алдындағы барлық проблема түгел шешіліп бітті ме? Бітпесе, елім, жерім, тілім, дінім, салт-дәстүрім деп жанын жалаулатып жүрер азаматтар неге аз?! Неге соншама енжар-бұйығымыз?! Ұлттық қан, ұлттық сана, ұлттық намыс қалай салқындап қалған бойымызда?! Бұдан құтылар жол біреу, ол –

отаншылдық сезімді ояту, бұрынғы өткен замандағы елді, халықты сүюдің үлгілерін насихаттау», деген екен. Шынымен де, ұлтын ұлықтап, қазақ жұрты үшін басын бәйгеге тіккен Алаш арыстарының аз болмағанын бүгінгі күні мақтанышпен айта аламыз. Солардың бірі әрі бірегейі – Ахмет Байтұрсынов. Қазақ көгінде күндей жарқырап, ел-жұртын оқу білімге үндеп, халқының жарқын болашағы үшін азапты әрі ауыр жолдан өткен ұлт ұстазы Отанды сүюдің озық үлгісін көрсете білді десек, ешкім де қарсы уәж айта алмайды.

Ахмет Байтұрсыновтың ағартушылық, журналистік, ғылыми еңбектері жайлы көп ізденіп, зерттеу жүргізген ғалымдардың бірі - Кеңес Нұрпейісов. Ол «Ахмет Байтұрсынұлы – аса ірі қоғам және мемлекет қайраткері» тақырыбындағы мақаласында Алаш перзентінің қасіретті өмір жолы туралы ғана айтып өтпей, журналистік қырын, мемлекеттік мәселелерді шешудегі саяси сұңғылалығын терең ашып көрсетеді. «Ұлттық мәні бар саяси-әлеуметтік және мәдени мәселелерді көтеріп, шешуде мерзімді баспасөздің атқарар қызметінің маңыздылығын Ахмет Байтұрсынұлы жақсы түсінді. Сондықтан да ол шын мәніндегі жалпыұлттық газет шығару ісіне көп күш жұмсады. Әлихан Бөкейхановтың бағыт беруімен, Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен, Міржақып Дулатовтың қосшылығымен, озық ойлы, халық қамын ойлаған жекелеген дәулетті адамдардың демеушілігімен 1913 жылдан бастап Орынборда жалпыұлттық биресмилік "Қазақ" газеті шыға бастады. Оның бірінші санында жарияланған оқырмандарға арналған мақаласында Ахмет Байтұрсынұлы газетті "халықтың көзі, құлағы һәм тілі" деп анықтай келіп, "жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады", деген тұжырымы арқылы газеттің қоғамда алатын орнын, саяси маңызын барынша айқындап берді. Ахаң редакторлық еткен "Қазақ" газетінің төңірегіне топтасқан білімпаз азаматтар оның беттерінде жарияланған жер, ұлт мәселесі, оқу-ағарту ісі, мемлекеттік құрылыс сияқты маңызды мәселелер жөніндегі мақалалары арқылы, кейде ашық айтылған пікірлері арқылы патша үкіметінің отарлық саясатын сынап, оған демократиялық мазмұндағы талаптар қоюмен қатар халықтың саяси санасын тәрбиелейді». Ендеше, туған елінің мүддесін ойлаған ұлт күрескері өз заманынан озып туған тұлға деп айтуға әбден лайық. «Қазақ» басылымында көкейкесті мәселелерді көтеріп, ұйқыдағы ұлтын оятайын, санасына сәуле құяйын деген асыл арманы оған тыныштық бермеді. Ұлттың намысын қайрау, отарлық езгіге қарсы ахуал қалыптастыру әрине, ол заманда жеңіл болған жоқ. Бірақ сол жолда Ахаң және Алаш арыстары аянбай күресе білді.

Мақалаға тұздық ретінде мына оқиғаны да мысалға келтіруге болады: «Қазақ» газетінің 1914 жылғы санында былай делініпті: «Газеттің 80-ші нөмір санында жаңа закон жобасы туралы жазылған бас мақала үшін Оренбург губерниясының бас начальнигі шығарушыға мың жарым сом штраф төлеу немесе үш ай абақтыға қамау жайлы үкім етеді. Шығарушы Ахмет Байтұрсынов газетаға мың жарым сом төлеу ауыр болатынын ойлап, үш ай қамауда отыруға риза болғаннан кейін 20 октябрьде кешкі сағат 10-да

полиция абақтыға отырғызды». Қазақтың қамын күйттеп, халықтың көзі мен құлағына айналған газетін сақтап қалу үшін қайран Ахаң қара халықтан жылу жинаудың орнына өзі барып түрмеге түскен екен. Мұндай ерлік екінің бірінің қолынан келмейді. Елін сүйген, жұртына жаны ашыған азамат қана осындай көзсіз қадамға барады.

Ахмет Байтұрсынов өз дәуірінде «Адамға ең қымбат нәрсе - жұрт қамы, жұрт ісі», деген екен. Жұртының қамын жеп, көкейіндегі сөзін айта білген халқымыздың рухани көсемі жайлы қалам тербеу үшін қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар алаштанушы ғалымдардың ғылыми еңбектерін және Ахмет Байтұрсыновтың өлеңдерін, «Қазақ» газетінде жарияланған мақалаларын біраз парактауға тура келді. Соңғы демі таусылғанша ұлтына қызмет етуден бас тартпаған оның қайтпас қайсарлығы, халқына адалдығы қатты таңғалдырды. Жоғарыда айтып өткеніміздей, закон жобасына көзқарасын жазғаны үшін айыпталғаны одан кейінгі көрген азапты күндерінің жанында түкке де тұрмайды.

Әрбір аузынан шыққан сөзі, газет бетіндегі материалдары, өлеңдері, шығармалары, ғылыми еңбектері патша үкемітінің қатаң сүзгісінен өтіп отырды. Бірақ сонда да ұлтының болашағына алаңдап, оның сөзін сөйлеуден тайсалған жоқ. Бұған «Білім жарысы» атты мақаласы дәлел. Материалда ұлт ұстазы былай деп жазады: «Біздің қазақ байларында Европа байларындай мол байлық жоқ, аз байлықпен халінше жомарттық қылатын байлар қазақта аз, жоқтың қасында. Біреудің малы көп болса да, саңылауы жоқ болады. Жұрт ісіне жаны ашып, жұрт намысына қаны қызатын қазақта адамдар аз болады. Себебі, жұрт жұмысы деген қазақтың әдетінде болған емес. Өзге жұрттан оңаша жүріп, қазақ басқа халықтармен бәсекелесіп, жарысқа түскен жоқ. Сондықтан жұрт жұмысы, ұлт намысы деген сөз қазақтың көбіне түсініксіз нәрсе. От басына келерлік бәле болмаса, жұрт басына келерлік бәлені ойлап уайымдамайды. Қуанышы, қайғысы от басынан аспайды. Ұлт намысы дегенді қазақтың көбі екі ауылдың, екі таптың я екі рудың намысы деп ұғады. Басқадан кемшілік көрсе, намыстанбайды кектемейді, бір- бірінен кемшілік көрсе, кегін жібермейді. Ауылын шауып, адамдарын сабаса, жауын мұқатып, мақсатына жетіп болғаны. Халықтың көбі сондай болған соң, сол көптің ішіндегі байлар қайда барсын? Сондықтан қазақ байлары білім бәйгесіне ақшасын Европа байларындай басы бүтін бере алмайды. Европаша істе деп айтуға ауымыз бара алмайды». [366]

Қазақ халқын білімнің нұры ғана бақытқа жеткізеді деп түсінген Алаш ардақтысының оқу оқып, сауат ашуға үндейтін мақалалары газет беттерінде үздіксіз жарияланды. Бір қызығы, бұл мәселе бүгінгі күні өзектілігін жойған жоқ. Қазақ жастары той емес, ой қуып, білім көкжиегін кеңейткенде ғана дамыған елдердің қатарына қадам басамыз. Ал сөз қуған ұлттың орта жолда қалатыны айтпаса да түсінікті. Сондықтан бүгінгі қоғамда әлеуметтік желіде бос сөзді сапырып, уақытын зая кетіріп жатқан жастарға Ахмет Байтұрсынұлы секілді жол көрсетер, соңынан ертер азамат қажет боп тұр.

Ұлт ұстазының өмірі мен қызметін зерделеген тұста оның Абай Құнанбайұлы жайлы жазған мақаласы көзімізге оттай басылды. Қазақ»

газетінің бірнеше санында жарық көрген «Қазақтың бас ақыны» атты көлемді материалында Ахаң: «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек! Абайды қолымыздан келгенше жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетаға басып, көпке көрсетпекшіміз» дейді. Хакімнің өлеңдерін, қарасөздерін қазақ жұртына насихаттау арқылы ол қалың көпшілікті еңбекке, мәдениетке шақырғысы келгені анық. Қалың ұйқыдағы қазақты оятудың барлық мүмкіндігін Ахаң пайдалануға тырысты. Абай тақырыбына қалам тербеуінің осындай өзіндік сыры бар еді.

Азаттық үшін басын бәйгеге тіккен асыл азамат сол тұста ұлтты бодандықтан құтқаруға көзі ашық, көкірегі ояу мұғалімдер қауымы ғана көмектесе алатынын түсінді. Сондықтан ұстаздарға үлкен үміт артты.

«Мектептің жаны - мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі хәм сондай болмақшы, Яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі, мектепке керегі - білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы хәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді хәм құрал қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Істің толық жақсы болуына, құралдар сайлы хәм жақсы болуы шарт. Үшінші, мектепке керегі - белгілеген программа». [296] Иә, Ахмет Байтұрсынұлы мәселені дөп басқан. Мұғалім мектеп бағдарламасына сүйенеді, ал программа мінсіз болса ғана білім беру жүйесі алға озады. Бұл – қазіргі таңда да қатаң ескеретін мәселе.

Ұлтына абыроймен қызмет еткен Алаш перзентіне 1937 жылы «Халық жауы» деген жалған жала жабылып, атылып кетті. Әр қазақ менің жалғызым деп ғұмыр кешкен Ахмет Байтұрсынұлы секілді ардақты әрі асыл ұлдар ұлтты сүюдің нағыз өнегесін кейінгі ұрпаққа насихаттап кетті. Ендеше, осы жолдан айнымасақ, қазақ жұртының ертеңі сәулелі, ғибратты боларына сенім мол. Сондықтан Ахаң секілді ұлт көсемдерін және олардың еңбектерін жас ұрпаққа насихаттауымыз қажет. Бұл жолда әлі де болса көп тер төгуді қажет ететін үлкен жұмыс күтіп тұр.

Пайдаланылған әдебиет:

Кеңес Нұрпейісов, «Алаштұлғалы», 2010 жыл.

Бекен Қайратұлы, «Елді сүюдің үлгісі», 2.03.2022 жыл, <https://egemen.kz>

В. К. Күзембаева, Орталық ғылыми кітапхана, «Ұлттың ұлы ұстазы» Алматы, 2001жыл, [296]

А. Байтұрсынов, «Білім жарысы», Бастауыш мектеп, 1998 ж. №10. [366]

II БАҒЫТ: АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ ТІЛТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘЛІПЕСІ

Бекбулатова Гульжан Бауржановна
СҚО, Уалиханов ауданы
«Телжан орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі
gulzhan_bekbulatova@bk.ru

Ахмет Байтұрсынұлы - ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, ұлттық жазудың реформаторы, қоғам қайраткері. Өз кезеңінде «Қазақтың Ахаңы» деген мәртебелі атқа ие болған біртуар тұлға кеңестік Қызыл империяның «солақай саясатының» кесірінен адам қолынан құрбан болғандығы бүгінгі ұрпаққа белгілі.

Қазақ тілін оқыту мәселелеріне айрықша мән берген, оқулықтар жазған, өзіндік пікірлер айтқан тілші-ғалым А.Байтұрсынұлының ұлт тілін оқыту әдістемесінің негізін қалауда көптеген мақалалары, оқулықтары, бағдарламалары жарық көрді. Ғалымның «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл-құралы», қазақ тілінде сауат ашатын «Әліппе» сияқты оқулықтарын жазудағы мақсаты қазақ тілін танытатын мектеп оқулықтарын жазу болды. А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы», «Әліппе» оқулығында тілдің дамуына ерекше мән бере отырып, оқытудың тиімді жолдарының бірі-әріптерді, яғни әліпбиді дұрыс үйрету, дыбыстарды сауатты оқу, жазу екенін көрсетеді.

Ахмет Байтұрсынұлының ұлтына сіңірген ұланғайыр еңбегі әр саладан көрінеді. Мәселен, ол – ең бірінші, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп күш жұмсаған ағартушы, ең алғашқы «Әліппе» оқулығының авторы, екіншіден, қазақтың әлеуметтік өмірінің барлық саласына назар аударған ірі публицист, қоғам қайраткері, үшіншіден, өнер иесі – ақын, қазақтың тілін ғана емес, әдебиетін де зерттеген ғалым және халықтың тез сауаттанып хат тануы үшін араб жазуын реформалап, ұлттық деңгейге көтерген бірегей тұлға.

Адамзат мәдениеті тарихында алфавит пен жазудың маңызы ерекше. Жазу – адамдардың кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай, әлеуметтік өмірдің барлық саласында кең түрде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрал. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс ретінде жазу - өткен мен бүгінгіні, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Еліміздің бүгінгі жеткен биігіне шығуы жолында жазу мәдениетіміздің де өз үлесін қосқанын жоққа шығармаймыз. Себебі жазу – мәдениеттің ажырамас бір бөлшегі.

Жазу тарихында қазақ тілінің әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткен. Бірнеше ғасыр бойы қазақ халқы араб графикасына негізделген әліпби жүйесін пайдаланып келгені мәлім. 1929-40 жылдары аралығында латын графикасына негізделген әліпби жазу жүйесіне енгізіліп, 1940 жылдан бері кирил әліпбиі қолданылып келеді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазып шыққан. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Араб таңбаларын қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды - жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі "қазақ жазуы" деп, өзгелер "Байтұрсынов жазуы" деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазды. Сөйтіп, оқу-ағарту идеясына сол кездегі интелегенция жаппай мойын бұрды.

М.Дулатұлы Ахаңның «әліпби жасау шеберлігін» былайша бағалайды: «Араб әріптерінің өзгеріп отырғаны рас. Бірақ қалай өзгертілген әңгіме сонда болу керек қой. Араб әріптерінің 14 ғана бұрынғыша болса, өзге ойдан шыққандары жұртқа жат болу керек қой. Ойдан шығарылған әріптерді жұртқа үйретіп, оқытып жату керек еді ғой. Ондай нәрсе болды ма? Болған жоқ, ендеше бұны өзгертушінің шеберлігі деп біліңдер. Бұларды өзгерткенде әр әріптің бұрынғы тұлғасын жоймай, өзгерткенін сездірмей, хат танитын адам бөгелместен оқып кетерлік қылып өзгерткен».

А.Байтұрсынұлының баяндамасында: «Әліп-би деген-асылына адам арқылы жетпейтін нәрсе емес. Әліп-биде бірден мәдениет түрінің төбе басына шығарып жіберетін адам білместей айрықша қасиет те, жасырын сыр да болмасқа тиіс.

Әліп-би деген тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа оңай болса, соғұрлым әліп-би жақсы болмақшы.

Олай болса, әліп-би сыңға түсіп жақсы-жаман жағы тексерілуге әбден келетін нәрсе болып шығады» деп айтқан.

1911-1912 жылдары Уфа мен Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі "Оқу құралы" деген атпен 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым "Әліп-бидің" жаңа түрін жазды.

Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиінің кестесін ұсынамын.

№	1912	1927	Латынша	Кириллше	Айтылуы
1.	ا	آ	A	а	а
2.	آ	آ	Ә	ә	ә
3.	ب	ب	B	б	бы/бі
4.	پ	پ	P	п	пы/пі
5.	ت	ت	T	т	ты/ті
6.	ج	ج	C	ж	жы/жі
7.	د	د	D	д	ды/ді
8.	ر	ر	R	р	ыр/ір
9.	ز	ز	Z	з	ыз/із, зы/зі
10.	س	س	S	с	сы/сі
11.	ش	ش	Sh	ш	шы/ші
12.	ق	ق	Q	қ	ғы
13.	ك	ك	K	к	кы
14.	گ	گ	G	г	гі
15.	ن	ن	N	н	ны/ні
16.	ل	ل	L	л	лы/лі
17.	م	م	M	м	мы/мі
18.	ن	ن	N	н	ны/ні
19.	و	و	O	о	о
20.	و	و	O	о	о
21.	و	و	O	о	о
22.	و	و	u	у	у
23.	و	و	u, w	у, у	у, у
24.	ه	ه	E	е	е
25.	ي	ي	Ы	ы	ы
26.	ي	ي	J	й	й
27.	ي	ي	U	и	и
28.	ي	ي	E	е	ие
	ء	ء			дәйекше

Сонымен реформатор-ғалым әліпбидің ғылыми сипаттамасын: «Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазу белгілері (харіфлері). Қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты

дауысты» деп жіктеп жүйелейді. Дауысты дыбыстар: ۱(а), ۲(о), ۳(у), ۴(ы), ۵(е). Дауыссыз дыбыстар: ۶(б), ۷(п), ۸(т), ۹(ж), ۱۰(ш), ۱۱(д), ۱۲(р), ۱۳(з), ۱۴(с), ۱۵(ғ), ۱۶(к), ۱۷(қ), ۱۸(г), ۱۹(ң), ۲۰(л), ۲۱(м), ۲۲(н). Жарты дауысты дыбыстар: ۲۳(у)±, ۲۴(й)±. Бұл дыбыстардың ішінде қ және ғ дәйім жуан айтылады, г, к, һәм е дәйім жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстың һәрқайсысы екі түрлі айтылады: бірде жуан айтылады, бірде жіңішке. Егерде«...бұл 19 дыбыстың жуан айтылғанына бір хари́ф, жіңішке айтылғанына бір хари́ф керек десек, мысалы: «س، ت»сықылды, онда 19 дыбысқа 38 хари́ф керек болар еді, бұған дәйім жуан айтылатұғын ق менен غ-ларды, дәйім жіңішке айтылатұғын«ك، گ»һәмхари́птерді қосқанда, һәммасына 43 хари́фкерекболареді» деп жазған алғашқы ана тілінің жүйесін салушы. Міне, осы қазақ тілінің табиғатына қарай оның дыбысталу жүйесін басшылыққа алған Байтұрсынұлы пайымын кейбір жазушылар «42 әріпті түзген» деп бұра тартып жарнамалап жүр.

А.Байтұрсынов құрастырған әліпбидің бір артықшылығы ретінде тіліміздегі барлық дыбыстар жеке-жеке әріптермен таңбаланған айтуға болады. Ұлт әліпбиін негіздегенде, алдымен, оның дыбыс өлшемін, яғни қазақтың сөйлеу мақамындағы дыбыс санын анықтаған.

А.Байтұрсынұлы әліпбиді енгізуде кедергілер мен қиындықтарға кездесті. Осы кедергілер мен қиындықтарды жоюдың ең басты тәсілі – араб жазуын қазақ тілінің заңдылығына сәйкес реформалау деп білді. Реформалаған қазақ графикасы дүниеге келіп, 1924 жылы Орынборда өткен қырғыз-қазақ білімпаздарының тұңғыш құрылтайы оны ресми түрде қабылдады. Бұл әліпбиді халық «Байтұрсынов алфавиті», «Байтұрсыновтың төте жазуы» деп атаса, сол кездегі орыстың белгілі ғалымдары, профессорлар Е.Д.Поливанов пен Н.Ф.Яковлев өте жоғары бағалады. Н.Ф.Яковлев өз сөзінде жақсы алфавит бірнеше ғылыми талаптарға жауап бере алатын болуы керек. Ол талаптардың негізгілері мыналар: 1. Алфавитте әріптер саны тілдегі сөз мағынасын ауыстыра алатын дыбыстар /фонемалар/ санына тең болуы керек; 2. Алфавитте әріптер саны өте көп болмау керек т.б. Осы негізгі екі қасиет қазақтың сингармониялық алфавитіне тән. Ал сингармониялық алфавит пен сингармониялық орфографияға қосымша таңба – дәйекшінің ендірілуі үлкен ғылыми жаңалық болды дейді. Кезінде профессор Қ.Жұбанов та осы араб графикасына негізделген жазуға қарсы айтылып жүрген пікірлердің негізсіздігін айтып, осы жазудың авторы А.Байтұрсыновтың еңбегін жоғары бағалаған еді. Е.Д.Поливанов бұл жазуды «Байтұрсыновский алфавит» дей отырып, «...енді түзетуді қажет етпейтін, тарихи тұрғыдан алғанда кемелденген, жетілген ұлттық графика» деп ғылыми тұрғыда жоғары бағалады.

Жаңа әліпби таңбасының қазақ ұлтын сауаттандырудағы рөлі қандай болмақ? Осы мәселе төңірегінде кеңес үкіметі тұсындағы зиялылардың көзқарастары мен пікірлеріне үңілсек. Ұлттық тіл ғылымы саласындағы лингвист-ғалым Құдайберген Жұбанов Ахмет Байтұрсынұлының әліпби түзетудегі жетістіктерін өте жоғары бағалаған. Кім көрінгенге әліпбиді, тілді таптатпауға бар күш-жігерін жұмсаған. Мысалы: «...возрежение не выдерживают критики, потому что всякие культурное и иное достижение,

оставленное нам нашими врагами – это наше законное наследие (...) Отказываться от подобного наследия так же глупо (...) мы не откажемся ни от чего, что составляет лучшее творениях предыдущей истории, если оно в наших руках может быть полезно для нас» деген айшығынан қазақтың қай-қай оқығандарының, оның ішінде қалам ұстап, қазақ намысын жыртқан әрбір еңбектің қадір-қасиетін біліп қана қоймай, «заңды мұра» деп таныған және ұрпаққа тәрбиесіндегі қажетті құрал санағанын көреміз.

Біздің бүгінгі жетілген қазақ тіліндегі 40 әріптің түп негізі А.Байтұрсынұлы емлесі негізінде жасалғанын ескере бермейміз. Сонау қиын қыстау кезінде, қазақ зиялылары елінің, жерінің мақсатына бағытталған игі істерді қашанда бағалағанын және мүмкіндігінше сақтап қалуға өз басын өлімге тіге отырып, батыл шешімдерге бір «тәуекел» арқылы барғанын -олардың артында қалған мұралары айғақтайды. Олар айтқан өзекті ойлар -бүгінгі тіл танымындағы құнды ойлар болып қала берері де хақ. Өйткені, ғасырдан ғасырға заман алға озған сайын заманауи саясаттың жетегінде кетпей, ұлттық болмыстың бірден бір белгісі – әліпбиді қаймағы бұзылмаған күйде сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуді – ұлттық мүдде деп түсінген жөн.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының тәуелсіздігін бүгінгі таңда бүкіл дүниежүзі танып, мойындап отырған тұста қазақ әліпбиін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы ұлттық білім берудің негізгі ұстанымдары мен тұжырымдарын әлемдік дәрежеде қарастырған мақаларын қалдырды. Ол ұлтына, қазақ халықына қызмет етті. Бұл туралы Сәкен Сейфуллин кезінде былай деген болатын: «...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды. Халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті». Ол шын мәнінде ұлт ұстазы, халқымыздың рухани көсемі бола білді. Ол кісі данышпандығы мен ұлылығын өз кезінде-ақ мойындатқан. Ақаң сөздерінің жаңғырығы бүгінгі ұрпақтарын да бейтарап қалдырмады.

Ахмет Байтұрсынұлы-қазақ ұлтының әлеуметтік өмірі мен мәдениеті, ғылымы мен білімі жолында аянбай адал еңбек еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, қайталанбас зор тұлға.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол.-Алматы: Жалын, 1991.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы-Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- Алматы: Ғылым, 1999.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ - ҚАЗАҚ ТІЛТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

Сәулетұлы Сәби

Саран қаласы «№17 мектеп-гимназиясы» КММ

Халықты ағарту баладан, мектептен бастау алады. Ең алғаш қазақ тілінде әліппе кітабын жинақтаған Ахмет еді. Қазақ балалары көзі ашық, сауатты азамат болып шығуға септігін тигізген. Қазақ тіліндегі әліп-би осы сөздердің бәріне дәлел. Тек қана кітап жазумен тоқтамаған Ахмет, орыстың белгілі жазушыларының белгілі жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аударып, өзінің халыққа, шамшырақ екенін дәлелдеп өткен. Халықтың білімді болуына, сауатын ашуға көп көмек көрсеткен. Бұрынғы қарапайым қара сөздерді жаңғыртып, халық санасына қалыптастыру басты мақсаттарының бірі. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздермен жеткізе білген. Өлеңдеріндегі сөздердің өзі адам көңіліне талпыныс, алға қарай жол бастап, көш артында қалып қоймауға себепші болған. Қазақ тілін болашақ ұрпақтарға дамыта түскен қалпында, басқа тілдерден биігірек ұстап, тазалығын сақтауға демеу болды. Қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танудағы қызметі қазіргі мектептерде қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Ахмет қалыптастырған әдеби-теориялық терминдер осы күнге дейін өмірін жалғастыруда. Бұның бәрін әдебиетші Ахметтің қымбат, алтын, гауһардай асыл сөздері мен тәлім-тәрбиеге толы, адамдық қасиеттерді сипаттап жазған өлеңдері бәрі- бәрі болашақ ұрпаққа келешегіне керек, нұсқау болатын түзу жол емес пе?! Қазақ тілін әсем сөздермен әшекейлей білген Ахмет өз еңбектерімен басқа да елдерге танымал бола білді. Өзі де басқа халық ақындары мен жазушыларының жақсы деген өлеңдері мен мысалдарын өз ана тілімізге аударып кетті. Артына өшпес із қалдырды.

Ахмет қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымының ағартушысы. Ахметтің мұрағаты жаңа уақыт, жаңа заманға, халқына қызмет етуде. Ахметтің ілімдері - әлі зерттелетін үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсыновтың ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі - қазіргі жаңа заманға өте керек.

Қазақ тіл білімінің НЕГІЗІН қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына 1896 жылдары көңіл бөле бастады. 1905 жылдары Ресей «Кіндік үкіметіне» жазылған петициядан, редакторы болып «Қазақ» газетін шығарып, оның бетінде мәселелер көтеруінен, қазақ балаларын ана тілінде сауаттандырып, әрі ана тілінде оқыту үшін жүргізген күресінен, ең соңғысы сол ана тілінде оқытатын оқулықтар жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интелегенциясы өкілдерін баулуынан танылады.

Ахмет Байтұрсынұлын үстіміздегі ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы қазақ қауымы көшінің рухани басшысы етіп танытқан – оның қазақ халқын «іргелі жұрт» қатарына қосу үшін жүргізген күресі және сол күресте ұстанған бір қаруы - ағартушылық идеясы болды.

Оқу-ағарту идеясы – Ахмет Байтұрсынұлының әлеуметтік қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі. Бұл платформаны мықтап ұстауға итермелеген- оның туған халқының тағдырын ойлаған қам- қарекеті. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы

жатқан отар ел болатын. Халқы үшін сол кезде бебеу қаққан ойшылдардың көзімен көріп, сөзімен айтқанда, бұл тұстағы қазақ халқы «көгі қараңғы, көңілі ұйқылы, еспесі жоқ қайығы қалтылдақ, малы талауда, жаны қамауда» болған «қайран ел, қайран жұрт» еді. Қазақ халқын әлеуметтік теңдікке, азаматтық мәдениетке жеткізетін, амал- әрекеттің бастысы «түгел қазақты» сауатты етіп, көзін ашу, «наландық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң, олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты».

Халықты ағарту мектептен, баладан басталады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының әйтеуір көзі ашылып, сауатты болуын, ғана емес, тек ана тілінде сауаттануын, содан соң барып өзге ұлт мәдениетіне, тіліне қол созуды принципті талап етті. 1913 жылдың өзінде ол «Қазақ» газеті мінбесін пайдаланып, қазақ қоғамына оқу- білімнің қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәлелдейді. Ахмет бұдан 80 жылдай бұрын байқап- түйгендері, айтқан пікірлері дәл бүгінгі күні айтылып жатқан мәселелерімізбен үндес келеді. «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, сол шикізатынан жасалған өнімді екі- үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл надандықтан келген кемшілік» деп жазды «Қазақ» газетінде. Надандық деп отырғаны - халқының білім- ғылымнан қалыс келе жатқандығы. Қалыс қалуға үлкен себеп - қазақ жерінде мектептер аз, сол аз мектептердің өзінде мұғалімдер жетіспейді, ұлт кадрларын даярлайтын орындар жоқ дейді. Демек, қазақ халқы қараңғы дегенде, кінә халықта емес, сол қараңғылықтан қытқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында екендігін «алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе!» деп бейнелі түрдегі тілмен білдіреді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды- жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу- ағарту идеясына сол кезіндегі интеллигенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін

оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды.

«Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша.

Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі - ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенің олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

Ахмет Байтұрсынұлының 1928 жылы Қызылордада жарық көрген екі бөлімнен тұратын екі кітапты «Тіл жұмсар» деген еңбегі белгілі.

Ол методика саласында 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жинаған. Жазу таңбаларын үйрету амалдарын түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы 1912 жылы жарық көрген. Жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын «Әліп-би астары» атты методикалық еңбегінде тағы көрсетеді. 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында қазақ тілі методикасына арналған бірнеше мақала жариялайды.

Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» дүниеге келген, екінші-сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, бұл үшін «Тіл құралды» жазған.

Ахметтің қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (синтаксис) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. «Ахметтің Октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі секілді орында оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды»-, деп жазды Сәбит Мұқанов, 1929 жылы 5 мамырда Ахмет Байтұрсыновтың өз қолымен жасап берген газет және

журналдарда жарияланғаннан басқа ғылыми, ғылыми-методикалық, еңбектердің тізімі» деген құжат ҚазПУ архивінде сақталған.

Ғалым бұрын айтқан пікірін тағы келтіріп, үдетіп беру машығынан таймайды. Ахмет Байтұрсыновтың азамат, қайраткер ретінде қалыптасуына зор ықпал еткен XX ғасырдың о жақ, бұ жағындағы қоғам дамуы мен оның қайшылықтары, ұлт аймақтарындағы езгінің күшеюі, сол уақыттағы қазақ халқының тағдыры жөнінде ой қорытудан бастады.

Байтұрсынұлы қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына 1896 жылдары көңіл бөле бастады. 1905 жылдары Ресей «Кіндік үкіметіне» жазылған петициядан, редакторы болып «Қазақ» газетін шығарып, оның бетінде мәселелер көтеруінен, қазақ балаларын ана тілінде сауаттандырып, әрі ана тілінде оқыту үшін жүргізген күресінен, ең соңғысы сол ана тілінде оқытатын оқулықтар жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интеллегенциясы өкілдерін баулуынан танылады. Ахмет Байтұрсыновтың қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (грамматика) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. “Ахметтің октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды”, — деп жазды Сәбит Мұқанов. Ғаббас Тоқжанов пікірі де осымен сабақтас. “Бір кезде сары маса боп ызындап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілері де қадірлей біледі, сөзін оқып сүйсінеді”. Өз қолымен жазған “Өмірбаянында” (1929, 8 наурыз) Ахмет Байтұрсынов былай дейді: “Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен; екіншіден, қазақ алфавитін (шрифтін емес), орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен; үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен; ақыры, ең соңында, төртіншіден, проза (іс-қағаз, публицистика, ғылыми жазба тіл) тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздерінен термин жасау арқылы халықтың жады тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған оқулықтар және өзім редакциялаған “Қазақ” газеті арқылы іске асты”.

Бұл жолдарда ғалымның өмір бойы жасаған істері тиянақты, жүйелі түрде айтылған. “Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз жазу заманы – жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман...”, — деп жазды ол.

Бұдан кейін жазуға үйрету, хат таныту мәселелері сөз болады. Қазақ мектептеріндегі оқыту жайлы, олардың қиындықтарын таратып айта келіп, автор өзінің оқыту әдістерін ұсынады. Жалпы ғылыми мәні бар пікірлерді де айтып отырады. Мына тұжырымға көңіл бөліп, ой жүгіртіп көріңіз:

“Дүниедегі жұрттардың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбіршек тіл, 2) жалғамалы тіл, 3) қопармалы тіл. Түбіршек тіл түпкі қалыбынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен: қытай, жапон тілдері. Жалғамалы тіл сөздің аяғына жалғау қосылып өзгерілетін тіл, мәселен: түрік, финн тілдері. Қопармалы тіл сөз түбірімен қопарылып, өзгертілетін тіл, мәселен: орыс тілі, араб тілі” Дәл бүгін айтылғандай әсер қалдыратын бұл пікіріне таңданбасқа шара жоқ.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын, өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады.

«Тіл - құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Кезінде қазақ қауымы Байтұрсынұлы десе, Байтұрсынұлын «Тіл - құралды», «Тіл құралы» десе, Ахметті қазір – Ахаң деп танитын болған.

Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын графикасын жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» (Төте жазу) дүниеге келген, екінші – сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған бұл үшін «Тіл құралды» жазған.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ ТІЛТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

Усанова Самал Тиыштыбаевна

СҚО Акқайың ауданы

«Шағалалы орта мектебі» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

birganchik@mail.ru

Ахмет Байтұрсынұлы. өз дәуірінің ағысына қарсы тұра білген қайраткер тұлға. Қазақтың рухани көсемі болып, болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ой өрісін арқау еткен. Ахмет өткір,

адамның ойын нақ кесіп өткендей осып өтетін сөздерімен өлең арқылы сезіндіре білген. Қазақтың қазақ бола білуіне намыс қаны қызып, кеудесіндегі жанын да беруге дайын. Қарусыз-ақ сөзбен адамды жер қойнына тыға білді Ахмет қазақ елінің келешегін тәуелсіздікке жетелеген халықтың жетегіне жетелей білген дана жетекшісі. Халық үшін, халықтың мәдени-әлеуметтік болмысын көтеру үшін өмір сүрді.

Халықты ағарту баладан, мектептен бастай білді. Ең алғаш қазақ тілінде әліппе кітабын жинақтаған Ахмет болған. Қазақ балалары көзі ашық,білімді сауатты азамат болып шығуға жол көрсеткен. Қазақ тіліндегі әліп-би осы сөздердің бәріне дәлел екені бәрімізге мәлім. Тек қана кітап жазумен тоқтамаған Ахмет, оны іс жүзінде орыстың жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аударып, өзінің халыққа, шамшырақ екенін көз жеткізді. Бұрынғы қарапайым қара сөздерді жаңғыртып, халық санасына қалыптастыру басты арманының бірі. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұшқыр өткір сөздермен дәлелдей білген. Өлеңдеріндегі әр шумақтары тартымды сөздердің өзі адам көңіліне талпыныс, алға қарай жол бастап, көш артында қалып қоймауға себепші жол ашты. Қазақ тілін болашақ ұрпақтарға дамыта түскен қалпында, басқа тілдерден биігірек ұстап, тазалығын сақтауға тірек болды. Дәлел ретінде қазақ тілінің табиғатын, құрылымын білуде жасалу жолы мен қызметі қазіргі мектептерде қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Ахмет қалыптастырған әдеби-теориялық терминдер бүгінгі күнге дейін өміріміздің жалғасы десекте болады. Бұның бәрін әдебиетші Ахметтің қымбат, алтын, гауһардай асыл сөздері мен тәлім- тәрбиеге толы, адамдық қасиеттерді сипаттап жазған өлеңдері бәрі- бәрі болашақ ұрпаққа келешегіне керек, жол нұсқау болатын түзу жол емес пе?! Қазақ тілін әсем сөздермен әшекейлей білген Ахмет өз еңбектерімен басқа да елдерді тамсана оқуға, өзін танымал бола білуге жол ашты. Дарынды тұлға басқа халық ақындары мен жазушыларының жақсы деген өлеңдері мен мысалдарын өз ана тілімізге аудару жұмыстарын атқарды.

Ахмет қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымының ағартушысы. Ахметтің мұрағаты жаңа уақыт, жаңа заманға, бүгінгі күні халқына қызмет жасауда. Ахметтің ілімдері — әлі зерттелетін үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсыновтың ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі — қазіргі жаңа заманда жалғасын табуда.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларын көңіл бөліп «Қазақ» газетін шығарып, оның бетінде мәселелер көтеруінен, қазақ балаларын ана тілінде сауаттандырып, әрі ана тілінде оқыту үшін жүргізген күресінен, ең соңғысы сол ана тілінде білім алатын оқулықтар жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интелегенциясы өкілдерін баулуы басты жұмысы болатын. Алла берген дарыны туған халқына деген сүйіспеншілікке толы, толассыз еңбекке толы қайсар да қаһарман ғалым. Ол — қара түн тұңғиығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр сәулесін, шуағын себуші данышпан ағартушы. Жастайынан өмір тәлкісін тарпылыс көріп өскен Ахметті өсірген де, ғылым мен мәдениеттегі қабырғасы қайыспай халық үшін еткен еңбегі, елі үшін еңсере жасаған қызметі. Халқының

мандайына біткен тұлғаның ана тіліне деген құдіреті мен құрметі жоғары болды. Ахмет Байтұрсынов – қазақ тілтану ғылымының атасы. Қазақ тіліндегі әліпби енгізуі осы сөздердің бәріне дәлел. Тек қана кітап жазумен тоқтамаған. ғалым қазақ тілі грамматикасына байланысты категориялардың әрқайсысына қазақша атауын ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы – Ахмет Байтұрсынұлы берген атаулары бәріне мәлім.

Ол – ұлттың ортақ қазынасы. «Мен қазақпын» дейтін осы елдің қай азаматы болса да, тіл мәселесінен хабардар болуына қалыс қалмауы керек. Ұлттың тағдыры тілге байланысты шешіледі. Халқымыздың ғасырлар бойғы асқақ арманы еркіндік екенін естен шығармай өз ана тіліміздің құдіретін жоғалтпай ат салысу ұрпақтық парызы. Жастардың білім алып, еркін сөйлеу, таза сөйлеу, ұлттық құндылығымызды сақтап, келешек ұрпаққа үлгілі, білімді азамат етіп өсіру бағытта тәрбиелеу, бағдар беру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі, жетекшіміздің бірден-бір алға қойған мақсаты болатын. «Тіл білімінің ірге тасын қалап оны осы «Тіл құралы», «Оқу құралы» кітаптарынан тарихымызды танып білгенде алатын орны ерекше.

Ахмет Байтұрсынұлының 1928 жылы Қызылордада жарық көрген екі бөлімнен тұратын екі кітапты «Тіл жұмсар» деген еңбегінде айқын көруге болады. Ол методика саласында 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жинағы жарық көрді. Жазу таңбаларын үйрету амалдарын түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы 1912 жылы, жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын «Әліп-би астары» атты методикалық еңбегінде тағы бір дәлел көрсетеді. 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында қазақ тілі методикасына арналған бірнеше мақала жариялайды. Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» дүниеге келген, екінші-сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, бұл үшін «Тіл құралды» жазуда әр еңбегі сатылап жалғасын тауып отырған.

«Ахметтің Октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сінді. Қазақ мектебі, қазақ тілі секілді орында оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды», – деп жазды Сәбит Мұқанов айтқандай, 1929 жылы 5 мамырда Ахмет Байтұрсыновтың өз қолымен жасап берген газет және журналдарда жарияланғаннан басқа ғылыми, ғылыми-методикалық, еңбектердің тізімі» деген құжат ҚазПУ архивінде күні бүгінге дейін сақталған.

Өз қолымен жазған «Өмірбаянында» (1929, 8 наурыз) Ахмет Байтұрсынов былай дейді: «Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен; екіншіден, қазақ алфавитін (шрифтін емес), орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен; үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен; ақыры, ең соңында, төртіншіден, проза (іс-қағаз, публицистика, ғылыми жазба тіл) тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздерінен термин жасау арқылы халықтың жады тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған оқулықтар және өзім редакциялаған «Қазақ» газеті арқылы іске асты».

«Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры да соры жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер екені айдан анық, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмасы анық екені бәрімізге айдан анық. Біздің заманымыз жазу заманы – жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман...», – деп жазды ол.

Еңбегінің жемісі 24 таңбадан тұратын, өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп аталып қазақтың ұлттық графикасы бой көтерді, жалғасын осы жазуды үйрететін әліппе жазады.

«Тіл — құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың алды болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны зор. Кезінде қазақ қауымы Байтұрсынұлы десе, Байтұрсынұлын «Тіл — құралды», «Тіл құралы» десе, Ахметті қазір – Ахаң деп танитын болған.

Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарламабойынша қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын графикасын жасауды мақсат етсе, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» (Төте жазу) жарық көрді, екінші – сол жазумен сауат аштыруды ойлады, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын көздеп, сол үшін «Тіл құралды» қолға алған.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ТІЛТАНУ ҒЫЛЫМЫ

Аубакирова Анар Сериковна, Жақанова Гүлжан Шамилевна

СҚО Петропавл қаласы

«ЛОРД дарынды балалар үшін мамандандырылған
облыстық мектеп-лицей-интернаты» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-зерттеуші

Ұлы ағартушы демократтар Ы.Алтынсарин мен А. Құнанбаевтың көздерін көрмесе де, ұлағатты сөздері мен шығармаларын сусындап, олардың ұстаздық ісін, ақындығы мен аудармашылығын XX ғасырдың басында азаматтық жүрегімен қабылдап алып, жемісті жалғастырған қазақ халқының аяулы ұлдарының бірі Ахмет Байтұрсынұлы сан қырлы талант иесі. Ақын, аудармашы, педагог, публицист, ғалым Ахмет Байтұрсынұлының есімі мен еңбектері төңкеріске дейінгі кезеңде – ақ қалың ел, дүйім көпшілікке кеңінен мәшһүр болатын.

Ахмет Байтұрсынов демократтық – ағартушылық қызметі өзінің азаматтық борышы және ұстаған жолының негізі деп санаған. Ол білім – ғылымнан кенже қалған, малын бағып, марғау жатқан қазақ халқын сол қараңғылықтан маса болып ызындап оятып шығуды өмірінің мақсаты етіп қояды.

Ахмет Байтұрсынов 13-14 жыл бойы бала оқытумен шұғылданады. Оқытушы қызметін атқара жүріп, сол оқыту ісіне қажетті жағдайларды қарастырады. Ең алдымен қазақ балаларының сауатын қазақша ашатын ұлттық жазу таңбалары барма, екіншіден, оқыту жүйесі жолға қойылған үкімет тарапынан ашылған мектептер барма, үшіншіден, ондай графикасы мен мектебі болған күнде қазақ тіліндегі әліппе кітабы мен оқулықтар бар ма- міне, осыларға назар аударады. Әрине, осылардың бірде – біреуінің жоқ екенін біледі және осыларды дүниеге келтірмейінше, жүзеге асырмайынша қазақ даласындағы оқу- ағарту ісін дұрыс жүргізу мүмкін емес екенін біледі.

Ахмет Байтұрсынов 1910 жылдан бастап қазақ графикасымен айналыса бастайды. Сол күнге дейін өзге түркі халықтары сияқты, қазақтар да пайдаланып отырған араб таңбалары таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы емес екендігін біліп, оны қазақтың ұлттық жазуына икемдеп, қайта түзеуді қолға алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарды қосады, қазақ тілінің жуанды – жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу- ағарту идеясына сол кездегі интелегенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашады, ол әрекетті Әліппе құралдарын жазудан мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі оқу құралы деген атпен 1912-1917 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды.

«Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының,

іргетасы болып қаланды. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі - ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенін олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

Ахмет Байтұрсынұлының 1928 жылы Қызылордада жарық көрген екі бөлімнен тұратын екі кітапты «Тіл жұмсар» деген еңбегі белгілі.

Ол методика саласында 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жинаған. Жазу таңбаларын үйрету амалдарын түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы 1912 жылы жарық көрген. Жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын «Әліп-би астары» атты методикалық еңбегінде тағы көрсетеді. 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында қазақ тілі методикасына арналған бірнеше мақала жариялайды.

Өз қолымен жазған “Өмірбаянында” (1929, 8 наурыз) Ахмет Байтұрсынов былай дейді: “Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен; екіншіден, қазақ алфавитін (шрифтін емес), орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен; үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен; ақыры, ең соңында, төртіншіден, проза (іс-қағаз, публицистика, ғылыми жазба тіл) тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздерінен термин жасау арқылы халықтың жады тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұл жолдарда ғалымның өмір бойы жасаған істері тиянақты, жүйелі түрде айтылған. “Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз жазу заманы – жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман...”, – деп жазды ол.

Бұдан кейін жазуға үйрету, хат таныту мәселелері сөз болады. Қазақ мектептеріндегі оқыту жайлы, олардың қиындықтарын таратып айта келіп, автор өзінің оқыту әдістерін ұсынады. Жалпы ғылыми мәні бар пікірлерді де айтып отырады. Мына тұжырымға көңіл бөліп, ой жүгіртіп көріңіз:

“Дүниедегі жұрттардың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбіршек тіл, 2) жалғамалы тіл, 3) қопармалы тіл. Түбіршек тіл түпкі қалыбынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен: қытай, жапон тілдері. Жалғамалы тіл сөздің аяғына жалғау қосылып өзгерілетін тіл, мәселен: түрік, финн тілдері. Қопармалы тіл сөз түбірімен қопарылып, өзгертілетін тіл, мәселен: орыс тілі, араб тілі” Дәл бүгін айтылғандай әсер қалдыратын бұл пікіріне таңданбасқа шара жоқ.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды

1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын, өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. «Тіл - құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын графикасын жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» (Төте жазу) дүниеге келген, екінші – сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған бұл үшін «Тіл құралды» жазған.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары.-Қарағанды: «TENGR Ltd», 2013.-382 б.
2. Нұрпейісұлы К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция. // Егемен Қазақстан. 1997 ж. 5 желтоқсан. –3-5 бб.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ ТІЛТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

Бектурова Аяужан Қуанышпаевна

СҚО Мамлютка қаласы

«№1 Мамлют мектеп-гимназиясы» КММ

қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі, педагог-зерттеуші,

aekazhanat@mail.ru

Қазақ тілінің тілтануын зерттеген ғалымдар көшінде, әрине, Ахмет Байтұрсынұлы тұр. Халықтың рухани көсемі ғана болып қоймай, қазақтың тілтану ғылымына да аса зор үлес қосқан ғалым. Сонау отызыншы жиырмамыншы ғасырдың басында-ақ А.Байтұрсынұлы халықтың тек біліммен ғана белшеден батқан батпақтан шығарып алуға болатынын

түсінген. Ол қазақтың қара домалақ балаларының ел қатарында болып, оқу оқуына көңіл бөлген.

А.Байтұрсынұлы мектепте ана тілінде оқыту қажеттігіне ерекше ден қойған. Мектепте ана тілінде оқыту үшін алдымен қазақша жазу таңбаларын, яғни, алфавитін жасап шыққан. Содан соң балаларға осы таңбаларды танытып, сауатын ашатын әліппеден бастап, сол тілді пән ретінде үйрететін 7 грамматика оқулықтарын жазу керек болды. 1912 жылы мектеп балаларын қазақша сауаттандыратын «Оқу құралын» жазғаннан кейін көп ұзамай мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған 1-бөлімі «Тіл – құрал» деген атпен алғаш рет 1914 жылы жарық көреді. Ол әрі қарай бірнеше рет басылған, 1927 жылғы Қызылордағы басылымы 7-нші деп көрсетілген. «Тіл – құралдың» қазақ тілінің морфологиясына арналған II бөлімі бұдан да бір жыл бұрын 1914 жылы баспадан шыққан, оның 1927 жылғы басылымы 6-ншы деп көрсетілген. Синтаксиске арналған III бөлімі де бірнеше басылым көрген. Оның 6-басылымы 1928 жылы Қызылорда-Ташкенттегі «Казгосиздаттан» шыққан. «Тіл – құрал» – қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс. Оның қазақ жұртшылығы үшін мүлде тың дүние екендігін автордың өзі де ескертеді. Оқулықтың «Сөз басы» деп аталатын алғы сөзінде: «Тіл – құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде осындай жат көрінер, өйткені бұл – қазақта бұрын-соңды болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң қалатын», –деп жазады [1].

Ағартушылық идеясын ұстанған Ахмет Байтұрсынұлының басты мақсаты – бодан халықтың санасын ояту, «қайран ел, қайран жұртының» жағдайын көтеру еді. Саясатқа құл болған өз халқының көзін ашуды бағыт-бағдары ретінде ұстанды.

«Тіл — құрал» үш жылға бөлінгенде, бірінші жылда оқытуға ұйғарғанымыз: Сөйлеу мен сөйлемді айыру, сөз бен сөздің буынын айыру,буын мен буындағы дыбысты айыру, қазақ тіліндегі дыбыстар һәм оларға арналған харіфтер; Қазақ сөзіне жазылатын харіфтер турасындағы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары. Бірінші жылда үйретуге осы жеткілікті болар; үйткені, «Тіл — құралдағы» заттар қазақша һәм арабша алифбалардағы харіфтерді балалар үйреніп болғаннан кейін үйретіледі. Балаларға көп үйретем деп, асығып шала-шарпы үйретуден, аз да болса, анықтап нық үйрету абзал. Әсіресе, бірінші жыл оқылатын «Тіл— құралы» тіл білімінің негіз болғандықтан нық үйретілерге керек [2].

Бұл кітаптың өзінде қазақ тілін оқытуға толықтай нұсқаулық беріліп тұр. Тілді үйренуде сөз, буын, сөйлем, дыбысты айыру, тән дыбыстарға көңіл бөлген. Тіпті мектепте де біз осы қағидаларды ұстанамыз. Шынымен де, тән дыбыстың айтылуын, жазылуын түсіндіріп алмай тілді үйретіп бастап кеткен дұрыс емес. Сондықтан да «Тіл-құралдың» бірінші бөлімі тек базалық қамтыған. Бұл кітаптың мен айтып кететін тағы бір ерекшелігі барлық тақырыпты қамтыған. Мысалға, «Буын және дыбыс» деп жеке тоқталған.

Бір буынның ішінде бірнеше дыбыс болады. Мәселен, не?» «же!» «мә!», «ат», «аш» деген сөздердің ішінде бір-бір буыннан бар. Мұндағы һәр буында екі-екі дыбыстан бар. «Н-е?» (бірінші дыбыс «н», екінші дыбыс «е»), «ж-е!» (бірінші дыбыс «ж», екінші дыбыс «е»), «м-ә!» (1-ші дыбыс «м», 2-нші дыбыс «ә»), «а-т» (1-інші дыбыс «а», 2-нші дыбыс «т»), «а-ш» (1-нші дыбыс «а», 2-нші дыбыс «ш»). Қап, бас, жел, күл, мес, сор, бай, жау деген сөздер бір буынды, бірақ бұлардың һәр буынында екіден емес, үш-үштен дыбыс бар: қ-а-п, б-а-с, ж-е-л, к-ү-л, м-е-с, с-о-р, б-а-й, ж-а-у. Бір дыбысты буындар да болады. Мәселен, а-ра, а-та, а-ғу, а-су, а-зу, а-сы деген сөздердің бірінші буындарында бір-бір дыбыстан, екінші буындарында екі-екі дыбыстан бар [2].

Тағы бір айтап кететін жайт, А.Байтұрсынұлы бұл кітапта кириллица әріптерімен қатар, араб әріптерін де келтірген. Бұл дегеніміз сол кездесі осы екі жазудың да қолдануынан болар. 1910 жылдан бастап 1928 жылға дейінгі аралықта әдістеме бойынша көптеген материалдары жарық көрген. Олардың ішінді «Баяншы», «Әліп-би астары» еңбектері де бар. А.Байтұрсынұлы қазақ тілін өз тілімізде алғаш зертеген ғалым. Зертеу барысы жүйелі болған. Алдымен жазу, оның ішінде араб алфавиті негізінде «Байтұрсынов жазуы» пайда болған, кейіннен осы жазумен сауат ашу мәселесін қолға алу жоспарланған. Ал жоғарыда айтылған «Тіл-құрал» қазақ тілінің грамматикалық құрылымын өз тілімізде талдау мақсатымен жарыққа шыққан.

Бұл «Тіл жұмсар» деп ат қойып отырған кітап ана тілін жоғарыда айтылған жаңа жолмен үйретуге ыңғайланып шығарылған. Мұндағы білім - «Тіл – құралдағы» білім, бірақ сол білімді мұнда үйрету жолы басқа. «Тіл – құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін түрлі бөлшектерін, тетіктерін ұсағын ұсағынша, ірісін ірісінше жүйелі тұрған орнында алып көрсетіп танытады. «Тіл жұмсар» сол үлкен құралдың бөлшектерінен, тетіктерінен балаға шағындап бөлек-бөлек ойыншық сияқты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмсату арқылы барып үлкен құралды танытады. Бұл айтылған «Тіл – құралдан» «Тіл жұмсардың» негізгі басқалығы, мұнан өзге де бала шамасына шағындағандықтан туған басқалықтар бар. Оларды мұнда түгендеудің қажеті жоқ, үйткені «Тіл жұмсармен» үйреткенде, әрқайсысы өзінің орны-орнында көрінбекші. Мұнда тек басты-бастыларын ғана көрсете өтсек болады [2]. Бұл 1928 жылы Қызылорда қаласында басылып шыққан «Тіл жұмсар» кітабынан үзінді. Егер де «Тіл-құрал» атап өткеніміздей базалық нәрселерді үйретсе, осы кітапта әдістеме жағы көбірек қозғалған. Бір қызығы бұнда теория ғана айтылып қоймай, тапсырмалар да беріледі. Әрине бұл тіл үйренушуге өте ыңғайлы. «Бекіштің әңгімесін» талдайық. Мәтіні: Ауыл қасында қала бар. Қалада базар бар. Базарда тауар сатылады. Ауыл базарға мал сатады. Бапам базарға бақырауық атаңды сатты. Бірғауым ақша алған. Ақшасына бірталай мата алды. Матадан апам мағаншапан тігіп береді. Бірақ тез арада бітпейді дейді. Ертең налог салуға бапам қалаға барады, маған жақсы кітап әкеп береді.

(«Әліп-би» 76-бет). Мәтіннің өзі сол кездегі халық ахуалы, елдегі саяси, әлеуметтік жағдайды көрсетеді.

Әріп пен дыбыс бір ме?

Қайсысы көрінеді, қайсысы естіледі.

Ұқсас дыбыстардың әріптері ұқсас бола ма?

1. Жұмыс.

Жоғарыдағы әріптерді түрлерінің ұқсастығына қарай сұрыптап, тап-табымен бөлек-бөлек жазыңдар. Нұсқа: б) б) ڧ) п) ت) т) ... (ұқсас емесін алмайсыңдар).

2. Жұмыс.

Әріптерді дыбыс жақындығына қарай сұрыптап, тап-табымен жазыңдар. Нұсқа: б) б) ڧ) п) ت) т) د) (Мұнда да дыбыс жақындығы жоқтары алынбайды) [2].

Байқасаңыз, материал берілген, содан соң жүйе-жүйемен сұрақтар мен тапсырмалар келтірген. Ғалым жай ғана теория ұсынбай, бірден әдістемені көрсеткен. Бұндай қазақ тілін оқытудағы құралдар, әрине, таптырмас қазына.

А.Байтұрсынов лингвистика мен білімнің дамуына айтарлықтай әсер етті. Оның қосқан үлесі: әліппе бойынша жұмыс істегені; араб графикасының принциптеріне негізделген әліпбиді ұсынғаны. "Айқын хат" жобасында қазақ орфоэпиясын ескере отырып, дауысты дыбыстардың дұрыс айтылуын дұрыс жеткізу үшін әр сөздің алдына белгі қою туралы ұсыныс айтылды. Қазақстанда бұл қағидат түркі тілдерін латындандыру басталған кезде яналифпен алмастырылды. Айта кетейік," жаңа орфографияны " Қытай, Ауғанстан, Иран сияқты елдердегі қазақтар әлі де қолданады. Отандастар ағартушыны ұлттың мұғалімі деп атайды және оны еске алады.

Қазақ деген қашаннан өз алдына ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға дейін тұтас тұрған халық еді. Арамызға әртүрлі жұрт кіріскенде солармен қатар, атымыз жоғалмай, қазақ ұлты болып тұра аламыз ба? Осы біздің төсекте дөңбекшітіп ұйқымызды бөлетін нәрсе. Басқа жұртпен араласқанда өз алдына ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде жазылған сөзі (әдебиеті) бар жұрттарға не тұрады. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазылған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл[2].

Қорыта айтқанда, қазақ тіл білімінің дамуында А.Байтұрсыновтың алатын орны ерекше. VIII ғасырдан бастап қазақ даласында исламның таралуына байланысты біртіндеп араб жазуы енгізілді. Араб алфавитінде қазақ тілінің барлық дыбыстарын дәл бейнелеу үшін қажетті көптеген әріптер жетіспегеніне қарамастан, қазақ хаты араб графикасы негізінде болды. А.Байтұрсынов қазақ тілінің табиғатын терең зерттеп, араб әліпбиін негізге ала отырып, жаңа қазақ әліпбиін жасады. Ол сол кезде қазақ тілінің дамуына жауап бермейтін, оның грамматикалық және фонетикалық құрылымын көрсетпейтін латын және, әсіресе, орыс әліпбиінің енгізілуіне қарсы болды. 1924 жылы "Тіл білімі" атты мәселелері туралы айтқан болатын. Ол өз халқына әліпби берді, қазақ тілінің фонетикасы, морфологиясы,

синтаксисінің негіздерін қалады, алғашқы оқулықтарды жазды. ҚР ҒА Тіл білімі институтына Ахмет Байтұрсыновтың есімі берілген. . Қазақстанда (Қостанай мен Шымкентте) А.Байтұрсыновтың ескерткіштері орнатылды, Алматыда мұражай ашылды, көшелер мен Қостанайдағы мемлекеттік университет оның есімімен аталды. Ахмет Байтұрсынов қоғам қайраткері және ғалым ретінде XX ғасырдың басындағы ұлттық жаңғыру толқынында дүниеге келген. Оның есімі Ыбырай Алтынсарин, Жамбыл Жабаев және Абай Құнанбаев сияқты ұлттық тарих жылнамасына енгізілген. Ол халыққа деген қатты сүйіспеншілігімен, батылдығы мен ерік — жігерімен ерекшеленді, бұл оның жолын-күрескердің жолын алдын-ала анықтады.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау. Халықар. ғыл.-теор. конф. материалдары / Жауапты редакциясын басқарған – Е.Қажыбек, Ж.Сейдуманов. – Алматы: Елтаным баспасы, 2017. – 396 бет.
2. Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл – құрал. Алматы, «Сардар» баспасы, 2009 - 348 бет.

ҰЛТТЫҚ ЖАЗУДЫҢ РЕФОРМАТОРЫ, ҚАЗАҚ ГРАФИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ ТҰЛҒА

Джуманова Светлана Аманжоловна

Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы

«№2 мектеп-гимназия» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-шебер

sveta_06.77@mail.ru

Қазақтың Ахаңы» деген мәртебелі атқа ие болған Ахмет Байтұрсынұлының ұлтына сіңірген ұланғайыр еңбегі әр саладан көрінеді. Мәселен, ол – ең бірінші, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп күш жұмсаған ағартушы, ең алғашқы «Әліппе» оқулығының авторы, екіншіден, қазақтың әлеуметтік өмірінің барлық саласына назар аударған ірі публицист, қоғам қайраткері, үшіншіден, өнер иесі – ақын, қазақтың тілін ғана емес, әдебиетін де зерттеген ғалым және халықтың тез сауаттанып хат тануы үшін араб жазуын реформалап, ұлттық деңгейге көтерген бірегей тұлға.

Ұзақ ғасырлар бойы қолданыста болған араб жазуының халықты тез әрі жаппай сауаттандыру жолында бірқатар кедергілері мен қиындықтары болды және араб әліпбиін пайдаланған күллі түркі халқы ортақ орфографиялық заңдылыққа бағынған болатын. Ал бұндай жазуды ұлттық деңгейге көтерудің ең басты тәсілі ретінде А.Байтұрсынұлы араб әліпбиін қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сәйкес реформалау деп білді, осылайша ұзақ ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан араб графикасына өзгеріс енгізу идеясын алғаш көтеріп, оны іс жүзінде реформалады. Араб жазуын реформалауға түрткі болған ең басты себептер мыналар еді: бір дыбыс

бірнеше әріптермен жазыла беретін, дауысты дыбыстар көп жағдайда таңбаланбай, араб тілінің заңдылығына сәйкес харакаттар арқылы берілетін, қазақ тіліндегі тоғыз дауыстыға үш таңба (а, у, и) ғана арналған болатын. Міне осымен байланысты жазылған сөздің мағынасын ажыратуда қиындықтар мен кедергілер көп еді және дауыстыларды таңбалайтын әріптер жеткіліксіз болатын. Араб әліпбиіндегі осындай кемшіліктер халықты сауаттандыру ісін тежеді. Ахмет Байтұрсынұлы оқу жүйесіне де түбегейлі реформа жасады. Өйткені соған дейінгі оқыту жүйесі таза араб тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне негізделіп, құран сүрелерін жаттауға бағытталатын және жазба тіл араб, парсы, түркі тілдерінің грамматикалық ерекшеліктеріне сүйенетін. А.Байтұрсынұлы жазуы дамымаған ұлттың артта қалатынын, оның қоғамдағы қажеттілігін және адам өміріндегі маңызын өзінің шығарған оқулықтарында үнемі ескертіп отырған. Қарапайым халықтың ұғынуына қиын тиетін бұл оқыту жүйесін ұлттық, жалпыхалықтық деңгейге көтеріп, «жаңа (жәдид) бағытта» дамытқан А.Байтұрсынұлы болды.

А.Байтұрсынұлы әліпбиі, яғни төте жазу 1912 жылдардан бастап қолданысқа енгені белгілі. Ахмет әліпбиінде 24 әріп, 1 дәйекше белгісі болды. Дәйекше қойылмаған сөз жуан, дәйекше қойылған сөз жіңішке болып оқылатын. Яғни, үш-ақ дауыстысы бар араб әліпбиін, қазақ тілінің үндестік заңына сүйене отырып, еш қиындықсыз қазақ жазуына ыңғайлады.

Жазу дегеніміз – шын мәнінде, кез келген халықтың рухани деңгейі мен мәдени дамуын көрсететін негізгі құрал. Ғалым осы құралды ұлттық деңгейге көтеру жолында жан аямай еңбек етіп, тер төккен. Себебі сол кезеңге дейін ұзақ ғасырлар бойы қолданыста келе жатқан араб жазуының халықты тез әрі жаппай сауаттандыру жолында үлкен кедергілері мен қиындықтары болғандығы анықталған. А.Байтұрсынұлы осы кедергілер мен қиындықтарды жоюдың ең басты тәсілі – араб жазуын қазақ тілінің заңдылығына сәйкес реформалау деп білді. Осылайша ұзақ ғасырлар бойы өзгеріссіз қолданылып келе жатқан араб графикасын қазақ халқының игілігіне айналдыру идеясын көтеріп, оны іс жүзінде реформалады.

Ұзақ ғасырлар бойы қолданыста болған араб жазу жүйесі негізінен үш түрлі сатыда қызмет етті: қадим, жәдид, төте жазу. Осылардың ішінде төте жазу, яғни А.Байтұрсынұлының әліпбиі ана тілінде сауат ашудың ең тиімді құралы болды.

Ол сол кезде қазақ тілінің даму қажеттіліктерін қанағаттандырмайтын, оның грамматикалық және фонетикалық құрылымын көрсетпейтін латын, әсіресе орыс алфавитін енгізуге қарсы болды. Ол өз халқына әліпби сыйлап, қазақ тілінің фонетикасы, морфологиясы, синтаксисінің негізін қалады, алғашқы оқулықтарды жазды.

Бұған дейінгі қолданылып жүрген араб жазу жүйесінің қандай кемшіліктері бар, оны реформалауға не түрткі болды дегенге келсек, дәстүрлі араб жазуында:

- бір дыбысты жазу үшін бірнеше әріптер пайдаланылатын;
- сөзді жазғанда оның тек дауыссыз дыбыстары ғана таңбаланатын да, дауыстылары жазылмаған сөздің мағынасын түсіну қиындық тудыратын;

— араб әліпбиінде дауысты дыбыстарды белгілейтін таңбалар саны үшеу ғана болғандықтан, бұл таңбалар тоғыз дауыстысы бар қазақ тілі үшін жеткіліксіз болды;

— «мұсылманша сауат ашу» әдісінде әріптердің таза араб тіліндегі дыбысталуы мен айтылуын жаттатумен ұзақ уақыт кететін;

— ол кездегі жазба тілдің құрылымында араб, парсы, «ескі тілдің» сөздері көп қолданылатындықтан, қалың бұқараға емес, азғана топтың мүддесіне қызмет ететін.

Аталған жазудың осындай кемшіліктері халықты сауаттандыру ісін тежейтінін түсінген А.Байтұрсынұлы 1910 жылдардан бастап араб жазуын қазақ тіліне ыңғайластырып, жақындатуды қолға алады да, оны 1912 жылдардан бастап қолданысқа енгізеді. А.Байтұрсынұлы бір халықтың әліпби (алфавит) жүйесін екінші бір халық қабылдағанда, оны өз тіліне «икемдеп, үйлестіру» қажеттігін, олай етпеген жағдайда әріп мәселесінің дұрыс шешім таппайтынын 1924 жылы өткен «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде» ашық түрде айтады.

А.Байтұрсынұлы араб жазуына өзгеріс енгізгенде, **«ежелеусіз төте оқу»** қағидасын басты принцип ретінде ұстанды. Араб тілі мен қазақ тілінің арасында көптеген айырмашылықтың барын ескеріп, қазақ баласына «жазу-сызу» үйретуге айтарлықтай кедергі келтірген. Сондықтан да, А.Байтұрсынұлы қазақ халқы үшін «төл әліпби» құрастырып шығарды.

Жалпы қазақ қоғамында ұзақ ғасырлар бойы қолданған араб жазу жүйесі үш сатыда қызмет етті: қадим, жәдид, төте жазу. Осылардың ішіндегі төте жазу, яғни А.Байтұрсынұлының әліпбиі **«ана тілінде сауат ашудың ең тиімді құралы»** болды. А.Байтұрсынұлының 1912 жылы осы «төте жазу жүйесімен» «Оқу құралы» деп аталатын тұңғыш кітабы жарыққа шықты. Бұл қазақ халқының рухани-мәдени өміріндегі үлкен жаңалық болды. Өйткені қазақ балаларына өз ана тілінде хат танып, ана тілінде жазуға жол ашылды. Жалпы Ахмет Байтұрсынұлы күллі қазақ балаларын жазуға үйрету, хат таныту мәселелерін үнемі көтеріп, қазақ халқын сауаттандыру жолында қыруар қызмет атқарды. «Айқап» журналының, 1911 жылғы 2-санында жарияланған «Қазақ өкпесі» деген мақаласында жазудың адам өміріндегі маңыздылығын, сауатсыз, қараңғы халықтың ғылым мен мәдениет өркендеуінен артта қалатындығын, сондықтан оқу-білімі жоқ, жазу-сызуы жоқ қоғамның «надандық құрсауында» болатындығын ашық жазып, «олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты» деп өз халқын ағартушылыққа шақырады. Ағартушылыққа шақыра отырып, қазақ қоғамын «қараңғылықтан оятуды» сауаттандыру ісінен бастады, ал сауатсыздықты жою үшін әліпби, әріп, жазу, оқу мәселелеріне түбегейлі өзгерістер енгізді. Ұлы ұстаздың алдына қойған принципі **«ауызекі сөйлеу тілінің» жазба тілдегі формасын жасап шығару** болды.

Ахмет Байтұрсынұлы араб жазуын өзгерткенде мына мәселелерді назарда ұстады: араб әліпбиін қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп қосымша таңбалар ендіру, қазақ тіліне сәйкес келмейтін басы

артық әріптерді қолданыстан шығару, араб жазу заңдылығына тән харакат, ташдид, сукун, тануин сияқты диакритикалық белгілерді қолданбау, үш дауыстыға ғана негізделген араб әліпбиіндегі дауыстылар жүйесін қазақ тілінің үндестік заңына сәйкестендіріп дәйекше арқылы беру, ұзақ ғасырлар бойы «ескі тілде» қызмет етіп, «бөтендік сипатта» болған жазу жүйесін барша қазақтың түсінікті сөйлеу тіліне бейімдеп, негіздеу.

Өзі құрастырған әліпби құрамына 24 таңбаны қалдырған, оның 17-сі дауыссыз, 5-еуі дауысты, 2-еуі жарты дауыстылар.

1912 жылдан бастап қолданысқа еніп кеткен Ахмет әліпбиі тек 1924 жылы Орынбор қаласында өткен съезде ғана ресми түрде бекітіледі.

А.Байтұрсынов әр түрлі жиылыстардағы баяндамасында: «Жақсы әліпби тілге шақ болуы керек. Жақсы әліпби жазуға жеңіл болуға тиіс, әліпбидің әріп суреттері қиын болса, мүшелері көп болса, жазуды ұзақтатып, уақытты көп алады. Әліпбидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болуы тиіс. Әрпі тізілгенде оңай тізілетін, басқанда орынды аз алатын әліпби баспасөзді арзандатады. Жақсы әліпби үйренуге де қолайлы болуы тиіс. Әріп сара жазуға оңай, баспасы мен жазбасының суреті жақын әліпби үйренуге жеңіл болады. Жақсы әліпбиге лайық бұл төрт сипатқа келмейтін әліпбидің бәрі де кемшілікті әліпби болмақ» деп латын әріптеріне қызықпауға шақырады.

Алайда «күл халықты» отарлау саясаты, қоғамдағы алфавит мәселесінің тұрақтануына жол бермеді. Ұзақ ғасырлар бойы күллі түркі халықтары пайдаланып келген араб әліпбиін жою оңайға соқпайды. Сондықтан бірден орыс әрпіне көшірсе «жәдидшілдердің» қолдауымен жаппай халық арасында көтеріліс болып кетуінен қауіптеніп, 1929 жылы «зорлықпен» латын әліпбиін қабылдаттырады да, он жылдан кейін, яғни 1940 жылы жаппай түркі халықтарын орыс жазуына көшіріп, «өз ойларын» іске асырады.

Негізінен қазақ зиялылары басқа әліпбиге көшуден гөрі, қолданыстағы араб әліпбиіне «өзгерістер енгізу» қажеттілігін көбірек көтерген еді. Осындай принципті басшылыққа алған зиялылар қауымының көшбасында А.Байтұрсынұлы тұрды, ол «араб әліпбиін өзгерту» мәселесін тек сөз жүзінде ғана айтып қоймай, «мен харіфтерді өзгерткенде, халық жатсынбай, хат білетін адамдар үйретпей-ақ оқып кетерлік болғандай ғып өзгерттім» деп нақты іс жүзінде көрсете білді. Өзінің әліпби жүйесін «Жазу тәртібі» деген атпен, «Айқаптың» 1912 жылғы 4 және 5 сандарында жариялап, халық талқысына ұсынғаннан кейін, баспасөз беттерінде, жиындарда жаппай «әліпби айтысы» басталып кетеді. Бұл орайда оның жазу жүйесін даттағандар да, жақтағандар да, ақтағандар да болады. Сол кезеңдегі жазуға қатысты пікірталастар «Әліппе айтысы» деген атпен 1927 жылы Қызылорда қаласында кітап болып басылып шығады. А.Байтұрсынұлының пікірін М.Дулатұлы, Е.Омарұлы, А.Байтасұлы, І.Ахметұлы, т.б. қолдап, сөз сөйлейді.

М.Дулатұлы Аханның «әліпби жасау шеберлігін» былайша бағалайды: «Араб әріптерінің өзгеріп отырғаны рас. Араб әріптерінің 14-і ғана бұрынғыша болса, өзге ойдан шыққандары жұртқа жат болу керек қой. Ойдан шығарылған әріптерді жұртқа үйретіп, оқытып жату керек еді ғой. Ондай нәрсе болды ма? Болған жоқ, ендеше бұны өзгертушінің шеберлігі деп

біліңдер. Бұларды өзгерткенде әр әріптің бұрынғы тұлғасын жоймай, өзгерткенін сездірмей, хат танитын адам бөгелместен оқып кетерлік қылып өзгерткен».

А.Байтұрсынұлының латын жазуына қарсы шыққандағы негізгі ойлағаны – елдің мәдениеті мен экономикалық жағдайы еді. Ахаң латынға көшу арқылы бүкіл қазақ халқы біріншіден, рухани-мәдени дүниесінен айрылатындығын, екіншіден, оқулық шығару, баспа ісі, т.б. латындандыру үшін орасан көп қаржы керек болатындығын қатты ескертумен болады.

Сөйтіп, оқу-ағарту идеясына сол кездегі интеллегенция жаппай мойын бұрды. 1911-1912 жылдары Уфа мен Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген А.Байтұрсынұлының әліппесі "Оқу құралы" деген атпен 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым "Әліп-бидің" жаңа түрін жазды.

Сол кезде оның атақты "Тіл – құрал" атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды.

Ахметтің тағы бір зор еңбегі – терминдерді жасау. Бұдан бөлек, ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды.

Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы – ғалымның жазып кеткен мұрасы.

"...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым", – деп жазды Байтұрсынұлы.

«Байтұрсынұлы жазуы» ең оңтайлы әліпби болып табылғанымен, халыққа істелген «озбыр» саясат өз дегеніне жетіп, латынға негізделген «жаңа әліпті» қолданысқа ендірді. Халықтың күллі рухани дүниесі араб жазуында жатыр», «араб жазуы тарих тамыршысы», «халық қазынасының қоймасы» деп, оны жан-тәнімен қорғап, шырылдаған зиялылар қауымы «арабшылдар», «ескішілдер», «қадымшылар», «керітартпалар», «ұлтшылдар», «діншілдер», «молданың шашбауын көтерушілер» деп айыпталды. Ал, латын жазуынан орыс жазуына көшу мәселесі «Алаш көсемдерінің», «ұлттың қамын ойлаған ұлы тұлғалардың» көзін біржола құртқаннан кейін, яғни, 1937 жылдары қайта көтеріле бастайды.

1940 жылы 13 қарашада «Латындандырылған қазақ жазбасын орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» Заң қабылданады.

А.Байтұрсынұлының қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған тұлға болғандығын оның қаламынан шыққан қыруар еңбектері дәлел болады. Мысалы «Оқу құралы» (Қазақша әліппе) атты кітабы алғаш

рет 1912 жылы Орынборда жарыққа шықты. Сондай-ақ «Оқу құралының» (Әліппеге жалғасы) 2 кітабы 1913 жылы жарық көріп, 1924 жылға дейін 4 рет басылып шығады. Одан кейінгі «Оқу құралының» (Әліппеге баяншы) 3 кітабы 1913-1921 жылдар аралығында 2 рет жарық көреді. Ал ғалымның тек оқушыларға ғана емес, ересектердің сауатын ашуға арналған «Оқу құралы» 1921 жылы, «Сауаташқыш» 1924 басылып шықты. Ал әдістемелік құрал «Баяншы» 1920 жылы, «Әліппе астары» 1924 жылы, ал «Жаңа әліп-би» атты жаңа оқулықты 1926 жылы ұсынады. «Тіл жұмсардың» бірінші бөлімі 1928 жылы, екінші бөлімі 1929 жылы жарық көрді.

Қорыта айтқанда, ағартушы-педагог ғалым А.Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» деген сөзі қазақ ұлтының сақталуына әрқашан ұран боларлық.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш .- Алматы, 2008ж.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы.- Алматы «Ана тілі» 2003ж.
- 3.Ахмет Байтұрсыновтың халық ағарту саласына қосқан үлесі //Халықаралық ғылыми конференциясы. – Алматы, 2007 жыл.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ - ҚАЗАҚ ТІЛТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

Искакова Найла Утегеновна

СҚО Тайынша ауданы

«Тайынша қаласы №4 орта мектебі »КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

iskakovanu@mail.ru

Ахмет Байтұрсынұлы (5 қыркүйек 1872 жыл, қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылы – 8 желтоқсан 1937, Алматы қаласы) — қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы.

Атасы Шошақ немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Әкесінің інісі Ерғазы Ахметті Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Ол өте кемеңгер, білімді тұлғаның бірі болған.

Ахмет Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі А. Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған А.Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды.

Ресей ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсынұлын қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол осы қалада 1913–1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды.

Ахмет Байтұрсынұлының Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды. Ол «Қазаққа» жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты. Байтұрсынұлы 1917 жылы революциялық өзгерістер арнасында өмірге келіп, қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ комитеттері сияқты тарихи құбылыстың қалың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ газеті» арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды.

Байтұрсынұлы Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болды. Ахмет Байтұрсынұлы пен Міржақып Дулатұлы қазақ арасында бұрыннан келе жатқан ру – жүзаралық алауыздыққа байланысты Алаш Орда үкіметінің құрамына саналы түрде енбей қалды, бірақ олардың қазақ ұлттық мемлекеттік идеясын жасаушы топтың ішінде болғандығын замандастары жақсы біліп, мойындады.

Алаш Орда құрамын бекіткен 2-жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Байтұрсынұлын бекітті. 1919 жылы наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облысы бөлімінің мүшесі болды. Байтұрсынұлы 1919 жылы наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды, осы жылғы шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери-революциялық комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Байтұрсынұлының ықпалымен сәуірде Алашорда басшылары мен мүшелеріне Кеңес үкіметінің кешірімі жарияланды. Байтұрсынұлы бұл тарихи кезеңде «патшалардың төрінде отырғаннан, социалистердің босағасында өлгенім артық» деген пікірде болды (ҚР ҰҚК архиві, 78754-іс,

6-т., 44-п). 1920 жылы В.И.Ленинге үкіметінің Қазақстанды басқару ісіндегі алғашқы қадамын қатал сынға алған хатын жолдады. Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді түрде араласты.

Ахмет Байтұрсынұлы Бүкілресейлік ОАК-нің 1919 ж. 27 тамызда Қостанай уезін Челябинь облысына қосу туралы шешіміне қарсы Б-тың жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болды. Ол 1920 ж. тамызда құрылған Қазақ АКСР-і үкіметінің құрамына еніп, 1920–1921 жылы Қазақ АКСР-і халық ағарту комиссары қызметінде болды.

1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922–1925 жылы Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды. Байтұрсынұлы түрлі мемлекеттік қызметке ат салыса жүріп, сонымен бір мезгілде өзінің жаны сүйген оқытушылық-ұстаздық жұмысынан да қол үзбеген.

1921–1925 жылы Орынбордағы, 1926–1928 жылы Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. 1928 жылы Алматыда Қазақ мемлекеттік педагогика институтының ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты. 1929 жылы 2 маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге ол Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ «үштігінің» 1930 ж. 4 сәуірдегі шешіміне сәйкес Байтұрсынұлы ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырады: 1931 жылы қаңтарда 10 жылға концлагерьге ауыстырылса, 1932 ж. қарашада 3 жылға Архангельскіге жер аударылсын деп ұйғарылды. 1926 ж. Бакуде болып өткен «Бірінші Түркологиялық Құрылтайдың» төралқа мүшесі - Ахмет Байтұрсынұлы 1933 жылы мамырда денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен (әйелі мен қызы) бірге өткізуге рұқсат беріледі. 1934 жылы М.Горькийдің жұбайы Е.П.Пешкованың көмегімен Байтұрсынұлы отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралады. Бұл жерде тұрақты жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызметтер атқарады. 1937 жылы 8 тамызда тағы да қамауға алынып, екі айдан соң, яғни 8 желтоқсанда атылды. Тұтас буынның төл басы болған Байтұрсынұлының алғашқы кітабы – «Қырық мысал» 1909 жылы жарық көрді. Ол бұл еңбегінде Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің тұралаған халін жұмбақтап, тұспалдап жеткізді. Байтұрсынұлы мысал жанрының қызықты формасы, ұғымды идеясы, уытты тілі арқылы әлеуметтік сананың оянуына ықпал етті. Ақынның азаматтық арман-мақсаты, ой-толғамдары кестеленген өлеңдері «Маса» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді (1911). «Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылуға шақырды. Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңарта

отырып, Байтұрсынұлы XX ғ. басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге көтерді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы қазақ тіліне А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ф.Вольтер, С.Я.Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалар Байтұрсыновтың тақырыпты, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды.

Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектердің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалды. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Байтұрсынұлының Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды. Сөз өнері жайында жазылған әлемдік ғылымның ең үздік үлгілерін пайдалана отырып, әдебиеттанудағы ұғым, термин, категориялардың соны ұлттық үлгілерін жасады. Мысалы, меңзеу, теңеу, ауыстыру, кейіптеу, әсірелеу, алмастыру, шендестіру, үдету, түйдектеу, кекесіндеу, т.б. «Әдебиет танытқышта» ақындық дарын табиғаты, шығарм. психологиясы, шабыт стихиясына ғылыми тұжырым берілді. Өлеңге жан-жақты зерттеу жасап, шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас, т.б. ұғымдарға анықтама берді.

Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап берген. «Әдебиет танытқыш» – сан-салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып, талдап-түсіндірген ғылыми зерттеді. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Сондай-ақ ол – әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926) кітап етіп шығарды. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті. Байтұрсынұлы ұйымдастырып, бас редактор болған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкелді. «Қазақ» газеті халықтың рухын сергіткен ірі құбылысқа айналды. Байтұрсынұлы – әлеуметтік мәселелерге,

қоғамдық ой-пікірге ықпал жасаған публицист. Оның мақалалары ғылыми байыптауымен, өткір ойларымен сол кезеңнің шындығынан хабар береді. Абайдың қоғам өмірінің демокр. құрылысы туралы ойларын дамытып, саяси-әлеум. жағдай, оқу-ағарту, халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы мәселелерді қозғады. Қазақ зиялыларының жан-жақты білімдар әрі саяси күресте шындалған легін қалыптастыруда Байтұрсынұлының публицист, баспасөз ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі ұшан - теңіз. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор

Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады. Патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады.

Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған.

Байтұрсынұлының екінші кітабы — «Маса» (1911). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады. Көптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. Қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ, қалпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» т.б. өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. Кітаптың ішкі сазы мен ой өрнек, сөз орамы қазақ поэзиясына тән өзіндік жаңалық, ерекше өзгеріс әкелді.

«Тіл - құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Кезінде қазақ қауымы Байтұрсынұлы десе, Байтұрсынұлын «Тіл - құралды», «Тіл құралы» десе, Ахметті қазір – Ахаң деп танитын болған. Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын графикасын жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» (Төте жазу) дүниеге келген, екінші – сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған бұл үшін «Тіл құралды» жазған.

... Бүгінгі бар қазақтың «Тіл құралы»,

Тексіздер тәрк етсе де бұл мұраны.
Түбі бір түркі елінің құранындай,
Ұл туар... Ұлы тумас ,сірә мұндай!

Пайдаланылған әдебиет:

1. Қазақ этнопедагогикасы (оқу құралы) – Ә.Табылдиев, Алматы: «Санат»,2001
2. Бес арыс – Д.Әшімханов. –Алматы: Жалын, 1992
3. Ғаббас Қабышұлы. «Қазақ әдебиеті» 2003 ж. 30 мамыр

**«ӘДЕБИЕТТАНЫТҚЫШ» - ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСЫЛҒАН
СҮБЕЛІ ЕҢБЕК**

Каражигитова Нургүл Кайровна

Атырау облысы Білім беру басқармасы Әдістемелік орталығы
Жалпы орта білім беруді дамыту бөлімінің әдіскері

Nurgulkarazhigitova@mail.ru

Әдебиеттану ғылымының негізін салушы, қазақ әліппесін (төте жазу) жасаушы, оқу құралының авторы Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымында алар орны орасан зор. Қай еңбегін алып қарасақ та, «Қазақ!», - деп жаңғырып тұрғаны тайға таңба басқандай. Сол еңбектерінің арасында қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап, сан-салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып берген, қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салуға арқау болған асыл мұрамыз бар. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» – қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбек. Бұл біздің жыл санауымыздан көп жыл бұрын Эллада елінде жарық көрген Аристотельдің «Поэтикасы» тәрізді сөз өнерінің болмысы мен бітімін жүйелі байыптайтын қазақ қоғамындағы тұңғыш теориялық зерттеу еді. Оның биыл жарық көргеніне 93 жыл толып отыр. Ахмет Байтұрсынұлының бұл еңбегі ерекше маңызды. Аты әйгілеп тұрғандай, кітап әдебиет әлемін, көркем сөз табиғатын, сырын, мазмұны мен ерекшелігін, қоғамдағы рөлін көптеген мысалдармен дәлелдеп, байсалды түсіндіруге арналған. Еңбек - қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап, сан-салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып берген, қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салуға арқау болған асыл мұрамыз. Әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, әдістемесіне тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады.

Анықтама берудің тамаша шебері Ахмет Байтұрсынов өнердің түрі көрнек өнерін бес тарауға бөледі: «Бірінші – тастан, кірпіштен, ағаштан яки болмаса басқа заттан сәнін келтіріп сәулетті сарайлар, мешіт, медресе, үй, там сияқты нәрселер салу өнері. Бұл сәулет өнері болады (европаша архитектура). Екінші – балшықтан я металдан құйып, тастан я ағаштан жонып, нәрсенің тұлғасын, тұрпатын, сын-сымбатын келтіре сүгірет жасау өнері. Бұл сымбат өнері болады (европаша скульптура). Үшінші – түрлі бояумен нәрсенің ісін,

түрін, түсін, кескін келбетін келтіріп, сүгіреттеп көрсету өнері. Бұл кескін өнері болады (орысша живопись). Төртінші – әуездің түрлі орайын, шырайын, сазын, сайрауын келтіріп, құлаққа жағып, көңілді әсерлейтін ән салу, күй тарту өнері. Бұл әуез өнері (европаша музыка). Бесінші – нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады (қазақша асыл сөз, арабша әдебиет, европаша литература)».

Ахмет атамыз: «Өнердің ең алды сөз өнері деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білген соң айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадырынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты, я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән мен күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, танытуға болады.

Ахмет Байтұрсынов “Әдебиет танытқыш” еңбегінде зерттеу объектісі етіп, қазақ ауыз әдебиетін, қазақ жазба әдебиетін, оның сан алуан үлгілерін алған. «Еңбектегі сөз өнерінің мәнін көрсететін қысқа тұжырымдамада пән болмысының классикалық үлгісі жасалады: *«Сөз өнері – деп жазады ғалым, — адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге»*. Өнер жүйесіндегі бастапқы үш негіз құрамды осылай нақтылып алған соң, былайша ой қорытады: *«Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – тую, талғау»*. Мұндай тұжырымдаманы (анағұрлым шектеулі түрде) алдымен әлемді көркемдік тұрғыдан түсіну әдісіне жатқызуға болады.

Осы бөлімде сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз, ол аты қысқартылып, көбінесе *шығарма* деп айтылады. Ауызша шығарылған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын бәрі шығарма сөз болады. Шығарманың түрлері толып жатыр, оның бәрін шумақтап бір-ақ атағанда, арабша әдебиет, қазақша *асыл сөз* деп атау береді.

Шығарма сөздің бәрінен бұрын байқалатын тысқы нәрселері: 1) тақырыбы; 2) жоспары; 3) мазмұны; 4) түрлері. Шығарманың тақырыбынан басқасы мазмұны болады. Солай болған соң, мазмұн дегеніміз – бір нәрсе туралы ойға алған пікірді айтуға жұмсаған бүкіл сөзіміз мазмұн болып шығады. Мазмұнның өзін үш мүшеге бөледі: 1) *аңдату*; 2) *мазмұндау*; 3) *қорыту*.

Шығарманың мазмұнында байқалатын негіздік түрлерін де үшке бөледі: 1) *әуезе*; 2) *әліптеу*; 3) *байымдау*. Дүниедегі нәрсенің қайсысы туралы сөйлесек те, бір жағынан ғана емес, әр жағынан алып, сөз қылуға болады. Мәселен, бір адамды сөз қылуға алсақ, ол адамның істеген ісін, айтқан сөзін әуезе қылып сөйлейміз. Я тұлға, тұрпатын, кескінін, көркін айтып, пернесін әліптеп сөйлейміз я болмаса ол адамның істеген істерінің, өзінің жақсы-жаман болғанының мәнісін, себебін тексере, байымдап сөйлейміз. Осыған қарай сөйлеген сөзіміздің түрі не әуезе, не әліптеме, не байымдама болып шығады. Шығармалардың *әуезе* болатын түрі: *«Жасымда ғылым бар деп ескермедім»* деген Абай сөзі. *Әліптеме* болатындары: *«Абайдың әйелді сипаттауы»*, *«Күзді әліптеуі»*; Мағжанның *«Толқынды сипаттауы»*; Абайдың *«Әнді*

сипаттауы». *Байымдау* болатыны – «Балғожаның баласына жазған хаты» өлеңдерін мысалға алған.

«Әдебиет танытқыштың» «Сөз өнерінің ғылымы» бөлімінде жалпы теориясына қатысты келесі бір тәсіл пайдаланылған: «*Шығарманың екі жағы бар: 1) тысқы тіл жағы, 2) ішкі пікір жағы. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы екіге бөлінеді: шығарманың тілінің ғылымы, 2) шығарманың түрінің ғылымы. Тілінің ғылымы дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады, түрінің ғылымы сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы шығарманың тіл өңі жағынан тіл я лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып бөлінеді*». Бұдан шығатын түйін — Байтұрсынұлы ең алдымен шығарманың семантикалық құрылымына назар аударып отыр. Шығарманы мазмұндық жағынан *қара сөз бен дарынды сөз жүйесі* деп бөлуі соның айғағы.

Сонымен “Әдебиет танытқыштың” бірінші бөлімі “Сөз өнерінің ғылымы” деп аталып, бірнеше шағын бөлімшелерге, баптарға бөлініп, олардың әрқайсысында нақты мәселе қаралады. Ең алдымен тіл, сөз өнері, шығарма дегеніміз не деген сұрауларға, ғылыми дәлді, ықшам, толық анықтама беріледі. Автор сөз өнері ғылымын: 1) шығарманың тілінің ғылымы; 2) шығарманың түрінің ғылымы деп екіге бөліп қарайды. Тіл өңі жағынан тіл я лұғат қисыны деп, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі деп екіге бөледі. Автор сөз өнерін үй қалау өнерімен өте қисынды салыстыра көрсетеді де, сөз талғау орайында шығарма тілі екі түрлі болатындығын айтады, олар – біріншісі – ақын тілі, екіншісі әншейін тіл. Сөз дұрыс болу үшін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулықты жақсы білу, өз орнында тұтыну, дұрыс есептеп, сөйлемдерді дұрыс орналастыру, құрмаластыру, орналастыру шарттары алға қойылады. Тіл тазалығына анықтама беріп, ол үшін орыстың жақсы жазушылары қойған талаптарды үлгі етіп алған.

Олар:

- Ескірген сөздерге жоламау;
- Жаңадан шыққан сөздерден қашу;
- Өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алудан қашу;
- Жергілікті сөздерге, яғни бір жерде айтылып, бір жерде айтылмайтын сөздерге жоламау.

«Әдебиет танытқыштағы» «Тіл көрнектілігі» деп аталатын тарауда А.Байтұрсынов адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ деп, адам сөйлегенде сөзі толық түсінікті болу үшін дерексіз затты деректі затша, жансыз заттарды жанды затша сипаттай білуі керек екендігін айтқан. Қалыпты түріндегі сөз сондай дәрежеге жету үшін А.Байтұрсынов үш түрлі әдісті көрсетіп кетті, олар: *көріктеу, меңзеу, әсірелеу*. Соның ішінде *көріктеу* деп, бір нәрсені көптен айырып, көзге түсерлік етіп айту барысында, ол нәрсенің атына айқын көрсеткендей сөз қосып айтуды айтқан. Және өзінің көркем туындыларында да осы әдісті шебер пайдаланған, мәселен ақын қаламынан туған «*Анама хат*» өлеңінде «*хақ тағала*», «*биік қорған*», «*темір терезе*» деген тіркестер

көріктеу құралдары болып табылады. Біз қазір бұл терминді *айқындау* немесе *эпитет* деп қолданамыз. Алайда, А.Байтұрсынов бұл тұста көріктеу нәрсені айыра көрсетіп, айқын шығаруға жарағанымен, нәрсенің бейнесін суреттеп көрсетуге күші жетпейтіндігін айтып, белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге *теңеп*, *көрнектеп*, *ашығырақ көрсету* керек деген және осы тұста теңеудің өзін *әншейін теңеу*, *әдейі теңеу* деп бөле қараған. Сонымен қатар тағы басқа бірқатар теориялық ұғымдарға анықтама беріп кеткен. Соның бірі - ауыстыру, автор *ауыстыру* деп сөздің өз мағынасында жұмсалынбай, өзге мағынасында жұмсалуды айтып, оның өзін *тіл ауысуы*, *лұғат ауысуы* деп бөлген. Ал арасындағы жақындығы бар екі нәрсенің атын ауыстырып, бірінің орнына бірін айтуды *алмастыру* десе, жансыз нәрсені жандының күйіне түсіріп тұрпаттауды *кейіптеу* деп атаған. Оған автор «қылышын сүйретіп қыс келді» деген мысалды алып, талдап көрсеткен, дәлірек айтсақ, қыста қылыш та, қылышты сүйрететін күйі де жоқ екендігін айтып, бұл мысалда жансыз қысты жанды адам күйіне түсіріп, адамның істейтін амалын білдіріп тұр, сондықтан қыс бізге адам сүгіретінде көрініп тұр деген. Кейіптеуді автор өзінің Крыловтан аударған мысалдарында шебер пайдалана білген. Сондай аударманың біреуі -«Қара бұлт» мысалы. Осы мысалдан бірер үзінді келтірер болсақ:

Теңізге пәрменінше құя салып,
Мақтанды мырзасынып тауға барып.
Тау айтты: «Сен мақтанып келіп тұрсың,
Мен тұрмын бұл ісіңе қайран қалып.
Егер де сол қадарлы жаусаң жерге,
Су берсең шөлдеп тұрған егіндерге,
Көк шығып, жер отайып, егін өсіп,
Қандай зор тиер еді пайдаң елге! [6].

Бұл мысалда тау кәдімгі тірі жан бейнесінде сипатталып тұр. Біздің қазіргі кезде әдебиет теориясында қолданып жүрген айшықтауды (фигураны) әсерлеу немесе лептеу деп көрсетіп, оған арнау, қайталау, шендестіру, дамыту, түйдектеу, бүкпелеу, кекесіндеуді жатқызған. Осының ішінде арnaudың өзін зарлай арнау, сұрай арнау, жарлай арнау деп бөлген, біз қазіргі кезде әдеби теориялық анықтамалар мен терминдерді осы бойынша оқытып жүрміз.

Жазба әдебиеттің сындар дәуірінің дарынды сөздерін автор үш топқа бөліп қарайды, олар: 1. Әуезе. 2. Толғау. 3. Айтыс-тартыс. Бұлар қазіргі әдебиеттану тұрғысынан айтқанда – эпос, лирика, драма. Әуезенің түрлері былай бөлінеді: 1) Ертегі жыр; 2) Тарихи жыр; 3) Әуезе жыр; 4) Ұлы әңгіме (роман); 5) Ұзақ сөз; 6) Ұзақ әңгіме; 7) Көңілді сөз; 8) Мысал; 9) Ұсақ әңгімелер. Мәселен, «..әдебиеттің Аристотель белгілеген негізгі үш тегін, яки жанрын (эпос, лирика, драма) грек тілінен түп-түгел қазақ тіліне ауыстырып алады да (А. Байтұрсынұлы «Дарынды сөз» тарауында: эпосты– *әуезе*, лириканы – *толғау*, драманы – *айтыс* деп атайды – Ұ.Е.), әр жанрдың түрлерін өзіміздің төл әдебиетімізден іздейді. Мысалы, лириканың алғашқы үлгілерін қазақтың сонау тұрмыс- салт жырларынан іздеп табады. Сонда, ең

жеңілі жоқтау – эпитафияға, мақтау – одаға, даттау – сатираға балама болып шыға келеді. Дәл осы ретпен әдебиеттің үшінші тегін Аристотельше «драма» деп емес, Ақаңша «айтыс-тартыс» деп алады да, осы жанрдың түрлерін, айталық, трагедияны – мерт, яки әлекті–тартыс, драманы – сергелден, яки азапты тартыс, комедияны – арамтер, яки әурешілік деп атайды». Академик З. Ахметов болса, «Әдебиет танытқышта» қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындайтын өлең сөздің бунақ, тармақ, шумақ сынды категорияларының алғаш қалыптасқандығын атап айтады [2, 64 б.].

А.Байтұрсынов былай дейді: “Ұстасу шығармалар қайраткердің түріне қарай үшке бөлінеді: 1) әлектеніс; 2) азаптаныс; 3) әуреленіс”. Осылардың біріншісі – әлектеніс пен үшіншісі әуреленіс талданады, ал екіншісі – азаптаныс жоқ. Көркем сөздің толып жатқан қыры мен сыры, тараулар мен тармақтар, тіл әуезділігінің қыруар шарттары, «сөздің өлең болатын мәнісі», өлең айшықтары, «шумақ түрлері», «тармақ тұлғалары», «бунақ буындары», «ұйқастығы» т.б. сөз етіледі.

Екінші бөлімі «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деп аталады да, көркем қара сөз табиғаты, оның тараулары - шежіре, заман хат, өмірбаян, «мінездеме», тарихи әңгіме, «әліптеме, әліптеу тәртібі - мәнді әліптеме, сәнді әліптеме, жол әліптемесі, байымдама, байымдау әдістері, түрлері - пән, сын, шешен сөз, оның түрлері, саясат шешен сөзі, білімді шешен сөзі, уағыз көркем сөз» деп жүйелеп келіп, әңгіме, романға сипаттама беріп, «Біздің заманымыз – жазу заманы, жазумен сөйлесу, ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман», -деп баға береді.

Еңбектің «сындар дәуірі, онда шығарма түрлері» атты тарауы өте маңызды. Онда сыншыл реализм туралы алғашқы пікірлер нышанын кездестіруге болады. Әдебиет туралы ұлттық ғылымда «*Әдебиет теориясы*» деп аталатын үлкен саланы қалыптастырды. Бұл туралы ғалым Р.Нұрғали: «Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қарастырылған» десе [1], тілші-ғалым Р.Сыздықова: «Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты көлемді еңбегі әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиеті тарихына арналған тұңғыш зерттеу жұмысы. Мұнда автор көптеген жайттарды өзі шешіп, көптеген ұғымдарға терминдік атаулар ұсынады»-деп жазды [2]. Ғалым әдебиеттің барлық жанрларына, көркемдік құралдарына қатысты еуропалық орыс әдебиеттануындағы ұғым, термин, категорияларға шып-шырғасын шығармай түгелдей қазақша балама табады. Баспасөзде, кітаптарда, оқулықтарда, радио-теледидарда қазір кең де еркін қолданылатын сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтығы, тіл дәлдігі, көрнектілігі, оның тараулары, көрнектеу, мегзеу, теңеу, ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, әсірелеу, арнау (сұрай арнау, жарлай арнау, зарлай арнау), қайталау, шендестіру, дамыту, үдету, түйдектеу, бүкпелеу, кескіндеу сияқты ұғымдарды тұңғыш рет енгізіп, осы сөздерді термин дәрежесіне көтерген, дәл анықтап берген. Бұл еңбек кейінгі әдебиетшілерге салып берген сара жол болды. Бұл – бұл ма, өлең айшықтары, шумақ түрлері, тармақ толғаулары,

бунақ, буындар, ағындар, тармақ кезендері, ұйкастар – осы тектес өлеңтану категориялары да «Әдебиет танытқышта жасалды [3].

Ғұлама ғалымның тілдік ұғымдар мен категориялардың мәнін айқындап берген анықтама-түсініктемелерінің ғылыми тереңдігі, дәлдігі мен анықтығы тұрғысынан қазіргі ғылым үшін аса маңызды болып отыр. Халық тілінің бай сөздік қорынан мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздер мен сөз тіркестерін термин ретінде ұсынып, соның негізінде қазақ тіл білімі мен әдебиеттанудың салалық терминдерін, ұғым-категорияларын ұлттық үлгіде жасап, дәлелді тұжырымдарымен ғылыми негіздеді. Мысалы, сөз талғау, сөз өнері, әуез өнері, ділмар сөз (афоризм), шешен сөз, көсем сөз, пайымдама, шығарма, ауыз әдебиеті, тіл қисыны, мензеу, теңеу, шумақ, бунақ, көріктеу, әсерлеу, т.б. Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған.

Менің ойымша, «Әдебиет танытқыш» ғылыми зерттеу ретіндегі маңызы қалыптасқан әлемдік теориялық ұғым-түсініктерге қазақша балама тауып, нақты мысалдармен дәлелдеуінде ғана жатқан жоқ, бұл еңбек тұңғыш ғылыми-зерттеу ретінде өз кезеңінде әдеби-теориялық білімдер жүйесінің қалыптасуына ерекше ықпал жасап қана қоймай, қазақ әдебиеттану ғылымының тууына негіз де бола алған құнды мұра деп есептеймін.

«Білім – бір құрал. Білімі көп адам – құралы сай ұста, не істесе де келістіріп істейді» деп өзі айтқандай, қазақ тілі мен әдебиеттанудың негізін қалаушы лингвист Ахмет бар білімін, ілімін, бүкіл қабілет - күшін тіл түрлеуге келістіре жұмсады. Қазақ тіліне жер бетіндегі ешбір елде жоқ **«Ана тілі»** деген атау беріп, ана тілімізді дүниежүзіндегі ең бай, ең сұлу тілдердің деңгейіне көтерді.

Сонымен бірге А.Байтұрсынұлының пайымдауынша, көркемдік заңдылығы біреу ғана және ол барлық тілдегі әдебиеттерге ортақ. Демек, «адамның жан қоштау керегінен шыққан» әдебиет – **«Асыл сөз»**. Сондықтан «Сөздің асыл болатын сырын білген адам сөзді сынай біледі». Өйткені: «Жүйірік аттың белгілі сипаттары сияқты асыл сөзде де белгілі сипаттар болады. Сөз сол сипаттарын дұрыс көрсетумен асыл болып шығады», - деп А.Байтұрсынұлы қазақ тіліміз бен әдебиетімізге жана қазақша атау беріп және әдебиет теориясының терминдерін, талдау жүйелерін қазақша сөйлетіп, ғылыми тілдің деңгейін сол кезде көтеріп тастағанын біз бүгін мақтаныш ете аламыз.

«Әдебиеттанытқыш» еңбегінің құндылығына баға берген әдебиет сыншысы Т. Кәкішев: «Мұндай еңбек бізде бұған дейін де, бұдан кейін де қайталанған жоқ. Ол – әдебиет теориясы мен әдебиеттану ғылымының міндет-парызын қатар атқарып, біздің алдыңғы ағаларымыздың эстетикалық сауатын ашуға мұрындық болған жүйелі оқулық. Ондағы анықтамалар мен терминдердің өзі күні бүгінге шейін біздің ғылыми арсеналымыздан орын алатын құнды қағидалар мен атаулар. Көркемдік әлеміндегі сөз өнерінің сай-саласын ұғындыратын «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған өміршең қондырғы-фундамент» [3, 4 б.], - деп пікір білдіреді. Бұл ой өз ұлты үшін өмірін құрбан еткен, қазақ әдебиетінің

кірпішін қалаған, тамшыдан теңізді, сөзден өмірді тани білуге үйреткенін көрсетеді. Аристотель қалыптастырған ұғыммен тұжырап болсақ, бұл ғылым да бүтін: мұның да «басы, ортасы, аяғы» бар. Басы жиырманшы жылдарда туған Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы», ортасы – қыркыншы жылдарға таяу басылып шыққан Қажым Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» мен Есмағамбет Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері», аяғы – алпысыншы жылдардың соңында жарық көрген Зейнолла Қабдоловтың «Әдебиет теориясының негіздері» біздің әдебиет туралы ғылымымызды, оның теориясын толықтырды, байытты.

Бүгінде ғылыми айналыстағы әдебиет әлемінің қызық та қиын, тылсым сырларын танытқан «Әдебиет танытқыш» ұлттық әдебиеттану ғылымында өзінің лайықты бағасын алып үлгерген және әлемдік, түркі халықтары сөз өнері контексіндегі саусақпен санарлық үздік еңбектер қатарынан табылады. Еңбектің теориялық салмағын саралай келе, академик З. Қабдолов «Әдебиет танытқыштың» ең бір құнды жері деп, жекелеген әдеби-теориялық категориялардың этимологиясын, олардың мән-мағыналық жүгін төл әдебиетіміздің өз ішінен тапқандығын дөп баса айтады.

Ахметтің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегі – ұлттық әдебиеттанудың әлемдік ғылымдағы зерттеулерге – деңгейлес, әдеби ұғым түсініктердің тұңғыш рет ұлттық ұғымға лайықталған, арнайы «пән сөздері» жарияланған ғылыми жинақ және айтылған ойларының тереңдігі мен дәлдігі арқасында болашақта да қызмет ететін, ешқашан маңызын жоймайтын қымбат, қазақ ғылымына қосылған сүбелі еңбек.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы. Астана, 2003.
2. Сыздықова Р. Сөз өнері. - Алматы, 1997. -120 б.
3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. - 208 б.
4. Жалмаханов Ш. Тіл білімінің тарихы: оқулық. - Қарағанды, 1999. - 203 б.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1976. – 372 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ - ТІЛ БІЛІМІНІҢ АТАСЫ

Кулмаканова Марьяш Капаровна

СҚО, Петропавл қаласы

«Дарын» мектеп-лицейі» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-зерттеуші

гуманитарлық ғылымдар магистрі,

Mariash_7@mail.ru

Ғалым - Ахмет Байтұрсыновтың елді ағарту жұмыстарындағы рөлі, тіл мен әдебиет ғылымдарының негізін салудағы еңбегі орасан зор. Ахмет Байтұрсынұлы - ұлтымыздың ұлы тұлғаларының бірі, халқымыздың бейбіт те берекелі өмір сүруі үшін аянбай еңбек еткен, сол жолда «тар жол, тайғақ кешуден» өткен тұғырлы қайраткер. Сонымен қатар, Алаш ұрпағының сауатын ашып, елімізді өркениетті мемлекеттердің қатарына қосуды мақсат

тұтқан, «Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын. Ел – бүгіншіл, Менікі – ертең үшін» деген Ахмет Байтұрсынұлы болашақ ұрпақ үшін аянбай қызмет еткен.

Ахмет Байтұрсынұлы - қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар дарынды ақын, мысалшыл, қазақ тілінің әліппесі мен оқулықтарының авторы, жаңашыл ағартушы. Ол нағыз күрескер - демократтық поэзияның негізін қалап, азаттыққа ұмтылған, азаматтық жыр үлгісін жасаған халқының қалаулы азаматы.

«Қазағым, елім!» - деп, өз ұлтының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресте халықтың жүрегіне қозғау салып, ұйқысынан оятты. Қазақ халқының тағдыры, бүгіні мен ертеңгісі ақын шығармаларының өзегі болды. Ол өзінің ағартушылық, демократтық, гуманистік идеяларын халқына поэзия тілімен жеткізуді қалады.

Ақын арманы - «адамдық диханшысы» болып халқына қызмет ету болды. Ахмет туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етті. Халқының, елінің қалаулы сәулелі жұлдызына айналды. Шын мәнінде «адамдық диханшысы» атанды.

Балалар оқуға бар, жатпа қарап,
Жуынып киініңдер шапшаңырақ.

Шақырды тауық мана әлдеқашан,

Қарап тұр терезеден күн сығалап,- деген өлең шумағымен, ақын балаларды мектепке, оқуға шақырады.

Мектептерге арнап оқу құралдарын жазды, қазақ тілінің дыбыстық, грамматикалық жүйелерін зерттеді. Бұл істердің қай-қайсылары болса да ана тілімізде жарық көрген тұңғыш туындылар болатын.

Ғалымның ғылыми -әдістемелік дидактикалық көзқарастары «Баяншы», «Тіл-құрал», «Әліппе астары», «Әліпби» сияқты оқулық, оқу-әдістемелік құралдарында да орын алған.

Ахмет 1926 жылы өзінің әйгілі «Әдебиет танытқыш» кітабын бастырып шықты. Бұл кітапты Аристотелдің «Поэтикасымен» салыстыруға болады. А.Байтұрсынов еңбегінің ең басты құндылығы - әдеби терминдерді қазақша қалыптастыруы. Әдеби терминдердің басым көпшілігінің аудармасын ойлап тапқан; көріктеу, айшықтау, алмастыру, түйіндеу, т.б. терминдерді жүйеледі. Бұл туралы М.Әуезовтің «Ахаң түрлеген ана тілі дейтін еңбегінде айқын көрсетілген [1, 2].

Ахмет қазақтың тұңғыш «Әліппесі» мен ана тілі, әдебиет оқулықтарының авторы екенін, қазақ тілі грамматикасындағы сан алуан лингвистикалық терминдердің авторы екенін білеміз. Кеменгер ғалымның оқу-әдістемелік еңбектері, мектеп жұмысына қосымша ой-пікірлері осы күні де өз құнын жоя қойған жоқ.

Қазақтың ұлы ғұламасы, халық үшін істеген игі істерінің ішіндегі ең шоқтығы биік қызметінің бірі - араб жазуына өзгерістер енгізіп қазақ әліпбиін құрастыруы. Ғалым халқының тез сауаттанып хат тануына, оқу білімге деген құштарлықтарының оянуына ықпал етті. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады, оны 1912 жылдардан бастап қолданысқа енгізді. Қазақ

графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды - жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу- ағарту идеясына сол кезіндегі интелегенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына хат танытып, сауатын ашуды, оны «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды [2]. 1926 жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды.

«Тіл-құрал» мектеп оқулығы ғана емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетасын қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі — ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген сөздер, сәтті шыққан атаулар екенін, олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

Қорыта айтқанда, А.Байтұрсынұлының қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған тұлға болғандығын оның қаламынан шыққан қыруар еңбектері дәлел болады. Мәселен, «Оқу құралы» (Қазақша әліппе) атты кітабы алғаш рет 1912 жылы Орынборда жарыққа шықты. Бұл еңбегі 1912-1925 жылдар аралығында тоғыз рет қайта басылып, қазақ қоғамында ұзақ қолданыста болды. Сондай-ақ «Оқу құралының» (Әліппеге жалғасы) екі кітабы 1913 жылы жарық көріп, 1924 жылға дейін төрт рет басылып шығады. Одан кейінгі «Оқу құралының» (Әліппеге баяншы) үш кітабы 1913-1921 жылдар аралығында екі рет жарық көреді. Ал ғалымның тек оқушыларға ғана емес, ересектердің сауатын ашуға арналған «Оқу құралы» 1921 жылы, «Сауат ашқыш» 1924 басылып шықты. Ал методикалық құрал «Баяншы» 1920 жылы жарыққа шыққан. Сонымен қатар «Әліппе

астары» 1924 жылы, ал «Жаңа әліп-би» атты жаңа оқулықты 1926 жылы ұсынады. «Тіл жұмсардың» бірінші бөлімі 1928 жылы, екінші бөлімі 1929 жылы жарық көрді. Ал ғалымның «Тіл – құрал» атты үш кітаптан тұратын еңбегі қазақ мәдениетінде бұрын болмаған тың дүние болды. Себебі бұл кітап – қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын талдап, жүйелеп, танытып берген, қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми еңбектің басы еді. «Тіл – құралдың» фонетикаға арналған I бөлімі алғаш рет 1914 жылы жарық көріп, 1927 жылға дейін жеті рет басылып шығады. Бұл кітаптың морфология саласына арналған II бөлімі 1914 жылы баспадан шыққан. Ол да 1927 жылға дейін сегіз рет басылып шығады. Синтаксиске арналған III бөлімі де 1923 жылы жарыққа шығып, 1928 жылға дейін алты рет қайтадан басылады. Қазақ халқы үшін осыншама қыруар еңбек еткен ұлы тұлға есімін артында қалған ұрпақтары мәңгілікке ұмытпайтыны хақ.

«Оқу құралы» атты көлемді аса мәнді еңбек, халқымыздың оқу-ағарту саласының XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарын танытатын тарихи дүние болып сақталса, екінші жағынан А.Байтұрсынов, Т.Шонанов сияқты ағартушы-ғалымдардың ерекше еңбектерінің бір қырын көрсететін үлгі болып танылады. Мұндай еңбекке қазақ халқының тек кешегі емес, бүгінгі ұрпағы да, болашақ ұрпақтары да қарыздар екенін ұмытпауымыз қажет. Тіл білімінің атасы - Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми еңбектері, шығармалары, поэзиялық туындылары мектеп бағдарламасына енгізілсе, болашақ ұрпақ білсе деген тілегіміз бар.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Дала мен қала» газеті, 2011 ж. 14 сәуір, Рәбиға Сыздық, А.Байтұрсынұлы, Т.Шонаұлы «Оқу құралы».
2. «Дала мен қала» газеті, 2011 ж. 28 наурыз, Ұлан Оралұлы, Ахмет Байтұрсынұлы. «Әдебиет танытқыш».
3. <https://barinbil.kz/sizge-kerek-my-yry-derek/kerekderek/e-zdik-ylymi-zhoba-ahmet-bajt-rsynov-til-bilimini-atasy/>

А.БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ ТІЛТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

Аубакирова Лаззат Ерденовна

СҚО Петропавл қаласы

«Ғабит Мүсірепов атындағы №43 орта мектеп»КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-зерттеуші

lyazzat_43@mail.ru

Мақаламды Әбіш Кекілбаевтың мына сөзімен бастағым келеді: «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға». Бұл мақалам XX ғасырдың басындағы ірі саяси тұлға, көрнекті қоғам қайраткері, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлына арналып отыр.

Мақаланы жазудағы мақсатым- халқымыздың болашағы үшін бар өмірін халқына арнаған арысымыздың артында қалдырған рухани мұрасын, еңбектерін болашақ жас ұрпаққа насихаттау.

Қазақтың қараңғы түнін жарық қылған, жұлдыздың бірі- Ахмет Байтұрсынұлы. Ахмет Байтұрсынұлы есімі қазақ елі үшін қасиетті есім деп ойлаймын.

Қазақ халқының рухани көсемі болып, болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен. Өз достарының алды бола білген Ахмет өткір, алмас қылыштай адамның ойын осып өтетін сөздерімен өлең арқылы ой-сезімін білдірген. Қазақтың қазақ бола білуіне кеудесіндегі жанын да аямаған. Қарусыз-ақ сөзбен адам өлтіретін Ахмет қазақ елінің келешегін тәуелсіздікке жетелеген халықтың рухани жетекшісі. Халық үшін, халықтың мәдени-әлеуметтік болмысын көтеру үшін қызмет еткен.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды- жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу- ағарту идеясына сол кезіндегі интелегенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды[2,61].

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды[5,213].

«Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Кезінде қазақ қауымы Байтұрсынұлы десе, Байтұрсынұлын «Тіл — құралды», «Тіл құралы» десе, Ахметті қазір – Ахаң деп танитын болған.

Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі - ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенің олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы[4,105].

Ахмет Байтұрсынұлының 1928 жылы Қызылордада жарық көрген екі бөлімнен тұратын екі кітапты «Тіл жұмсар» деген еңбегі белгілі.

Ол методика саласында 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жинаған. Жазу таңбаларын үйрету амалдарын түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы 1912 жылы жарық көрген. Жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын «Әліп-би астары» атты методикалық еңбегінде тағы көрсетеді. 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында қазақ тілі методикасына арналған бірнеше мақала жариялайды.

Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» дүниеге келген, екінші-сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, бұл үшін «Тіл құралды» жазған.

Ахметтің қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (синтаксис) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. «Ахметтің Октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі секілді орында оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды»-, деп жазды Сәбит Мұқанов, 1929 жылы 5 мамырда Ахмет Байтұрсыновтың өз қолымен жасап берген газет және журналдарда жарияланғаннан басқа ғылыми, ғылыми-методикалық, еңбектердің тізімі» деген құжат *ҚазПУ* архивінде сақталған [1,56].

Ғалым бұрын айтқан пікірін тағы келтіріп, үдетіп беру машығынан таймайды. Ахмет Байтұрсыновтың азамат, қайраткер ретінде қалыптасуына зор ықпал еткен ХХ ғасырдың о жақ, бұ жағындағы қоғам дамуы мен оның қайшылықтары, ұлт аймақтарындағы езгінің күшеюі, сол уақыттағы қазақ халқының тағдыры жөнінде ой қорытудан бастады.

Байтұрсынұлы қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына 1896 жылдары көңіл бөле бастады. 1905 жылдары Ресей «Кіндік үкіметіне» жазылған петициядан, редакторы болып «Қазақ» газетін шығарып, оның бетінде мәселелер көтеруінен, қазақ балаларын ана тілінде сауаттандырып, әрі ана тілінде оқыту үшін жүргізген күресінен, ең соңғысы сол ана тілінде оқытатын оқулықтар жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интеллегенциясы өкілдерін баулуынан танылады [7,89]. Ахмет Байтұрсыновтың қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (грамматика) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. “Ахметтің октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Өз қолымен жазған “Өмірбаянында” (1929, 8 наурыз) Ахмет Байтұрсынов былай дейді: “Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен; екіншіден, қазақ алфавитін (шрифтін емес), орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен; үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен; ақыры, ең соңында, төртіншіден, проза (іс-қағаз, публицистика, ғылыми жазба тіл) тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздерінен термин жасау арқылы халықтың жады тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған оқулықтар және өзім редакциялаған “Қазақ” газеті арқылы іске асты”[6,91].

Бұл жолдарда ғалымның өмір бойы жасаған істері тиянақты, жүйелі түрде айтылған. “Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз жазу заманы – жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман...” – деп жазды ол[8,112].

Бұдан кейін жазуға үйрету, хат таныту мәселелері сөз болады. Қазақ мектептеріндегі оқыту жайлы, олардың қиындықтарын таратып айта келіп, автор өзінің оқыту әдістерін ұсынады. Жалпы ғылыми мәні бар пікірлерді де айтып отырады. Мына тұжырымға көңіл бөліп, ой жүгіртіп көріңіз:

“Дүниедегі жұрттардың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбіршек тіл, 2) жалғамалы тіл, 3) қопармалы тіл. Түбіршек тіл түпкі қалыбынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен: қытай, жапон тілдері. Жалғамалы тіл сөздің аяғына жалғау қосылып өзгерілетін тіл, мәселен: түрік, финн тілдері. Қопармалы тіл сөз түбірімен қопарылып, өзгертілетін тіл, мәселен: орыс тілі, араб тілі” Дәл бүгін айтылғандай әсер қалдыратын бұл пікіріне таңданбасқа шара жоқ [3,234].

Сөзімді қорытындылай келе, Ахмет қазақ әдебиетінің атасы. Түркі тілтану ғылымының ағартушысы, көсемі.

«Тіл құрал» тек мектеп оқушыларының басы болмайды, ана тіліміздің сөз басы болды. Халықтың білімді болуына, сауатын ашуына көп көмектесті. Өлеңдеріндегі сөздердің өзі адам көңіліне шабыт беріп, алға талпынуға жол көрсетеді.

Ахметтің ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі – өнегесі – қазіргі заман жастарына өте қажет. Ол халықпен жастарына өте қажет. Ол халықпен, біртұтас қалың елмен тамырлас, ел жүгін қайыспай көтерер нағыз халық перзенті.

Ахмет Байтұрсынов – қазақ халқының «рухани көсемі» болған тарихта айырықша орны бар зор тұлға, ірі қайраткер.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бес арыс – Д.Әшімханов. – Алматы: Жалын, 1992
2. Нұрпейісұлы К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция. // Егемен Қазақстан. 1997 ж. 5 желтоқсан. – 3-5 бб.
3. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 ж., 509 бет. ISBN 5-7667-2616-3
4. «Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясы, Алматы, 2002;
5. «Маңғыстау» энциклопедиясына, Компьютерлік-баспа орталығы, 2007

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ТІЛТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ»

Махметова Корлан Даукеновна

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы

«Талшық орта мектебі» КММ

қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі

korlan.d.m66@mail.ru

XX ғасырдың басында қазақ арасында оқу-ағарту жұмысы екі түрлі бағытта дамып, оның бірі-мұсылманша, екіншісі-орыс тілінде жүргізіліп отырды. Мектеп, медреселерде сабақ беретіндердің көпшілігі Бұхара, Самарқанд, Ташкент, Қазан, Уфа, Орынбор, Троицк сияқты қалаларда оқып шыққан татар, башқұр моллалары болатын да, ал біразы жергілікті жерлердегі мектеп, медреселерді бітірген қазақ моллалары еді. Бұлардың қай-қайсы болсын көбінесе дүмше, Абай айтқандай, құранды теріс оқитын надандар еді. Мектеп, медреселерде ешқандай дүние тану ғылымы, ана тілі, қазақ әдебиеті сияқты пәндер оқылмай, тек діни сабақтар, араб тілі, ислам дінінің қағидалары, философиясы оқылатын. Бұлардың бәрі қазақ балаларына жат, түсініксіз болушы еді. Бұндай оқыту туралы А.Байтұрсынұлы 1913 жылдан бастап шығарылып, өзі редакторлық қызмет атқарған «Қазақ» газеттің алғашқы санында былай деп жазған екен: «Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің

тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халымыз оңды емес. Осы күні орыс школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қылып, хат жазса өзге тілде жазып, қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті»-деп оқырманды ғылым-білімге шақырған, қазақ балаларының ана тілінде сауаттарын ашуға шақырады. Әр тілдің шылауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілінде кітап жазып, әліппесін ұсынды.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. «Тіл – құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл – құралдарының» орны айрықша. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалауындағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі – ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екені олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

Ахмет Байтұрсынұлының 1928 жылы Қызылордада жарық көрген екі бөлімнен тұратын екі кітапты «Тіл жұмсар» деген еңбегі белгілі. Ол методика саласында 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жинаған. Жазу таңбаларын үйрету амалдарын түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы 1912 жылы жарық көрген. Жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын «Әліпби астары» методикалық еңбегінде тағы көрсетеді. 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында қазақ тілі методикасына арналған бірнеше мақала жариялайды.

Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен. Бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынұлы жазуы» дүниеге келген екінші сол жазумен сауат аштыруды ойлаған бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған одан соң қазақ тілінің граматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған бұл үшін «Тіл құралды» жазған.

А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышына» қатысты келесі тұжырым айғақталған: «Ғалым әдебиеттің барлық жанрларына, көркемдік құралдарына қатысты европалық орыс әдебиеттануындағы ұғым, термин, категорияларға шып-шырғасын шығармай түгелдей қазақша балама табады. Баспасөзде, кітаптарда, оқулықтарда, радио-теледидарда қазір кең де еркін қолданылатын сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтығы, тіл дәлдігі, көрнектілігі, оның тараулары, көрнектеу, мегзеу, теңеу, ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, әсірелеу, арнау (сұрай арнау, жарлай арнау, зарлай арнау), қайталақтау, шендестіру, дамыту, үдету, түйдектеу, бүкпелеу, кескіндеу сияқты ұғымдарды тұңғыш рет енгізіп, осы сөздерді термин дәрежесіне көтерген, дәл анықтап берген – Ахмет Байтұрсынов екенін айту – тарихи әділет. Басқа әдебиетшілер соны пайдаланды, дамытты (Қ.Жұмалиев, Е.Исмайылов, З.Ахметов, З.Қабдолов т.б.)...», – дейді Р.Нұрғали.

Осыған орай ғылыми еңбектегі терминдердің қалыптасуына ерекше мән берген: «Қысқасы «Әдебиет танытқыш» кітабындағы бірқыдыру термин, ұғым, категория әдеби тілімізге, ғылыми оралымға кезінде кіргенін айта отырып, бұл еңбекте эстетикалық ойлау жүйемізді әлі де байыта түсетін тамаша қазына, ересен тапқырлықтар бар екенін көрсетуіміз қажет. Сонымен Ахмет Байтұрсынов қазақ, әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым екендігін мойындамау шындық алдындағы қиянат болар еді». А.Байтұрсынұлының теориялық еңбегінің құндылығын анықтай келе Р.Нұрғали былай дейді: «Әдебиет танытқышта» Ахмет Байтұрсынов әдебиеттанудың әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріліп, шет сөзді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-бірімен сабақтас, ұйқас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттық қазақы жүйесін жасап берді. Олардың басым көпшілігі автор репрессияға ұшырап, кітаптың тыйым салынғанына қарамастан әдеби тілге кіріп кетті. Интернационализм дегенді желеу етіп, шет тілді зорлап ендіру науқаны тұсында әдебиеттанудың да шұбарланғаны анық. Әрине қазір роман, лирика, драманы ұзақ әңгіме, толғау, айтыс-тартыс деп өзгерту мүмкін болмас, бірақ Ахмет Байтұрсынов жасаған бірталай терминдер, сөздер қолдануға сұранып тұр» [35-36].

Ахмет Байтұрсынұлының тарихтағы орынын, оның әлеуметтік-қоғамдық істерін дүниетанымдағы кейбір қайшылықтарын өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамның бірі-Сәкен Сейфуллин. Ол «Еңбекші Қазақ» газетінде «Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды» деген арнаулы мақала жазып, онда былай дейді: «А.Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан өз заманында патша, арам кулықты атаман шабармандардың қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жырлап, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт-намысын жырлап, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз – ақ Ахмет еді. Ұлт қамы дегенді көксеген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда бостандыққа жол көрсеткен Ахаң еді», – деп жазған еді.

Әдебиет тізімі:

1. Нұрғали Рымғали. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. Астана, «Күлтегін» баспасы, 2002. – 528-бет.
2. [www. q-qljbal . aef. kz](http://www.q-qljbal.aef.kz).Қазақстанның ресми сайты.
3. Айбын.Энциклопедия./Бас редакторы Б.Ө.Жақып.-Алматы: «Қазақ энциклопедиясы»,2011.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ «ҚАЗАҚ ӘЛІП -БИІ»

Мұстафина Күнсұлу Нұржанқызы

СҚО Петропавл қаласы

«№ 32 орта мектеп» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-зерттеуші

mustafina.k71@mail.ru

Ахмет Байтұрсынұлы – өзінің бүкіл саналы ғұмырын қазақ жазуын қалыптастыруға арнаған ұлы ағартушы-педагог. Ол - акын, аудармашы, журналист, әдіскер, қазақ тілі оқулықтарының тұңғыш авторы, қазақ әліпбиінің алғаш іргетасын қалаушы ғалым.

Ол қоғам, ғылым және мәдениеттің өркендеуі жазу арқылы ғана іске асатынын жақсы түсінді.

Қазан төңкерісіне дейін түркі халықтарының біразы, солардың ішінде қазақтар да араб жазуын қолданды. Ислам дінінің енуіне байланысты IX -X ғасырлардан бастап түркі халықтары арасында тараған араб жазуы жергілікті халықтар тілдерінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкестендірілмей, арабтарда қалай қолданса, сол қалпында өзгеріссіз түркі тілдерінде де қолданылды. Өйткені өз заманында қалыптасқан ұғым бойынша араб тілі канондық тіл деп есептеледі, сондықтан оны өзгертуге арабтарға тәуелді болған халықтардың хұқы болмады. Сол себептен консонаттық принципі араб жазуы түркі тілдерінің дыбыс жүйесіне сай келмеді. Бірақ соған қарамастан ол он шақты ғасыр бойы түркі халықтарының, солардың ішінде қазақ халқының да мәдени-рухани дамуына қызмет етіп келді.

Араб жазуына байланысты зерттеу жұмыстары Қазақстанда XIX ғасырдың екінші жартысынан басталады. Араб жазуының қазақтың дыбыстық жүйесіне сай еместігін Ш.Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Н.Ильминский, П.Мелиоранский сияқты түркологтар өткен ғасырдың өзінде-ақ байқап, орыс тілі графикасын алуды ұсынған болатын.

Сонымен қатар, жазу мәдениетіне байланысты біраз пікірлер «Дала уалаяты» газеті, «Айқап» журналы беттерінде жарияланды. Бірақ бұлардың барлығы да алғашқы бастама, жеке адамдар пікірі түрінен аспады. Сондай-ақ, жас ұрпаққа білім беру мәселесін қалай тиімді етіп ұйымдастыруға болады, қайтсек, балаларымыз тез сауаттанып, білімді адам болып өседі деген сұраулар төңірегінде пікірлер жарияланып отырды.

Осындай пікірлер алмасуда Ахмет Байтұрсынов та қатынасты. Ол «Айқап» журналының 1912 жылғы 4- санында жарияланған мақаласында

балалардың оқу саласында тез өсіп жетілуінің бір кілті оларды ана тілінде оқыту, ол үшін ана тілінде оқу құралдарын жазу, ал оны жазу үшін қолданып жүрген жазуымызды өз тіліміздің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіру, оны сәйкестендіру үшін тілімізде қандай және қанша дыбыстар бар екенін ашып, соларға үйлесімді әріпті айқындау қажет деп есептеді. Осы мақаласында дұрыс жазу үшін қазаққа 24 белгі жетеді, оның бесеуі дауысты, екеуі (у,й) жарты дауысты дейді. Дауысты дыбыстардың жіңішке түрін білдіру үшін дәйекше алынатын болсын дейді. Дыбысқа сәйкес әріп алынбаса, сөздің жазылуы мен айтылуы бөлектенбей қала алмайды деген ойын бірнеше жерде жұмырлайды, дыбыстар мен әріптер арасындағы қарым -қатынасты терең барлай келе, арасында сәйкестік күшті болғандықтан, сөздің жазылуы мен айтылуының арасында да үйлесімдік күшті екенін анықтайды.Тілдегі бар дыбыстың бас- басына арнаған белгісі бар болса, тәртіпті жазу болатынын қайталай ескертіп отырады. Одан әрі жоғарыда аталған 24 белгінің тізімін береді де, солардың әрқайсысының жазуда қандай орында, қалай қолданылатынын сөз етеді. Бұл – араб жазуын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп қолдану бағытындағы алғашқы ғылыми пікір болуымен бірге, қазақ тіліне тән дыбыстарды, олардың түрлерін, емлесін тілімізде сөз еткен алғашқы еңбек, қазақ фонетика ғылымының қазақ тіліндегі тұңғышы болатын.

Қазақ жазуының тарихи деректері бойынша Ахмет Байтұрсынұлы 1910 жылдан бастап, қазақ жазуын қалыптастырумен айналысып, араб таңбаларының негізінде, төл жазу жасаған. Оның тіл ғылымы еңбектерінің маңызы туралы филология ғылымдарының докторы, академик, профессор Рабиға Сыздықова: « - Қазақ баларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған адам. Сол үшін қазақша сауат ашатын әліппе құралын жазды. Ол «Оқу құралы»(Қазақша Әліфбе) деген атпен алғашқы рет 1912 жылы Орынборда басылды.Сол жылдары көптеген авторлардың әліппелері жарық көре бастады, бірақ олардың көбі бірер басылымнан артық жарияланбай, кеңінен қолданыс таба алмады. Солардың қатарында шыққан Аханның әліппесі – «Оқу құралы» 1912 – 1925 жылдар арасында 7 рет қайта басылып, оқу-ағарту жұмысында ұзағырақ әрі кеңірек пайдаланылды.(«Тіл тағылымы», 19-бет)

Ахмет Байтұрсынов 1926 жылы «Әліппенің» жаңа түрін жазады, бұл осы күнгідей суреттермен жабдықталған оқулық болды.Ол «Жаңа әліп-би» Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткішінде» (Қызылорда, 1926) былайша бағаланады:

«Жаңа құрал. Қазақ тұрмысына үйлесімді сүгіреттері бар. Емлесі жаңа. Қазақстан Білім ордасы мектептерде қолдануға ұйғарған.... Ахметтің 7 рет басылған бұрынғы «Әліп-би» («Оқу құралы») қазақ жұртына орасан көп пайда келтірген еді...Бірақ соңғы кездерде жаңа тәртіптер шыға бастағаннан кейін ол «Әліп-би» әдіс жөнінен де, мазмұн жағынан да ескірген. Мынау

жаңа «Әліп-би» бұрынғысынан қай ретте болса да артық. Бұл «Әліп-би» мазмұны қазақ жағдайына қарай, Мемлекет Білім Кеңесінің жаңа программасына үйлесімді болып шыққан. Әңгімелері балалар үшін қызық, жеңіл, заманға лайық. «Әліп-би» көңілдегідей болып шыққан» (Білім кеңесі)

Ахмет Байтұрсынов тек мектеп оқушыларына ғана емес, ересектердің сауаттарын ашуға арналған «Әліп-би» де жазған(1924-1926жж басылған) - деп, ғылыми пікір айтқан болатын.(«Тіл тағылымы» 20-бет).

Ахмет Байтұрсынұлы араб графикасын қазақ емлесіне ыңғайлап, қайта өңдеп жасайды. Әліппені қазақ танымына, ұлттық түсінігіне лайықтай жазады.

Саяси, мәдениет қайраткері Смағұл.Садуақасовтың пікірінше, Ахмет қалыптастырған әліппенің қазақ жазуы деген атқа ие болып, жалпы халықтық сипат алуы 1915 жылдан басталады.

Ахметтің өзгертуімен жасалған араб әліппесі негізгі қазақ жазуы латын жазуына көшкенге дейін барлық жұмыстарда да қолданылып келді.

Қазақ жазу ілімінің атасы Ахмет Байтұрсынов сегіз қырлы, ой өрісі, дүниетанымы мейлінше кең, дарқан талант иесі, сирек кездесетін біртуар кесек тұлға.

Туған халқының болашағы, тәуелсіздігі үшін жан аямай еңбек еткен асыл азамат сталиндік зұлымдықтың құрбаны болып, кеңес түрмесінде жазықсыз жазаланып, келмеске кетті. Бірақ қазақ даласында ұлы перзенттің есімі ешқашан ұмытылмайды және ұмыт қалмайды.Ер есімі – ел есінде мәңгілікке сақталады.

Әдебиет тізімі:

1. А.Байтұрсынов. «Тіл тағылымы»,Алматы, 1992ж.
2. Т. Қордабаев. «Қазақ тілі білімінің қалыптасу, даму жолдары» Алматы «Рауан», 1995ж.

ТІЛ ДАМУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІНЕ ШОЛУ

Саркенқызы Ақмарал

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Академиясы тілдік дайындық кафедрасының бастығы, филология ғылымдарының кандидаты

Тіл байлығын дамыту, өз ойын дұрыс, жүйелі айта білу және мәдениетті болуының маңыздылығы туралы тұңғыш пікір айтып, іске асыруды бастаған – Ы.Алтынсарин. Ол осы бағдарламаға сәйкес балаларды сөйлеуге жаттықтыру үшін Ы.Алтынсарин оқулық жазып, хрестоматиялар жасады. Ол мектептегі балалардың жас ерекшелігі мен біліміне орай сауатын ашып, ойын, тілін дамыту үшін дұрыс оқулықтар қажет деп тапты. Оның 1862 жылы Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Сіз қазақтың табиғи тілін бұзатын татаризмге өте қарсы екенсіз, ал, мен де көптен бері осы пікірде болатынымын. Молдалар өздерінің адам басын қатыратын ерекше

касиеттерінің үстіне, қазақтың табиғи тілін бұзып жүр. Басқа халықтар сияқты қазақтарға да олардың өздеріне түсінікті тілде жазылған кітаптар керек»,—деуі, бұл пікірді дәлелдей түседі [1, 270].

Өз кезінде қазақ тілін оқыту арқылы сөйлеуге үйрету мәселелері бойынша құнды пікір айтқандардың бірі — А.Байтұрсынов. Оның тіл мәдениеті туралы пікірлерінің құндылығы енді ғана зерттелуде. Ол тіл мәдениетіне мынадай талаптар қояды: «Тілдің қисынды болуы, айтушы ойын өзі үшін айтпайды, өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін сөзін жақсы қолдана білуі тиіс» [2, 142]. «Біз қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішінде орын—орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз,— деген қағиданы ұсынады да, оған қатысты ұғымдарды: «Сөз қисыны», «Сөз таңдау», «Тіл тазалығы», «Тіл анықтылығы», «Тіл дәлдігі», «Тіл көрнектілігі»,—деп анықтап [3,140], сөйлеуге жаттықтыру талабын негізгі мәселе ретінде қарастырды. Бұл қағидалардың әрқайсысын дәлелдеп түсіндірді. Кезінде айтылған А.Байтұрсыновтың бұл пікірлері әлі де өз құндылығын жойған жоқ.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша ғылыми-әдістемелік еңбектер 1930 жылдан бастап шыға бастады. Алғашқы кезде тек мақалалар түрінде көрінді, тілдің жеке салаларын оқытуға қатысты ірі әдістемелік еңбектер болған жоқ.

1930 жылдарда қазақ тілінің теориясы мен оны оқыту әдістемесі ғылымына Қ.Жұбанов бастаған бір топ ғалымдар келді. Олардың қатарында С.Аманжолов, С.Жиенбаев, Ш.Х.Сарыбаев, Ә.Бегалиев, Қ.Басымов, С.Кеңесбаев, Ә.Сәдуақасов т.б. болды.

Қазақтың тұңғыш лингвист профессоры Қ.Жұбанов — қазақ тілі теориясын ғана емес, оның әдістемесінің де негізін қалаған ғалым. «Қазақ тілі грамматикасы» оқулығында оның: «Сөз бөлшектерінің жасалуы үйдің салынуы сияқты қиыннан тауып қаламасаң, байлауын тауып ұстамасаң, сөз бөлшектері де сөгіліп кетеді», — деген сөздерінен сөз өнеріне жауапкершілікпен қарау қажеттігін ескертетіндігін аңғаруға болады [4, 18 б.].

Сонымен бірге, ғалымның: «Буынды жақсы білмесең ажарлап сөйлеу, әсерлеп оқу сияқты сабақтарды да дұрыс алып бара алмайсың» - деген пікірі сөйлеу тілін дамыту мәселесінде орфоэпия мен фонетиканың да алатын орны ерекше екендігін көрсетеді [4, 33].

Тіл дамыту мәселесі мектеп қабырғасынан басталатыны белгілі, тіпті оны балабақшадан бастаса да артық болмайды.

С.Жиенбаев оқушының сөз байлығын молайту үшін: 1) оқушының сөз сапасын арттыратын; 2) ойлағанын дәлелдеп, жүйелеп айтуға дағдыландыратын; 3) дұрыс жазуға үйрететін жұмыстар жүргізу керек деп есептеп, сөйлеуге жаттықтыратын жұмыс түрлерін, оны жүргізудің мынадай әдіс-жолдарын да көрсетті: а) қиын сөздердің мәнін сурет арқылы түсіндіру; ә) оқушылар сөйлеген уақытта оларға ойын дәл көрсететін сөзді тауып айтуға, мүмкін болғанша жәрдемдесіп отыру; б) жаңа сөздерді жаздырғанда,

тұтас мәтінге сол сөзді ендіруді тапсыру т.б. [5, 22].

С.Жиенбаев қазақ тілін оқытудың әдіс-тәсіліне назар аударып, мәтін мазмұнын балалардың қабылдауы оқу әрекетіне байланысты екенін, мәнерлеп оқи білуге дағдыландырудың маңызын айрықша атап, оқығанды талдау (әңгімелеу, мазмұндау, қорытынды шығару) жұмыстарының түрлерін анықтап, сөйлеуін жетілдіру үшін істелетін жұмыстың ең маңыздысы – мазмұндама, шығарма жаздыру деп біледі.

Ә.Бегалиев – қазақ тілін оқыту әдістемесінің ғылыми негізін қалаушылардың бірі. Ол бастауыш сыныптарда тіл дамыту мәселесін ғылыми тұрғыда зерттеп, тіл дамыту мәселесін оқытуды өз алдына жеке мәселе ретінде қарастырды.

Ә.Бегалиев сөйлеу дағдыларын қалыптастыру жұмысының бір түрі сөз мағыналары бойынша жұмыс туралы түсінік беру деп анықтап, ана тілін оқытуда кездесетін оқушылардың түсінуіне қиын сөздерді 5 топқа бөледі:

1) затты, сынды, амалды білдіретін кейбір сөздерді оқушылар мүлде білмейді, мысалы: *маусым, сонар, бетегелі т.б.*

2) мәтіндегі кейбір жергілікті ерекшелігі бар сөздерді білмейді, мысалы: *шалбар–сым, алжапқыш–белдемше т.б.*

3) сөздің қосымша жалғанғандығы немесе сөз тізбегіндегі қосымша мағынасын ажырата алмайды. Мысалы: *құладым–құлап кете жаздадым, жылы–жылылау т.б.*

4) Кейбір сөздің ауыспалы мағынасын ажырата білмейді. Мысалы: *құс ұшты – Сәрсен үкідей ұшты, қолымды сермедім – қолымды кеш сермедім т.б.*

5) кейбір сөз мағынасын білмейді. Мысалы: *көз тоймаушылық, күншілдік, ұрынишақ т.б.* [6, 61].

Мұндай түсініксіз сөз мағыналарын игертудің тиімді әдіс-тәсілдерін келтіреді: балаларға таныс емес сөздер белгілі бір заттың ұғымын білдіретін болса, сол заттың өзін не суретін көрсету, егер дерексіз ұғым болса, түсіндірмелік немесе синонимдік мағынасын анықтау жолымен түсіндіру; білмейтін сөздерді басқа білетін ұқсас ұғымдармен салыстыра үйрету; түбір сөздің мағынасын талдау арқылы түсіндіру; ауыспалы мағынаны («бұрма») түсіндіргенде, тура немесе оқушыларға таныс, білетін сөздермен алмастыру арқылы түсіндіру керек деп көрсетілген.

Сонымен, 1930–1950 жылдардағы әдістемелік әдебиеттерде тіл дамыту мәселесі қазақ тілін оқыту мақсатының қажетті де маңызды саласы деп есептелгенімен, сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын дамыту арнаулы түрде қарастырылмады.

Соғыстан кейін 1950 жылдардың ортасынан бастап, қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылыми жүйеге түсті. Қазақ тіл білімі, грамматикасы, әдеби тіл нормалары, стилистикасы мен тіл мәдениеті мәселелері М.Балақаев, С.Кеңесбаев, Р.Әміров, Ә.Болғанбаев, А.Ысқақов, Ф.Мұсабекова, Р.Сыздықова, Н.Оралбаева, Н.Есенов, Ә.Хасенов, Т.Қордабаев, А.Исаев, М.Серғалиев т.б. ғалымдардың тарапынан терең зерттеліп, тіл білімін дамыта оқытуға негіз жасала бастаса, оны оқыту әдістемесі жаңа ғылыми зерттеу

нысанасына айналды.

«Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды жақсартуға» арналған республикалық кеңесте Ә.Шәріпов: «Грамматикалық материалдарды өтудегі басты кемшілік – оқушылар белгілі бір ережені жаттап алумен ғана тынып, оны практикада қолдануды білмейді, - дей отырып, бірқатар мұғалімдер тіл дамыту дағдыларының әр алуан түрлерін қолданбай, жаттығу жұмыстарының тек біркелкі түрін ғана жүргізумен болды», - деп, тілден теориялық білім беруді ғана мақсат ететіндігін сынады [7, 9].

Р.Әміров тіл дамыту жұмысын ұйымдастыруға мынадай талаптар қояды:

1) Оқушылардың сөздік қоры мол, бай болуға тиіс. Сөздік қоры мол оқушының ұғымы да кеңейе береді, тілі оралымды болып, пікірін толық жеткізе алады.

2) Оқушылардың сөзі грамматикалық жағынан дұрыс, мінсіз болуға тиіс. Сөйлемдегі сөздердің орны, грамматикалық байланысы тілдің заңдарына сай болғаны жөн.

3) Оқушылар өз ойын рет–ретімен бір жүйеге түсіріп айта білуі тиіс. Бұлай дағдыланбаған оқушы әңгімедегі оқиғаларды еске түсіруіне қарай байланыссыз шашыратып айтады да, оның мәні мүлде түсініксіз болып шығады.

4) Оқушылар ойын күмілжітпей, айқын дәл айтуға үйренуі керек. Бұл үшін айтайын деген ой ұғымына мағынасы дәл келетін сөзді теріп жұмсауға, ойды білдіруге көмегі жоқ, артық сөздерден аулақ болуға, таза сөйлеуге дағдыландырылады.

5) Оқушылар сөйлем ішінде ойдың тірегі болып тұрған сөздерді тауып, оған логикалық екпін түсіре сөйлеуге, лепті, сұраулы, хабарлы сөйлемдерді, төл сөздерді тиісті интонацияға түсіріп сөйлеуге дағдылануы тиісті деп есептейді [8, 31].

Кейін қазақ тілін оқыту арқылы баланың тілін дамыту туралы еңбектер көріне бастады. Мәселен, Д.Әлімжанов, С.Маманов, Х.Арғынов, С.Рахметова, Қ.Шәукенов, Е.Құлмағанбетова, Е.Көшербаев, С.Қазыбеков т.б. ғалым–әдіскерлердің зерттеу еңбектерінде баланың сөйлеу икемділіктерін дамытудың кейбір мәселелері сөз болды.

Д. Әлімжанов пен С.Мамановтың «Қазақ тілін оқыту методикасы» атты оқулығында: «Қазақ тілін оқыту әдістемесі – ғылыми жүйеге келген, теориялық негіздері айқындалып, практика жүзінде іске асырылып отырған ғылыми пән. Ол қазақ тілінің ғылыми жүйесі мен оның ішкі заңдылықтарын оқушыларға шығармашылық тұрғыда оқытып үйрететін дербес әдістері бар пән болып қалыптасты», - делініп атап өтілгенімен, бұл оқулықта да оқушылардың тілін дамыту мәселелері «Тілден өтілетін материалдарды (оның ішінде фонетика, лексика, морфология, синтаксис салаларының) оқыту мақсатын көрсетіп, мектеп оқушыларынан қазақ тілінен білім беру, сауатты жазуға баулу, дұрыс сөйлеуге үйретудің жолдарын насихаттайды», – деп көрсеткенімен, тіл дамытудың жүйесі, әдіс–тәсілдері арнаулы

карастырылмады [9, 10].

Бұл кезеңде қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымына өзіндік үлес қосқан әдіскер ғалымдарымыздың бірі – Хасен Арғынов. Ол оқушыларға тілден білім мен дағды берудің негізгі мақсаты мен тілдік құралдарды меңгертудің негізгі міндеті сөйлеуге үйрету деп есептеп, тілді меңгертуде синтаксистік негізде оқыту бағытын ұстанды. Мәселен, «Қазақ тілінде өз ойын дұрыс айтып, я жазып бергісі келген адамға қазақ тілі синтаксисін білу–ең негізгі, ең басты шарт. Қазақ тілі синтаксисінен саналы да терең білімі бар оқушы ана тілінде оқытылатын басқа пәндерден жеңіл де берік білім ала алады, әрі білгендерін өмір кәдесіне еркін жарата алады. Сонымен, жас буындар өз ойын анық та айқын етіп жеткізу, өзгенің ойын дұрыс түсіне білу үшін мектепте синтаксисті оқиды», – деп, бұл саланы оқытудың мақсат–міндетін дұрыс пайымдайды [10, 18]. Баланың сөйлеу икемділігін жетілдіру үшін: оқушылардың ойлау қабілеті мен тілін, дүниетанымын дамыту; қазақ тілі ғылымының табысы негізінде оқушыларға құрмалас сөйлем синтаксисінен тиянақты да терең, сапалы білім беру арқылы сөйлеуге үйрету; оқушыларға күрделі ой-пікірін, сезімін қазақ тілі нормасына сай дұрыс айта және жаза алатындай заңдылықтар қалыптастыру деп, тіл дамыту жұмыстарын сөйлем синтаксисін игерту негізінде жүргізуді қуаттады.

Х.Арғынов оқушылардың сөйлеу мен ойлау қабілетін, ой-өрісін жетілдіру мен тілдік қорын байытатындай мақсаттағы синтаксистік жаттығулар мынадай шарттарға негізделуін талап етті: жаттығулар арқылы тілдік құбылысты байқату; оқытылып отырған материалды оқушының бұрыннан білетінімен салыстыру, өзіндік белгілерін тануға дағдыландыру; бақылау арқылы оқушыларға өз ой-өрісін қалыптастыру мен ой қорытындысын жасауға баулу; синтаксис пен пунктуациядан алған білімін қатысымда қолдана білуге бейімдеу т.б. [10, 89]. Бұл бағытты Н.Қазыбаев, Б.Құлмағанбетова, Ә.Қасымбеков, И.Ұйықбаевтар да қолдады.

Тіл дамыту мәселесі 1970 жылдары күн тәртібіне өткір қойыла бастады, өйткені қазақ мектептеріне реформа жасалды. Бұл өзгертудің мәнін 1970 жылғы конференцияда А.Ысқақов: «Жаңа бағдарламада “Тіл дамыту» деп аталатын жұмысқа ерекше назар аударылып отыр. Бұл жұмыс – өмір талабынан туған нәрсе. Қауымның жалпы мәдениетін көтеріп, сөйлейтін, жазатын ойды әрі айқын, әрі жатық, әрі әуезді етіп құруды қалайды. Бұл үшін оқушының тілін жазуда да, ауызша да дамыту қажет», - деп көрсетті. [11, 20].

Бағдарлама қазақ тілін оқытуда ендігі жерде «байланыстырып сөйлеу» деген тақырыппен тіл дамытуға арнаулы сағат бөлді. Бірақ бұл бағдарлама оқытуда тіл дамытудың бір-ақ міндетін, тілден алған білімін өз тәжірибесінде қолдана білуге үйрету мақсатын ғана қойып, қатысымдық сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын дамыту талап етілмеді. Мәселен, Б.Кәтенбаева, Б.Құлмағанбетова, Х.Арғыновтардың: «4-9 сыныптарда тіл ұстарту» деп аталатын мұғалімдерге арналған көмекші құралында тіл ұстартудың мәні: мазмұндама мен шығарма жаздырып үйрету; баяндау сипатында жазылған мәтіндер ұсынып, сол бойынша шағын немесе толық мазмұндама, оқыған кітаптар, көрген кинофильмдері және туған өлкеде

шыққан саяхаттар жайында әңгімелетіп, пікірлерін, мақала жаздыру; шағын өмірбаян, өтініш, хат, адрес жаздыру т.б. деп көрсетеді [12, 7]. Бұл жұмыс өз кезеңінде бағдарлама талаптарына сәйкес тіл ұстарту жұмыстарын қалай жүргізуге болатындығына жауап беретін әдістемелік нұсқау дәрежесінде болды.

Сонымен, 1970–1980 жылдарда тіл дамытудың «Тіл ұстарту», «Байланыстырып сөйлеу» деген бөлімдерінің негізгі міндеттері анықталып, сол бойынша жұмыс түрлері ұйымдастырыла бастады.

Р.Сыздықова: «Ең алдымен тіл мәдениетіне үйрету – тілді дұрыс қолдана білгізу деп мектептерімізде күні бүгінге дейін тілдің құрылымын теориялық тұрғыдан танытуға басты назар аударамыз да, сол теориялық түсініктерді тәжірибе жүзіне асыра білу дегенді назардан тыс қалдырамыз. Оның себебі сөздің жеке алғандағы мағынасы болумен қатар, қолданыста қосымша реңктері шығатыны айтылмайды, қысқасы сөздің қолданыстағы қылығы мектепте арнайы өтілмейді. Осының салдарынан мағынасындағы қосымша реңктері жағынан жуыспайтын сөздерді жанастырып айтып, ойын нақты жеткізе алмау байқалады», – деп, дұрыс шешім жасайды [14, 25]. Сөйтіп мұндай ой–пікірлер баланы сөйлеуге дағдыландыру тілдің әдеби стилистикалық нормаларының негізінде жүргізуге жетекші болды.

Өмір талабына байланысты тіл дамытудың жалпы мәселелерімен бірге жекелеген бағыттары бойынша да зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Бұған А.Жапбаров пен М.Мусинаның «Қазақ тілі сабақтарындағы тіл дамыту» еңбегін жатқызуға болады [15]. Бұл еңбекте алғаш рет қазақ тілі пәнін оқытудағы тіл дамытудың ғылыми негіздерін, салалары мен міндеттерін анықтауға қадам жасалды. Сондай-ақ фонетика, лексика, морфология және синтаксистен білім беруге байланысты оқушылардың тілін дамытудың әдіс-тәсілдері қарастырылды. Авторлар мұғалімнің тілін дамыту жұмысындағы әдіс-тәсілдерін анықтап, оқушылардың қызметін ұйымдастырудағы жаттығу жұмыстарын жүйеледі.

1990 жылдарда оқушылардың тілін дамыту мәселесі біршама жүйелі түрде зерттеле бастады. Т.М.Әбдікерімова өзінің зерттеуінде мәтін құрастыру арқылы оқушылардың тілін дамытуда оң нәтижеге жетуге болатынын дәлелдеді.

Бұл зерттеуде мәтін, қайырым, сөйлем деген лингвистикалық ұғымдар сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында бір–бірімен байланысты, тұтастыққа қарастырылды. Сөйлем құрау, қайырым түзе білу, мәтін құрастыру арқылы оқушының тілін дамыту жолдарын анықтады. Әсіресе, сөйлемдердің өзін бір–бірімен байланыстыра құрату арқылы белгілі бір қайырым, одан жүйелі мәтін құрастыруға жаттықтыру арқылы оқушының мазмұнды сөйлей білуге дағдыландыру әдістемесін көрсетті [16]. Әйтсе де, еңбекте мәтіннің өзіне тән белгілері, түрлері, құрылысы т.б. мәселелері мектеп оқушыларының жас ерекшелігіне сай болу мен жүргізілетін жұмыстар нақтыланбады, мәтін синтаксисі бойынша сөйлеу, тіл дамыту амалдары көрсетілмеді.

1991 жылы Б.Кәтенбаева «Тіл ұстарту жұмыстары бойынша методикалық нұсқаулар» деген еңбек жариялады [19]. Ғалым еңбегінде тіл ұстартуды төмендегіше түсіндіреді: «Тіл ұстарту – сөздерден сөз тіркесін, сөз тіркесінен сөйлем, сөйлемнен күрделі ой, күрделі ойдан әңгіме, шығарма құрастыруға дейін сөздерді өзара байланыстырып, ойды жүйелеп айтуға, айтқанын жазбаша түрде жеткізе білуге дағдыландыру жолындағы амал–тәсілдерді қарастыратын және осы мақсатта мұғалімдердің шеберлігін аса қажет ететін күрделі процесс.

Тіл ұстарту – ауызша, жазбаша тілдің заңдылықтары негізінде оқушыны мәдениетті сөйлеуге, әдеби тіл нормаларын меңгеріп, сауаттылығын арттыруға, ауызша және жазбаша тіл стильдерінің ерекшеліктерін танытуға арналған амал–тәсілдер жиынтығы. Сондықтан тіл ұстарту сөйлеу тілін, жазбаша тілді дамыту жұмыстарын қарастырады. Ауызша сөйлеу тілі мен жазбаша тілдердің өзіндік стиль ерекшеліктері мен заңдылық нормалары бар» [19, 76]. Бұл кез тіл дамыту мәселесінің жаңа ғана қарастырыла бастаған кезі болғандықтан, Б.Кәтенбаева оны толық түсіндіруге ұмтылғаны үзіндіден көрініп тұр. Еңбекте әдіскер–ғалым оқушылардың тілін ширатудың амал–тәсілдері мен жүргізілетін жұмыс түрлерін қарастыра келіп, қазақ тілі курсының мектепте оқытылу жүйесін, ондағы тіл ұстарту және сөздік жұмыстарының тізілісін мынадай кесте түрінде көрсеткен:

Бұл кестеден сөздік жұмысы қазақ тілі курсының барлық жүйесі бойынша да жүргізілуі қажеттігін байқауға болады. Сонда ғана баланың сөздік қоры дамып, ауызша да, жазбаша да сөйлеуі талапқа сай болатындығы сөзсіз. Әрине, бұл жұмыстардың нәтижелі болуы ұстаздың шеберлігіне, ізденімпаздығына байланысты.

Ғалым еңбегінде оқушыларға мына жұмыс түрлерін жасатуды ұсынған: оқушылардың ізденіс жасаған шығармашылық жұмыстарының қорытындысын жинақтап айтқызу, ойдан әңгіме, өлең шығарту, көпшілік алдында сөйлеуге баулу, текст оқу, мәнерлеп оқу, хабарлау, сын айту, айтыс, жарыса сөйлеп айтысу, таласу, есеп беру, үгіт-насихат, баяндама жасау, құттықтау. Бұлар – ауызша жұмыс түрлері. Ал, жазбаша тіл дамыту түрлеріне мазмұндама және әңгіме жазу келтірілген. Әрине, бұл тіл дамытуға берілген бағыт-бағдар деп түсіну керек.

1998 жылы Н.Құрманова сөз тіркесін оқытудағы тіл дамыту әдістемесіне арнап еңбек жазды [20]. Ғалым адамда бай сөздік қор болумен бірге, ол сөздік қорды дұрыс, жақсы қолдана білу дағдысы қалыптасуы керек деп санайды. Автордың тілде ең жиі қолданылатын тілдік синтаксистік бірліктердің бір түрі сөз тіркесін оқытуда тіл дамытуды арнайы зерттегені мәселенің маңыздылығына байланысты және ол мұғалімдер үшін үлкен көмек болды. Мәселенің маңызын ғалымның мына сөзінен көруге болады: «...сөз тіркесінің оқушы үшін ойлау мен сөйлеу шеберлігіне дағдылануында өзіндік орны бар оқушының ойлауын дұрыс бағытта қалыптастыру ісі, өз кезегінде дүниетанудың белсенді қызметін, білім алуға деген құштарлығын арттыра алады. Біз оқушыға сөз тіркесін таныту барысында сөздердің ішкі

тіркесімділік талабы мен тіркесу талғамы туралы, қабілеті мен мүмкіндігі туралы түрлі аспектіден білім берсек, ол берілген білімнің жүйесі оқушының тілдік құбылысқа биік тұрғыдан түсіне қарауын ғана емес, сөйлеу барысында сөйлеу мәдениетінің де биік талаптарға жауап бере алатындай болуына ұмтылады» [20, 13]. Ғалым осы еңбегінде тіл дамыту барысында жасалатын жұмыстың барлық түрін саралап, талдап көрсеткен, олар: жаттығулар кешені, тіл деңгейлерін байланыстыра оқыту, тіл дамытуды тәрбиемен ұштастыру т.б.

1999 жылы Н.Құрманова «Сын есімді оқыту барысында тіл дамыту әдістемесі» деген монография шығарды [21]. Бұл еңбегінде ғалым тіл дамыту мәселесінің теориялық негіздеріне үлкен орын берген. Ол грамматикалық тақырыпты оқытуды тіл дамытумен байланысты жүргізу міндетті деп санайды. Ғалымның осы пікірімен келісе отырып, ол үшін не істеу керек екенін зерттеушінің өз сөзімен берейік:

1) Грамматикалық тақырыпты оқытуда оқушының сөйлеу тілін дамыту үшін, тілдік тұлғалардың барлық сатысындағы байланысты көрсетіп отыратын жаттығулар жүйесін жасау қажет. Морфологиялық тақырыпты лексикамен, синтаксиспен, фонетикамен, стилистикамен байланысты оқытпайынша, тіл дамыту міндеттерін шешу туралы сөз қозғаудың жөні жоқ. Бір сөзбен айтқанда, тілдік заңдылықтардың кешенді (комплекті) түрде оқытылуы – оқушының сөйлеу тілін (ауызша, жазбаша) дамытуға үлкен жол ашатын әдіс.

2) Біз айтқалы отырған екінші жолда кешенді–кіші методикалық кешен жасалуы тиіс. Басқаша айтар болсақ, әрбір грамматикалық тақырыпты оқыту методикасының тіл дамыту жұмысымен байланысты оқытылу кешені болуы тиіс [21, 78].

Ғалым мектептерде тіл дамытуға берілген сағаттардың дұрыс пайдаланылмай жүргенін айтып, оны жөнді, ретімен орынды пайдалану үшін, «Тіл дамыту жаттығуларының нақты грамматикалық тақырыпқа байланысты жүйеленіп берілуі және арнайы тіл дамыту сағаттарының тақырыптары мен олардың мазмұндары методикалық тұрғыдан өте айқын ашылып берілуі қажет деген» [21, 79].

Аталған еңбекте тіл дамыту жаттығуларының, басқа да әр түрлі жұмыстардың үлгісі берілген. Н.Құрманованың бұл еңбегі кейінгі тіл дамыту мәселесін зерттеушілерге үлгі болды.

2004 жылы Н.Құрманова «Қазақ мектебінде сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми әдістемелік негіздері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады [22]. Дамыта оқыту технологиясына қазір тілді оқыту әдістемесінде ерекше мән беріліп отыр. Әдістеме іліміндегі жаңа әдіс – дамыта оқыту технологиясының мектепте сөз тіркесін оқытуда ерекше орын алатындығын ескеріп, өз зерттеуіне соны негіз еткен. Оны мына сөзінен байқауға болады: «Оқушылардың теориялық ойлауын дамыту мәселесі қазақ тілін оқыту әдістемесінде назарға алынбай келеді, кейде ғалымдар арасында ойлауды дамыту таза психологиялық проблема деп санау бар. Оқушыны даяр білімді қабылдаушы объект емес, білімді өз бетімен ізденуші субъект деген түсінікке келу оқыту жүйесін соған

лайықтауды қажет етеді. 5-11 сыныптарда сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқытудың басты ерекшелігі оқушылардың өз бетімен білім алу, ізденімдік – зерттеу дағдылары қалыптасуына бағыт алуымен танылады» [22].

2004 жылы А.Жапбаров «Қазақ тілін оқыту барысында оқушылар тілін дамытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады [23]. Ғалым еңбегінде сөз мағынасын меңгеруге апаратын таным, ұғым мәселелерін де ашып алуға ұмтылыс жасалған.

Ғалым еңбегінде сөйлеудің лексикалық икемділігі, дағдысы және сөздік қорды байыту мәселесін арнайы зерттеген. Осы мәселеде автор тіл дамытуды үш деңгейге бөліп қарастырып, сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын дамытудың ұстанымдары мен жүйесін дұрыс белгілеген.

Пайдаланылған әдебиет:

- 1.Салқынбай А.Б., Көккөзова М.Б. Қазақтың тілші-әдіскер тұлғалары. Алматы: Нұр-пресс. 2006.-137 б.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. -А., Ана тілі, 1992, 448 б.
3. Байтұрсынов А. Шығармалары: -А.: Жазушы, 1989, 320 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТІЛ БІЛІМІ МЕН ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫСЫ

Махмутова Салтанат Сабыровна

СҚО Петропавл қ.

«ЛОРД дарынды балалар үшін мамандандырылған
облыстық мектеп-лицей-интернаты» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-зерттеуші,

saltanat_ms_1981@mail.ru

Қазақ тілі түрік халықтарының ішіндегі ең көркем де бай тіл екендігін талай атақты, белгілі шетел ғалымдарының, кейінгі өзіміздің алаш зиялылары мен қазіргі кезеңдегі тамаша-ғалым-қайраткерлеріміздің жазып, дәлелдеп кеткенін артық айтудың бұл күнде қажеті жоқ шығар.

Бүгінгі күні әлемде қай жағынан болсын өз орнын ойып алған тәуелсіз егеменді еліміздің мемлекеттік тілі болып отырған қазақ тілінің дүние жүзіндегі қай тілмен болсын теңдесе алатын уақыты келді. Тек соны ата-бабаларымыздың, алаш ағаларымыздың мықты дәстүрімен бекем жалғастыра беру керектігін бүкіл әр қазақ терең ұғып, тіліміздің асқақтығын бойымызға дарытып, дүние жүзіне көрсете білуді негізгі мақсат етуіміз керек. Бұл жолда жүз жыл бойына созылған патшалық отаршылдық пен кеңестік тоталитарлық қаншама қиыншылық көрсетіп бақса да халқымыздың өз ана тіліне деген сүйіспеншілігі, махаббаты мен құрметі жойылмады, жойылмайды да деп сенемін. Осы орайда қазақ халқының «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген мақалы әрбір азаматтың көкейінде отырғанын барлығы түсінді. Ойткені осы кезеңде, яғни XX ғасырдың басында қазақтың бүгіні мен ертеңін ойлаған алаштың зиялы азаматтары бірігіп бас көтерді.

Қазақ ғылымы мен ұлттық тіл білімінің дамуы ұлы Ахмет Байтұрсынұлының есімімен тығыз байланысты. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» дегендей қазақ әліпбиінің негізін салған, осы жетілген жазу үлгісімен еліне тұңғыш әліппесін, тіл құралын, әдебиет танытқышын тарту еткен, қазақ философиясы мен өнертануының негізін салушы ғалым, ақын, аудармашы, публицист, ағартушы-ұстаз дара тұлға Ахмет Байтұрсынұлының тіл және тілді оқыту әдістемесі жөніндегі тұжырымдары, пікірлері әлі күнге бізге адастырмас бағыты болып отыр.

Қазақ тіл білімі мен терминологиясының негізін қалыптастыруға, әр түрлі салаларда байыту мен дамыту кезеңіне әсіресе нақты ғылыми салаларды жекелеген пәндерге бөлуді қарастыруда өлшеусіз үлес қосқан Ахмет Байтұрсынұлының еңбегі зор екендігі баршамызға мәлім. Қазақ әдебиетінің белгілі классик жазушысы Мұхтар Әуезов Ахмет Байтұрсынұлына «Ана тілін түрлеген Ақаң» деп ерекше баға бергені, оның ғылымның, қазақ тілі мен сөз өнерін ғылыми тергеп, тексерудегі ерен еңбектерін ескеріп айтқанын көріп отырмыз.

Көп болып күш қосып немесе жабылып дауыс беріп бітіретін іс-тірліктер бар: өзенді бұрып жіберуге болады, тауды жарып өтуге болады, көптің дауысымен билік мәселесін шешуге болады. Көп пен қара күштің қолынан емес, жеке бір адамның ғана қолынан келетін іс-тірлік тағы бар. Оған қара күштің де, көп бастың да қажеті жоқ. Осындай іс-тірліктің бірі әліпби мәселесі. Жазу табу-араға ғасырлар салып ілуде бір келетін даналардың ғана қолынан келетін шара. Көп түрік жұртына үлгі болған қазақ жазуын жалғыз Ахмет Байтұрсынұлы жеке шешті. Сөйтіп өзге көпшілік жұрттың ойына кіріп шықпайтын, көп пенденің қолынан келе бермейтін жаңалық ашты.

«Білімді болу деген сөз – белгісіз нәрсені ашу қабілетіне ие болу деген сөз. Ал белгісіз нәрсені аша білу деген сөз-ол теориялық өнердің барлығына тән, ортақ жайт», - деген еді Әл Фараби. Ахмет Байтұрсынұлы осы сөздердің айғағы іспеттес.

1895-1909 жылдары ел ішінде әр сатылы мекетптерде бала оқыта жүріп Ахмет Байтұрсынұлы үлкен тәжірибе жинақтайды, қазақ балалары сауатын ашып жүрген түрлі қазақ, татар тілдеріндегі «Әліп-би» құралдарының кемшіліктерін көзімен көреді. Содан кейін, ол араб әріпті қазақ жазуының жаңа реформаланған үлгісін жасады.

Ахмет Байтұрсынұлына өзі көшбасшы болған қазақ тіл білімінде ғана емес, күллі түркологиялық әлемде атақ-абырой әперген-ондаған рет басылған «Тіл-құрал» атты кітабы болды. «Дыбыс жүйесі», «Сөз жүйесі» және «Сөйлем жүйесі» атты үш кітаптан құралған осы алғашқы грамматикасында қазақ тілін ана тілінде алғаш рет ғылыми жүйеге түсіріп, әсіресе төл грамматикалық терминдерді қалыптастырғанын баса айтқан жөн. Зат есім, сын есім, сан есім, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, сөз таптары, сөйлем мүшесі, дыбыс, әріп, дауысты, дауыссыз, т.б. ондаған, тіпті жүздеген өміршең терминдерді тіліміз бен ғылымымызға әкеліп орнықтырғаны үшін

Ахмет Байтұрсынұлының есімі қазақ мәдениеті мен ғылымының тарихына алтын әріппен жазылуы тиіс.

Ұлы ағартушы қазақ тілін оқыту әдістемесінің де іргетасын құрды. Оның «Баяншы» деген кітапшасы әдістемелік құрал. Сауат аштыру әдісін «Әліп-би астары» деген еңбегінен көруге болады. 1927-1928 жылдары «Ана тілінің әдісі», «Жалқылаулы-жалпылау әдісі», «Қай әдіс жақсы?» деген мақалалары жарық көрді. «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында «Дыбыспен балаларды жаттықтыру-оқу мен жазу үйретудің негізі. Істің басы түзу басталса, барысы да түзу болмақшы», -деп айтқан А. Байтұрсынұлы. Осы арқылы оның дыбысты, оның ерекшеліктерін жақсы білу керек екеніне назар аудартады.

А. Байтұрсынұлы термин жасауда ұстанған принципі қазақ тілінің өз мүмкіншіліктерін пайдалану, бірақ бұл ұзаққа бармады. 1940 жылдан бастап кеңестік идеологиялық қысым салдарынан терминдерді аудармасыз қолдану немесе орыс тіліндегі нұсқасын өзгеріссіз сақтау тәжірибесі кеңінен қолданысқа енгізілді. Ал 1960 жылдары жасалған терминдер азаюға ұшырады. Дегенмен осы кездері сөздіктер шығаруға мүмкіндіктер пайда болды.

«Еңбекші қазақ» газетінің «Қазақ тілін қалай байытамыз» атты мақаласында Қазақстан оқу кемесиеретінің орынбасары Молдағали Жолдыбайұлы «... 1922 жылы Қазақстанда жат сөздерді, пән атауларын қазақшаландыратын кемесие құрылған. Мың-мындаған сөздер қазақ тіліне аударылып, қазақ тіліне үйлестіріліп, қазақ тілі байытылды.

Жат сөздер қалай алынады? Алдымен олар мағынасын түсіндіретіндей қазақ сөзі алынады. Оған қолайлысы болмаса, түрік сөзі алынады. Кемесиеде 5-6 қазақ тіліне жетік қазақ қызметкерлері жұмыс істейді. Кемисиенің ағасы қазақ елінің, тіл заңына жетік оқымысты данышпаны Байтұрсынұлы Ақымет» деген есебі жарияланған.

Қазақ зиялысы Ахмет Байтұрсынұлының ауыр кезеңдерде қазақ тілінің болашағы үшін жан аямай күрескені, тынымсыз қызмет жасағанын көреміз. Еңбегі ақталды. Бүгүнгі күні тәуелсіз мемлекетіміздің мемлекеттік тілі болып отырған қазақ тілінің одан әрі дамуы жолында алаш зиялыларынан үйренеріміз көп.

Пайдаланылған әдебиет:

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектепте» республикалық ғылыми-педагогикалық басылым, 2003/8, 103-106 б.б
2. «Дала мен қала» газеті, 2011 ж. 28 наурыз, Ұлан Оралұлы, Ахмет Байтұрсынұлы. «Әдебиет танытқыш».
3. <https://barinbil.kz/sizge-kerek-my-yry-derek/kerekderek/e-zdik-ylymi-zhoba-ahmet-bajt-rsynov-til-bilimini-atasy/>

А.БАЙТҰРСЫНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҒҰРЫП СӨЗДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Синбаева Гульфайраз Кинжибулатовна

СҚО, Петропавл қаласы М.Қозыбаев атындағы СҚУ,
«Қазақ тіл мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы,
гуманитарлық ғылым магистрі
gsinbaeva@mail.ru

Тіл ұлттың бүкіл рухани, мәдени байлығының бірден-бір басты көрсеткіші болып табылады. Ұлттық тілдегі этномәдени лексика ғасырдан ғасырға жалғасып, мәдени мұра ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады. Ұлттық тіл сол ұлттың тарихында, мәдениеті мен әдебиетінде, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпында сақталады. Ғалым Е. Жанпейісов: «Этнолингвистика өзінің бітім-болмысы, табиғаты жөнінен жалпы тарихи категория болып табылады. Себебі ол этностың қазіргісін ғана емес, көбінесе өткенін зерттейді. Ал этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқынырақ көрінеді», - дейді [1,4].

М.Копыленко: «Этностың тұрмыс-тіршілігі, қазіргі болмысы мен тарихы, оның материалдық және рухани мәдениетінің тілдік көріністері айқындалады және жете зерттеледі» [2,17]- десе, ғалым Ж. А. Манкеева «Әр тіл өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол жай таңбалық жүйе емес, ол- мәдениет айнасы. Олай болса, ондай жүйені зерттеуде дәстүрлі құрылымдық лингвистиканың мүмкіншілігі шектеулі екені байқалады. Себебі бұл арада тілдің қызметі тек коммуникативтік емес, ол (тіл) – этномәдени ақпаратты жинап, сақтаушы, жеткізуші, келесі ұрпаққа жалғастырушы, сайып келгенде ұлтты бір бүтін етіп тұтастырушы»- деп тіл тарихындағы ұлттық сипатты айқындай түседі [3,15].

А.Байтұрсынұлының 1926 жылы Мәскеудің «Күншығыс» баспасынан шыққан «23 жоқтау» атты жинағында және осы жылы Қызылорда мен Ташкентте шыққан «Әдебиет танытқышында» қазақ халқының өмірін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, болмысын, танымдық көрінісін бейнелейтін этномәдени лексика молынан кездеседі. Ғалымның фольклоршылық қырын танытатын бұл жинақта қазақ халқының ғұрыптық таным-түсінігінен мағлұмат беретін деректер мол. Белгілі ғалым Д.Қамзабекұлы:

«Қарапайым өмірде жоқтауды «дауыс салу» деп те атайды. Ежелгі әдет-ғұрпымызда адам қайтқан күннен бастап оның жылы өтіп, асы берілгенше жоқтау айтылғаны белгілі. Дегенмен, оның ерекше жеткізілетін тұсы – жаназаның (ресми діни рәсім) алды-арты немесе кісіні жер қойнына беретін мезет. Ағайын-туыс қазалы үйге «ой, бауырымдап» ат қойып шауып келіп, көрісіп көңіл айтады. Мәйітті шығарарда марқұмның әйелі немесе қыз балалары жоқтау айтып, қайғысын естелікке құрылған дәстүрлі жыр

сарынымен басады. Жоқтау – қазақ, қырғыз сынды ұлттарда аза ғұрпымен байланыстағы әрі қаралы, әрі артындағы ұрпағын рухтандыратын имани салттың бір түрі. Нақты салыстыруға келе қоймас, бірақ белгілі жағдайда Еуропаның реквиемінің (жан азасы) философиясы, мән-мағынасы қазақ жоқтауын түсіндіріп бере алады» - деп жоқтаудың ұлттық дүниетанымдағы мән-мазмұнын ашып береді.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде кездесетін этноатаулардың ұлттық бояу жасаудың бірден-бір құралы, негізі болып табылады. Этнолингвистикалық бояуы қанық сөздер Ахаңның «Әдебиет танытқышында» келтірілген мысалдарда көп кездеседі. Ғалым ауыз әдебиетін жұмсалатын орнына қарай сауықтама және сарындама деп екіге бөледі. Ал сарындамаға «сарын сөз саласы» деген анықтама беріп, оның салт сөзі, ғұрып сөзі, қалып сөзі деген үш түрін бөліп көрсетеді де, «Салт сарынымен яғни салт жолымен айтылатын сөздер салт сөзінің табына жатады: мысалдар, ділмәр сөз (афоризм), тақпақтар, мақалдар, мәтелдер» [4,422] - дейді. Ахаң салт сөздердің бір түрі ретіндегі мысал сөздердің этнолингвистикалық сипаты туралы «Адамның ғамалын, мінезін, құлқын жанды, жансыз нәрселер арқылы салт-санасына сәйкес көрсетіп өнегелеу мысалдау болады»— дей келіп, «мысалдар көбінесе хайуандар турасында шыққан ертегілерден алынады. Ондай ертегілерде хайуандарға адамша тіл бітіріп, адамша мінездеп, іс еткізіп, түрлі мақұлыққатүрлі өнеге боларлық сипат таңған. Ақымақтыққа өнеге болатын есек, айлакерлікке түлкі, қорқаулыққа қасқыр, момындыққа қой, мазақтыққа тырна, жарғақтыққа сауысқан, тағысын тағы солай» [4,422] - деп ескертеді.

Ахаң ділмәр сөзге мысал ретінде келтірген Шорман Ыбырайұлының сөзінде қазақ халқының өмірлік философиясын, бес күн жалған дүниеге мән-мағына кіргізетін өмірлік мұратын айқын аңғартатын ұлттық таным-түсініктегі тірек сөздер кездеседі. Мысалы:

Туған балаң жақсы болса, Екі көздің шырағы.

Мінген атың жақсы болса, Бұл дүниенің пырағы.

Алған жарың жақсы болса, Мейманыңның тұрағы» [4,423].

А. Байтұрсынұлы «Ғұрып сөзі деп ғұрып сарынымен, яғни ғұрып бойынша істелетін істерге байланысты сөздер айтылады. Мәселен, той бастар, жар-жар, беташар, некекияр, жоқтау, жарапазан, бата» [4,426] деп анықтама береді де, ғұрып сөздердің әр түріне ауыз әдебиеті мен ақындар сөзінен мысалдар келтіреді.

«Үйіңе үлде менен бүлде толсын, Болмаса күндіз пұрсат, түнде болсын.

Жасаған айтқан сөзім түс келтіріп, Үйіңе Қыдыр Ілияс келіп қонсын.

«Үлде мен бүлде» халық ұғымында байлық пен берекенің, салтанаттың нышанын білдіреді.

«Түс келтіру» - көнеден келе жатқан халықтық наным-сеніммен байланысты. Бұл сөзбен мәндес түс жору, аян беру тіркестері халықтық тілде күні бүгінге дейін жиі қолданылып, алда болатын, я болуы мүмкін жақсылық, игіліктен үміт ету, соған сену мағынасын білдіреді. Сондықтан Ахаң мысалындағы «түс келтіру» ескіден келе жатқан халықтық наным-сенімнің тілдегі көрінісінің айқын мысалы бола алады. «Қыдыр Ілияс» - халық ауыз

әдебиетінде, ғұрып-салт жырларында жиі қолданылатын ұғым. Халқымыздың мифологиялық түсінігі бойынша «21 наурыз түні даланы Қызыр аралайды екен» деген сенім қалыптасқан. Жаңа жылға, жаңа күнге, жаңа таңға сәлем жасау, жаңа нұрға шомылып, жан мен тәнге қуат алу уақыты – осы наурыз айының 21-нен 22-не қараған түнді халық «Қыдыр түні», яғни ырыс түні деп атаған. Бұл түні адамдар ұйықтамай, Жаратқанға құлшылық жасап, ырыс пен береке, ынтымақ пен бірлік тілейді. Байырғы қазақ елінің Наурызды қарсы алуындағы ежелгі наным-сенімі бойынша, дәл осы кеште даланы Қыдыр аралайды екен. Сол себепті қазақ үшін Наурыз түні «Қыдыр түні» аталып, қасиетті саналған. Этнографтардың пікірінше, ислам, дінінде Қыдыр – ел аралайтын адам бейнесіндегі «әулие», адамдарға қамқоршы, «дәулет» беруші екен. Діни наным бойынша, әрбір нәрсенің иесі болады-мыс. Мысалы, олар түрлі құс, адам, жәндік бейнесінде ел кезіп жүреді дегендей сенімнен туған «құт», «дәулет», «ырыс» ұғымдары. Сондай наным тудырған кейіпкердің бірі – осы Қыдыр. Қыдыр Ата – бүкіл халықтың қамқоры, оларға жақсылық жасаушы, ырыс, құт, несібе әкелуші, бақыт, береке, өмір сыйлаушы қасиет иесі, кемеңгер, әулие, көріпкел, жарылқаушы қарт. Ол Ұлыстың ұлы күнінде әр елге келіп, әр шаңыраққа соғып бата береді. Міне, сондықтан әр үй Қыдыр Атаның жолын күтіп, өздерінің жанын да, тәнін де, киер киім, ыдысы мен бұйымдарын да таза ұстауға тырысады. Үйдің іші-сыртын, қора-қопсыны тазартып, ағаш егіп, көшет отырғызып, өсімдікке су құяды.

«Жаңа жылда мұнтаздай таза үйге кірсе, ол үй ауру-сырқаудан, пәле-жаладан аман болады» деп сеніп, Наурызға дейін үй ішіндегі мүлік, жиһаздардың шаңын сүртіп, жуып, төсек орынды, киім-кешекті сыртқа шығарып қағып-сілкіп, бәрін де тазартып қоятын болған. Бұрындары қазақтардың Қыдыр түні Жаңа жыл табалдырықтан аттап, үйге енгенінде оның іші жап-жарық болып тұрсын деп, төрге қос шырақты жағып қоятыны және бар. Мұсылман қауымы мұндай үйге Қыдыр Ата түнеп немесе бата беріп кетеді деп түсінген. «Қыдыр қонған», «Қыдыр дарыған» деген сөздер осындай игі сенімнен шықса керек.

А.Байтұрсынұлы шығармаларында қолданылған этнолексика, этномәдени атаулар тарихи- мәдени және лингвистикалық мазмұн мен мәнді тудыратын категория, ұлттық болмысымыз бен ұлттық танымымызды көрсететін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын рухани қазына болып табылады.

Ахаң: ғұрып сөзіне жатқызған жар-жар өлеңі хақында: «Жар-жар қыз ұзатар үйде айтылатын, қызды жұбату үшін айтылатын өлең. Жар-жарды екі жақ болып бастап, соңынан бір жақты етіп жібереді. Олай болу себебі: жұбатушының сөзіне әуелі жауап қайырылып отырады. Сонан соң жұбатуға ауып кетеді. Екі жақ болған жерінде жұбатушы жақ жігіттер болып, қарсы жағы қыздар болып айтады» деген анықтама беріп, мынадай мысал келтіреді:

Бір толарсақ, бір тобық санда болар жар-жар, Қырық кісінің ақылы ханда болар, жар-жар! Немесе:

Алып келген базардан қара насар, Алтын құйрық сәукеле шашың басар.

...Жазғытұры ақша қар жаумақ қайда, Құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда?!

«Қырық» саны халықтық дүниетанымда көне дәуірден келе жатқан ерекше қасиетке ие. Қырықсанының этимологиясы анық емес. Түркі халықтарында, соның ішінде қазақ халқында да қырық саны діни наным-сенімге байланысты айтылады. Өлгенкісінің қырқынберу, қырыққасықсуға түсіру, фольклорда кездесетін қырықкүн, қырық түн тәрізді қолданыстар бар. Қырық саның қасиетілігі де, киелілігі де баланың анна құрсағынд ақыры қапта болуынан бастау алған. Қырқынан шығару тұрақты тіркесі, баланы қырқынан шығару ғұрпына байланысты наным-сенімнен өрбіген. Көнеден келе жатқан дүниетаным бойынша сәби дүниеге келгеннен кейінгі қырық күнге дейінгі уақытты қауіп-қатерлі кезең деп есептеген. Осы аралық табаланы тіл-көз тимес үшін көпшілікке көрсете бермеген. Сәби дүниеге келгеннен кейін, қырық күн өткен соң, ыдыстың түбіне күміс салып, қырық қасық суға түсіріп, қарын шашын алады. Көрші қолаңды шақырып, қырық шелпек пісіріп, шай береді. Адам өмірден өткенде, қырық күннен соң, ас беріп, еске алады.

«Адам жаны қырық күннен соң шығады» деген пікір бар. Қазақтың өлік жөнелту салтын ұзақ зерттеген Ш.Уәлиханов бұл жөнінде былай деп жазады: «Қазақ ұғымы бойынша, әруақ қырық күнге дейін өз шаңырағына келіп-кетіп бала-шағасының жай-күйін біліп кетіп жүреді. Сондықтан да бұрын өлік шыққан үй қырық күн бойы ымырт жабылғанша, үйдің есігін ашып, оң босағаға шырақ жағып қоятын болған». Қазіргі уақытта жарықты сөндірмейді, қырқын беру деген сөз осыдан қалған. Ауыз әдебиеті нұсқаларында қырық күн, қырық түн, қырық қыз, қырық жігіт, қырық уәзір болып қолданылуына себеп, орта ғасыр магиясы мен көне дәуір мифологиясының әсерінен.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Жанпейісова Е. Этнолингвистика [Мәтін]: басылым/Жанпейісова Е- Ана тілі. -№3. 1994,-4б.
2. Копыленко М. Основы этнолингвистики [Мәтін]: учеб.для вузов/ Копыленко М-М.: Алматы, 1995.-228 б.
3. Манкеева Ж. М.Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері[Мәтін]: жоо арналған оқулық/ Манкеева Ж. М- М.: Алматы, 2008. -356 б.
4. Байтұрсынов А.Ақ жол.[Мәтін]: жоо арналған оқулық/ Құраст. Р.Нұрғали- М.:, Алматы, 1991. -464 б.

ҰЛЫ ТҰЛҒА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СИМВОЛДЫҚ МӘНІ БАР СӨЗДЕРДІ ТАЛДАУ

Абдраимова Асем Габитовна

Макашева Сауле Мырзабековна

СҚО, Петропавл қаласы

«ЛОРД дарынды балалар үшін мамандандырылған облыстық

мектеп-лицей-интернаты» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

a.gabitovna95@mail.ru

saule_95_5@mail.ru

А.Байтұрсынұлы шығармаларындағы ұлттық өлшемге қатысты сөздер жіктеліп, сараланды. Мысалы, нумеративтік және метрологиялық (халық өлшемі) лексиканың семантикалық, синтаксистік ерекшеліктері қарастырылады. Сандық ұғымдар халық танымында ерекше мәнге ие, сөздік қорды жетілдіруге қомақты үлесі бар сөз табы. Сандық атаулар тек мөлшер, санау мәнінде ғана емес, танымдық сипаты тұрғысынан да көп қаралатындығы қызмет аясының ауқымының кең болуынан. Сан есім-өзінің лексика-семантикалық мағынасы жағынан болсын, грамматикалық ерекшеліктері мен сөзжасам жүйесі тұрғысынан болсын өзге сөз таптарына ұқсамайтын сөз табы. Сан атаулары көне замандардан келе жатқан ұғымдар, оларды барлық көне жазба ескерткіштері тілінен, ауыз әдебиетінің бай мұраларынан жиі кездестіреміз. А.Байтұрсынұлы қолданысындағы өлшемдік ұғымды аңғартатын сөздердің ішінде күрделі сан есімдермен тіркесіп келу жағдайлары да жиі ұшырасады. Күрделі сан атаулары толық лексикалық мағыналы сандардың бір- біріне тіркесі арқылы жасалған, әр күрделі сан атауын жасауға қатысып тұрған компоненттердің күрделі сан атауына қатысуы бірдей. Тіркескен екі толық мағыналы сандық атау бірігіп үшінші сандық ұғым жасайды.

Тіл ұлттың бүкіл рухани, мәдени байлығының бірден-бір басты көрсеткіші болып табылады. Ұлттық тілдегі этномәдени лексика ғасырдан ғасырға жалғасып, мәдени мұра ретінде ұрпақтан- ұрпаққа жетіп отырады. Ұлттық тіл сол ұлттың тарихында, мәдениеті мен әдебиетінде, салт- дәстүрі мен әдет-ғұрпында сақталады. Ғалым Е. Жанпейісов: «Этнолингвистика өзінің бітім-болмысы, табиғаты жөнінен жалпы тарихи категория болып табылады. Себебі ол этностың қазіргісін ғана емес, көбінесе өткенін зерттейді. Ал этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқынырақ көрінеді», - дейді [1,4].

М.Копыленко: «Этностың тұрмыс-тіршілігі, қазіргі болмысы мен тарихы, оның материалдық және рухани мәдениетінің тілдік көріністері айқындалады және жете зерттеледі» [2,17]- десе, ғалым Ж. А. Манкеева «Әр тіл өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол жай таңбалық жүйе емес, ол - мәдениет айнасы. Олай болса, ондай жүйені зерттеуде дәстүрлі құрылымдық лингвистиканың мүмкіншілігі шектеулі екені байқалады. Себебі бұл арада тілдің қызметі тек коммуникативтік емес, ол (тіл) – этномәдени ақпаратты жинап, сақтаушы, жеткізуші, келесі ұрпаққа

жалғастырушы, сайып келгенде ұлтты бір бүтін етіп тұтастырушы» - деп тіл тарихындағы ұлттық сипатты айқындай түседі [3,15].

А.Байтұрсынұлының 1926 жылы Мәскеудің «Күншығыс» баспасынан шыққан «23 жоқтау» атты жинағында және осы жылы Қызылорда мен Ташкентте шыққан «Әдебиет танытқышында» қазақ халқының өмірін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, болмысын, танымдық көрінісін бейнелейтін этномәдени лексика молынан кездеседі. Ғалымның фольклоршылық қырын танытатын бұл жинақта қазақ халқының ғұрыптық таным-түсінігінен мағлұмат беретін деректер мол.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде кездесетін этноатаулардың ұлттық бояу жасаудың бірден-бір құралы, негізі болып табылады. Этнолингвистикалық бояуы қанық сөздер Ахаңның «Әдебиет танытқышында» келтірілген мысалдарда көп кездеседі. Ғалым ауыз әдебиетін жұмсалатын орнына қарай сауықтама және сарындама деп екіге бөледі. Ал сарындамаға «сарын сөз саласы» деген анықтама беріп, оның салт сөзі, ғұрып сөзі, қалып сөзі деген үш түрін бөліп көрсетеді де, «Салт сарынымен яғни салт жолымен айтылатын сөздер салт сөзінің табына жатады: мысалдар, ділмәр сөз (афоризм), тақпақтар, мақалдар, мәтелдер» [4,422] - дейді. Ахаң салт сөздердің бір түрі ретіндегі мысал сөздердің этнолингвистикалық сипаты туралы «Адамның ғамалын, мінезін, құлқын жанды, жансыз нәрселер арқылы салт-санасына сәйкес көрсетіп өнегелеу мысалдау болады» – дей келіп,

«мысалдар көбінесе хайуандар турасында шыққан ертегілерден алынады. Ондай ертегілерде хайуандарға адамша тіл бітіріп, адамша мінездеп, іс еткізіп, түрлі мақұлыққа түрлі өнеге боларлық сипат таңған. Ақымақтыққа өнеге болатын есек, айлакерлікке түлкі, қорқаулыққа қасқыр, момындыққа қой, мазақтыққа тырна, жарғақтыққа сауысқан, тағысын тағы солай» [4,422] - деп ескертеді.

А.Байтұрсынұлы шығармаларында қолданылған этнолексика, этномәдени атаулар тарихи-мәдени және лингвистикалық мазмұн мен мәнді тудыратын категория, ұлттық болмысымыз бен ұлттық танымымызды көрсететін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын рухани қазына болып табылады.

Ахаң: ғұрып сөзіне жатқызған жар-жар өлеңі хақында: «Жар-жар қыз ұзатар үйде айтылатын, қызды жұбату үшін айтылатын өлең. Жар-жарды екі жақ болып бастап, соңынан бір жақты етіп жібереді. Олай болу себебі: жұбатушының сөзіне әуелі жауап қайырылып отырады. Сонан соң жұбатуға ауып кетеді. Екі жақ болған жерінде жұбатушы жақ жігіттер болып, қарсы жағы қыздар болып айтады» деген анықтама беріп, мынадай мысал келтіреді:

Бір толарсақ, бір тобық санда болар жар-жар,

Қырық кісінің ақылы ханда болар, жар-жар! Немесе:

Алып келген базардан қара насар, Алтын құйрық сәукеле шашың басар.

...Жазғытұры ақша қар жаумақ қайда, Құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда?!

«Қырық» саны халықтық дүниетанымда көне дәуірден келе жатқан ерекше қасиетке ие. Қырықсанының этимологиясы анық емес. Түркі

халықтарында, соның ішінде қазақ халқында да қырық саны діни наным-сенімге байланысты айтылады. Өлген кісінің қырқын беру, қырық қасық суға түсіру, фольклода кездесетін қырық күн, қырық түн тәрізді қолданыстар бар. Қырық саның қасиетілігі де, киелілігі де баланың анна кұрсағында қырық апта болуынан бастау алған. Қырқынан шығару тұрақты тіркесі, баланы қырқынан шығару ғұрпына байланысты наным-сенімнен өрбіген. Көнеден келе жатқан дүниетаным бойынша сәби дүниеге келгеннен кейінгі қырық күнге дейінгі уақытты қауіп-қатерлі кезең деп есептеген. Осы аралықта баланы тіл-көз тимес үшін көпшілікке көрсете бермеген. Сәби дүниеге келгеннен кейін, қырық күн өткен соң, ыдыстың түбіне күміс салып, қырық қасық суға түсіріп, қарыншашын алады. Көрші қолады шақырып, қырық шелпек пісіріп, шай береді. Адам өмірден өткенде, қырық күннен соң, ас беріп, еске алады.

«Адам жаны қырық күннен соң шығады» деген пікір бар. Қазақтың өлік жөнелту салтын ұзақ зерттеген Ш.Уәлиханов бұл жөнінде былай деп жазады: «Қазақ ұғымы бойынша, әруақ қырық күнге дейін өз шаңырағына келіп-кетіп бала-шағасының жай-күйін біліп кетіп жүреді. Сондықтан да бұрын өлік шыққан үй қырық күн бойы ымырт жабылғанша, үйдің есігін ашып, оң босағаға шырақ жағып қоятын болған». Қазіргі уақытта жарықты сөндірмейді, қырқын беру деген сөз осыдан қалған. Ауыз әдебиеті нұсқаларында қырық күн, қырық түн, қырық қыз, қырық жігіт, қырық уәзір болып қолданылуына себеп, орта ғасыр магиясы мен көне дәуір мифологиясының әсерінен. А. Байтұрсынұлы шығармаларында қолданылған этнолексика, этномәдени атаулар тарихи-мәдени және лингвистикалық мазмұн мен мәнді тудыратын категория, ұлттық болмысымыз бен ұлттық танымымызды көрсететін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын рухани қазына болып табылады.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Самойлович А. Литература турецких народов [Текст] А.Самойлович // Литературы Востока. Вып. I. –Петербург, 1930. - Том 1., С. 305-306.
2. Луначарский А. Казакский (Байтурсуновский) алфавит [Текст]: А.Луначарский // Литературная энциклопедия. Т. 5., – Москва, 1931., С. 23.
3. Қожакеев Т. Қым-қуыт іздер. [Текст]:Т.Қожакеев. – Алматы: Санат, 1999.-400 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ ТІЛТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

Казиева Салтанат Абдыкаримовна

СҚО Петропавл қаласы

«Бірінші гимназия» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

«Білімдіден не пайда білгенін көпке айтпаса,

Ахмет Байтұрсынұлы

«...Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы» деген сынды Ахмет Байтұрсынұлының қазақ поэзиясында биік орын алады екені сөзсіз. Қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері.

Ахмет Байтұрсынұлы әдебиетші, халық әдебиеті үлгілерін зерттеуші ғана емес, оны реттеп, өңдеп бастырушы маман. Өз заманының ағысына қарсы тұра білген қайраткер. Қазақ халқының рухани көсемі болып, болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен.

Қазақтың қазақ бола білуіне кеудесіндегі жанын да аямаған. Қарусыз-ақ сөзбен адам өлтіретін Ахмет қазақ елінің келешегін тәуелсіздікке жетелеген халықтың рухани жетекшісі. Халық үшін, халықтың мәдени-әлеуметтік болмысын көтеру үшін қызмет еткен.

Ал қазіргі заманның оқушылары Ахметтің атын естігінде әсер алу үшін біз - мұғалімдер олардың санасына Ахметтің даналығын жеткізе алуымыз керек. Ол біздің парызымыз! Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілін сақтау үшін өз өміріне қауіп төніп тұрса да, халық үшін, ел үшін жан аямай күрескен. Бізге, мұғалімдерге бүгінгі таңда ешқандай қауіп-қатер төніп тұрған жоқ, сондықтан қазақ тілінің мәртебесін, оқушылардың қазақ тілінен білім сапасын көтеру үшін қана адал еңбек ету керек. Бұл біздің қолымызда. Тіліміздің тағдыры біздің қолымызда. Тіл үшін Ахметтің күресі әрқашан бізге үлгі-өнеге. Ахмет Байтұрсынұлы-қазақ алфавитінің тұңғыш реформаторы. Осы жетілген жазу үлгісімен еліне тұңғыш әліппесін, тіл құралын, әдебиет танытқышын сыйлаған, қазақ филологиясы мен өнертануының негізін салушы ғалым, таза қазақ емлесімен шыққан тұңғыш «Қазақ» газетінің (1913-1918) редакторы, көрнекті ақын, аудармашы, публицист-журналист, ірі қоғам қайраткері, ағартушы-ұстаз, КазПИ-дің профессоры, этнограф, фольклорист, композитор әрі орындаушы. Ахмет Байтұрсынұлы оқулықты жазу үшін қандай зерттеулер жасады, қандай ізденісте болғанын терең зерттесек, қазіргі оқулықтардың мазмұны толық әрі сапасы жақсы болар еді. 1895-1909 жылдары ел ішінде әр сатылы мектептерде бала оқыта жүріп, Ахмет үлкен тәжірибе жинақтайды, қазақ балалары сауатын ашып жүрген түрлі қазақ, татар тілдеріндегі «Әліпби» құралдарының кемшіліктерін көзімен көреді. Қарапайым ұстаздықтан күрескер ағартушылыққа қол созған Ахмет алдына қазақ алфавитін жетілдіру үшін, алдымен қазақ тілінің ішкі табиғатын танып, жүйесін түсініп алу қажеттігі туды. Бұл қазақ тілін ғылыми зерттеу, яғни, фонетикалық жүйесі мен грамматикалық құрылысын танып-білу деген сөз еді.

Ахмет Байтұрсынұлы – ең алдымен, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, әрі қарай қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп күш жұмсаған ағартушы. Ахмет Байтұрсынұлы мұғалімдер даярлайтын оқу орнын

бітірісімен, 1895-інші жылдардан бастап бала оқытуға кіріседі. 13-14 жыл бойы (1895-1909 жылдар арасында) ауылдық, болыстық бастауыш мектептер мен 5-6 жылдық екі сыныптық училищелерде мұғалім болып істейді. Бала оқыта жүріп, сол оқыту ісіне қажетті жағдайлар (нәрселер) жайын ойлайды.

Ең алдымен, қазақ балаларының сауатын қазақша ашатын ұлттық жазу таңбалары (графикасы, сол кездегі термин бойынша «әліп-би») бар ма, екіншіден, оқыту жүйесі жолға қойылған, үкімет тарапынан ашылған мектептер бар ма, үшіншіден, ондай әліпбиі мен мектебі болған күнде қазақ тіліндегі «Әліппесі» («Букварь» оқулығы) мен ана тілі оқулықтары (грамматика кітаптары) бар ма, баланы ана тілінде оқытудың тиімді әдістері қайсы - міне, осыларға назар аударады.

1929 жылы 1 мамырда өз қолымен жазған (орыс тілінде) «Өмірбаянында»: «...1901 жылдардан бастап, бала оқытқан кездерден бос уақыттарымда өз бетіммен білімімді толықтырдым, әдебиетпен шұғылдандым. Ал Орынборға келгеннен кейін ең алдымен қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім. Одан кейін қазақ алфавитін және емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім. Үшіншіден, қазақ жазба жұмысын бөгде тілдік қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің [жағымсыз] әсерінен тазартуға әрекеттендім. Төртіншіден, қазақ прозасын (яғни, іс қағаздар тілін, публицистика мен ғылыми тілін) жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтың сөйлеу тәжірибесіне икемдеу үшін, ғылыми терминдерді жасауға кірістім және стильдік өңдеу үлгілерін көрсетумен шұғылдандым» деп жазады. (Архив КазПИ им. Абая. Опись Л-1, связка № 6 «Б», д. 209).

Ахмет Байтұрсынұлы - қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған адам. 1912 жылы мектеп балаларын қазақша сауаттандыратын әліппені («Оқу құралын») жазғаннан кейін, көп ұзамай енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. «Біздің заманымыз - жазу заманы... Сөздік жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге, сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша бір-біріне қиындасып, жалғасатын жүйесін білу керек болғандықтан, «қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін де үйрету керек» дегенді өзіне міндет етіп алады да, сол міндетті атқару үшін «Тіл - құрал» деген атпен үш бөлімнен (үш кітаптан) тұратын оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған I-бөлімі алғаш рет 1915 жылы жарық көрді. Одан әрі қарай жөнделіп, толықтырылып бірнеше рет басылды. 1927 жылғы Қызылордадағы басылымы 7-нші деп көрсетілген.

Қазақ тілінің морфологиясына арналған II бөлімі бұдан бір жыл бұрын 1914 жылы баспадан шыққан. Ол да қырналып, толықтырылып бірнеше рет (1927 жылғысы 6-басылым) қайта басылған. Синтаксиске арналған III бөлімі де 1916 жылдан бастап 6 рет басылған. «Тіл - құрал» - қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс. Оның жалғыз тіл емес, өзге де пәндерден ойып-үйренетін қазақша жазылған кітап, құрал дегендерді білмей-көрмей келе жатқан қазақ жұртшылығы үшін мүлде тың дүние екендігін автордың өзі

де ескертеді. Кітаптың «Сөз басында»: «Тіл - құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, өйткені қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң қалатын» дейді. Шынында да ол жат болмақ түгіл, бірте-бірте соншама үйреншікті, қазақ балаларының бірнеше буынын тәрбиелеген, 14-15 жыл бойы мектеп оқушыларына ана тілінің табиғатын танытқан ет бауыр дүниеге айналды: «Тіл - құрал» десе, жұртшылық қазақ тілі оқулығын, оқулық десе, тек қана Ахмет Байтұрсынұлын білетін болады.

«Тіл - құрал» тұңғыш оқулық болуымен қатар, бастауыш мектепке, яғни алғашқы 4-5 жыл оқитын шәкірттерге арналғанымен, бұл - қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын талдап, жүйелеп, танытып берген. Қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми жұмыстың басы болды. Бұл оқулықтар «Қазақ тіл білімі» атты ғылым саласының ана тіліміздегі бастамасы және дұрыс жазылған, жақсы бастамасы. Өйткені, қазақ тілінің дыбыстық құрамының классификациясы да, сөз топтарын ажыратып, сөз тұлғаларын көрсетуде де, сөздердің септелу, тәуелдену, жіктелу тәртібін танытуда да, сөйлем түрлерін ажыратуда да күні бүгінге дейін Ахмет Байтұрсынұлының аталған оқулықтарының негізі сақталып келеді. Тілдік әр категорияның классификациясынан бастап, бүкіл терминдеріне дейін қазіргі мектеп грамматикаларынан Ахмет Байтұрсынұлы оқулықтарының ізін табуға болады. Қазақ тілін талдап-тануда Ахмет Байтұрсынұлының еңбегін бір тұрғыдан ерекше атау керек: ол - термин жасаудағы іс-әрекеті. Ғалым қазақ тілі фонетикасы мен грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша термин ұсынды. Осы күнгі қолданып жүрген - Зат есім; Сын есім; Етістік; Есімдік; Одағай; Үстеу; Шылау; Бастауыш; Баяндауыш; Сөйлем; Қаратпа сөз; Қыстырма сөз; Леп белгісі; Сұрау белгісі деген т.б. сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлардың барлығы дерлік қазақ сөзінің не байырғы мағынасын жаңғырту (өзгерту) не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген атаулар, көбі жасанды сөздер. Сонылығына, жасандылығына қарамастан, әрқайсысы сол өзі атап тұрған тілдік категорияны дәл білдіретін термин («пән сөзі») болып шыққан. Бұлардың өте сәтті жасалғандығын күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан өміршеңдігі дәлелдейді.

Ғалымның тіл үйретуде жасаған еңбегі «Оқу құралы» мен «Тіл - құралды» жазумен шектелмейді. Ол қолданбалы грамматика дегенді де жазған. Бұл жұмысын «Тіл жұмсар» деген атпен екі бөлімді екі кітап етіп 1928 жылы Қызылордада жарыққа шығарған. Жұмыстың III бөлімін де жазуға тиіс болғанмен, сірә, оны жазып жарыққа шығарып үлгермей, 1929 жылы ұсталып кеткені байқалады. «Тіл жұмсардың» 35 беттік I бөлімінде «Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын кітап» деп ұсынылған, автордың көрсетуі бойынша, «әріптер мен әріп белгілерін, түрлі орында көбірек жұмсалатын сөз бөлшектері мен сөйлем бөлшектерін жаза білуі» тәжірибе арқылы (яғни, мәтіндермен, сұрау - жауаптармен т. б.) жұмыс істетіп, үйрету көзделген. Ал II бөлімде «I бөлімнен көбі қайта келеді, бірақ олар пысықтау ретінде емес, ондағы білімдерді тереңдетіп, аудандарын

кеңейтіп, білдіру ретінде келеді». Кітапта оқушыларға мәтіндер ұсынылады, оларды көшіру, сұрақтарға жауап жазу, сөз туғызу сияқты тапсырмалар беріледі.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілін оқыту методикасының да іргетасын қалаушы болып саналады. Ол-қазақ тілінде дыбыс негізін сауаттандыру әдісінің негізін салушы. Ол бұл салада 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жариялаған. Жазу таңбаларын (әріптерді) түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы 1912 жылдан бастап жарық көрген. Бұл методикалық құрал тұңғыш әліппемен («Оқу құралымен») қатар дүниеге келгендігін автордың өзі білдіреді. Мұны дәлелдейтін және бір факт - осы «Баяншының» 1920 жылы Қазанда шыққан басылымында автор бұл құралды 14 жыл бойы бала оқытқан тәжірибесінен шығарып жазғандығын айтады. Ал оның бала оқытқан кезі-1895-1909 жылдар болатын. Демек, «Баяншыны» ол 1910 -1912 жылдары ұсынған. Бұл көлемі жағынан өте шағын (не бары 15 беттік кітапша), бірақ нағыз методикалық құрал.

Сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын Ахмет Байтұрсынұлы «Әліп-би астары» атты еңбегінде де көрсетеді. 1927-1928 жылдары «Жана мектеп» журналында «Ана тілінің әдісі», «Зерттеу мен сүгіретшілік әдісі туралы», «Жалқылаулы-жалпылау әдісі». «Қай әдіс жақсы?», «Ана тілінің әдісі» деген методика мәселелерін сөз ететін бірнеше мақала жариялайды. Мектеп балаларына арналған оқулықтарында Ахмет Байтұрсынұлы иллюстративтік материалдарды ұсынуда үлкен тәрбиелік әрі тіл ұстарту мүддесін көздегені байқалады. Автор жалпы оқулыққа тән «жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, жайдан күрделіге» деген принципті ұстағандықтан, 1-басқыш мектеп (яғни, бастауыш мектеп) балаларына арналған материалдарды аса түсінікті етіп беруді көздейді. сондықтан мысалдарды қазақ баласына таныс (үлкендердің аузынан сан рет естіп, құлақтары үйренген) мақал-мәтелдерден, нақыл сөздерден, мысалдардан алады және олардың барлығы дерлік адамгершілікті, адалдықты, еңбексүйгіштікті тағы да сол сияқты игі қасиеттерді уағыздайтын дидактикалық мәні зор мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, өлең-жыр жолдары болып келеді. Ал белгілі бір тақырыпқа лайықтап өзі жасаған мәтіндер ауыл балаларының күнделікті тұрмысынан алынып, олардың арман-тілегін, талап-талпынысын т.б. танытатын шағын әңгімелер түрінде беріледі.

Ахмет Байтұрсынұлы біріншіден, қазақ тілі әліппесі мен оқулықтарының авторы және із қалдырған жаңашыл ағартушы.

Екіншіден, араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы. Бұл жазу үстіміздегі ғасырдың 10-жылдарынан бастап, 20-жылдардың соңына дейін қазақ мәдениетіне, оқу-ағартуына қызмет етті. Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиі күні бүгінге дейін қолданыс тауып келеді: Қытай Халық Республикасы, Ауғаныстан, Иран сияқты елдердегі қазақ бауырластарымыз сауаттарын осы жазумен ашып, баспа дүниелерін осы графикамен шығарады.

Үшіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиеті мен тілін, мәдениеті мен тарихын зерттеген тұңғыш филолог, тарихшы ғалым және Қазақстан ғылымын ұйымдастырушылардың бірі.

Төртіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқына, еліне адал қызмет еткен ірі қоғам қайраткері.

Міне, Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілін зерттеудегі және оқу-ағарту майданындағы істеген істері мен жасаған еңбектері қазақ әдебиетінің мол мұрасы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Ахмет Байтұрсынұлы. Алматы «Алаш», 2005ж.
2. Ахмет Байтұрсынұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. Алматы «Алаш», 2003ж.
3. Ахмет Байтұрсынов. Тіл тағылымы. Алматы «Ана тілі» 1992ж.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ ТІЛТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

Еслямова Ульяна Тельмановна

СҚО, Петропавл қаласы

«Бірінші гимназия» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,

директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары

Ахмет Байтұрсынов (15.1.1872, қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылы – 8.12.1937, Алматы қаласы) – қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт – азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы.

Түркітану А.Байтұрсынов тілші – ғалым ретінде қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб әліпбиінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы мақалалар жазды. 1926 жылы Бакуде болған түркітанушылардың Бүкілодақтық 1 – съезіне қатысып, «Түркі тілдеріндегі терминология жайлы» деген тақырыпта баяндама жасады. А.Байтұрсынов қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп күш жұмсады. Осы мақсатта «Оқу кұралы» (1912), «Тіл кұралы» (1914); ересектердің сауатын ашуға арнап «Әліпби» (1924), «Жаңа әліпби» (1926) атты оқулықтар мен тың еңбектер ұсынды. Қазақ грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша ғылыми термин жасап, морфологиялық тұлға – тәсілдерді жаңаша талдау, жаңаша анықтамалар берді. Қазақ фонетикасы мен грамматикасын талдауда тілдің типологиялық ерекшеліктері мен өзіндік даму барысын ескеру принципін ұстады. Ол қазақ тілі білімінің іргетасын қалады. Араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы болды.

Ол халыққа ғылым – білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар

мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп жазды. Жоғарыда айтылған А.Байтұрсыновтың «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 жылы, синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау – тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу.

А.Байтұрсынов 1910 жылдан бастап қазақ жазуының ережелерімен айналыса бастаған. Осы жылға дейін қазақ халқының қолданған жазуы араб графикасында болатын. Бірақ араб жазуын сол күйінде алып қолдану қолайсыздық тудырған. Осы қиындықтардан шығу үшін 1912 жылдан бастап А.Байтұрсынов барлық күш – жігерін осы бағытқа жұмсап, араб графикасына негізделген, қазақ тілінің дыбыстау жүйесіне сүйенген жаңа әліпби шығарды. «Ол түрлендірген алфавитті белгілі түрколог Е.Д.Поливанов ұлы жаңалықтардың қатарына жатқызды. Н.Ф.Яковлев, К.Менгес, Б.Комри сияқты шетелдік ғалымдар «Байтұрсынов алфавитінің» жетілген алфавит екенін мойындады». Орыс ғалымдары алфавиттің құндылығын: «...нельзя не отметить, что не получивший высшего образования и лишь к концу своей активной деятельности установивший контакт с русскими языковедами Байтурсунов смог встать вровень с передовой наукой», – деп бағалады.

А.Байтұрсыновтың төте жазуында 24 әріп, бір дәйекші болды. Шартты түрде «Қазақ» газетіндегі төте жазу – ескі төте деп алынды. Ескі төте жазуда кездесетін ескі араб жазуына тән (шағатайлық) таңбаларды анықтау қажет. Ондай таңбалар ҧ - х, Ғ - ғ дыбыстарын таңбалауда кездесті. Сонымен қатар емлелік ерекшелік ретінде у-дың «ұу» (нақты жазуда «үү») түрінде таңбаланғанын, бірақ жоғарыда шағатай тіліндегі мәтіннен келтірілген үзіндіде ескі шағатайлық үлгіде осы қосар таңбалардың қолданылмағанын да атап өту керек: «Қазақ» газетінде ескі шағатайлық ҧ - х, Ғ - ғ дыбыстары таңбаланған. Төте жазу қаншама қазақ тілінің табиғи дыбыстық жүйесін толық қамтыды, жазуда сақтады дегенімізбен, сол ескі араб жазуы дәстүрінің, шағатайлық жазу дәстүрінің, квазиәліпбиліктің әлі беріктігі байқалады. «Қазақ» газетінен алынған мәтіннен үзінді бойынша талдау тек «ы» дыбысына қатысты жүргізіледі: Кирилшеге түсірілген жазу түрі: Аы жармнан артқ татар дниаснда қайнаған мфтлк мсылесы чечлді. Петроград ахонды мфа байзидоф хкомт тарфинан мфт сайланған хбры блінді. Өткен с снаұға оңаы. Енді с өтді өкнчден файда жоқ. Айтылу нормасына сай немесе оқылуға сай

кирилшеге түсірілген түрі: Ай жармнан артқ татар дниаснда қайнаған мфтлк мсылесы чечлді. Петроград ахонды мфа байзидоф хкомт тарфинан мфт сайланған хбры блінді. Өткен с снауға оңай. Енді іс өтді өкнчден ғайда жоқ. Енді осы мәтінге сүйене отырып, таңбалық және кейбір емлелік ерекшеліктерге тоқталуға болады: «...Ы» – жазылған жерлерде бұл дыбыс кейде ы/і, кейде и/й, кейде бірінші және екінші буында сөз басында «е» болып, көбінесе сөздің соңында ай, ей буыны немесе «и» дыбысы келуге тиісті жерлерде «аы» буыны, «еі» түрінде жазылады немесе «и» орнына «ы» жазылған (егер сөз жуан болса), «і» жазылған (егер сөз жінішке болса). Бірақ қазіргі кезде оқығанда аы – ай, еі – ей деп оқып жүргенін ескерту керек: бұл жерде жазу мен оқудың немесе жазу мен айтылымның екі басқа дүние екеніне назар аудару керек. Қалай жазылса, солай кирилшеге көшіруді мақсат тұтқандықтан, жоғарыдағы мәтінде түпнұсқалық жазылу тұрпаты сақталады. Мысалы, ноғаы (соңында «...ы» жазылған, й деп оқылады), «...» қазақдаы («...» сөз соңында ы жазылады, бірақ й деп оқылады) «...» оңай («...» ы жазылады, й болып оқылады) чғарғандаы, үлескендеі («...» ы,і жазылған, й болып оқылады), «...» жаы (ы жазылған, й деп оқылады), «...» аы (ы жазылады, бірақ й) болып оқылады. Ескерту керек: бұл жазуда да қазіргі төтедегідей қысқа «й», ұзын «и» деген жоқ, қазіргі төтеде и/й-ға бір ғана таңба арналған, яғни бір «и» танылады және ол екі и/й-дің де орнына жүреді. 1915 жылы «Қазақ» газетінде дауыссыз дыбыстарды таңбалаудағы ескі шағатай жазуының квазиәліпбилік сипаты, яғни таңба берілсе де дауыстылардың жазылмауы, ертеден келе жатқан ескі жазу дағдысының әлі де басымдығын байқатады. Нағыз квазиәліпбилік болмаса да, төте жазуда емле әсерінен квазиәліпбилік белгілер қалыптасқанын жоққа шығару қиын, себебі әр дыбыс бір таңбаға ие болды, дегенмен, олар жазуда таңбасынан айрылған. Ал сөздің толық нұсқасы оқылған кездегі инерцияға байланысты болғаны сезіледі, сөйтіп барып, нәтижесінде сөйлем дұрыс оқылып отырған. А.Байтұрсынов қазақ тілін таңбалайтын графикаға мынандай басты критерийлерді қойды:

«1. Тіл дыбысына жеткілікті – жеткіліксіздігі қанша?

Қайсымен басылған я жазылған сөз оңай оқылады?

3. Қайсысымен жазу жеңіл, жазылғанын тану жеңіл?

Қайсысы баспаға қолайлы?

Үйретуге (сауат ашуға) қайсысы оңтайлы?

Көркемдік пен көзге жайлылық жағынан қайсысы артық?»

Жазуға осындай талаптар қоя отырып, латын және араб графикаларын салыстырады. Бірінші критерий бойынша араб әрпінен қазақ әліпбиіне 14 әріпті өзгертпестен дайын күйінде алды, 5 әріпке ереже қосып алды. Латын әрпінің өзгертпестен алды, дегеннің өзінде 15 әрпін – ақ алуға жараған, ал қалған 7 әрпін өзгертіп алуға жараған және ң, й дыбыстарының таңбасын бейнелейтін әріптерді ойдан шығарып таңбалаған. Бұл критерий бойынша араб жазуының таңбалар жүйесі артық болып тұрғанын айтады.

А.Байтұрсынов қазақ тілінің дыбыстық жүйесін зерттеу барысында 28 дыбыс түрі барлығын, оның дауысты және дауыссыз болып жіктелетінін,

араб хариіпі қазақ жазуындағы жіңішке дауысты дыбысты ажырату үшін қойылатын белгі — дәйекшені енгізудің қажеттілігін, бұл арқылы тіліміздің төл дыбыс жүйесіне тән үндестік заңы бойынша жуан не жіңішке айтылатын буын табиғатын аңғартуға болатындығын қарапайым тілмен түсіндіріп береді. Сонымен қатар араб алфавитінде жоқ ерін дауыстыларын у дыбысының таңбасына ұқсастырып, жолдың үстіңгі бөлігіне дәйекшелер қою арқылы жана әріптер жасайды да, араб графикасын қазақ тіліне ыңғайластырып реформалайды. Бұл жөнінде ғалым Е.Поливанов мақаласында: «Эту последнюю форму, которую приняла казак – киргизская графика, я во всяком случае считаю уже не нуждающейся в исправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, которым вполне могут гордиться киргизские деятели просвещения — создатели реформы, как крупным культурным завоеванием».

Сөйтіп, араб графикасына негізделген жаңа емле 1912 жылдан бастап ұсынылды. «Төте жазу» деген атпен танымал болған бұл графиканы сол кездегі қазақ интеллигенциясы қабылдады және мұсылман медреселері, қазақ – орыс мектептері де қолдана бастады. 1915 жылдан бастап араб графикасына негізделген көптеген қазақ кітаптары басылып шықты.

Ғасыр басында ұлттық сананы қалыптастыру мәселелері А.Байтұрсынов атымен байланысты болса, ал ғасыр соңында да көтерілген мәселелер оның армандарымен астасып жатқандай. Ғалым аңсаған, ұлтына аманат еткен ғылым әлемі – тіл мәселесі адамның рухани байлығы, салауатты өмір сүру, ұлттар достығы бүгінгі күні де өзекті тақырыптардың бірі. Сол кезеңде Ахмет өмірінің мәні болған мәселе – жан – жақты дамыған, әлемдік деңгейдегі білімді меңгерген, тәрбиелі де саналы азамат қалыптастыру бүгінгі күннің де міндеті. Мұны жандандыруда ағартушының артына қалдырған мол мұрасы таптырмас тәрбие құралы.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі .- Павлодар, С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2010.
2. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. 2019. №3
3. Момынова Б. Қазақ әдеби тілінің тарихы. ҚР БЖҒМ грифімен бекітілген. – Алматы: «Қазақ университеті», 2011.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯ

Кенжеболатова Сая Кайсарбековна

СҚО Петропавл қаласы

«Ғ. Мүсірепов атындағы №43 орта мекеп» КММ

гуманитарлық ғылым магистрі

Saya_93_17@inbox.ru

Қай халықтың болмасын болмысы, өркениеттілігі, саналылығы оның тіл мәдениетімен, сол тілдің қолданыс ауқымдылығымен өлшенеді.

Кез келген тілдің дамып, жетілу барысы, қолданыс аясының кеңеюінің шарықтау шегі – ғылым тіліне айналуы. Білім мен ғылым, техника бір орында тоқырамай, дами беретіні белгілі. Ал тіл ғылым мен техниканың тіліне икемделіп, бірге ілгерілесе, сол тіл даму бағытында екені байқалады. Тіл білімінде ғылыми сөздерді терминология саласы зерттейді. Осы орайда ғалым Б. Қалиев термин сөзіне келесідей сипаттама береді: "Термин дегеніміз - сол ұлттың, сол тілдің сөзі, сол тілдің сөз тіркестері, бір сөзбен айтқанда, ұлттық тілдің бірліктері" [1, 62]. Қазақ тіл білімінің терминологиясы жайында сөз болған кезде, Ұлт Ұстазы, академик Р.Сыздықованың тілімен айтар болсақ, қазақтың ұлттық ғылымының көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлы ойға оралады. Ол қазақ филологиясының, тіл-әдебиет ғылымын, ұлттық ғылыми терминологияны қалыптастырудың бастауында тұрған аса көрнекті ғалым. Туған тілдің негізінде термин жасаудың үлгісін көрсеткен ғалым терминдерді барынша ана тілінде жасап, қолдану керектігін алға тартқан. Ғалымның термин жасаудағы басты принциптерінің бірі – өзіміз бай деп таныған ана тіліміздің барлық мүмкіндігін сарқа пайдалану.

1924 жылы Орынбор қаласында өткен ғылыми қызметкерлер съезі қаулысы А. Байтұрсынұлы ұстанған қағидаттарға негізделген. Онда былай деп көрсетілген:

- термин жасауда ең тиімді жол ретінде ұғымдар мен мағынаны дәлірек білдіретін қазақ сөздері көбірек тартылсын;
- егер қазақ тілінде мұндай сөздер табылмаған жағдайда туыс тілдерден сөз алу;
- жалпыға бірдей халықаралық терминдерді де қабылдауға болады. Алайда мұндай термин қазақ тілінің табиғатына тән заңдылықтарды бойына сіңіріп, өзгере енуі тиіс. Ал қазақ тілінде оған сәл де болса сәйкес келетіндей үлгі табылса, оларды қатарластыра беріп, оқырманға таңдау мүмкіндігін қалдыру қажет. Шетел сөздерін өздік ету үшін олар тіліміздің дыбысталу ерекшелігін қабылдауы керек;
- қазақ сөздерінің табиғатына сәйкес келмейтін шет сөздер, біріншіден, олардың бойында біздің тілге жат дыбыстар керекті дыбыстармен ауыстырылады; екіншіден, олардың суффикстері қазақшасымен алмастырылады; үшіншіден, қосарлы дыбыстардың бірі алынып тасталады; төртіншіден, қазақ тіліне тән емес қосымшалар қазақша айтылу ыңғайына көшеді. Мысалы: Оренбург – Орынбор, пуховой – бөкебай, покров – боқырау, Адамовский – Адамау т.т [2,25].

А. Байтұрсынұлы білім саласында, терминжасам саласында тек қана қазақ тіл білімінің терминдерін жасап қоймай, әдебиеттану ғылымын да қатар алып зерттеген. 1923 жылы ғалымның мерейтойына арналған мақаласында М.Әуезов «Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Аханды өзінің басшысы деп санайды» деген болса, әдебиетші ғалым Р.Нұрғалиев оның «Әдебиет танытқышы» туралы айта келіп: «...қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» деп әділ көрсетеді [3]. Ғалымның әдебиеттану ғылымына қосқан үлесін айтқан кезде, 1926

жылы жарық көрген "Әдебиет танытқыш" еңбегін атау керек. Бұл еңбекте ғалым терминделуші ұғымдарды білдіретін жүздеген әдебиеттану терминдерін ғылым сферасына енгізе отырып, олардың терминге тән дефинициясын да берген. Ол - ғылыми ұғымның өзіне тән белгілерін айқын көрсетумен қатар, олардың ұғымдар жүйесіндегі алатын орнын да көрсету деген сөз. Еңбекке Д. Қамзабекұлы "А.Байтұрсынұлы заманынан озық туған білікті, парасатты тұлға ретінде көркем өнер туралы адамзат ғылымы қисын-ережесімен қазақтың телегей-теңіз рухани мұрасын талдап бере алды. Ұлт әдебиеті ерекшелігін, сипатын, өрісін көрсете білді. Сол себепті бұл зерттеу – әлемдік құндылық", - деп баға берсе, академик З.Қабдолов: «Қазіргі қазақ тіл біліміндегі секілді, қазақ әдебиеттануындағы әдеби терминдердің басым көпшілігінің баламаларын ойлап тапқан да Ахаң: көріктеу, меңзеу, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, шендестіру, дамыту, түйдектеу... – осылардың бәрінің түп-тамыры Ахаңда жатыр. Демек, «Әдебиет танытқыштың» ең басты бағалылығы осылайша әдеби терминдерді қазақша қалыптастырғандығы», – дейді [4, 99]. Ғалымның аталған еңбегі әдебиеттану, әдебиет теорисы саласындағы қазақ тілінде жарық көрген тұңғыш ғылыми еңбек.

«Әдебиет танытқыш» – көркем өнердің болмысы мен құрылымын, қазақ әдебиетінің ерекшелігі мен сипатын, әдеби үдерістің мәнін, жанрлар қалыптасуының қоғам тағдыры мен талғамына қатысын, сөздің – өнерге, өнердің – пән ғылымына айналу жолын, сөз жүйесі мен ой жүйесінің мәйегін, өлең мен қара сөздің пішіндік, мазмұндық құрылысын, ауыз әдебиеті мен жазу әдебиеттің дара соқпағын, басты жанрлар мен оның ішкі бөліністері қағидаттарын, әдебиет пен дәуір, әдебиет пен сана, әдебиет пен діл, әдебиет пен ой, әдебиет пен мүдде қарым-қатынасы жайын жік-жігімен түсіндіріп беретін ұлттық білім, таным, ғылым, әдістеме, әдіснама кешені.

Еңбекке енгізілген әдебиеттану мен дүниетанымға байланысты 350-ден аса термин мен атаудың бәрі де ұлт ұғымына негізделген, халық түсінігіне жақындатылған. А. Байтұрсынұлы фольклор мен авторлық әдебиетті алаш парасатының, дүниені тануының кілті ретінде қарағанын және соған сай көркем өнер мазмұнындағы рәміз, белгі, тұспал т.б. айқын көргенін аңғарамыз.

«Әдебиет танытқыш» – бүгінгі әдебиеттануға жол ашқан жанрлық жіктеудің яки бөлудің басында тұрған еңбек. Мұнда фольклор («ауыз әдебиет») жанрлары, «діндар дәуір» әдебиеті жанрлары, «сындар дәуір» әдебиеті жанрлары айқындалып, іштей сараланған. Осы жіктеуді – ұлт ғалымына, тіпті Түркі дүниесі әдебиеттануына А.Байтұрсынұлы енгізген жаңалық деп ауыз толтырып айта аламыз [5].

Қазақ өлең құрылысының теоретигі, академик З.Ахметов «Әдебиет танытқыштың» құндылығын келесідей анықтама береді: «Әдебиет танытқышта» негізінен поэтика, стилистика, өлең құрылысына қатысты мәселелер көбірек сөз болады. Автор тілші-ғалым болғандықтан, оның қазақ поэзиясының ерекшеліктерін осы мәселелерге байланысты тексеріп талдайтыны түсінікті. Автор поэзия тілінің бейнелілігін, сөз қолдану

тәсілдерін мұқият зерттеп, теңеу, ауыстыру (метафора), алмастыру (метонимия), шендестіру, арнау, қайталақтау, дамыту, бүкпелеу секілді ұғымдарды әдеби термин ретінде қолданады. Сөйлемдердің синтаксистік топ болып бірігуін, «оралым», «қайшы оралым» деген сияқты түрлерін ажыратып көрсетеді. Қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындай, бунақ, тармақ, шумақ ұғымдарын қалыптастырады [4, 140].

Осы орайда ғалымның өз еңбегінен үзінді келтірер болсақ, «Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлең дейтіні шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз - өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз - өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады» [6, 192]. Мысалы:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,

Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.

Көкірегі сезімді, тілі орамды,

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін (Абай).

Бұл ақын Абай Құнанбайұлының "Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін..." өлеңінен үзінді, Ахмет Байтұрсынұлының терминімен сабақтар болсақ, бір шумақ. Бір шумақ үзінді өлең төрт тармақтан тұрады. Оны ғалым шумақтың әрбір болы деп түсіндіреді. Тармақ ішінде бунақ пен буын болатыны да айтылады. Бұдан өлең сөздің құрылымына қарай ғалым тілінен туған *шумақ, тармақ, бунақ* сынды терминдерді көруге болады.

Ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлының сөзімен түйіндер болсақ, «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадірінше жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын... Сондықтан сөзден сөз жасап шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді" деп, тілдің міндетін терең ұғынып, оны термин жасауда асқан шеберлікпен, аса жауапкершілікпен жұмсай білген ұлт ұстазының қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі телегей-теңіз.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Терминология және тіл мәдениетінің мәселелері. Республикалық ғылыми-конференцияның материалдары. Жинақ: – Астана: 2004. – 76 б.
2. Айтбайұлы Ө. Қазақ тілінде термин жасау жолдары мен принциптері хақында // Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. Ғылым: Алматы: 1981. – 381 б.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ - ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Жакупова Ақмарал Ораловна

СҚО Есіл ауданы

Корнеевка орта мектебі

«...Біздің заманымыз-жазу заманы, жазу мен сызу, ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман»-деп, лингвист-ғалым,реформатор Ахмет Байтұрсынұлы өзі айтып кеткендей,тіл білімі мәселесі ешқашан өзектілігін жойған емес. «Темір торда шынжырлаулы жатқан» қазақ тілін жарыққа шығару, ұлттық тіл ретінде дамытудың ең ұтымды,ұтқыр жолы-ояну арқылы оқу,оқу арқылы оянуды ұсынған,халқына үндеу тастаған Алаш ардақтысы, ұлт ағартушысының көкейкесті сарыны, арманы еді...

Қазіргі таңда қазақ қоғамын толғандыратын төл әліпбиін түзеу,заман ағымына қарай түрлеу,толықтыру, ана тіліндегі сапалы,сұранысқа ие, заман талабына сай оқу құралдарын әзірлеу секілді реформаланған ауқымды үрдістер жүріп жатыр. Осы тұста, ғасыр басында қазақ әліпбиінің негізін қалап, кезінде қазақ халқының мәдени дүниесінде зор серпілістер әкелген, қалың қазақты жаппай сауаттандыру ісін жандандырып, мәтін лингвистикасының дамуына қомақты үлес қосып, қазақтың ғылыми терминологиясының негізін қалаған,баспа жұмысының жандануына ықпал еткен тұлға ретінде танымал болған, қазақ әліпбиінің атасы атанған Ахмет Байтұрсынұлының рөлі зор. Қазақ қоғамында «Байтұрсынұлы емлесі» деген ұғым қалыптасты, Ахмет Байтұрсынұлы ашқан қазақ мектебінің моделі сауат ашу мен білімнің бастауы, ғылымға апарар басты бағыт-бағдар болды. Қазақ ұлтының «қаймағы бұзылмаған» таза тілімен сөйлеу,білім беру жүйесінде қазақ тілі тазалығын, табиғи қалпын сақтауды басты қағидат ретінде ұстанды.

«Жақсы құралменен іс істегенде көпке тиіп жанды қинамайды. Оқу құралы да сондай, жан қинамайтұғын болса, жақсы болады. Әр істің басы қиын. Басында қиналмай кетсе, онан әрі тың кетеді. Бұлай болған соң әуелі оқу құралы жақсы болып жан қинамасына не керек?» - деп, «ана тіл», «пән сөз» деген терминдерді қолданысқа енгізіп, ұлтымыздың төл тілінің қайнар көзін ашып берді.Қазақ тілінде оқытудың әдіс-тәсілдерін, «тіл сындырудың» қыр-сырын ашып, басымдылықтарын айқындап берді.

«Әліпби түзелмей, іс оңалмайды» қағидатын басшылыққа ала отыра, Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың тілін реформалауды қолға алады, сонымен қатар қазақ терминологиясының негізін қалаушылардың алдыңғы легінде тұрды.

Қазақ тіліндегі терминдерді жасап, қазақ терминологиясын дамытудағы А.Байтұрсынұлының еңбегі өз алдына ерекше. Қазіргі күні нақты терминология саласында жазылып жүрген ғылыми зерттеулер А. Байтұрсынұлының терминтану саласындағы ғылыми еңбектері мен зерттеулерін басшылыққа алады..

Ғалым-ағартушы өз өмірдерегінде: «...Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік

тұрғыдан зерттеумен, екіншіден, қазақ алфавитін, орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен, үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан арылтуға, ...термин жасау арқылы халықтың жанды тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым» дей келе, мұны өзі жасаған оқулықтар мен өзі басшылық еткен «Қазақ» газеті арқылы жүзеге асырғанын айтады.

Ғалымның тіл білімі саласындағы еңбектерін саралау, жүйелеу, оларға тарихи тұрғыдан баға беру-бүгінгі тілші-ғалымдардың еншісіндегі жұмыс. Тілші ғалым Ө.Айтбаев тұлғаның термин жасау тәжірибесін саралай келе, оны «қазақ терминологиясының атасы» деп бағаласа, ахметтанушы ғалым Р.Сыздықова: «...Терминдік мәндегі күрделі атауларды ұсынуда А.Байтұрсынұлы тек ұғым дәлдігін ғана көздеп қоймай, сипаттама компонентін әсерлі, үнді, тұлғалас сөздер болып келуіне қатты назар аударған... әдебиеттану саласында ұсынған терминдерінде бір тектес жеке сөздер мен әдемі әсерлі «ойнақы» компоненттер ...көбірек кездеседі. Мысалы, өлең кестесін – шумақ, тармақ, бунақ, буын құрайды деуі; бернелеу, әсірелеу, меңзеу деп, олардың барлығын «-у» жұрнағымен жасауы немесе көрнекті лебіз, көсе лебіз, көрнек өнері дегендерге ұйқасты сөздерді алуы – осыны дәлелдейтін нақ деректер» - дейді (250-261). Тілші-ғалымның сөзіне жүгінсек, А.Байтұрсынұлы қазақ сөзінің икемділігін (сөз жасау қабілетінің), үндестігін (ұйқас, әуендес келетіндігін) шебер пайдаланғанын жазады.

А.Байтұрсынұлының қаламынан шыққан терминдердің, жасалу әдістерін ғылыми тұрғыдан зерттеген еңбектің бірі ретінде С.Ақаевтың «Терминнің тілдік және танымдық сипаты» атты жұмысын атауға болады. Бұл ғылыми еңбекте жалпы және қазақ тілінде терминдік сөз табының пайда болып, жасалу тарихы талданып, кезеңдестіріледі. Зерттеуде тілтанушы ғалымның қазақ тілінде терминдерді арнайы жасаудағы тәжірибесі, маңызы, терминдердің тәсілдік сипаттары кеңінен сөз болады.

А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының түрлі оқулықтар жазуы барысында «пән сөздерін», яғни термин жасауына, сондайлық ізденістеріне негіз болды. Олар бұл істі шетел сөздерін аудармай, көшіре алу арқылы жүргізетін жасанды тәсілмен емес, тілдің өз бойынан сөз тудыру құбылысы негізінде жүргізіп, ол құбылысты кәсіби деңгейге қойды. О бастан күрделі әрі халықаралық сипатты саналатын терминді мүмкіндігінше қазақшалауға ұмтылуы мен оны толықтай жүзеге асыра алуы олардың жоғары біліктілігі мен алдына қойған мақсат-мүдделері және ол тұстаға әлеуметтік жағдай мүмкіндігі негізінде жүзеге асты.

Біріншіден, олар ғылым-білімнің жұртқа арнайы оқу жүйесі ғана емес, тіл, жазу, баспасөз, әдебиет арқылы да таралатындығын ескерді.

Екіншіден, ол тұста қазақтың бәрі қазақша сөйлеп, қазақ тілі елдегі ең кең тараған, танымал, қолдану жиілігі жоғары тіл болып, тұрақты және өте ықпалды қазақ тілдік орта болды.

Үшіншіден, тілдік, ділдік талғамдары бұзылмаған, ел арасынан шыққан шынайы ұлттық зиялылар болуы себепті ол тұстағы оқығандар ғылымға тек

Еуропадан келген дүние ретінде қарап, қалай да соларға ұқсап-бағуға тырыспай, ғылымды айналадағы өмір құбылыстарымен байланыстыра танып, оны қазаққа, қазақ түсінігіне жақындатуды ойлады.

Төртіншіден, әр қайсысы бірнеше ғылым-білім салаларын игеруі себепті термин - бір сала аясында ғана қолданылатын айрықша жаратылған сөз деп қарамай, ғылыми, қисындық дұрыстықты ойлап, терминге оқулық тілі ғана емес, ғылым тілі, ғылым тілі ғана емес, тілдің бұзылмай, түзелуі, әлеумет тілі, ұлттық таным көзі тұрғыларынан қарады.

Бесіншіден, олар қоғам өміріне, саяси-әлеуметтік мәселелерге белсенді араласып, өз ойларын қазақ тілінде шебер жазып-жеткізе алатын публицист болды және баспасөз бетінде түрлі тақырыптар бойынша, соның ішінде термин мәселесіне қатысты ойжарыстарға түсіп отырды.

Алтыншыдан, олар қазақ ауыз әдебиетін, мәдени, саяси тарихын, жыр-қиссаларды жақсы білді және тілді, оның грамматикалық құрылымдарын маман деңгейінде меңгеріп, мәнерлі сөйлеп, көркем жаза алатын еді.

Жетіншіден, тілдің әлеуметтік маңызы, қолданылу аясы, бұзылу-түзілу мүмкіндіктері, тілдік реформа, әлемдегі тіл саясаты, тілдік жаулау жайларынан жан-жақты хабардар болды.

Нәтижесінде термин тіл бойындағы табиғи тәсілдер, оның ішкі мүмкіндіктері негізінде жасалды және жұмыстың өзі ол терминді қабылдаушы тіл қолданушыларының танымдық сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталды.

Терминология саласының майталманы Ш.Құрманбайұлының «Алаш және терминтану» атты монографиялық ғылыми еңбегінде А. Байтұрсынұлының терминология саласындағы зерттеулеріне кеңінен тоқталады. Ғылыми зерттеуде XX-шы ғасыр басындағы қазақ терминологиясының дамуы, қалыптасуы қарастырылған. Жұмыстың алғашқы тарауы «Алаш зиялыларының ұлттық терминқор қалыптастыру міндеті» деп аталып, мұнда қазақ ғылым тілінің ұлттық терминологиялық қорының қалыптасуына негіз болған факторлар туралы сөз болады. Зерттеуші ғасыр басында қазақтың ғылым тілінің қалыптасуы мен ұлттық терминологиялық қордың жасалуына үлес қосқан зиялылардың еңбектеріне жеке-жеке тоқталған.

Ш.Құрманбайұлы А. Байтұрсынұлы замандастары баба буын «рухани көсем» деп дәріптеген, бүгінгі аға буын тілші-ғалымдар «ұлт мәдениетінің Хан тәңірі» деп асқақтатқан ұлт ұстазына «Қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы Ахмет Байтұрсынұлының рөлі», «Ахмет Байтұрсынұлы және XX ғасыр басындағы терминологиялық жұмыстардың жүргізілуі» деген тақырып арнап, ахметтанудың негізін салушы тілші, әдебиетші ғалымдардың ой-тұжырымдарын негізге алады. Олардың бірімен келіссе, енді бірімен келіспейтінінің себептерін ғылыми тұрғыдан таратып талдайды. Мәселен, ғалымның 125 жылдық мерейтойына

арнайы өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарын, ғылыми жинақ етіп құрастырған, әрі жауапты редакторы, ғалым Е.Жанпейісовтың алғысөзіндегі «Байтұрсынов дәуірі», «Байтұрсынов ғасыры» деген түйін сөзімен келісе қоймайды. Бірақ, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салған Ахмет Байтұрсынұлының қызмет жасаған аралығын «Байтұрсынұлы кезеңі» деп атаған орынды деген пікір айтады.

Шындығында, А.Байтұрсынұлы негізін қалаған термин жасау ғылымының жалғасын таппауы, зерттеуші өзі айтып отырғандай 30-шы жылдары Алаш зиялылары Кеңестік жүйенің саясаты салдарынан қуғын-сүргінге ұшырауы себепті іске аспай қалған еді. Ендеше, Ұлттық терминнің үзіліске ұшырауына Ахметтер емес, басқарушы биліктің сыңаржақ саясаты кінәлі екенін бүгінгі ұрпақ білуге міндеттіміз. Тіл маманы Ш.Құрманбайұлы ғалымға арнаған зерттеу тақырыбында, оның 10-15 жылда ұлтқа жасаған қызметін ғылыми дәйектемелер бойынша саралап, оның атқарған жұмыстарын былайша жіктейді:

- 1). Қазақ тілі білімінің терминологиясын жасаушы;
- 2). Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым, осы ғылым саласының ғылыми терминологиясын да жасаған;
- 3). Әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты көптеген терминдер жасаған;
- 4). Қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтап, терминжасам тәжірибесінде кеңінен пайдаланған ғалым;
- 5). Жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айрықша тұлға;
- 6). Қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаушы;
- 7). Қазақ терминтанушы-лингвистері жасап, ресми бекіткен терминология қағидаттарын бүкіл түркі халықтарына ұсына отырып, түбі бір туыстас тілдердің терминологиялық қорының ортақтық сипатын арттыруды көздеген кең тынысты түрколог ғалым». Әлбетте, бұл бір адамның басына аз жұмыс емес. Егер А.Байтұрсынұлы басқарушы билік тарапынан бес рет сотталып, екі рет жер аударылмағанда өзі сүйген қазақ ұлты үшін тағы талай жұмыстарды атқарары сөзсіз еді. Зерттеуші қарастырып отырған терминология саласы бойынша А. Байтұрсынұлының даралығы мен даналығын нақты көрсете алған. Ш.Құрманбайұлы өз зерттеу еңбегінде түйін сөзін «аса көрнекті тілші- ғалым» деп қорытады.

Ахмет Байтұрсынұлы-«Қазақ әліпбиінің атасы», «Ана тілдің айбары», «Ғасыр саңлағы», «Тіл реформаторы» деп ұлықталған, ғұлама ғалым, ағартушы, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы теоретик ғалым-лингвист ретінде қазақ тарихында қалатын ұлы тұлға.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Амантай Шәріп. «Сөз және сөз өнері» оқу құралы. Астана қ. 2010 ж.
2. Райхан Имаханбет. «Ахмет Байтұрсынұлының тіл мұрасы» Алматы қ. 2019ж.

3. Шерубай Құрманбайұлы. «Терминологиялық танытқыш» Алматы қ. 2008
4. Автордың басқа жұмыстары (автореферат) 2020 ж.

БАҒЫТ ІІІ. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ - ҒЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ»

Абушукирова Н.А

СҚО Жамбыл ауданы

«Мирный жалпы орта білім беру мектебі» КММ

қазақ тілі әдебиеті мұғалімі

abushukirovan@mail.ru

Ғылым еңбектерін жаңаша зерттеу, идеяларын толыққанды саралау еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана мүмкін болып отыр. Тоқырау жылдары А.Байтұрсынұлының еңбегін бағаламақ түгілі, инициалдарының алғашқы әріптерін бергені үшін ғалымдарымыз қудалауға түсіп, еңбектері туралып кеткен. Алаш зиялыларының еңбектерін жинақтап, жүйелі түрде зерттеуге тәуелсіздігіміздің, ұлттық дербестігіміздің арқасында қол жеткізіп отырмыз. Бұл бағыттағы ізденістер алдағы уақытта да жалғасын тауып, ғалым мұрасы ел игілігіне айналмақ. А. Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы ұлттық санамызды кемелдендіру жолындағы рухани азық болары сөзсіз.

Елбасымыз «Тарих толқынында» атты еңбегінде XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алғанын атап өткен еді. Сондықтан алаш зиялыларының еңбектерін жаңа заман

тұрғысынан қайта зерттеп, жасампаз идеяларын болашақұрпақтың санасына сіңіру жастардың бойында қазақстандық патриотизм қалыптастыруға негіз болмақ. Үстіміздегі жылы тарихымызда рухани жаңғырудың бастауы болған Екінші Жалпықазақ съезінің өткеніне, «Алашорда» үкіметінің құрылғанына 100 жыл толып отыр. Осы үкіметтің төрағасы болып сайланған Ә. Бөкейханның 150 жылдығы былтыр ЮНЕСКО көлемінде атап өтілді. Тәуелсіз мемлекет құруды көздеген алаш зиялылары ұлттық бірегейлікті сақтап қалуды мақсат етті. XX ғасырдың басындағы ұлт көсемдерінің мақсаттары мен бүгінгі таңдағы даму бағдарымыздағы сабақтастық, Президентіміздің ұлттық салт-дәстүр, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымызды бойымызда мәңгі қалуға шақырған елдің ертеңін терең зерделеген сарабдал саясаты ұлт зиялыларының ғылыми мұрасын қайта зерттеуді, дендей пайымдауды қажет етіп отыр.

Мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, әдебиет зерттеуші, түркітанушы, ақын, публицист, педагог, аудармашы А. Байтұрсынұлының еңбектері ешқашан тарихи маңызын жоймайды. Бүгінгі таңда ғалымның XX ғасырдың басында жазған еңбектерінің қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттармен, инновациялық парадигмалармен сабақтастығы анықталып отыр. Жалпы тіл білімінде XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында ғана сөз болып, қолға алына бастаған көптеген жаңа бағыттар қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлы еңбектері арқылы XX ғасырдың басында жан-жақты сараланып, жүйеленген. Бұл – ұлтымыздың мақтанышы.

Ахмет Байтұрсынұлына арналған өмірбаяндық еңбегінде Міржақып Дулатұлы Ахмет Байтұрсынұлының Кеңес үкіметі орнаған соң ағартушылықпен қатар түрлі жауапты қызметтер атқарғанын ескертеді. Атап айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлы 1920-21 жылдары Қазақ АКСР халық ағарту комиссары қызметінде болған (яғни, Ахмет Байтұрсынұлын «білім-ғылым саласының алғашқы министрі» дегеніміз жөн), 1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922-25 жылдары Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болған. Мұрағат деректер бойынша қарастырсақ, ахметтанудың ғылыми тұжырымдалуы 1919 жылдан басталады. Мәселен, өзге ұлт өкілдерінен 1919 жылы А.Н.Самойлович «Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынұлы» деген ғылыми мақала жазса, кейін бұл үрдіс жалғасын табады. Самойловичтің осы мақаласы кейін 1930 жылы А.Байтұрсынұлы түрмеде отырған тұста Мәскеудің «Литературная энциклопедия» атты жинағының 1-томына кіреді. Бір ғажабы – орыс ғалымдарының арасында жеке адам баласының басында болып жататын түрлі қайшылыққа қарамастан, ғылымдағы жетістіктері жоғары бағаланған. Өз Отанымызда А.Байтұрсынұлының қазақ жұрты үшін жасаған жұмыстары қасақана «халық жауы» деп қараланып жатқанда, орыс ғалымдары аталған жинақтың 1931 жылы жарық көрген 5-томына Қазақ әліпбиін «Байтурсуновский алфавит» деп енгізеді. Міне, нағыз ғылымдағы адалдық, ғылыми жетістіктің

бағалануы! 1924 жылы Е.Д.Поливанов «Қазақ-қырғыздың жаңа (Байтұрсынов) орфографиясы» 1928 жылы Н.Ф.Яковлев «Әліпби құрылымының математикалық жүйесі» туралы ғылыми мақалалар жазды. 1974 жылы А.Н.Кононов «Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынұлы» атты ғылыми анықтамалық мәліметтер бергені тарихтан мәлім. А.Самойлович мақаласында Ахметтің ғалымдық қайраткерлігін биографиялық анықтамалық шолуға сыйғызған, қазақ ғалымын: «...қазақ тілі орфографиясының реформаторы, қазақ грамматикасы және қазақ әдебиеті теориясының негізін қалаушы», – деп жазды.

Осы ғылыми тұжырымды негізге алып, ахметтануды 1922 жылғы М.Дулатұлы мен Е.Омаровтың мақалаларынан да ертерек, 1919 жылдан бастаған дұрыс. Себебі жоғарыда аталған А.Самойлович мақаласында Ахметтей қоғам қайраткерінің 1919 жылға дейін жасаған сан алуан жұмыстарын ғылыми анықтамалыққа сыйғызған. Зерттеуші мәліметіндегі: «көрнекті қазақ ақыны», «жорналшы», «педагог» деген танымдық сипаттаулар дәл сол уақытта қазақ ағартушысының атқарған негізгі жұмыстары болатын. Ал қазақ зиялылары тарапынан 1922 жылдан бастап зерттеліп, бағаланып жүрген «Қазақ» газеті туралы А.Самойлович «...қазақ халқының қоғамы мәдени санасын оятушы басылым» деп айрықша атап айтты. Бұл күні әдебиеттану ғылымында «төлтума» деп тануды ұсынған «Қырық мысалдағы» қазақы сипат пен өрнекті тілі: «Байтұрсыновтың тілі лирикалық шығармаларында қарапайым, өзінің бай, көркем, поэтикалық мәнерімен ерекшеленеді», – дейді. Міне, өзге ұлт өкілі орыс ғалымы берген нақты әрі құнды ғылыми тұжырымдаманың қазақ зиялыларынан 3 жыл бұрын айтылғанын мойындауға міндеттіміз.

Осы ғылыми тұжырымды негізге алып, ахметтануды 1922 жылғы М.Дулатұлы мен Е.Омаровтың мақалаларынан да ертерек, 1919 жылдан бастаған дұрыс. Себебі жоғарыда аталған А.Самойлович мақаласында Ахметтей қоғам қайраткерінің 1919 жылға дейін жасаған сан алуан жұмыстарын ғылыми анықтамалыққа сыйғызған. Зерттеуші мәліметіндегі: «көрнекті қазақ ақыны», «жорналшы», «педагог» деген танымдық сипаттаулар дәл сол уақытта қазақ ағартушысының атқарған негізгі жұмыстары болатын. Ал қазақ зиялылары тарапынан 1922 жылдан бастап зерттеліп, бағаланып жүрген «Қазақ» газеті туралы А.Самойлович «...қазақ халқының қоғамы мәдени санасын оятушы басылым» деп айрықша атап айтты. Бұл күні әдебиеттану ғылымында «төлтума» деп тануды ұсынған «Қырық мысалдағы» қазақы сипат пен өрнекті тілі: «Байтұрсыновтың тілі лирикалық шығармаларында қарапайым, өзінің бай, көркем, поэтикалық мәнерімен ерекшеленеді», – дейді. Міне, өзге ұлт өкілі орыс ғалымы берген нақты әрі құнды ғылыми тұжырымдаманың қазақ зиялыларынан 3 жыл бұрын айтылғанын мойындауға міндеттіміз. Жоғарыда аталған ғылыми зерттеулер мен мақалалар – «қазақ тілі» деген үлкен ұғымды, бір ұлттың ықылым заманнан келе жатқан атауын қасақана ысырған «саясаттан» тайсалмаған тұлғаның туындыларын қамтыған тендесі жоқ материалдар. Бұл

мақалалардың мәтініне қайта үңіліп, мазмұнына тереңдер болсақ, ахметтану мәселесіндегі тұлға келбетін байыта түсері сөзсіз.

Сөзімді қорытындылай келе, алаш арыстары ақталғаннан кейін шығармалары қайта басылып, әдебиеттану ғылымына «Алаш әдебиеті» деген үлкен арна қосылғандығы баршамызға мәлім екендігін айтқым келеді. Демек, осыдан бастап А.Байтұрсынұлының ғұмырбаяны, шығармашылығы зерттеліп келеді, оны келер ұрпаққа таныту аясында тілші, әдебиетші, тарихшы, педагогика т.б. мамандар ғылыми-зерттеу жұмысын қорғап, монографиялық еңбектер жарық көруде. Әлбетте, олардың зерттеу нысанд - ғалым замандастарының мақалалары. М. Дулатұлы, Т. Шонанұлы, Е. Омаров, С. Сейфуллин, М. Әуезовтей әдебиет алыптарының мақалалары – бүгінгі ұрпаққа ғалымның өмірнамасын, шығармаларын жан-жақты танытуда негізгі дерек көзі. Яғни, ахметтану, ғалымның әдеби, ғылыми шығармашылық мұрасын таныту – өзі өмір сүрген кезеңнен бастау алған педагогикалық мұралары екендігін, ақынның өршіл рухты тіл жанашарлығын еңбегі мен артында қалған мұрасы айқындап тұр дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. – Алматы, 1987.
2. Ахмет Байтұрсынов Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Шамшиева Айжан Кажығалиевна

СҚО Ақжар ауданы

Қали Хадесұлы атындағы Жаңаауыл орта мектебі
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-зерттеуші

aizhan8181@mail.ru

«Мұғалім өзінің білімін үздіксіз дамытқанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанда оның мұғалімдігі де жойылады» дегендей біз, ұстаздар қауымы, өз білімімізді жетілдіріп, уақытпен бірге қадам басу үшін үнемі дамып, кәсіби шеберлігімізді үнемі шыңдап отырғанымыз абзал.

Елімізде орын алған пандемияның көп нәрсеге ықпалы болды. Қашықтан білім беруде оқушыларға қажетті білім мен тәрбиені жеткізу және бағалауды жүзеге асыруда көптеген кедергілер кездесті. Сол тұста ұстаздар қауымына жауапты міндет жүктеліп, еңбек пен білімді, қосымша ізденісті талап етті. Атап айтсақ, оқу бағдарламасының құрылымын қашықтан білім беру жүйесі мен байланыстыру, тиімді интербелсенді сервистерді, мақсатқа бағытталған тапсырмаларды даярлау, оларды заманауи платформалар арқылы сапалы жеткізу, бейнесабақтар түсіру. Ұстаздық тәжірибем мол болғанымен, қашықтан оқыту жағдайында оқушыға жан-жақты білім беруде ІТ-құзыреттілікті жетілдіру аса қажет болды. «Оқушыға білімді қалай беремін? Олар қалай оқиды, үйренеді? Оқу мақсаттарына қалай жетеді? Қолдау көрсетудің тиімді жолы қандай?» - деген сұрақтар туындады.

Осы орайда, шебер педагог ретінде оқу мен тәрбиені ұштастыра отырып оқушылардың білім сапасын арттыру, ұстаз қызметінің тиімді және табысты болуы мақсатында сандық бейнесабактар даярлап, ютуб каналымда бөлісіп отырдым. Бейнесабактарды құрудың қыр-сырын меңгердім, сабак құрылымын жоспарлау, интербелсенді сервистермен (learning Apps, Padlet, wardwall, jamboard, quiziz) жұмыс жасау, креативті инфографикалар мен гугл өнімдерін тиімді пайдалану сынды тәсілдерді сабактарда тиімді қолдана бастадым.

Қашықтан оқыту кезінде қандай платформа арқылы оқыған тиімді, оқушының білімін толықтыру бойынша қандай оқыту және бағалау құралдарын пайдаланамыз деген мәселелер төңірегінде құзыреттілігімді арттырдым, нәтижесінде қазір оқушылардың білім сапасы артты.

Оқушыларды білім жүйесімен, іскерлікпен, дағдымен қаруландырып қана қоймай, олардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту, кітап оқу дағдысын қалыптастыру, төл мәдениетіміз және әдебиетімізбен сусындатып өсіру ұстаздық міндетім деп санаймын.

Жаңа мемлекеттік бағдарламаға сәйкес негізгі міндеттер айқындалды: қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру; жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту; ғылымның ел экономикасына қосар үлесінің артуы. Қазіргі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі дамыған цифрлық инфрақұрылым болып табылады. Сондықтан білім беру ұйымдарында ІТ-инфрақұрылымды, цифрлық білім беру ресурстарын, ашық онлайн-курстардың желілері мен платформаларын дамыту, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру қажет. Мектеп бойынша білім беруді цифрландыруды жүзеге асырудың жоспары әзірленіп, ауқымды жұмыстар атқарылуда, инфрақұрылымы дамуда.

Педагогтардың электронды білім беру саласындағы білім мен біліктерін: базалық компьютерлік білім мен білік және кәсіби бағдарланған компьютерлік білімдер мен біліктер деп қарастыруға болады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі инновациялық өзгерістердің прогресивті өсімін ескерер болсақ, тек ғана базалық компьютерлік білік пен дағдыны меңгеру жеткіліксіз. Ұстаздың әр тарапты ізденушілік қасиеті үнемі қозғалыста болуы керек екендігін білсек, инновациялық-технологиялық бағыттағы ізденушілігі де үнемі үрдісте болуы тиіс. Электронды білім беру жүйесіне сай педагогтардың біліктілік деңгейлерін келесідей тараптарға жіктеуге болады: **қарапайым-бейімдеушілік деңгей**. Бұл деңгейде компьютер және компьютерлік техниканы қолдану дағдылары, оқу үрдісінде қолданбалы бағдарламалық құралдарды қолдану мүмкіндіктері қарастырылады. **Екінші іс-әрекеттік-ізденістік деңгей**. Педагог АКТ-мен жұмыс жасау негіздерін практикалық тұрғыда меңгереді. **Үшінші жүйелік** – шығармашылық деңгей. Электронды оқу-әдістемелік құралдар мен веб сайттар құрастыру. Халықаралық деңгейдегі білім беру стандарттары заманауи педагогтан жоғарыда аталған деңгейлердің 2 және 3 деңгейге сай болуын талап етеді. Осы орайда, мектеп мұғалімдері дайын білім беру платформаларын қолданып

кана қоймай, электрондық құралдарды жасап, өз тәжірибелерімен бөлісу қажет.

Онлайн-оқулар кезінде ақпараттық коммуникациялық технологиялардың түрлі бағдарламаларын қолдандық, үйрендік. Қай бағдарламаның аса табысты екеніне көз жеткіздік.

Онлайн-оқулар қандай құндылықтар бере алды?

1. Еліміздегі барлық мұғалімдер мен оқушылар технологияны, түрлі бағдарламаларды тез арада үйреніп алды, техникалық білімдерді кеңейтті.
2. Отандық өнімдер пайда болды, Онлайнмектеп, гуглформа қолдану арқылы мұғалімдерде де, оқушыларда да шынайы электронды пошталар пайда болды.
3. Мұғалімдер өздерінің сабақтарын видеоға айналдырып, ютубканалына жүктеп, нағыз электронды портфолио пайда болды.
4. Мұғалімнің онлайн-педагог екенін білгіңіз келсе, ютуб каналдан аты-жөнін теріп, жұмыстарымен танысыңыз.
5. Сабақтар, алғаш рет, телевизорларда жүйелі түрде жарық көрді. Camtasia studio бағдарламасында оқушылардың шығармашылық жұмыстарын монтаждап, оқушылардың өлең жаттауға, сөздік қорларын молайтуға, әдемілікке, көркем сөйлеуге ынталандырды.
6. Интернет сервистердің рөлі артып, онлайн режимдегі қызметтер саны өсті.
7. Онлайн-оқулар кезінде аса тиімді болған және оффлайн-оқулар кезінде қолдануға болатын бағдарламалар:

ZOOM, Camtasia studio, trello, Google форма, Онлайнмектеп.

Жоғарыда аталған инновациялық технологияларды мүмкіндігімізше өз пәнімізде қолдансақ, оқушыларымыз ойын жүйелі, ашық жеткізетін, өмірге тез бейімделгіш, бәсекеге қабілетті әрі заманға сай сапалы білім, саналы тәрбие алатынына және мемлекетіміздің өркендеп, өсуіне үлестерін қосатындарына сенімім мол.

Медиа ұстаз болу үшін 6 қадамды білу керек.



Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет. 38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).
2. Сайт: www.edu.gov.kz

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ

Амиржанова Назгуль Сакеновна

СҚО, Петропавл қаласы

«Сафуан Шаймерденов атындағы қалалық гимназия» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Сан ғасырлық алуан қатпарлы тарих көшінде халқының басын қосқан, жарқын болашаққа бастаған, беделін асырған, намысын оятқан, абыройын қорғаған тұлғалар, әлбетте, аз болмаған. Ұлт тарихының қалың оқулығы бізге тағылым аларлық сан тұлғаның өмірі мен өнегесін ұсынғанда, олардың ішінен мемлекет тізгінін қолына ұстаған хандар мен билерді, ел іргесін жаудан қорғаған баһадүрлерді, әлеумет өмірін кең толғаған жыраулар мен ақындарды, ән мен күйін әуелеткен өнерпаздарды, халқына жол нұсқаған ойшылдарды көреміз. Бойына алуан қабілетті сыйғызған осындай айтулы тұлғалардың ортасында барша қазақ “Ахаң” деп құрмет тұтқан, “Ұлт ұстазы” деген аса мәртебелі ат иеленген-Ахмет Байтұрсынұлының ерекше орны бар.

Халық қайраткері, ұлт ұстазы, жамағат жанашыры Ахмет Байтұрсынұлы – халқының азаттығы, елінің тәуелсіздігі мен ұлттық мемлекеттігі жолында жан аямаған күрескер. “Елшілдік ұранын көтерген” (М.Әуезов), жаңа заман жаршысы, ұлы реформатор. Дарынды сөзімен дабыл қаққан, өлең өрімі мен өресін ұққан ұлы ақын. Бала тәрбиесінен бастап, ұлттық санаға дейінгі педагогикалық мәселелерді түгел зерделеген ұлт ұстазы, гуманист ағартушы. Ұлттың дыбыстық жүйесін дұрыстап, әліпбиін жаңғыртқан, жазуын жүйелеп, жөнге салған ұлы тілші. Қазақ әдебиеті теориясының тәмсілін түзген, көркемдік кестесінің қисындарын көрсеткен әдебиеттанушы. Оқу мен оқытудың озық үлгілерін, оңай тәсілдерін үйретуші шебер әдіскер. Өзге жұрт жауһарларын өз тілінде сөйлеткен, өзгенің игілігі өз еліне пайдасын тигізерді ойлаған тапқыр аудармашы. Ұлттық ұғымға сыйымды, тіліне жатық, ойына жатық атаулар қорын түзген терминтанушы...

Ел ертеңін ойлаған есіл ердің ерен еңбегі бұл аталғандармен шектелмейді. “Тән көмілер, көмілмес еткен ісім, ойлайтын да мен бір күнгі ісін, жұрт ұқпаса ұқпасын, жабықпаймын; ел – бүгіншіл, менікі ертең үшін” дейтін азаткер азамат арқалай алған уақыт жарлығы мен жұртының жауапкершілігіне саятынның баршасымен толығып кете береді...

Қазақ әдебиеті тарихында ұлы Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен мәдениеті тарихында Ахмет Байтұрсынұлының да орны сондай. Елу жылдан астам уақыттан кейін ел қолы әрең жетіп отырған А.Байтұрсынұлының бай мұрасын жай санамалап өткеннің өзінде, осынау адамның өмірдегі ғажайып ерлігі мен табандылығына, туған халқына деген шексіз перзенттік сүйіспеншілігіне, асқан білімдарлығына тәнті болмай тұра алмаймыз.

Барлық саналы ғұмырын ұлт күресінің қасиетті жолына арнаған Ахмет Байтұрсынұлының есімі ел шежіресінде көптеген қырынан айтылады. Біріншіден, ол-қайраткер тұлға. Алаш қозғалысының бастауында тұрып, оның өрістеуіне, жалпыұлттық қозғалысқа айналуына ерен еңбек сіңірген

шын мәніндегі ұлт қайраткері. Тіпті, Алашорда таратылып, кеңестік билік орнаған шақта да Ахаң қайраткерлік тұғырында қалды. Соның жарқын мысалы-қазақтың кеңестік кезеңде автономияға қол жеткізуіне басты себепкер болғаны және қазақ жерінің тұтастығы үшін большевиктік билікке дегенін орындатқаны. Екіншіден, ол-сан буын қазақтың сауатын ашқан ұстаз. Оның әліпбиін осы күнге дейін миллиондаған қазақтар пайдаланады.

Оның өмірбаяны, бар тірлік-тынысы, ой-арманы туған халқына деген қалтқысыз қызметтен тұрады. Оның өмірін сондықтан да жеке адамның, жеке бір маманның өмірі деп қарауға болмайды. Ол – халықпен біртұтас, қалың бұқарамен тамырлас, ел жүгін белі қайыспай көтерген нағыз халық перзенті.

Ахмет Байтұрсынов қазақтарды надандықтың шырмауынан шығарудың бірден-бірден жолы – ғылым-білімге ұмтылу, оқу-ағарту жұмысымен айналысу деп ұққан. Халықтың көзін ашып, сапасына сәуле құюдан басқа мақсаты жоқ бұл әрекеттерді қолдап, қуаттап отырудың орнына, көп ағайыннан қияс тартып, аяққа оралғы, игі іске кедергі бола беретініне күйініп “Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ” деген өлеңін жазған.

Шынында, білімсіз ел теңізде жүзіп келе жатқан ескексіз қайық сияқты емес пе? Сол кездегі қазақ елінің халы дәл осындай мүшкіл еді. Сауатсыздық салдарынан өзін, елін, жерін кім қалай саудалап, қалай иемденіп жатқанын түсінуге де халықтың мұршасы болмады. Дәл бірінші орыс төңкерісінен кейінгі уақытта А.Байтұрсыновтың қоғамдық саяси қызметі саяси тақырыптарға арнап кітап бастырып, қазақ даласына тарату арқылы қазақ халқының ұлттық саяси санасын ояту болатын. Үнемі патша полициясының бақылауында болған осы бір жылдары Ахмет Байтұрсынұлы азаттық күресін бір сәтке тоқтатпайды. Осы жылдары атақты “Маса”, “Қырық мысал” жыр жинақтары жазылады. Мұқанның сөзімен айтқанда, “Қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі “Қырық мысал” болатын”. Бұдан кейін Ахаңның атағы жайылып, елдің шын қамқоры екендігі екіншісі біріне мәлім бола бастаған.

Сонымен қатар, ұлт ұстазы И.А.Крыловтың мысал өлеңдерін қазақ қауымына ұсына отырып, қазақ өміріне етене жақын халықтың тұрмыс қарекетінен туындайтын ғибраты мол тұтарына назар аударады. Қай мысалын алып қарасаңыз да қазақшаға шапан киіп, қазақ тұрмысындағы небір жағымсыз мінез-құлық әдеттерді сынауға арналған.

1911 жылы Орынборда Ахмет Байтұрсыновтың «Маса» жинағы шықты. Бұл ұлтын ұшпаққа шығармақ ақынның дабылы секілді. Себебі, Ахаң ештеңеден хабарсыз, ойсыз жатқан халқын маса секілді шағып, оятуды мақсат етеді. Сондай-ақ, осы мақсат жолында өзінің алған бетінен қайтпайды. Бұл жинақтағы «маса» бейнесі – еркіндікке ұмтылған, халқын оятуға бел байлаған, азаттықты аңсаған жанның келбеті. Тіпті, ол дәл осы жолда талай сокқы жеп, небір қиын сәттерге ұшырайды. Алайда, ол бастапқы көздеген ұлы мұратынан алыс кетпейді. Бұл туралы ол өлеңде: «Пәленің түрін көрген мен – Сары маса, Халықты оянсын деп сөзбен шаққан» дейді.

Бұл кітабына енген өлеңдерінде жеке бастың мұң-шері, тұрмыс-салт суреті емес, негізінен, әлеуметтік, қоғамдық ойлар, азаматтық идеялар

айтылады. Өзін-өзі күйттеген, байлық үшін, мансап үшін ар-абыройын сатқан, “жақсылығы өз басынан артылмаған”, “бос белбеу, босаң туған бозбала”, “бір тойғанын ар қылмаған шалдар”, “мәз болып құр түймеге жарқылдаған оқығандар” сыналады. “Туысыма”, “Досыма хат”, “Қазақ қалпы”, “Көк есектерге”, “Жұртыма”, “Қарқаралы қаласына” өлеңдерінде ұлы Абай сатирасын еске түсіретін сарындар, ойлар, образдар бар “Анама хат”, “Жауға түскен жөн сөзі” – қорлық-зорлыққа мойымаған, бостандық, еркіндік жолында бәріне көнген қайратты ерлер тұлғасын мүсіндеген жырлар, “Масада” Пушкиннен аударылған “Қыздыр дейсің мәжілісті, жан дейсің”, “Ат”, “Данышпан Аликтің аты”, “Балықшы мен балық”, “Алтын әтеш”, Крыловтан аударылған “Сорлы болған мұжық”, “Қаздар” шығармалары берілген. Бір сөзбен айтқанда, “Қырық мысал”, “Маса” – қазақ әдебиетін жаңа тақырыптармен, идеялармен, ойлармен, өрнектермен байытты. Абайдың ақындық дәстүрі ілгері жалғасты, заман талабына сай жігерлі поэзия туды.

Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсынов – қазақ мәдениеті мен руханиятында тұтас бір дәуірді алып жатқан үлкен тарихи тұлға. Оның тағылымға толы шығармалары өз кезеңінің негізгі ұранына айналып қана қоймай, бүгінгі күні ұлтының айнымас темірқазығына айналды. Ол өзінің тума талантын халқының жолында шыңдап, іргелі істердің аңдатпасы ретінде тарихи сахнаның бедерінен көрінген. Ол қараңғыдан жол тауып, қазақ қоғамына өзінің сәулесін төкті. Оқу мен білімнің қажет екенін түсінген

А. Байтұрсынов қазақ даласына жарық беріп, ағартушылық қызметпен айналысқан еді. Бұл оның елі үшін туған арда азамат екенінің айқын көрінісі.

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,

Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.

Жұрт ұқпаса ұқпасын жабықпаймын,

Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін,

– деп жырлаған ақын Ахмет Байтұрсыновтың негізгі мақсаты туған халқына қызмет ету екенін байқауға болады. Халықтың ояну, білім алу, ғылым игеру мәселелерін басты назарда ұстаған оның және Алаш қайраткерлерінің ұлт үшін еткен істері едәуір екені сөзсіз. Сонымен қатар, ол өз елінің ұшпаққа шығуын ойлап, осы жолда небір кедергілер мен кесепаттарды көрді. Елдік мұрат пен ұлттық мүддеге қызмет ете отырып, шолақ белсенділердің «таяғының» астында қалды. Сонда да Ахмет Байтұрсынов өзінің алған бағытынан таймай, іргелі істері арқылы елінің азаттығы жолында барын салды. Бұл тек нағыз жанкешті жанның қолынан келер іс.

Қазақ тілін талдап-тануда Ахмет Байтұрсыновтың еңбегін және бір тұрғыдан ерекше бағалау керек: ол – термин жасаудағы іс-әрекеті. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша термин ұсынды. Осы күнгі қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу сынды сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің баршасы А.Байтұрсыновтікі. Бұлардың барлығы дерлік не бұрынғы сөздің мағынасын жаңғырту, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соңғы атаулар, жасанды сөздер.

Ахмет Байтұрсынов терминология мәселесіне қатты назар аударған. Ол тек білім саласы емес, әдебиеттану саласының да көптеген терминдерін жасағаны мәлім. Бұлар да өте сәтті шыққан, қонымды атаулар болған. Сондықтан әдебиеттанудағы А.Байтұрсынов ұсынған терминдердің басым көпшілігі күні бүгінге дейін қолданылып отырған.

Қазақ тілінің графикасын жасаған Ахмет Байтұрсынов енді олардың грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатында “Тіл-құрал” атты үш бөлімнен тұратын кітабын шығарады. Бұл кітап тек мектеп оқулықтарының ғана емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болып, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы, қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білуде тарихымызда аталмыш кітаптың орны айрықша.

Қазақ балаларының сауатын ашатын “Оқу құралы” деп атаған әліппе кітабының эпиграфы етіп, мына сөздерін ұсынады:

Балалар, бұ жол басы даналыққа,
Келіндер, түсіп байқап қаралық та!
Бұ жолмен бара жатқан өзіндей көп,
Соларды көре тұра қалалық па?
Даналық өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріңдер іздеп тауып алалық та!

Бұл жерде автордың “даналық” деп отырғаны – сауаттылық, білім-ғылымды игеру, ал “бұ жол” деп отырғаны – оқу.

Ұлы ағартушы ұстаздың қазіргі қазақ педагогикасынан алатын орны ерекше. Заман өзгеріп, таным жаңғырғанымен Ахмет сияқты тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы қазіргі оқушыларға да, жастарға да, ұстаздарға да үлгі.

Ахмет Байтұрсынов өзінің алдына ақындықты, болмаса аудармашылықты емес, ең алдымен ұстаздықты мақсат етті. Оның өлеңдері, ондағы көтерілген тәрбиелік идеядағы мәселелер жас жеткіншектер тәрбиесінде өзінің өзектілігін жоймақ емес. Білімге ұмтылушылық, адалдық, еңбекқорлық, талаптылық, адамгершілік, кішіпейілділік сияқты жас баланың санасында орын алуға тиісті адами қасиеттер Ахмет шығармаларының өзегі. Бұлар қай кезеңде болмасын, адам тәрбиесінде ерекше орын алуға тиісті қасиеттер десек, онда осылардың баршасын ұлы тұлғаның туындыларынан табамыз. Сондықтан да қазіргі тәрбие мәселесінде Ахмет Байтұрсыновтың алатын орны ерекше. Айталық, оның атты Крыловтың аударған «Аққу, Шортан һәм Шаян» , “Өгіз бен бақа” мысалы арқылы бастауыш сынып оқушыларын қызғаншақ, тәкаппар болудан аулақ болу сияқты ойға жетелейміз.

Ахмет Байтұрсыновтың қазіргі замандағы тәрбие беру үдерісімен сабақтасатын еңбектері-оның халық ағарту мәселелері хақындағы ой-пікірлері. Бұл ой-пікірлерді біз оның мақалаларынан, хаттарынан, рапорттарынан көреміз. Ахметтің бұл еңбектерінде де жоғарыда айтқандай, білім алуға құштарлық, еңбексүйгіштік, адамгершілік, адалдық, инабаттылық сияқты қасиеттерге ерекше мән беру байқалады. А.Байтұрсыновтың

мұрасында айтылатын тәрбие берудің жан-жақтылығы жөнінде белгілі ғалымдар Қ. Жарықбаев пен С. Қалиев былай деп жазған болатын: “Көшпенді елдің өзінің ерекшелігіне орай ол имандылық, инабаттылық, ақыл-ой, еңбек, тазалық, сұлулық тәлімдеріне байланысты бірқатар тың идеялар айтты. Ұстаздық, әдеп, ата-ана, ересектердің жас буынға үлгі-өнегесі, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселелерін қазақ өміріне орай түсіндірді”. Мәселен, ұлы ұстаз: “Өмірдің негізгі мәні-еңбек, ол адамның адамгершілік қасиетін мәртебелендіреді, өмірдің шын қадірін тек еңбексүйгіш адам ғана түсіне алады” дейді. Оның бұл пікірінен ұстаздың адам өміріндегі еңбектің рөлін қаншалықты түсінгендігін байқасақ, тағы бір маңызды жағы еңбектің мәнділігі мен пайдалылығын насихаттағанын көреміз. Қазіргі тәрбие үдерісінде еңбек жайындағы оның осы үш ұстанымы да-көкейкесті мәселе. Әсіресе жас ұрпақты өзі атқарған пайдалы еңбектен ләззат алуға баулу-үлкен мәселе. Мектеп оқушыларын еңбек етуге баулуда оны бедел жинауға, пайда табуға, жеке басының мансабын арттыруға емес, одан рухани қанағат алуға қарай бейімдесек, онда біз оны еңбек тәрбиесімен бірге, адамгершілік тәрбиесіне де тартқан болар едік.

Қазіргі алмағайып заманда қазақтың санасын жақсыға бұру үшін педагог мұрасына қайта оралсақ, “оқу баланың ана тілінде жүргізілуі керек” деген көрегендік танытарлық қағидасын табамыз. Ұстаздың мұндағы негізгі идеясы баланы ана тілінде рухани азықтандырып, төл түсініктерді бойына дарыту. Бұл мақсат-міндеттерін ол бағдарлама мазмұнын жетілдіру, оқулықтар жазып шығару арқылы іс-жүзінде асырып отырған. Ахметтің үлкенді-кішілі шығармаларының мазмұны тілі мен ұғымы жағынан жеңіл, бала психологиясына тең келетіндігі осы уақыт талаптарына да сәйкестілігімен құнды болып отыр. Ол рухани тәрбиенің қайнар көзі болып табылатын тіл тазалығын қолдап, оның өзге тілдердің зиянды тұстарынан аулақ болуын сақтандырды. Бұл әсіресе, дін мәселесіне байланысты көбірек қозғалған проблемалар қатарына жатады.

“Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің” деген мақал біздің ойымыздың айғағы іспеттес. Қазақстанның әлемдегі барынша бәсекеге қабілетті елдің қатарына қосылу стратегиясы аясында білім мен ғылым, мәдениет пен өнер, білімдік технологиялар саласындағы жаңа ұмтылыстарға А.Байтұрсыновтың еңбектеріндегі педагогикалық мәселелер мен ұстанымы жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру заңдылықтарын жан-жақты ашуға толық мүмкіндік береді, жаңа ғылыми ізденістерге жол ашады.

Ахмет Байтұрсынұлы халықты оятудың жолын оқу-білімнен іздеді, Еуропада ғылым қазақта олардың жұрнағы да жоқ деп, Еуропаны үлгі тұтты. Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді деп санады. Қиын-қыстау кезеңіне қарамастан ғылымның дамуына ерекше назар аударып, академиялық орталықтың жұмысын басқарып, оның өркендеп дамуына жағдай жасап, оған өзі тікелей бағыт беріп отырды. Бұл саладағы қайраткердің қызметін ерлікке бағаласақ артық болмас еді. Жетім балар үшін балалар үйі мен мектеп интернаттарын ашып, олардың әлеуметтік жағдайларын барынша жақсартты. Әлеуметтік жағдайдың әбден жіңішкеріп,

экономикалық тапшылықтың құрсауындағы мемлекеттің дамып-жетілуіне зор еңбегін қосқанына қарамастан Кеңес үкіметі А. Байтұрсыновқа алақөздік танытып, қуғын-сүргінге ұшыратты.

Бүгінде Ахмет Байтұрсыновтың шығармалары халық арасында кеңінен танымал. Оның есімін қазақ халқының тәуелсіздігімен байланыстырмау мүмкін емес. Осы жолда аянбай еңбек еткен оның тағылымға толы істері бүгінгі күні өз дәрежесінде бағаланып жатыр. Бұның бәрі ұлт мүддесін берік ұстанған Ахмет Байтұрсыновтың халқына деген сүйіспеншілігінен туындайтын дүниелер.

Қорытындылай келе, бақытқа тек қана білім, таным арқылы жетуге болады деп есептеген Әл-Фараби және білім мен біліктілікті құтқа жетудің жолы деп санаған Жүсіп Баласағұнның үрдістерін бойына сіңірген Ш. Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Абайдың тамаша дәстүрлерін жаңа кезеңде жалғастырушы, ұлы ағартушы-реформатор Ахмет Байтұрсынұлы халыққа білім беру, оқу саласы, мектеп жұмысын ұйымдастыруда қазақ тарихында өшпес мұра қалдырды.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Байтұрсынұлы А. Көп томдық шығармалар жинағы. 5-т. Алматы: Алаш баспасы, 2006.-288б.
2. Байтұрсынұлы А. Көп томдық шығармалар жинағы, әліппелер мен мақалалар жинағы. Алматы: Алаш, 2006ж.- 320 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ

Кургунбаева Балғын Бағытовна

СҚО Қызылжар ауданы

№2 Бескөл орта мектебі

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

balgin15@mail.ru

Биылғы жыл халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, көсемсөз шебері, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толғалы отырған мерейлі жыл. Табиғатынан аса дарынды туған қазақ халқының рухани көсемі – Ахмет Байтұрсынұлы бай педагогикалық мол мұра қалдырды. Ахмет атамыздың қалдырған бай мұрасының бір саласы – аудармалары. Қазақ халқы үшін Ахмет жасаған әдеби дүниенің көркемдік-әлеуметтік таным әсері ғаламат.

Ахмет Байтұрсынов өзінің ғылыми педагогика тәрбие процесінің ерекшеліктерін негізгі кезеңдерін басқа құбылыстармен байланыстырып қарастырады. Олардың заңдылықтарын анықтайды. А.Байтұрсынов қалдырған рухани мұраны толық игеріп, ол шыққан ұлттық идея биігінен көрінуіміз керек, «Байтұрсыновшыл» болу – бүгінгі қазақ зиялысы алдында тұрған басты міндет екенін естен шығармағанымыз жөн.

...Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін
Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын
Ел бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін – деген ақын бүгінде бізді болашаққа шақырып тұр.

Педагогика ғылымы философиялық білімді басшылыққа алып, тәрбиенің теориялық және практикалық мәселелерін шешуге үлесін қосады. Ахметтің жастарға ұсынған адамгершілік жолы адалдық және ғылымды игеру. Ол үшін жастарды адал еңбек етуге, өз мінін өзі көріп түзете білуге шақырады, бар білімнің түп төркіні ақыл деп қорытындылайды.

Ахмет Байтұрсыновтың қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін халқымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін «фонетика», қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі педагогикаға қосқан үлесі екенін көруімізге болады.

Қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам. Ақынның қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол.

«Тіл жұмсар» деген еңбегінде оқушыларға практикалық грамматиканы үйретеді. Сонымен қатар балаларға арналған «Әліппе», «Сауат ашқыш», «Әліппе астар», «Қырық мысал», «Маса» жинақтары, «Оқу құралы» хрестоматиясын жазған.

Ол өз «Өмірбаянында» ақын былай дейді: «Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен; екіншіден, қазақ алфавитін, орфографиясын жеңілдетумен; үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан тазартумен; төртіншіден, проза тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздеріне термин жасау арқылы халықтың жанды тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған оқулықтар және өзім редакцияланған «Қазақ» газеті арқылы іске асты».

Қазіргі уақыт – жазу уақыты, жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман.

Қазақ мектептеріндегі оқыту жайын, олардың қиындықтарын айта келіп, автор өзінің әдістерін ұсынады.

Дүниедегі жұрттардың тілі үшке бөлінеді:

1. Түбіршек тіл – түпкі қалпынан өзгерілмей жұмсалады (жапон, қытай тілдері);
2. Жалғамалы тіл – сөздің аяғына жалғау қосылып өзгертілетін тіл, (түрік, финн тілдері)
3. Қопармалы тіл – сөз түбірімен қопарылып, өзгертілетін тіл (орыс тілі, араб тілі).

«Біз де тіліміз бүлінбей сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуымыз тиіспіз. Бастауыш

мектебінде басқа білімдермен қатар тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін де үйрету керек» деген пікір ешқашан өз маңызын жоймақ емес.

А.Байтұрсыновтың «Тіл құрал» атты еңбегі бүгінгі түркі тұқымдас халықтардың сөйлеу, жазу, тіл ұстарту білімінің бастау бұлағы саналады. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Сабақта қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты лингвистикалық атаулардың бәрі Ахмет Байтұрсынұлынікі.

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов «Ломоносовтың бойында екі түрлі қабілет бар - ақындық пен ғалымдық, оның соңғысы алғашқысына қарағанда күштірек» - деген еді В.Белинский. Осыған ұқсас жайды Ахмет бойынан да көреміз. Оның ақындығын ғалымдығы жеңіп кетті... Қазақ даласына азаттық идеясы тарай бастаған тұста жаңа поэзияның бастаушысы, алғашқы ту ұстаушысы болып Ахмет қашан да тарих биігінде тұрады.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ

Нурмаханбетова Самал Абулаисовна

СҚО, Аққайың ауданы

«Дайындық негізгі мектебі» КММ

қазақ тілі мен қазақ әдебиет мұғалімі

samal-13-1973@mail.ru

Қазақ елін сауаттандыруда тарихи рөл атқарған Ахмет Байтұрсыновтың «Қазақ әліпбиінің» Орынбордан басылып шыққанына – биыл 110 жыл толып отыр. Араб графикасына бейімделіп, бар болғаны 28 ғаріптен тұратын бұл әліпби әдістемелік оқулығымен бірге 1912 жылы елдің қолына тиіп, ауыл балаларының сауатын ашу үшін сол жылдан бастап қолданыла бастады. Аталмыш оқулықта оқыту әдісі көрсетілгендіктен бір жағынан оқытушыларға жеңіл болды, екінші жағынан оқушы балалар бір жылда хат тану мүмкіндігіне ие болды. Бұрын араб ғарпімен молдадан оқитын шәкірттер үш жылда хат тануды әрең игеретін. Ал, кирилл әрпімен оқығандар өзінің қазақ қалпынан алыстай бастайтыны байқалды. Соның бір мысалы ретінде айтсақ, сол кезде Торғайдағы орыс — қазақ мектебінде оқыған Әліби Жангелдинді кезінде миссионерлер Ресейдің христиандық діни орталығына жіберген еді.

1913 жылы төте әліпбиді игергендер саны көбеюіне байланысты Ахмет Байтұрсынов Орынбор қаласынан осы әліпбимен «Қазақ» газетін шығара бастады. Ахаң «Қазақ әліпбиіне» қоса, оны оқытуға арналған бірнеше әдістемелік оқулықты да әзірледі. Олар Кеңес үкіметі тұсында ашылған мектептерде пайдаланылып, 1929 жылға дейін қолданыста болды. Елдің сұранысы мен Кеңес тұсындағы қазақ мектептерінің қажетіне орай «Қазақ

әліпбиінің» оқулықтары сол тұста тоғыз рет баспадан басылып шықты. XX ғасырдың алғашқы кезеңінде «Қазақ әліпбиін» дүниеге әкелген Ахмет Байтұрсынов қазақ тарихында тағы бір ұлы қадам жасады. Ол сонымен бірге – қазақ тілі грамматикасын (фонетикасын, морфологиясын, синтаксисін және терминологиясын) жүйелі түрде ғылыми түзеген. Бағамдап қарағанда, бұлар көптеген адам ғылыми зерттеп қана жүзеге асыра алатын филология ғылымының төрт саласы. Сөйтіп ұлы Ахаң қазақтың дыбыс жүйесін, сөз жүйесін, сөйлем жүйесін, терминологиясын толық зерттеп, қазақ тілі грамматикасының негізін салды. Ахмет Байтұрсыновтың лингвистика саласындағы бұл ғылыми еңбектерін кезінде Орта Азия, бүкіл түрік әлемі мойындап, қолдап және Ахаңның лингвистика саласындағы зор жетістіктерін өздерінің грамматикасында пайдаланды. 1929 жылдан кейін Кеңес үкіметі саясатымен Қазақстандағы мектептер әуелі латын, одан кейін кирилл ғарпіне көшірілгенімен, Қытайдағы екі миллионға жуық қазақ осы күнге дейін Ахаңның 28 ғаріпті емлесі мен грамматикасын қолданады.

Ахаңның тіл саласындағы ғылыми жетістіктерін сол кезде орыс ғалымдары да мойындаған. 1919 жылы профессор Самойлович «Литература Востока» журналында, ғалым Е.Поливанов «О киргизско казахской орфографии» бюллетенінде жоғары баға берген. 1929 жылы Мәскеу баспасынан шыққан «Әдебиет энциклопедиясында» «А.Байтұрсынов аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогі... Ол қазақ емлесінің реформаторы, грамматиканың және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген анықтама берген.

XX ғасырдың 20 жылдары қазақ оқығандары, интеллигенциясы, жазушылары, ақындары қазақ мәдениетінің, әдебиетінің, өнерінің іргесін қалап, бекітіп жатқан кез еді ғой. Ал Ахаңның сол кезде жазылған «Әдебиет танытқышы» қазақ мәдениетін, әдебиетін, ғылымын тағы бір жаңа биікке көтеріп тастады. Кеңес өкіметі кезінде Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығын зерттеп жүрген ғалым Рымғали Нұрғалиевке осы «Әдебиет танытқыштың» алғашқы нұсқаларының бірін берген КазГУ-дің профессоры Бейсенбай Кенжебаев екен. Кітапты 40 жыл сақтаған ол кісі «бұл кітаптың шарапаты тиетін күн келеді, ол күнді мен көрмеспін, сендер көрерсіңдер» деген екен. Мұндай адамды қазақта «әулие» дейтін.

Ахаң «Мәдениет тарихын» да жазды деген дәлелді деректер бар. Бірақ Ахаңның бұл кітабы жоғалып, сақталмаған. Мұны әлі де зерттеу ғалымдардың еншісінде.

Жалпы, әдебиет теориясын оқулық пәні ретінде жазып шығу үшін әлемдік философия, психология, әдебиет теориясы ғылымдарының тарихын терең білу қажеттігін кез келген адам пайымдайды. Бір ғажабы, XX ғасырдың бірінші жартысында, жарық көрген Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышын» сол кезде «қазақ әдебиетінің қалыптасуының басында жүрміз» дейтін ақын-жазушыларды былай қойғанда, көрші Ресейдегі, Орта Азиядағы, түрік тілдес елдердегі әдебиет, филология мамандары да мойындады. Олар әдебиет тарихтарында, энциклопедияларында А.Байтұрсыновтың еңбектерін

атап өтті. Ахаңның «Әдебиет танытқышы» әрбір сауатты адам түсінетіндей түрде жазылған. Онда әңгіме, роман, өлең жанрларының көптеген түрлеріне ғылыми, теориялық терең сипаттама берілген. Мұнда Ахаң көптеген қазақы терминдерді қолданған және оны оқып отырып, Ахаңның сөз түрлендіргіш қасиетіне таң қаласың. Ахаңның Тіл оқулықтары мен әдебиет танытқыштағы сол терминдері өмірде жатырқанбай қабылданды. Терминологияда ғылымның бір саласы. Қазақта осы ғылымның негізін салған тағы – Ахаң. Ахаң осы «Әдебиет танытқышта» әдебиеттің ауыз және жазба әдебиет болып бөлінгені туралы біршама тоқтамдар айтқан. Ол әдебиетте қалыптасып отырған бұл көзқарастың жазба әдебиетті ауыз әдебиетінен көтеріп көрсету үшін, ауыз әдебиетін төмендету үшін істелгенін айтады, Ахаңның ғылыми теориялық көзқарасы бойынша, «ауыз әдебиеті де, жазба әдебиетте шығармаға жататынын, олардың құндылығы айтылған ойына, мәніне байланысты анықталады» Ал біз «ауыз әдебиеті», «жазба әдебиет» деп әлі күнге дейін бөліп, жазба әдебиетті дәсердей етеміз. Керісінше, қазіргі уақытта жастар арасында жазба әдебиеттен гөрі XVIII-XX ғасырлардағы ауыз әдебиеті өкілдерінің шығармалары зор ықпал ете бастаған тәрізді. Осыған қарап Ахаңның «Әдебиет танытқышындағы» ауыз және жазба әдебиет туралы теориялық байламы өте дәл бағамдалғанына көзіңіз жетеді.

Ахмет Байтұрсынов Ресей патшалығы мен Совет үкіметі тұсында да қоғамдық және мемлекеттік қайраткер деңгейінде қызметтер атқарған тұлға. Сондай-ақ ол шығарма адамы – ақын, жазушы, журналист, композитор. Шығармашыл болған адам, өз еңбегінің қоғамда қандай деңгейде бағаланғанын білгісі келетіні рас. Бұл – заңдылық. Өз еңбегінің нәтижесін көрмей талай дарындылар өмірден өтті. Орыс патшалығы тұсында екі рет сотталып, Совет үкіметі тұсында өкімет басындағылардан психологиялық қысым көріп келе жатқан Ахаңның мерейін көтерді. Сонда С.Сейфуллин «Оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында патша арам қулықты атарман- шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі... Қалай болса да жазушысы азғана, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына оқу-тіл құралдарымен қылған қызметі таудай» деген-ді. Мұхтар Әуезов пен Смағұл Садүақасов Ахаңның халқына сіңірген қызметтеріне жоғары деңгейде баға берді. Бұл – 1922-23-жылдың арасы еді. «Ол кезде ауылдағы есі кірген баладан бастап, еңкейген кәріге дейін Ахметтің есімін білуші еді», – деп айтып отыратын үлкендер. Олай дейтіні, ол уақытта қыстық қант-шәйін қамдау үшін шыққан базаршылар, ауқаттылар мен саудагерлер қалаға барғанда басқа қажеттерімен бірге Ахаңның «Қырық мысалын», «Масасын», «Әліпбиін» алып қайтады екен. Кешке от басына ағайындар жиналғанда немесе ораза кезіндегі ауызашарда үй ақсақалы сауатты балалардың біріне Ахаңның мысалдарын, «Ер Сайынын» оқытып, жиналғандар керемет рухани қуат алады екен. Үлкендері «осының бәрін қалай біле берген» деп мәз болып, бастарын шайқасады. Мысалдардың мәнін түсінгендері «Данышпан екен, ә» деп таңданысады. Ахмет Байтұрсынов есімі

халқымен қайта қауышты. Оның артында қалған орасан зор мұрасы халқына таусылмас қазына. Ұлы тұлғаның әлі де ашылмай, көрінбей жатқан қырларын зерттеу ғалымдардың міндеті. Жиырмасыншы жылдардың бас кезінде Аханның еңбектері туралы ең алғаш ғылыми пікір жазғандар: М.Дулатұлы, Шонанұлы, І.Омаров – «Ученая деятельность Байтұрсынов». 1927ж) және т.б. Ал Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығын Кеңес Одағы тұсында зерттеген ғалымдар Рымғали Нұрғалиев пен Рәбиға Сыздықова болды. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бастап, Ахмет Байтұрсыновтың өмірін, саяси қызметін, ақындық шығармашылығын және ғылыми еңбектерін ғалымдар салаларға бөліп, зерттеу жұмыстарын бастады. Осы көштің басында тұрған жоғарыда аталған ғалымдармен бірге, З.Қабдоловтың, С.Қирабаевтың, Ә.Қайдаровтың, Ө.Айтбайұлының, Т.Кәкішевтің ғылыми зерттеулері Ахметтануды биік белеске көтерді. Аханның еңбектерін тереңдеп зерттеуші ғалымдар қатары көбейіп келеді. Оның ішінде ғалым Ө.Әбдімановтың «Ұлттың рухани көсемі», «Ұлт азаттығын ұлықтаған ақын», «Қырық мысал төл туынды», «Азатшыл ойға көшбасшы басылым», «Қазақ тілінің ұстазы Ахмет Байтұрсынов» тәрізді көптеген зерттеулерін атап өтуге болады. 2011 жылы Алматыдағы Ахмет Байтұрсынов музейінің директоры Райхан Имаханбетованың «Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық өмірбаяны» атты кітабы баспадан жарық көрді. Бұл да Ахметтануға қосылған зор үлес болды. Аханның артында қалдырған мұрасы бұлақтың көзі тәрізді. Көзін ашсаң, жарқырап жаңа қырынан көріне береді. Бір сөзбен түйіндесек, осы күнге дейін жазылған ғылыми зерттеулер Ахмет Байтұрсыновтың отаршылдыққа қарсы, еліміздің тәуелсіздігі үшін күрескен ұлт қайраткері, ақын, қазақ әліппесі мен грамматикасының, терминологиясының және әдебиет теориясының негізін қалаушы ұлы ғалым, аудармашы, фольклорист, журналист, публицист, сондай – ақ, композитор екендігін дәлелдеп шықты.

Пайдаланылған әдебиет:

- 1.М.Дулатұлы, Шонанұлы, Ү.Омаров- «Ученая деятельность Байтұрсынов» 1927 ж.
- 2.Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты,

ҰЛТ ҰСТАЗЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ОҚУ- ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ МЕН ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Есенбаева Гульнар Газисовна

СҚО, Аққайың ауданы


«Дайындық негізгі мектебі» КММ

gulnara.esenbaeva.1982@mail.ru

Қазақстан Республикасында білім берудің түйінді құндылықтары мен мақсаттары мектеп түлектерінің білім деңгейін арттыруға, инновациялар мен көшбасшылықты іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыруға, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың педагогикалық мұрасын ескере отырып, мектептегі білім беру мазмұны арқылы ұлттық бірегейлікті дамытуға бағытталған.

Біздің дамып келе жатқан мемлекетіміз өзін халықаралық деңгейде сенімді түрде көрсете отырып, білім беру жүйесіндегі әлемдік дамудың негізгі тенденцияларынан тыс қала алмайды. Біздің қоғамның өзекті мәселелерінің бірі - өзгеріп жатқан әлеуметтік-экономикалық жағдайда өмір сүруге ғана емес, сонымен бірге бар шындыққа белсенді әсер етіп, оны жақсы жаққа өзгертуге дайын бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Қазақстанның инновациялық педагогикалық идеяларының дамуы бастауыш мектептің, педагогикалық баспасөздің, жоғары білім беру жүйесінің мәселелерін көтеріп, қараған, мазмұнын, оқыту әдістері мен нысандарын,



өскелең ұрпақты рухани – эстетикалық тәрбиелеуді жетілдірген Ахмет Байтұрсыновтың есімімен байланысты. Бұл проблемалар өзекті болып табылады, өйткені Қазақстанның білім беру жүйесі бүгінде әлемдік білім беру кеңістігіне бағдарланған. Балуан және гуманист, ол өз Отанының нағыз азаматын тәрбиелеуге лайықты еркін мектеп, ана тілінде білім беретін мектеп

кұруға шақырды. Өз халқын білімді деп көруді армандаған А.Байтұрсыновтың "Қазақша оқыту" мақаласында: "білім алуға ұмтылмаған халық қандай байлыққа ие болса да, біраз уақыттан кейін оның байлығы өркениетті халықтардың қолына өтеді" деп жазады [1]. Сонымен бірге, уақыт бір орында тұрмайтынын, елдің қоғамдық – саяси, әлеуметтік – мәдени, экономикалық өмірінің әртүрлі салаларында интеграциялық процестер келе жатқанын түсіне отырып, ол еуропалық халықтардың мәдени құндылықтарына қосылуға, олардан үлгі алуға, ақша салуға шақырды.білім, ғылым, кітап шығару. "Ғылым мен практикалық білімнің негізін бойына сіңірген халық ақылды, бай әрі мықты болады", - деп жазды А.Байтұрсынов

20 ғасырдың басында және қазіргі уақытта өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бұл тұжырымның терең мағынасын түсіну бүкіл әлемдегі орта және жоғары білім беру жүйесін келесі сұрақтарға әкеледі: 21 ғасырда сәтті болу үшін не үйрену керек? Әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті болу үшін білім мазмұны қандай болуы керек? Сонымен, мұғалім алдыңғы сұрақтарға сәйкес келуі үшін қандай кәсіби және рухани – адамгершілік қасиеттерге ие болуы керек?

Елдің бүкіл білім беру жүйесі білім беру мазмұнын жаңарту үстінде жұмыс істейді, оған орта білім беру моделін, оның құрылымын, мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарау, оқушылардың жетістіктерін бағалаудың түбегейлі жаңа жүйесін енгізу кіреді. А.Байтұрсынов педагогикалық мамандықтың мәні мен ерекшелігіне терең үңіле отырып, "мектеп үшін ең маңыздысы – кәсіби педагогика, әдістемелік тәсілдер, балаларды оқытуды білетін мұғалім" деп жазды. Қазақ халқының ұлы ағартушысының бұл сөздері бүгінгі таңда мектептер республикадағы білім беру мазмұнын жаңартуға көшкен кезде ерекше мәнге ие болады, бұл мектептегі білім берудің басты мақсаты - мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру және критериалды бағалау жүйесін енгізуді көздейді. Білікті мұғалімнің рөліне А.Байтұрсынов үлкен рөл атқарды, ол мектептегі жұмыстың табысы мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты екенін атап өтті, сондықтан мұғалімді оқу орындарында кәсіби даярлау кезінде мұғалімнің педагогикалық техниканы меңгеруіне, оқушылардың оқу процесін ғылыми негізде жүргізе алуына ерекше назар аудару қажет. А. Байтұрсыновтың барлық педагогикалық қызметі мектептегі оқу процесін жетілдіруге және педагогикалық процесті сауатты ұйымдастыра алатын білікті педагогты даярлауға бағытталған. "Қазақша оқыту туралы" еңбегінде ол мұғалімге қойылатын негізгі талаптарды анықтайды, ол бірінші кезекте жеке әдістемені меңгеруі, балалардың психологиялық ерекшеліктерін және оқу процесінің теориялық негіздерін білуі тиіс. Идея мұғалімдердің әдістемелік және психологиялық - педагогикалық дайындығында жатыр, өйткені "балаларды оқытумен айналысатын адамдар әдістеме мәселелерін жақсы білуі керек.

Екіншіден, олар табиғатты жақсы біліп, баланың көңіл - күйін сезінуі керек. Ол үшін балалардың туғаннан бастап физикалық және ақыл-ой дамуы туралы бәрін білу қажет" [1]. А.Байтұрсынов ұсынған мұғалім мамандығына қойылатын жоғары талаптар бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бүгінгі таңда жоғары интеллектуалды, жан-жақты, заманауи әлемнің кез-келген сын-қатерлеріне дайын, бәсекеге қабілетті, ұлы Қазақ мұғалімі армандаған педагогты оқыту мен тәрбиелеуде терең теориялық және практикалық білімді игеру мәселесі өткір көтерілуде.

А.Байтұрсынов қазақ мектептерінің мұғалімдерін жетілдіруге және біліктілігін арттыруға көп күш, білім мен жігер жұмсады. Мұғалімдердің мәдени өсуі, үйлесімді, жан-жақты дамыған тұлғаны оқыту және тәрбиелеу әдістемесін жетілдіру қажеттілігі мәселелерін жиі көтерді [2]. Халыққа білім беру мәселелері жөніндегі өзінің барлық еңбектерінде ол халықты оқуға, білім мен өнерді меңгеруге шақырады. Оның еңбектерінде

тұлғаның рухани дамуына үлкен орын беріледі, оның ұлт болашағы ретінде жас ұрпақ үшін қажеттілігі мен маңыздылығы түсіндіріледі, адамгершілік, адалдық және тектілік сияқты қасиеттерді жоғары насихаттайды. Ол Қазақстанның әл-ауқаты мен болашағының кепілі деп санай отырып, мәдениетті дамытудың үлкен перспективаларын көрді. А.Байтұрсынов өз халқын ыстық сүйді және оның ерекше табиғи қабілеттеріне сенді, өз елін әлемдегі өркениетті мемлекеттердің қатарында көруді армандады. Қазақ даласының ұлы ұстазының жоспарлары мен үміттері тәуелсіз Қазақстанда жүзеге асырылуда.

Халық ағарту, бостандық және мәдениет үшін күрескер А. Байтұрсынов қазақ тіл білімі мен әдебиеттанудың дамуына баға жетпес үлес қосты. Оның шығармалық мұрасындағы қазіргі қоғамдық - саяси жүйені сынауға бағытталған, халықты сауатсыздықпен, надандықпен және немқұрайлылықпен күресуге шақырады, Қазақ әдебиетін сапалы жаңа деңгейге шығарды. Оның "Қырық мысал" (1909), "Маса" (1911) сияқты шығармалары үлкен рухани – адамгершілік құндылыққа ие, олар бекершілік, жалқаулық, надандық, бос әурешілік сияқты адами жамандықтарды мазақ етеді, халықты еңбексүйгіштікке, білімге баулиды, өнердің дамуына, халықтың мәдениетінің артуына ықпал етеді.

А. Байтұрсыновтың еңбегі - ол араб графикасы негізінде жаңа қазақ әліпбиін енгізіп, "Әліппе" атты алғашқы қазақ әліпбиін жазды. Оның әдістемесі елдегі сауатсыздықты жоюда үлкен рөл атқарды. Алғашқы қазақ әліппесінің, қазақ тіл білімі саласындағы бірқатар еңбектердің, қазақ тілін оқыту әдістемесінің авторы, Қазақ жазуын реформалау принциптерін әзірлейді, қазақ грамматикасының санаттарын анықтау үшін ғылыми терминологияны әзірлейді. А.Байтұрсынов ұрпақтарына бай мұра қалдырды және бүгінгі таңда білім беру жүйесінде оның қазақ тіл білімі саласындағы ғылыми – әдістемелік еңбектері мен қазақ тілін оқыту әдістемесі кеңінен қолданылады. Ұлттық әдебиеттануда сөз өнері, шығарма, ауызша әдебиет, аллегория, эпитет, персонализация, метафора, метонимия және басқалар сияқты жаңа ұғымдар, терминдер, категориялар тұжырымдалған. Ол әдеби мұраны, халық ауыз шығармашылығын зерттеп, "Ер Сайын" көркем шығармасы мен "23 жоқтау" (1926) жинағын қамтитын кітап шығарды. Ол Абайдың ағартушылық және сыни дәстүрлерінің жалғастырушысы және оның ұлы қазақ көсемсөзінің көркемдік шеберлігі туралы ғылыми-зерттеу тұжырымдары қазақ әдебиеттануында көрініс тапты. Абайдың қоғамды демократиялық орналастыру туралы идеясын дамыта отырып, оның алғашқы редакторы болған "Қазақ" газеті ұлттық өзін – өзі тануын оятып, халықтың әлеуметтік-саяси сипаты, білімі, ағартуы мен тұрмысы мәселелерін көтерді. А.Байтұрсынов газетте былай деген: "өз дербестігімізді сақтап қалу үшін бізге барлық күш-жігерімізбен және құралдарымызбен ағарту мен ортақ мәдениетке ұмтылу қажет, ол үшін біз бірінші кезекте ана тіліндегі әдебиетті дамытумен айналысуға міндеттіміз. Өз тілінде сөйлейтін және өзіндік мәдениеті бар адамдар ғана тәуелсіз өмір сүруге құқылы екенін ешқашан ұмытпауымыз керек..." [3]. Білімнің, ана тілін, мәдениеті мен дәстүрін білудің

жарқын жақтаушысы жоғары патриотизмнің, Отанға, өз халқына, халықтың мәдениетіне ұмытылмас сүйіспеншіліктің үлгісі болып қала береді.

Ғылымға, қазақ тілінің дамуына, мәдениеті мен біліміне қатысты көптеген мәселелер қазіргі уақытта да өзінің маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Мысалы, ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев: "жауапты тіл саясаты қазақ ұлтының басты біріктіруші факторларының бірі болып табылады. Қазақ тілі-біздің рухани өзегіміз. Біздің міндетіміз - оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ғашайдың ұрпақтарына ата - бабаларымыздың ұрпақтарының тозандануына үйлесімді түрде қосылатын заманауи тіл қалдыруымыз керек. Бұл өзін-өзі құрметтейтін әрбір адам өз бетінше шешуі керек міндет. Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқаруда" [4]. Атап өткеніміздей, А.Байтұрсыновтың педагогикалық идеялары бүгінгі күні өзекті болып табылады, өйткені Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне бағытталған жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Ахмет Байтұрсынов өз халқының шынайы ұлы бола отырып, еуропалық халықтардың мәдени құндылықтарына қосылуға, олардан үлгі алуға - білім, ғылым, кітап шығаруға шақырды. Қазақстан Республикасының жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандартында тұжырымдалған білім берудің негізгі құндылықтары мен мақсаттары мектеп түлектерінің жалпы білім деңгейін арттыруға, инновациялар мен көшбасшылықты іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыруға бағытталған, халықаралық тәжірибені ескере отырып, мектепте білім беру мазмұны тұрғысынан ұлттық бірегейлікті дамытуға жол сілтейді.

Білім беру жүйесіндегі әлемдік дамудың негізгі үрдістері: [5]

- қоғамның даму қарқынын жеделдету;
- постиндустриалды, ақпараттық қоғамға көшу, мәдениетаралық өзара іс-қимыл ауқымын кеңейту;
- халықаралық ынтымақтастық нәтижесінде шешілуі мүмкін жаһандық проблемалардың туындауы мен өсуі;
- қоғамды демократияландыру;
- экономиканың серпінді дамуы, бәсекелестіктің өсуі;
- адам капиталы мәнінің өсуі.

Өзін халықаралық деңгейде неғұрлым сенімді түрде мәлімдейтін біздің дамушы Республикамыз осы үрдістердің ықпалынан тыс қала алмайды. Біздің қоғамымыздың өзекті мәселелерінің бірі болып өзгеріп отыратын әлеуметтік және экономикалық жағдайларда өмір сүруге ғана емес, сондай-ақ бар болмысты жақсы жағына қарай өзгерте отырып, оған белсенді түрде ықпал етуге дайын бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Білім беру мазмұнын жаңарту - бұл, ең алдымен, орта білім беру моделінің өзін, оның құрылымын, мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдері мен әдістерін қайта қарау, оқушылардың жетістіктерін бағалаудың түбегейлі жаңа жүйесін енгізу.

Бастауыш сыныптардың білім беру бағдарламасы жаңарту процесіне енгізілген. Бұл оқушыларға оқу, жазу, сөйлеу, әртүрлі мәселелерді шешу, зерттеу және анықтамалық материалдарды зерттеумен байланысты дағдыларды дамытуға көмектеседі. Оқушылар болашақта бұл білімді басқа жағдайларда жалпылап, қолдана алатындай етіп бастауыш сыныптарға арналған пәндік білім беру бағдарламасының әр саласына сүйене отырып, түсінік қалыптастырады деп болжанады. Сондықтан оқушылар өз білімдерін кез - келген жағдайға қалай бейімдеуді үйренуі керек және болашақта кез-келген қиын мәселелерді шеше алуы керек.

Бүгінгі таңда мұғалім бірқатар құзіреттіліктердің жоғары деңгейіне ие болуы керек: арнайы Құзыреттілік (кәсіби қызметпен жеткілікті жоғары деңгейде айналысу және өзінің одан әрі кәсіби дамуын жобалау мүмкіндігі); әлеуметтік құзыреттілік - бірлескен (ұжымдық, топтық) кәсіби қызмет; білім беру құзыреттілігі (кәсіби білімді, дағдыларды игеруге қызығушылық), сондай-ақ ақпараттық, коммуникативті, проблемаларды шешу құзыреттілігі. Мұғалім білуі керек:

- нәтижелерге қол жеткізу үшін оқу мақсаттарын тұжырымдау ;;
- оқу материалын меңгеруді ұйымдастыру бойынша оқу үдерісін құру;
- оқу мақсаттарына сәйкес оқу материалдарын дайындау;
- оқу процесі үшін ақпараттық ортаның әлеуетін пайдалану;
- оқушылардың озыңқы дамуына жағдай жасау;
- психологиялық жайлылық пен қолдау атмосферасын құру;
- оқушыларды өздігінен білім алуға, өзін-өзі анықтауға және өзін-өзі жүзеге асыруға дайындау;
- қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған ағымдағы нәтижелерді бағалау

Мектепте біз балаларға өмір бойы қолданатын белгілі бір білім мен өмірлік дағдыларды қалыптастырамыз - бұл бірінші мұғалімнің маңызды мақсаты. Біз жаңа бәсекеге қабілетті, жан – жақты үйлесімді дамыған, функционалдық сауатты тұлғаның дамуына ықпал ететін жаңартылған бағдарламаның маңызды міндеттерінің бірі - "оқуға үйрету", өмір бойы білім алуымызды іске асыруға тиіспіз.

Пайдаланылған әдебиет:

1. А. Байтұрсынов қазақ тілінде оқыту туралы / / Қазақстанның педагогикалық ой антологиясы / құраст. К.Б. Жарикбаев, С. К. Қалиев. - Алматы: Рауан, 1995. – 512 б.
2. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 2 том. – Алматы: "Алаш", 2004.
3. Байтұрсынов А. мектеп қажеттіліктері // Қазақстанның педагогикалық ой антологиясы / құраст. К.Б. Жарикбаев, С. К. Қалиев. - Алматы: Рауан, 1995. – Б. 18

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ

Жукушева Культай Амангельдиновна

Бүгінгі таңда елімізде жүріп жатқан жанарту үрдісі өткен тарихымыздың сан қырын объективті түрде дұрыс бағалауға және ондағы рухани құндылықтарды қазіргі оқу-тәрбие ісінде кеңінен пайдалануға қолайлы жағдайлар туғызып отыр. Әсіресе ұлттық педагогикамыздың қайта жаңғыруына байланысты халқымыздың сан ғасыр бойы жинақтаған ұлттық дәстүрінің бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне қажет екені айдан анық.

Қай кез болмасын, қай заман болмасын өзінің ерекшеленіп көңілге де, ойға да ерекше өз ізін қалдыратын тұлғасымен, тарихта ойып орынын алатын оқиғасымен ерекше болады. Қазақ тіл білімін Ахмет Байтұрсынұлының елестету мүмкін емес. «Топырақтан иленіп кірпіш жасалған сияқты, дыбыстан құралып сөз жасалады» деп «Сөздің құдыреті» атты әңгімесінде айтылғандай, қазақ тілі білімінің ғылым болып қалыптасуына үлкен баға жетпес үлес қосқан, қайталанбас ұлы тұлға – А.Байтұрсынұлы. Күні бүгінге дейін ғалымның берген анықтамасын қолданып келеміз. Қазақ тіл білімін зерттеген ұлы тұлға, қайталанбас асыл жан десек артық болмас.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін меңгертудің әдістемесінің негізін қалаған ғалым-әдіскер екендігін бүгінгі ұрпаққа қалдырған әдістемелік мұраларынан белгілі. Ұлы ұстазымыздың өз заманында қарапайым қазақтың сауатын ашқан «Әліппе», «Сауат ашу», «Тілашар» атты оқу құралдары бүгінгі күнге дейін әдістемелік және тілтанымдық тұрғыдан өз мәнін жоғалтпаған құнды еңбектер екені даусыз. Ғалымның «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» деген сөздері бүгін әрбір педагогқа бұлжымас қағида болары сөзсіз.

Бүгінгі білім беру кеңістігінде шетелдік және отандық әдіскерлер «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы, «Инсерт» стратегиясы сияқты оқытудың түрлі әдістерінің ерекшеліктері мен ұстанымдарын айқындап көтеріп жүр. Өткенге барлап қарасақ, бүгінгі жаңашыл деп танылған оқыту технологияларының Ахмет Байтұрсынұлының жоғарыда аталған еңбектерінен бастау алатынын атап өткен жөн болар. Бұны біз ғалымның өз заманындағы балалар мен ересектердің сауатын ашуға арналған оқу құралдарынан да, шағын мақаларынан да аңғарамыз. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектептеріне арналған «Әліпби» оқулығын жазуда көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық деген сияқты дидактикалық ұстанымдарды, дамыта оқыту идеясын басшылыққа алғанын анық аңғаруға болады. Себебі, автор бұл еңбегінде білім белгілі бір жүйемен, ретпен берілуін ескеріп, балаға әлі келетін білімді ғана ұсынған. Баланың ойлау қабілетін дамытумен қатар, оларды іс-әрекетке жаттықтыру қажеттігін де ескерген.

Қазіргі таңда ересектерді оқытатын оқытушылар мен мектеп мұғалімдері жалпы білім берудің ең ұтымды тәсілі ретінде Блум таксономиясын басшылыққа алады. Блум таксономиясының алты түрлі ережесі кез келген ақпаратты үйретудің ең ұтымды тәсілдері ретінде тәжірибеде дәлелденіп жүр. Себебі Блум таксономиясының:

- ✓ Білу – мағлұматтар мен ақпараттарды еске түсіру;
- ✓ Түсіну – жаңа идеяны түсіну, ондағы негізгі идеяларды салыстыру, сипаттау;
- ✓ Қолдану – жаңа білімді түрлі нұсқада пайдалану;
- ✓ Талдау – дәйектер мен себептерге байланысты ақпаратты тексеру және жіктеу;
- ✓ Жинақтау – ақпараттарды жүйелеу;
- ✓ Бағалау – ақпарат бойынша қорытынды жасау және жұмыс сапасын бағалау сияқты 6 ережесі сын тұрғысынан ойлауда, яғни ойлау дағдыларын қалыптастыруда, жетілдіруде соңғы әдістемелердің бірі делінеді.

Бір қызығы, осы Блум таксономиясындағы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысы жайында өз заманында сан жылдар бұрын айтылып кеткен Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. Ағартушы әдіскер «Ана тілінің әдісі» атты мақаласында ана тілін үйрету әдістерін былайша бөледі:

- ✓ Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер жалпылау(синтез) немесе жиылыңқы әдіс деп аталады.
- ✓ Кей әдістердің негізгі талдау, айыру болады. Ол негізгі әдістердің бірі жалқылау (анализ) немесе айырыңқы әдіс деп аталады.
- ✓ Кей әдістің негізінде қосу да, талдау да болады. Ондай әдістер жалқылаулы-жалпылаулы деп аталады.

Яғни, ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды деп көрсетеді. Бұл категориялар қазақ тілі оқулықтарын құрастыруда да, сабақ әзірлемелерін жасауда да басшылыққа алынған жөн.

Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлының бұл еңбегінде қазіргі әдістемеде білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекеттерінің төрт түрі (жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым) арқылы тілді меңгертудің әдістері жайында ой-пікірлерін де табуға болады. Ғалым «үйретуді» өнер деп бағалайды. «Үйрету өнер болған соң, ана тілін үйрету –бұл да өнер. Олай болса өнерлерде болған сындар мұнда болмақ» -дегені сөзсіз ақиқат. Әдіскерлер тіл үйретуге мыналарды жатқызады:

- 1) Оқылым –оқу үйрету;
- 2) Жазылым –жазу үйрету;
- 3) Айтылым –сөйлеу үйрету;
- 4) Тыңдалым –тыңдап үйрету.

Сөйлеу әрекетінің төрт түрі Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралының» өн бойында кездеседі. Мәселен, оқылым әрекеті буындап оқу, тұтас оқу арқылы; жазылым әрекеті сөздерді буындау, тасымалдау, көшіру, құрастыру, сөзден сөз тудыру арқылы; айтылым әрекеті сұрақтарға жауап беру арқылы; тыңдалым әрекеті жаңылпаштарды еске сақтап, жатқа жазу арқылы жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда қазақ тілін оқытуда жазбаша тілдегі сөздердің ауызша тілдегі қатынасы ескерілмей жатады. Білім алушылар әріп пен дыбысты ажырата алмай, бір үйлесіммен, бір ырғақпен айтылатын сөз тіркестерін жазба тілдегі нұсқамен айтатын дәрежеге жеткен. Ауызша тіл мен жазбаша тілдегі норманың арақатынасы жайында Ахмет Байтұрсынұлының екі бөлімнен тұратын «Тіл жұмсары» мен «Оқу құралында» баяндалған. Әдіскер-ғалым өтілген мағлұматтарды ауызекі тіліне жеңіл де қысқа ауызша сауалдармен бекітуді де естен шығармаған.

Мысалы:

- 1) әріп пен дыбыс бір ме?
- 2) қайсысы көрінеді, қайсысы естіледі?
- 3) ұқсас дыбыстардың әріптері де ұқсас бола ма?

Ғалым «жаза білу үшін тілдегі дыбыстарды тани білу керек. Ол дыбыстарға арналған әріптерді тани білу керек. Таныған әріптерін дыбысымен айтай білу керек» деп әріп пен дыбысты айырудың әдіс-тәсілдерін нақты мысалдармен көрсетіп кеткен.

Сонымен қатар қазіргі таңда дәстүрлі оқытудан жаңартылған білім мазмұнына ауысқан білім беру жүйесінде «білім алушылардың алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану» қағидасы басшылыққа алынатыны белгілі. Оқытудың бұл жүйесін Ахмет Байтұрсынұлы «Баулу мектебі» атты мақаласында ашып жазған: «Өлі оқудан» гөрі «төте оқу» беретін білім жандырақ. «Төте оқудан» гөрі «көрнекі оқу» беретін білім жандырақ. «Баулу» асылында дағдылы шағындағы тіпті бала оқыту емес, тіршілік ісіне тікелей түсіру.

Осылайша қазіргі кездегі жаңашыл деп танылып жүрген технологиялардың түр түрі ғұлама ағартушы еңбектерінде көрініс тапқан. Бұдан біз сан жылдар бойы жұртшылыққа ұсынылмай, әділ бағаланбай келген Ахмет Байтұрсынұлының оқу-ағарту саласындағы әдістерінің өміршеңдігіне көз жеткізуімізге әбден болады.

Жалпы жер бетіндегі әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған асыл мұралары бар. Солардың ең бастысы – халықтың рухани қазынасы. Халықтың ізгі ойларынан, талап, тілегінен, мақсат мүддесі мен асыл армандарынан туған бұл мұралар барша адамзат баласына ортақ және келешек ұрпақты тәрбиелеудің бірден-бір құралы. Қазақ халқының сонау түркі заманынан бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраларының бірі – халықтың педагогика. Ал халықтың педагогиканың бастауында тұрған ғалым, ұлт педагогы – Ахмет Байтұрсынов екені ешкімге күпия емес. Осы халық педагогикасының мәні зор ой-толғаныстарын, бесік жырынан, ертегілер мен аңыздарынан, эпостары мен дастандарынан,

шешендік сөздері мен айтыс-термелерінен, мақал-мәтелдері мен баталарынан көптеп кездестіруге болатыны туралы құнды ойлар мен мақалалар жазып қалдырған. Ахмет Байтұрсынов, сонымен қатар тіл тазалығы мен сөз өнеріне үлкен көңіл бөлген және өз жұмысында қолдана білген. Сөз өнерін үй қалау өнерімен өте қисынды салыстыра көрсеткен. Сөз дұрыс болу үшін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулықты жақсы білу, өз орнында тұтыну, дұрыс есептеп, сөйлемдерді дұрыс орналастыру, құрмаластыру, орналастыру шарттары алға қойылады. Тіл тазалығына анықтама беріп, келесі шарттарды алға тартады:

- ескірген сөздерге жоламау;
- жаңадан шыққан сөздерден қашу;
- өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алудан қашу;
- жергілікті сөздерге, яғни бір жерде айтылып, бір жерде айтылмайтын сөздерге жоламау.

Ғалым «біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа ауызы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек», -деген ұлы талабын өзі іске асырды.

Ол ұлтына, қазақ халқына қызмет етті. Бұл туралы Сәкен Сейфуллин кезінде былай деген болатын: «... Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен, Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын сүйетін шын ұлтшыл». Ол шын мәнінде ұлт ұстазы, халқымыздың рухани көсемі бола білді.

Қазақ халқы үшін қызмет етуді өмірлік мұрат тұтқан аяулы азаматтың артында қалған мұралары қазіргі еліміздің жас ұрпағына қоғамдық тәрбие мен білім беруде айырықша мән-маңызға ие екені сөзсіз. Дегенмен, әлі де болса бізді ойландыратын, толғандыратын істер жетерлік. Әлі де толассыз еңбек етіп, жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруде аянбай еңбек ету қажет. Алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек. Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет екенін ұмытуға болмайды.

Пайдаланылған әдебиет:

- 1.Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы. –Алматы. Қазақстан, 1995.-32б.
- 2.Кожаметов С. Педагогика мәселелері. Қазақ мемлекет баспасы, Алматы, 1940.-120 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТ ҰСТАЗЫ

Майрагүл Шайзадақызы
СҚО, Уәлиханов ауданы
Кішкенекөл №1 орта мектебі

Қазақтың өткен тарихы жайында сөз қозғаған Сәкен Сейфуллин: « XX ғасырда қазақ қоғамы ойшылдардың ойлы көзімен, өткір сөзімен айтқанда, бұл тұстағы қазақ халқы көзі қараңғы, көңілі ұйқылы, еспесі жоқ қайығы қалтыл-дақ, малы талауда, жаны қамауда болған жұрт еді», - дейді.

Кез келген ұлтта өз ұлттының абыройын асырып, даңқын көтеріп, ұлылығын ұлықтайтын ұлы тұлғалары қашанда болған, бола да береді. Ондай тұлғалар - ел мен жерін, тілін, дәстүрін аманаттаушылар. Жалпы тарих сахнасында халық жүрегінде сақталып, жадында жатталып қалатын есімдер болады. Ал менің қолыма қалам алып сөз қозғауыма түрткі болған сондай есімнің бірі - ұлттың ұлы ұстазы әрі кемеңгеріне айналған Ахмет Байтұрсынов. Ұлтын ұлықтау үшін ұлылықтан гөрі жанашырлық көбірек қажет дер едім. Оған Ахмет Байтұрсынов ұстаздың сол дәуірдегі айтқан мына түйінді сөзі дәлел.

«Білімдіден не пайда білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда қайырымы болмаса», - дейді ұстаз. Шын жанашыр адам көргені мен түйгенін, оқығаны мен тоқығанын халқына жеткізсем, солар біліп, солар жаратса деген ниетпен жүрмей ме?! Ал біздің Ахаң да дәл солай өмір сүрді, солай еңбек етті, ұлт тағдырын бірінші қойды.

Қазақтың заңғар жазушысы М.Әуезов: «Ахмет Байтұрсынұлың «Қырық мысал» өлеңі - нағыз төңкеріс рухындағы сөз. Осыдан кейін Ахаң шын елдің жанашыры екендігі екінің біріне мәлім болды, -деп жазады.

Ұлтының тағдырын өмірінің бір бөлшегіне айналдырып, қайтсем қараңғы ұлтыма азаттық пен ағартушылықтың сәулесін шаша аламын деген ұстаз күресі өз айтқан сөздің ең ұлысы тарихты жасап кетті. Ахаңдай ұлт сүйгіш, елінің жанашыры болу сол кездегі зилы қауымның бойынан табылар, әрине. Дегенмен Ахмет Байтұрсыновтың ұлтын ұлықтауы тым өзгеше. Ол - ерекше дана адам. Дана адам өз заманынан озық ойлы жаратылады, тозық елін озық ойлы етемін деп халқының алдына шығып, өрге сүйрейді. Алдынан шыққан кесапаттармен қасқайып күреседі, халқы үшін жанын құрбан етеді.

Ахмет Байтұрсыновтың барлық іс-әрекеті, мақсат-мүддесі, арманы қазақ халқының болашағы оның бостандығы, елдігі хақында еді. Мәселен өзі басқарған «Қазақ» газетінің бірінші санындағы халыққа арнауының алғы сөзін: «Аталы жұртымыздың, адуынды ұлтымыздың аруақты аты деп газетіміздің есімін «Қазақ» деп қойдық. Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына күшін қосып, көмектесе қызмет ету –қазақ баласына міндет. Қызмет етем десендер, азаматтықтың зор жолының бірі –осы», -деп тағы да ұлтына зор құрмет көрсетеді. Халқының болашағына үміт артатынын көрсетеді. Әр қазақтың баласына үндеу тастайды. Елің үшін қызмет жаса аянбай деген ой айтады. Сол дәуірде ұлт қамын ойлап, оның болашағына алаңдаған Ахаң бастаған ұлтжанды тұлғалар аз болмады. Олар бар ғұмырын қайтсек өз халқымызды бодандық құрсауынан алып шығамыз, қайтсек елді алға сүйреп өркениетке жетелейміз деген мүддені көздеп үлкен империяның идеологиясына қарсы күресіп өтті. Дәл осы күрестің дәлеліне Ахмет

Байтұрсыновтың мына сөзі дәлел. «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек», - деген екен. Осылай Ахаң жол нұсқайды, білімді насихаттайды, еңбекке шақырады. Қалай да ұлтынан жарқын болашақ күтеді. Ахаңдай ірі тұлғаның елі үшін жасаған көссіз ерлік ісін сол дәуірдің зиялы қауымы да, кейін Ахаң ақталғаннан кейінгі ұрпақ ақын – жазушылары да ерекше бағалады, үлгі тұтты, ұлықтады. Сәкен Сейфуллин: «... Ұлт қамы дегенді көксеген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда, бостандыққа жол көрсеткен Ахаң еді», - дейді.

Ахмет Байтұрсынов алып империяның идеологиясына қарсы шығып бес рет түрмеге түсіп: «Асықпаңдар! Артымызда қазы бар...» деп, атылып кете барған асыз азамат. Елін шексіз сүюдің үлгісі осындай болар.

Ұлысын ұлықтау біздің дархан, кең мінезді халықтың бойында бар қасиет. Ахаңдай тұлға жайлы академик Рымғали Нұрғали былай депті: «Ахаңның қайраткерлік миссиясы - теңдессіз ұлы миссия. Ол - елі үшін осы теңдессіз миссияны орындауға, туған халық үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге өмірін арнаған тұлға». Қазақ халқы - ұлты үшін тер төккен, ғұмырын сарп еткен тұлғаларын әрқашан бағалаған, ұлықтаған халық. Өз заманынан озық туған ұлыларын ұлықтай отырып, келешегін тәрбиелеп келді.

Биыл Ахмет Байтұрсыновтың туғаныныға 150 жыл толғанын ел болып атап өтуде. Ұлы тұлғаның халқы үшін еткен еңбегі ұшан теңіз. Еліміз, біз Ахаңды ғасырлар бойы ұлықтаймыз. Ахаңа талай арнаулар, талай зерттеулер жазылатыны сөзсіз. Ұрпақ жаңарған сайын Ахмет тұлғасы биіктей береді.

Қостанайлық ақын Шапақ: «Туатын ерді ел - дейді,

Ері жоқ елді жер, - дейді.

Халық жауы болды дегенге,

Ешкім де енді сенбейді.

Ардағым болар ұлы – Ахаң

Шырағың мәңгі сөнбейді, - деп жырға қосады.

«Елім деп» езілген Ахаң есімі қазір тәуелсіз, еркін елдің төрінде биік самғайды. Өйткені ол қазақтың жоқтаушысы болған. Ал қазір ұлты ұлықтаған ұлы тұлғасы.

Пайдалнылған әдебиет:

1. Нұрпейісұлы К Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция /Егемен Қазақстан/ 1997 ж
2. Нұрпейісов К «Алағ һәм Алашорда» Алматы 1995 ж

А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ

Байгужина Айгерим Жумабаевна

СҚО Петропавл қаласы

«№31 орталау мектеп» КММ

қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі

gera0606@mail.ru

Қазақ халқы фольклорға бай, онда халық педагогикасы мен көшпенділердің халық психологиясының нюанстарының барлық реңктері шоғырланған. Осы жерде қазақ даласының ұлы Ұлы Ахмет Байтұрсынұлын тілге тиек еткім келіп отыр. Ахмет Қазақстан тарихына көрнекті ағартушы, педагог, ақын, қоғам қайраткері ретінде енді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның болашағын «Мәңгілік Ел» идеясымен байланыстырғанда, алдыңғы орындардың біріне ұлттың тарихи санасын қояды. Ұлттың тарихи жады неғұрлым терең, тарихи санасының тамыры неғұрлым берік болған сайын әрбір адамның да, қоғамның да рухани әлемі кең әрі таза болады. Бүгінгіні танып, болашақты барлау үшін өткенді білу қажет. Әсіресе, халқының қамын жеп, ұлтының ертеңіне қалтқысыз қызмет еткен, ел тарихында аты мәңгі өшпейтін дара тұлғалардың тағылымға толы өмір жолынан үлгі-өнеге ала білу маңызды. Сондай ғұламалардың бірі әрі бірегейі ғұмырын ағартушылық іске арнаған, қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, публицист, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына биыл 150 жыл толмақ.

А.Байтұрсынов-алғашқы қазақ әліппесінің авторы. Ғалым Байтұрсыновтың құрметіне аталған жаңа қазақ әліпбиі кезінде жазу реформасын жүргізу кезінде барлық түркітілдес халықтар үшін жақсы үлгі болды. Сондай-ақ, автор "Ана тілі бойынша нұсқаулық", "Қазақ тілі курсының экспозициясы", "грамматиканы оқуға арналған нұсқаулық", "сөйлеуді дамыту", түрлі хрестоматиялар жазды. Бұл әдістемелік еңбектер әлі күнге дейін қазақ тіл білімі және қазақ тілін оқыту әдістемесі саласындағы ғалымдардың арасында беделді.

Ахмет Байтұрсыновтың сан қырлы дарыны оған поэзияда, публицистикада, ғылымда және мәдениеттің басқа да салаларында қаламның күшін сынап көруге мүмкіндік берді.

Ахмет Байтұрсынов халыққа өзінің ағартушылық, білім беру, халықты еңбекке шақыру арқылы ғана көмектесе алатынын түсінді. Ол көбінесе жергілікті билеушілердің озбырлығын және патша автократиясының отаршылдық саясатын әшкерелеумен болды. Өзінің шығармаларымен ол халықтың көзінің ашылуына, қараңғы қапастан шығуына бір септігін тигізді.

Ақынның 1909 жылы шығарған «Қырық мысал» өлеңдер жинағында сол кездегі қоғамда болып жатқан озбырлық, бос әурешілік, жалқаулық, надандық, сияқты адамның кемшіліктерін түзеуге шақырды. Ақынның әрбір шығармасы тұнып тұрған тәрбие. Бір басына сан түрлі салқар санаткерлік тоғысқан осынау ұлы азамат қазақ руханиятындағы тендесі жоқ құбылыс десек, артық айтқандық емес.

1911 жылы жарияланған «Маса» жинақтары халықты оятуға себепші болды. Ғалымның «Оқу құрал» (1912), «Тіл құрал» (1914), «Әліпби» (1924), «Әдебиет танытқыш» (1926), «Баяншы» (1926) еңбектері ұлт филологиясының негізін қалады. Ол 1926 жылы Бакуде өткен II Түріктану съезіне қатынасты. Саяси себеппен 1929 жылы тұтқындалып, жер аударылды. 1937 жылы тағы да ұсталып, 1938 жылы нақақ атылды.

«Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу болатын. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылтуға тырысты. Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жанарта отырып, Байтұрсынұлы 20 ғ. басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге дейін көтерді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы қазақ тіліне А.С.Пушкин,

М.Ю.Лермонтов, Ф.Вольтер, С.Я.Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалар Байтұрсыновтың тақырыпты, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды.[3]

Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасауда қзінің үлкен үлесін қосты. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды. Сөз өнері жайында жазылған әлемдік ғылымның ең үздік үлгілерін пайдалана отырып, әдебиеттанудағы ұғым, термин, категориялардың соны ұлттық үлгілерін жасады. Мысалы, меңзеу, теңеу, ауыстыру, кейіптеу, әсірелеу, алмастыру, шендестіру, үдету, түйдектеу, кекесіндеу, т.б. Өлеңге жан-жақты зерттеу жасап, шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас, т.б. ұғымдарға анықтама берді.[2]

Дыбыстық жіктеме жасаудағы Ахмет Байтұрсынұлының еңбегі – нағыз данышпанның жұмысы деп бағалаймыз. Өйткені қазіргі заманның тұтас бір эксперименталды фонетикалық лабораториясының қызметін бір өзі атқарған. Қолданған терминдері: «өткелді», «өткелсіз», «еркін өту», «қақтыға өту», «толық», «шала», «аңғал», «қымқырулы», «босаң», «қысан», «ашық», «тұйықтау», «тұйық», «қамалатындар», «ерінге қамалу», «тіске қамалу», «тамаққа қамалу», «қымқырынды», «именішті», «қақтықпалы», «бөгелісті», «бөгеттісі», «сүзілулер» тағы да басқалар.[1]

Ахмет Байтұрсынұлының бір ғана қазақ тілі бойынша әліпби түзуден бастап, тілдің фонетика, морфология, синтаксис саласын түгел зерттеп, 300-ден астам термин жасап беруі, тұтас тілдің барлық ішкі жүйелерін бір арнаға түсіріп, ұлттық нұсқа беріп үлгеруі – жалғыз адам жасайтын іс емес. Қазіргі дамыған психологиялық-тарихи аспект тұрғысынан талдау арқылы Ахмет Байтұрсынұлының данышпандық қызметінің шығу көзі мен күш-қуатының тек күткен нәтижеге қарай бағыттталып, бірден көздеген жетістікке жеткізетін ерекше мүмкіндіктерді қолдану жолы болғанын тануға болады.

Байтұрсынұлының еңбек процесінің бала тәрбиесіндегі ерекше маңызын көре біледі. Сондықтан оның көптеген шығармаларының идеясы Абай айтқандай «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген қағиданың төңірегінде топтасқан. Өнерді үйрен, үйрен де жирен деп санаған

халқымыз ұл қыздарының оң қолынан өнер тамған шебер болуына да мән берген. Халқы үшін жар құлағы жастыққа тимей, оқу-ағарту жолында аянбай еңбек еткен Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми және әдеби еңбектерінің бүгінгі жастарға берер ғибраты мол асыл мұра.

Ахмет Байтұрсынұлы - өз халқының талантты ұлы, ұлт мақтанышы. Ол қазақ халқының мәдениетін дамытуға үлкен үлес қосты, оның еңбектері мен барлық шығармашылығы тарихымыздың алтын қорына еніп, кейінгі ұрпаққа сарқылмас бай мұра қалдырды. Ол қазақ халқының жадында игі істерімен ұлы тұлға болып қалды. Мен оның шығармалары, аудармалары әр оқырманға қолжетімді болғанын, сирек мұрағаттық материалдарының жарияланғанын қалаймын, ал жас ұрпақ талантты ақын мен аудармашының жұмысын ризашылықпен зерттей отырып, оның шығармаларынан үлгі алса екен деймін. Байтұрсынұлының қазақ халқына білім беру тарихындағы маңызы өте зор.

Ахмет Байтұрсынұлының еңбек процесінің бала тәрбиесіндегі ерекше маңызын көре біледі. Сондықтан оның көптеген шығармаларының идеясы

Абай айтқандай «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген қағиданың төңірегінде топтасқан. Өнерді үйрен, үйрен де жирен деп санаған халқымыз ұл қыздарының оң қолынан өнер тамған шебер болуына да мән берген. Халқы үшін жар құлағы жастыққа тимей, оқу-ағарту жолында аянбай еңбек еткен Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми және әдеби еңбектерінің бүгінгі жастарға берер ғибраты мол асыл мұра.

Сөз соңында айтарым, әрбір педагогке өзінің ұстаздық еңбек жолында Ахмет Байтұрсындай халыққа қызмет ету мәртебесі бұйырсын!

Пайдаланылған әдебиет:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- Алматы: Ғылым, 1999.-581 б
2. Мәжітаева Ш. Қазақ (араб) жазуының тарихы хақында // Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы- Алматы, Ғылым, 1999 281-288 б
3. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы – Алматы, Ғылым, 1998 – 216 б

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ – ҒЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ»

Оспанова Алтынай Калеловна

СҚО Жамбыл ауданы

«Мирный жалпы орта білім беру мектебі» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалім, педагог-сарапшы

altynay.ospanova.83@mail.ru

Жеке шықты Алғалай патша орысқа.
Шапты соқты балғадай сұм ұрыста
Байтұрсынның белінен бақ боп шыққан
Қазақ үшін жаралды шын құрыштан.
Ахмет батыр сөзбенен айқас алды.
Сескенбеді қалмады бір тұрысқа
Алла берген ғұмырын аямады
Ел ертеңі жолында бар жұмысқа

1872 жылдың 5 қыркүйегінде (келесі. ақпараттық деректерде: 1873 жылы 28 қаңтарда): Бұрынғы Торғай уезі Тосын болысы қазіргі Қостанай облысы Жангелді ауданы Ақкөл ауылында Арғын тайпасының Шақшақ руында, Шошақ ақсақал әулетінде. Шошақұлы Байтұрсын мен Құлыбекқызы Күнші отбасында: Байтұрсынұлы Ахмет дүниеге келді.

Әкесінің інісі Ерғазының алдынан һәріп танып, 1882-1884 жылдар аралығында ауыл мектебін оқып. Ерғазы ағасы Ахметті 1889 жылы Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Торғай мектебін 1891 жылы аяқтаған Ахмет, Орынбордағы 4 жылдық мұғалімдер мектебіне оқуға түседі. 1895 жылы оқуын тәмәмдап. Оқытушылық бағытта ағартушы-ұстаздық жолда 1895-1909 жылдар аралығында Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде қызмет атқарып. Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметіне жетеді. Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алғырлығымен өте кемеңгер, білімді тұлға ретінде танылды.

Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылық жолын өлең жазудан бастады. Онда ол халықтың ауыр халі мен мұң-мұқтажын көрсетіп. Жұртшылықты оқу, білім-ғылымға шақырды. Патшалық үкіметтің озбыр саясатына бей-жай қол қусыра мойынсұнбай. Патша үкіметінің опасыз саясатын ашық сынады

Ахмет Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылда бастау алады. 1905 жылы Қарқаралы жәрменкесінде жазылып 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясының авторларының бірі Ахмет Байтұрсынұлы болды.

Қарқаралы петициясында «арыз-тілектер» жеркілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспаханаға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда Қазақ даласына орыс шаруаларын қоныстандыру үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Ахмет Байтұрсынұлы 1909 жылы өзінің алғашқы өлеңдерін «Қырық мысал» атты аударма жинағында Санкт-Петербургте жарыққа шығарды. Осы жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкидің бұйрығымен тұтқындалып Семей түрмесіне қамалды. 1910 жылы 19 ақпанда Патша үкіметінің Ерекше Кеңесінің қабылдаған шешіміне сәйкес Ахмет Байтұрсынұлын 1910 жылдың 9 наурызы Орынборға жер аударады.

Ахмет өмірінің "Орынбор" кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Байтұрсынұлының екінші кітабы- «Маса» атауымен басылып шықты Орынбор 1911 жыл. Орынборда 1912 жылы «Оқу құралы» қазақша аәліппесі жарық көрді. Осы Орынборда жер аударымында жүргеннің өзінде 1913-1918 жылы өзінің сенімді серіктері Әлихан Бөкейханұлы. Міржақып Дулатұлымен бірігіп, сондай-ақ, тағы да басқа қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, Тұңғыш жалпыұлттық «ҚАЗАҚ» газетін шығарып тұрды.

Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды. 1917 жылға дейін редактор қызметін атқарды. 1917 жылы 27 ақпанда (12 наурыз) Ресей империясындағы Патша үкіметі құлады. Елде буржуазиялық-демократиялық республика орнатылды. 1917 жылы сәуір айында тұңғыш жалпықазақ съезін шақыру туралы шешім қабылданып Торғай облыстық қазақ съезінде қабылданып. Съезді даярлап Ахмет Байтұрсынұлы сен Әлихан Бөкейханұлы бастаған бір топ қазақ зиялыларынан құрылған айрықша бюроға тапсырды

1917 жыл Сәуір-Мамыр айларында – «Алаш» партиясының облыстық , уездік съездері болды. Төрағалық қызметке -Әлихан Бөкейханұлын сайлады.

Алаш Орда құрамын бекіткен 2 жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып оның төрағалығына-Ахмет Байтұрсынұлы тағайындалды 1918-1919 жылдар аралығында Алаш Орданың белді мүшесі болды.

1919 жылы 24 маусымда Қазақ өлкесін басқаратын Әскери-революциялық комитет мүшелігіне тағайындалды. 1919 жылы наурызда Алаш Орда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанып. Осы жылы шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар кеңесі мен Қазақ әскери-революциялық комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Байтұрсынұлы ықпалымен сәуірде Алашорда басшылары мен мүшелеріне Кеңес үкіметінің кешірімі жарияланды.

Ахмет Байтұрсынұлы бұл тарихи кезеңде «Патшалардың төрінде отырғаннан , социалистердің босағасында өлгенім артық» деген пікірде болды.

1920 жылы В.И.Ленинге үккметінің Қазақстанды басқару ісіндегі алғашқы қадамын қатал сынға алған хатын жолдады. Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді түрде араласты.

1920 жылы тамызда құрылған Қазақ АКСР-і үкіметінің құрамына еніп , 1920-1921 жылы Қазақ АКСР-і халық ағарту комиссары қызметінде жұмыс жасады.

1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталық, 1922-1925 жылы Халық ағарту комиссариаты ғылыми - әдеби комиссиясының , Қазақ өлкесін зеттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды. 1921-1925 жылдарда Орынборда, 1926-1928 жылдарда Ташкентте Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. 1926 жылы Бакуде болып өткен «Бірінші Түркологиялық Құрылтайдың» төралқа мүшесі болды. 1928 жылы Алматыда Қазақ

мемлекеттік педагогика институтының ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты. 1929 жылдың 2 маусымында 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге Алматы қаласында тұтқынға алынып, осы жыл соңына қарай тергеу әрекеттері атты жалаумен Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ «үштігінің» 1930 жылғы 4 сәуірдегі шешіміне сәйкес Ахмет Байтұрсынұлы ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгеріске ұшырады: 1931 жыл 10 қаңтарда концлагерге ауыстырылып, 1932 жыл қарашада 3 жылға Архангельскіге жер аударылсын деп ұйғарылды. 1933 жылы мамырда денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен (Жұбайы-Бадрисафа Мұхамедсадыққызы және Қызы-Шолпанмен) бірге өткізуге рұқсат беріледі. 1934 жылы М.Горькийдің жұбайы Е.П.Пешкованың көмегімен Ахмет Байтұрсынұлы отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралады. 1937 жылдың 8 тамызда қамауға алынып, 4 айдан соң 1937 жылдың 8 желтоқсанында "Халық Жауы" деген атпен атылады.

Пайдаланылған әдебиет


- 1.Тарихи тұлғалар. Танымдық –көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. «Алматы. «Алматыкітап баспасы», 2009 ISBN 978-601-01-0268-2
2. Қазақстан жазушылары: анықтамалық / Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса – Алматы: «Аң арыс» баспасы, 2009 жыл

А. БАЙТҰРСЫНОВ - ҰЛТ ҰСТАЗЫ

Кушербаева Гаухар Рустемовна
Нурахметова Алмагуль Рахимжановна
 СҚО Ғабит Мүсірепов атындағы аудан,
 «Раисовка орта мектебі» КММ
 қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
raisovschool1983@mail.ru

Бөлім:	Тарихи тұлғалар тағылымы	
Педагогтің аты-жөні	Кушербаева Г.Р., Нурахметова А.Р.	
Күні:	19.01.2022 год	
Сыныбы: 8	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	А. Байтұрсынұлов - ұлт ұстазы	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	8.3.1.5. идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау	
Сабақтың мақсаты	Мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжай алады;	

Құндылықтарға баулу	«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы бойынша «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығына баулу. Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығы, қарым-қатынас жасау қабілеті мен жауапкершілігі артады.			
Сабақтың барысы:				
Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту	Ұйымдастыру кезеңі: <u>Тақырыпқа шығу:</u> Ұ – ұстаз л- лингвист т- талантты ұ- ұлт жанды с - саналы т- терен білімді з- зиялы ы- ынталы деление на групп зат есім (1топ тарихшылар) сын есім (2 топ лингвистер) Мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.	Оқушылар әріптерді тандап, әр әріпке зат есім және сын есім келтіреді. Өзара ұжымдық талқылап сөйлем құрастырады. «Ұлт ұстазы» деген сабақтың тақырыбы шығады Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың айтылым дағдысы қалыптасады.	Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру	Қиылған әріптер вырезанные буквы
Жаңа сабаққа кіріспе	№1-тапсырма Топтық жұмыс Қосымшада берілген тапсырмаларды орындайды, бақылайды, концептуалдық кестені толтырады. 	Лингвистер тобына дескриптор: - Түйіндеме жазады - концептуалдық кестені толтырады. -Жалпы қорытынды жасайды -А. Байтұрсыновты «ұлт ұстазы» ретінде бағалайды	Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру, бір-бірін бағалау	Қосымша 1 Қосымша 2 приложение 1 приложение 2

	 әр топ концептуалдық кестені 2 минуттан қорғайды №2-тапсырма Жеке жұмыс <i>Мұғалім ұсынған мәтінді оқиды, түсінгенін хронологиялық әдісі арқылы жазып береді.</i> №3-тапсырма Жұптық жұмыс <i>Сойлемдерді сәйкестіру</i> Задание №3. ПР 1. ААлаш» сөзінің мағынасы - 1. ААлашордалықтар ұлт мұрат жолында- 2. ААлаш туы астына ұлттық сана сезімі өте жоғары, ілім білімді терең меңгерген - №4-тапсырма Жеке жұмыс Тест тапсырмалары Задание №4. Ахмет Байтұрсыновтың туған жері: А) Қостанай облысы В) Қарағанды облысы С) Семей облысы	Дескрипторы 1. 6 негізгі дерек жазады 2. Мәліметті орысшадан қазақшаға аударды 3. Мәтінді оқиды Берілген сойлемдерді сәйкестіру	Өзін өзі бағалау Өзін-өзі бағалау	ватман, маркер, стикер слайд 5-9 Қиылған сөйлемдер
10 мин				
5 мин				

	1. Ахмет Байтұрсынов білім алған қаласы: А) Орынбор В) Омбы С) Қарқаралы 2. Ахмет Байтұрсынов жетекшілік еткен газеті: А) «Қазақ» В) «Оян қазақ» С) «Маса»			
Рефлексия 7 мин 3 мин	Синквейн құру 1. Тақырыпқа қатысты бір зат есім (Ахмет Байтұрсынұлы) 2. Бірінші зат есімге екі сын есім 3. Бірінші зат есімге қатысты үш етістік 4. Бірінші зат есімді суреттеп, толықтыратын төрт кілт сөз 5. Тақырыпты сипаттайтын бір синоним немесе метафора (зат есім) Рефлексия «Блоб ағашы» (Өз бетінше жұмыс)  «Рефлексия»	қорытындылау жасайды. Сабакқа кері байланыс жасайды	<u>«Жарайсың!»</u> деген <u>мадақтау</u> <u>сөзімен</u> ынталандыру, бір-бірін бағалау Стратегия	

«АҚҚУ, ШОРТАН, ҺӘМ ШАЯН» МЫСАЛЫНДАҒЫ ТҮЙІНДІ ОЙ»

Адильшина Дана Толкиновна

СҚО Петропавл қаласы

Абай атындағы мамандандырылған қазақ мектеп-гимназиясы


қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Dankotop@mail.ru

Білім беру ұйымының атауы	Мектеп: Абай атындағы мамандандырылған қазақ мектеп-гимназиясы
Пәні:	Қазақ әдебиеті

Бөлім:		II БӨЛІМ. Тәрбиенің қайнар бұлағы. (мамандандырылған сынып)		
Педагогтің аты-жөні:		Адильшина Дана Толкиновна		
Күні:				
Сынып: 6		Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:		«Аққу, шортан, Һәм шаян» мысалындағы түйінді ой		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары		6.1.3.1.көркем шығармадағы кейіпкерлер әрекеті, оның шығарманың өзекті ойына қатысын анықтау; 6.3.3.1.шығарманың идеялық мазмұнын пайымдай отырып (ой толғау, хат, пост,ертегі, өтірік өлең т.б.) жазу		
Сабақ мақсаттары		Шығармағы кейіпкерлердің іс-әрекетін талдайды; Оның шығарманың өзекті ойына қатысын анықтайды; Шығарманың өзекті ойын пайымдай отырып, жазба жұмысын жазады;		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі\ уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ре сурстар
Ұйымдастыру кезеңі Өзін-өзі тексеру 3мин	Амандасу. Оқушыларды түгендеу. Сыныпта психологиялық ахуал орнату.	«Өзіңізге тілегенді – басқаларға тілеңіз!» әдісі бойынша өзіне бір немесе бірнеше ізгі тілек тілеу тапсырылады. Содан кейін оқушылар жұпқа бөлініп, бір-бірінің қолынан алып, жаңағы өзіне тілегенді жұптарына айтып, сынып ішінде жағымды, ынтымақтастық қарым-қатынас орнатып, бір-біріне гүл сыйлайды.	Мұғалімнің бағалауы. «Жарайсыздар» «Белсенділік таныттыңыздар».	
Өткен білімді еске түсіру 7мин	Топқа бөлу. Оқушылар бір-біріне сыйлаған гүлдің түсі бойынша топқа бөлінеді. (6-топ) Үй жұмысын тексеру.	Дескриптор: Сұрақтарға жауап береді	Смайликтер мен бағалау (бірін-бірі бағалайды) 	Сұрақтар

	«Ыстық орындық» әдісі арқылы үй тапсырмасын сұрау.			
Жаңа білім 10мин	Жаңа сабақ. 1-тапсырма. Мысалдың негізінде өз ойларыңызды талдап жазыңыз. Кейіпкерлер іс-әрекетінің шығарманың өзекті ойына қатысын анықтаңыз. «Ортадағы қаламсап» әдісі. (жұптық жұмыс) 1. Мысал кейіпкерлері қандай іс атқармақшы болады? 2. Олардың істері неліктен нәтижесіз болып шықты? 3. Бұдан қандай сабақ алуға болады? 4. Бірлік туралы мақал-мәтелдер 2-тапсырма. Шығарманың мазмұнын игеріп, негізгі идеяны өз сөзіңмен баянда. Шынайы өмірмен байланыстыр. Көтерілген тақырыпқа қатысты қосымша мәліметтер жина. Мәтіннің тақырыбын ашатын афоризмдерді, мақал-мәтелдерді анықта.	Дескриптор: Мысалдың мазмұнын игереді. Сұрақтарға жауап береді. Кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға береді Шынайы өмірмен байланыстырады. Шығармадағы өзекті ойды анықтап, ойын мақал-мәтелмен қорытындылайды. Дескриптор: Өз ойына сүйене отырып, оқиғаны мазмұндайды. Көтерілген мәселеге қатысты қосымша ақпарат жинайды. Мәтіннің тақырыбын, руханилығын ашатын немесе құптайтын көркемдегіш құралдарды, афоризмдерді, мақал-мәтелдерді анықтайды. Мәтіннің жалпы мазмұны бойынша сұрақтар әзірлейді. Негізгі идеяларды немесе оқиғаларды	«Қосарым бар» әдісі (өзара бағалайды)  Білім алушылардың рөлдерін бағалау кестесі әр топқа таратылып беріледі.	Сұрақтар, мәтін,  Қима қағаздар, қосымша мәліметтер, ғаламтор материалдары 

	«Әдебиет үйірмесі (топтық тергеу)» әдісі 1-топ - Баяндаушы. 2-топ - Қуғыншы. 3-топ - Ізденуші. 4-топ - Сөзтапқыш. 5-топ - Сұрақ құрастырушы. 6-топ - Дәнекер.	бүгінгі шынайы өмірмен байланыстырады.		
Бекіту 15мин	3-тапсырма. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» тақырыбында жазба жұмысын орында. (жеке жұмыс)	Дескриптор. Жазба жұмысын орындайды. Тақырыпты аясында өз ойын білдіреді. Шынайы өмірмен байланыстыра отырып, қорытынды пікір жазады.	«Бас бармақ» әдісі 	Мәтін, дәптер
Үйге тапсырма 1мин	«Қара бұлт» мысалын оқу. Шығарманың негізгі идеясы мен тақырыбын 3 сөйлеммен жазу.			
Кері байланыс 4мин	Сабақтан алған әсерлеріңді осы парақшаға жазып берулеріңізді сұраймын. «БТА» әдісі Білдім..... Түсіндім..... Ақпаратты қолдана аламын.....			

ІҮ БАҒЫТ: АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ПУБЛИЦИСТ
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ КӨСЕМСӨЗІНДЕГІ БІЛІМ МӘСЕЛЕСІ

Шаукерова Светлана Набиевна
 СҚО Петропавл қаласы
 «ЛОРД дарынды балалар үшін мамандандырылған
 облыстық мектеп-лицей-интернаты»
 қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-зерттеуші
Смаилова Канат Кемаловна
 КеАҚ «М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті»

Қазақ халқының тарихында ұлы өзгерістер мен қиын-қыстаулар алып келген XX ғасырдың басында Ресейдегі қоғамдық-саяси оқиғалар ұлттық сананың өсуіне, қоғамдық ой-пікірінің әлеуметтік мәселелерге батыл араласа бастауына ықпал жасады. Ол отырықшылық пен көшпелілік, ел басқару ісіне араласу, жер және заң, ұлттық тәуелсіздік, дін, оқу-ағарту секілді заман алға тартқан күрделі мәселелерді жан-жақты көтеріп, халық мүддесі тұрғысынан шешуге талпынды. Осының барлығы жинақтала келіп, ғасыр басындағы қазақ баспасөзін туғызды, олар осы қоғамдық-әлеуметтік ой-пікір орталығына айналды, ұлттық публицистиканы дамытты.

Ақаңның аты аталған жерде «Қазақ» газеті қоса аталады. Ахмет Байтұрсыновтың тыныс тіршілігіндей болып, қазағына әсерлі, зерделі ой салған «Қазақ» газеті халқына үлкен қызмет жасады.

«Қазақ» газеті — Ақаң көсемсөзінің айнасы іспеттес. «Қазақ» газеті Ахаң көтерген идеяны публицистика тілімен халыққа тікелей жеткізуге қолайлы жағдай туғызды. Сол бір аласапыран тұста әрбір мәселеге, қазақ халқының тағдырына қатысты оқиғаларға өз көзқарасын білдіріп отырды.

Ахмет Байтұрсыновтың көсемсөзін, шығармашылығын шола отырып көп уақытын, күш-жігерін оқу-ағарту ісіне, ел мәдениетін көтеруге ұмтылған ағартушылыққа және әдебиеттану, тілтану саласын ұлттық ерекшелік тұрғысынан зерттеген ғалымдық қызметіне арнағанын байқаймыз. Ахмет Байтұрсынов өз қоғамындағы барлық маңызды мәселелерді сөз еткен. Көсемсөзінде бірқатар орын алатын оқу, білім, өнер тақырыбы. 1911 жылы жазған «Қазақ өкпесі» деген мақаласында: «Ата жолдасы — надандық, өнерсіздік қазір қазақтан айрылатын емес. Надандықтың кесапаты әр жерде-ақ маңдайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып айрылмай-ақ келеміз. Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз бәрі де надандықтың кесапаты», — деп күйіне жазған Ақаң халқын оқу-білімге, мәдениетке тартуға көп еңбек етті. «Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі басқаларға үйретпекші нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткеніне тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап ішкі халінен хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы ғылымды білерге керек» [1; 253 б.], — деп оқытушы, мұғалімдерге талаптар қояды да, ары қарай осы талаптарды орындағанда қазақ оқытушыларының да, оқушыларының да ұтатын тұстарын көрсетеді: «Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктердің көбі түзелгенде оқумен түзеледі. Бұл күндегі үлкендердің көбі біздің жаңалық ісімізді жатырқап, жаңалық пікірімізді түсінбей, айтқанымызды тыңдамай отыр. Олар өтіп, кейінгі жастардың да заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойын бұрып, қайырылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі — бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс».

Ахмет Байтұрсынов өзінің көсемсөздерінде оқу-ағарту мәселесіне көп көңіл бөлді. «Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді: тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз, оқу программасы жоқ, белгілі оқу жылы жоқ, салған мектептер жоқ, мұғалімдерге арналған айлық ақы жоқ, қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті етерлік жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйрететін даримұғалимин жоқ», — деп қазақ мектептерінің заман талабынан тысқары қалып отырған жай-күйін күйзеле жазады [1; 256 б.].

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынов қалдырған рухани және ғылым-білім саласындағы орасан зор мол мұра ел тарихында алатын орнымен ғана емес, бүгінгі таңда да мән-мағынасын жоймаған көкейкестілігімен де ерекшеленеді. Ол отаршылдық пен езгіге қарсы шыға отырып, қазақ көсемсөзінде тұңғыш рет отаншылдық, патриоттық ой-пікірлерді таратушы болды. Ахмет идеясы елді оятты. Алдымен ойы бар, ақылы бар жас таланттар оянды [2; 18 б.]. Дәуірдің негізгі оқиғаларына өзі куә болып, ой елегінен өткізген елі мен жерінің тағдыры қатты толғантқан жас дарындар отаршылдық идеяға қарсы болып, қазақтың еркін өмір сүруін қалады [3]. Ахаң армандаған азаттық рухтың биіктігі, гуманизм, демократтық көзқарас отансүйшілік, туысқандық идеясын ту етті. Ахаңша айтсақ, қазақ мектебіне сол XX ғасыр басында, тіптен қазір де үш-ақ нәрсе керек екен. Біріншіден – мұғалім («Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы... Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім»). Екіншіден – оқулық («Оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болу керек... Істің толық жақсы болуына құралдар сайлы һәм жақсы болуы шарт»). Үшіншіден – жүйелі бағдарлама («Мектепке керегі белгіленген программа. [Оқытудың] үлгісі я мерзімді өлшеуі боларға керек... Үйрететін нәрселердің кесімі-пішімі болуға тиіс. Сол пішім программа деп аталады»). Ал екінші керек – оқыту құралдарының өзін Ахаң тағы екіге ажыратады: 1) пұлға табылатын һәм 2) пұлға табылмайтын заттар. Алғашқы пұлға табылатын заттар: қалам, қағаз, қара сия, сауыт, отыруға керек нәрселер (яғни, парта, үстелдер). Бүгінгі заманның пұлға табылатын нәрселері – ғимарат (екі, тіптен үш ауысыммен оқымас үшін), компьютер, қолжетімді ғаламтор... Ертеңгі өскелең заман бұдан басқа да керектерді алдымызға тартпақ. Бір өкінішті қап дегізері – сол пұлыңыздың өзі табылмай тұрғандығы!.. Келесі «қазірінде пұлға табылмайтын: қазақ мектебінде қазақ тілінде оқытуға керек кітаптар. Өткен нөмірде қазақ бастауыш мектебінде үйретілетін білімдер мынау дедік: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруакәсіп, жағрафия, жаратылыс жайы. Осыларды үйретуге керек кітаптар қазақ тілінде жоқ. Міне, қазір іздесек ақшаға табылмайтын құралдар осы. Осыларды дүнияға шығару керек» [3]. Тон жағасыз, ел ағасыз болмайды. Болашағынан үміті бар ұлт ұлыларын туғызбай тұра алмайды. Өткен ғасыр басында ұлтым, жұртым деп атқа қонған Алаш арыстары арасынан қазақтың бағына туған қос бірдей ағартушы бел шешіп, білек сыбанып, осы ақша-пұлға табылмайтын құралдарды – алғашқы қазақы оқулықтарды дүнияға шығарды. Жоқтан бар жасап, тыңға

түрен салған алғашқы ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынұлы астана Орынборда өзінің үш кітаптан тұратын «Тілқұрал» һәм «Әдебиет танытқыш» сынды оқулықтарымен қазақ қоғамдық ғылымдарының іргетасын қаласа, одан бір мүшел кейін туған энциклопедист-ғалым, ұлтының тән дауасы мен жан жарасының шипагері Халел Досмұхамедұлы астана Тәшкенде жалғыз өзі жанталаса жүріп, «Табиғат тану», «Адамның тән тірлігі», үш томдық «Жануарлар» атты тұңғыш төл оқулықтарымен қазақ жаратылыстану ғылымын аяғынан тұрғызып, төл терминологиясын (пән сөздерін) қалыптастырды. Олардың ізін қуған шәкірт тұстастары, ұлт жанашырлары ғылым-білімнің әр саласы бойынша оқулық түзіп, төл дүние тудыруға талаптанып, қолдарына қалам ала бастаған болатын.

Ахмет Байтұрсынұлы — қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық, синтаксистік, орфографиялық құрылымын зерттеп, танытқан ірі лингвист-ғалым. Осының негізінде ғалым тіл мен әдебиетті, әлеуметтік мәселелерді, заң мен шаруа жайын (мал шаруашылығы, егін егу), мәдениет пен тарихты қазақ болмысына тірек ете отырып ұлт санасын, тілін, ділін, ғылымын, өнерін әлемдік өркениетке сай түбірінен жаңартуға атсалысты.

Тәуелсіздікке қол жеткізген уақыттан бері А.Байтұрсынұлының әдеби, ғылыми және шығармашылық мұрасы әдебиеттанушылардан басқа тарихшы, тілші-лингвист, журналист, заңгер, педагог (педагогика саласы бойынша), ғалымдар тарапынан да жан-жақты зерттелініп жатыр. Ғалым ресми түрде ақталғаннан кейін Ө.Айтбаев «Қазақ терминологиясының атасы» атты ғылыми мақаласында: «А.Байтұрсынов «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінің беттерінде араб емлесіне лайықтап икемделген жаңа нұсқа туралы жұртшылыққа түсіндіріп мақалалар жазады. Ол жасаған жаңа жазу үлгісі ел көңіліне бірден жетеді де, қабылданады....қазақ ұғымына әлі жат, бірақ тіліміздің кейбір ішкі жүйесін түсіндіруге қажет кейбір сөздерді жаңаша қолдана бастайды. Олар: дыбыс, әріп, емле, ноқат (нүкте), буын, әліппе, сөз басы, сөз аяғы, дауысты дыбыстар, дәйекші сөздер. Бұлар қазақ тілінде бұрыннан бар болғанмен белгілі бір ғылыми ұғым есебінде нақты атауға иелік жасап отыруы тұңғыш рет» деп баға берді [4].

Ахмет Байтұрсынов орыс миссионерлерінің қазақ халқын орыстандыру үшін жасап отырған айла-әрекеттерін жақсы түсінген. Ол кісі Ресей сияқты үлкен мемлекеттің жоспарлап отырған ірі саясатының құрбанына айналып кетпеу үшін күресті. Қазақ өзінің халықтығын, ұлттығын жоймас қамын жасау керек. Ол үшін ана тілінде әліппе жасап, сабақты ана тілінде жүргізіп, мектептерді заман талабына сай жабдықтап, педагогикалық білімі бар білімдер ұстаздар дайындау қазақ оқығандарының алдында тұрған маңызды міндет болды.

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттығы мен егемендігін бүгінгі таңда бүкіл дүниежүзі танып, мойындап отырған тұста ғасырдан ғасырға жеткен мәдени мол мұраларымыз ел игілігіне айналуға. XX ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін ашып, ұлттық білім берудің негізгі ұстанымдары мен тұжырымдарын әлемдік контексте қарастырған әрі ғылыми тұрғыда негіздеген өміршең мақалаларын қалдырды.

Ақаң — қазақ көсемсөзінің атасы. Өзінің көсемсөздерінде қазақ тағдырына байланысты сан алуан көкейкесті мәселелерді қозғап, халқына жеткізуге, көкірек көзін ашуға ұмтылған заманның озық ойлы азаматы еді. Ақаң ел есінде өзінің өнеге болар өмірімен, шығармаларымен қалды. Ол кісі данышпандығы мен ұлылығын өз кезінде-ақ мойындатқан. Ақаң сөздерінің жаңғырығы бүгінгі ұрпақтарын да бейтарап қалдырмады. Ұлттық тәуелсіздік, ұлттық армия, ұлттың өзін-өзі басқару туралы концепцияларды Ақаң және Ақаң мүше болған «Алаш» партиясы іске асыра алмай арманда кетсе, бүгінгі ұрпақтары сол идеяларды жүзеге асыру үшін күресуде. Сондықтан да халқының Ақаңдай адамдары сол халқы барда мәңгі жасайды, тарих көшінде ұмытылып қалмайды.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол.- Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.
2. Сейфуллин С. Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды // Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.
3. Әуезов М. Ақаңның елу жылдық тойы // Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991. - 17-б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ПУБЛИЦИСТ

Асайбекова Асемгуль Токтаровна

СҚО Ақжар ауданы

«Қазан орта мектебі» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

asaybekova78@mail.ru

Қазақ тіл білімі мен әдебиетінің реформаторы, жырларын жетектеп, маса боп ызыңдаған, мысал деген жаңа сөз өнерінің дауылпазы болған, аудармадан төл туынды жасаған, «Қазақ» газетінің төрінде талай атышулы мақалалардың авторы бола білген тұлға – Ахмет Байтұрсынов. Бір адамның осынша салада аянбай еңбек етіп, жаңалықтың жаршысы бола білуі – сирек құбылыс. «Шам қылған жүрек майын» деп ақын Сұлтанмахмұт бағалағандай, ақынның мысалдарынан бүгінгі қоғам жайын, ғылыми еңбектерінен тіл мен әдебиет саласының түп қазығын, ал мақалаларынан тарихи факт пен саяси шешімдерді табамыз.

Көсемсөз – А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданылған термин. «Көсемсөздің мақсаты – шешен сөз сияқты әлеуметке айтқанын істету. Шешен сөз ауызша айтылса, көсемсөз жазумен айтылады» [1] деп түсіндірме берген. Осы орайда жазушы Ш.Мұртаза көсемсөз, яғни публицистикаға: «Көркем әдебиет - ауыр артиллерия болса, публицистика - жеңіл кавалерия» деп баға берген екен. Расымен де, жазу – хабарлау құралы ғана емес. Оның адамды жылататын да, күлдіріп, қуантатын да, сергелдеңге салатын да, еңсені көтертетін де қабілеті бар. Қазақтың

«адамдық диканшысы», міне, осы жазу өнері арқылы Алаш басына алпауыт түнек төнген заманда халықтың жарасы, тілегі болған небір саяси, ағартушылық, әдеби бағытта мақалаларын жария етіп отырған.

Баспа бетін көрген жазбаларының ішінде шоқтығы биігі – ел мен елдік, би мен билік жайлы мақалалары. «Қазақтың өкпесі» атты мақаласында өз еліне сырт көзбен қарайды. Сыны мен таққан мінін бүкпесіз айтады. «Дүниада ерге теңдік, кемге кеңдік, азды көпке теңгеретін ғылым менен өнерді, елсізді елдіге теңгеретін, жоқты барға теңгеретін ғылым менен өнерді керек қылатын қазақ аз. Теңдікке қолы қалай жетсін? Қатерлі жерде қаперсіз отырдық. Өзімізге өкпелемесек, өзгеге өкпелер бет жоқ» [2] деген ата сөзінің жаны бар. Надандықтың салдарынан жалқаулық, пайдакүнемдік, қанағатсыздық секілді кертартпа қасиеттер аяқтан шалады. «Бас қосу турасында» деген енді бір мақаласында: «Біреу жұмыс қылайын десем, тұрған жерім жаман дейді, біреу маңайымдағы елім жаман дейді. Бұлардың бәрі де бос сөз. Абақтыдан жайсыз орын жоқ, онда да отырып жұмыс істеуге болады» [2] деп қалай жөн айтқан! Расымен де, адам шын тілесе, екі қолға бір күрек қашан да табылады. Үздіксіз іздену мен мойымай еңбек ету арқылы бір шыңнан шығарымыз белгілі. Қазір жан-жақтан беріліп жатқан мүмкіндіктерді сарқа пайдаланып қалу керек.

Әр мақаланың арқалайтын тарихы бар. Мәселен, «Айқап» журналының 16-шы нөмірінде Жанша мырза Сейдалинидің Қостанай уезіндегі қазақтардың басын қосып, «болашақ сиезге прогырамма жасаймыз» деген тілегін, 1912-нші жылы Нобелл бәйгелерін алған адамдарды, Мәскеу депутаты Щепкиннің: «Бұ қалай? Қазақ сөзін Упа, Баку, Забайкал депутаттары сөйлеп жатыр. Қазақтың өз депутаттары қайда? 3-нші иіуін заңын өзгерту керек, иағни қазақтан Думаға депутат келу тиіс», [2] – деген бастамасынан хабардар боламыз. Байтұрсынов публицистикасы сонысымен құнды.

Білім, ғылым саласы – халықтың бүгіні мен ертеңінің айнасы. Күні бүгінге дейін білім беру бойынша түрлі реформалар қабылданып жатқаны мәлім. «Неше түрлі ғылым, өнер – бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, рақатын молайту үшін шығарған нәрселер» [3] дегенді ту еткен Ахмет Байтұрсынұлы бұл тақырыпта «Оқу жайы», «Білім жарысы», «Орысша оқушылар», «Оқыту жайынан» сынды ағартушылық бағытта мақалар жазған.

А.Байтұрсынов – тілтану мен әдебиеттің атасы. Бұл ғылым салаларына қатысты кітап жаза алған адам, аузына қараған қара бұқарасы үшін мақалаларында да ғылыми ізденістерін самсатқан. Мәселен, «Қай әдіс керек?» деген жазбасында: «Сауаттылықты оқу мұқтаждығы тудырмаған, жазу мұқтаждығы тудырған. Мұқтаждық жазуды тудырған, оқу жаза білумен бірге қосыла біліп кететін қосалқы күйдегі асылы жазу болып, оқу соның бетіндегі нәрсе болып шығады» [3] деп сауаттылықтың не нәрсе, не үшін керегін ашып жазған. Қазақ даласының әр жеріне тараған мақалалары арқылы ол сауаттылыққа шақырды, оқимын деген ізденушіге оның жазбалары таптырмас үлгі бола білді. Жазу мәселесінде жазудың балаларға ыңғайлы болуын басты назарда ұстады. Төте жазу ықшам әрі жазуға қолайлы екенін дәлелдеп бәйек таппады. Жақында ғана М.Есжанның режиссерлігімен

жарыққа шыққан «Ахмет. Ұлт ұстазы» атты телехикаяда «Қазақ» газетінің алғашқы нөмірі басылған тұста Байтұрсыновтың: «Қарқаралыда жүріп, әрине, алпыс баланы оқытқан жақсы. Бірақ алты миллион халыққа арнап газет шығарып отырған бүгінгі ісіміз артығырақ болар» дегені бар. Ол өзі әріден оқып, білім көгінде құлашын кеңге жая ұшқан соң ел-елдегі жаңалықтың бәрінен хабардар болды. Баспасөздің қазақ халқының болашағы үшін ауадай қажет екенін аңғара білді. Тек біліп қоймай, газет басып, мәні зор мақалалар жазды.

Автор өзін басқа қырынан таныта білген мақаласы – «Ауру жайынан». «Микіробтар көп, олар дем алатын ауамызда да, ішетін суымызда да, жейтін тамағымызда да болады. Өздері көбейгіш, өсімтал келеді. Жайлы орын тапса, тез өсіп өнеді, олардан құтылу қиын, күтініп, қарсы қару жұмсап, жеңдірмес ғана шарасы бар» [2] деген А.Байтұрсыновтың бұл мақаласы күні бүгінге шейін өз құндылығын жоғалтқан емес. Олай дейтін себебім – бұл мақаладан кешегі Covid-19 вирусы тұтанып, өршіген заманда, өзімізді қалай күту керек деген сауалға қарапайым жауап табылады. Ненің не екенін халыққа түсіндіріп қана қоймай, дәрігер мамандарға ұсыныс тастай білген. «Көбіне қазақ ішінде жеңіл-желпі аурулар зор ауруға ұласып кетеді» [2] дей келе, көпке түсінікті, анықтама іспетті кітапшалар жазылса екен деп қолқа салады.

Профессор Б.Әбілқасымов А.Байтұрсыновтың публицистикасы жайында: «Жыл он екі ай бойы Табиғат-Ананың қас-қабағына қарап, үнемі ат үстінде көшіп-қонған, ата кәсібі төрт түлік мал шаруашылығымен айналысқан туған халқының талғам-түсінігі мен таным-көзқарасына орай газет хақындағы ұғымды шым-шымдап сана-сезіміне терең сіңіруді ол перзенттік парыз санады» [4] деп пікір білдірген екен. Сөз жоқ, руханият көсемінің бұл парызы өтелді. Елдік үшін күресте ол қаламды қару етті. Өз заманының озық ойларын жалпақ жұрттан тұмшалап қоймай, қалың еліне паш етті. Өлеңдері арқылы ғана емес, мақала, хаттары арқылы да маса боп ызыңдады, адамдық диқаншысы, рухани мықты тұлға бола білді.

Қазақ халқының сүйікті ұлдарының бірі Ахмет Байтұрсыновтың әр сөзі Қазақстан үшін маңызын жоғалтпақ емес. Мектеп бағдарламасына ақынның өлеңдері ғана емес, публицистикалық жазбаларынан үзінді келтірілсе деген тілек те бар. Жазықсыз азап кешіп, сталиндік режимнің құрбаны болған алып тұлғаның шығармаларын емін-еркін оқып, таныса алатынымыз, ақынның өмір жолы туралы қинотуындылар түсіріліп, педагогикалық, шығармашылық бағытта бәйгелер ұйымдастырылып жүргені көзге қуаныш, жүрекке медет екенін жасырмау қажет.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003.
2. Байтұрсынов А. Алты томдық шығармалар жинағы. «Ер Сайын», «23 жоқтау» ауыз әдеби мұрасы, көсемсөздері, табылған туындылары. – Алматы: «Елшежіре», 2013.
3. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991.
4. Әбілқасымов Б. Ұлттық баспасөздің негізін қалаушы. – 1998 ж.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ПУБЛИЦИСТ

Беделбаева Аяулым Қонысбековна

Қарағанды облысы, Саран қаласы
«№17 Мектеп –гимназиясы» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
гуманитарлық білім магистрі
bedelbai_a@mail.ru

Ахмет Байтұрсынов - қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы. Ұлы тұлғамыздың есімі әр қазақ үшін қасиетті.

Қазақ көркем публицистикасының жаңа үрдісте, жаңа екпінде дамып, XX ғасырдың басындағы демократияшыл бағыттағы әдебиеттің негізгі бір арнасына айналып, ұлт зиялыларының азаттық жолындағы қуатты сөз құралы болып шыңдалуына осы кезеңде таза қазақ тілінде шыққан алғашқы қазақ газеттері мен журналдарының рөлі үлкен болды.

А.Байтұрсыновтың публицистік қызметі қазақ публицистикасының, басылымдарының қалыптасып даму тарихымен тығыз байланысты. Оларды ажыратып қарауға болмайды. Көсемсөздің стильдік белгілерінің, ерекшеліктерінің айқындалып жанр тұрғысынан саралануы Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов және басқа да олардың замандас серіктерінің мақалалары мен хаттарында жүзеге асты. Соның нәтижесінде жеке стильдік-функционалдық сипатқа ие лексикалық қабат пен грамматикалық құрылымдар қалыптасты.

А.Байтұрсынов газет мақсатына сай оның тіліне де үлкен талап қойған, яғни жасанды, араб, парсы сөздері көп келетін тілден бас тартуды көздейді: "Аса қадірлі замандасымыз, бас жазушы" мақаласында ол: "... газетті қазақтың қара тілімен жазғанымыз ұнамсыз көрінсе, ол кемшілігімізге кешу өтінеміз. Жұрт үшін шығарылған нәрсе жұртқа жақын болуы тиіс. Аспандағанмен жерден алыс кете алмаспыз. Артылдық дегенмен елден алыс кете алмаспыз," - дейді (Қазақ, 15 ақпан, 1913). "Жұртқа жақын", оның "көзі, құлағы, һәм тілі" болатын газет тілі қазақ публицистикасының стильдік белгілерінің саралануына, оны жеткізуші тілдік бірліктер жүйесінің қалыптасуына қозғаушы күш болды.

«Публицистика жанрының хас шебері» атанған А.Байтұрсыновтан бастап өздерінің шығармашылық, саясаткерлік қызметінде көсемсөзді өмір шындығының арқауы, негізгі құралы деп білген Алаш зиялылары Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, С.Торайғыров, М.Сералин, Ғ.Қарашев, К.Төгісов, Р.Мәрсеков және т.б. қоғам қайраткерлері мен ақын-жазушылар, журналистер XX ғасыр басында жарық көрген қазақ тіліндегі газеттер мен журналдарда жарияланған көркем-публицистикалық мақалаларында патшалық отарлық жүйенің озбырлығы мен жүгенсіздік әрекеттерін, жер, адамдық құқық мәселелеріндегі, елдік тұрғыдағы ұлы державалық шовинистік саясатын

әшкерелеп, халықты қараңғылық шырмауынан босап, оқу-білімге ұмтылуға, отаршылдық езгіге қарсы жұмылып, елдікке шақырды, ғасыр басында шыққан көркем шығармалар мен жырларға пікірлер жазып, әдеби сынды дамытуға өзіндік үлес қосты.

Ахмет Байтұрсынұлының публицистикалық стильде жазылған мақалалары «қазақ» газетінде жарық көріп күллі оқуға ынталы қазақ балаларының сауатты болуына өз ықпалын тигізді. Ақ пен қараның не екенін аңғармаған қазақ қоғамы орыстардың бір тілді боламыз деген ұранының саясына кіріп кетер болатын болған соң Ахмет байтұрсынұлының ұранды мақалалары жарық көре бастаған. Міне елдің өз тілі мен дінінен айрылуы мүмкін емес екендігін де алға тартады. «Тілінен айрылған ұлттың, өзі де жоғалады» деген қанатты сөздері айтылып жатты. Оны оқыған қазақ балалары жақсы түсініп газет журнал шығаруға ынталы болды. Осыған Ахаңның ықпалы сондай ақ Алаш арыстарының да елеулі еңбегін ауызға аламыз. Қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақ, орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсынады. Байтұрсыновтың көсемсөздерінде ауызекі сөйлеу тілінің элементтері диалогтік немесе риторикалық сұрақтар деңгейінде де көрініп отырады. Публицист өз ойын оқушыға жеткізуші ғана емес, сонымен қатар ой тастаушы, әсер етуші. Оқырманның айтылатын пікірге көзқарасын аддын-ала болжап, оқырман атынан кейде өзі жауап береді. Публицистің қаламына сөйлеу тілінде не болмаса жазба тілде баламасы бола тұрса да, орыс тілінің сөздерін сол қалпында қолдану тән. Мысалы: *Біз естиміз, елдің көбі істің жобасын ауылнай, болыстарға аударып, спискі бермей отыр дейді, бұлары қате* (Қаз., 322). *Сана-саңлау түскендей я мұсылманиша, я орысша жете оқыту жоқ, "аз білімін көпсініп, көп қазаққа епсініп", переводчик я хатшы болса, пысықсып тікектейтіндер осылардан шығады* (Қаз., 53).

А.Байтұрсынов публицистикасы жанр жағынан әр алуан.

Бұлар сыни мақалалар, қоғамдық мәселелер көтерген проблемалық мақалалар, бас мақалалар, хаттар, ақпараттық хабарламалар.

А.Байтұрсынов пен басқа да қазақ зиялыларының шығармашылық өмірі мен қайраткерлік істері ХХ ғасыр басында ұлтымыздың саяси-рухани сана-сезімінің қалыптасуына зор ықпал етті.

"ХХ ғасырдың басындағы қазақ интеллектуалдық күштерінің ұлттық баспасөз төңірегіне тоғысуы қоғамдық қажеттіліктен туған еді. Олардың жұмылып жұдырық болуына, қосылып күш біріктіріп іс-әрекет жасауына итермелеген қазақ елін жайлаған әділетсіздік пен адам төзгісіз саяси-әлеуметтік ауыр хал болатын".

Ақаң — қазақ көсемсөзінің атасы. Өзінің көсемсөздерінде қазақ тағдырына байланысты сан алуан көкейкесті мәселелерді қозғап, халқына жеткізуге, көкірек көзін ашуға ұмтылған заманның озық ойлы азаматы еді. Ақаң ел есінде өзінің өнеге болар өмірімен, шығармаларымен қалды. Ол кісі данышпандығы мен ұлылығын өз кезінде-ақ мойындатқан. Ақаң сөздерінің жаңғырығы бүгінгі ұрпақтарын да бейтарап қалдырмады. Ұлттық тәуелсіздік,

ұлттық армия, ұлттың өзін-өзі басқару туралы концепцияларды Ақаң және Ақаң мүше болған «Алаш» партиясы іске асыра алмай арманда кетсе, бүгінгі ұрпақтары сол идеяларды жүзеге асыру үшін күресуде. Сондықтан да халқының Ақаңдай адамдары сол халқы барда мәңгі жасайды, тарих көшінде ұмытылып қалмайды.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Н.Т.Машқанова «Ахмет Байтұрсынұлы- қазақ жазуының реформаторы» - 1994.
- 2.Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. Алматы, 1990.
3. Мәжітаева Ш. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. Алматы: Ғылым. 1999.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ПУБЛИЦИСТ

Иржанова Галия Жумабаевна

СҚО Мамлютка қаласы

«№1 Мамлют мектеп-гимназиясы» КММ

қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі, педагог-сарапшы

irzhanova.galiya@mail.ru

Қазақ публицистикасы туралы сөз қозғағанда Ахмет Байтұрсынов туралы айтпай кеткен дұрыс емес. Публицист – Ахмет Байтұрсынов біріншіден халықтың мүддесін басты орынға қойды. Сол уақыттағы халықтың санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Ең басты ерекшелігі болып халықтың қажет сөзін тауып, оны өзіне тиімді әдіспен қайтара білуі еді. Міне осы да шеберлік емес пе? Оны басқаша дәлелдеу техникасы деп те атайды. Ахмет Байтұрсынов оны жете меңгерген. Жазып отырған мақалада мен публицисттің дәлелдеу әдістерін мысалға келтіре отырып талдаймын. Ахмет Байтұрсыновтың публицистикасындағы тағы да бір ерекшелігі деп Шығыс дәстүріне негіз қылып жасалған философиялық және аллегориялық мақаланы да қарастыруға болады. Алғаш рет Ахмет Байтұрсынов публицистикалық мақалаларында дәлелдеу әдістері анықталды.

Шынымен де жиырмасыншы ғасырдың басы ол жазу мен алфавит мәселесі еді. Ол оқу – ағарту ісін дұрыс бағытқа қоюдың басты алғышарты болатын. Бұл тақырыпта да көптеген зерттеулер мен кітаптар шығарған Ахмет Байтұрсынов еді. Ол араб әліппесін қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіру мақсатымен өзгерістер енгізумен шұғылданды.

А.Байтұрсыновтың публицистік қызметі қазақ публицистикасының, басылымдарының қалыптасып даму тарихымен тығыз байланысты. Оларды ажыратып қарауға болмайды. Көсемсөздің стильдік белгілерінің, ерекшеліктерінің айқындалып жанр тұрғысынан саралануы Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов және басқа да олардың замандас серіктерінің мақалалары мен хаттарында жүзеге асты. Соның нәтижесінде жеке стильдік-функционалдық сипатқа ие лексикалық қабат пен грамматикалық құрылымдар қалыптасты.

А.Байтұрсынов газет мақсатына сай оның тіліне де үлкен талап қойған, яғни жасанды, араб, парсы сөздері көп келетін тілден бас тартуды көздейді: "Аса қадірлі замандасымыз, бас жазушы" мақаласында ол: "... газетті қазақтың қара тілімен жазғанымыз ұнамсыз көрінсе, ол кемшілігімізге кешу өтінеміз. Жұрт үшін шығарылған нәрсе жұртқа жақын болуы тиіс. Аспандағанмен жерден алыс кете алмаспыз. Артылдық дегенмен елден алыс кете алмаспыз," - дейді (Қазақ, 15 ақпан, 1913). "Жұртқа жақын", оның "көзі, құлағы, һәм тілі" болатын газет тілі қазақ публицистикасының стильдік белгілерінің саралануына, оны жеткізуші тілдік бірліктер жүйесінің қалыптасуына қозғаушы күш болды.

А.Байтұрсынов публицистикасы жанры өзгеше болған. Мұнда ақпаратты саралай отырып бірнеше ерекшеліктерді атап кетуге болады:

- публицистің авторлық ұстанымы (принципі) халықтың өмір тіршілігіне, ұлттық танымына таныс ұғымдар мен түсініктерді дәлел ретінде салыстырып қарсы қою, сипаттау түрінде көрініп отырады.

А.Байтұрсынов оқушының назарын артықшылықтарға, қажетті нәрселерге аудару үшін салыстырма мәнді құрылымдар қолданып отырған;

- экспрессия туғызудың бір тәсілі ретінде үдетпелі қолданыс А.Байтұрсынұлы публицистикасында қалыптасқан. Ойды үдетпелі түрде беріп, ойдың сабақтастығын бір бағытта жылжыта отырып, индукция тәсілімен ой толғайды;

- А.Байтұрсынов публицистикасында фразеологизмдердің мол түрі кездеседі. Газет материалдары қазақ ұлтының қоғамдық-әлеуметтік мәселелерін көрсетіп, дамудың негізгі бағыттарын анықтап, оны халыққа түсіндіруді мақсат еткендіктен, қабылдау, ұғыну жеңіл болу үшін сол әлеуметтік топтардың күнделікті сөз қолданысын пайдаланған;

- А.Байтұрсынов газет тілінің халық тіліне жақын болуын талап етті. Халық үшін жазылған нәрсе халыққа жақын болуы керек деп түсінген. Сондықтан оның тілінде ауызекі сөйлеу тілінің элементтері жиі кездеседі;

- А.Байтұрсыновтың мақалаларында тұрақты түрде қолданыс тапқан сөз тіркестері, мақал-мәтелдер мен афоризмдер көптеп қолданылған.

Көркем әдебиетте публицистиканы өмірдің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық құбылыстарын, рухани құндылықтарын арқау ететін әдеби жанр ретінде қарастырсақ, екінші жағынан алғанда, публицистика журналистер мен жазушылардың өмір, қоғам, заман шындығын тебірене жазатын толғауы іспетті ақиқат айнасының сырлы суреті болып табылады. «Публицистика -әдебиет пен журналистиканың қоғамдағы көкейкесті, өткіп мәселелерді қозғайтын саласы»[1,122] болғандықтан оның негізгі өзегі - шындық, нысаны - өмір, зерттеу орны - адам десек, бұл әдебиет саласының қай уақытта, қай ғасырда болсын, қоғамда алар орны ерекше. Сол ретте аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ағартушы-демократ, ақын, жазушы, ғалым сөз болып отырған көркем жанрдың дамып көркейуіне зор үлес қосқан алаш зиялысы Ахмет Байтұрсынов өзінің атақты «Әдебиет танытқыш» атты іргелі зерттеу еңбегінде публицистиканы әдеби жанрдың озық үлгісі

ретінде бағалап, «көсем сөз» деп атаған, соған орай «Көсем сөз - шешен сөз сияқты әлеуметке айтқанын істету мақсатпен шығарылатын сөз»[2,405] деп басып айтқаны белгілі.

Ахмет Байтұрсыновты – көсемсөзші, әрі публицист деп айтамыз. Себебі ол өмір сүрген кезеңде халықтың ортасында болып, туындаған мәселелер бойынша тірлікке белсене араласқан, қалың көпшілікке сөзін өткізе алатын қоғам қайраткері болды. Жан-жақты білімді, кез-келген салада елеулі еңбек жасаған деп айтсақ артық айтқандық емес шығар. Ахмет Байтұрсыновтың қаламы жүйрік, ойы ұшқыр. Өйткені ол өз еңбектерінде ағартушылықты да, педагогиканы да, философия мен тарихты да ұштастырған.

А.Байтұрсынұлы 1913 жылы Орынборда "Қазақ"газетін ашады. Көп ұзамай Әлихан Бөкейханов басылымға қосылады да, жетекші авторлардың бірі болады. Орынбор губерниясы жандармдық басқармасының бастығы генерал-майор Бабич Торғай губернаторына 1914 жылғы 24 қарашадағы "Қазақ" газеті туралы жазған хатында: "газеттің ірі қызметкерлерінен белгілі", I Мемлекеттік Думаның бұрынғы мүшесі, далалық облыстардың аграрлық мәселесі жөніндегі маманы Әлихан Бөкейханов атап өтеді."

Ахмет Байтұрсынов "Қазақ" газетінің айналасына Міржақып Дулатов, Шокәрім Құдайбердиев, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов және басқа да көптеген көрнекті қайраткерлер мен ақындарды топтастыра білді. Осындай көрнекті қайраткерлердің жігері мен күш-жігерінің арқасында газет қазақ халқының санасын оятуда маңызды рөл атқарған қоғамдық басылымға айналды.

"Қазақ" газетінің бір нөмірінде (1913 ж.) Ахмет Байтұрсынов "қазақ ұлтының бар болуы өткір проблемаға айналды"деп жазған. Бұл үмітсіз сөздер кездейсоқ емес. XX ғасырдың басында Азия шығысын отарлау және шаруалардың елдің еуропалық бөлігінен қарқынды қоныс аударуы қарқынды жүрді. Нәтижесінде 1916 жылы қазақтар 40 млн гектар ең жақсы жерлерден айырылып, шөлейтті дала мен тауларға ығыстырылды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде дала өлкесін тонау әсіресе ашық және жсыртқыш болды, сол кезде мал даладан мәжбүрлі бағамен көп мөлшерде экспортталды. Патша әскері үшін киік пен киізді реквизициялау жүргізілді. Сонымен бірге славян колонизаторлары үшін жаңа жерлерді алу дайындалды. Ал егер бұған әлеуметтік қысым, шенеуніктердің жазасыздығы мен поборы қосылса, онда Ахмет Байтұрсынов сияқты тұлғалар болып жатқаннан тыс қала алмайтыны түсінікті. Газет 5 жылға созылды - 1917 жылға дейін. Осы уақыт ішінде ол басты ұлттық-қоғамдық-саяси және ғылыми-әдеби басылымға айналды. Сталиндік тазарту жылдарында "Қазақ"газетінің қызметкерлерін аяусыз қырып-жою кездейсоқ емес.

А.Байтұрсынов - қазақ халқының өмірі мен болашағына шын ниетімен жаны ашып, оның ұлт ретінде сақталуында, бағыты мен жолын айқындауда терең әрі кеңінен ой пішіп, байымдаған ұлы тұлға. Ұлтымыздың саясаты мен мәдениетіне, ғылымы мен өміріне, күллі рухани болмысы мен парасат

әлеміне А.Байтұрсыновтың қосқан елеулі үлесі туралы тек елімізде болған қайта құру кезеңінің басында ғана білдік. А.Байтұрсынов пен М.Дулатов редактор болған «Қазақ» газеті мен мектепке арнап құрастырған Ақаңның оқулықтары, оқу құралдары кітапханалардың «жабық қорынан» көпшіліктің қолына тиді.

А.Байтұрсынов пен басқа да қазақ зиялыларының шығармашылық өмірі мен қайраткерлік істері ХХ ғасыр басында ұлтымыздың саяси-рухани сана-сезімінің қалыптасуына зор ықпал етті. "ХХ ғасырдың басындағы қазақ интеллектуалдық күштерінің ұлттық баспасөз төңірегіне тоғысуы қоғамдық қажеттіліктен туған еді. Олардың жұмылып жұдырық болуына, қосылып күш біріктіріп іс-әрекет жасауына итермелеген қазақ елін жайлаған әділетсіздік пен адам төзгісіз саяси-әлеуметтік ауыр хал болатын".

Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедұлының қызметтері, публицистикалық шығармалары журналистика тұрғысынан зерттелгенмен, А.Байтұрсыновтың лингвистикалық мұрасын, оның ішінде публицистикасын арнайы зерттеген мақалалар, еңбектер бар (Сыздықова Р., Мажитаева Ш., Ерназарова Г., т.б.).

А.Байтұрсынов "Қазақ" газетінің негізін салып, қоғамдық өмірде, қазақ мемлекетінің қалыптасуында елеулі орын алады.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Аллаберген Қ., Нұсқабай Ж., Оразай Ж., Қазақ журналистикссының тарихы (1870-1995ж). Алматы: Рауан, 199-368 б.
2. Жұртбаев Т. Бесігінді түзе. Алматы: Жазушы, 1997. – 194 б.
3. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. Алматы, 1990.
4. Мәжітаева Ш. ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. Алматы: Ғылым. 1999.

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ СӨЗ ӨНЕРІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ»

Кадирова Лаззат Есеновна

СҚО облысы Уәлиханов ауданы
«Шағырсай негізгі мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Kadirova.lazzat@bk.ru

Азатшыл жырдың алыбы атанған Ахмет Байтұрсынов ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ әдебиетін жаңа биікке көтеріп, оның сандық та сапалық өскендігінің белгісі ретінде поэзия төңірегінде кеңінен әңгіме еткен белгілі.

Ахмет Байтұрсыновтың негізгі мұралары қалайда халықты ояту, оның ой-санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету [1,14] болатын.

Ахмет Байтұрсынов жаңа әдебиетті неліктен жандандыруды қолға алғаны жөнінде мынадай анықтама берген: *"Тарих жолына қарағанда келімсек жұрт күшті болса, тұрғын жұрт аяқ асты болып, азып-тозып, жоғалмақшы...Басқа жұртпен араласқанда, өз алдына ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде жазылған сөзі (әдебиетті) бар жұрттарға не тұрады? Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрылмай жоғалмайды",*-дейді [2,228б].

Міне, осының баршасы ғалым – ағартушы, ұстаз Ахмет Байтұрсыновтың – әдебиетке қазақтың жоғын жоқтап келгенін айғақтайды.

Ойы оянып, санаға сана қосып, ел тағдыры жайлы ойланғанда, ғалым, ең алдымен, сол елдің өзімен тілдесуді, олардың жай-күйі жайлы көргендері мен ойларын ортаға салуды, болашақ жөніндегі ұғым-түсініктерін бөлісуді парыз санайды. Оған әдебиетті, өлеңді пайдаланады. Алайда, Ахмет Байтұрсынов көрген ел әлі ұйқыдан оянып болмаған, ынтымағы жоқ алауыз, сөз тыңдауға салғырт, берекесіздікке ұйыған қауым еді. Сондықтан ғалым өлеңін "Маса" етіп жұмсап, ел құлағына барып ызындап, ұйқыдан оятуға тырысты. Ол өзі суреттеген халық трагедиясын азаттық идеяларымен жалғастырды. XX ғасырдың басындағы қазақ ағартушылары, демократ ақын-жазушылары, ойшылдары түгелге дерлік "Масадан" демеу алды, яғни ғалымның кең қолтығының астынан өрбіді[3,84б].

Отаршылдық құрасауындағы ұлтының бостандық алу жолына поэзиясын қарту еткен Ахмет Байтұрсынов, өршіл де төңкерісшіл сарындағы жалынды жырлар туғызды. Сөйтіп, қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыттың бастауы іспетті «Маса» жинағы 1911 жылы дүниеге келді. Ол – ақынның ақындық атағын кеңінен жайып, өз тұсындағы қазақ ақындарының алдыңғы қатарына шығарған туынды.

Ахмет Байтұрсынов өлеңдерінің символы – маса. Кәдімгі «аяқтары ұп-ұзын, түр-түсі «сап-сары» Сармаса ғана. «Түсіне қарап ішінен түңілме, күшіне қарап ісінен түңілме» деп алады да, осы Масаны өзінің өмірдегі ең мақсатына – «Ұйқыдағы» халқын оятуға жұмсайды: «Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен, қоймастан құлағына ызындаса?» («Сөз иесінен»).

Одан әрі ақынның оянған жұртына айтары:

*Қазағым, елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қанауда жаның.
Аш көзіңді оянып.
Қанған жоқ па әлі ұйқың,
Ұйықтайтын бар не сиқың!*

(«Жизан-терген»)

Өлең Абай үлгісінде, «Сегіз аяқ» өлшемімен жазылған; пішін жағынан жаңалығы да осында. Ал мазмұн автордың сол қашанғы ағартушылық

идеясынан туған: ежелгі сахара қазақтарының қарекетсіздігі, еңбекке жоқ талпынысы, бойкүйездігі, сонымен қатар бірлігі жоқ ала ауыздығы, бақастығы, бақталастығы, «қас білген досты, дос білген қасты» қыңқырлығы өткір сыналады. Білімсіз топас, надандардың осындай парықсыздығының кесірінен елдің «малы талауда, жаны қамауда» қалғанына ыза боп, оларды тағы «оянуға» шақырады.

Бұл идеяны іске асыру оңай да емес: «Ұйықтағанның үстінде айнала ұшып ызыңдаған Маса қаққы жеп, қанаттары бұзылады».

Қанша дегенмен, өзінің ағартушылық мақсатына, отаршылдыққа қарсы күрескерлік идеясына берік Ахмет Байтұрсынов «Көк есектерге» деген өлеңінде:

Қинамайды абақтыға жапқаны,

Қиын емес дарға асқаны, атқаны.

Маған ауыр осылардың бәрінен

Өз аулымның иттері үріп қапқаны,- дей тұрғанмен:

Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа,

Жол сілтедім жақын емес, алысқа.

«Өзге жұрттар өрге қадам басқанда,-

Дедім,- сен де қатарыңнан қалыспа!» [4,24],-деп «күл халықтың көңілін көтеруге адамдықтың тұқымын шашып еккен» Адамдық диқаншысы өзінің атқарған істіне риза болады.

А.Байтұрсынов өлеңдеріндегі ағартушылық сипаттың өзіне дейінгі акындардың өзгешелігі бар. Ол өнер-білімді халықтың санасын оятып, өзгенің езгісіндегі тұрмысының себеп-салдарына көз салдырар бостандыққа ұмытылудың нұрлы сәулесі деп санайды. Бостандық ұғымы бұрынғы поэзиядан басты нысанасы болып көрінбесе, ғалым өлеңдерінде ол негізгі тақырып іспеттес. Абай, Ыбырай туған халқының тағдырына күйзеліп, өркениетте озық кеткен өзге халықтармен иық тірестірудің "тіл ұстартып, өнер шашпақтан" іздесе, Ахмет Байтұрсынов оны бостандық үшін күреспен байланыстырады. Оның өзіне дейінгі саңлақ акындардан бір қадам ілгері басқандығы да, поэзиясының салмақтылығы мен күдіреті де осында.

«Маса» жинағына енген өлеңдерден, әсіресе, кейінгі басылымдарына енген өлеңдерінен төңкерісшіл рух, 1905-1907 жылдардағы толқулардан қанаттанған тасқын күштің серпілісі ұшқын шашады.

Ақынның азаматтық поэзиясынан оның өмірлік өзгерістерге белсенді қатынасы көрініс беріп, қоғамдық қайраткерлігін айқындай түседі. Поэзияның саяси-әлеуметтік мәнін арттыра түсуге, жетілдіре түсуге тырысуы содан. Әсіресе, "Қа... қаласына", "Жұртыма", "Ақын ініме", "Жауап хаттан" тәрізді өлеңдері оның қоғамдық қайраткерлік бағдарламасын мейлінше аша түседі. Оларда жеке басқа қатысты күйініш-сүйініштен, қасірет-қайғыдан гөрі, халық қамын жеген азаматтық поэзиясының халықтық сипаты басым жатады.

Ғалым өлеңдерінде құрғақ ділмәрсу, мағынасыз ұраншыл айқай жат. Әр сөз орнын тауып, салмақтана түседі. Сонымен бірге ақын нақты адамды, оның сезім-күйін жырлай отыра, қазақ қоғамның ең бір ділгір мәнді мәселелерін көтеріп, жалқыдан жалпыға бұрылады.

Ахмет Байтұрсынов поэзиясындағы ағартушылық – оянуға, ояну – қасіреттің сырын білуге, бас кінәліні сезінуге, сезіну – бостандыққа жол ашар бұлқынысқа жетеледі.

Ақын аз Байтұрсынов Ахметтей,
Сөзі алтын, мағынасы меруерттей.
Осыдан ғибрат алып жас жігіттер,

Һәммесі өз халқына қызмет еткей! [5,37]-, деп Міржақып Дулатов тегін айтпаған. Сұлтанмахмұттың сонау 1914 жылы "Өткірсің наркескеннің алмасындай" деп бағалауы осыда болатын.

«Маса» - қазақтың жазба әдебиетіндегі кәсіби поэзияның бастауында тұрған құнды жинақ. Сондықтан мұнда топтастырылған өлеңдердің бәрін мазмұн мен пішін тұрғысынан әбден жетілген, шеберлік тұрғысынан мықтап шыңдалған шығармалар деуге болмайды. Қай өлеңін алып қарасақ та, идеялық жағынан автордың ақындығы мен ағартушылығы үйлесім тапқанмен, көркемдік жағынан әр өлеңдегі сыр мен сезім қапысыз астаса, үндесе бермейді. Әр өлең де ойшыл ағартушылық сарабал ақыл-парасаты асып-төгіліп жатады, ал сыршыл ақынның ойнақы әрі нәзік, сұлу һәм сылқым сезімдері «сылдырап өңкей келісім» таба бермейді. Дегенмен, данышпан соның өзінде өлеңдерінің әр шумағына ағылтегіл ақыл, қуатты күш дарытып, оқырманды шытырман шындығымен баурап алады. Сонда өлең сөз орнықты, ойлы қалыпқа түсіп, сырласу сипатына бет алады. Яғни мазмұн молаяды, мағына тереңдейді. Көркем жинақталған идея жеке адам ғана емес, жалпы қоғам, әрілесе тіпті заман биігіне көтеріледі:

*Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,
Сахара көлге қонып салқындаған.
Бір өртке қаудан шыққан душар болып,
Не қалды тәнімізде шарпылмаған?!
Алаштың адамының бәрі мәлім:
Кім қалды таразыға тартылмаған?
Дегендер «мен жақсымын» толып жатыр,
Жақсылық өз басынан артылмаған.*

(«Қазақ салты»)

Бұл Абай дәстүрінде туған өлең, ал мазмұн пен пішіннің ішкі үндестігі (гармониясы) жағынан Абай дәстүрін одан әрі жалғастыра келе біршама ілгері кеткен, пішіні – қазақтың қадым заманғы қара өлеңінің үлгісі болғанымен, мазмұны – тақырып пен идеяның өзара шебер астаса өрілуінен туындаған керемет шумақтар. Өлеңде кең тыныс, кемел ой, байсалды байыптау бар. Алғашқы екі жол қазақ халқының қашанғы қалпы мен салтын,

ұлт ретіндегі табиғи болмыс-бітімін сырлы жанға айналдырып, жан тебіренер шындықтың сұлу суретін сөзбен айшықтайды[4,25].

Қазақтың ұлтшыл оқығандары қатарында елеулі азаматының бірі, қоғам қайраткері және ғалым – Ахмет Байтұрсынов оқу-ағарту ісін өзінің азаматтық міндеті мен өмірінің мақсаты деп санаған. Ғалым ағартушылыққа байланысты білдірген ойлары мен істеген істері тек оқу-білімге шақырумен тынбайды. Ол қазақ даласының ұлт оқырманын тәрбиелеуге, оны оятуға жалын жырларымен осылай тырысады[6,434].

Пайдаланылған әдебиет:

1. Рымғали Нұрғали Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. Астана, "Күлтегін" баспасы, 2002 – 528 бет.
2. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Астана: "Фолиант", 2002. -474 бет.
3. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. Алматы: "Ғылым" ғылыми баспа орталығы, 2001. 448 бет
4. Қабдолов Зейнолла. Шығармалары 5 том. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013. Үш алып, Төрт арыс, Ғылыми зерттеулер. – 320 бет.
5. Әбдиманұлы Ө. XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің алғашқы кезеңі (1900-1940): оқу құралы. –Алматы: Қазақ университеті, 2010. -156 бет.

Ү БАҒЫТ: АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Ахметова Айжан Темирбулатовна

СҚО Мамлютка қаласы

«№1 Мамлют мектеп-гимназиясы»КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог- зерттеуші

aizhantemirbulatovna@mail.ru

Ол ұлттың нағыз ұстазы болған, тынымсыз қазақ халқын оятуға тырысқан, ол қазақтарға қазақты сүюді үйреткен, Ахмет Байтұрсыновтың қазақ халқы үшін қосқан үлесі шексіз. Ол-ақын, ол — қоғам қайраткері, ол-алғашқы қазақ әдеби теоретик-лингвист, ғалым-ағартушы. Ол-Алаш идеясының көшбасшыларының бірі. Оның өмір жолын, қызметін, идеяларын білу және бағалау — біздің ортақ парызымыз.

Ақын Ахмет Байтұрсынов 1872 жылы 5 қыркүйекте Қостанай облысы Жангелді ауданы Сарытүбек ауылында дүниеге келген. Оның әкесі Байтұрсын Шошақұлы өзінің абыройын қадірлеген, әділ адам болған. Ол Торғай уезінің бастығы полковник Яковлевтің туыстарына деген қорлау мен

қысымға шыдамады және оны ұрды. Осы әрекеті үшін Ахметтің әкесі Сібірге 15 жыл жер аударылды.

Патша өкіметінің әкесіне және туыстарына тигізген зияны көп азап шегіп, Ахметтің жанын жарақаттады және ол бұл туралы өзінің өмірбаянында былай деп жазады: "бұл бақытсыздық менің Торғай мектебіне түсуіме қызмет етті". Ахмет жас кезінен бастап еңбекқор бала болып өсті және оқуға деген үлкен ықыласы болды. 1883-1884 жылдары Ахмет білімді ауылдастарынан грамота оқып, жақын маңдағы ауыл мектебін бітіреді. Одан кейін Ахмет Торғайдағы екі жылдық орыс-қазақ училищесіне түсіп, кейін мұғалімдерді даярлайтын Орынбор мектебіне түседі. Білім алғаннан кейін Ахмет өзінің алдына үлкен мақсат қояды — қазақ балаларының білім алуына бар күшін салу. "Басқалардан артта қалмау үшін біз білімді және мықты болуымыз керек. Білім алу үшін оқу керек. Бай болу үшін күресу керек. Ал билік үшін бірлік қажет. Бұл қажеттіліктер үшін қажымай жұмыс істеу керек", — деді Ахмет.

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ең үлкен ерекшелігі-олар молдалардан немесе медреселерден білім алған. Олардың барлығы діни білімді адамдар болды. Ахмет Байтұрсыновтың әр шығармасы, мақаласы "Бисмиллахир-рахмани-рахим" Құраннан басталады, мұны әдебиеттанушы ғалым Айгүл Исмақова растайды. Бұл сөздер цензураға байланысты түсіп кетті, бірақ қазір олар бұрынғы көрінісін тапты. Бұл жерде Ахмет Байтұрсыновтың араб графикасы негізінде алғашқы қазақ әліпбиін құрастырғанын атап өткім келеді. Ол кезде түркі мемлекеттерінің 90% - ы хатта дәл осы қаріпті қолданған. Ғалым Орынборда өткен ғалымдардың қазақ-қырғыз съезінде жаңа әліпбидің ерекшеліктерін атап өтті: "жаңа әліпбидің ерекшеліктері — тез жазылуда, балаларды оқыту кезінде әр әріп бөлек бөлінеді, жазбаша нұсқасы баспаға өте ұқсас. Қазір қазақ әліпбиіне тең келер ешкім жоқ. Бізде латын әліпбиі ең жақсы болған кезде, латын әліпбиі де пайдасыз болады. Әдемі әріптермен азғырылып, бүкіл мәдениетті ысырап ету керек пе?", деді ол. Осылайша, 1913 жылдан бастап Ахмет құрастырған әліпби барлық медреселер мен орыс-қазақ мектептерінде қолданылды.

Жазушы Сейіт Кенжеахмет: "1917 жылы 5-13 желтоқсанда II жалпықазақ съезі өтті. Онда Алашорда үкіметінің құрамы бекітілді. Ахмет Байтұрсынов білім комиссары болып тағайындалды. Оның жанында Мағжан Жұмабаев, Елдес Омаров, Биахмет Сәрсенов, Телжан Шонанов болды. Ол сауаттылықты оқыту процесіне тек әріптерді үйрену ретінде қарамады. Ол тәрбиені негіз ретінде алды. Ол адамгершіліксіз, жанашырлықсыз, мейірімділіксіз және қайырымдылықсыз білім алған адам қауіпті болуы мүмкін екеніне сенімді болды. Торғай өңірінде медресе-мешіттер өте көп болды. Ахмет бұл дайын ресурстарды пайдалану дұрыс деп санайды..." [1].

Бірақ Алаш қайраткерлері болжағандай, олай болған жоқ. Көп ұзамай араб графикасы Исламға теңестірілгендіктен жойылды. Тек Қытайға, Ауғанстанға, Иранға көшіп келген қазақтар ғана Ахмет жасаған хатты сақтап қалды. Қазір олар қолданатын араб графикасы Ахметке тиесілі.

"Қазақ" газеті Абайдың қоғамды демократиялық орналастыру туралы идеясын ортаға салып, ұлттық сана-сезімді оятып, әлеуметтік-саяси сипаттағы, білім беру, ағарту және тұрмыс мәселелерін көтерді. А.Байтұрсынов-араб графикасы негізінде қазақ тіліне бейімделген жаңа әліпбидің авторы және реформаторы және Қазақ жазуын дамытудағы елеулі ғылыми-мәдени жетістік болды. "Оқу құралы" ("Учебное пособие", 1912) — қазақ тілінде жазылған алғашқы оқулықтардың бірі. 1923 жылы Орынборда және Ташкентте А.Байтұрсыновтың 50 жылдық мерейтойы салтанатты түрде аталып өтті, белгілі қайраткерлер С.Сәдуақасов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, М. Дулатов, Е. Омаров оның ғылымның, мәдениеттің және ағартушылықтың дамуына қосқан үлесін жоғары бағалады. Ахмет Байтұрсыновтың қандай күшке ие болғаны таң қалдырады. Ол патша мен Кеңес өкіметінің қысымымен бұзылмады, тіпті өлім алдында да өз мұраттарына опасыздық жасамады. 2022 жылы туғанына 150 жыл толып отырған көрнекті ағартушы, педагог, қазіргі қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, түрколог, публицист, журналист және ақын А.Байтұрсынұлының өмірбаянынан белгілі, оның алғашқы "Қырық мысал" атты кітабы — И. Крыловтың қазақ тіліндегі өлеңдеріндегі әңгімелерінің аудармалары — алғаш рет 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрді. Бірақ сол жылы Абай Құнанбаевтың алғашқы шығармаларының және оның Пушкин, Лермонтов, Крылов аудармаларының алғашқы жинағын шығарған Бураганскийдің баспаханасын көрсете отырып, оның қай баспада басылғанын ешкім ойламады. Бір ғасырдан астам уақыт өткен соң (112 жыл) "Қырық ой" жинағының жарығын көрмес бұрын, А.Байтұрсынұлы бес жыл бойы от, су және мыс құбырларынан өтуге тура келгені анықталды. Бұған А.Бөкейханның 1904 жылғы 11 мамырдағы көрнекті орыс ғалымы Григорий Николаевич Потанинге жолдаған хаттарының бірі дәлел, оның көшірмесін Красноярск өлкелік өлкетану мұражайы ұсынған. "Менің бір танысым қазақ, — деп жазады хат авторы Г.Потанинге, — А. Крыловтың 41 әңгімесін қазақ тіліне тамаша өлеңмен аударған. Қоғамдық жағдай бойынша аударманың авторы-Ақмола облысы Халық Училищелері директорының іс жүргізушісі ғана. Аударманы Дала генерал-губернаторының кеңсесі шығарған "ауыл шаруашылығы парағында" бөліктермен басып шығаруға ниеттеніп, автор Ахмет Байтұрсынұлы өзінің басшысы — директор Г.Алекторовқа жүгінді. Ол қолжазбасын ұстап, оны авторға қайтарып, Г.Сухотиннің "ауылшаруашылық парағына" басып шығаруға рұқсат бермегенін айтты. Қарап отырсақ, А.Байтұрсынұлының мұрасы бұдан да көп болар еді. Егер де сол кездегі «шаш ал десе, бас алатын» саясаттың көзқарасы дұрысырақ болғанда. Дегенмен де, қазақ ұлтының ұлы тұлғаларының бірі болып қала беретін Ахмет Байтұрсынов мәдениет, әдебиет, саясат, тіл саласында болсын жасаған еңбегі көп. 1937 жылы А.Байтұрсынов тұтқындалып, атылған кезде оның әйелі Бадрисафа да тұтқындалып, Свердлов облысына жер аударылуға жіберіледі. Қостанайға оралғаннан кейін Дәрменсіз Бадрисафа мүгедектерге арналған ауруханаға жатқызылды. Ол сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болды, оның өмірі Қостанай облысының аумағында қайғылы аяқталды.

Ахмет пен Бадрисафа өздерінің қиын, азап пен азапқа толы өмірін өткізе алған осы таза әдемі махаббат туралы аңыздар әлі күнге дейін халықтың жадында сақталған. Ахмет Байтұрсыновтың сан қырлы дарыны оған поэзияда, публицистикада, ғылымда және мәдениеттің басқа да салаларында қаламның күшін сынап көруге мүмкіндік берді. Ол ғалым, аудармашы, этнограф, көптеген оқулықтардың құрастырушысы ғана емес, сонымен қатар жас балаларға арналған көптеген өлеңдердің авторы. Ахмет аға балалар мен ересектерге арналған үлкен ұстаз болды. Ол халықтың жадында қазақ ғылымы мен мәдениетінің шырағы болып қала берді. "Егер халық үшін басты байлық-денсаулық, жан үшін басты байлық – білім мен өнер болса. Тек олардың көмегімен халықтар өркениет қатарынан өз орнын табады. Басты міндет – жастарға білім беру, қолөнерге үйрету, оларға мамандық беру. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін қазақ даласында барлық ауылдарда қазақ мектептерін ашып, қазақ тілінде сабақ беру керек. Бұл біздің басты мақсатымыз және міндетіміз", - деді Ахмет Байтұрсынов. 1988 жылы Ахмет Байтұрсынұлы ақталды. Ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсынов тағы да бізбен бірге. Өз кітаптарында, оның атындағы қорда, көше атауларында, ең бастысы – бүгінгі күннің проблемаларына сәйкес келетін өз идеяларында. Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 30 желтоқсандағы Жарлығымен 1997 жыл біздің республикамызда Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланды. Саяси қуғын-сүргін жылдары зардап шеккен адамдарды мәңгі есте сақтау мақсатында 31 мамыр Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланды. Әр халықтың, мемлекеттің өмірінде ұмытуға болмайтын оқиғалар болды. Осы оқиғаларға, оның тарихына ұқыпты қарау-бүгін және ертең біз жаңаларын жасамайтынымыздың ең жақсы кепілі.

Пайдаланылған әдебиет:

1.____Марфуға Шапиян., Қазаққа қазақты сүюді үйреткен - Ахмет Байтұрсынұлы, <https://adebiportal.kz/kz/news/view/19259>

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТ ЖАНАШЫРЫ

Баелова Дина Набиевна

СҚО Петропавл қаласы

«Бірінші гимназия» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог – шебер

dina.nabievna@mail.ru

Шаукеров Жеткіншек Набиевич

Акмола облысы білім басқармасының

«Зеренді ауданы бойынша білім бөлімінің түзету мекемесі жанындағы

жалпы білім беретін мектеп» КММ

shaykerov75@mail.ru

Қазақтың қараңғы түнін жарық қылған санаулы жұлдыздарымыздың бірі – Ахмет Байтұрсынов. Ол-20-ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының үркердей жарқыраған жарқын шоғырының келбетті өкілі. Қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетіне аянбай адал қызмет еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, тарихта орны айрықша зор тұлға-Ахмет Байтұрсынов. Оның өмірі өз халқына деген сүйіспеншілікпен, ел-жұртының мәдениеті мен әдет-ғұрпына деген айнымас махаббатының айқын үлгісі іспеттес. Ахмет Байтұрсынов-ағартушы ғалым болу үшін елеулі еңбектер атқарып, мемлекет қайраткерлігіне жету үшін қиын да күрделі жолдардан өтті.

1905 жылы педагогикалық училищені бітірген Ахмет Байтұрсынов Қазақстанның әртүрлі облыстарынан мектептер ашып, ұстаздық қызмет етті, жатпай-тұрмай еңбек етіп, қайткенде қазақ халқының көзін ашуға, санасын оятуға барын салды. Ахмет Ыбырай Алтынсариннің қазақты сауатсыздықтан құтқару үшін қалаған сара жолын әрі қарай жалғады. Қазақ халқының маңдайы жарқырап өзге елдермен қатар болуы үшін ең алдымен оқу-ағарту ісін аяғына қою керек екендігін Ахмет Байтұрсынов түсінді. Оның оқу-ағарту идеясы қоғамдық қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі болып табылды. Бір сөзбен айтқанда, ол өзінің барлық саналы ғұмырын қазақ қоғамында білім мен ғылымның дамуына, ағартушылық іске арнады. Ақынның әдеби мұрасы қазақ әдебиетінің қорында күні бүгінге дейін сақталған.

«Өнер алды-қызыл тіл»-демекші, жүректері терең соғып, ана тілінің шоқтығын биік ұстап, қазақ поэзиясының алтын діңгек тұғырынан орын алып, өз мұраларын өскелең ұрпаққа қалдырған ақын, түріктанушы, аудармашы, ұстаз-Ахмет Байтұрсынов. Сол кезде заманның ағысына қарсы тұра білген ақын. Халқымның рухани көсемі, жарқын болашаққа тереңнен көз тігіп, бейбіт өмірді қарапайым адамдарға сыйлап, халықтың қалтқысыз өмір сүруіне қол ұшын созған майталман жанның бірі-Ахмет Байтұрсынов. Қарусыз-ақ сөзбен адам өлтіретін ақынның бірі-Ахмет еді. Ол-қазақ елінің келешегін тәуелсіздікке жетелеген халықтың рухани жетекшісі болды. Халық үшін, халықтың мәдени-әлеуметтік болмысын көтеру үшін қызмет еткен Ахмет халық-ағарту саласына ерекше көңіл бөлді. «Халық-ағарту саласы мектептен бастау алады»-демекші, ең алғаш қазақ тілінде әліппе кітабын жазған ақынның бірі-Ахмет еді. Ақын қазақ балаларының көзі ашық, сауатты азамат болып шығуына септігін тигізді. Қазақ тілінде шыққан әліпби осы сөздердің дәлелі. Тек қана кітап жазумен тоқтамаған Ахмет, орыстың белгілі ақындарының еңбектерін қазақ тіліне аударып, өзінің халыққа шамшырақ екенін дәлелдеп өткен. Халықтың білімді сауатты болуына көп көмек көрсеткен. Ақын көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздерімен жеткізе білген. Ақын өлеңдеріндегі сөздердің өзі адам көңіліне талпыныс, санасына күш беріп, көптің артында қалып қоймауға себепші болған. Қазақ тілін болашақ ұрпағы үшін дамытып, басқа тілдерден биік ұстап, тазалығын сақтауға демеу болды. Қазақ тілін әсем сөздермен әшекейлей білген Ахмет өз еңбектерін басқа елдерге де танымал етті. Ахмет

Байтұрсынов оқу-ағарту ісін өзінің өмірдегі азаматтық міндеті мен мақсаты деп санаған. Білім-ғылымнан кенже қалған мал бағып марғау жатқан қазақ халқын сол қараңғылықтан алып шығуды күрес жолының мақсаты етіп қойды. Ақын бұл мақсатын өлеңдерінде бейнелі тілмен жақсы білдірді: «Надандық, өнерсіздік аға жолдасымыз болған соң, олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты» деп тіпті батыра айтқан. Ахмет Байтұрсыновтың қазақтар үшін өз алфавитін жасау әрекетіне де, тілін зерттеп оқулықтар жазуына да, тыңнан жол салып, бай терминологиясын жасауына да, тіпті қоғамдық-әкімшілік істеріне араласуына да алып келген - өзі дйттеген ағартушылық мақсаты деуге болады. Ахмет Байтұрсыновтың ағартушылыққа байланысты білдірген ойлары мен істеген істері тек оқу-білімге шақырумен тынбайды. Ол қазақ даласындағы мектептердің жайын бала оқытудың жолдарын газет-журналдар беттерінде нақтылы сөз етті және Қазан революциясына дейінгі хал-жағдайды жақсы көрсетті. Ахмет Байтұрсынов - қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған адам. Сол үшін қазақша сауат ашатын әліппе құралын жазды. «Оқу құралы» алғашқы рет 1912 жылы Орынборда басылып шықты. 1910 жылы қазақ қоғамында, оқу-ағарту идеясының жандануына байланысты балалардың сауатын ашатын әліппе құралдарын жасауды қолға алды. Уфа, Орынбор қалаларының баспасында бірқатар авторлардың қазақша әліппелері жарық көрді.

Қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы ғалым, Ыбырай Алтынсариннен кейінгі еңбегі ерекше ағартушы - педагог, сөз құдіретін танытқан тамаша ақын, қазақ баспасөз тілінің ұлттық үлгісін көрсеткен талантты публицист, туған халқының рухани дүниесін көтеруге көп күш жұмсаған мәдениет қайраткері, жас кеңес Үкіметіне адал қызмет еткен ірі қоғам қайраткері-Ахмет Байтұрсынов болды.

Елім деп, ұлтым деп, халқым деп өткен есіл ер Ахмет Байтұрсынұлы туралы кезінде замандастары былай деген: «Ақаң ұлт тілінің көзін ашпағанда, әлдеқашан ескі елдігімізден айырылып, қонысы кент ағайындардың біріне табынып, таңбадан айырылып кететін едік.

Қазақтың дыбысына сөзіне арнап әліппе шығарып, қазақтың жалпақ тілін талайға үйреткен Ақаң еді. Ұлт қамы дегенді ескерген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда, бостандыққа жол көрсеткен Ақаң еді...».

Ал, Сәкен Сейфуллин болса 1923 жылы 30 қаңтарда «Еңбекші қазақ» газетінде жариялаған мақаласында былай дейді: «Ахмет Байтұрсынов қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шықан, өз заманынында арам қулықты атарман – шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, даусын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде қорлықа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған Ахмет еді».

Ал енді, Ақаңның тікелей өз шәкірті, рухани жалғасы болған Мұхтар Әуезов - «Сол оқыған азаматтың тұңғышы, алғашқы шықан көсемі болған

Ахмет Байтұрсынұлына арналған тұңғыш той ой ойлаған қазақ баласының жүрегіне жылы тиетін қуанышты істің бірі. Әркімнің қалғыған сезімін оятып, өткен күндерін есіне түсіретін көп істің ішіндегі ірісі», - дей келіп, - «қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз дүниесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. Ол газеттің жаны кім еді? Ол екпін, ұйықтаған қазақты айқайлап оятуға заман ерік бермеген соң, маса болып талай ызыңдап оятамын деп, ұзақ бейнетті мойнына міндет қылып алған. Ақаңның екпіні болатын», - деп бағалайды. Ахмет Байтұрсынұлына Мұхтар Әуезов тағы да былай баға берген: «Бір басында сан салалы өнер тоғысқан, телегей-теңіз энциклопедиялық білім иесі, қайшылығы мол тартысты ғұмырында қараңғы қалың елін жарқын болашаққа сүйреуден басқа бақыт бар деп білмеген ірі тұлға, халықтың рухани көсемі», - деп дұрыс баға берген. Сондықтан да ұлттың рухани көсемдері шын мәніндегі көсемдер деңгейінде ұлықталуы тиіс.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаушылардың бірі-Ахмет Байтұрсыновтың айтуы бойынша: «Тіл адамдардың адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», - деген. Яғни, тіл тек адам баласына ғана тән қасиет екенін айтқан. Ақын қазақ тілі грамматикасын танытатын тұңғыш оқулықтардың авторы, қазақша сауат аштыру мен қазақ тілін пән ретінде оқыту әдістерін баяндайтын құралдардың да иесі. Қазақ әдебиеті мен өнерінің көрнекті қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың бұл шығармалар жинағына бұрын «Маса», «Қырық мысал» кітаптарында жарық көрген өлеңдері мен аудармалары және «Әдебиет танытқыш» деп аталатын зерттеу еңбегі топтастырылды.

Халықтың жан дүниесінің мөп-мөлдір бұлағындай болған өнеріне шөлі қанғанша мол сусындаған, оған өзі де бір тамшы болса да үлес қосқан Ахмет нақақтан атылды. Бірақ, Ахметтің өмірі де, Ахметтің ілімі де өшкен жоқ, өшпейді де. Оның жүрек үні туған жердің самалынан естіліп, ән болып айтылып, күй болып күмбірлей бермек.

Пайдаланылған әдебиет

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы. Жалын, 1991-464 б.
2. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп. 1976ж. -136б.
3. Байтұрсынов, А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, мақалалар және әдеби зерттеулер-Алматы: Жалын, 1991- 469б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Исмаилова Акбидай Тортаевна

СҚО Петропавл қаласы

« №23 орта мектеп» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Әр заман, тарихи әр кезең әлеуметтік құбылыстар өзінің дарынды өкілдерін жарыққа шығарып отыратыны анық. Олар елдің мұң – мұқтажын көре біліп, халқының сол мұқтажына перзенттік махаббатын арнаған, туған халқының игілігі үшін бар күш жігерін жұмсаған ардақты азамат ретінде халық тарихынан орын алып отырған. Мұндай азаматтардың игілікті дәстүрлері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, елдің тарихи, мәдени өміріне елеулі ықпал етіп келген. Біздің халқымыз да осындай қазақ халқының дәрежесін көтеріп, халық үшін еңбектенген жандарды биікке асқақтатып, қадірлеп, қастерлей біледі. Қазақ халқының тарихында аса көрнекті орын алған сондай тұлғалардың бірі- Ахмет Байтұрсынов. Ол өзінің бар өмірін қазақ халқының көзін ашып, қазақ балаларын біліммен қамтамасыз етуге арнаған [1, 256.].

Қазақ халқының болашақ бағдарын дұрыс таңдап, оның тағдырын орыс мәдениетімен бірлікте алып қараған Шоқан, Абай, Ыбырай секілді ұлы ағартушы – демократтар қоғамдық ойдың тарихынды орны өшпестей із қалдырды. Осы орайда Ахмет Байтұрсыновтің қосқан үлесі айтарлықтай. Ол қазақ халқын оқуға, білімге шақырып қана қоймай, соны іске асырушы да болды. Қазақ әріптерін алфавитке арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды - жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Өліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Бала тәрбиесі, оқытудың алғашқы теориясы мен оны іске асыру тәжірбиесін де халқымыздың аса талантты оқытушысы Ахмет Байтұрсыновтың мұраларын көруге болады. Атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Қазіргі таңда ұстаздың сабағында жаңа технология әдістәсілдері оқушыларды ортамен қарым-қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта бір тұжырымға келуге, топ алдында өз ойын еркін айтып, қорғай білуге, әдептілікке, жауапкершілікке, өнерге, еңбектенуге үйретеді. Ахмет ұсынған әдістемесінің негізі осы емес пе?! Қазіргі жаңалық деп жүрген ынтымақтастық, ізгілендіру идеясын сол кездің өзінде-ақ Ахмет Байтұрсынов қалыптастырған болатын. А.Байтұрсыновтің ізгі ойлары, талғамы, педагогикалық идеялары көптеп саналады. Еліміздің үлкен бір проблемасы жастар проблемасы болып есептеледі. Ендеше бүгінгі алға қойған мақсат Ахметтің еңбек, тәртіп, тәрбие идеяларына тоқталып, қазіргі заман талабымен ұштастыру. Ұлы ұстаз әрбір оқушыны біртұтас жасампаз тұлға деп қарайды. Сондықтан жеке адамның бойынан адамгершілік қасиеттердің бірі табылса, біртұтас мінез қалыптасады. Бұлар ұстаздардың оқушыларға дұрыс, жүйелі, табанды түсіндіруімен, балаға дұрыс талап қоя білуімен жүзеге асырылады және ұзақ уақытты қажет етеді. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі - ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі

грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды [3, 58 б.]. Бұл ойдың терең мәні бүгінгі күнде де адамгершілік тәрбиесінің нәтижесі боларлықтай. Оны мына сөздерінен көруге болады: «Оқушылар кейін паракор болмау үшін, олардың өнегелі болып өсуіне жәрдемдесуге барлық күшіммен тырысамын». Осы Ахметтен бастау алған адалдық әлі күнге жалғасын тауып келеді.

Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенің олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы. Сол мектептерге тәлім-тәрбие, оқу жұмысына айрықша мән берді. Оқу-тәрбие ісін жаңа бағытта ұйымдастырды. Ахмет туған тілін, халқын ерекше сүйді, оның болашағына зор сеніммен қарады. Сондықтан халық ағарту ісін айрықша шабытпен жүргізді. Қазақ ауыз әдебиетінде молынан сақталған жоқтау-жырларын арнайы жүйелеп, сұрыптап, 1926 ж. «23 жоқтау» деген атпен жеке кітап етіп жариялады. Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі — «Әдебиет танытқыш» (1926). [2, 86 б.]. Сондай-ақ ағартушы ғалым бала тәрбиесіндегі ананың еңбегіне ерекше мән беріп, ана махаббатын терең сезіммен жырлап, сол арқылы баланың ата-ана алдындағы перзенттік парызын есіне салып, ғибратты сөздер, пайымды ойлар айтқан. Жазушының адамгершілік туралы идеялары эстетикалық тәрбиемен байланыста, бірімен-бірі ұштастырыла суреттеліп отырады. Оның шығармаларынан жазушының биік адамгершілік қасиетін, азаматтың тұлғасын көреміз, сүйсінеміз. Дамудың рухани негіздерін баланың әлеміне, оның мінезін, адамгершілік мінез-құлық ерекшеліктерін мектепке дейінгі шақта қажетті өткізу. Бала тәрбиесі қиын да, қызықты да жұмыс. Тек жалықпаған мұғалім ғана бұл жұмыста ойдағыдай нәтижеге жетеді. Дегенмен, баса айтатын жағдай мектеп тәрбиесі мен семьяның тәрбиесі тығыз ұштасып, бір жерден шыққан күнде бұл нәтиже әрі дәйекті әрі тиянақты болмақ. Оның себебі әр баланың мінезінің бір-біріне ұқсамайтыны сияқты, әр семьяның тәрбиесі де әр түрлі. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенің олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

Қазақ ауыз әдебиетінде молынан сақталған жоқтау-жырларын арнайы жүйелеп, сұрыптап, 1926 ж. «23 жоқтау» деген атпен жеке кітап етіп жариялады. Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі - «Әдебиет танытқыш» (1926). Мұнда көркем сөз өнерінің табиғаты, сыры, мазмұны, ерекшеліктері,

жанрлары, жаңа терминдер, ұғымдар жайлы жан-жақты зерттеулер, тұжырымдар сөз болды. Бұл еңбегінде Байтұрсынұлы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің әлеуметтік, қоғамдық мән-маңызын ашудан гөрі адамгершілік, эстетикалық әсемдік әуенін талдауға көбірек көңіл бөлген. Сондай-ақ мұнда жазба әдебиеттегі ағымдар, әдістер туралы ой-түйіндер айтылған. Кітаптың бірінші бөлімі «Сөз өнерінің ғылымы» деп аталады да, онда көркем сөздің толып жатқан қыры мен сыры, тараулар мен тармақтар, тіл әуезділігінің қыруар шарттары, «сөздің өлең болатын мәнісі», өлең айшықтары, «шумақ түрлері», «тармақ тұлғалары», «бунақ буындары», «ұйқастығы» т.б. сөз етіледі. Оның көп өлеңдері адамгершілік тақырыбына арналған. Ақынның адамгершілік хақындағы кейбір пікірлері өзіне дейінгі қазақ ақындарының ақылгөйлік дәстүрін жалғастырып, достыққа, адамгершілікке, тату-тәтті өмірге үндейді. Қазақ балаларының сауатсыздығын қаламағанын «Оқуға шақыру» өлеңінен байқауға болады.

Балалар!
Оқуға бар!
Жатпа қарап!
Жуынып, киініңдер шапшаңырақ!
Шақырды тауық мана әлдеқашан,
Қарап тұр терезеден....

Ахмет қазақтың әр баласы білім алсын, сауатты болуын тілеген.

Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да:
Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп,
Барады аралар да ұшып балға.
Күн ашық, тоғайлар шат, ың-жың орман,
Оянып жан-мақұлық түнде қонған,
Шығады тоқылдақтың тоқ-тоқ даусы,
Сайрағы сарғалдақтың сыңғырлаған.

Ақын балаларды өз елінде тынбай еңбек етуге, кең пейіл, адал азамат болуға шақырады.

Байтұрсынұлы Еуропа жұртындағы сындар әдебиетінің бай тәжірибесін меңгеруге бет алушылық, қазақ көркем сөз ізденістерінде сәйкестік, үйлесімділік тапқанын айтады. Байтұрсынұлы әдебиет зерттеушісі ретінде қазақ әдебиетінің даму процесін жеке дара бөліп қарамай, барлық халықтар әдебиетіне ортақ сипаттармен ұштастыра талдауға тырысады.

Қазақ халқының ұлы перзенттерінің бірі – Ахмет Байтұрсынов ұлтымыздың мәдениет тарихында алатын орны ерекше. Ол – жазба әдебиетіміздің проза мен поэзия жанрларында айрықша із салған қаламгер ғана емес, сонымен қатар қазақ тілінде жазылған алғашқы оқу құралдары мен әдістемелік еңбектердің де авторы. Мәдениетіміздің тарихында Ахмет өз шығармашылығын бір ұлы мақсатқа арнады. Ол мақсат қазақ халқын ғасырлар бойы езіп келген надандық пен қараңғылықтың шырмауынан босатып, өнербілімді, мәдениетті елдердің қатарына қосу еді. Сөз соңында, қазіргі таңда қолданып жүрген әдістемелік тәсілдеріміздің көбі Ахметтен бастау алған. Ұлы ағартушы салған бұл ізгі жол жалғасын тауып, мәңгілікке

жалғаспақ деген ойдамын. А.Байтұрсынұлы Еуропа жұртындағы сындар әдебиетінің бай тәжірибесін меңгеруге бет алушылық, қазақ көркем сөз ізденістерінде сәйкестік, үйлесімділік тапқанын айтады. Байтұрсынұлы әдебиет зерттеушісі ретінде қазақ әдебиетінің даму процесін жеке дара бөліп қарамай, барлық халықтар әдебиетіне ортақ сипаттармен ұштастыра талдауға тырысқанын бағалаймын.

Пайдаланылған әдебиет:

1. “Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 ж
2. Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ –ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА»

Уразалиева Жанар Кихматовна
СҚО Мағжан Жұмабаев ауданы
«Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясы» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
ukenova1974@mail.ru

«...Ахмет халықтың арын іздеп,
өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен,
Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл»
Сәкен Сейфуллин

Ахмет Байтұрсынұлы -қазақ үшін қасиетті есім. Неге десеңіз? Ахмет Байтұрсынов қазақ даласының «Сегіз қырлы ,бір сырлы» деп аталатын атақты адамдарына жатқызуға болады.Ол талантты әдебиеттанушы, терең ойшыл, жарқыраған публицист, жанқияр саясаткер,ізденуші ғалым,керемет ұйымдастырушы және өз халқының дамуына қызығушылық танытқан қоғам қайраткері болды. Ол энциклопедиялық ақыл мен ерекше қабілеті бар, өмірді жақсы көретін және айналасындағы адамдардың тағдырына бей-жай қарамайтын адам. Ол айналасындағылардың барлығын өзінің таусылмайтын қуатымен терең мағыналы тіршілігімен тарта білді. Ахмет Байтұрсынұлының сан қилы оқиғаға толы өмірі бүгінгі күні де адамдарды таңғалдырады және өмір сүруге, жасампаздыққа деген ұмтылысын оятады!

Ахмет Байтұрсынұлы -қазақ үшін қасиетті есім.Ол өз ұлтының бағы жану үшін өмірдің барлық саласына араласты. Бұған оның атақ-даңқы дәлел. Қазақ халқы біртуар перзентін қоғам және мемлекет қайраткері, ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы ретінде жақсы біледі.

Халқымыздың өмірінде және бүкіл Еуразия кеңестігінде болып жатқан «өзгерістер дәуірінің» драмалық оқиғаларына қарамастан,оның өмірін конъюнктуралық деп айту қиын, дегенмен ол әрқашан ең өзекті әлеуметтік проблемалардың басында жүрді. Сонымен қатар ,оның қоғамдық өмірге ат салысуындағы әрекетін өте дәйекті және мұқият деп айта аламын. Ахаң басы қасында болған жобалардың әрқайсысын кемелдіктің шекті деңгейіне жеткізді. Қазақтың Ахметі халқы үшін,- « түнгі аспанның төрінде жарқырап тұрған шоқ жұлдыз!»

Ахаңның өміріндегі ең маңызды істер қатарына үш ірі бастамасын жатқызуға болады: Әлихан Бөкейханов және Міржақып Дулатовпен бірлесе отырып,өз заманы мен бүкіл қазақ халқы үшін тұтас ұлттың сауаты мен білім айнасына айналған «Қазақ» газетін басып шығару; Араб графикасын қолдану арқылы «Төте жазу» жасау және «Алаш Орда» үкіметінің қызметіне қатысу. Әрине, Ахмет Байтұрсыновтың өмірінде өзгеде айтулы оқиғалар болды, алайда дәл осы оқиғалар қазақ халқының өмірінде терең із қалдырды, оны өз елінің көрнекті ұлы етті, оның тәуелсіздігі туралы арманын асқақ етті.

«Қазақ» газетінде сол кездегі қайта өркендеген қазақ қоғамы үшін танымның кең көкжиегін ашқан мазмұны терең және тақырып бойынша алуан түрлі материалдар басылып шықты. Осы басылымның арқасында қазақтар қазіргі өркениетті ұлттың қалыптасуы жолында өте маңызды қадам жасады деп айта аламын.

Дәстүрлі көшпелі қазақтың «ұзын құлағы» осы газеттің арқасында ақпарат беру құралынан ұлтты тәрбиелеу және кеңінен ағарту құралына айналды.Қазақ зиялыларының айтуынша,бұл белгі қазақтар арасында Еуропалық ғылым мен өнердің таралуын, «Қазақ» газетінің қазақ халқы үшін мәдениеттің терезесіне айналуын және өзгелердің зиянынан қорғаушысы болу ниетін білдірді.

Ахметтің мәдениетімізге сіңірген еңбегі орасан зор, жазған кітаптары да аз емес, ол кітаптар ағарту мақсатында қызмет етумен қатар да, ғылыми тұрғыдан да аса құнды ,сондықтан Ахмет Байтұрсыновтың әдеби қызметіне қысқаша ғана тоқталсақ, біздің жазба әдебиетіміз әлі жас. Ол қазіргі ақындар шығармасына да әсер етіп, өзіндік өрнек бедерін танытып қалады. Басқаша айтсақ, ақынға әсер тигізіп қана қоймайды, халықтың мәдени өсу деңгейінен, рухани құнарынан да хабардар еді. В.Г.Белинскийдің ақын - өз халқы мен ғасырының перзенті деген ойы шындықтан туған. Әлбетте, ақын - суреткер. Шығармасының мәні, нәрі шындықтан алынуға тиіс, онсыз ол дерексіз қызыл сөзге сүйенген тілші, сондықтан да заман тудырған, уақыт толғандырған сұрақтарға ақын сергек қарауы керек. Уақыт шындығымен бірге толғанып, ел тағдырымен жаны бір тұруы шарт. Онсыз ақын құр өлеңші. Бұлай қарағанда, Ахметті өз дәуірін шындықпен суреттеген сергек ақын деп айта аламын. Халық Абаймен танысқаннан кейін:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін,
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін;

оның ескі ақындар өлеңіне деген: ақындары ақылсыз надан келіп Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап, - деген уытты сынынан соң, «Құны түскен кешегі өлеңнің» уақыты келмеске кеткен. Бұған біздің әдебиет тарихымыз да куәгер. Абайдан бастап әдебиетімізде жаңа бағыт пайда болды. - Егер, біз Абайды сол бағыттың кірпішін қалап, жаңа әдеби құрылысқа сілтеме жасады десек, Ахмет Байтұрсынов ірге тасын салып, қабырғасын көтерді. Ендігі әрлеп-сырлауы, әшекейлі күмбезі - болашақ ақындардың ісі. Бұл бағыттың бет-бағдары - біздің ақындарымыздың халықты жарыққа, білімге мәдениеттің даңғыл жолына, жарқын өмірге жетелуге ұмтылдыруы. Біздің ақындар ақындығымен қоса ағартушы да, ғалым да.

Ахмет шығармаларының сырт пішіні шебер: қарапайым, оқуға жеңіл сазды, сөздері үйлесімді, ұйқасы ұтымды болып келеді. Көркем шығарманың пішіні туралы Ахмет өз өлеңінде: Оюын ойып, орындап қойып,

Түр салғандай өрнекке.

Қиыннан қиып, қиырдан жиып

Құрап сөзді термекке, - деп қалай жазса, солай орындауға ұмтылған. Ақын, ағартушы аудармамен де көп айналысты. Көркем туындылары негізінен осы екі салада - аударма және түпнұсқа болып жазылған. Бәрінен де Ахметтің ден қойып, көп аударғаны Крыловтың мысалдары, сосын Пушкин, Лермонтов шығармалары, басқа да өзі қалаған орыс ақындарының туындыларын ана тілімізге түсірді. Бұл орайда Ахмет Байтұрсыновты жаңа аударманың көш басшысы десек те болады. Аудару шеберлігі сондай, егер оқырман түпнұсқамен таныс болмаса, онда шығарманың өзге әдебиеттен екенін аңғармай қалар еді. Мысалы «Олегтің заты туралы әнінің» басынан келтірейік: Жар салып жасақ жияр білімді Олег, Білімсіз хазарлардан алмаққа кек. Қаласын, егіндерін азасы үшін, Отпенен қойған арнап қылышқа, деп, немесе, осындағы Пушкин сыпаттаған ат сынын алайық. Сен неге жүйрік атым кісінейсің? Жабығып мұнша неге түсті еңсең? Ерігіп ауыздығын қарш-қарш шайнап, Бұл қалай, бұрынғыдай сілкінбейсің? Әлде мен бабын тауып бақпадым ба? Болмаса жемнен қысып сақтадым ба? Әйтпесе, әбзелдерің сәнді емес пе? Жібектен тізгінінді тақпадым ба? Малдырып сом алтынға үзеңгінді Тағанды шын күмістен тақпадым ба? Ал түпнұсқамен салыстыратын болсақ, әуелде кім-кімнен аударғанын аңғару қиынға соғар еді. Ахмет Байтұрсынұлы Пушкиннен бе, әлде Пушкин Ахмет Байтұрсынұлынан ба? Бұл жәй аудару емес, өнер жарыстыра творчестволықпен жеткізу. Аударма үлкен өнер. Басқа халықтарда да небір ұшқыр, жүйрік аудармашы-ақындары ішінде Жуковскийді мойындап, соған жүгіну қалыптасқан. Біздіңше, аудармашы ретінде Ахмет Байтұрсынұлы Жуковский секілді таланттардан артық болмаса, кем соқпайды. Орыс әдебиетін қалай білсе, қазақ тілін де солай түсінетіндер бізбен келіседі ғой деп сенемін. Ахаңның аударма арқылы мәдениетімізге қосқан үлесі жөнінде осылай ойлаймын.

Ахаң өзінің қуатын халықтың зәру мәселелеріне, күнделікті қажеттілігіне арнап, сарп еткен қаламгер. Өлең-мақалалары да, ғылыми да, ғылыми-зерттеу еңбектері де халық ағарту ісіне бірден-бір қажетті, өнегелі

жолдың басы болған дүниелер. Қазақ халқы үшін Ахмет жасаған әдеби дүниенің көркемдік-әлеуметтік таным әлемінің әсері ғаламат. Оның «Маса» мен «Қырық мысал» кітаптары шыққанда халайық қалай қуанышпен қарсы алғаны бізге таныс.

Екінші дүниежүзілік соғыстың батыры Бауыржан Момышұлы Қазақ тілі туралы былай деп жазды: «біздің ана тіліміз-біздің халықтық қадір-қасиетіміз бен мемлекеттілігіміздің мәні, тот баспайтын өзегі. Ана сүтімен сіңірген ана тілімізді білмеу-барлық ата-бабаларымызды, бүкіл тарихымызды ұмыту дегенді білдіреді.»

Біздің кім екенімізді, қайдан шыққанымызды, ана тіліміздің қай тілі екенін және осындай жаңа Тәуелсіз Қазақстанда әл-ауқатымыз қандай тұлғалардың арқасында екенін мәңгі есте сатауымыз керек деп есептеймін.

Ахмет Байтұрсыновтың артында қалған мұрасы бұлақтың көзі тәрізді. Көзін ашсаң жарқырап жаңа қырынан көріне береді. Бір сөзбен түйіндесек, осы күнге дейін Ахаң – ұлттың ұлықтаған ұлы тұлғасы!

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Конкабаева Гүлсім Қаратайқызы

Ақтөбе қаласы, Ақтөбе ауданы

«Ілияс Есенберлин атындағы № 15 орта мектебі» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-шебер

Zhalekenova97@mail.ru

Ахметтей алаштың ардақты азаматының жүріп өткен жолына, артында қалған шығармашылық мұрасына көз сала отырып, ғұмырының әр сәтін туған ұлтының мүддесі үшін мағыналы да мәнді тірлікке арнаған нағыз ұлт ұстазының шынайы бейнесі көңіл төрінен орын алады. «Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын, ел бүгіншіл, менікі ертең үшін» деп жыр тармақтарын төккен тағылымды тұлға қазақтың бүгіні айқын, болашағы жарқын болуы үшін жолында кездескен кедергілерден еш қаймықпады, керісінше, алашқа болмасын дегендердің мысын басып, өз мақсатына қол жеткізуде толарсақтан саз кешсе де тоқтамады, әу баста сана түкпірінен нық орын алған: «Еліме еркіндік әперем!» деген идея ұлттың рухани көсеміне тың күш, жаңа бағыт, соны серпін беріп отырды.

Ахмет – нағыз зиялы! Ол өз туған ұлтына ақысыз қызмет етті, оның өмірінің тең жартысы абақтыда өтті, десе де ұлт ұстазының тәні қамауда болса да, жаны үнемі қазақтың кемел келешегін аңсаудан туған айқын мақсатының жолында бағытынан бұрылмады. Ахаңның әр қадамы қазаққа ғана арналды, оған дәлел туған жұртына әуелі «Қырық мысал» мен «Масаны» тарту етті, этностық атауымыз жаңғыра түссін деп «Қазақ» деген газет шығарды, бұл үнпарақ сол тұстағы қалың бұқараның саяси сауатын ашып, рухани әлемін кеңітті, алғашқы саны 360 данамен шықса, кейінгілерінің таралымы 8000 ға дейін жетті, бірақ өкінішке орай баспасөз құралының

ғұмыры өте қысқа болды. Аз ғана жыл алаштың айбынын асырған «Қазақта» Ахметтің айқын ізі қалды, басқасын былай қойғанда «Қазақтың бас ақыны» мақаласының өзі неге тұрады? «Абайды тек Семей өңірі ғана танитын ақын екеніне ішім ашиды» деп өкініп еді сол мақалада, бүгінде біздің ұлы ақынды әлем таниды. Кеңестік жүйенің кесірлері ұлт рухани жаршысын қанша жерден тұншықтырамыз дегенмен, біздің Ахаң ешқашан бір орында тұралап қалмады, қазаққа пайдасы мол әрекетінен әрқашан жаны жай тауып, санасын мазалаған сан ойларға жауапты ғылымнан іздеді. Ұлтты даралайтын ең негізгі құбылыстың тіл екенін білеміз. Ана тіліміздің сан-алуан ерекшеліктерін сөз еткен «Тіл – құрал», «Тіл – жұмсар», «Оқу құрал», «Әліппе», «Сауат ашар» секілді ғылыми еңбектері ұрпағымызға мың жылға азық болары сөзсіз. Кез-келген мемлекетті ілгері сүйрейтін негізгі күштің білім мен ғылым екенін айтудан жалықпаған қайраткер «Қазақтың» 1914 жылғы санында: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы» деп ұстаз беделін тереңінен толғауы бүгінгі таңдағы еліміздегі «Педагог мәртебесі» заңнамасынан толық көрініс тапқанына қуанамыз, марқаямыз.

Ұлт ұстазының жарты ғасырлық мерейтойында әлем таныған Әуезов алаштың абзал ұлы туралы «Аханның елу жылдық тойы» атты баяндамасында оны: «Ұлтымыздың рухани көсемі деп атауға толық негіз бар» деген түйінді сөз айтады, міне, содан бері арада бір ғасыр уақыт өтсе де орынды сөз, оралымды тіркес өзінің мәні мен мағынасын еш жоймай, керісінше дәуір ырғағымен өзектілігі мен өміршеңдігін дәлелдеп келеді.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТҚА ҮЛГІ

Карипенова Аида Ақеділқызы

СҚО Айыртау ауданы

«Антоновка орта мектебі» КММ

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі

karipenova@bk.ru

Қазақтың Ахметі - ұлттық идеологияның майталманы, көреген саясаткер. Оқу - ағарту ісінің үздігі, дарынды педагог. Ахмет Байтұрсынұлы – Мұхтар Әуезов айтқандай, қазақ халқының «рухани көсемі». Тыңнан түрен тартып, қазақ әдебиеті мен тіл білімі ғылымдарының негізін қалаған зерделі зерттеуші, ғалым. Қазақтың жоғын жоқтап, санасын оятқан жалынды публицист. Кәсіби қазақ журналистикасының ірегесін қалаған көсемсөз шебері. «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», - деп айтудан жалықпаған бұл ұлы адам, бар күшін ана тілінің қадір – қасиетін паш етуге жұмсады. Бұл жолда өзге тілдердің өзін де басты қару, маңызды құрал ретінде пайдаланды, аудармашылықпен айналысты. Қазақтың мұң – мұқтажына қатысты ойын орыс тілінде еркін жеткізді. Араб сөзін қазақтың төл сөзіндей түрлендіріп, пән сөздерін жасады. Әліппесін қазақтың төл сөзіндей түрлендіріп, пән сөздерін жасады. Әліппесін қазақтың

пайдасмына балап, әдіптеп қажетіне жаратты. Осылайша, Ахмет Байтұрсынұлы тағдыр тақтасына жазылған өзінің ұлы миссиясын абыроймен атқарып, есімі ұлтының жадында мәңгіге жатталды.

А. Байтұрсынұлының ұлттық мүддеге бағытталған ерен еңбегі кеңес идеологтары тарапынан қоғам өміріне қайшы дұшпандық әрекет деп танылғанмен, озық ойлы замандастары А.Байтұрсынұлының халық үшін жасалған игі істерін үлгі тұтып, жоғары бағалай білді. Соның бір дәлелі – кеңестік тіл білімінде «Байтурсуновский алфавит» эпонимінің қалыптасып, лингвистикалық терминге айналуы.

Байтұрсынұлы жазуы халық арасында «төте жазу» деп аталып, 1929 жылға дейін ресми түрде қолданыста болғаны тарихтан белгілі. Алайда XX ғасырдың басында қазақтың саяси – әлеуметтік өмірінде орын алған өзгерістер салдарынан қазақ әліпбиі бастапқыжа латын, кейін кирилица негізінде жасалынған әліпбимен алмастырды. Осы себепті А.Байтұрсынұлы есімімен тікелей байланыста қалыптасқан қазақ тіл біліміндегі бірден – бір эпонимінің лингвистикалық терминдер қатарынан ығыстырылып, пәрменсіз терминдер қабатына өтті. Соған қарамастан, А. Байтұрсынұлы негіздеген қазақ жазуы бүгінгі таңға дейін Қытай Халық Республикасын мекендейтін қандастарымыздың әліпбиі болып келе жатқандығы «Байтұрсынұлы жазуының» өміршеңдігін, демек сапалы жасалғандығын айғақтайды.

Бодан халқының жадау күйін, жүдеу тіршілігін көріп күйінген А.Байтұрсынұлы: «қазақтың шаруасына бір жақтан надандығынан кемшілік келгенде, екінші жақтан білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, еліктен, теңдіктен қалдырып, тиісті сыбағасына қиянат етіп тұрғаны санасы бар қазаққа ескерерлік іс еді. Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізіп, әлсіздерге күш беретін өнер – білім, сол өнер білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік», - деп, қазақ балаларын оқытуды басты мақсат тұтты. Сондықтан «Оқу құралының ең ұлығы – қинамасына жазудың тәртібі болуы шарт. Тәртіпті жазу деп (харфі) бар болса» деп, Ахмет Байтұрсынұлы «дәйекші қойып қарап белгісін азайту арқылы» араб әліпбиінің негізінде жасалған қазақ әліпбиімен 1912 жылы Орынбор қаласында «Каримов. Хусайнов и К» баспаханасынан «Оқу құралы» деп аталатын балаларға арналған әліппесін басып шығарғанына 2012 жылы 100 жыл, демек, Байтұрсынұлы әліпбиіне де 100 жыл толды.

Аталған әліпбиінде тұңғыш қазақ жазуы үшін Ахмет Байтұрсынұлы қазақша алифба, кейінгі еңбектерінде араб сөзін қазақ тілінің ерекшелігіне икемдеп, қазақша әліпби терминін қолданған. Сонымен қатар қазақ тіл білімінде тұңғыш рет әліпби ұғымының терминдік мәнін айқындап, «Әліп-би деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы» деген анықтама берді. Осылайша қазақ тілінің дыбыстарынан бастап, оны таңбалайтын әріптер, оларды жазу, оқу емлесі, үйрету әдістері, сөз бен сөйлем жүйесі, оларға тән атаулар қарапайым күйімен, тұнық тілімен үлкен ғылыми арнаға бет бұрды.

Ахмет Байтұрсынұлы: «Кей жұрттар жазу үшін әріп алмаған, таңба алған деп, жазудың түрлерін таңба негізді және әріп негізді жазулардың емле жүйелерін таңбаша емле, дағдыша емле, туысша емле, дыбысша емле деп топтап, әрқайсысына анықтама беріп, мысалдармен дәйектеді. «Кей жұрттар жазу үшін әріп алғанмен, әріптері тілі өзгергендіктен... тіліндегі дыбыстарына әріп арнауында шатақтық бар болғандықтан, сөздерінің жазылуы мен айтылуы екі басқа, кей жұрттардың тілінің шартына қарай дыбысына сәйкестеп, әріп түрлі орында түрлі айтылмақшы. Кей әріптер... жазылғанымен, тіпті оқылмай да қалмақшы. Кей әріптер басқа дыбыстармен қатар келген жерде тіпті дыбысынан айырылып қалмақшы», - деп өзге тілдердің мысалы негізінде ойын сабақтап, «дыбысқа сәйкестеп әріп алынбаса, сөздің жазылуы мен айтылуы бөлектенбей қала алмайды деп, дыбыстар мен әріптер арасында сәйкестік күшті болғандықтан, сөздің жазылуы мен айтылуының арасындағы сәйкестіктің күшті болатындығына дейін назар аударып, қазақша әліпби түзу барысында бұл қағидаларды басты назарда ұстаған. Ең әуелі қазақ тіліндегі дыбыстар санын анықтап, оларды таңбалайтын әріптерді белгілеген. Бұл амал Байтұрсынұлы әліпбиін үздік әліпбилер санатына қосты. Себебі, мамандардың айтылуына қарағанда, жазу теориясының қағидаары бойынша тілдегі фонемаларды таңбалайтын әріптер саны не ғұрлым аз болса, әліпби жүйесі соғұрлым жақсы жасалған деп танылады.

Ахмет Байтұрсынұлы әліпби үшін өзіндік өлшем белгілейді. Атап айтқанда құрамына енген әріп таңбалар:

тіл дыбыстарын таңбалауға жеткілікті;
оқу үшін оңай;
жазуға және жазылғанды тануға жеңіл;
баспа жұмыстары үшін қолайлы;
үйреуге (сауат ашуға) оңтайлы
көз тартарлық көркем болуы керек.

Осы тұрғыдан алғанда, «сөз ішінде сап түзеген солдат сияқты сымға тартқан солдаттай, екі сызық арасында қысылып тұрған әліп те болмайтын; жолы бір сызық бойымен тартылып, жалғыз сызықтан жоғары да төмен де ылғи асып шығып отыратын; оның үстіне қойылатын қосымша асты, үстінде белгілері, нүктелері болатын; бірдейлік, бір өңкейлік, бір беткейлігі жоқ; әріптерінің бірі биік, бірі аласа, бірі ұзын, бірі қысқа келіп, сөз әлпіне айрың – үйрің ашық сүгірет беретін; екінші жағынан қойылатын қосымша белгілері сеп болып, сөз сүгіретін көзге елеулі етіп, тез танытатын, тез оқытатын» «жақсыны жақсыдан іздеп» «түріктің тұнық тілі, түзу емлесі» бар қазаққа арабтан «дыбыс басына әріп белгілеп», «жазуын бір жөнге салсын», «заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман..., сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі одан да артық,... сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек» деп ұлтын ұлықтап, әліпби тарту етті.

А. Байтұрсынұлы неміс ғалымы Гедике , француз әдіскері Жакото тәжірибиелерін талдап, артық – кем тұстарын өзара салыстырып, жалқылау және жалпылау әдістері негізінде сауаттылыққа қол жеткізудің оңтайлы жолдарын ұсынды. Жакотша үйрету деп аталатын эпонимнің қолданысына жол ашты.

Сауаттылық негізі жазу екендігіне ерекше мән берді. Сондықтан сауаттылыққа қол жеткізу мақсатында қолданылатын әдістердің дыбысты әдіс, тұтас сөзді әдіс деп өзі атау белгілеген түрлері мен олардың қызметіне мысалдар арқылы талдау жасап, маңызын түсіндірді. Сауаттау әдісі, жазу, оқу ұғымдарының терминдік мән – мағынасын ашу мақсатында олардың әрқайсысына анықтама береді.

1930 жыл Байтұрсынұлы әліпбиін латын әліпбиіне негізделген жазу алмастырды. Бұл туралы профессор Қ.Жұбанов «Проект казахского языка» деп аталатын мақаласында Байтұрсынұлы жазуына қатысты: «...особенность казахских звуков дает возможность обозначать обе разновидности одного и того же звука одной буквой, а для различения мягкости или твердости звуков, вошедших в состав слова, достаточно поставить смягчающий знак перед словом. С 1992 года, когда впервые выработана эта система и произошла реформа арабского алфавита, по 1930г., когда арабский алфавит правительственным декретом был изъят, т.е. в течение 18 лет казахские слова писались по этой системе, причем никаких недостатков... не ощущалось. Надо заметить, что отказ от этой системы при принятии латинского алфавита произошел, собственно говоря, по нажиму Ученого Совета ВЦКНА, а не по инициативе Казахстана», - деп жазған пікірі, Байтұрсынұлы жазуының қазақ тілі білімі үшін аса құнды болғандығын айғақтайды.

Ахмет Байтұрсынұлы жасаған қазақ әліпбиі қазақ тілінің тазалығын сақтауға, өзге тілдердің ықпалымен танымастай өзгеріп кетуінен қорғады. Міне, осы айтылғандардың бәрі А. Байтұрсынұлының: «Араб әріпінен жасап алған әліпбиімізге жер жүзінде әліп – би баласы жетпейді» деп ағынан жарыла аңқылдап мақтауына лайық еді. Байтұрсынұлы әліпбиі сауатсыздық жайлаған ұлтты тозақы өмірден құтқарып, жұмақ жолына, яғни ғылым, білім жолына бастаған еді.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер – Алматы, 2010
2. А. Байтұрсынұлы шығармалар жинағы
3. А. Байтұрсынұлы туралы шығармалар мен жинақтар – Алматы: «Ел-шежіре», - 2013.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Нүрекина Аққу Марленқызы

СҚО Есіл ауданы

«Т.Позолотин атындағы №1 Явленка орта мектебі» КММ
мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары,

"Ахмет Байтұрсынұлы- ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға
болмайтын ерекше тұлға".
Әбіш Кекілбаев

Ахмет Байтұрсынұлы - ақын, жазушы, аудармашы, публицист, қоғам қайраткері, ағартушы, түркітанушы, әдебиетші, тілші, ғалым...

Ахмет Байтұрсыновтың көтерген басты мәселелерінің бірі – қазақ халқын қорлап, сондай ақ тарихи атын бұрмалауға наразылық болды. Осыған байланысты «Түрік баласы» деп атаған автордың белгілі мақаласында "Қазақ-қазақ, қырғыз өз алдына қырғыз, бұлардың арасында ешбір ілік жоқ. Түрікпен мен башқұрт қандай басқа болса, қазақ пен қырғыз да сондай басқа – басқа ел" – деп, қазақтың өз алдына жеке, дербес ұлт екенін айқындап, ашық айтқан болатын. Осыдан кейін қозғалған қоғам пікірі одан әрі үдей түсіп, кейін 1925 жылдың сәуірінде Қызылорда қаласында Кеңестің V съезі өтті. Осы съезде Ахмет атамыз ерлік көрсетіп, халқымызға өзіміздің «қазақ» деген атымызды қайтарып қана қоймай, елімізді қазақтың Автономиялық Социалистік Республикасы деп, атауды ұсынды.[<https://infourok.ru>]

Ахмет Байтұрсынов қалай да халықты жігерлендіріп, олардың ой- саналарына, жүректеріне жету жолын іздеп, ұлы Абайдың әдісі бойынша орыс әдебиеті үлгілерін қолданып, аударма жасау дәстүрін пайдаланған. Сөйтіп, И. А. Крылов шығармаларын орыс тілінен аударып, "Қырық мысал" аудармасын 1909 жылы Петербург қаласында басып шығарады. Бұл аудармаларында әр түрлі аңдар, әр түрлі адамдар кейпінде беріліп, астарлы ақиқат жасалады. Адамдардың мінезі, өмір ағысы, тағдыр мен заман ағымына қатысты көптеген мәселелерді, әсіресе, патша отаршыларының зорлық- зомбылығы, байлардың тепкісі, елдің, жұрттың әбден шаршауы туралы ойларды Ахмет Байтұрсынұлы жұмбақтап, тұспалдап жеткізе алды. Кейде ашық, дәл айтылған ойлар да болды. Мысалы, 1911 жылы жарық көрген "Маса" жинағына енген өлеңдер қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, қазақты шағуға дайын тұрған жылан. Бұл шығарманың негізгі идеясы — жұртшылықты оқуға, өнер-білімге, рухани көтерілуге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Ахмет халықтың қараңғылықтан шығарудың жолының негізгі құралы газет екендігін түсінді. Оны «Қазақ» газетінің алғашқы санынан айқын көруге болады.

1913 жылы 2 ақпанда Орынборда «Қазақ» газетінің алғашқы саны жарық көрді. Ахмет Байтұрсынұлы "Қазақ" газетінің бірінші санындағы халыққа арнаған сөздерін былай деп аяқтаған болатын: "Аталы жұртымыздың, адуынды ұлтымыздың аруақты аты деп газетіміздің есімін "Қазақ" деп қойдық. Ұлт үшін күшіміздің ұлғаюына күшін қосып, көмектесе қызмет ету қазақ баласына міндет. Қызмет етем десеңдер, азаматтықтың зор жолының бірі осы".

Оның бүкіл еңбегін бір ауыз сөзге сыйғызып айтар болсақ, ол ұстаз – ұлт ұстазы. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастайды. Онымен қоса қазақ графикасын жасауды қолға алады. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтары да пайдаланып отырғандықтан, туыстық жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ тіл дыбысына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды әліпбиден шығарады, араб таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды - жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы белгі жасайды. Сөйтіп, «төте жазу» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Бұдан кейін осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Халқымыздың әрбір азаматына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сөйтіп, 1912 жылы қолданысқа еніп кеткен Ахмет Байтұрсынұлының алфавиті 1924 жылы Орынбор қаласында өткен съезде ғана ресми түрде бекітіледі. Бұл қазақ халқы үшін, халық үшін істелінген игі істің биік шыңы болып табылды. [www.oinet.kz]

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсауының арқасында, 1912 жылы Орынбор қаласында «Оқу құралы» атты оқулығы басылып шығады. Бұл оқулық 1912-1925 жылдар аралығында 9 рет қайта басылса, оқулықтың жалғасы «Оқу құралы 2» кітабы 1913 жылы жарық көріп, 1924 жылға дейін 4 рет басылып шығады. Ал ғалымның «Тіл-құрал» атты үш кітаптан тұратын еңбегі қазақ мәдениетінің асқар шыңы болды десек болады. Қазіргі қазақ қауымы білім алып жатқан бұл оқулықтың тіл дыбысы бөлімі 1914 жылы, морфология бөлімі 1915 жылы, синтаксис бөлімі 1916 жылдары басылып шығып, 1928 жылға дейін бірнеше рет жарыққа шыққан. Жоғарыда аталған «Тіл-құрал» тұңғыш оқулық болуымен қатар, бастауыш мектепке, атап айтсақ алғашқы 4-5 жыл оқитын шәкірттерге арналғанымен, бұл – қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын талдап, жүйелеп, танытқан қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми жұмыстың басы болды. Бұл оқулықтар – «Қазақ тіл білімі» атты ғылым саласының ана тіліндегі дұрыс жазылған, жақсы бастамасы, өйткені қазақ тілінің дыбыстық құрамының классификациясы да, сөз топтарын ажыратып, сөз тұлғаларын көрсетуде де сөздердің септелу, тәуелдену, жіктелу тәртібін танытуда да, сөйлем түрлерін ажыратуда да бүгінге дейін Ахмет Байтұрсынұлының аталған оқулықтарының негізі сақталып келеді. Тілдік әр категорияның классификациясынан бастап, барлық терминдеріне дейін қазіргі мектеп оқулықтарында Ахмет атамыздың ізі бар.

Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлының жүйелі де жемісті жұмысы айдан анық: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын графикасын жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы», яғни «Төте жазу» дүниеге келген, кейін – сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, сол үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойып, ол үшін «Тіл құралды» жазған.

Халқының болашағы мен мәдениеті үшін тер төккен Ахмет Байтұрсынұлының өшпес еңбегі, мәңгілік қазақ халқының жүрегінде ғана емес, ұлтының жанашыры болған арыстың есімі ұрпақтар есімінде мәңгілік сақталады деп сенемін.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер.

Алматы. Атамұра, 2003. - 208 бет.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Аульбеков Дулат Карабаевич

СҚО Петропавл қаласы

«№ 9 орта мектеп» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

d.aulbekov@mail.ru

Қазақтың бас адамдары! Әуелі сіздер адаспаңыздар:
адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынтымақпеніс
етіңдер! Алашқа аты шыққан адамдар!
Көсемдіктеріңді адаспай, түзу істендер!

Сендер адассаңдар - арттарыңнан Алаш адасады.
Арттарынан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар.
Ахмет Байтұрсынұлы

Иә, Ахмет Байтұрсынұлы – «елім» деп жүрегі соққан, болашақтың, әсіресе, жас ұрпақтың бақытты өмір кешкенін армандап өткен дара тұлға. Жасынан өмірдің ащы кезеңдерін басынан өткеріп, талай қиындықтарға төтеп бере білген Ахмет, білімге де құлшына кіріскен еді, алайда, Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын мектепті аяқтағаннан кейін, одан әрі оқуға мүмкіндігі болмай, өздігінен білімін жетілдіруге бел буып, ұстаздық қызметке ауысады. Осы кезең қазақ жеріне орыс шаруаларының көптен көшіп келуі жергілікті халықтың тілін, мәдениетін, елдігін сақтап қалу мәселесін күн тәртібіне қойған кез еді. Жас та болса, жасынан өмір ызғарына қарсы жүретін Ахметті бұл оқиғалар тебіrentпей қойған жоқ, ол: «Тіл құрыса, халық та құриды. Ұлт атымыз өшпесін десек, қазақ әдебиеті мен тілін өркендетуді қолға алу керек», - деп ойлайтын. Жүрегі «халқым», «елім» деп соққан ақын халқының бостандықта өмір сүргенін армандады. Ол өз ұлтының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресте бұқараның жүрегіне қозғау салар күш-өлең сөз деп түсініп, өзінің гуманистік идеяларын халқына поэзия тілімен жеткізуге бар күшін салды, сол ойы жүзеге асты да. Тіпті өлеңдер жинағын ақынның «Маса» деп атауы да тегіннен - тегін емес, ол ел тағдыры жайлы ойланғанда, ең алдымен, сол елдің өзімен тілдесуді, олардың жай – күйі жайлы көргендері мен ойларын ортаға салуды, болашақ жайлы ұғым – түсініктерін бөлісуді парыз санайды, бірақ Ахмет көрген ел әлі ұйқыдан оянбаған, ынтымағы жоқ алауыз, сөз тыңдауға салғырт,

берекесіздікке ұйыған қауым еді. Сондықтан Ахмет өлеңін «Маса» етіп жұмсап, ел құлағына барып ызындап, ұйқыдан оятуға бар жанын салады. Ақынның ұлтын ұлықтап, мәртебесін көтеруге деген құлшынысының белгілері «Маса» жинағындағы өлеңдерінен айқын көрінетіндігі бірден байқалады. Қараңғылық, надандық енжарлық билеп алған қазақ халқын тек ызыңымен оятатын жәндік ол – маса ғана деген ой ақынның өлеңдерінен анық көрінеді.

Ызындап ұшқан мынау біздің маса,
Сап –сары аяқтары ұзын маса.
...Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызындаса?!

Осылайша, саясаттан тыс жатқан қазақ халқын бір сілкіндіріп, оятқысы келеді, дамыған елдер қатарында көргісі келеді, бұл анық.

Ақын - шын мәнінде, ұлы тұлға. Заман қиындығына қарамастан, оның өз басынан гөрі халқының қамын ойлауы үлкен ерлікпен пара-пар екені баршамызға белгілі әрі қайран қалдырады.

Патша үкіметі кезінде чиновниктермен қақтығысқа келгені үшін әкесі мен ағасының сотталып, жер аударылуы, жазалаушы отрядтың елге жасаған зорлық-зомбылықтары жас Ахметтің жүрегіне жара боп түсті. Осы жара ұлғая келе, оны күрес жолына жетелегені белгілі. Түрмеде жатып анасына жазған хатында жүрекке қатты батқан осы жараның азаматтық, адамдық дертке ұласуын әдемі бейнелейді. Халқын сүйген азамат сол дерттің халық басына түспеуін, одан азат болуды армандайды.

Адамдық диханшысы қырға шықтым,
Көгі жоқ, көгалы жоқ-қорға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,

Көңілін көтеруге құл халықтың, - деп жырлағанда да ақын арманы – «адамдық диханшысы» болып, халқына қызмет ету.

Ұлыларды уақыттың өзі туғызады. Заманның өрті мен дерті, дауылы мен жауыны, сеңі мен селі шындап шынықтырады. Сөйтіп, ұлт бағына Ахметтердей жұлдыз туады, ол анық. Қазақтың бағына біткен осы баға жетпес бағылан ұлт үшін қандай ұлы істер істегенін, бұл жолда басын бәйгеге тігіп, қаншама тар жол, тайғақ кешкенін, оның «елім» деп еміренген жүрегінің жалынын түрме де, темір тордың іші-сыртындағы қинау да сөндіре алмағанын, қаһарман Азаматтың қайсар рухы мұқалмай, қиындық көрген сайын тас қайраққа қайралған болаттай өткірлене түскенін көзі қарақты халықтың өзі де біледі. Ахмет - қазақ халқының әр азаматына жөн сілтеп тұрған бағдаршам, адастырмас ақ жұлдыз! Ол кезінде: «Әр ұрпақ өзіне артылған жүкті жетер жеріне апарып тастағаны дұрыс, әйтпегенде болашақ ұрпағымызға аса көп жүк қалдырып кетеміз. Кейінгі ұрпақ не алғыс, не қарғыс беретін алдымызда зор шарттар бар», - деген екен. Қандай отаншылдық қасиет, халқына деген сүйіспеншілік еседі осы сөздерден!

Ақынның «Қазақ салты» «Қазақ қалпы», «Жиған-терген» атты өлеңдерінде өзі өскен ортаға, қазақ халқының жағдайына сын көзбен қарап, ойынан бір сәт кетпейтін көкейкесті шындықты ашына жырлайды. «Қазақ қалпы» деген өлеңінде халқының сол замандағы қалпын :

Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ,
Теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ.
Жел соқса, құйын қуса, жылжи беру,

Болғандай табан тірер ешнәрсе жоқ, - деп теңізде қалқып жүрген ескексіз қайықпен салыстырады, осындай жағдайда жүрген халқын аяйды, осындай тығырықтан шығар жол іздейді. Осындай тығырықтан шығар жол – білім болды ақын үшін. Ахметті қазақ қауымының рухани басшысы етіп танытқан – оның қазақ халқын «іргелі жұрт» қатарына қосу үшін жүргізген күресі және сол күресте жұмсайтын қаруы да осы - ағартушылық идеясы еді, себебі сол кездегі ойшылдардың сөзімен айтқанда, қазақ халқы «көгі қараңғы, көңілі ұйқылы, еспесі жоқ, көңілі қалтылдақ, малы талауда, жаны қамауда» болған «қайран ел, қайран жұрт» еді. «Қазақ халқын әлеуметтік теңдікке, азаматтық мәдениетке жеткізетін, амал-әрекеттің бастысы халықты сауатты етіп, көзін ашу, «надандық, өнерсіздік ата жолдасымыз болғандықтан, олжалы жерде үлестен қалғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз – бәрі надандық сипаты», деп жүрекжарды сөзін халқына түсіндіруден жалықпаған екен ұлы тұлға. Ұлтының болашағына аз ғұмырында нық қадам жасауды ақын жас бүлдіршіндерді сауаттандырудан бастағанды жөн көрді, оның ойы тек сауаттандыру емес, өз ана тілінде оқыту болды, сол себепті түн ұйқысын төрт бөліп, өзге тіл мәдениетінен аудармалар жасап, қанша асыл мұра қалдырғаны шын патриоттың ғана қолынан келері анық. Осындай қасиетіне лирик ақын С.Сейфуллин былай деп баға берген екен: «...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз ғана Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмаш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет халқына жанын аямай қызмет қылды. Халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті». Қандай орынды баға, нағыз ұлтын ұлықтаған Ахметтің бар болмысы көрінетін пікір десеңізші! Иә, осылайша, сауаты жоқ қазақтың надан халқын қалың жау еңсесін басып, қара бұлт қаптап, түнше түнеріп тұрғанда, кеудесінің бар күшін аямай, жанын құрбан қылып, жарыққа қарай өрге сүйреген ұлы тұлғаның басынан не бір қиындықтар өтсе де ешқашан мойымады: ойға - қырға бірдей қуылды, түрмеге түсті, сонда да қолынан қаламын тастамады. Маңайындағыларды өлең қуатымен жылытып, рухтандырды, өзінің тізесін түрменің терезесіне үстел қылып, болашаққа асыл мұра қалдыру үшін қаламын тартпай жазумен болды. Осы мақсатта өзінің қысқа сәулелі ғұмырында, Ахмет ақын, жазушы, аудармашы, публицист, қоғам қайраткері, ағартушы, этнограф, фольклорист, әдебиетші, тілші, ғалым... Бір сөзбен айтқанда, ол- бас әріппен жазылған ҰСТАЗ, ХАЛЫҚ ҰСТАЗЫ!

Артында қалдырған бар асыл мұрасы -халқының игілігіне жараса екен деген арманмен жазылған ұлтымыздың інжу-маржаны. Қыры мен сыры мол ғұламаның сауат ашуда жас ұрпаққа алғашқы қайнар көзі болған «Әліп-биі» мен ана тілін алғаш оқып үйренуге арналған «Тіл құралы» баға жетпес байлық, тарихта мәңгіге сақталар құнды мұра емес пе?!

Ахмет Байтұрсынұлының еңбегі ұшы - қиыры жоқ, шексіз, бір мақалаға сыйдыру қиын. Менің ұлы тұлғаның шығармашылығын зерделегенде түсінгенім – Ахметтің ұлтының ұлы екендігі. Иә, ол –ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға. Ол халқын сүйді, ал халқы да оны ұлықтады, оның есімі халық жүрегінде сақталды. Тіпті, сол қиын –қыстау замандағы халықтың ақынға деген махаббатын Мұхтар Әуезов былайша есіне алған екен: «Бұл 1922 -1923 жылдың арасы еді. Ол кезде ауылдағы есі кірген баладан бастап, еңкейген кәріге дейін Ахметтің есімін білуші еді. Үлкендер базарға барғанда басқа қажеттілерімен бірге Ахаңның «Қырық мысалын», «Масасын», «Әліпбиін» алып қайтады екен. Кешке ақынның мысалдарын, «Ерсайынын» оқытып, кешке рухани рахаттанып қалады екен. Мысалдардың мәнін түсінген үлкендер «Данышпан екен, ә» деп таңқалады екен». Мұхтар Әуезов XX ғасырдың бас кезіндегі қоғам сипатын дәл өрнектеген мақаласында: «Ахаңдай сыйлы адам некен-саяқ болды. Сауаты төмен, білімі жоқ қыр қазақтары Ахаңды пайғамбардан кем көрмеген. Оның көзілдіріктің ар жағындағы байыпты көзқарасы, салмақты сөзі кез келген адамды ұйытып тастаушы еді. Орыс-қазақ мектептерінің берген білімін ұлт мүддесіне жұмсаған Ахмет аз жылда елін бастаған сенімді серкеге, Алашын адастырмайтын кемел ойлы көсемге айналды», - деп ой толғаған екен өз мақаласында. Шынында да, Ахмет Байтұрсынұлы - данышпан, қазағын, елін сүйген ұлттың ұлы тұлғасы. Ол ұрпағы ұлықтардай өшпес ескерткіш қалдырды, атын есте сақтарлықтай қылып алтын әріптермен өз шығармалары арқылы жазып кетті. Ұлтын ұлықтар азамат, дәл Ахметтей адам көп болса, тек қазақ халқы емес, әлем халықтары өркениетке жетері анық.

Мен шағын мақаламды Мұхтар Әуезовтың: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер – білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын», - деген сөздерімен аяқтауды жөн көрдім. Бұл пікір- Ахметтің нағыз «Ұлтын ұлықтаған тұлға» екендігін дәлелдейтін шағын қорытынды сөз іспеттес мен үшін.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Байтұрсынов А. «Маса» өлеңдер жинағы
2. Ахмет Байтұрсынұлының шығармалар жинағы. 6-том, Алматы: «Ел -шежіре» , - 2013ж.
3. М.Әуезов. «Ахмет Байтұрсынұлы» мақала.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ–ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Исина Бибигуль Толеубаевна

СҚО Ақжар ауданы

«Горьковский орта мектебі» КММ

қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі

isina.bibigul@mail.ru

Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте Қостанай округі, Торғай уезі, Тосын болысының 5-ауылына қарасты Сартүбек елді мекенінде дәулетті отбасында дүниеге келген. Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте

Қостанай округі, Торғай уезі, Тосын болысының 5-ауылына қарасты Сартүбек елді мекенінде дәулетті отбасында дүниеге келген. Ахметтің ұлы бабасы-Үмбетей ру басына айналған үлкен ата. Байсейіт атадан жалғыз, оның әкесі

Қалқаман Көшейұлы (5 ағайынды). Қалқаманның сүйегі — Арғын. А.Байтұрсынұлының замандасы әрі қаламдасы М.Әуезов 1923 жылы Ахметке арнаған мақаласында, оның тегі жөнінде. «... Сүйегі-Арғын, оның ішінде Үмбетей болады. Бергі аталары Үмбетейден шыққан Шошақ, Түбек. Ақаң -Шошақтың немересі. Өз әкесінің аты —Байтұрсын» деген мәлімет береді.

Ахмет Байтұрсынұлы 1886 жылы Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесіне түсіп, оны 1891 жылы бітіреді. Сол жылы Орынбор мұғалімдер мектебіне оқуға қабылданып, 1895 жылы ОММ-нің Педагогикалық кеңесінің шешімімен «бастауыш училищенің оқытушысы» деген атақ беріледі. 1896-1901 ж.ж. Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектепте, екі сыныптық училищеде оқытушылық қызмет атқарады. 1902-1904 ж.ж. Омбыда Торғай облысы Халықтық училище директорының іс жүргізуші лауазымын атқара жүріп, бұратана ұлтының санасын ояту мақсатында И.Крыловтың мысалдарын аударды. 1905 жылы қазақ оқығандарымен бірге Қоянды жәрмеңкесінде бас қосып, тарихта белгілі Қарқаралы құзырхатын (петициясын) жазады. 1905-1908 ж.ж. Қарқаралыдағы орыс-қазақ училищесінің оқытушысы әрі меңгерушісі болып, екі міндетті қатар атқарады. 1908 жылы саяси көзқарасы үшін Қарқаралы абақтысына қамалады. 1910 жылы 9-наурызда Орынборға жер аударылады.

1911 жылы «Маса» өлеңдер жинағы жарияланып, «Қырық мысал» кітабы екінші рет басылым көреді. Осы жылы «Айқап» журналында «Қазақ һәм түрлі мәселелер», «Қазақтың өкпесі», «Қазақ жерін алу турасындағы низамдар, бұйрықтар», «Закон жобасының баяндамасы», «Тағы да народный сот хақында», «Жер жайынан», «Жазу тәртібі», «Кітаптар жайынан», «Бастауыш мектеп» т.б. өзекті мақалалары жарияланады.

1912 жылы Қазақ әліпбиін (төте) түрлеп, қолданысқа ұсынады. Осы жылы «Оқу құралы» қазақша әліппесінің бірінші кітабы шығады. «Айқап»

журналында «Қазақ жерін алу турасындағы низам», «Шәйіман мырзаға», «Қазақ һәм төртінші Дума» мақалалары жарияланады. «Шора» журналында «Қазақша сөз жазушыларға», «Қазақ» газетінде «Көшпелі һәм отырықшы норма», «Шаруа жайынан», «Жер жалдау жайынан», «Земство», «Білім жарысы», «Оқу жайы» т.б. келелі мақалалары басылады.

1913-1918 ж.ж. қырғыз атанған жұртының атауын қайта жаңғыртып, «Қазақ» газетін шығарды. Газеттің ұйымдастырушысы әрі бас сарапшысы қызметін атқарады. А.Байтұрсынов «Қазақ» газетінің бірінші санындағы халыққа арнауын былай деп аяқтады: «Аталы жұртымыздың, адуынды ұлтымыздың аруақты аты деп газетіміздің есімін «Қазақ» деп қойдық. Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына күшін қосып, көмектесер қызмет ету қазақ баласына міндет. Қызмет етем десеңдер, азаматтықтың зор жолының бірі осы». «Қазақ» газетінің дәл сол кездегі тарихи мәнін Ахмет Байтұрсынов осы басылымның бірінші нөмірінде былай деп көрсетті: «Әуелі, газет-халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды. Дүниеде не болып жатқанын білу жоқ, не сөйленіп жатқанын есту жоқ, өз пікірін айту жоқ. Екінші, газет жұрттың уланбасына медет нәрсе. Олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп ғалым адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық етіп тұрады. Үшінші, газет халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттерден жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте молайып, пікірі ашылып, қыр асты жетпекші. Төртінші, газет халықтың дауысы. Жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады», деген тұжырым арқылы мерзімді баспасөздің қоғамда алатын орнын, оның саяси маңызын барынша айқындап берді. Тұтас алғанда қазақ өлкесінің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық саяси өмірінің дамуымен таныстыра білген «Қазақ» газеті «Алаш» партиясының дауысына айналды. Осы тұста әлеуметтік ахуалды баяндаған цензура көтермейтін мақалалар жариялағаны үшін әкімшілік А.Байтұрсыновқа бірнеше мәрте (1914-1915) айыппұл төлетеді, кейіннен абақтыға қамайды. Бұл — үшінші рет қамалуы. Ахмет Байтұрсынұлы 1919 ж. «Алаш» партиясының жетекшісі, «Алашорда» үкіметінің жетекшілерінің бірі әрі оқулықтар жазу жөніндегі Комиссиясының құрамында қызмет етеді. Осы жылы «Революция и киргизы» мақаласы «Жизнь национальностей» атты басылымда жарияланады. 1917 жылы патшаның тақтан құлауын Ахмет Байтұрсынұлы зор қуанышпен қарсы алып, Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен қазаққа бостандық, теңдік әперу үшін саяси күрес майданына араласты. 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында І-ші жалпы қазақтың съезде Ахмет Байтұрсынұлы пен Міржақып Дулатов «Тәуелсіз автономия» құру идеясын ұсынды. І-ші жалпы қазақтың съездің қорытындысында «Алаш» ұлттық саяси партиясы құрылды. Әлихан Бөкейханов қазақ халқының көсемі, партия басшысы болып сайланды. Ахмет Байтұрсынұлы екі жылдай Республика халық ағарту

комиссары қызметінде болып, қазақты ағарту ісіне, осы саланы аяғынан тұрғызуға қыруар еңбек сіңірді. Қазақ халқының қоғамдық ой-санасының дамуындағы барлық саяси қозғалыстар А.Байтұрсынұлының есімімен байланысты. Ахметтей ірі тарихи тұлғаның беделі уақытша болса да, большевиктерге де қажет болды. Ол екі жылдай Республика халық ағарту комиссары қызметінде болып, қазақты ағарту ісіне, осы саланы аяғынан тұрғызуға қыруар еңбек сіңірді. Қазақ халқының қоғамдық ой-санасының дамуындағы барлық саяси қозғалыстар А.Байтұрсынұлының есімімен байланысты. Ол бейбіт ұлттық либерализмнен Октябрь революциясын және Совет өкіметін тануға дейінгі саяси даму кезеңдерінен өтті. 1919 жылғы жаз бен күзде Ахмет Байтұрсынұлының инициативасымен Қазревком өз мәжілістерінде Алашорданың батыс бөлігімен байланыс жасау және оның басшыларымен келіссөздер жүргізу үшін арнаулы өкілдер жіберу мәселесін талай рет талқылады. Қазревкомның және оның төрағасы қызметін көп жағдайда өзі атқарған Ахмет Байтұрсынұлының осы мәселедегі табандылығы Торғайда болған оқиғаларды қайталамау және Алашорданың батыс бөлімінің түгелдей Совет жағына шығуын қамтамасыз етпесе де, оның Совет өкіметіне бейтарап жағдайда болуын жүзеге асыру ниетінен туындаған еді. Түптеп келгенде, Алашорданың батыс бөлімін ақтардың одақтасы болудан совет өкіметі жағына шығару Орал өңіріндегі азамат соғысын тезірек аяқтаудың алғы шарттарының бірі еді. Шын мәнінде, Ахметтің және оның серіктерінің Кеңес өкіметі жағына кездейсоқ өтпегені белгілі. Бұл туралы Ахметтің өзі «Жизнь национальностей» журналында 1919 жылы 3 тамызда жазған «Революция және қазақтар» атты мақаласында төмендегідей пікір білдірген еді: «Егер де бұрын бір топ адамдар патша чиновниктері атынан қырғыздарды (қазақтарды) жауапсыздықпен қамап, әр түрлі зорлық-зомбылықтарға жол берген болса, дәл осындай қылықты шет аймақтарда большевик-коммунистер деген атты жамылған осындай және басқадай адамдар тобы байқатты. Патша өкіметі кезінде, бұрын мұндай жағдаймен ымыраға келмеген мен және менің пікірлестерім, енді тағы да осындай істер Советтің Ресейде түгелдей орын алуда деп ойлап ымыраға келмей кеңес өкіметін мойындауғы қарсы болдық. Бірақ монархиялық билік бағытындағы Колчактың пайда болуы осы және басқа билік туралы ойлауға мәжбүр етті. Сонда біз қырғыз (қазақ) халқының ежелгі арманы оңшыл ма әлде солшыл ма әйтеуір, жүзеге асар болар дегенге көзіміз жеткендіктен жергілікті большевиктердің іс-әрекеті біздерге ұнамды көріне қоймаса да кеңес өкіметі жағына шыққанды жөн көрдік». Ахмет Байтұрсынұлы және оның серіктері, шын мәнінде кеңестік билікті амалсыз мойындады. Бірақ Ахмет ешқашан да қазақ халқының рөлін көтеру және қазақ елін ұлттық тұрғыдан дербес ету идеясынан бас тартқан емес.

Ахмет Байтұрсынұлы 1920 жылы 17 мамырда В.Лениннің атына хат жолдап, «... Ресейде коммунистер көп, бірақ нағыз идеялық коммунистер өте аз, оның үстіне олар шет аймақтарда аз немесе мүлде жоқ», — дей келе қазақ жерінің билігін қазақтан шыққан коммунистер қолына беруді талап еткен еді. Осы жылдың 12 шілдесінде Ахмет Байтұрсынұлы тағы да Т. Рысқұлов,

Н.Ходжаев, З.Валидов, Ә.Ермеков, Х.Юмагулов тәрізді түркі халықтарының көрнекті тұлғаларымен бірге В.Ленинге хат жолдап, оның бұрынғы отарлаушы ел пролетариаты яғни орыс жұмысшы табы шеткері аймақтардағы отар елдер еңбекшілерін азат етеді деген қағидамен және панисламизмге қарсы күреске шақырған ұранымен өздерінің келіспейтінін ашық мәлімдеді .

1920-1922 ж.ж. Өлкелік Халық Комиссариаты жанындағы Академиялық Орталықтың төрағасы қызметін атқарады. Халық ағарту комиссариаты жанынан құрылған Академиялық орталықтың (Академцентр) тұңғыш төрағасы ретінде Қазақ елінің ғылымын академиялық жолмен басқаруды ұйымдастырудың негізін қалады. 1922-1925 ж.ж. Қазақ Халық ағарту Комиссариаты жанындағы Ғылыми- әдеби комиссиясының төрағасы, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы болады. 1925-1928 ж.ж. Қазақ елінің екінші астанасы болған Қызылорда қаласында тұрады, әрі ұлт жұмысының көшбасында болады. 1928 жылы қыркүйекте Алматы Қазақ мемлекеттік университетіне профессор лауазымымен қызметке кіреді.

4-қарашада «Еңбекші қазақ» газеті «Қазақ университетінің ашылуы» атты құттықтау сөзін, «Емле туралы» мақаласын жариялайды. Мұнда 1929 жылдың маусымына дейін қызмет атқарады. 1931 жылы РСФСР қылмысты істер кодексінің 58-бабының ең ауыр тармағы бойынша ату жазасына кесіледі, бірақ үкім қайта қаралып, 10 жылға бас бостандығынан айырылып, екінші рет жер аударылады. 1931-1933 ж.ж. Беломор-Каналда айдауда болады. Жыл соңында Ресейдің Кривошеин ауданына қарасты Жуково елді мекеніне тұрақтауға рұқсат алып, осында әйелімен жылға жуық тұрады. Осы жылы 28-қаңтарда жерлестері «Сарыарқа самалы» басылымында «Жауға түскен жан сөзі», «Қарқаралы қаласына», «Жұртыма» өлеңдерін жариялайды. 1934 жылы «Қызыл крест» қоғамының араласуымен түрмеден босатылып, Алматыға келеді. Осы жылы «Қазақ тілі грамматикасының тарихы» атты ғылыми еңбек жазуды бастайды.

Пайдаланылған әдебиет:

- 1.Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары.-Қарағанды: «TENGRİ Ltd», 2013.-382 б.
2. Нұрпейісұлы К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция. // Егемен Қазақстан. 1997 ж. 5 желтоқсан. –3-5 бб.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – АЛАШТЫҢ АЛҒАШ ТҰЛҒАСЫ

Алимбаева Бибигуль Тулигеновна
СҚО Ғабит Мүсірепов атындағы аудан
«Новоселов орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
alimbaejewa@mail.ru

XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ұлт азаттық қозғалыс жетекшілерінің бірі мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттанудың негізін қалаушы, XX ғасыр басындағы қазақ жазуының реформаторы, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы болды.

Түркітанушы, публицист, ұстаз, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте Қостанай облысы Жангелді ауданы, Сарытүбек ауылында дүниеге келген. Тоғыз жасында орыс қазақ мектебін бітірген соң, мұғалімдер даярлау үшін Орынбордағы төрт жылдық мектепке оқуға түседі. 1895 жылы педагогикалық кеңестің шешімімен бастауыш сынып мұғалімі болды. 1895 жылы жас Ахметтің еңбек қызметі басталады. 1909 жылға дейін ол Ақтөбе,

Қостанай және Қарқаралы облыстарындағы қазақ мектептерінде сабақ берді, Қарқаралы мектебінде, одан кейін Омбыда, содан кейін Торғай облыстық халықтық училищесінде мұғалім болып жұмыс істеді. Ахмет Байтұрсыновтың саяси жолы 33 жасында басталды.

1908 жылы саяси көзқарасы үшін Қарқаралыда түрмеге түсіп, екі жылдан соң Орынборға жіберілді. Ол Семейде жүргенде түрмеге қамалды. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқының әлеуметтік жағдайы және оған қатысты патша отаршылық саясатын сипаттайтын мақалаларды жариялағаны үшін түрмеге қамалады. Ахмет Байтұрсыновтың Орынбордағы өмірі туралы айта отырып, оның қоғамдық саяси қызметіндегі ең жемісті болғанын атап өту керек.

Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатовтың бірлесіп құрған тұңғыш ұлттық "Қазақ" газетінің бірлескен авторы, олар жаңа құрылған ұлттық интеллигенцияны қолдады. 1917 жылы Ресейде патша өкіметі құлағаннан кейін көптеген қазақтар, оның ішінде Байтұрсынов та жеңіл дам алды, өйткені Ақпан төңкерісі өзен өзі басқаруға және құтылуға үміт берді. Осы сәтті пайдаланып, Ахмет және оның серіктері Алаш жаңа автономиясының бірге Алаш қазақ ұлттық демократиялық партиясын құрды. Осыдан кейін Алаш мемлекеттік мекеме ретінде таратылды. Автономияның негізін қалаушыларының барлығына рақымшылық жасалды, бірақ 1930 жылдардың аясында оларға сталиндік құғын сүргін саясаты жүргізіледі. Ахмет Байтұрсынұлы Алаш партиясының бағдарламасын дайындауға арналған жұмыс тобының мүшесі болған және Алаш Орданың II Бүкілқазақтық съезінде оның бастама бойынша Білім комитеті құрылды. Байтұрсынов бірауыздан Алаш Орданың төрағасы болып сайланды. 1919 жылы наурызда Ахмет Байтұрсынов Мәскеуге Алашорда үкіметінің атынан кеңес үкіметімен келіссөздер жүргізу үшін барады. Ахмет Байтұрсынұлы Мәскеуге Алашорда үкіметінің атынан кеңес үкіметімен келіссөздер жүргізу үшін барады. Ахмет

Байтұрсынұлы Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ Әскери Революциялық Комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды. 1920 жылы Ленин үкіметіне Қазақстанды басқарудағы алғашқы қадамды қатты сынап, хат жолдады. Ахмет Байтұрсынұлы 1920 жылы тамызда құрылған Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы үкіметінің мүшесі және халық ағарту комиссары қызметін атқарған. 1922 жылы Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы Халық ағарту комиссариатының академиялық орталығында 1922-1925 ж.

Халық ағарту комиссариатының ғылыми әдеби комиссиясында және Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы ғылыми қоғамының төрағасы болды. Ахмет Байтұрсынұлы Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен қазақ халқының бостандығы мен теңдігі үшін жүргізілген саяси күреске белсенді қатысты. "Алаш" ұлттық патриоттық саяси партиясын құруға тікелей қатысты. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халық ертегілерін жинауға және жариялауға үлкен үлес қосты. Сонымен бірге Пушкин, Лермонтов, Вольтер шығармаларын қазақ тіліне аударған. Қазақ әліпбиі және қазақ тілі оқулықтарын жазған. 1911-1912 жылдары Уфа мен Орынбордың баспаханаларында жарияланған. Ахмет Байтұрсыновтың алфавиті 7 рет басылып шықты және 1920-1930 жж. ортасына дейін қазақ мектептерінде оқу тәрбие процесінде кеңінен қолданылды. 1929 жылы 2 маусымда Ахмет Байтұрсынұлы Алаш қозғалысының 43 белсенділерімен бірге Алматыда тұтқындалып, Мәскеудегі Бутырская түрмесіне қамалды. А. Байтұрсынұлының мерзімінен бұрын босатылып, отбасымен Алматыға оралады. 1925 жылы 29 мамырдағы "Ақ жол" журналының редакциясына жазған хаты Ахмет Байтұрсынұлы мен оның ізбасарларын "қазақ ұлтшылары" ретінде жаңа саяси қудалауға негіз болды. 1937 жылы желтоқсанда сталиндік қуғын сүргіннің жаңа толқыны түстіп, бір жылға жуық түрмеде отырды.

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ-ҰЛТ ҰСТАЗЫ»

ГҮЛБАНУ АСҚАРОВА

"...Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті".
Сәкен Сейфуллин

Атам қазақ сонау тумысынан таза табиғатты жан-тәнімен сүйіп өскен дана халықтардың қатарларынан ойып тұрып орын алған-ды. Және де осындай дархан кең далада дүниеге келген қаншама асыл азаматтарымыз да баршылық. Оған айтарға сөз жоқ әрине. Ақ парак пен қара сия жетпес оны кейінгілерге жазып қалдыруға. Күн мен түн жетпес оны ұрпақтарға ауызша жырлап айтуға. Сонда да өзімше тоқталып өтсем, қалай болар екен. Қазақ елінің миллионнан бір кірпіші есебінде мен де өзімнің іштен жарып шыққан тілек-ойымды жеткізу парыз емес пе. Иә, көп ойлана келе былай тоқталғанды

жөн көргем.Тұран елінің бір туар азаматтары...Өмірі ұрпаққа үлгі болар жарқын ағалар бейнесі десем ... Ол кезде бірден ойымызға сап етіп ақбөкендер ойнаған кең даласында самал желмен көкорай сай-саланы қуалаған алып дербес мемлекет - Тұран елі түседі.Сонау ақ шашақты тер сіңген қара сүңгі найзаның жалт-жұлт еткен кезіккенді қиып түсер алмас ұшымен,буырқана сыбанған ақ біліктің сыртқа симас дүлей күшімен бас бермес сайгүліктің шашасына шаң қаптыра жүріп,ауыздықпен қарш-қарш еткізіп су ішіп,күні-түні ат үстінде ұйқы көрмей саптама етікті шешпей от кешіп осы бел-белесіндегі мыңғырай жайылған төстектегі төрт түлігі мен ою-өрнекті қосындағы тәй-тәй басқан сары бала,қара қазан қамымен көк шашақты байрағы желбіреген елімізді сыртқы жаулардан мәңгілікке азат қып қорғады ғой ата-бабаларымыз.Неге десеніз,біз – өскелең ұрпақ үнемі өткенімізді жаңғыртып, болашағымызды айқындап жүретін халықпыз. Яғни,біздің жер бетіне тәй-тәй қадам басуымызға осы-ата-бабаларымыздың сіңірген еңбектері мен төккен маңдай терлері орасан зор еді.Заманның қара бұлты төнгенде елім үшін деп еңіреген есіл ерлер барынша қарсы тұра білді. Сол кезде менің ойыма бірден сол есіл ерлердің бірі әрі бірегейі- Ахмет Байтұрсынов атамыз түсе кеткені кездейсоқтық емес еді.Яғни, Ахмет Байтұрсынов атамыздың өмірі мен атқарған еңбектері аясындағы жазба жұмысымды елім, жерім деп алысып өткен есіл ер жайындағы тарихи мәлімет-деректерді анық келтіре отырып сонау балалық кезінен бастап ел басқарған азамат кезіне дейінгі аралықты, яғни бала Ахметтен дара Аханға дейінгі өткен өмір жолын қысқаша ала отырып жазғаным әсте дұрыс болар еді.Иә,міне сол тарихи деректер топтамаларына бір мезгіл айқын тоқтала өтсек.

Сонымен: ... Түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылында қарапайым жанұяда дүниенің есігін ашқан еді.Атасы Шошақ немересі Ахмет өмірге келгенде бүкіл ауыл ақсақалдарынан ақ батасын алып, азан шақыртып атын қойған болатын. Ал содан соң әкесінің інісі – Ерғазы кішкентай Ахметті Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебіне оқуға берген-ді.Тоғыз жасында бала Ахмет орыс-қазақ мектебін жақсы іліммен бітіргеннен кейін Орынбордағы төрт жылдық мұғалімдер мектебіне оқуға түседі.Ол оқудан 1895 жылы педагогикалық кеңестің шешімімен "бастауыш училищенің оқытушысы" деген атақты алып шығады.Осыдан кейін 1895 жылдан бастап жас Ахметтің оқытушылық қызметі басталады.1909 жылға дейін ол Ақтөбе, Қостанай мен Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде сабақ беріп, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші мен оқытушы қызметін қоса атқарып жүреді.Содан кейін Омбыда екі жыл бойы Торғай облысы Халықтық училище директорының іс жүргізуші лауазымында жұмыс істегені бізге белгілі болатын.Ал Ахметтің саяси жолы 33 жасында басталғанын көпшілік біле бермейді.Сонымен 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылған Қарқаралы петициясы авторларының бірі Ахмет Байтұрсынұлы болатын.Осы саяси құзырхатқа 14500 адам қол қойған-ды. Бұл саяси құзырхатта жергілікті

басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару, баспахана ашуға рұқсат беру, қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату жөнінде талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап Ахмет Байтұрсынұлы жандармдық бақылауға алынады. Тіпті 1908 жылы саяси көзқарасы үшін Қарқаралы абақтысына қамалып, екі жылдан кейін Орынборға жер аударылып Семей түрмесіне де жабылғаны бізге белгілі. Жалпы алғанда, 1915 жылға дейін әлеуметтік ахуалды баяндаған цензура көтермейтін мақалалар жариялағаны үшін Ахмет Байтұрсыновқа бірнеше рет айыппұлдар да салынады. Абақтыға да үш рет қамалып шығады. Бірақ бұл кедергілердің бәрі Аханды тура жолдан тайдыра алмады. Аханның өмірінің Орынбордағы кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болып табылды. Ол осы қалада өзінің ең жақын сенімді достары – Әлихан Бөкейханов және Міржақып Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық "Қазақ" газетін баспа бетіне шығарып тұрды. Ең алдымен данышпан Абай туралы көлемді мақаласын жариялап та үлгереді. Ал 1917 жылы патшаның тақтан құлауын Ахмет Байтұрсынұлы зор қуанышпен қарсы алып, Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен қазаққа бостандық, теңдік әперу үшін саяси күрес майданына араласып кетеді. Сол жылы Орынбор қаласында өткен I Жалпықазақ съезінде алған рет Ахмет Байтұрсынұлы пен Міржақып Дулатов "Тәуелсіз автономия" құру идеясын көпшілікке ұсынады. Съездің қорытындысы бойынша "Алаш" ұлттық саяси партиясы құрылады. Ал Әлихан Бөкейханов қазақ халқының көсемі, партия басшысы болып сайланады. Алайда ұлттық автономия құрамыз деген бастама кенеттен тығырыққа тірелді. Яғни, Алаш қозғалысы білімсіз кедей-кемшіктің қалың тобырына арқа сүйеген жүгенсіз коммунистік қозғалысқа қарсы тұруға ол заманда қауқарсыз еді. Осыны түсінген және халқымен бірге болуды ойлаған Ахаң 1919 жылдың наурызында Кеңестер өкіметі жағына амалсыз өтуге бел байлайды. Сонымен қатар Ахаңдай ірі тарихи тұлғаның беделі уақытша болса да, большевиктерге де аса қажет болады. Шын мәнінде, тарих тақтасына үңілсек, Ахаңның және оның серіктерінің Кеңес өкіметі жағына кездейсоқ өтпегені белгілі еді. Бұл туралы Ахаңның өзі "Жизнь национальностей" журналында 1919 жылы 3 тамызда жазған болатын. Ол жазбада былай делінген болатын: "Егер де бұрын бір топ адамдар патша чиновниктері атынан қырғыздарды (қазақтарды) жауапсыздықпен қамап, әр түрлі зорлық-зомбылықтарға жол берген болса, дәл осындай қылықты шет аймақтарда большевик-коммунистер деген атты жамылған осындай және басқадай адамдар тобы байқатты. Патша өкіметі кезінде, бұрын мұндай жағдаймен ымыраға келмеген мен және менің пікірлестерім, енді тағы да осындай істер Советтік Ресейде түгелдей орын алуда деп ойлап ымыраға келмей, кеңес өкіметін мойындауға қарсы болдық. Бірақ монархиялық билік бағытындағы Колчактың пайда болуы осы және басқа билік туралы ойлауға мәжбүр етті. Сонда біз қырғыз (қазақ-Т.О) халқының ежелгі арманы оңшыл ма әлде солшыл ма әйтеуір, жүзеге асар болар дегенге көзіміз жеткендіктен

жергілікті большевиктердің іс-әрекеті біздерге ұнамды көріне қоймаса да, кеңес өкіметі жағына шыққанды жөн көрдік". Және де Ахметтің тағы бір зор еңбегі – терминдерді жасау болып табылады. Бұдан бөлек, ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атауларды ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы – ғалымның жазып кеткен мұраларының асыл сынықтары еді. Бірақ та қара бұлттың ызғары Аханды айналып өтпеді. 1929 жылы 2 маусымда Ахмет Байтұрсынұлы Алаш қозғалысының 43 қайраткерімен бірге Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. Келесі жылы КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ "үштігінің" шешіміне сәйкес, ату жазасына кесілді. Бірақ бұл шешім бірнеше рет өзгерді. 1931 жылы қаңтарда 10 жылға концлагерьге ауыстырылса, 1932 жылы қарашада 3 жылға Архангельскіге жер аударылсын деген үкім шығарылды. Ақырында қуғын-сүргіннің жаңа сұрапыл толқынына ілігіп, 1937 жылы 8 желтоқсанда жазықсыздан жазықсыз жабылған жаламен атылып кете барады. Сонымен заманында ұлт көсемі жайында : "...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті", - деп ақын Сәкен Сейфуллин жазып кеткен еді.

Ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынов осы кезеңдегі қазақтың тарих көшінің бағыт-бағдарын айқын белгілей біліп, ел мен жер, тіл мен діл тағдыры, дін мен дәстүр тұтастығын сақтау үшін жұрт жұмысының жауапкершілігін өз мойнына ала алған еді. Ендігі кезекте, біз, өскелең ұрпақ үнемі осындай аға-апаларымыздың жасаған игі істерін жеткізуші шын маман иелері есебінде шын жүректен айқын сезіне аламыз.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ - ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Даулетова Айжан Сермагамбетовна

«21 орта мектеп» КММ

қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі

XX ғасырдың басында қазақ халқы аса ірі қоғамдық-саяси өзгерістермен қатар ауқымды рухани жаңғыруларды да бастан кешті. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіңіріп, алға жетелеуге ұмтылған зиялы топ қалыптасты. Халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов. Қазақ халқының рухани көсемі болып, болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен.

Халықты ағарту баладан, мектептен бастау алады. Ең алғаш қазақ тілінде Әліппе кітабын жинақтаған әрине біздің кемеңгер жазушы Ахмет еді. Қазақ балалары көзі ашық, сауатты азамат болып шығуға септігін тигізген. Қазақ әдебиетінің атасы Ахмет Байтұрсынов кітап жазумен қатар орыстың белгілі жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аударып, көпшілікке ұсынған. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздермен жеткізе білген. Ахмет қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымның ағартушысы. Ахмет Байтұрсынұлының мол шығармашылық мұрасының тарихи маңызы жоғары. Ахметтің ілімдері – әлі зерттелетін үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсыновтың ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі – қазіргі жаңа заманға өте керек.

Баяндаманың негізгі мақсаты – Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы мен мол шығармашылық мұрасын талдап, тарихи маңызын анықтау.

Ақын 1872 жылы 5 қыркүйекте Қостанай округі, Торғай уезі, Тосын болысының 5-ауылына қарасты Сартүбек елді мекенінде дәулетті отбасында дүниеге келген. Ахметтің ұлы бабасы-Үмбетей ру басына айналған үлкен ата. Байсейіт атадан жалғыз, оның әкесі Қалқаман Көшейұлы (5 ағайынды). Қалқаманның сүйегі —Арғын. А.Байтұрсыновтың замандасы әрі қаламдасы М.Әуезов 1923 жылы Ахметке арнаған мақаласында, оның тегі жөнінде. «... Сүйегі-Арғын, оның ішінде Үмбетей болады. Бергі аталары Үмбетейден шыққан Шошақ, Түбек. Ақаң Шошақтың немересі. Өз әкесінің аты —Байтұрсын» деген мәлімет береді.

Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «[[Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп жазды. Байтұрсыновтың «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп,

1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қам қылды. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген. Б. қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл граммат. терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ. Байтұрсыновтың ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды. 1923 жылы Байтұрсыновтың 50 жасқа толғаны Орынбор, Ташкент 1922 жылы қалаларында салтанатты түрде аталды. С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, М.Дулатов, Е.Омаров сияқты замандастары баспасөзде мақалалар жариялап, Байтұрсыновтың қазақ халқына сіңірген еңбегін өте жоғары бағалады. Өмірі мен қызметіне, шығармашылығына ғылыми пікір-тұжырымдар айтылды. Әуезов Ахмет туралы «Ақаңның елу жылдық тойы» деген мақаласында «...Кешегі күндерге дейін бәріміз жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы хукіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға салған пікірі ... әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді» деп жазды.» (Мәскеу) Байтұрсынұлы тұлғасына «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогы. Ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген ғылыми әділ баға берілді. Бүкіл саналы өмірін қазақ халқының бақытты, берекелі, бірлікшіл ел болуын

аңсаған, сол жолда аянбай еңбек еткен ақын, аудармашы, тілші, ғалым, көрнекті қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов қазақ елін отырықшылыққа, мектеп ашып білім алуға шақырған ағартушы. Ол бірнеше оқулықтардың авторы: (“Әліпби”, “Тіл құралы”, “Баяншы”, “Әдебиет танытқыш” т.б.) Ол И.А.Крыловтың бірнеше мысал өлеңдерін аударып, 1909 ж. Петербургте “Қырық мысал” деген атпен бастырып шығарды.

А.Байтұрсынов М.Дулатовпен бірігіп 1913-1917 ж.ж. Орынборда “Қазақ” газетін шығарды. Онда мектеп, оқу-ағарту ісі, отырықшылық, сауда, ел билеу ісі, Мемлекеттік Думаға қатынас мәселелерін сөз етті. Алдыңғы қатарлы елдерді үлгі етті. Надандықтан құтылудың жолы оқу-ағарту ісі деп қарады. Мектептерге білімді мұғалім кадрларын даярлауды көтерді. Қазақ алфавитін жаңартып араб әрпіне жаңа әліппе жасады.

Оқыту әдістерін жетілдіруді, оқытудың әдіс-тәсілдерін жаңартуды көреді. “Оқыту жайында” атты мақаласында “Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі. Бірі ақшаға, бірі құралға, бірі мұғалімге. Осы үш тіреуі бірдей тең болса, оқу қисаймайды, ауытқымайды, түзу жүреді... дейді.

Оқу ісін жолға қою үшін ғылыми жүйелілік жасалған оқу бағдарламасы болуы керек. Сол бағдарламаға негіздей жазылған оқулық болуы тиіс. Оқулықтағы білімді оқушы бойына дарыта білетін әдіскер мұғалім керек дегендерді көтереді. Сондай-ақ А.Байтұрсынов білім негізі бастауыш сыныпта салынады деп қарады. Бастауыш мектептерде қандай пәндер оқытылуы керек дегенге арнайы тоқталып, ол пәндерді: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, қолөнері, жағрафия, жаратылыс деп саралап көрсетіп берді. Байтұрсынлы осы пәндердің оқулықтарын шығаруды қолға алды. Өзі бастауыш мектепке арнап “әліппе” кітабын жазды. Сондай-ақ оның “Тіл жұмсар” деген атпен екі бөлімді грамматикасы кітабы (1925) шықты. Ал М.Дулатов бастауыш мектепке арнап “есеп” кітабы мен қирағат (ана тілі оқу) кітабын жазды.

А.Байтұрсынов пәндерді оқытудың әдістемесімен де айналысты. 1928 ж. “Жаңа мектеп” журналының 8-санында жарияланға “Қай әдіс жақсы?” деген көлемді мақаласында ұлы педагог Л.Н.Толстойдың “Үйрету әдістері туралы” деген еңбегіне талдау жасай отырып, “әдіс деген қатып-семіп қалған догма емес... Жақсы дерлікте, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олқылықтың белгісі – бір ғана әдіспен болу. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу” деп ойын тұжырымдайды.

Ол сауаттылықты негізгі жазуға жаттықтыру деп қарады. Жазу дегеніміз – әріптердің суретін салу, ал оқу дегеніміз – суреті салынған әріптердің дыбысын дұрыс айту. Балалар дыбысты ажыратып үйренген соң, сол дыбыстың таңбасы – қаріпті көрсету керек. Оны меңгергеннен кейін оқу, жазу жұмыстарының бәріне сол тіреу болады деп балаларды оқуға, жазуға үйретудің әдіс-тәсілдерін сөз етті. 1920 ж. Қазанда “Баяншы” деген атпен тілді оқытудың методикасына арналған әдістемелік құрал шығарды.

А.Байтұрсынов оқытудың білімділік-танымдық жағымен бірге тәлімгерлік қызметіне де баса көңіл бөлді. Әрбір оқылатын тақырыптардың білім бере отырып, тәрби де беруін қарастыруды талап етті.

А.Байтұрсынов өзінің барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол ауыл мектептерінде, семинарияларда бала оқытты, оқу тәрбие жұмысын жетілдіру саласында көп ізденді, «Әліпби», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш» атты кітаптарды қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб алфавитінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқытудың әдістемесі туралы көптеген мақалалар жазады. Байтұрсынов алғаш ағартушылық ой-пікірлері сонау 1913-17 жылдары Орынборда шыққан «Қазақ» газетінде жарияланған мақалаларынан айқын көрінеді. Ол туған халықының білім-ғылымға ұмтылуын әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек»-деп жазды. Байтұрсынов мұғалімдерді педучилищелер ашып арнаулы оқу орындары арқылы даярлаудың тиімділігін айта келе, ондай оқу орындары қазақ даласында жоқтығын ескеріп, орыс мектептерінен де қазақ медреселерін оқып бітірген жастардың талаптыларын мұғалімдік жұмысқа қоса пайдаланайық деген ұсыныс жасайды. Медреседе оқығандардың педагогика, әдістемеден хабарсыз, ал орыс мектептерінде оқығандардың мұсылманша хат білмейтіндігін қынжыла сөз етеді. Олардың білімін жетілдіру үшін жаз айларында 1-2 айлық қысқа мерзімді курс ашуды ұсынады. Сонымен қатар ол бастауыш мектептерінде қандай пәндер оқытытлу керек дегенге арнайы тоқталып, ол пәндерді оқу, жазу, ұлт, дін, ұлт тарихы, есеп, қолөнер, жағрафия, жаратылыс болу керек екендігін нақтылап көрсетті. Байтұрсынов осы пәндердің оқулықтарын шығарудың қолға алынғанын, алайда арнайы баспахана болмағандықтан кейбір оқулықтарды шығару ісіндегі қиыншылықтарды қынжыла баяндайды. Ол қазақ мектептеріне ең зәру ісі – оқулық жазумен айналысады. Ол үшін ең алдымен қазақ тілінің фонетикалық жүйесін зерттеумен айналысты. «Тіл құралын» жазбас бұрын ең алдымен жазу графикасын жөндеп алудан бастаудың қажеттігін сезінген Байтұрсынов 1912 жылдан бастап, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің беттеріне араб таңбаларын жетілдіру, лингвистикалық терминдерді тілге енгізу (дыбыс, әріп, жуан, жіңішке, т.б.) туралы ой-пікір қозғады. Оның араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртышылығы, әсіресе мұғалімдер жылы лебізбен қабылдады. Себебі, бұл реформа қазақ тілінің табиғатына, яғни сингармонизм заңдылығына сүйеніп, ғылыми түрде жасалған еді. Сондай-ақ Байтұрсынов ұсынған емле 1913 жылдан бастап мұсылман медреселерінде де, орыс-қазақ мектептерінде де қолданыла бастады. А.Байтұрсынов 1926 жылы «Әліпбидің» жаңа түрін осы күнгідей суреттерімен берілген Әлеппе кітабын жазды.

Қазақ әдебиеті тарихында Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен мәдениеті тарихында Ахмет Байтұрсыновтың орны сондай. Оның өмірбаяны, бар тірлік-тынысы, ой-арманы туған халқына деген қалтқысыз қызметтен тұрады. Оның өмірін сондықтан да жеке адамның, жеке бір маманның өмірі деп қарауға болмайды. Ол халықпен біртұтас, қалың елмен тамырлас, ел жүгін қайыспай көтерер нағыз халық перзенті.

Ахмет Байтұрсыновтың ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы – баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған.

«Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет қылатын деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенше қарап тұрмай кірісіп істей білсе – ұлт жұмысы ұлғайып, толықпақшы».

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ӨСКЕЛЕН ҰРПАҚҚА «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ - ҰЛТ ҰСТАЗЫ» РЕТІНДЕ ТАНЫТУ

Искожина Асия Акылжановна

Казбекова Алия Хазизовна

СҚО Петропавл қаласы

«№4 орта мектеп» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері

asiyaiskozhina@mail.ru

Ахмет Байтұрсынұлы - қазақ халқының ұлы тұлғаларының бірі, еліміздің бейбіт те берекелі өмір сүруі үшін аянбай еңбек еткен, сол жолда басын бәйгеге тігіп, «тар жол, тайғақ кешуден» өткен тұғырлы қайраткер.

Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық дамудың ұзақ жылдар бойы тежелген тегершігін айналдырып, тынымсыз қозғалысқа қосып берген ертегінің ерлеріндей алып тұлға. Туған халқының рухани жаңғыруын көздей біліп, сол жолда ерінбей еңбек етіп, Алаш партиясын құруға атсалысып, қазақ халқының көкірегін ояту үшін өмір бақи тозбайтын мол мұра қосқан қайраткер.

Орыс тілді мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша берілген бағдарламада Ахмет Байтұрсынов –ұлт ұстазы, Алаш орда көсемі және де шығармаларының тәрбиелік мәнін үйретуге сағат саны бөлінген. Атап өтсек, 8-сынып бағдарламасында «Тарихи тұлғалар тағылымы» бөлімінде «Алашорда» көсемдері тақырыбына оқушылардың назарын аудару, қызығушылығын ояту мақсатында мына тапсырманы ұсындық.

Тапсырма

Сурет бойынша сұрақтарға жауап бер:

- Суретте кімдер бейнеленген?
- Қандай символдық мәні бар?
- Оның бөлім атауына қандай қатысы бар?
- «Алаш» «алашорда» сөздерінің мағынасын қандай?
- Осы сөздер қай кезеңде пайда болды?
- «Алашорда» көсемдерін білесің бе? Олар кімдер?




Тірек сызбалар оқушылардың сөйлеу тілін арттыру мақсатында пайдаланатын тәсілдің бірі. Сонымен қатар тірек сызба жаңа тақырыпты жеңіл түсінуге, есте сақтап қалуға көмектеседі. Негізінде орташа оқитын білім алушыларға өте қолайлы деп есептейміз: себебі олар тірек сызбалар

арқылы сөйлем құрастырып, өз ойларын айтып жеткізуге үйренеді, сабаққа қызығады, еңбектенуге талпынады. Әдістемелік тақырыбымызды басшылыққа ала отырып, ауқымды да күрделі мәтіндіөзге тілді балаларға игерту үшін мына тірек сызбаның септігі тиді. Осы тірек-сызбаның көмегімен әртүрлі деңгейдегі балалар тақырып бойынша өзойларын жеткізе білді, сабақты толық түсінді.



«Ахмет Байтұрсынұлы – ұлы ұстаз» тақырыбына кіріспе ретінде берілген сурет бойынша сөйлемдер құру арқылы сөйлеу тілдерін жетілдірудің бір жолы екенін түсіндік.



Бағдарлама бойынша берілген мақсатты жүзеге асыру үшін оқушыларды тек оқулықпен ғана жұмыс істеп қоймай, қосымша ақпарат көздерінен негізгі мәліметті таба білуге үйрету –біздің басты бағытымыз. Оны біз тыңдалым тапсырмасы арқылы игерттік. Оқушылар сілтемені басып, бірнеше рет тыңдап ең негізгі мәліметтерді кестеге түсіре білді.

Тыңдалым : Мәтінді тыңда, кестедегі мәліметті жазбаша толтыр

1.Туған жері, туған жылы:	
2. Оқыған жерлері:	 мектебіучилище мұғалімдер
3. Шығармалар атауы	1. 2.
4.Қызметі:	 мұғалім «.....»газетін ұйымдастырды Осы газеттің болды

<https://youtu.be/iOh3X5zFcs4>

5 ұнай

8-ші сынып оқушыларына Ахмет Байтұрсынұлын Алашорда көсемдерінің бірі, ағартушы-ғалым екенін түсіндірсек, 7-сынып оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес Ахмет Байтұрсынов

шығармаларының тәрбиелік мәніне назар аудардық. «Егіннің бастары» тақырыбына сәйкес берілген суреттер мен ой тұрткі сұрақтар қою арқылы білім алушыларға тақырыпты болжай алуға, шығарма мазмұнын ашуға бағыт берді.



Кестеде берілген тапсырмалар оқушының шығарма мазмұнын түсіну деңгейін анықтауға бағытталған. Шығарма кейіпкерлерін сипаттау арқылы өмірмен байланысын көрсетті.

1-тапсырма: мәтінді оқы 53-бет, 3-тапсырма.

№	тапсырма	мәлімет	ұнап
1.	Мәтіннің атауын, түрін, авторын жаз		1
2.	Мәтіннің тақырыбы		1
3.	Мәтіннің негізгі идеясы		1
4.	Мәтіннің тірек сөздері		1
5.	Мәтінге жоспар құрастыр		3
6.	Мысалдан МОРАЛін жаз		1
7.	Мәтіннен әкеңіз сөздерін тауып мәнерлеп оқы		1
8.	Мәтіннен баланың сөздерін мәнерлеп оқы		1

2-тапсырма: мысал мазмұны бойынша келесі сөйлемдерді толықтыр. Дополни предложения по содержанию басни.

1. Әкесі мен баласы барды.
2. түрлі егін піседі.
3. Дөңге толған бидайлар етіп тұр.
4. Бір бидай қарап тұр.
5. Кекірейген бидай өзін балап тұр.
6. Кекірейген бидай көпке қарайды.
7. Кекірейген бидай өзіне өзгелерді
8. Құр сорайған қарасына
9. Басы толық бидайлар сыйынып тұр.
10. Балам, Тәкаппар мінезді

КЕРЕКТІ СӨЗДЕР: сұқтанба, теңгермейді, бейне тағзым, егін еккен жерге, көкке, шекірейіп, күзде, тұтынба, қожасына, көпке,

3-тапсырма: мәтін мазмұны бойынша кестені толықтыр. 2-тапсырмадан бидайларды сипаттайтын сөйлемдерді және әкесінің кеңесін тауып жаз. Найди во втором задании предложения характеризующие каждую пшеницу и совет отца и запиши в таблицу

Басы иіліп тұрған бидай	Кекірейіп тұрған бидай	Әкесінің кеңесі

Осындай тірек сызбаларды сабақтарда қолдану арқылы оқушылар Ахмет Байтұрсынов туралы мәлімет ала отыра, тақырып төңірегінде өз ойын жеткізуге сөздік қорларын молайтуға, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға (сөйлеу, айту, жазу, оқу) ойлау қабілетін дамытуға айтарлықтай көмегі тиді.

«Тоқсан сөздің тобықтай түйіні бар»- демекші, ойымызды қазақ тарихында терең із қалдырған Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиетті ешкім мақтаныш үшін жазбайды, ол мінезден туады, ұлтының қажетін өтейді...» деген нақыл сөзімен қорытындылаймыз.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Жетписова Райхан Жанибековна

СҚО Петропавл қаласы

«№9 орта мектеп» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

raihan.zhetpisova@mail.ru

Кез келген халықтың тарихы әр уақытта оның тағдырында жарқын із қалдырған тұлғалармен тығыз байланысты. Әр адам өз дәуірінің туындысы дейді. Дегенмен, кез келген тарихи тұлғаның маңыздылығы, ең алдымен, оның даналығымен, алысты көре білуімен, өз халқы мен Отанының тағдырына араласу дәрежесімен өлшенеді.

1930 жылдардағы жаппай қуғын-сүргін. 1937-1938 жж. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатұлы, Ә.Ермеков, Х.Досмұхамедұлы және басқа да көптеген көрнекті қайраткерлер ұлтшылдық пен тыңшылықпен айыпталды. Демографиялық және интеллектуалдық әлеуеті жағынан республикаға орны толмас зиян келтірілді.

Көрнекті қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов та қатыгез репрессияның құрбаны болды. Ахмет Байтұрсынов – ақын, ғалым, түркітанушы, аудармашы, ұстаз, публицист, қоғам қайраткері. 1873 жылы 18 қаңтарда Торғай уезінің Тосын болысында шаруа отбасында дүниеге келген. 1885 жылы Байтұрсынов пен оның ағасы уезд бастығын сындырғаны үшін 15 жылға сотталып, Сібірге жер аударылды.

Ұстаздық жолын 1895 жылы ауылда, кейін болыс мектептерінде мұғалім болып бастады. 1909 жылы Қарқаралы қаласындағы екі кластық орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі бола жүріп, қалыптасқан жүйеге қарсы сапқа қосылып, сол үшін тұтқындалып, Орынбор қаласына жер аударылады. Бұл кезең оның қазақ тіл білімі мен ана тілін оқыту әдістемесі саласындағы ғылыми ізденістерін камтиды.

Ахмет Байтұрсынов – ағартушылық пен білімнің халыққа еркіндік пен қоғамдық өзгерістер жағдайында ғана нақты игілік әкелетінін түсінген алғашқы қазақ ағартушылардың бірі. Ол жергілікті билеушілердің озбырлығын, патша самодержавиесінің отарлау саясатын жиі әшкереледі.

А.Байтұрсынов – қазақтан шыққан тұңғыш шығарманың авторы. Ғалым «Байтұрсынұлының» құрметіне аталған жаңа қазақ әліпбиі кезінде жазу реформасы кезінде бүкіл түркі тілдес халықтарға жақсы үлгі болған. Сондай-ақ автор «Ана тілі бойынша анықтамалық», «Қазақ тілі курсының конспектісі», «Грамматиканы оқуға арналған нұсқаулық», «Сөйлеуді дамыту», түрлі хрестоматиялар жазды. Бұл әдістемелік еңбектер әлі күнге

дейін қазақ тіл білімі мен қазақ тілін оқыту әдістемесі саласындағы ғалымдар арасында беделге ие. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиеті мен жазуының дамуына зор үлес қосты. А.Байтұрсынов шығармашылық қызметін фабулист ретінде бастады. Әсіресе, оның «Қырық мысал» және «Маса» жинақтарына енген аңыз-әңгімелері кеңінен танымал. Байтұрсынов қазақтың ауызша өнерінің үлгілерін жинап, басып шығаруда үлкен еңбек сіңірді. Ахмет Байтұрсынов қазақ балаларына ана тілін үйрету үшін бірқатар оқулықтар жазды. Өлеңдерінде қазақ халқының мұң-мұқтажын, арман-тілегін, жарқын болашаққа деген арманын өрнектеп, төрешілдіктің екіжүзділігін әшкереледі, білім нұрына, мәдениетке шақырды. «Қырық аңыз» (1909), «Маса» (1911), «Маса» (1911) шығармаларында бос жүріс, жалқаулық, босқа, надандық сияқты адам бойындағы келеңсіздіктер мен кемшіліктер мазақ етіледі.

1913 жылы А.Байтұрсынов «Қазақ» газетінің тұңғыш редакторы болды. Газет бағдарламасында қазақ тілін, мәдениетін, мектептегі оқу-ағарту саласын дамыту мәселелерін көрсету басты орын алды.

1917 жылғы төңкерістен кейін «Алаш» партиясының мүшесі бола отырып, А.Байтұрсынов Қырғыз (Қазақ) өлкесінің Әскери-революциялық комитетінің мүшесі болып сайланды, Өлкенің Ағарту халық комиссары (1920–1921), төрағасы болды. академиялық орталықтың (1921–1922), Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғылыми-әдістемелік кеңесінің мүшесі болды.

1920 жылы РКП(б) қатарына қабылданып, 1921-1928 жылдары Қазақ халық ағарту институтында жұмыс істеп, қазақ тілі мен әдебиетінен, тарихы мен мәдениетінен лекциялар оқыды. 1928-1929 жылдары А.Байтұрсынов Қазақ мемлекеттік университетінің профессоры болды. Ол жасаған және оның атымен аталған графикалық жүйе қазақтардың сауатсыздықты тез жоюға, жазба мәдениетін жақсартуға мүмкіндік берді.

1929 жылы маусымда Қызылордаға шығармашылық сапарында А.Байтұрсынов тұтқынға алынады. Оған 1926 жылы Бакуде өткен түркологтардың съезінде Қазақстанды Ресейден бөлу жоспарын жүзеге асыруға көмектесемін деп, шетел ғалымдарымен кездесіп, Мұстафа Шоқаймен байланыс орнатуға әрекеттенді деген айып тағылды.

1931 жылы Архангельск облысына жер аударылды, ол жерден үш жылдан кейін ғана Алматыға оралды. Ал 1937 жылы қуғын-сүргіннің жаңа толқыны басталғанда тағы да тұтқындалды. 1938 жылы 8 желтоқсан Ахмет Байтұрсынов «халық жауы» ретінде атылды.

1919 жылы ол ғылыми интеллигенция өкілдерінің үлкен тобымен бірге Кеңес өкіметі жағына өтуге мәжбүр болды. Сол жылы маусымда А.Байтұрсынов Қазақ өлкесінің әскери революциялық комитетінің мүшесі болып сайланды. 1922-1925 жж. Байтұрсынов Миллет Халық Комиссариаты жанындағы ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы болды, Қазақстан Халық Комиссарының төрағасы болып сайланды, Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің, ҚазЦИК-тің мүшесі, Қазақстан Республикасы Орталық Комитетінің баспасөз органында жұмыс істеді. Түркістан Компартиясы Орталық Комитеті, «Ақ жол» газеті. 1925-1929 жж. Байтұрсынов Қазақ халық

ағарту институтында, Қазақ педагогикалық университетінде сабақ берді. 1929 жылы ОГПУ тергеушісі ретінде жауап бере отырып, ол саясаттан гөрі ғылыми жұмыспен айналысқанды ұнататынын жазған. Бірақ тағдырдың жазуымен өмірінің соңына дейін саяси қызметпен айналысуға мәжбүр болды. Басқаша болуы мүмкін емес еді. Ұлттық сананың өрлеу дәуірінің зиялы қауымы саясаттан тыс қала алмайды. «Менің мұратым – қазақ халқының мәдени жағдайын көтеру, – деп атап өтті ол, – оның дамуының кепілі және ол қандай күш бере алады, соған қанағаттанамын».

1937 жылы А.Байтұрсынов тұтқындалып, атылғанда оның әйелі Бәдрисафа да тұтқындалып, Свердлов облысына жер аударылды. Мұнда ол қатты ауырып қалды. Қостанайға оралған соң шарасыз Бәдрисафа мүгедектерге арналған ауруханаға жатқызылды. Ол сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болды, оның өмірі Қостанай облысы аумағында қайғылы түрде қысқарды.

Халық жадында Ахмет пен Бәдрисафаның қиыншылық пен азапқа толы қиын өмірін бастан өткерген осынау мөлдір сұлу махаббат туралы аңыз-әңгімелер әлі күнге дейін ауыздан-ауызға жетіп келеді. Ахмет Байтұрсыновтың сан қырлы таланты поэзияда, публицистикада, ғылымда, мәдениеттің басқа салаларында қалам қуатын сынауға мүмкіндік берді. Ол ғалым, аудармашы, этнограф, көптеген оқулықтарды құрастырушы ғана емес, жас балаларға арналған көптеген өлеңдердің авторы. Ахмет аға үлкен ұстаз – балалар мен үлкендерге бас әріпті ұстаз болған. Ол халық жадында қазақ ғылымы мен мәдениетінің көрнекті тұлғасы болды және солай болып қала береді.

«Халық үшін басты байлық денсаулық болса, жанның басты байлығы – білім мен өнер. Солардың көмегімен ғана халықтар өркениет көшінен өз орындарын табады. Жастарға білім беру, қолөнерге баулу, кәсіпке баулу – басты міндет. Қазақ даласында осы міндеттерді жүзеге асыру үшін ауылдардың барлық жерінде қазақ мектептерін ашу, қазақ тілінде оқыту қажет. Біздің басты мақсатымыз да, міндетіміз де осы», – дейді Ахмет Байтұрсынов.

1988 жылы Ахмет Байтұрсынұлы ақталды. Ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсынов тағы да арамызда. Оның кітаптарында, оның атындағы қорында, көше атауларында, ең бастысы, бүгінгі күннің проблемаларымен үндес идеяларында.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 30 желтоқсандағы Жарлығымен 1997 жыл республикамызда Ұлттық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланды. Саяси қуғын-сүргін жылдарында жапа шеккендерді мәңгі есте қалдыру мақсатында 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланды. Әрбір халықтың, мемлекеттің өмірінде ұмытылмайтын оқиғалар болды.

Осы оқиғаларға, оның тарихына ұқыпты қарау – бүгін де, ертең де жаңа оқиғаларды жасамайтындығымыздың ең жақсы кепілі. Ахмет Байтұрсынов бір кедейлердің жақтаушысы болған жоқ, және ол байлардың мүдделерін

қорғамады. Ол адам мен өз халқын шын жүректен сүйді және қазақ халқының білімі мен мәдениетін дамытуға бар күшімен ұмтылды. Осы мақаланың соңында Ахмет Байтұрсыновтың қаншалықты қызықты тұлға екенін атап өтуге болады. Оның өмірі мағыналы және көптеген құрметті істерге толы болды. Менің ойымша, мұндай адамдар, тіпті бір сәтке болса да, олардың есімдерін көше, мектеп, алаң атауларының тақталарында оқып, бәрімізді ортақ тарихымызға бей-жай қарамауға шақырады.

Пайдаланылған әдебиет:

- 1.Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. - Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009 ISBN 978-601-01-0268-2
2. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса - Алматы: “Аң арыс” баспасы, 2009

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Жусупова Назгуль Айдархановна

СҚО Жамбыл ауданы

«Сәбит негізгі орта мектебі» КММ

қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі

nazgul.zhusupova.2020@mail.ru

Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Көл жоқ, көғалы жоқ – қорға шықтым
Тұқымын адамдықтың шаштым ектім
Көңілін көгертуге күл халықтың
А.Байтұрсынов

А.Байтұрсынұлының осы өлең жолдары оның бүкіл өмірінің эпиграфы деп айтуға болады. Ол – ақын, жазушы, аудармашы, публицист, қоғам қайраткері, ағартушы, этнограф, фольклорист, түркітанушы, әдебиетші, тілші, ғалым... Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін, ең алдымен, әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халқымыз оңды емес. Осы күні орыс мектебі мен театр мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қылып, хат жазса, өзге тілде жазып, қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркенде-тетін уақытымыз жетті – деген екен Ахмет Байтұрсынұлы.

Ахмет Байтұрсынұлы, алдымен, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, әрі қарай қазақ тілінде оқуын жалғас-тыруға көп күш-қуатын

жұмсаған қайраткер екендігін білеміз. Осы мақсатты орындау үстінде, ол қазақ тілінде оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын баяндап, талдап-танытқан зерттеуші, сонымен қоса, осы зерттеу негізінде «Әліппе» мен тұңғыш ана тілі оқулықтарын жазған автор. Ағартушы оқу-ағарту ісін жолға қою үшін қазақ жазуына лайық графика түзу, жазу тәртібі – емлені жасау, қазақша сауат ашатын «Әліппе» жазу, ана тілін танытатын мектеп оқулықтарын жазу, бала оқытудың әдістерін көрсету сынды бірқатар игі істерді атқарған. Қазіргі таңда, елімізде білім беру мен ғылым саласында қарастырылып, қабылданып жатқан реформалар Ахмет Байтұрсынұлының бастаған жолын жалғастырып, ұрпақарлық сабақтастық орын алар болса нәтижелі болары сөзсіз.

Себебі, реформа, жаңаруға бағытталған өзгеріс төменнен жоғарыға қарай жүйелі жүргізілген жағдайда нәтижелі боларын білеміз. Осы бағытта ағартушы оқу-ағарту саласын реформалауда бастауыш мектептен бастап қолға алып, бірте-бірте ана тілімізде оқулықтардың көптеп жазылуын және ғылыми терминдер қарастырылатын қазақ тіліндегі сөздік құралдарын жазылуын іске асыруға бастамашы болған. Бұл бағыттағы атқарылған жұмыстар, бүгінде, еліміздің білім беру мен ғылымды дамыту шараларына бағытталған реформалардан көрініс тауып, жаңа Қазақстанды қалыптастыруда үлкен маңызға ие екендігін аңғарамыз.

Ахмет Байтұрсынұлының мысалдары өте көп болғаны соншалық, кітап ретінде жарық көрді. Ақын мысалды басқа елден аударарды немесе өзі өмірлік оқиғаларға негіздеп жазады. Ең бастысы өмірлік мәні бар дүниелерді жануарға негіздеп, мысал түрінде қалдырған.

Қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақ, орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсынады. Бұрынғы ескі - ертегі, химия үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы – жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крылов туындыларын аударып, “Қырық мысал” деген атпен 1909 жылы Петербургтен бастырып шығарды. Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан, қазақ тұрмысына ет-жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіндей етіп жіберді. Аудармада мін жоқ, мүдірмей, тұтықпай, есіліп-төгіліп тұр. Ендігі кезең оқырманына қатысты жаңа ой, соны пікір, толғаулы сөзді ақын өз жанынан қосады. Алуан-алуан ойға жетелейтін “Қайырымды түлкі”, “Ала қойлар”, “Үлес”, “Қартайған арыстан”, “Өгіз бен бақа”, “Қайыршы мен қыдыр”, “Ат пен есек” мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды мегзейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын алған. Ахмет Байтұрсынұлы аудармаларында сюжет сақталғанымен, еркіндік басым, қазақ тұрмысына жақын идеялар, заман тынысын танытатын жаңа ойлар айтылады. Бұрын емеурін, ишара, мегзеу, астар, мысалмен берілген ойлар “Маса” кітабында ашық, анық, дәлді, нақты айтылады. Мұнда Ахметтің өз басынан кешкен қиын-қыстау күндер, ауыр

жолдар, қуғын-сүргін, жетімдік-жоқтық, бірталай өлеңдерге арқау болады; ел тағдыры, халық қамы, бостандық арманы – басты сарын болып табылады.

Қорыта келе, мысал арқылы Ахмет Байтұрсынұлы халыққа ой салғандай болды. Аянбай еңбек еткен ұлт зиялымыздың бірегейі - Ахмет Байтұрсынұлының қызметін ерекше атау маңызды. Ахмет Байтұрсынұлы, алдымен, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, әрі қарай қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп күш-қуатын жұмсаған қайраткер екендігін білеміз.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Қазақ тілі журналы
2. А.Байтұрсынов «Жан сөзімді кім түсінер».

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АСЫЛ ПЕРЗЕНТІ

Курмангалиева Гульжан Сапаргалиевна

Қарағанды облысы Саран қаласы

«№17 Мектеп –гимназиясы» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

guli-1964@inbox.ru

Ұлтының ұлт болып жасамағы үшін халық өзінің көсем боларлық перзенттерін туғызады. Халқымыздың сондай ерекше жаратылған асыл перзенттерінің бірі, әрбір қазақ тағзым етуге тиіс ерекше тұлға – Ахмет Байтұрсынұлы. XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы туралы көптеген қазақ зиялылары өз пікірлерін жазып кеткен. "...Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті" деп жазған екен Сәкен Сейфуллин. Ахмет Байтұрсынұлы тарихтың алмағайып шақтарында халқының басынан кешкен ауыртпалығын жеңілдетуге, оны өрге сүйреуге саналы ғұмырын арнады. Елім деп еңіреген ерлердің бірі болды. Ахмет Байтұрсынұлы - халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, әмбебап ғалым, ақын, аудармашы, журналист, көсемсөз шебері... Бір сөзбен айтқанда, «сегіз қырлы, бір сырлы» адам. Ахмет Байтұрсынұлының сан қырлы, қасиеттерінің бірі оның қоғамдық - саяси және мемлекеттік қызметі болып табылады. Ахмет Байтұрсынұлының еңбек жолын ағартушылықтан бастауының үлкен мәні бар. Өткен ғасырдың соңы мен үстіміздегі ғасырдың бас кезінде қазақ интеллигенциясы қалыптаса бастағаны мәлім. Петербор, Омбы, Қазан, Уфа, Орынбор, Троицк т.б қалаларда оқып, мұсылманша немесе орысша білім алған қазақ жастары шыға бастады. Олар дәулетті де, шағын да, кедей де ортадан шыққандар болғанымен, едәуір білім алғандарының көбі әкімшілік,

сот орындарында қызмет етіп, бас пайдасын, өз мүддесін көздейтін болды. Ахмет Байтұрсынұлының өз тілімен айтқанда, «байға мал, оқығанға шен мақсат боп, жұрттың қамын ойлайтын адам аз боп» тұрғанда, оқу - білімнен кейін де, қараңғы қазақ қауымының сауатын ашып, білім беру жолын қалап алғандардың бірі, бірі ғана емес, бірегейі Ахмет Байтұрсынұлы еді. Алаштың азаттық алу, халық санасын сілкіндіру мүмкіндігі берілген тарихи сәтте Аханның азаматтық ұлы жолы 1905 жылдардан басталды. Осы жылы ол Ә.Бөкейхан, Ж.Ақпаев, М.Дулатов сияқты қазақ зиялыларымен бірге Қоянды жәрмеңкесінде «Қарқаралы құзырхатын» ұйымдастырушылардың бірі болды. Бұл халқымыздың тарихындағы жаңа бетбұрыс кезеңі еді. Яғни Алаш қозғалысының басталуы еді. Осы уақыттан бастап өзінің саяси серіктерімен бірге Ахмет Байтұрсынұлының қайраткерлік сапары басталып, кейін ол қаламгерлік, ғалымдық, ұстаздық сара жолға айналады. Ғалымның саяси-әлеуметтік, ағартушылық мазмұндағы өлеңдері де осы жылдары жазыла бастайды. А.Байтұрсынұлы өмірінің қайраткерлік, шығармашылық алтын кезеңі 1909-1918 жылдар аралығы болды. Осы уақыт аралығында «Қырық мысал», «Маса» жинақтары жарық көрді, «Қазақ» газеті шығып тұрды. Ал саясаткер ретінде Алашорданың Торғай облыстық комитетінің төрағасы, Алаш қозғалысы жетекшілерінің қатарында тәуелсіздік үшін күреске түсті. Ахаң салған кемел дәстүрдің бір тарауы – қазақ сөзінің қасиетін, табиғатын танытумен байланысты екендігі мәлім. Сол себепті баршамыз оны қазақ тіл білімінің атасы дейміз. Тіл білімін зерттеу саладағы үлкен ізденістерінің басы – 1912 жылы жарық көрген «Оқу құралы» болды. Бұл 1912-25 жылдар аралығында жеті рет басылған құрал, бұдан соң баспа бетінде жарық көрген «Тіл құралдары» – қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс еді. Бұл оқулықтар 14-15 жыл бойы қазақ балаларының бірнеше буынын тәрбиелеген, ана тілінің табиғатын танытқан қазақ тіліндегі басты кітаптар болды. Өткен ғасырдың II жартысынан бастап көтерілген оқу-ағарту мәселесі қазақ қоғамы үшін әлеуметтік мәндегі үлкен мәселе болса, оны іс жүзінде қолға алған тұңғыш ағартушы Ыбырай Алтынсарин екендігін білеміз. Осы салада одан кейінгі нақты іс істеген екінші адам Ахмет Байтұрсынұлы болды. Ол – халықты оқуға шақырған, білім-ғылымның қажеттігін түсіндірген жалаң үгітші емес, қазақ арасында ағартушылық жұмыстарын, жалпы мектеп ісін жолға қоюға көп күш салған, бала оқытып, ұстаздық еткен тәжірибелі жан. Сонымен қатар, ол – оқу-ағарту ісін жолға қою үшін қажет өзге де іс-әрекеттерді қолға алған қайраткер. Бұл іс-әрекеттер: қазақ Ұлттық тіл біліміндегі, жалпы қазақ мәдениетіндегі өлшеусіз еңбегі – араб әріптерін негізге ала отырып, қазақтың жаңа әліпбиін өмірге келтіруі болатын. Халқымыздың рухани өмірінің бүтіндеушісі, түгендеушісі болған Ахаң қазақ баласының білім, ғылымды игеруінің алғышарты – төл әліпби қажет екендігін терең түйсініп, қазақ сөзін дәл бере алатын осы әліпбиін жасап шығарды. Қайраткер ретінде де, ғалым-ұстаз ретінде де А.Байтұрсынұлы ұлтты тұтастырудағы, оның өмір сүруіндегі, рухани дүниесіндегі тілдің маңызы мен орнын ерекше бағалады. Ол өзінің ең жақын сенімді достары – Әлихан Бөкейханов және Міржақып Дулатовпен

бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық "Қазақ" газетін шығарып тұрды. Ахмет Байтұрсынұлы "Қазақ" газетінің бірінші санындағы халыққа арнауын былай деп аяқтады: "Аталы жұртымыздың, адуынды ұлтымыздың аруақты аты деп газетіміздің есімін "Қазақ" деп қойдық. Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына күшін қосып, көмектесе қызмет ету қазақ баласына міндет. Қызмет етем десендер, азаматтықтың зор жолының бірі осы". Қазақ зиялыларының көсемі болған Ахмет Байтұрсынов «Қазақ» газетіндегі мақалаларында үнемі тілді сақтау, дамыту мәселелерін көтеріп отырды. Ғалым-саясаткер, тіл жанашыры ретінде тіл ұлттың жан дүниесі, сонымен бірге халықтың саяси-әлеуметтік өміріндегі пәрменді құрал деп танып оған айрықша мән берді. Сондықтан да ол тілдің ұлтты сақтаушылық, тұтастырушылық қасиеті мен маңызын терең түсіне отырып: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың ұлт болып сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады» - деп жазды. Ахаңның тіл туралы терең тағылымдары бүгінгі заманымызбен үндесіп, ұрпақтың айта жүрер қанатты сөздеріне айналды. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ мәдениеті көгінде жалаң ағартушы болып қана емес, ғалым-ағартушы болып та көрінді. Ахаң туған халқының халін, рухани мұқтаждықтарын терең біле отырып, саралай келе, бүкіл саналы ғұмырын соларға арнады. "...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті", - деп жазды Сәкен Сейфуллин. Халқының ұлт болып қалыптасуына бар күш-жігерін салған азамат бүкіл саналы ғұмырын еліне арнады десек артық емес. Қазақтың рухани-мәдени дамуындағы ұлт тілінің айрықша маңызын терең сезіне келе, тіл табиғатын, тіл тазалығын сақтап қалуға тырысып, аянбай бар білімін сала қызмет жасады. Сондықтан қазақ зиялыларының көшбасшысы Ахмет Байтұрсыновтың ойынан шыққан сөз, қаламынан туған еңбек қазақ баласының бүгінгіне де, ертеңіне де рухани азық.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Н.Т.Машқанова «Ахмет Байтұрсынұлы- қазақ жазуының реформаторы» - 1994.
2. А.С.Қыдыршаев «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» - 1995.
3. Г.М.Тұрғараева «Ахмет Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі» - 2009.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Шегенова Таттыгуль Амангельдиновна

СҚО Айыртау ауданы
«Лобанов орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
segenova.69@mail.ru

«... Ой түбінде жатқан сөз,
Шер толқытса шығады», - дейді атам қазақ.

Алаш атасы атанған Ахмет Байтұрсыновқа 150 жыл толып отыр. Қазақ халқының келешегі үшін өз өмірін құрбан еткен «Ұлы тұлғаның» ұлықтамау мүмкін емес. Ол өте кемеңгер, білімді тұлғаның бірі - ұлт көсемі. Барлық жігер - қайратын, білімін ұлтын ұлықтауға жұмсады.

Біздің ата-бабаларымыз адам өмірін жұлдызбен салыстырады. «Менің жұлдызым жанып тұр», - дейді адамдар аспанға қарап. «Сол ұлы күндердің жарқын жұлдыздарының үзіндісі ретінде, ата – бабаларымыздың тілі – Сіз маған мұра қалдырдыңыз», - деп жазды қазақ ақыны мағжан Жұмабаев. Қазақ халқының осындай жарқын шамдарының бірі - қазақ ұлтының рухани көшбасшысы, қоғам қайраткері, публицист және әдебиетші, тілші, аудармашы, ағартушы-ғалым Ахмет Байтұрсынов.

А.Байтұрсынов оқу-ағарту ісін өзінің азаматтық міндеті мен өмірінің мақсаты деп санаған. Ол 1911 жылдың өзінде «Маса» атты өлеңі арқылы білім-ғылымнан кенже қалған, мал бағып қараңғылықта жатқан қазақ халқын сол қараңғылықтан маса болып ызыңдап оятып, алып шығуды күрес жолының мақсаты етіп қояды. «Маса» деген өлеңінің атының өзі символ: надандық, өнер-білімнен кенже қалушылық, шаруаға енжарлық – осылар, автордың бейнелеуінде, қазақты шағуға дайын тұрған жылан, ал өлең иесі «аяқтары ұзын, сары маса» болып ызыңдап, ұйықтап жатқан халқын оятып, жыланнан сақтандырмақшы болады. Оның қазақтар үшін өз әліпбиін жасау әрекетіне де, тілін зерттеп оқулықтар жазуына да, тыңнан жол салып, бай терминология дүниесін жасауына да, тіпті қоғамдық – әкімшілік істеріне араласуына да алып келген – өзі зерттеген ағартушылық мақсаты деуге болады.

Үлкен беделге ие болған әкесі мен ағаларының орыс патшасының қорлығына шыдай алмай уездік бастықты ұрып-соққаны, 15 жылға итжеккенге жіберілгені 13 жастағы Ахметке – «Жүрегім емделмейтін жара мен із қалдырды», - деген еді. Қарапайым халықтың тағдырына алаңдаған Ахмет күрес жолын таңдап, сол кездегі тәртіпке бағынбады, әкесінің үлгісі «Ұлы тұлғаның» жүрегіне өшпестей із қалдырды. Ахмет отаршылдық саясаты, сол кездегі патша үкіметінің басымдылық әрекетіне қарсы болса да, өз білімін орыс мектебінде жалғастырып, өзге ел мәдениетінен сол арқылы сусындаған болатын. Сол себепті қазақ ұлтшылдығының мақсатында еңсесі түскен ұлтты өзгелерге теңеу, «айдауға түскен жанын, талауға түскен малын» қайтару талабы жатты. Ең бастысы ұлтшылдықты халықты ұйыстыруға, өзінің абыройын білуге пайдаланды. Қазақ ұлтшылдығының пайда болуы жөнінде Ахмет: «Қазақ қоғам қайраткерлері қайдан туған, қашан шыққан деп сұрау қойылса, жауап қиын емес. 1. Қазақ қалам қайраткерлері орыстың

корлық көрген, таяқ жеген, орыс табанында езілген жұрттан туған; 2. Қазақ қалам қайраткерлері қазақ басына қиын-қыстау зар заман түсіп, үстін торлап, қайғы бұлты қаптаған шақта шыққан. Құл болған халықтан туып, құлдықтың корлық, зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілдету, ауырын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес; кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қалам қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, яғни халқына жаны ашитын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес. /5, 277/ деп ұғындырған.

М.Әуезовтың 1923 жылы Байтұрсыновтың Қазақ халқына баға жетпес еңбек сіңіргенін ескеріп, оны қазақ зиялыларының көсемі деп атағаны кездейсоқ емес. Ахмет Байтұрсыновтың бүкіл өмірі қазақтардың өзін-өзі билеуіне, мәдениеттің, ғылым мен білімнің дамуына, ғасыр бойы өзіндік халық шығармашылығының, ұлт рухының сақталуына жалынды қамқорлық ретінде танылды. Ұлттық мәселе көтеріп жүрген зиялылар қазақ халқының әлдебір басқа халыққа үстемдігі жөнінде емес, қазақ ұлтының осы елдің, жердің иесі ретіндегі құқының дұрыс шешілгенін қалайды. Сондықтан, бүгінгі ұлтшылдыққа саяси емес, рухани-моральдық мазмұн тән.

Ахмет Байтұрсынов «Ойлар» атты өлеңінде:

Тән көмілер, көмілмес еткем ісім,

Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.

Жұрт ұқпаса ұқпасын жабықпаймын,

Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін.,

деп өзі қайтыс болса да, ерең еңбегінің өлмейтінін жазған.

Көп жылдан кейін А.Байтұрсыновтың жақсы Есімі қалпына келтіріліп, оның баға жетпес туындылары халыққа қайтарылды. А.Байтұрсыновтың көпқырлы таланты оған поэзияда, публицистикада, ғылымда және мәдениеттің басқа да салаларында қаламның күшін сынап көруге мүмкіндік берді. Ол көптеген оқулықтардың ғылыми құрушысы, аудармашы, этнограф ғана емес, сонымен қатар балалар мен ересектерге арналған көптеген өлеңдердің авторы. Ол қазақ ғылымы мен мәдениетінің жарқын сәулесі, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға ретінде халықтың жадында мәңгі қалды.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер.

Алматы. Атамұра, 2003.

2. <https://kopilkaurokov.ru/>

3. <https://29187-akhmet-baytursynuly-qazaq-ultshyldyghynynh-rukhan-kosemi>

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ - ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Изтулина Еркегүл Ермағамбетқызы

СҚО Жамбыл ауданы

«Мирный жалпы орта білім беру мектебі» КММ

қазақ тілі әдебиеті мұғалімі

Кемеңгер қоғам қайраткері, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл толады. Ұлыларды уақыттың өзі туғызады. Заманның өрті мен дерті, дауылы мен жауыны, сеңі мен селі шыңдап шынықтырады. Тарих ұзақ толғатып сирек туатын ұлылар алдына ұлы мақсат қояды. Соның мықты бір мысалы ұлт бағына туған ұлы тұлға Ахмет Байтұрсынов өзінің өлеңдері мен әндеріне де Ақкөл мен Аққұмды арқау еткен. Патшаның бұйрығымен 1843 жылы негізі қаланған Торғай бекінісінің картасы бойынша қарағанда Аққұм, Ақкөл жері Торғай өзенінің арғы бетінен шығысқа қарай жайылып, бір шеті Бетпақдаламен шектесіп жатса, Ахаң туған Сартүбек, Аққұм, Ақкөл аймағының бергі шеті Торғай өзенімен, Тосын құмымен жағаласып жатыр. Бұл жерлерді негізінен үмбетей руы мекен еткен. Ахаңның үлкен атасы Шошақ, одан туған Ақтас, Байтұрсын, Данияр (Сабалақ), Ерғазы, Ермағанбет аса бір дәулетті адамдар болмағанымен, ел арасында беделді кісілер болған. 1885 жылы Қарғалы байланыс бекетінде өтіп жатқан болыс сайлауына уезд бастығы Яковлев арнайы келіп қатысады. Болыстыққа Дәуітбай ұрпағы өтеді. Содан тас салушы сайлаушылар алдында дау туындайды. Сол даудың ортасында жүрген Шошақұлы Байтұрсын уезд бастығынан сайлаудың қайтадан әділдікпен өткізілуін талап етеді. Яковлев Байтұрсынды тыңдағысы келмей, дөрекі сөздер айтып, жүріп кеткісі келіп атын тебініп қалады, сол кезде намыс қысқан Байтұрсын қолындағы шыбыртқыны сілтеп қалады. Оның бір ұшы Яковлевтің мойнын орап, Байтұрсын шыбыртқыны қайта тартып қалғанда, уезд бастығы атынан ұшып түседі. Бұл орыс патшасының өкілі үшін, оның қасына ерген атты казактар үшін бұрын- соңды көрмеген масқара оқиға болды. Сол кезде болыс сайлауына келген қазақтар үшін де таңғалдырған оқиға болғанымен, Шошақ ұрпақтары үшін бұл істің арты қайғылы оқиғаларға жалғасты. 1886 жылы сот шешімімен Ақтас, Байтұрсын, Данияр (Сабалақ) 15 жылға Сібірге жер аударылатын болды. Кейін Ахмет Байтұрсыновтың «Оқ тиіп он үшімде, ой түсіріп, Бітпеген жүрегімде бар бір жарам. Адамнан туып, адамның ісін етпей, Ұялмай не бетіммен көрге барам?!» деп жазғаны бар еді. Балалық шағынан сұмдық әділетсіздіктің куәсі болып, жүрегі жараланған Ахаң өлеңіндегі осы сөзін ғұмырының соңына дейін қағида қылып ұстады, орыс отаршылдарына қарсы, еліміздің Тәуелсіздігі үшін күресті және халқының көзін ашып, сауаттандырып, мәдениеті дамыған елдер қатарына қосу үшін жан қиярлықпен қызмет етті. Ұлы ұстаз Ахаң өз еңбегінің алғашқы жемісін көзімен көрді де. Өзі ғылыми түзген «Қазақ әліпбиі», грамматикасы, «Әдебиет танытқышы» жарық көріп, кезінде оқу орындарында оқытылды.

Ахмет Байтұрсынов – отаршылдыққа қарсы күрестің бастаушысы, дем берушісі Қазақ жерінде оқыған азаматтардың арасында төңкерістік ойлардың ұрық шашуы ХІХ ғасырдың аяғы еді. Оның бастауында осы Ахмет Байтұрсынов тұрды десек, артық айтқандық болмайды. Сөзімізді дәлелдеу үшін Сәкен Сейфуллиннің «Еңбекші қазақ» газетінің 1923 жылғы 19 қаңтардағы нөмірінде жарияланған А.Байтұрсынов туралы мақаласындағы сөзін келтіруге болады: «...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде

корлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді». Сондай-ақ 1923 жылғы 4 ақпандағы «Ақ жол» газеті де: «...Ұлт қамы дегенді көксеген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда, бостандыққа жол көрсеткен Ақаң еді», – деп А.Байтұрсыновтың отаршылдыққа қарсы төңкерісшілдік рухтағы қызметін атап көрсеткен.

1900 жылдан бастап Ахаң сөз түсінетін қазақты сөзбен ширатуға кірісті. Осы мақсатта И.Крыловтың мысалдарын аударуды бастады. А.Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығын сонау Кеңестер Одағы кезінде зерттеген Рымғали Нұрғалиев өзінің «Алып бәйтерек» атты мақаласында бұл туралы: «Қалай да халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген... Кісілердің мінезі, өмір ағысы, тағдыр сабағы, заман қабағына қатысты көптеген жайттарды, әсіресе патша отаршыларының зорлық-зомбылығы, жуандардың тепкісі, елдің азып-тозуына байланысты сарындарды Ахмет Байтұрсынов жұмбақтап, түспалдап, кейде ашық жеткізеді», – дейді. «Қырық мысал» баспадан шыққаннан кейін ел арасында көптеп тарады, Ахаң ойлағандай кітап өзінің насихаттық рөлін атқарып шықты. Патша қазақ жерінде Сібір жерлері тәрізді Ресейге біржола қосып алу және халқын шоқындыру саясатын біртіндеп жүзеге асыра бастаған еді. А.Байтұрсынов патша отаршылдарының бұл саясаты қазақ халқының келешегі үшін өте қауіпті екенін жүрегімен сезді, білді. Ахаң ол кезде Қарқаралыда қызмет етіп жүрген. Жан ұшырып, жергілікті басқару әкімшілігінің қазақтарға жасап отырған қиянаттарының заңсыздығын айтып, петиция жазуға ұйғарды. Ол петицияға Қарқаралыдағы көптеген қазақ оқығандары қол қойған. Оған «Мыңдаған адам қол қойды» деген дерек те бар. Бұл 1905 жыл болатын (Ресейде «Қанды жексенбі» болған жыл).

Содан бір жыл бұрын, А.Байтұрсынов Ресей Думасына қазақтар тарапынан депутат болу туралы ел арасында сөз қозғап, (орыстың сол кездегі отар елдері арасында Думада тек қазақтан ғана депутат жоқ екен) Думаға қазақтан бір өкіл өткізулеріне көмек сұрап, башқұрлардың, татарлардың, өзбектердің белді өкілдеріне хат жазады. Сөйтіп, патшалық Ресей Думасына қазақтан депутат болуын армандаған, сол үшін көп ізденген, содан қазаққа бір жеңілдік болар деп үміттенген бірінші қазақ осы А.Байтұрсынов атамыз еді. С.Сейфуллиннің «...сонау патша заманында ұлты үшін дауыс көтерген кісі еді» дейтіні сол себептен еді.

Қазақ елін сауаттандыруда тарихи рөл атқарған Ахмет Байтұрсыновтың «Қазақ әліпбиінің» Орынбордан басылып шыққанына биыл 110 жыл толып отыр. Араб графикасына бейімделген, бар болғаны 28 қаріптен тұратын бұл әліпби әдістемелік оқулығымен бірге 1912 жылы елдің қолына тиіп, ауылда балалардың сауатын ашу үшін сол жылдан бастап қолданыла бастады. Аталмыш оқулықта оқыту әдісі көрсетілгендіктен бір жағынан, оқытушыларға да жеңіл болды, екінші жағынан, оқушы балалар бір жылда хат тану мүмкіндігіне ие болды. Бұрын араб қарпімен молдадан оқитын шәкірттер үш жылда хат тануды әрең игеретін. Ал кирилл қарпімен

оқығандар өзінің қазақ қалпынан алыстай бастайтыны байқалды. Соның бір мысалы ретінде айта кетейін, сол кезде Торғайдағы орыс-қазақ мектебінде оқыған Әліби Жангелдинді кезінде миссионерлер Ресейдің христиандық діни орталығына жіберген еді.

1913 жылы төте әліпбиді игергендер санының көбеюіне байланысты Ахмет Байтұрсынов Орынбор қаласынан осы әліпбимен «Қазақ» газетін шығара бастады. Ахаң «Қазақ әліпбиіне» қоса, оны оқытуға арналған бірнеше әдістемелік оқулық та әзірледі. Олар кеңес үкіметі тұсында ашылған мектептерде пайдаланылып, 1929 жылға дейін қолданыста болды. Елдің сұранысы мен кеңес тұсындағы қазақ мектептерінің қажетіне орай, «Қазақ әліпбиінің» оқулықтары сол тұста тоғыз рет баспадан басылып шықты. XX ғасырдың алғашқы кезеңінде «Қазақ әліпбиін» дүниеге әкелген Ахмет Байтұрсынов қазақ тарихында тағы бір ұлы қадам жасады. Ол сонымен бірге қазақ тілі грамматикасын (фонетикасын, морфологиясын, синтаксисін және терминологиясын) жүйелі түрде ғылыми түзеген. Бағамдап қарағанда, бұлар – бірнеше адам ғылыми зерттеп қана жүзеге асыра алатын филология ғылымының төрт саласы. Сөйтіп, ұлы Ахаң қазақтың дыбыс жүйесін, сөз жүйесін, сөйлем жүйесін, терминологиясын толық зерттеп, қазақ тілі грамматикасының негізін салды. Ахмет Байтұрсыновтың лингвистика саласындағы бұл ғылыми еңбектерін кезінде Орта Азия, бүкіл түркі әлемі мойындап, қолдады және Ахаңның лингвистика саласындағы зор жетістіктерін өздерінің грамматикасында пайдаланды. 1929 жылдан кейін кеңес үкіметі саясатымен Қазақстандағы мектептер әуелі латын, одан кейін кирилл қарпіне көшірілгенімен, Қытай мен Моңғолиядағы 2 миллионға жуық қазақ осы күнге дейін Ахаңның 28 қаріпті емлесі мен грамматикасын қолданады. XX ғасырдың 20-жылдары қазақ оқығандары, интеллигенциясы, жазушылары, ақындары болып қазақ мәдениетінің, әдебиетінің, өнерінің іргесін қалап, бекітіп жатқан кез еді ғой. Ал Ахаңның сол кезде жазылған «Әдебиет танытқышы» қазақ мәдениетін, әдебиетін, ғылымын тағы бір жаңа биікке көтеріп тастады. Кеңестер өкіметі кезінде Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығын зерттеп жүрген ғалым Рымғали Нұрғалиевке осы «Әдебиет танытқыштың» алғашқы нұсқаларының бірін берген КазГУ-дың профессоры Бейсенбай Кенжебаев екен. Кітапты 40 жыл сақтаған ол кісі «бұл кітаптың шарапаты тиетін күн келеді, ол күнді мен көрмеспін, сендер көрерсіңдер» деген екен. Мұндай адамды қазақта әулие дейтін. Бірақ «кітаптың соңғы тарауы болмаған екен» деген сөз бар. «Ахаң «Мәдениет тарихын» да жазды» деген дәлелді деректер бар. Бірақ Ахаңның бұл кітабы жоғалып, сақталмаған. Мұны әлі де зерттеу – ғалымдардың еншісі. Жалпы, әдебиет теориясын оқулық пәні ретінде жазып шығу үшін әлемнің философия, психология, әдебиет теориясы ғылымдарының тарихын терең білу қажеттігін кез келген адам пайымдайды. Ең кереметі, XX ғасырдың бірінші жартысында қазақтың көзі енді ашылып келе жатқан кезде жарық көрген Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышын» сол кезде «қазақ әдебиетінің қалыптасуының басында жүрміз» дейтін ақын-жазушыларды былай қойғанда, көрші Ресейдегі, Орта Азиядағы, түркі

тілдес елдердегі әдебиет, филология мамандары да мойындады. Олар әдебиет тарихтарында, энциклопедияларында А.Байтұрсыновтың еңбектерін атап өтті. Ахаңның «Әдебиет танытқышы» әрбір сауатты адам түсінетіндей түрде жазылған. Онда әңгіме, роман, өлең жанрларының көптеген түріне ғылыми-теориялық терең сипаттама берілген. Мұнда да Ахаң көптеген қазақы терминді қолданған және оны оқып отырып, Ахаңның сөз түрлендіргіш қасиетіне таңғаласың. Ахаңның тіл оқулықтары мен әдебиет танытқыштағы сол терминдері өмірде жатырқанбай қабылданды. Терминология да – ғылымның бір саласы. Қазақта осы ғылымның негізін салған – тағы Ахаң. Шағын мақалада оқулықты толық шолып өту мүмкін емес және қажет те емес. Бірақ Ахаң осы «Әдебиет танытқышта» әдебиеттің ауыз және жазба әдебиет болып бөлінгені туралы біршама тоқтам айтқан. Ол әдебиетте қалыптасып отырған бұл көзқарастың жазба әдебиетті ауыз әдебиетінен көтеріп көрсету үшін, ауыз әдебиетін төмендету үшін істелгенін айтады. Ахаңның ғылыми-теориялық көзқарасы бойынша, «ауыз әдебиеті де, жазба әдебиет те шығармаға жатады, олардың құндылығы айтылған ойына, мәніне байланысты анықталады». Ал біз ауыз әдебиеті, жазба әдебиет деп әлі күнге дейін бөліп, жазба әдебиетті дәсердей етеміз. Керісінше, қазіргі уақытта жастар арасында жазба әдебиеттен гөрі, XVIII-XX ғасырлардағы ауыз әдебиеті өкілдерінің шығармалары зор ықпал ете бастаған тәрізді. Осыған қарап та, Ахаңның «Әдебиет танытқышындағы» ауыз және жазба әдебиет туралы теориялық байламы өте дәл бағамдалғанына көзіңіз жетеді. Ахмет Байтұрсынов – патша өкіметі мен кеңестер үкіметі тұсында да қоғамдық және мемлекеттік қайраткер деңгейінде қызметтер атқарған тұлға. Сондай-ақ ол – шығармашылық адамы: ақын, жазушы журналист, композитор. Шығармашыл болған адамның өз еңбегінің қоғамда қандай деңгейде бағаланғанын білгісі келетіні рас. Бұл – заңдылық. Өз еңбегінің нәтижесін көрмей де, талай дарынды өмірден өтті. Ал Ахмет Байтұрсынов атамыз халық үшін істеген қызметтерінің, шығармашылығының бағасын өзінің 50 жылдық мерейтойы Тәшкенде, Орынборда аталып өткен кезде қазақ елінің басында жүрген мемлекет және әдебиет қайраткерлерінің аузынан естіп, баспасөз беттерінен оқыды. Той кезінде айтылған бағалы, құнды пікірлер осыған дейін орыс патшалығы тұсында екі рет сотталып, кеңес үкіметі тұсында өкімет басындағылардан психологиялық қысым көріп келе жатқан Ахаңның мерейін көтерді. Сонда С.Сейфуллин: «Оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында патша арам кулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі... Қалай болса да, жазушысы аз ғана, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына оқу-тіл құралдарымен қылған қызметі таудай», – деген-ді. Мұхтар Әуезов пен Смағұл Сәдуақасов та Ахаңның халқына сіңірген қызметтеріне жоғары деңгейде баға берді. Бұл 1922-23 жылдардың арасы еді. «Ол кезде ауылдағы есі кірген баладан бастап, еңкейген кәріге дейін Ахметтің есімін білуші еді» деп айтып отыратын үлкендер. Олай дейтіні, ол уақытта қыстық қант-шайын қамдау үшін шыққан базаршылар, ауқаттылар мен саудагерлер қалаға барғанда басқа

кажеттерімен бірге, Аханның «Қырық мысалын», «Масасын», «Әліпбиін» алып қайтады екен. Кешке отбасында ағайындар жиналғанда немесе ораза кезіндегі ауызашарда үй ақсақалы сауатты балалардың біріне Аханның мысалдарын, «Ерсайынын» оқытып, жиналғандар рухани рақаттанысып қалады екен. Үлкендері «осының бәрін қалай біле берген» деп, мәз болып, бастарын шайқасады. Мысалдардың мәнін түсінгендері «данышпан екен, ә» деп таңданысады. «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда – қазан» деп айтушы еді данышпан қазақ, сол «қазанымыз» осы біздің заманымыз шығар. Ахмет Байтұрсынов есімі халқымен қайта қауышты. Оның артында қалған орасан зор мұрасы – халқына таусылмас қазына. Ұлы тұлғаның әлі де ашылмай, көрінбей жатқан қырларын зерттеу – ғалымдардың міндеті. 20-жылдардың бас кезінде Аханның еңбектері туралы ең алғаш ғылыми пікір жазғандар – М.Дулатұлы, Шонанұлы, І.Омаров (Ученая деятельность Байтұрсынова. 1927ж.) және т.б. Ал Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығын Кеңестер Одағы тұсында зерттеген ғалымдар, Рымғали Нұрғалиев пен Рәбиға Сыздықова болды. Қазақстан Тәуелсіздік алған жылдардан бастап Ахмет Байтұрсыновтың өмірін, саяси қызметін, ақындық шығармашылығын және ғылыми еңбектерін ғалымдар жеке-жеке алып, салаларға бөліп, зерттеу жұмыстарын бастады. Осы көштің басында тұрған жоғарыда аталған ғалымдармен бірге, ғалымдар З.Қабдоловтың, С.Қирабаевтың, Ә.Қайдаровтың, Ө.Айтбайұлының, Т.Кәкішевтің ғылыми зерттеулері ахметтануды биік белеске көтерді. Аханның еңбектерін терең зерттеуші ғалымдар қатары көбейіп келеді. Оның ішінде ғалым Ө.Әбдимановтың «Ұлттың рухани көсемі», «Ұлт азаттығын ұлықтаған ақын», «Қырық мысал – төл туынды», «Азатшыл ойға көшбасшы басылым», «Қазақ тілінің ұстазы – Ахмет Байтұрсынов» тәрізді көптеген зерттеулерін атап өтуге болады. Өткен жылы Алматыдағы Ахмет Байтұрсынов мұражайының директоры Р.Имаханбетованың «Ғасыр саңлағы Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық өмірбаяны» атты кітабы баспадан жарық көрді. Бұл да ахметтануға қосылған зор үлес болды. Аханның артында қалдырған мұрасы бұлақтың көзі тәрізді. Көзін ашсаң, жарқырап жаңа қырынан көріне береді. Дегенмен осы күнге дейін жазылған ғылыми зерттеулер Ахмет Байтұрсыновтың отаршылдыққа қарсы, еліміздің Тәуелсіздігі үшін күрескен ұлт қайраткері, ақын, қазақ әліппесі мен грамматикасының, терминологиясының және әдебиет теориясының негізін қалаушы ұлы ғалым, аудармашы, фольклорист, журналист публицист, сондай-ақ композитор екендігін дәлелдеп шықты. Алаш арысы жайлы кітапқа анықтамалық беру былай тұрсын, оның атын атағандардың соңына шам алып түсетін тұста мұндай «мырзалық» жасау – таңғаларлық құбылыс. Тіміскіленіп, тырнақ астынан кір іздейтін кеңес билігі мұны қалай ғана байқамады екен? Аханның аяулы есімі әлі ақтала қоймаған 1981 жылы тамыздың 31-і күні танымал ғалым Сейітбек Нұрханов Байтұрсынның немересі Самырат Кәкішевке аталған кітапты сыйға тартыпты. Қолтаңбада: «Қадірлі Сәке (Самырат Кәкішұлы)! Халқымыздың ар-иманы атанған ардагер Ахаң туралы ресми рұқсат етілген аз ғана деректі өзіңізге марқұмның оң көзі деп құрметпен

ұсынушы – жерлес інііз Сейітбек. Алматы қаласы, 31 август, 1981 жыл» деп жазылған. Ол кез Ахаң жайлы жазбақ түгіл, айтуға рұқсат берілмеген, қазақ арасында аңдулы шақтың сарыны сақталған кезең болған. Сейітбек Нұрхановтың «Ахаң туралы ресми рұқсат етілген азғана дерек» деуі де сол сақтық амалы болса керек. Тілші ғалымның «халқымыздың ар-иманы атанған ардагер Ахаң» деп сөз саптауынан-ақ Ахметке деген ұлы құрметті аңғаруға болатындай. Осы бір елең еткізер дерек жөнінде өз аузынан естімекке Сейітбек ақсақалға хабарласқанда, ол: «Бұл кітап қолыма 1981 жылдардың алдында түскен еді. Дәл қай жылы екені есімде жоқ. Ахаң жайлы мұндай өмірбаянның Мәскеу кітабында жарияланғанына қатты қуандым. Сол уақыттың өзінде алашордашылардың ұрпақтарымен арагідік пікір алмасып тұратынбыз. Ахаңды ақталады деп ойлаған жоқпыз ғой. 1981 жылы Кавказда демалып, қайтар жолымда Самырат Кәкішұлымен бір ұшақпен келдік. Сол жолы ол кісіге Кононовтың Ахаң жайлы жазғанын айтып, артынша кітапты сыйға тарттым», – деді.

Енді сол ғылыми сипаттамалық өмірбаянға тоқталсақ. Алақандай мәтінде Ахмет туралы мол мағлұмат қамтылған. Жинақ құрастырушысы оның туған күнін «28.1.1873 жыл» деп көрсеткен. Ал ахметтанушылардың деректеріне сүйенсек, А.Байтұрсынұлы 1972 жылы қыркүйектің 5-і күні дүниеге келген. Сондай-ақ Кононов қайраткердің өлген жылына үлкен сұрау белгісін қойған. Бұл білмегендіктен емес, керісінше «дерек бердім, қалғанын іштерің білсін» деген ишараты болса керек.

Биылдан бастап бұл марапат санатына А.Байтұрсынов атындағы орден қосылып отыр. Қауымдастықтың мұндай игі бастамаларына еліміздің Білім және ғылым министрлігі жан-жақты қолдау көрсетіп келеді. Осы жылдың маусым айында Алматыдағы ғылым ордасында өткен министрліктердің кеңейтілген алқа мәжілісінде ҚР білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов Ахмет Байтұрсынов атындағы орденнің тұңғыш иегері атанды. Бұл марапатқа министр білім-ғылым саласын дамытуға айтарлықтай үлес қосып, оқу орындарын мемлекеттік тілді базалық оқулықтармен қамтамасыз етуді күн тәртібіне қойып, күрмеуі қиын мәселелердің ойдағыдай шешілуіне мүмкіндіктер жасағаны үшін лайық деп танылған болатын. Білікті ғалымдардан құралған арнайы комиссияның шешіміне сәйкес Жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті Рахман Алшановтың өзі табыс ететін марапаттар бұдан соң да өз иелерін тапты. Биылғы оқу жылының алғашқы күндері Құрманғазы консерваториясының ректоры, әйгілі музыка шебері Жәния Әубәкіроваға Ахмет Байтұрсынов атындағы алтын медаль табыс етілді. Сондай-ақ іскер басшы, өнер саңлағы басқаратын Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы А.Байтұрсынов орденімен марапатталды. Бұған қоса өнер зерттеушісі Таңатар Қоңырұлы өнер саласына жоғары дәрежелі мамандарды дайындаудағы көп жылдық нәтижелі еңбегі үшін А.Байтұрсынов атындағы күміс медальді омырауына тақты. Бұл марапаттарды қауымдастық президенті Рахман Алшанов ұлттық консерваторияның Үлкен залында оқу жылының басталуына орай ұйымдастырылған салтанатты кеште табыс етті.

Қорыта айтқанда Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының маңдайына біткен жарық жұлдыз. Ол бойындағы барлық білімін, өнерін халқына арнаған және халқы үшін құрбан болған алып тұлға! Қазақ халқының «сүт бетіндегі каймағы» – Ахаң мен Әлихан, Міржақып үшеулеп аумалы-төкпелі заманда қазаққа пайдалы ақыл-кеңес айтып, қоғамды дұрыс жолға бағыттауға тырысты. Олардың өз заманындағы еркіндік, елдік жолындағы күресі – бодандық бұғауын бұзуға ұмтылған, азаттықтың ақ таңын аңсаған асыл жүректердің соғысы!

Ұлы тұлғаның ұрпақ үшін жасаған ұлы ісі, мол мұрасы қазақтың жүрегінің түкпіріне мәңгілікке орнап қала береді. Ұлт ұстазының ақындығы, оқу – ағарту саласына қосқан ерен еңбегі, аудармашылығы, ғылыми- зерттеу еңбектері өз алдына теңдесі жоқ бір дүние, әлі күнге маңызы мен мәні жойылмаған мол қазына десек қателеспесіміз анық. Ахмет Байтұрсынұлы халқының рухани көсемі, дәуірдің жарық жұлдызы боп мәңгі жарқырай бермек!...

Пайдаланылған әдебиет:

1. Ахмет Байтұрсынұлы Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992.
2. Самойлович А. Литература турецких народов // Литературы Востока. Вып. I. - Петербург, 1919.; А.Б.Байтұрсынұлы. Краткая биографическая справка. Подпись: А.С. // Литературная энциклопедия. – Москва, 1930. - Том 1.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ - ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Можганова Нурикамал Тлектесовна

СҚО, Петропавл қаласы

«Мағжан Жұмабаев атындағы IT- мектеп-лицей» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог- зерттеуші

Эссе

Бүгінгі күні тәуелсіз елде бейбіт өмір сүрудеміз. Өз ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғалардың арқасында тәуелсіздікке қол жеткіздік. Тәуелсіздік бізге оңай келмеді. Тәуелсіздік жолында өз өмірлерін құрбан қылған ұлы тұлғалардың алдында басымызды иеміз. Осы ұлы тұлғалар кімдер? Олардың қатарында кімдер бар еді? Осы ұлы тұлғалар- өз ұлтын ұлықтап, өз халқының мерейін асқақтата біле білген дарынды да, дана тұлғалар еді. Солардың қатарынан қазақтың қайталанбас ұлдарының бірі- Ахмет Байтұрсынұлы та ерекше орын алады. Ахмет Байтұрсынұлы өзінің бар саналы ғұмырын елінің тәуелсіздігіне арнаған. Ахаң өз халқының сауатты болғанын қалады. Мәдениеті дамыған елдер қатарына қосу үшін жан қиярлықпен өз елі үшін қызмет етті. Ахмет Байтұрсынұлы қиындыққа мойымай, әділетсіздікке қарсы тұрып, өлімнен қорықпаған батыл да, қайсар ұлдарымыздың бірі еді. Жаны таза Ахаң нені армандаған, не үшін күресе білген?

Біріншіден, Ахмет Байтұрсынұлы өз халқының тәуелсіз, бейбіт елде өмір сүруін арман етті, сол үшін күресті.

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,
 Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас.
 Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,
 Істеген ынтымақсыз ісің оңбас,- деп өз халқын бірлікке, ынтымаққа шақырды. Ахаңды ел тағдыры, халық қамы, бостандық арманы қатты толғандырды. Ахаңның бұл арманы орындалды. Біз өз тәуелсіздігімізді алып, гүлденген елде өмір сүріп жатырмыз. Рухани құндылықтарды бойымызға сіңірте білген Ахаңның арқасында Мәңгілік Ел болу жолында біз де өз үлесімізді қосып, Ахаңның ісін жалғастырамыз. Ахмет Байтұрсынов та Мәңгілік Ел болу жолында өз үлесін қоса білген қайталанбас тұлға. Тәуелсіздігіміз баянды болғай!

Екіншіден, Ахмет ұстаз бар ғұмырын ілім- білімге арнаған. Өз ұлтының білімді, сауатты, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар болып қалыптасқанын тіледі. Халықты ояту, халықтың санасына, жүрегіне әсер ету жолдарын іздеген ақын көп тынбай еңбек етті. Ахаңның ол тілегі де орындалды. Бүгінгі күні Ахаңның ізбасарлары зәулім де, заманауи мектептерде білім нәрімен сусындап жатыр. Жас ұрпақ өз ойларын еркін айтып, бәсекеге қабілетті болып, Ахаң армандаған игі істердің ізбасарлары болары сөзсіз.

Үшіншіден, Ахаңды өз ана тілінің жағдайы көп толғандырды. Қазақ тілінің мәселелері туралы көп мақалалар жазды, зерттеулер жүргізді. Қазақ тілі өз мәртебесін алып, қоғамда өз орнын алуын арман етті. Ахаңның бұл арманы да орындалды. Ана тіліміз өз мәртебесін алып, мемлекеттік тілде жас ұрпақ білім алуда. Өз ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаның тіл туралы зор мұрасы- таусылмас қазына.

Ең бастысы, Ахмет Байтұрсынов өз халқының бақытты, еркін, тәуелсіз өмір сүруін қалады, сол үшін күресе білді.

Қорытындылай келе, біз-Тәуелсіз Қазақстан азаматтары Ахмет аңсаған асыл арманға жеткен бақытты ұрпақпыз! Ахмет Байтұрсынов аманатына, өсиетіне адал болайық! Еліміздің тәуелсіздігі үшін күрескен Ахмет Байтұрсынов есімі мәңгі жасайды!

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ - ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА»

Жумабаева Самал Екпиновна

СҚО Петропавл қаласы

«Дарын» мектеп-лицейі» КММ

қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі

samal.zhumabai@mail.ru

Қысқашерзімді жоспар

Бөлім:	Алаш идеясы мен қайраткерлері. Дидахмет Әшімхан «Бес арыс»	
Күні:		
Сыныбы: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:

Сабақтың тақырыбы:	Ахмет Байтұрсынов - ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	9.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру. 9.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шолу жазу;
Сабақтың мақсаты:	қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасайды, өз көзқарасын білдіреді. мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шолу жазады;

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту.	Ұйымдастыру кезеңі: 1.Оқушылармен амандасу, түгендеу. 2.Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Оқушылардың көңіл-күйлерін сұрау. Оқушылардың зейінін шоғырландыру	Оқушылар сәлемдеседі, сабаққа дайындалады. Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады.	Ауызша кері байланыс беру. Рақмет! Жақсы! Тамаша! 	Психологиялық ахуал. «Жылы лебіз» әдісі 
Жаңа сабаққа кіріспе	« Миға шабуыл » әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру, оқушыларды сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстыру. *Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар? **Олар туралы не білесіңдер?	Оқушылар ір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастырының пікірін толықтырады, өз ойымен бөліседі. Оқушылар сұрақтарға жауап береді	ҚБ: <u>«Жарайсың!»</u> деген <u>мадақтау сөзімен</u> ынталандыру.	Оқулық, жұмыс дәптерлері. Суреттер

	Мына суреттегі кім деп ойлайсыңдар? * Суретке қарап не айта аласыңдар? - Биыл Ахмет Байтұрсын-ұлының туғанына 150 жылдық мерейтойы.			
Сабақтың ортасы Мағынаны ашу.	Сөздік жұмысын жүргізу: жаңа сөздермен таныстыру, жаздырту, айтқызып жаттықтыру	<i>Жазылым, Айтылы м.</i> Оқушы сөздерді оқиды, жазады, сөз тіркестер, сөйлемдер құрып айтады. <i>Мұрагер-наследник</i> <i>Қуғын-сүргін-репрессия</i> <i>Насихат-совет, насавление</i> <i>Көтеріліс-восстание</i> <i>Зиялы-интеллигентный</i> <i>Азаттық-воля, свобода</i> <i>Жазалау-наказание</i>	ҚБ: ★ Тамаша жауап! ■ Жақсы жауап! ▲ Талпын!	Сөздік дәптерлері
	1- тапсырма. Жеке жұмыс. Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы Торғай уезінің – қазіргі Қостанай облысы, Тосын болысында дүниеге келген. Қазақтың ғалымы, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам	Оқылым. Жазылым Айтылым Мәтіннен терминдерді тауып, үлгі бойынша жазады. «Екіжақты күнделік» тәсілін қолданады.	<i>Дескриптор: 3 балл -3-4 термин сөздер жазады; -мағынасын түсіндіреді;</i>	9-сынып оқулығы, жұмыс дәптері, мәтін

	қайраткері.Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі. А.Байтұрсынов –отаршылдыққа қарсы еліміздің тәуелсіздігі үшін күрескен ұлт қайраткері, ақын, қазақ әліппесі мен грамматикасының, терминологиясының және әдебиет теориясының негізін қалаушысы, фольклорист.	«Екіжақты күнде		
		<i>Мәтіндегі термин сөздер</i>	<i>Мағына</i>	
	2- тапсырма. Жұптық жұмыс: оқылған мәтін бойынша сұхбат құру. 3-тапсырма. Жеке жұмыс Оқулықтағы берілген	Айтылым. «Блиц-сұхбат». Жағдаят. Парталас досымен сұхбат құрады. Оқылым.Жазылы м. Айтылым.	Дескрип тор 4 балл -4-5 сұрақ құрайды; - сұрақ тарға жауап береді;	9-сынып оқулығы, 85 бет 6-тапсырма; жұмыс дәптері, мәтін

	тапсырманы орындату. 4-тапсырма. Жеке жұмыс: мәтін мазмұнын әңгімелеу 5-тапсырма. Жеке жұмыс: қосымша материалмен жұмыс жасату	85 бет 6-тапсырманы оқып, аударды, жоспар құрып, тірек сөздерді жазады Айтылым : мәтіннің жоспары, тірек сөздері бойынша әңгімелейді Оқылым. Жазылым. Оқушылар сабақ тақырыбына материал қосымша іздеп, қысқаша шолу жазады.	-Өзара сұхбаттас ады; Дескриптор 5 балл -Мәтінді оқиды -жоспар құрады, -5-6 тірек сөз жазады: Дескриптор 3 балл -5-6 сөйлем көлемінде мазмұнын айтады; -тірек сөздерді, жоспарды қолданады Дескриптор 3 балл -12-15 сөйлемдік шолу жазады; -ойын қорытындылайды:	Ғаламтор жүйесі
Сабақтың соңы Ой толғаныс.	«Еркін микрофон» әдісі оқушының көзқарасын,	Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша	Оқушыларды 1-10 балдық	

Рефлексия	рефлексиясын тыңдау. Оқу тапсырмасын беру, түсіндіру	өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. Жазып келген шолуды, оқиды. Ахмет Б. туралы презентация дайындайды.	жүйесі бойынша бағалау Оқу тапсырма сын күнделікке жазады.	Күнделік
-----------	--	--	---	----------

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

Кожобекова Айгүл Серікқызы

СҚО Петропавл қ.

№ 9 орта мектебінің

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

(дөңгелек үстел)

Мұғалім: -Балалар, тақырыбымыз Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық өмір жолына арналады.

Ахмет Байтұрсынұлы. Осы бір есім елге таныс болғалы «Мен-қазақпын» деген азаматтың бір селт етпейтіні жоқ та шығар.

-Ахмет Байтұрсынұлы өмірі туралы не білеміз, қане ортаға салайық. Ол кісі қай жылы, қай өңірде дүниеге келген?

Ахмет Байтұрсынұлы...

1-оқушы:

Биылғы жыл халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым, көсемсөз шебері, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толған мерейлі жыл.

2-оқушы:

Ахмет Байтұрсынұлы- қыры мен сыры мейлінше мол адам. Біріншіден, ол қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы. Ол жазған мектеп оқулықтары 1914- 1915 жылдан 1927- 1928 жылға дейін пайдаланылып келді. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсынұлының “Әліпбиімен” ашып, ана тілін Байтұрсынұлының “Тіл құралы” арқылы оқып үйренді.

3-оқушы:

Ахмет Байтұрсынұлы-қазақ ән-күй өнеріне де терең ой жіберген ғалым. А.В.Затаевичтің айтуынша, ол шебер домбырашы, әнші болған. Халық әндерін, күйлерін жинаған және олардың шығу тарихын да білген.

4-оқушы:

Табиғатынан аса дарынды туған талапты бала Ахмет 1882- 1884 ж. әуелі көзі қарақты адамдардан өз үйінде хат танып, артынан жақын жердегі ауыл мектебінен сауат ашады да, 1886- 1891 ж. Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып, білім алады.

5-оқушы:

1895 жылы 1 маусымнан бастап мұғалім болады. Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы атырабында бала оқытады, өмір, тіршілік күресіне араласады, әділет үшін күреседі, байларға қарсылық білдіреді, патшаның отаршылық саясатын айыптайды.

6-оқушы:

1901 жылдан бастап қолы бос кездерде өзі ізденіп, сан алуан, кітаптар оқиды, әдебиетпен айналысады, оқу құралдарын жасайды, өлең – жыр тудырады. Ел ішінде жас, оқыған, еркін мінезді батыл ойшыл бедел- атағы өсе бастайды.

Оқушы оқиды

Ызындап ұшқан мынау біздің сары маса,
Сап- сары аяқтары ұзын маса,
Өзіне біткен түсі өзгерілмес,
Дегенмен қара яки қызыл маса.
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызыңдаса?

оқушы:

Қарқаралыда мұғалім болып жүргенде патша үкіметінің әділетсіздігіне қарсы наразылық білдірушілердің қатарында болғаны үшін, 1909 жылы Семей түрмесіне қамауға алынады. Кейін қазақ жерінен тысқары жерде тұруға үкім шығарып, 1910 жылдың наурызынан 1917 жылдың соңына дейін Орынбор қаласында тұрады. Семей түрмесінде жатқанда анасына арнап «Анама хат» атты өлең жазды.

Анама хат(оқушы оқиды) оқиды

Қарағым, айналайын, қамқор анам
Арнап хат жазайын деп алдым қалам.
Сені онда, мені мұнда аман сақтап,
Көруге жазғай еді хақ тағалам
Бара алмай, өтірікші болып әбден,
Семейдің түрмесінде отыр балаң.
Мал ұрлап, кісі өлтірген айыбы жоқ,
Өкімет- өр зорлыққа не бар шараң
«Үмітсіз шайтан болсын» деген сөз бар,
Жолдар көп жәннетке де тарам-тарам.
Оқ тиіп он ішімде ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.
Алданып тамағыма, оны ұмытсам,
Болғандай жегенімнің бәрі харам.
Адамнан туып, адам ісін етпей,

Ұялмай не бетіммен көрге барам
Көп айтпай, қысқасынан сездіретін
Балаңның мінезі бар сөзге сараң.
Кетер деп «суға құлап, отқа түсіп»
Қайғы жеп, менің үшін болма алаң,

Оқушы:

1937 жылы екінші рет ұсталып, сталиндік репрессияның пышағына ілініп, атылады. Қазақ халқы өзінің рухани көсемінен осылайша мәңгіге айрылды.

Асықпаңдар! Артымызда қазы бар,
Тергеп талай, көрлеріміз қазылар...-

деп өзі айтқандай 1988 жылдың 4 қарашасында Қазақ ССР-нің Жоғарғы Соты Ахмет Байтұрсыновты ешбір қылмысы жоқ деп тауып, оны толық ақтау туралы шешім қабылдады. Сөйтіп, ғалымның адал азаматтық есімі қалпына келтірілді

Мұғалім: -Ахмет Байтұрсынұлының -еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі-соңынан келе жатқан жастар. Оның арты Ахмет Мектебіне тізіліп, кіріп жатқан жас буын, жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ах өзінің басшысы деп санайды. Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны-«Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды.

-Әрине, Ахмет тағылымын бір сәтте оқып білуге болмайды. Оны жылдар бойы оқып үйренуіміз керек. Ахмет Байтұрсынұлының ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы-баршасы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтықсыз қызмет етуге арналған.

Қорытынды: “Сандықша” сұрақтары

Мұғалімі: сандықшаның ішінде Ахмет атаның мысалында кездесетін зат жатыр. Оның көмегімен өзіңнің бейнеңді көруге болады. Ол не?

Балалар: Айна

- Ал мына затты кейіпкер ем үшін киемін деп алады.

Балалар:Көзілдірік

- Мына затты пайдаланған мысал кейіпкері байлыққа құнығып кетеді.

Балалар: Әмиян

- А. Байтұрсыновтың өлеңдер жинағының “Маса” деп аталуының себебі неде?

(Өлеңдерін “Маса” етіп жұмсап, ел құлағына барып ызындап, ұйқыдан оятуға тырысты)

Я құдайым! Аққа жақ!

Өзіңе аян- мен нақақ.

Аққа деген жолымның

Абыройын ашпай, жап! - бұл шумақтар қай өлеңнен алынған? (“Тілек-батам”)

2. Жас Ахметтің жүрегіне жара түсіріп, “Анама хат” өлеңінің жарық көруіне себеп болған қандай оқиға? (Патша чиновниктерімен қақтығысқа келгені үшін әкесі мен ағасының сотталып жер аударылуы, жазалаушы отрядтың елге жасаған зорлық-зомбылығы)
 3. Әйгілі орыс ғалымы Григорий Николаевич Потанинге тарту ретінде Москвада жарық көрген кітабы? (“Ер Сайын” жыры)
 4. “Қазақ қалпы” өлеңінде Ахмет Байтұрсынов қазақ елін неге теңейді? (Теңізде жүзіп жүрген еспесіз қалтылдақ қайыққа теңейді)
 5. А. Байтұрсыновтың “Ақын ініме” өлеңі кімге арналған? (Міржақып Дулатовқа арналған)
- Жүргізуші:** Ахмет өмірі мен шығармашылығы келер ұрпаққа мәңгілік өнеге болып қала бермек. Ахмет рухына тағзым ете отырып, бүгінгі дөңгелек үстелімізді аяқтаймыз!

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ

РАЙСОВА НҰРГҮЛ

СҚО Петропавл қ.

№ 9 орта мектебінің

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Қазақстандағы инновациялық педагогикалық идеялардың дамуы бастауыш мектептің, педагогикалық баспасөздің жоғары білім беру жүйесінің, тербие мазмұнын, әдісері мен формаларын жетілдіру, рухани –эстетикалық тербие беру мәселелерін көтеріп қарастыру Ахмет Байтұрсынұлының есімімен байланысты. Бұл мәселелер өзекті деп есептеймін, өйткені Қазақстанның білім беру жүйесі бүгінгі таңда әлемдік білім беру кеңестігіне бағдарланған. Қайраткер, гуманист, ол өз Отанының нағыз азаматын тәрбиелеуге лайықты, тегін мектеп, ана тілінде оқытатын мектеп құруға шақырды. Халықтың білімді болуын армандаған А. Байтұрсынов «Қазақша оқу» мақаласында: «Білімге талпынған халық қанша бай болса да, біраз уақыттан кейін байлығы өркениетті адамдардың қолында өтеді» [1]. Сонымен бірге уақыттың бір орында тұрмайтынын елдің қоғамдық –саяси, әлеуметтік-мәдени, экономикалық өмірдің түрлі салаларында интеграциялық үдерістер жүріп жатқанын ол еуропалық халықтардың мәдени құндылықтарын қосылуға шақырады, солардан үлгі алып, білімге, ғылымға ақша салу, кітап шығаруды да сөз еткен.

Ғылым мен практикалық білімнің іргетасын бойына сіңірген халық ақылды, бай, күшті болады деп А. Байтұрсынов 20-ғасырдың басында жазған және қазіргі уақытта бұл сөздер өз өзектілігін жойған жоқ. Бұл тұжырымның терең мағынасын түсіну бүкіл әлемдегі орта және жоғары білім беру жүйесін мынадай сұрақтарға жетелейді: ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені зерттеу керек? Әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті болу үшін білім мазмұны қандай болуы керек? Сонымен, алдыңғы сұрақтарға жауап беру үшін мұғалімде қандай кәсіби және рухани-адамгершілік қасиеттер болуы керек? Еліміздің

бүкіл білім беру жүйесінде орта білім беру моделін, оның құрылымын, мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарауды, сондай-ақ білім беруді бағалаудың принципті жаңа жүйесін енгізуді қамтитын білім беру мазмұнын жаңарту бойынша жұмыстар қазіргі таңда жүргізілуде. А.Байтұрсынов ұстаздық кәсіптің мәні мен ерекшелігіне терең бойлай отырып, «Мектеп үшін ең маңыздысы – кәсіптік педагогика, әдістемелік техника, бала оқыта білетін мұғалім» деп жазды.

А.Байтұрсынов білікті ұстаздың рөліне орасан зор міндет жүктеп, мектептегі еңбектің табысты болуы мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты екенін, сондықтан білім беру ұйымдарында мұғалімнің кәсіби дайындығына ерекше көңіл бөлу керектігін атап көрсеткен. А.Байтұрсынұлының бүкіл педагогикалық қызметі мектептегі оқу-тәрбие процесін жетілдіруге және педагогикалық процесті сауатты ұйымдастыра алатын білікті ұстаз дайындауға бағытталды. Ол «Қазақ тілінде оқыту туралы» атты еңбегінде ең алдымен жеке әдістемесі болуы, балалардың психологиялық ерекшеліктері мен оқу процесінің теориялық негіздерін білуі тиіс мұғалімге қойылатын негізгі талаптарды айқындайды. Бұл идея мұғалімдердің әдістемелік және психологиялық-педагогикалық дайындығында жататыны бәрімізге мәлім. «Балаларды оқытумен айналысатын адамдар әдістеме мәселелерін жақсы білуі керек». Екіншіден, табиғатты жақсы танып, баланың көңіл-күйін сезінуі керек. Ол үшін балалардың туғаннан бастап физикалық және психикалық дамуы туралы бәрін білу керек. А.Байтұрсынұлының ұстаздық кәсіпке қойған жоғары талаптары бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ. Қазақтың ұлы ұстазы армандаған интеллектуалдық деңгейі жоғары, жан-жақты, қазіргі заманның кез келген сын-қатерлеріне дайын, бәсекеге қабілетті, оқыту мен тәрбиелеудің теориялық және практикалық білімі терең ұстаз дайындау мәселесі де өткір қойылуда.

А.Байтұрсынов қазақ мектептеріндегі мұғалімдердің біліктілігін арттыруға білімі мен күш-жігерін жұмсады. Ол мұғалімдердің мәдени өсуі, үйлесімді, жан-жақты дамыған тұлғаны оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін жетілдіру қажеттілігі туралы мәселелерді жиі көтерді.[2] Ол халықты оқытуға арналған барлық еңбектерінде халықты оқуға, білім мен өнерге ұмтылуға шақырады. Шығармаларында жеке тұлғаның рухани дамуы, оның өскелең ұрпаққа қажеттілігі мен маңыздылығы ұлт болашағы түсіндіріліп, адамгершілік, адалдық, тектілік сияқты қасиеттерді жоғары насихаттайды. А.Байтұрсынов халқын құмарта сүйді және оның ерекше табиғи қабілетіне сенді, өз елін әлемдегі өркениетті мемлекеттердің қатарынан көруді армандады. Қазақ даласының Ұлы Ұстазының жоспары мен үміті Тәуелсіз Қазақстанда жүзеге асып жатыр.

Халықтың ағарту, бостандығы, мәдениеті үшін күрескен А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Оның шығармалары қалыптасқан қоғамдық-саяси жүйені сынауға, халықты сауатсыздықпен, надандықпен, енжарлықпен күресуге шақырып, қазақ әдебиетін сапалы жаңа деңгейге көтерді. Оның

«Қырық мысал» (1909), «Маса» (1911) сияқты шығармаларының адамгершілік-рухани құндылығы зор, оларда адам бойындағы жалқаулық, надандық, босқаулық сияқты жамандықты келемеждеп, еңбексүйгіштікке шақырды. А.Байтұрсынұлының сіңірген еңбегі – араб графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиін енгізіп, қазақтың тұңғыш «Әліппесін» жазды. Оның әдістемесі елдегі сауатсыздықты жоюда үлкен рөл атқарды. Қазақ тіліндегі тұңғыш қазақ тіл білімі, қазақ тілін оқыту әдістемесі саласындағы бірқатар еңбектердің авторы қазақ жазуын реформалаудың ұстанымдарын дамытады, қазақ грамматикасының категорияларын анықтау үшін ғылыми терминология жасайды. А.Байтұрсынұлы ұрпақтарына мол мұра қалдырып, бүгінгі таңда қазақ тіл білімі саласындағы ғылыми-әдістемелік еңбектері мен қазақ тілін оқыту әдістемесі білім беру жүйесінде кеңінен қолданылуда.

Ұлттық әдебиеттану ғылымында сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, аллегория, эпитет, тұлғалау, метафора, метонимия т.б тың ұғымдар, терминдер тұжырымдалған. Әдеби мұраны, фольклорды зерттеп, кітап шығарды, оған көркем шығарманың төл туындысы – «Ер Сайын» аңызы (1923), «23 Жоқтау» (1926) жинағын енгізді. Ол Абайдың тәлім-тәрбиелік, сыншылдық дәстүрін жалғастырушы және оның қазақтың ұлы ағартушысының көркемдік шеберлігі туралы ғылыми-зерттеу тұжырымдары қазақ әдебиеттануында көрініс тауып, дамыды. Абайдың қоғамды демократиялық тұрғыда реттеу туралы ой-пікірлерін дамыта отырып, өзі тұңғыш редактор болған «Қазақ» газеті халықтың өзіндік санасын оятып, қоғамдық-саяси сипаттағы мәселелерді көтерді, халық ағарту, тұрмыс-тіршілік мәселелерін көтерді. Міне, А.Байтұрсынұлы газетте: «Тәуелсіздігімізді сақтап қалу үшін ағартушылыққа, ортақ мәдениетке бар күш-қуатымызбен ұмтылуымыз керек, ол үшін ең алдымен туған жеріміздегі әдебиеттің дамуымен айналысуымыз керек. Тәуелсіз өмірге өз тілінде сөйлейтін, өз мәдениеті бар адамдар ғана құқылы екенін ешқашан естен шығармауымыз керек...» [3].

Қазақ тілі – біздің рухани өзегіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып, дамыту. Ахмет Байтұрсынов білім мен ғылым саласында білім алып, еңбек етемін деген жандардың күш-қуаты мен мүмкіндігіне шын жүректен сенді. Сондықтан 1928 жылы Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орнының ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде ол университеттің өз атауы мен маңызын ақтаса екен деп жалынды тілегін білдірді. Ол «Университет – жоғары мәдениетті құру, ал жоғары мәдениет – адамзаттың ғылым мен техникаға қатысты барынша түсінуінің жиынтығы» деп есептеді. Университеттің ашылуы, оның ойынша, біріншіден, қазақ жастарын оқып-үйренуге және олардың халқының жоғары мәдениетке қосылуына ықпал етеді; екіншіден, теңдік пен әділдікке жету, мәдени жағдайын көтеру – кез келген ұлттың дамуының кепілі; үшіншіден, бұл «Қазақстандағы жоғары білікті жұмысшылардың алғашқы ошағы» болады [4]. Болашақ мамандарды оқыту мен тәрбиелеуде университетке қандай орасан зор рөл жүктеп, оның басымдықтарын, функциялары мен міндеттерін айқындап бергенін көреміз.

А.Байтұрсынов қазақ халқының болашағы, қазақ тілі мен ұлттық мәдениетінің болашағы жас ұрпақтың білім дәрежесіне, рухани және имандылығына байланысты деп түсінді. Олар бұқараға прогрессивті ғылыми идеяларды жеткізушілер болады. Белгілі ұстаз, әділет жолындағы күрескер қазақ халқының тәлім-тәрбие мәселелерін қамтитын барлық шығармаларында халықты білімге ұмтылуға, өнер мен мәдениетті игеруге шақырады. Халықтың мәдени әл-ауқатының өсуінің, қазақ тілінің, оның әдебиетінің өркендеуі мен дамуының шарты ретінде тұлғаның рухани дамуының қажеттілігін түсіндіреді, адамгершілікке, адами құндылықтарды сақтауға шақырады. Оның үндеуінде халқына, оның болашағына деген зор сүйіспеншілік пен жанашырлық сезіледі.

А.Байтұрсынұлы идеяларының рухында тәрбиеленген жас ұрпақ біздер, оның қазақ тілі саласындағы әдістемесіне, іліміне сүйене отырып, рухани-адамгершілік, өзін-өзі құрметтеу және өзін-өзі таныту идеясына қанық болды. Әдебиет, психология және өнер қазіргі заманда еліміздің білім беру жүйесіндегі жаһандық өзгерістерді жүзеге асыруға тиіс- озық, ойлы жастардың ұрпағы болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары.-Қарағанды: «TENGRİ Ltd», 2013.-382 б.
2. Нұрпейісұлы К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция. // Егемен

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ҒАЛЫМЫ ӘРІ ҰСТАЗ

Шакирова Алмагуль Тулеуовна

СҚО Петропавл қаласы

«№ 5 орта мектебі» КММ

қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі, магистр

shakirova_almagul@mail.ru

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде көп мәселелер талқылануда. Әрине, бұл мәселелердің шешілу жолдары бар. Ахмет Байтұрсынұлының құнды еңбектерін терең зерттесек, бұл мәселелерді шешуге болады.

Ақынның нағыз ақындық, адамдық болмысын жеткілікті таныр ма едік? Қазақтың атақты жазушысы, ғалым Мұхтар Әуезов, Ахмет Байтұрсынұлы туралы естелігінде осылай жазған: «Қазақ жастарының ардақты тәрбиешісі Ахаң сөйлегенде, менің есіме «Қазақ» газеті түседі. Біз ол күнде мектеп ішінде жүрген бала едік. Бірақ патша саясаты темір бұғаудай мойынға батып, қазақ жұртын әлсіретіп, «Кедейді шалапқа мас қылып, байды қымызға мас қылып», елдігін жоғалтып бара жатқанын тұманды оймен сезуші едік, көмескі жауы қазақтың бесіктегі баласының көзіне де елестегендей еді. «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына» түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп,

күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын. [1,186-б.].

Ахмет Байтұрсынұлының даналығын, ұлылығын, қарапайымдылығын осы сөздер дәлелдейді. 1922 жыл, август айы, Ташкент қаласы. Сондағы қазаққырғыз институтының айналасы халыққа лық толы. Бүгін мұнда «қазақ халқының қаламға жүйрік, алты алашқа аты жайылған атақты азаматы Ахмет Байтұрсынұлы келмекші... Қасында 4-5 жолдасы бар, еңсесі биік, келбеті түзу, көзілдірікті бір адам аяғын ақырын басып келе жатыр. Орталарына ене бергенде, балалар оларға бар дауыспен «ассалаумағалайкум» деп сәлем берді. Артынан «Жасасын қазақтың қаһарманы!», «Жасасын қазақтың көсемі» (оқығаны, ұстазы, жанашыры деген мағынада) Ахмет ағай Байтұрсынұлы» деп шулап қоя берді. Сол сәтте көзі көргендердің жазуынша, жер жаңғырып, тән шымырлап, көңіл бұзылып, жұрт өзінің қайда екенін білмейтін халге келді». [1,192-б.].

Қазіргі заманның оқушылары Ахметтің атын естігенде осындай әсер алу үшін біз – мұғалімдер олардың санасына Ахметтің даналығын жеткізе алуымыз керек. Ол-біздің парымыз! Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілін сақтау үшін өз өміріне қауіп төніп тұрса да, халық үшін, ел үшін жан аямай күрескен. Бізге, мұғалімдерге бүгінгі таңда ешқандай қауіп-қатер төніп тұрған жоқ, сондықтан қазақ тілінің мәртебесін, оқушылардың қазақ тілінен білім сапасын көтеру үшін тек қана адал еңбек ету керек. Бұл-біздің қолымызда. Тіліміздің тағдыры біздің қолымызда. Тіл үшін Ахметтің күресі әрқашан бізге үлгі-өнеге. Тіл мәселесіне байланысты барлық кемшіліктерді ортаға салып, бәріміз жұмыла мәселені шешуіміз керек. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ алфавитінің тұңғыш реформаторы, осы жетілген жазу үлгісімен еліне тұңғыш әліппесін, тіл құралын, әдебиет танытқышын сыйлаған, қазақ филологиясы мен өнертауының негізін салушы ғалым, таза қазақ емлесімен шыққан тұңғыш газет «Қазақтың» (1913-1918) редакторы, көрнекті ақын, аудармашы, публицист-журналист, ірі қоғам қайраткері, ағартушы-ұстаз, ҚазПИ-дің профессоры, этнограф, фольклорист, композитор әрі орындаушы. Ахмет Байтұрсынұлы оқулықты жазу үшін қандай зерттеулер жасады, қандай ізденісте болғанын терең зерттесек, қазіргі оқулықтардың мазмұны толық әрі сапасы жақсы болар еді. 1895- 1909 жылдары ел ішінде әр сатылы мектептерде бала оқыта жүріп, Ахаң үлкен тәжірибе жинақтайды, қазақ балалары сауатын ашып жүрген түрлі қазақ, татар тілдеріндегі «Әліпби» құралдарының кемшіліктерін көзімен көреді. Қарапайым ұстаздықтан күрескер ағартушылыққа қол созған Ахаң алдына қазақ алфавитін жетілдіру мақсатын қояды. Қазақ жазуын жетілдіру үшін, алдымен қазақ тілінің ішкі табиғатын танып, жүйесін түсініп алу қажеттігі туды. Бұл қазақ тілін ғылыми зерттеу, яғни, фонетикалық жүйесі мен грамматикалық құрылысын танып-білу деген сөз еді. «Оқу құралының» ең ұлылығы бала оқытатұғын кітап: оның жақсы болып балалардың жанын қинамасына жазудың тәртібі

болуы шарт. Тәртіпті жазу деп айтамыз: тілдегі бар дыбыстың бас-басына арнаған белгісі (хоріфі) бар болса. Осы күнгі жазуымызда дыбыс басына арнаған белгіміз жоқ, бірақ белгіменен әлденеше түрлі дыбыстарды жазамыз... Балаларға һәр түрлі айтылатұғын сөзді, бір түрлі айтып жазып қойып, һәр түрлі айтып оқу керек дегеніміз зорлық емес пе? «Бірдей жазылған сөзді қалай һәр түрлі оқысам дұрыс болады» деп бала қиналмай ма? Сондықтан әуелі оқу құралын сайлаудан бұрын жазуымыздың тәртібін түзетіп жөнге салу керек. Сонан соң жөнменен құрал сайлау керек», - деп ғалым қазақ жазуындағы арабтың басы артық әріптерін алып тастауды, жіңішке дауысты дыбыстарды білдіруге арналған белгіні (дәйекші) енгізуді, т.б. жаңашыл жаңалықтарын ұсынады. Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған реформаны барлық түркі халықтары жазу мәдениетінде кеңінен қолданған. «...Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізу, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Өзі жоғалар халықтың алдымен тілі, мәдениеті жоғалады. Сондай кемшілік болмас үшін, әр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінде жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды.»-деп білген Ақаң, 1912 жылы Орынборда «Әліппе» бастырып шығарады.

Қазақтың мәдени өмірінде Ахмет «Әліппесінің» қандайлық орны болғандығын көрсету үшін, өз кезінде айтылған мына пікірге назар аударайық:

«...Бұл «Әліпбидің» мазмұны қазақ жағдайына қарай, мемлекет, білім кеңесінің жаңа бағдарламасына үйлесімді болып шыққан. Сөздері баланың ұғымына аса қолайлы тәртіппен құралған. Бұл «Әліпби» дыбыс әдісімен де, Америка әдісімен де оқуға қолайлы. Шығарушының үлкен шеберлігі көрініп тұр. Оқушыға бұл «Әліпби» аса қызықты, баланы өздігінен білуге, өздігінен үйренуге ұмтылдыратын түрде жазылған. Бірақ тәжірибесі аз мұғалімдер мұнымен дыбыс әдісі бойынша да оқыта алады. Әңгімелері балалар үшін қызық, жеңіл, заманға лайық, мазмұн жағынан да, әдіс жағынан да артық кемшілік таба алмадық...

1924 жылы, июнь айы. Орынбор қаласы. Қазақ, қырғыз білімпаздарының съезінде әліппе жайында Ахмет Байтұрсынұлы баяндама жасап тұр. Ол алдымен сол кезде қазақ елі тұтынып жүрген араб әліппесін тастап, латын әліппесін аламыз деген пікірдің тиімсіздігін түсіндірді. Әр әріпі дара тұрады, сара тұрады деп, басқа кемшіліктерін және жаңа әліппе енгізу көп іс, зор күш қажет ететінін ескермей, латын әліппесін ала қоямыз деу ойланбағандық, асығыстық екенін ескертті. «Жақсы әліппенің қасиеттері,- дейді ол,- жылдам жазылу, баланы оқытқанда әріптерінің бөлек-бөлек оңаша тұрып көзге түсуі, жазбасына баспасының ұқсастығы. Қазіргі қазақ әліппесінің жер үстінде жақсы әліппе жоқ. Латыннан анағұрлым әліппеміз тұрғанда, босқа латыншыл болудың қажеті не? Латынның керегі жоқ... Латынды ауызға алу – еріккендік.» [1,197-б.].

Араб әліппесінің бір кемшілігі – кейбір әрпінің 3-4 түрлі жазылатындығы, басқанда қосылып кететіндігі. Бұл кемшілікті жою жаңа әліппе енгізуден әлдеқайда жеңіл. Араб әріптерін де даралап, түзету баспа ісінде де, оқытып, үйретуде де жеңілдік береді. Ахмет Байтұрсынұлы сөзінің дұрыстығын уақыт дәлелдеді. Он жыл өтпей латын әліппесі қайта алынып тасталды. Бұл қаншама қаржы далаға кетті деген сөз.

«... Әуелі біз елді түзетуден бұрын бала оқыту ісін түзетуіміз керек. Неге десек, болашақта билік те, халық та оқумен түзеледі...» деген Ахмет Байтұрсынұлы. Баланы оқыту үшін оқулық қажет Бүгінгі заманның талабы – қазіргі оқушыны өзі ізденіп, өз бетімен білім алуға талпындыру. Бұл жағдайға біз мүмкіндік жасауымыз керек. Ең бастысы, Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, оқулық аса қызықты, баланы өздігінен білуге, өздігінен үйренуге ұмтылдыратын түрде жазылу керек. Сондықтан бүгінгі оқулықтардың сапасын көтеру керек. Бұл, әрине, мұғалімдердің көмегімен ғана ұйымдастырылады. Еліміздің тілін сақтап, дамытып, жүзеге асырсақ, біздің ата- бабаларымыздың алдында, Ахмет Байтұрсынұлы сияқты зиялылардың алдында арымыз таза болады.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Дидахмет Әшімханов. «Бес арыс». А., «Жалын», 1992.
2. Қ.Қадашева «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» Алматы, 2002ж.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ - ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Кабденова Нүргүл Бәйкенқызы

СҚО Петропавл қаласы

«Дарын» мектеп-лицейі» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

... өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін ұлтшыл.

Сәкен Сейфуллин

Бар ғұмырын өз халқына шын құштарлықпен қызмет ету жолына бағыттаған және бақытын содан тапқан жандар болады. Сондай адамдар қатарындағы ғалымның бірі, қазақтың қараңғы түнін жарық қылған жұлдыз- Ахмет Байтұрсынұлы елінің, халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениеті үшін аянбай қызмет еткен қайраткер, ірі тұлға. Ұлтын ұлықтаған Ахмет мемлекет қайраткері атану үшін қиын әрі күрделі жолдардан өтті. Педагогикалық училищені тәмамдаған ғалым Қазақстанның әр облысынан мектептер ашып, ұстаздық қызмет етті, халқының санасын оятып, көзін ашуға бар күшін жұмсады, яғни бар өмірін қазақ қоғамында білім мен ғылымның дамуына, ағартушылық ісіне арнады. Ағарту ісі мектептен басталады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының сауатты болуын ғана емес, ана тілінде білім алуын талап етті. Тіл болмаса, халық ұлттық

бейнеден айырылып, рухани тозуға кезігеді. Тілсіз, сөзсіз ақыл мен ойды қозғай алмайсың. Ал ой-санасыз сөз жоқ. Осы тұрғыда көп қызмет еткен Ахмет қазақ ауылдарында мектеп ашу, мұғалім дайындау, балаларды оқулықпен қамтамасыз ету мәселелеріне көп көңіл бөлді және оларды шешудің жолын көрсетті. Осы орайда ұлт ұстазы мұғалімдерге арналған оқу орындарының қазақ даласында жоқтығын ескеріп, орыс мектептерін не болмаса, медресе бітірген көзі ашық оқыған қазақ жастарын жинап, мұғалімдік жұмысқа дайындады. Олардың білімін жетілдіру мақсатында қысқа мерзімді курстар ашуды ұсынды. Бұл ойды жүзеге асыру барысында үлкен қиыншылықтар кездесті, қаржы тапшылығы болды. Ғалым бұл проблеманы шешуге де зор үлес қосты. Біздің тілдің тереңдігі мен шеберлігін, тіл мәдениетінің мәнін, қасиетін дәлелдеп, тілімізді құрметтеуге мәжбүр етті. Ғалым ең алдымен қазақтың ұлттық графикасын жасауды мақсат етті. Бұл үшін араб алфавиті негізінде «Байтұрсынов жазуы» жарық көрді. Одан кейін сол жазумен сауат аштыруды ойлаған әрі ол үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған. Бұдан кейін ғалым қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беруді мақсат еткен және «Тіл құралы» еңбегін жазды.

XX ғасырда жазылған «Қазақ әліпбиі» қазақ тарихында тағы бір ұлы қадам жасады. Ғалым қазақтың дыбыс жүйесін, сөз жүйесін, сөйлем жүйесін, терминологиясын толық зерттеп, қазақ тілі грамматикасының негізін қалады. Ол сонымен бірге - қазақ тілі грамматикасын (фонетикасын, морфологиясын, синтаксисін және терминологиясын) жүйелі түрде ғылыми түзеген. Ұлы Ахмет Байтұрсынұлының бұл ғылыми еңбектерін кезінде Орта Азия, бүкіл түрік әлемі қолдап, жетістіктерін өздерінің грамматикасында пайдаланды. Ахмет Байтұрсынұлы – әлеуметтік мәселелерге, қоғамдық ой-пікірге ықпал жасаған публицист. Оның мақалалары өткір ойларымен сол кезеңнің шындығынан хабар береді. Абайдың қоғам туралы ойларын дамытты, халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы мәселелерді қозғады. Жалғыз ағартушылық жолмен аса алысқа ұзап кете алмайтынын сезген Ахмет біртіндеп күрескерлік жолға түседі. Қазақ елінің жоғын жоқтап, жүрген А.Байтұрсынұлының еңбектері елге тарай бастайды және газет шығару мәселесі қозғалады. Газет «Қазақ» деп аталады да, оған редакторлыққа А.Байтұрсынұлы шақырылады. Ахметтің көкейінде халыққа қалай түсіндірем деп жүрген мәселелер, қазақ арасына ғылым мен өнердің жайылуын насихаттау, оқу, әдебиет туралы жол көрсету сұрақтары газет бетіне түсіп, жариялануға мүмкіндік алды. Патша өкіметі «Қазақ» газетінің шығуын, әрине, қолдаған жоқ. Оның редакторын, қазақтың біртуар ұлын А.Байтұрсынұлын түрмеге жапты, әкімшілік айыппұлдар салды. Газет бетіндегі әр сөз, әр мақала сол кездегі қазақ үшін ғана емес, қазіргі қазақ үшін де айтылып жатқан мәселелермен үндес келеді. Газеттің бір нөмірінде жарияланған «Оқу жайы» деген мақалада А.Байтұрсынұлы қазақ үшін ең керегі оқу-білім екендігін айтады: «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатты сатады, ал сол шикізаттан жасалған өнімді

екі-үш есе қымбатқа сатып алады. Бұл надандықтан келген кемшілік», -дейді. «Қазақ» газеті қоғамдық ойға, рухани санаға сілкініс әкелді, қазақша ойлауға, қазақша сөйлеуге үйретіп, ұлттық саясаттың басы болды. Ұлт мүддесі – үлкен міндет. Үлкен міндетті атқару үшін көп кісі керек. Халық өз жағдайын терең түсініп, оны түзетіп, шешуді бірлесе ойластыру қажет. А.Байтұрсынұлы қандастарына ұстаздық қоғамдық қызметі мен ғылыми шығармашылығын терең ұғындыруға арнады. Осылайша ол ұлт тәуелсіздігі жолындағы «Алаш» қозғалысының орталық тұлғасына айналды. Партия бағдарламасын құрастырушылардың бірі болды. Заманының ағысына қарсы тұра білген қайраткер болашақтың жарық, тыныш өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен. **Ахмет Байтұрсынұлы – әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым.** Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған ол «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926) кітап етіп шығарды. 1909 жылы алғашқы кітабы «Қырық мысал», 1911 жылы Орынбор қаласында «Маса» жинағы жарыққа шығады. Жинақтарда ел тағдыры, бостандық арманы, халық қамы басты тақырып болады. Шығармалардағы аң- жануарлар әртүрлі адамдардың мінезі, тағдырына қатысты жайттарды, әсіресе, Ресей отаршыларының зорлық зомбылығы туралы ойларды дәл айтады. Ахмет Байтұрсынұлының өмірлік кредосы – осы қазақ жұртына не болған? Неге оянбайды? Халқымды оятсам деген тілекпен өмір сүрген және шығармаларында осы сұрақтарды астарлаған. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы қалдырған мұра мағынасын жоймаған өзектілігімен де ерекшеленеді. Ол езгіге қарсы шығып, отаншылдық, патриоттық ой пікірлерді таратушы болды.

«Әдебиет танытқыш» деген атауда әдебиет деген не және оны неге, қалайша таныту керек деген күрделі ғылыми танымдық мәселе бар. Қазақ тілі мен әдебиеттану ғылымына қатысты ұғымдарды, сонымен алуан түрлі жанрлық атауларды орнықтыруға айрықша бағалы еңбек сіңірген – Ахмет Байтұрсынұлы. «Әдебиет танытқышта» сөз өнеріне, халық поэзиясына, жалпы әдебиетке қатысты ұлттық сипаттағы көптеген пән сөздерді орнықтырып, тұңғыш рет жүйелеп берді.

Ахмет қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымының ағартушысы. Ахметтің мұрағаты жаңа заманға, халқына қызмет етуде. Ахметтің ілімдері — әлі зерттелетін, зерттеліп жатқан үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсынұлының ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі — қазіргі жаңа заманға өте керек.

Жол көрсеттім қазақ деген намысқа,

Жоқ сілтедім жақын емес, алысқа.

Өзге жұрттан өрге кадам басқанда,

Елім, сен де қатарыңнан қалыспа, - дей келе, болашаққа бастайды.

Ахмет Байтұрсынұлының өзі Абай өлеңдерін түсініп, сүйіп оқыған.

Сондықтан да Абай мұрасының өзгеге ұқсамайтын ерекше қасиеттерін дәл көрсеткен. «Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді.

Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы, әр нәрсенің бергі жағынан алмай, арғы асылына қарап сөйлейтіндігінде.

[1; 220].

Кейінгі ұрпақ үшін Ахмет Байтұрсынұлының есімі Абай сияқты тарихи маңыздылығы зор. Ол біздің ұстазымыз, қоғамды жаңғыртуға бастаған кемеңгер тұлға. Білімді алдыңғы қатарға қойып, қазақ тілінің әліппесі мен оқулықтарын жазған ағартушы. Ахмет қазақ алфавитін жасап, оқыту әдістемесін жетілдірген ұлттың ұстазы. Ахмет қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының негізін салушы филолог ғалым. Өлең сөзге ой ұйытқан ойшыл ақын. Ұлты үшін тәуелсіздік жолында жан аямай күрескен қайраткер.

Пайдаланылған әдебиет:

1. «Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық» Алматы 2010
2. Қазақ тілі Алматы «Мектеп» 2010 жыл
3. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. Алматы, 1990.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ - ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Умутбаева Акжан Галымбековна

СҚО Петропавл қаласы

«Бірінші гимназия» КММ

қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі

Біздің ұлтымызда басынан сан қилы заман өткерген халқымыздың тарихында маңызды орын алатын тұлғалар көп. Сондай тұлғалардың ішінде біртуар қайраткердің бірі де бірегейі Ахмет Байтұрсынов. Ұлы тұлғаның қасиеттілігін дәлелдейтін өз ұлты үшін атқарған қыруар еңбектері. Халқының азаттығы мен теңдігі еркін ел ретінде қалыптасуы, төл тілін сақтап қалу жолында жанқиярлықпен күресіп, сол жолда құрбан болды. Ахаң туған халқының болашағын ойлап өмірдің барлық саласына араласты.

Адамдық диқаншысы – жолға шықтым,

Көгі жоқ, көгалы жоқ қырға шықтым.

Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,

Көңілін көтеруге құл халықтың.

Осы өлең жолдарынан Ахметтің өмірлік ұстанымын көруге болады. Азаматтық болмысына қарап, Ахаңды кемел адам немесе толық адам деп айта аламыз. «Қазақтың Ахаңы» деген мәртебелі атқа ие болған Ахмет Байтұрсынұлының халқына сіңірген зор еңбегі әр саладан байқалады. Ол қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп еңбек сіңірген ағартушы, ең алғашқы «Әліппе» оқулығының авторы, қазақтың әлеуметтік өмірінің барлық саласына назар аударған ірі публицист, өнер иесі- ақын, қазақтың тілін ғана емес әдебиетін де зерттеген ғалым және халықтың тез сауаттанып хат тануы үшін араб жазуын реформалаған, ұлттық деңгейге көтерген бірегей тұлға.

Ахмет Байтұрсынұлы еліміздің тәуелсіздігі үшін отаршылдыққа қарсы күрескен қоғам қайраткері, лингвист, әдебиетші, түркітанушы, аудармашы. Қазақтың ұлы гұламасы Ахмет Байтұрсынұлының халқы үшін істеген игі істерінің ішіндегі ең шоқтығы биік қызметінің бірі- араб жазуына өзгерістер енгізіп, қазақ әліпбиін құрастыруы. Осы арқылы ғалым қазақ халқының тез сауаттанып хат тануына, оқу, білімге деген құштарлықтарының оянуына ерекше ықпал етті. Ахмет Байтұрсынов жазуы дамымаған ұлттың артта қалатынын, оның қоғамдағы қажеттілігін және адам өміріндегі маңызын өзінің шығарған оқулықтарында үнемі ескертіп отырған.

Жазу шын мәнінде, кез келген халықтың рухани деңгейі мен мәдени дамуын көрсететін құрал. Ахаң осы құралды ұлттық деңгейге көтеружолында жан аямай еңбек етіп, тер төккен. Себебі сол кезеңге дейін ұзақ ғасырлар бойы қолданыста келе жатқан араб жазуының халықты тез әрі жаппай сауаттандыру жолында үлкен кедергілері мен қиындықтары болғандығы анықталған.

Ахмет Байтұрсынұлы осы кедергілер мен қиындықтарды жоюдың ең басты тәсілі- араб жазуын қазақ тілінің заңдылығына сәйкес реформалау деп білді.

Ахаң осылайша ұзақ ғасырлар бойы өзгеріссіз қолданылып келе жатқан араб графикасын қазақ халқының игілігіне айналдыру идеясын көтеріп, оны іс жүзінде реформалады.

Ахмет Байтұрсынұлы әр түрлі жиылыстардағы баяндамаларында: «Жақсы әліпби тілге шақ болуы керек. Жақсы әліпби жазуға жеңіл болуға тиіс, әліпбидің әріп, суреттері қиын болса, мүшелері көп болса, жазуды ұзақ қылып, уақытты көп алады. Әліпбидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болуы тиіс. Әрпі тізілгенде оңай тізілетін, басқанда орынды аз алатын әліпби баспасөзді арзандатады. Жақсы әліпби үйренуге жеңіл болады. Жақсы әліпбиге лайық бұл төрт сипатқа келмейтін әліпбидің бәрі де кемшілікті әліпби болмақ» деп латын әріптеріне қызықпауға шақырады. Осылайша ұлт жанды біртуар азамат халқының жаппай сауатты болуына ықпал ете отыра баспа ісінің дамуына зор үлесін қосты. Ахмет Байтұрсынов қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды.

1912 жылы жазылған оқу құралы қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады. Патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады.

Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған.

Ахмет Байтұрсынұлының екінші кітабы- «Маса» 1911 жылы жарық көрген. Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады. Көптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. Қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» тағы басқа өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. Кітаптың ішкі сазы мен ой өрнек, сөз орамы қазақ поэзиясына тән өзіндік жаңалық, ерекше өзгеріс әкелді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуан- жіңішке үндестік заңына сәйкес жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады.

Сөйтіп, оқу- ағарту идеясына сол кезіндегі интеллигенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліп- бидің» жаңа түрін жазады.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды.

Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі - ғылымының осы саласының терминдерін жасауы.

Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды.

Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем,

қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлыныкі.

Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенің олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының «рухани көсемі» болған тарихта айрықша орны бар зор тұлға, ірі қайраткер. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқының тілін, әдебиетін, мәдениетін зерттеуші ғалым. Ол қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, оқуын жалғастыруға күш жұмсаған ағартушы. «Халық жауы» деп атылған Ахмет Байтұрсыновтың есімі де, шығармалары да көпке дейін жұртшылық үшін жабық болды. Тек еліміз тәуелсіздік алған соң ғана шығармалары жарық көрді, мұралары зеттеле бастады. 1988 жылы ақталғаннан кейін Ахмет Байтұрсынұлының шығармалар жинағы 1989 жылы, «Ақ жол» кітабы 1991 жылы жарық көрді.

Ахмет Байтұрсынұлын М.Әуезов «Қазақтың рухани көсемі» деп атағаны әрине, бекер емес. Халықтың рухани өміріне жанашырлық танытып, әрдайым елмен бірлікте болған рухани ұстаз Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылық қызметі ізгілікке толы болған. Ол ағартушылық қызметті де атқара жүріп, оқу-ағарту ісінен ешбір қол үзбеген қайраткер. Өзі үшін емес, халық үшін өмір сүрген рухани көшбасшы, өйткені Ахмет Байтұрсынұлы өз өмірін халық үшін құрбан еткен абзал азамат. Өз халқының өмірінің сан-саласына араласып, өз көзқарасын ашық ортаға салған қоғам қайраткері. Ахмет Байтұрсынұлының ойы, сөзі, ісі әрдайым бірлікте болған. Сонысымен де ізгі педагог. Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен қызметі, рухани мұралары ұрпаққа баға жетпес үлгі.

Қорыта айтқанда, ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы-тілі» деген сөзі қазақ ұлтының сақталуына әрқашан ұран боларлықтай екендігін сезіндім. Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасын бүгінгі ұлттық сана биігінен осы тұрғыдан бағалауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Ахметов З. Бүкіл қазақ «Ахаң» деген // Ұлттың ұлы ұстазы. Алматы, 2001.
2. Ахмет Байтұрсыновтың халық ағарту саласына қосқан үлесі // Халықаралық ғылыми конференциясы. – Алматы, 2007 жыл.
3. Ахаң және «Қазақ» газеті // Қазақ тарихы. №2.

ҰЛТ ҰСТАЗЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Акишева Гүльмайда Кубегеновна

СҚО Шал ақын ауданы

«Академик Е.А.Бөкетов атындағы мектеп - гимназия» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Адамдық диқаншысы қырға шықтым;
Көл жоқ, көгалы жоқ - қорға шықтым.

Тұқымын адамдықтың шаштым ектім,
Көңілін көгертуге құл халықтың.

А. Байтұрсынов

Кез келген халықтың тарихы әр уақытта оның тағдырында жарқын із қалдырған тұлғалармен тығыз байланысты. Әр адам өз дәуірінің туындысы дейді. Дегенмен, кез келген тарихи тұлғаның маңыздылығы, ең алдымен, оның даналығымен, алысты көре білуімен, өз халқы мен Отанының тағдырына араласу дәрежесімен өлшенеді. 1930 жылдар жаппай қуғын-сүргін жылдары болды. 1937-1938 жж. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатұлы, Ә.Ермеков, Х.Досмұхамедұлы және басқа да көптеген көрнекті қайраткерлер ұлтшылдық пен тыңшылықпен айыпталды. Демографиялық және интеллектуалдық әлеуеті жағынан республикаға орны толмас зиян келтірілді.

Торғай өлкесі - ерлерімен аты шыққан, елдік ар-намысымен алыс – қияндарға үлгі берген, сәуле шашқан өлке. Торғай ұлы перзенттер туғызып, қазақ тарихын ұлғайтты. Туған халқының мәдениеті мен қоғамдық ой – пікірлерінің тарихында аса құрметпен аталатын ірі тұлғаның бірі, қазақ елінің мақтанышы, алып тұлға, ұлт көсемі – Ахмет Байтұрсынұлы көрнекті қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновта қатыгез репрессияның құрбаны болды. Ахмет Байтұрсынов – ақын, ғалым, түркітанушы, аудармашы, ұстаз, публицист, қоғам қайраткері. 1873 жылы 18 қаңтарда Торғай уезінің Тосын болысында шаруа отбасында дүниеге келген. Халық батыры Үмбетбайдың ұрпағы саналатын әкесі Байтұрсын қазақ ауылындағы озбырлыққа, құқысыздыққа шыдамаған, ел-жұртқа жиі келетін, өз намысын сезетін, ержүрек, ақылды адам болған. жергілікті феодалдармен және патша өкіметімен қақтығыс. 1885 жылы Байтұрсынов пен оның ағасы уезд бастығын сындырғаны үшін 15 жылға сотталып, Сібірге жер аударылды. Биліктің әкесін, туған-туыстарын, ауылдастарын қолдаған қырғыны болашақ ақынға ащы әсер қалдырды. Алғашқы білімін туған ауылында алып, кейін Торғай орыс-қазақ мектебінде, Орынбор мұғалімдер семинариясында оқыды. Ұстаздық жолын 1895 жылы ауылда, кейін болыс мектептерінде мұғалім болып бастады.

XX ғасырдың басында қазақ халқы аса ірі қоғамдық-саяси өзгерістермен қатар ауқымды рухани жаңғыруларды да бастан кешті. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіңіріп, алға жетелеуге ұмтылған зиялы топ қалыптасты. Халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов. Қазақ халқының рухани көсемі болып, болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен.

1909 жылы Қарқаралы қаласында екі кластық орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі бола жүріп, қалыптасқан жүйеге қарсы оппозицияға қосылып, сол үшін тұтқындалып, Орынбор қаласына жер аударылады. Бұл кезең оның қазақ тіл білімі мен ана тілін оқыту әдістемесі саласындағы ғылыми ізденістерін қамтиды. Одан кейінгі жылдары қазақ жазуын

реформалаудың қағидаларын әзірлеуге кіріседі, қазақ грамматикасының категорияларын анықтау үшін ғылыми терминология жасайды.

Ахмет Байтұрсынов – ағартушылық пен білімнің халыққа еркіндік пен қоғамдық өзгерістер жағдайында ғана нақты игілік әкелетінін түсінген алғашқы қазақ ағартушылардың бірі. Ахмет Байтұрсынов - ұлы реформатор ғалым. Халықты оқуға шақырған, білімнің қажеттігін түсіндірген жалаң үгітші емес, қазақ арасында ағартушылық жұмыстарын, мектеп ісін жолға қоюға көп күш салған, ұстаздық құрған ғұлама ғалым. Ол жергілікті билеушілердің озбырлығын, патша самодержавиесінің отарлау саясатын жиі әшкереледі. А.Байтұрсынов өмірі мен қызметінің тағы бір салмақты саласы-оның ақындық, аудармашылық еңбегі. Ол бала кезінен қазақ ішінде көркем сөз құдіреті жоғары саналатынын көріп, естіп, сезініп, ойланып өскенге ұқсайды. Саналы өмірге аяқ басқан кезде халық поэзиясы мен А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин шығармаларын, орыс әдебиетін оқыған жандардың бірі . А.Байтұрсынов айналаны тану, білу, сезіну қалпын поэзия тілімен, өлеңмен жеткізуге ден қояды. Өленді өзінің ағартушылық идеясына пайдалануды көздейді.

Қазақ тілі мен кітабын жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргетасын қалаған алғашқы адам- Ахмет.

А.Байтұрсынов – қазақтан шыққан тұңғыш шығарманың авторы. Ғалым Байтұрсынұлының құрметіне аталған жаңа қазақ әліпбиі кезінде жазу реформасы кезінде бүкіл түркі тілдес халықтарға жақсы үлгі болған. Сондай-ақ автор «Ана тілі бойынша анықтамалық», «Қазақ тілі курсының конспектісі», «Грамматиканы оқуға арналған нұсқаулық», «Сөйлеуді дамыту», түрлі хрестоматиялар жазды. Бұл әдістемелік еңбектер әлі күнге дейін қазақ тіл білімі мен қазақ тілін оқыту әдістемесі саласындағы ғалымдар арасында беделге ие. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиеті мен жазуының дамуына зор үлес қосты. А.Байтұрсынов шығармашылық қызметін фабулист ретінде бастады. Әсіресе, оның «Қырық мысал» және «Маса» жинақтарына енген аңыз-әңгімелері кеңінен танымал. Байтұрсынов қазақтың ауызша халық шығармашылығы үлгілерін жинап, басып шығаруда үлкен еңбек сіңірді. 1923 жылы жарық көрген «Ер Сайын» поэмасына кіріспе мақаласы мен түсініктемелері, «23 жоқтау» (1926) және «Әдебиеттану» (1926) кітаптары жарық көрді, соңғысы тарихқа қатысты тұңғыш ғылыми зерттеу болып табылады. қазақ әдебиетінен. Ахмет Байтұрсынов қазақ балаларына ана тілін үйрету үшін бірқатар оқулықтар жазды. Өлендерінде қазақ халқының мұң-мұқтажын, арман-тілегін, жарқын болашаққа деген арманын өрнектеп, төрешілдіктің екіжүзділігін әшкереледі, білім нұрына, мәдениетке шақырды. «Қырық аңыз» (1909), «Маса» (1911), «Маса» (1911) шығармаларында бос жүріс, жалқаулық, босқа, надандық сияқты адам бойындағы келеңсіздіктер мен кемшіліктер мазақ етіледі. Халықты ағарту баладан, мектептен бастау алады. Ең алғаш қазақ тілінде Әліппе кітабын жинақтаған Ахмет еді. Қазақ балалары көзі ашық, сауатты азамат болып шығуға септігін тигізген. 1913 жылы А.Байтұрсынов «Қазақ» газетінің алғашқы редакторы болды. Газет бағдарламасында қазақ тілін, мәдениетін, мектептегі оқу-ағарту саласын

дамыту мәселелерін көрсету басты орын алды. 1917 жылғы төңкерістен кейін «Алаш» партиясының мүшесі бола отырып, А.Байтұрсынов Қырғыз (Қазақ) өлкесінің Әскери-революциялық комитетінің мүшесі болып сайланды, Өлкенің Ағарту халық комиссары (1920–1921), төрағасы болды. академиялық орталықтың (1921–1922), Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғылыми-әдістемелік кеңесінің мүшесі болды. 1920 жылы РКП(б) қатарына қабылданып, 1921-1928 жылдары Қазақ халық ағарту институтында жұмыс істеп, қазақ тілі мен әдебиетінен, тарихы мен мәдениетінен лекциялар оқыды. 1928-1929 жылдары А.Байтұрсынов Қазақ мемлекеттік университетінің профессоры болды. Ол жасаған және оның атымен аталған графикалық жүйе қазақтардың сауатсыздықты тез жоюға, жазба мәдениетін жақсартуға мүмкіндік берді. 1929 жылы маусымда Қызылордаға шығармашылық сапарында А.Байтұрсынов тұтқынға алынады. Оған айып тағылды. Қазақ әдебиетінің атасы Ахмет Байтұрсынов кітап жазумен қатар орыстың белгілі жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аударып, көпшілікке ұсынған. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздермен жеткізе білген. Ахмет қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымның ағартушысы. Ахмет Байтұрсынұлының мол шығармашылық мұрасының тарихи маңызы жоғары. Ахметтің ілімдері – әлі зерттелетін үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсыновтың ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі – қазіргі жаңа заманға өте керек. Баяндаманың негізгі мақсаты – Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы мен мол шығармашылық мұрасын талдап, тарихи маңызын анықтау. Ахмет Байтұрсынұлы. Қазақ үшін қасиетті есім.

Ол өз туған ұлтының бағы асып – тасып жану үшін өмірдің барлық саласына араласып, талпынып жүрді. Бұған оның атқарылған еңбектері мен атақ-даңқы дәлел. Қазақ елі, қазақ халқы біртуар үлгі тұтатын перзентін қоғам және мемлекет қайраткері, ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы... ретінде жақсы біледі. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті. Байтұрсынұлы ұйымдастырып, бас редактор болған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкелді. «Қазақ» газеті халықтың рухын сергіткен ірі құбылысқа айналғаны мәлім.

Ахмет атамыз – қазақ халқы үшін қасиетті де дара тұлғалы есім. Биыл қазақ еліміз Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын атап өтуде. Жұртшылық ел жақсы білуі тиіс, Байтұрсынұлы әйгілі Қарқаралы петициясы авторларының бірі болған адам. Осы арыз - тілекте жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне Қазақ елінің мүддесіне сай өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстау еркіндігі, күні өткен Дала ережесін қазақ мүддесіне сай заңмен ауыстыру және басқа да мәселелер көтерілгені мәлім. Дәл осынау кезен мен кезден кезден Ахмет Байтұрсынұлының саяси қызметі

басталды деуге болады. Оның алғашқы кітабы — «Қырық мысал» 1909 жылы жарық көрді. Осы кітаптың өзінде отаршылдықтың зорлық-зомбылық, елдің тұралаған халін тұспалдап болса да жеткізе білді. Ол қазақ халқының ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап жаңа үлгі ұсынған реформатор. Оның «Оқу құралы» қазақ жазуының тұңғыш әліппелерінің бірі. Ал «Тіл — құралы» қазақ тілінің тұңғыш оқулығы болатын».

Ол шын мәнінде ұлт ұстазы, халқымыздың рухани көсемі бола білген жандардың бірі. Қазақ халқының аса көрнекті өкілдерінің бірі Ахмет атамызда танымал жан. Ардақты азамат, халқымыздың саяси әрі рухани көсемі Ахмет Байтұрсыновтың елі үшін еткен еңбегі, саяси - әлеуметтік ой-арманы бүгінгі Егеменді Қазақстанда іс жүзінде жүзеге асып отыр. Ахмет Байтұрсынұлы- ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға”. Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті. 1991 жылы құрылған Қазақстан Республикасы атты мемлекет – сол арыстардың асыл арманының жүзеге асуы. Біз осы мемлекетті көздің қарашығындай сақтауымыз керек» деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтып кеткендей, Ахмет Байтұрсынұлы абақтыға жабылып, атылғанымен, оның артына қалдырған асыл сөздері мен арман арқалаған ойлары ел жадында, халық жүрегінде мәңгі сақталады. Кейінгі ұрпақ оның істерін жалғастыруда, оның армандаған тілектері жүзеге асырылуда. Себебі, Қазақ елі қазірде өркениетті елдер қатарына қосылып, мәдениеті жоғары дәрежеде дамуда. Заман өзгерді. Егемен ел атандық. Есімізді жиып, жоғымызды түгендеуге кірістік. Кезінде ұлтымыздың бостандығы жолында күрескен аяулы азаматтар халқымен қайта қауышты. Ендігі халықтың тілеуі – қазіргі ұрпақтың, кейінгі толқындар ата – бабаларымыз басынан өткізген зұламатты көрмесін, тәуелсіз Қазақстанның ұлтжанды азаматы болып еркін өссін дегені. Еліміз тыныш, халқымыз аман болсын! Алаш ардақтысы, ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлындай айбынды болайық! Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жарыққа шығаруда Байтұрсынұлы зор еңбек сіңірді. Әдебиет саласындағы алғашқы зерттеуі деп оның Қазақ газетінің 1913 жылғы үш санында шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын атауға болады. Онда қазақ халқының рухани өмірінде Абайдың аса ірі тұлға екені, өмірбаяны, шығармаларының мазмұн тереңдігі, ақындық шеберлігі, поэтикасы, орыс әдебиеттерімен байланысы туралы ойлы пікірлер айтылған, ақын мұрасының эстетикалық қадір-қасиеттері ашылған. Қазақтың эпостық жыры «Ер Сайында» алғы сөз бен түсініктемелер жазып, оны 1923 ж. Мәскеуде шығарды. Қазақ ауыз әдебиетінде молынан сақталған жоқтау-жырларын арнайы жүйелеп, сұрыптап, 1926 ж. «23 жоқтау» деген атпен жеке кітап етіп жариялады. Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі — «Әдебиет танытқыш» (1926). Мұнда көркем сөз өнерінің табиғаты, сыры, мазмұны, ерекшеліктері, жанрлары, жаңа терминдер, ұғымдар жайлы жан-жақты зерттеулер, тұжырымдар сөз болды. Бұл еңбегінде Байтұрсынұлы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің әлеуметтік, қоғамдық мән-маңызын ашудан гөрі адамгершілік, эстетикалық әсемдік әуенін талдауға көбірек көңіл бөлген.

Сондай-ақ мұнда жазба әдебиеттегі ағымдар, әдістер туралы ой-түйіндер айтылған. Кітаптың бірінші бөлімі «Сөз өнерінің ғылымы» деп аталады да, онда көркем сөздің толып жатқан қыры мен сыры, тараулар мен тармақтар, тіл әуезділігінің қыруар шарттары, «сөздің өлең болатын мәнісі», өлең айшықтары, «шумақ түрлері», «тармақ тұлғалары», «бунақ буындары», «ұйқастығы» т.б. сөз етіледі. «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деп аталады да, көркем қара сөз табиғаты, оның тараулары — шежіре, заман хат, өмірбаян, «мінездеме», тарихи әңгіме, «әліптеме, әліптеу тәртібі — мәнді әліптеме, сәнді әліптеме, жол әліптемесі, байымдама, байымдау әдістері, түрлері — пән, сын, шешен сөз, оның түрлері, саясат шешен сөзі, білімді шешен сөзі, уағыз көркем сөз» деп жүйелеп келіп, әңгіме, романға сипаттама береді. Еңбектің «сындар дәуірі, онда шығарма түрлері» атты тарауы өте манызды. Онда сыншыл реализм туралы алғашқы пікірлер нышанын кездестіруге болады.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ- ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Габдулина Алия Шавалиевна

СҚО, Петропавл қаласы

«№23 орта мектеп» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Қазақтың қараңғы түнін жарық қылған санаулы жұлдыздарымыздың бірі- Ахмет Байтұрсынов. Ол- қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетіне адал қызмет еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, тарихта орны айрықша зор тұлға.

Әрбір көзі ашық адамға А.Байтұрсыновтың кім екенін таныту үшін осы сөздер де жеткілікті болар еді. Дегенмен, сәл анығырақ айтсақ, А.Байтұрсынов ағартушы ғалым болу үшін, елеулі еңбектер атқарып, мемлекет қайраткерлігіне жету үшін қиын да күрделі жолдардан өтті. Қазақ халқының маңдайы жарқырап өзге елдермен қатар болуы үшін ең алдымен оқу- ағарту идеясы- қоғамдық қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі болып табылады. Әрине, Ахмет Байтұрсыновтың еңбегі жанып, арманы орындалды десек әбден болады. Бір сөзбен айтқанда ол өзінің саналы ғұмырын қазақ қоғамында білім мен ғылымның дамуына, ағартушылық ісіне арнады.

Елім деп, ұлтым деп, халқым деп өткен есіл ер Ахмет Б. туралы кезінде замандастары былай деген: «Қырғыз- қазақ баласында алпысқа да, онан да көп жастарға жеткен жасы үлкендер толып жатқанымен солардың ішінен еленіп, Ахмет Б. еске алынып отырғандығында үлкен айырмашылық бар ...

Ол ұлт көзін ашпағанда, әлдеқашан ескі елдігімізден айырылып, қоңсы кент ағайындардың біріне табынып, таңбадан айырылып кететін едік. Қазақтың дыбысына, сөзіне арнап әліппе шығарып, тіл оқу құралдарын шығарып, қазақтың жалпақ тілін талайға үйреткен Ахмет Б. еді. Ұлт қамы дегенді ескерген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда, бостандыққа жол көрсеткен Ахмет Б. еді ... »

Ахмет Б. тікелей өз шәкірті, рухани жалғасы болған жас Мұхтар Әуезов, - «Сол оқыған азаматтың тұңғышы, алғашқы шыққан көсемі болған Ахаң арналған тұңғыш той ой ойлаған қазақ баласының жүрегіне жылы тиетін қуанышты ісінің бірі. Әркімнің қалғыған сезімін оятып, өткен күндерін есіне түсіретін көп істің ішіндегі ірісі», - дей келіп, - «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. Ол газеттің жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпін кімнің екпіні еді? Ол екпін, ұйықтаған қазақты айқайлап оятуға заман ерік бермеген соң, маса болып талай ызындап оятамын деп, ұзақ бейнетті мойнына міндет қылып алған Ахаңның екпіні болатын», - деп бағалайды.

Ахмет Б. берілген сол бағалар әлі құнын түсірген жоқ. Оның ілімі-әдебиеттануда төрге озды, тіл білімі- күрмелген қазақ тілінің бауырын жазды, қаттаған халық әдебиеті мен мәдениетінің мұралары- рухани қазынаға қосылды.

Ол қазақ ұстаздық ғылымы мен тәжірибесіндегі өз орнына тұрды. Оның барлық ісі бір төбе, ұстаздығы бір төбе. Өйткені ол жай ғана мектептік шәкірт ұстазы емес, ұлт ұстазы, ұлы ұстаз. Бүкіл ғұмыры, барлық еңбегі мен қарекеті ұлт санасын тәрбиелеуге, ұлт жатын жаңғыртып, ширатуға, ілгері бастауға арналған. Бұл істе оның алдында адам бар. Ол- Ыбырай Алтынсарин. Ол Ахметке жол ашты. Оның алғашқы қадамы сол Ыбырай ашқан оқу орнынан басталды. Қазақ әліпбиінің алғашқы жобасы да, қазақ мектептеріне арналған оқу құралдары да Ыбырайдан басталады.

Ахмет Байтұрсынұлы марапат сөзден кенде емес. Есімі ақталғалы оның атына айтылып жатқан қошемет лебіз көлкөсір. Тірлігінде қысастықты көп көріп, қиянат сөзді көп естіп, саясат зәбірін көп тартқан кісінің, ұлтының бүгінгі буынына рухын табыстырып, келешек ұрпағына рухани мұрасын өсиеттеуде ел зиялыларының, билікті кісілердің пікірлері керек- ақ. Ахмет негіздеген әліпби арқасында қара танып, ғылымның сан саласын игеріп, дүниедегі ең сауатты ұлттар санатына қосылып отырғанымызбен, жұртымыздың бәрін бірдей зерделі дей алмайтынымыз да шындық. Текті жұртымыздың қанындағы қасиет тұнып қалмайды, қай тұста, қай істе болсын, күнделікті күйбеңге малтығып қалмай, сергек ойлы азаматтар, елдікті, келешекті кең ойлайтын кісілер де, сирек те болса, шығып тұрады.

Бүгініміз- өткенге борышты, келешектің негізі болмақ. Елдігіміздің тағдыры бүгінде, яғни салмақ та бүгіннің міндетін атқарып жатқан буынға, соларға көшбасшы азаматтарға түседі. Еліне, ұлтына адал қызмет еткен ер болса, халық көрмей- білмей қалмайды, небір қиямет- қайым замандардан

кейін де еске алып, есіркейді. Сондай тұлғаның бірі- Ахмет Байтұрсынұлы. Ахмет- қазақ мысалының негізін салушы, аудармашы, көсемсөзші, баспагерліктің, бұларды ұлт мүддесіне, тек қана ұлт мүддесіне орайлы пайдаланудың өнегесін танытқан адам. Жалпы бойға біткен қабілетті баспайдаға емес, халыққа арнау үлгісін көрсеткен де Ахмет. Халықтың ұлы болған, құлы болған Ахаң еңбегімен елге танылып, ұлы болған.

Ахмет – күрескер болды, қолына «Қазақ» атты газеттей қару ұстап, қазақтың азаттығы жолында табандылықпен майдандасты. Ахмет- шебер ақын, көрнекті ағартушы. Өлеңдерінің әрқайсысында бір ой, бір маңызды түйін бар. Әрбір өлеңнің шумағында ұрпаққа беретін тәрбиелік мәні зор. Оның «Маса» атты жинағы бар. Бұнда ол замана ағымымен кетпей, өзгелер сияқты қазақ халқын бай, кедейге бөлмей, тұтас жақсы көрді. Намысын бірдей жыртып, арын бірге жоқтады. Ол отаршылдықтың озбыр саясатына қарсы халықты ояту үшін халықты ағартудан басқа жол жоқ екенін, надандықпен, қараңғылықпен күресу керектігін толық түсініп, бар ғұмырын осы жолға арнады. Қуғын- сүргінге түсті- мұқалмады, түрмеге қамалды- жасып, мақсат- мүддесін танытты, үлгі- өнеге көрсетті. Бар ғұмырын адал қызмет етуге арнаған, оны туған халқына жау етіп көрсетіп, «халық жауы» деген жалалы жамылғы жауып, атқызды, атын атағандарды қуғынға салды. Бәрібір де олар мақсатына жете алмады. Ұлтын сүйген Ахмет Байтұрсынұлы, халқымен қайта табысты.

«Ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз- ақ Ахаң еді»- деп Сәкен Сейфуллин жазған болатын. Мен де бұған толығымен келісемін, шынында да сол замандағы халықтың тағдырына күйінген, ашынған, шын жүректен әділеттілікті аңсаған жалғыз Ахмет атамыз еді.

Алайда мынаны ұмытуға болмас: ел боламыз десек А. Байтұрсынов қалдырған рухани мұраны толық игеріп, ол шыққан ұлттық идея биігінен көрінуіміз керек, «Байтұрсыновшыл» болу- бүгінгі қазақ зиялысы алдында тұрған басты міндет екенін естен шығармағанымыз жөн.

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,

Ойлайтындар мен емес біртүнгісін

Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын

Ел бүгіншіл, менікі- ертеңгі үшін,- деген Ахаң, бүгінде бізді болашаққа шақырып тұр. Сәкен Сейфуллин кезінде былай деген болатын: «... Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен, Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл».

Ол шын мәнінде ұлт ұстазы, халқымыздың рухани көсемі бола білді.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ ТІЛТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

Бейсенова Карлыгаш Тенесовна
СҚО Ғабит Мүсірепов атындағы аудан
«Тоқсан би орта мектебі» КММ

Ахмет Байтұрсынов – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған ағартушы ғалым. Оның әліпбиі қазақ тілі табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды, ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болды. Ағартушының орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандары жөнінде жазғаны бар : «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» . [1]

Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтауды талап етті. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым»[2]деген.

Байтұрсынов қазақ мектептерінде қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімі салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу жұмыс. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін де өте маңызды. Тұңғыш төл грамматикалық терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді.

Байтұрсыновтың «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Сондай-ақ Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ.

Әліпби – тек сауат ашу ғана емес, ілім-білім үйренудің бастау көзі, ғылымға апаратын сара жол. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ ұлтының табиғи қалпын сақтау мақсатында, кемшіліктерді болдыртпау үшін өзінің білім беру

жүйесінде ана тілмен оқыту тәсілін ұстанды әрі осы жолда қазақ баласы үшін түрен жол салып берді. «...Қазақша дұрыстап қат жаза білуге бір-екі-ақ жыл керек. Әр істің басы қиын. Басында қиналмай кетсе, онан әрі тың кетеді. Бұлай болған соң әуелі оқу құралы жақсы болып жан қинамасына не керек?»[3] - деп, «ана тілі» ұғымына үлкен салмақ салып, әрі төл тілдің бастау көзін ашып алады.

Қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танудағы қызметі қазіргі мектептерде қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы жерде жаңа білім беру мазмұнындағы оқулықтардың кемшіліктерін ескерткім келеді. Ахмет қалыптастырған әдеби-теориялық терминдер осы күнге дейін өмірін жалғастыруда. Қазақ тілін әсем сөздермен әшекейлей білген Ахмет өз еңбектерімен басқа да елдерге танымал бола білді. Өзі де басқа халық ақындары мен жазушыларының жақсы деген өлеңдері мен мысалдарын өз ана тілімізге аударып кетті.

Ахмет – қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымының жаршысы. Ахметтің мұрағаты жаңа уақыт, жаңа заманға, халқына қызмет етуде. Ахметтің ілімдерін әлі де зерттеу қажет. Ахмет Байтұрсыновтың ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі қазіргі жаңа заманға өте пайдалы.

Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі - ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген сөздер, сәтті шыққан атаулар екенің олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы дәлелдейді.

Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ғалым бұрын айтқан пікірін тағы келтіріп, үдетіп беру машығынан таймайды.

«Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз жазу заманы – жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман...», – деп жазды ол.[4] Бұл жолдарда ғалымның өмір бойы жасаған істері тиянақты, жүйелі түрде айтылған.

Қазақ мектептеріндегі оқыту жайлы, олардың қиындықтарын таратып айта келіп, ғалым оқыту әдістерін ұсынады. Жалпы ғылыми мәні бар пікірлерді де айтып отырады. Мына тұжырымға көңіл бөліп, ой жүгіртіп көріңіздерші:

«Дүниедегі жұрттардың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбіршек тіл, 2) жалғамалы тіл, 3) қопармалы тіл. Түбіршек тіл түпкі қалыбынан өзгерілмей

жұмсалады, мәселен: қытай, жапон тілдері. Жалғамалы тіл сөздің аяғына жалғау қосылып өзгерілетін тіл, мәселен: түрік, финн тілдері. Қопармалы тіл сөз түбірімен қопарылып, өзгертілетін тіл, мәселен: орыс тілі, араб тілі» [5] Дәл бүгін айтылғандай әсер қалдыратын бұл пікіріне танданбасқа болады ма. Ахмет Байтұрсынов «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек», — деген ұлы талабын өзі нақты іске асырды. Ал қазір кейбір ғалымдар да, мұғалімдер де сол басқа тілден алынған сөздердің қазақша баламасын тауып, ауыстыруды ұят деп санайды.

Ахмет Байтұрсынов тұсындағы тіл білімін, қазақ тілін зерттеу сипаты және олардың даму деңгейі мен қазіргі замандағы лингвистика ғылымы жеткен биіктік арасында жылдармен өлшенетін үлкен кезең, толық бір дәуір жатыр екен. Бірақ тіл біліміндегі Ахмет Байтұрсынов айтқан ойлар, ол бастаған ғылыми дәстүр бір сәтке де үзілген емес, өзінің үлесімді сабақтастығы, кейінгі қалам қазақ лингвист-ғалымдарының еңбектерімен жалғасты.

Ағымдағы оқу жылының алдында өткен тамыз конференциясында ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов «Әліппе» оқулығы Ахмет Байтұрсынұлының әдістемесі негізінде қайта енгізілетінін айтқан еді. Бұның өзі қазақ тіл білімінің атасы әрі реформаторы ретінде мойындалған Ахаңның еңбектері өзектілігін ешуақытта жоғалтпайтынын көрсетеді.

Бүгінгі білім беру кеңістігінде шетелдік және отандық әдіскерлер «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы, «Инсерт» стратегиясы сияқты тағы басқа оқытудың түрлі әдістерінің ерекшеліктері мен ұстанымдарын айқындап көтеріп жүр. Өткенге барлап қарасақ, бүгінгі жаңашыл деп табылған оқыту технологиялары Ахмет Байтұрсынұлының жоғарыда аталған еңбектерінен бастау алатынын атап өткеніміз жөн. Бұны біз ғалымның өз заманындағы балалар мен ересектердің сауатын ашуға арналған оқу құралдарынан да, шағын мақаларынан да аңғарамыз. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектептеріне арналған «Әліпбиі» (Жаңа құрал) оқулығын жазуда көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық, т.б. дидактикалық ұстанымдарды, дамыта оқыту идеясын басшылыққа алғанын анық аңғаруға болады.

Қазіргі таңда ересектерді оқытатын оқытушылар мен мектеп мұғалімдері жалпы білім берудің ең ұтымды тәсілі ретінде Блум таксомониясын басшылыққа алады. Блум таксомониясының · білу — мағлұматтар мен ақпараттарды еске түсіру; · түсіну — жаңа идеяны түсіну, ондағы негізгі идеяларды салыстыру, сипаттау; · қолдану — жаңа білімді түрлі нұсқада пайдалану; · талдау — дәйектер мен себептерге байланысты ақпаратты тексеру және жіктеу; · жинақтау — ақпараттарды жүйелеу; · бағалау — ақпарат бойынша қорытынды жасау және жұмыс сапасын бағалау» сияқты

6 ережесі сын тұрғысынан ойлауда, яғни ойлау дағдыларын қылыптастыруда, жетілдіруде соны әдістемелердің бірі делінеді. Блум таксономиясындағы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысы жайында өз заманында сан жылдар бұрын айтылып кеткен Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. Ағартушы әдіскер «Ана тілінің әдісі» атты мақаласында ана тілін үйрету әдістерін былайша бөледі:

- 1) Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер жалпылау (синтез) немесе жиылыңқы әдіс деп аталады.
- 2) Кей әдістердің негізі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бірі жалқылау (анализ) немесе айырыңқы әдіс деп аталады.
- 3) Кей әдістің негізінде қосу да, талдау да болады. [5]

Яғни, ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды деп көрсетеді. Бұл санаттарын қазақ тілінен оқулықтарды құрастыруда да, сабақ әзірлемелерін жасауда да басшылыққа алған жөн.

Ахмет Байтұрсынұлының еңбегінде қазіргі әдістемеде білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекеттерінің 4 түрі (жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым) арқылы тілді меңгерудің әдістері жайында ой-пікірлерін де табуға болады. Ғалым «үйретуді» өнер деп бағалайды. «Үйрету өнер болған соң, ана тілін үйрету – бұл да өнер. Олай болса өнерлерде болған сындар мұнда болмақ» – дегені сөзсіз ақиқат.[6] Әдіскер тіл үйретуге мыналарды жатқызады:

- 1) оқылым – оқу үйрету;
- 2) жазылым – жазу үйрету;
- 3) айтылым – сөйлеу үйрету. Сөйлеу әрекетінің төрт түрі Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралында» кездеседі. Мәселен, оқылым әрекеті буындап оқу, тұтас оқу арқылы; жазылым әрекеті сөздерді буындау, тасымалдау, көшіру, құрастыру, сөзден сөз тудыру арқылы; айтылым әрекеті сұрақтарға жауап беру арқылы; тыңдалым әрекеті жаңылтпаштарды есте сақтап, жатқа жазу арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда қазақ тілін оқытуда жазбаша тілдегі сөздердің ауызша тілдегі қатынасы ескерілмей жатады. Білім алушылар әріп пен дыбысты ажырата алмай, бір үйлесіммен, бір ырғақпен айтылатын сөз тіркестерін жазба тілдегі нұсқамен айтатын дәрежеге жеткен.

Елімізде латын әліпбиіне көшу әлі де екі жақты тартыс пен талас тудырып отырған мәселе болып табылады. Кейбіреулер Ахмет Байтұрсынов бастаған қазақтың ардақтылары латын әліпбиіне қарсы болған деген пікірлерін де алға тартады. Ахмет Байтұрсынұлының латын жазуына қарсы шыққандығы негізгі ойлағаны – елдің мәдениеті мен экономикалық жағдайы еді. Ахаң латынға көшу арқылы бүкіл қазақ халқы біріншіден, рухани-мәдени дүниесінен айырылатындығын, екіншіден, оқулық шығару, баспа ісі, т.б. латындандыру үшін орасан көп қаржы керек болатындығын ескерткен еді.

Қазіргі ғалымдар пікіріне қарасақ, қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру елімізге саяси жағынан да, ғылым-білім тұрғысынан да, заман

талабына сай даму үшін де өте маңызды. Сондай-ақ, бұл шараның қазақ тілінің дамуына, қолданысының кеңеюіне қосар үлесі де қомалды. Себебі бүгінге дейін өзіміз әбден үйренісіп, қолданып келе жатқан кирилл жазуы да аса жетілген, кемел емес екені белгілі. Мұны түсіндірме сөздікпен жұмыс істеуде, әсіресе сөздердің орфографиясы, орфоэпиясына келгенде анық байқадық. Жазуымызда қазақ тілінің дыбыс жүйесіне бағынбайтын кемістіктер, көпшілік үйреніп кеткенімен, кірме сөздердің орыс тіліндегі заңдылықтар бойынша сақталып жазылуы, басы артық ь, ъ белгілері, в, ф, ц, ч, щ, ю, я әріптері, т.б. қиындықтар кездеседі. Латынға көшуде өзге себептермен қатар, тілдік тұрғыдан осы бір қиындықтарды шешуге, қазақ тілінің дыбыс жүйесін сақтайтын, табиғатына сай жүйелі, жетілген әліпбиді жасау мүмкіндігі туып тұр.

Қорытындылай айтқым келеді, қазіргі жаңашыл деп танылып жүрген технологиялары ғұлама ағартушының еңбектерінде көрініс тапқан болатын. Бұдан біз сан жылдар бойы жұртшылыққа ұсынылмай, әділ бағаланбай келген Ахмет Байтұрсынұлының оқу ағарту саласындағы әдістерінің, қазақ тілтану ғылымындағы еңбектерінің өміршеңдігіне көз жеткізуімізге болады.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Сулейменова Батағоз Акжановна

СҚО Қызылжар ауданы

«№2 Бескөл орта мектебі» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі



Сан ғасырлық алуан қатпарлы тарих көшінде халқының басын қосқан, жарқын болашаққа бастаған, беделін асырған, намысын оятқан, абыройын қорғаған тұлғалар, әлбетте, аз болмаған. Ұлт тарихының қалың оқулығы бізге тағылым аларлық сан тұлғаның өмірі мен өнегесін ұсынғанда, олардың ішінен мемлекет тізгінін қолына ұстаған хандар мен билерді, ел іргесін жаудан қорғаған баһадүрлерді, әлеумет өмірін кең толғаған жыраулар мен ақындарды, ән мен күйін әуелеткен өнерпаздарды, халқына жол нұсқаған ойшылдарды көреміз. Бойына алуан қабілетті сыйғызған осындай айтулы тұлғалардың ортасында барша қазақ “Ахаң” деп құрмет тұтқан, “Ұлт ұстазы” деген аса мәртебелі ат иеленген-Ахмет Байтұрсынұлының ерекше орны бар.

Елдің басына төнген кешегі қара бұлттың көбесі сөгіліп, азаттықтың ақ туы көк аспанда желбірегелі бері қазақ руханиятына зор үлес қосқан ұлт қайраткерлерінің еңбектері мен шығармашылығы туралы жазылып, мәдениетіміздің шамшырағы жанғандай болды. Өшкеніміз жанып, өлгеніміз қайта тіріліп, руханиятымыздың кем-кетігінің орны толықты. Осы бір тұста туған халқымен қайта қауышқан Ахмет Байтұрсынұлының жөні бөлек. Талай уақыт архив пен жасырын құжаттарда сақталып келген оның есімі тәуелсіздік таңымен бірге қайтып келді.

Халық қайраткері, ұлт ұстазы, жамағат жанашыры Ахмет Байтұрсынұлы – халқының азаттығы, елінің тәуелсіздігі мен ұлттық мемлекеттігі жолында жан аямаған күрескер. “Елшілдік ұранын көтерген” (М.Әуезов), жаңа заман жаршысы, ұлы реформатор. Дарынды сөзімен дабыл қаққан, өлең өрімі мен өресін ұққан ұлы ақын. Бала тәрбиесінен бастап, ұлттық санаға дейінгі педагогикалық мәселелерді түгел зерделеген ұлт ұстазы, гуманист ағартушы. Ұлттың дыбыстық жүйесін дұрыстап, әліпбиін жаңғыртқан, жазуын жүйелеп, жөнге салған ұлы тілші. Қазақ әдебиеті теориясының тәмсілін түзген, көркемдік кестесінің қисындарын көрсеткен әдебиеттанушы. Оқу мен оқытудың озық үлгілерін, оңай тәсілдерін үйретуші шебер әдіскер. Өзге жұрт жауһарларын өз тілінде сөйлеткен, өзгенің игілігі өз еліне пайдасын тигізерді ойлаған тапқыр аудармашы. Ұлттық ұғымға сыйымды, тіліне жатық, ойына жатық атаулар қорын түзген терминтанушы...

Ел ертеңін ойлаған есіл ердің ерен еңбегі бұл аталғандармен шектелмейді. “Тән көмілер, көмілмес еткен ісім, ойлайтын да мен бір күнгі ісін, жұрт ұқпаса ұқпасын, жабықпаймын; ел – бүгіншіл, менікі ертең үшін” дейтін азаткер азамат арқалай алған уақыт жарлығы мен жұртының жауапкершілігіне саятынның баршасымен толығып кете береді...

Ахмет Байтұрсынов – қазақ мәдениеті мен руханиятында тұтас бір дәуірді алып жатқан үлкен тарихи тұлға. Оның тағылымға толы шығармалары өз кезеңінің негізгі ұранына айналып қана қоймай, бүгінгі күні ұлтының айнымас темірқазығына айналды. Ол өзінің тума талантын халқының жолында шыңдап, іргелі істердің аңдатпасы ретінде тарихи сахнаның бедерінен көрінген. Ол қараңғыдан жол тауып, қазақ қоғамына өзінің сәулесін төкті. Оқу мен білімнің қажет екенін түсінген А. Байтұрсынов қазақ даласына жарық беріп, ағартушылық қызметпен айналысқан еді. Бұл оның елі үшін туған арда азамат екенінің айқын көрінісі.

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,

Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.

Жұрт ұқпаса ұқпасын жабықпаймын,

Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін, – деп жырлаған ақын А. Байтұрсыновтың негізгі мақсаты туған халқына қызмет ету екенін байқауға болады. Халықтың ояну, білім алу, ғылым игеру мәселелерін басты назарда ұстаған оның және Алаш қайраткерлерінің ұлт үшін еткен істері едәуір екені сөзсіз. Сонымен қатар, ол өз елінің ұшпаққа шығуын ойлап, осы жолда небір кедергілер мен кесепаттарды көрді. Елдік мұрат пен ұлттық мүддеге қызмет ете отырып, шолақ белсенділердің «таяғының» астында қалды. Сонда да Ахмет Байтұрсынов өзінің алған бағытынан таймай, іргелі істері арқылы елінің азаттығы жолында барын салды. Бұл тек нағыз жанкешті жанның қолынан келер іс.

Ахмет Байтұрсыновтың артына қалдырған мұралары мазмұнды екені даусыз. Осыған қарап біз ұлт ұстазын әлденеше университет бітірген, әмбебап білімдар адам деп ойлаймыз. Алайда, кітап беттерінен оқығанымдай, ол өз өмірінде екі-ақ оқу орнын көрген екен. Оның бірі – Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесі болса, екіншісі – Орынбордағы мұғалімдер

дайындайтын қазақ мектебі. Бұдан біз, Ахмет Байтұрсыновтың өз бетінше оқып, өмірден әлденеше университетке татитын білім алғанын аңғарамыз. Бұл бүгінгі күнде қос-қос диплом алып, бірақ білімді іс жүзінде емес, қағаз жүзінде ғана алып жүрген адамдарға үлкен сын...

Ұлт ұстазы өмір сүрген кезеңде қазақ халқы арасында көзі ашық, сауатты азаматтар аз болғандығын білеміз. Осы тұрғыда Ахмет Байтұрсынов халқының мүшкіл халін көріп күйзеліп, оны өзге жұрттармен салыстырып, қараңғылықтан, надандықтан шығудың жолы – оқу, білім деп табады. Және сол жолда ол, қазақ балаларының өз ана тілінде сауат ашуына арнап әліппе жазады. Осы бір оқиғаның барлығын былтырғы жылы жарық көрген “Ахмет ұлт ұстазы” атты телехикаядан да анық көруге болады.

Барлық саналы ғұмырын ұлт күресінің қасиетті жолына арнаған Ахмет Байтұрсынұлының есімі ел шежіресінде көптеген қырынан айтылады. Біріншіден, ол-қайраткер тұлға. Алаш қозғалысының бастауында тұрып, оның өрістеуіне, жалпыұлттық қозғалысқа айналуына ерен еңбек сіңірген шын мәніндегі ұлт қайраткері. Тіпті, Алашорда таратылып, кеңестік билік орнаған шақта да Ахаң қайраткерлік тұғырында қалды. Соның жарқын мысалы-қазақтың кеңестік кезеңде автономияға қол жеткізуіне басты себепкер болғаны және қазақ жерінің тұтастығы үшін большевиктік билікке дегенін орындатқаны. Екіншіден, ол-сан буын қазақтың сауатын ашқан ұстаз. Оның әліпбиін осы күнге дейін миллиондаған қазақтар пайдаланады.

Қазақ тілін талдап-тануда Ахмет Байтұрсыновтың еңбегін және бір тұрғыдан ерекше бағалау керек: ол – термин жасаудағы іс-әрекеті. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша термин ұсынды. Осы күнгі қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу сынды сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің баршасы А.Байтұрсыновтікі. Бұлардың барлығы дерлік не бұрынғы сөздің мағынасын жаңғырту, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соңғы атаулар, жасанды сөздер.

Ахмет Байтұрсынов терминология мәселесіне қатты назар аударған. Ол тек білім саласы емес, әдебиеттану саласының да көптеген терминдерін жасағаны мәлім. Бұлар да өте сәтті шыққан, қонымды атаулар болған. Сондықтан әдебиеттанудағы А.Байтұрсынов ұсынған терминдердің басым көпшілігі күні бүгінге дейін қолданылып отырған.

Ахмет Байтұрсынұлы халықты оятудың жолын оқу-білімнен іздеді, Еуропада ғылым қазақта олардың жұрнағы да жоқ деп, Еуропаны үлгі тұтты. Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді деп санады. Қиын-қыстау кезеңіне қарамастан ғылымның дамуына ерекше назар аударып, академиялық орталықтың жұмысын басқарып, оның өркендеп дамуына жағдай жасап, оған өзі тікелей бағыт беріп отырды. Бұл саладағы қайраткердің қызметін ерлікке бағаласақ артық болмас еді. Жетім балар үшін балалар үйі мен мектеп интернаттарын ашып, олардың әлеуметтік жағдайларын барынша жақсартты. Әлеуметтік жағдайдың әбден жіңішкеріп, экономикалық тапшылықтың құрсауындағы мемлекеттің дамып-жетілуіне

зор еңбегін қосқанына қарамастан Кеңес үкіметі А. Байтұрсыновқа алақөздік танытып, қуғын-сүргінге ұшыратты.

Бүгінде Ахмет Байтұрсыновтың шығармалары халық арасында кеңінен танымал. Оның есімін қазақ халқының тәуелсіздігімен байланыстырмау мүмкін емес. Осы жолда аянбай еңбек еткен оның тағылымға толы істері бүгінгі күні өз дәрежесінде бағаланып жатыр. Бұның бәрі ұлт мүддесін берік ұстанған Ахмет Байтұрсыновтың халқына деген сүйіспеншілігінен туындайтын дүниелер.

Қорытындылай келе, бақытқа тек қана білім, таным арқылы жетуге болады деп есептеген Әл-Фараби және білім мен біліктілікті құтқа жетудің жолы деп санаған Жүсіп Баласағұнның үрдістерін бойына сіңірген Ш. Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Абайдың тамаша дәстүрлерін жаңа кезеңде жалғастырушы, ұлы ағартушы-реформатор Ахмет Байтұрсынұлы халыққа білім беру, оқу саласы, мектеп жұмысын ұйымдастыруда қазақ тарихында өшпес мұра қалдырды.

ҰЛТЫН СҮЙГЕН ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ

Сейткасимова Дания Манановна

СҚО Айыртау ауданы

«Аксеновка орта мектебі» КММ

қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі

«Басқалардан жаман болмас үшін білімді,
бай және күшті болуыңыз керек.

Білім алу үшін – оқу керек.

Бай болу үшін сізге мамандық қажет.

Күшті болу үшін – бірлік қажет»

Ахмет Байтұрсынұлы.

Қазақ балаларына білім беруге бар күшін арнаған «Алаш» партиясының мүшесі Ахмет Байтұрсынұлы мемлекет және қоғам қайраткері ғана емес, ол – ағартушы, түрколог, реформатор-ғалым, ақын және аудармашы. Ұлтын сүйген, оның болашағының жаңа өмірге бет бұрғанын армандаған Ахмет Байтұрсынұлы ұлтымыздың өскелең ұрпағының халқына адал, еңбексүйгіш, білімді болып, оның ежелден келе жатқан дәстүрлерін жалғастырушысы болғанын аңсады, көргісі келді. Жастарды халқымыздың жарқын болашағының үміті деп санаған ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы жас ұрпақтың жаңаша оқып-білім алуы үшін ойлары мен білімдері бірдей ұштасқан мұғалімдер керек екеніне өз еңбектерінде көп тоқталған. Жастарға арнаған шығармаларында олардың дамуы үшін өзін-өзі қамтамасыз етуге шақырады, яғни, жастарға «Басқалардан кем болмас үшін білімді, бай және күшті болуыңыз керек. Білім алу үшін – оқу керек. Бай болу үшін сізге

мамандық қажет. Күшті болу үшін – бірлік қажет», – деп, үндеу тастап отырды.

Артында мол мұра қалдырған ағартушының өмір тарихы жастар үшін үлкен өнеге: өз халқына адал және әділ қызмет етуге үйретеді. Даналықты шексіздікке теңеген Ахмет Байтұрсынұлы адам баласының білімге деген, жаңашылдыққа деген ұмтылыста тоқтамай, алға ұмтылғанын қалаған.

Бойындағы бар өнер-білімін, талантын кең даланы мекен еткен қандастарының тез оянып, оларды жарқын жолға түсіп, прогрессивті бағытта алға ұмтылуға шақырудан аянбаған Ахмет Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың басындағы қазақ рухын оятқан көшбасшыларының бірі болды. Қазіргі таңда өмірі аңызға айналған ол – жүрегі «ұлтым» деп соққан кейінгі ұрпақ өкіліне құндылығы ұшан-теңіз бағалы мирас қалдырып кеткен көрнекті тұлға. Өзі өмір сүрген кезеңнің алып толқындарына берілмей, мұқалмай, қиындықтарына қайсарлықпен тойтарыс беріп, шыңдалған өр мінезді қаһарман ғалым Ахмет Байтұрсынұлы – қараңғы түнекке сәулесін шашыратқан жарық жұлдыз іспеттес еді. Қатты ұйқыдан ояна алмай, бұйығып жатқан қазақ даласын нұрға, шуаққа бөлеуді армандаған ағартушының болашақ туралы арман-мақсаты, жоспарлары, көзқарасы «Оян, қазақ!» жинағының авторы, демократ ақын, өзі сияқты қазақ зиялыларының бірі емес, бірегейі Міржақов Дулатовтың көзқарасымен, мақсатымен ұштасып жатты. Міржақып ақын ұлт зиялыларының ұстазы Ахмет Байтұрсынұлымен, Әлихан Бөкейханұлымен бірігіп, «Қазақ» газетін ұйымдастырған. Осылай осы үштік Қарқаралыдағы саяси-бұқаралық жұмыстарға қатысты. Қазақ халқының еркіндікке жетуінің басты жолы иықтан басқан ұйқысынан оянып, есін жиып, дүр сілкініп, ескіліктен, надандықтан құтылу екенін жақсы түсінген зиялылар ұстазының үні Міржақып Дулатовтың өлең жолдарымен үндесіп, қазақ даласын бірге шарлады.

Ағартушы ғалым Ахмет Байтұрсынұлының «...білімді үйрету жолы басқа. «Тіл – құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін түрлі бөлшектерін, тетіктерін, ұсағын ұсағынша, ірісін ірісінше жүйелі тұрған орнында алып көрсетіп танытады. «Тіл – жұмсар» сол үлкен құралдың бөлшектерінен, тетіктерінен балаға шағындап бөлек-бөлек ойыншық сияқты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмсату арқылы барып үлкен құралды танытады» – деген пікіріне сүйене отырып, оның халқын өзінің ана тілі арқылы сауаттандыру мақсатына арнап жазған еңбектеріне тоқталайық: Бала кезінен тағдыр тәлкегін басынан кешкен бала Ахметтің туған тіліне деген құрметі жоғары болды. Ұлттың туған тілін адамзатқа тән барлық құндылықтан жоғары қойған Ахмет Байтұрсынұлы ұлтты сақтайтын ең қуатты құрал тіл екенін өз еңбектерінде дәлелдеп жазған. «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – деп, кейінгі ұрпаққа ана тіліге, туған тілге деген құрметті, жанашырлықты аманат етіп кеткен ғалым, ойшыл Ахмет Байтұрсынұлындай кемеңгеріміздің әр сөзі біз үшін алтыннан да қымбат. Тілдің құрал екендігіне тоқталып, «Тіл – құрал» (1914-1923 жылдары Орынбор қаласында жарық көрген) оқулығында оның құрылымы мен

қыры-сырын жіті түсіндіріген ғалым бұл оқулықты үш жылғы сыныптарға арнап жазған. Әлем тілінің үш топқа бөлінетіне сүйене отырып, ғалым қазақ тілінің қай топқа жататынын атап көрсетіп, тіліміздің негізгі ережелеріне тоқталған. Ахмет Байтұрсынұлы бұл оқулықта дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін түсіндірумен қатар, оларды оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерімен де таныстырған.

Өзінің тіл туралы зерттеу мақаласында «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. ... Біздің заманымыз – жазу заманы, жазу мен сөйлесу, ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман», – деп жазған реформатор-ғалым Байтұрсынұлы қазақ әліпбиін түзеп, түрлеудің, ана тілінде оқулықтарды жазудың мәні зор екеніне тоқталып, тілге байланысты өте жауапты жұмысты қолға алған. Ғалымның еңбектерінің араб жазуы негізіндегі қазақ әліпбиінің өзі өмір сүрген кезеңде халқымыздың мәдени тұрғыдан дамуына зор серпілістер әкелгенін, жазба дүниелердің дамуына, қалың жұртты жаппай сауаттандыру ісіне, баспа жұмысының жандануына ықпал еткені туралы оның үзеңгілес замандастары, XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары М.Дулатов, Е.Омаров, Т.Шонанұлы, М.Әуезов сынды жазушы-қаламгерлер де жазды. Осылай ғалымның тіл және оны оқыту тәсілдері туралы еңбектері айырықша аталып, жоғары бағаланды.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі мен әдебиетінің негізін салушы реформаторлық қасиетіне тоқталған оның еңбектерін зерттеуші қазастандық филолог-ғалымдар құнды зерттеу еңбектерін жазды. Мысалы, Өмірзақ Айтбаев 1991-ші жылы «Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қазақ тілінде қалыптасуы мен дамуы» тақырыбында докторлық диссертация жазса, араға үш жыл салып, яғни 1994 жылы, Н.Машқанова «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ жазуының реформаторы», 1995 жылы Абат Қыдыршаев «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы», 2005 жылы Қ.Ибраймов «Ахмет Байтұрсынұлының еңбектеріндегі терминология және стилистика мәселелері» тақырыбында кандидаттық зерттеу жұмыстарын жазды. Жоғарыда еңбектеріне тоқталып кеткен филолог-мамандар өз зерттеулерінде тіл саласындағы ғалым жүйелеген категорияларды бүгінгі таңда оқытылып жатқан түрлерімен байланыстыра қарастырды. Ахмет Байтұрсынұлын тек тіл маманы ғана емес, оны педагогикалық қырынан да зерттеген ғылыми еңбектер де баршылық. Арнайы тоқталсақ, олар: Р.Үсембаеваның «Ахмет Байтұрсынұлы мұралары арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу» (1999 ж.), Б.Иманбекованың «А.Байтұрсыновтың тәлімдік ой-пікірлерін педагогикалық колледждердің оқу тәрбие үрдісіне енгізу жолдары» (2000 ж.) тақырыптарындағы ғылыми еңбектері.

Қазақ әліпбиі немесе Байтұрсынұлы емлесіне тоқталсақ, ол тек сауат ашу құралы емес, ілім-білім оқып-үйренудің бастауы, ұрпағымызды ғылымға апаратын сара жол еді. Халқымыздың тарихына үңілсек, өзі өмір сүрген тұста қазақ даласында оқып-білім алған, сауатты жандар аз еді. Олардың басым көпшілігі не татарша, не орысша білім алған, оның үстіне, осы тілдермен араластыра сөйлеп, «қойыртпақ» тілге айналдырып жіберген.

Осы жағдай жанын ауыртқан А.Байтұрсынұлы ұлтымыздың тілінің табиғи қасиетін, құрылымын сақтау мақсатында жоғарыда айтылып кеткен кемшіліктерді болдыртпау үшін өзінің ашқан білім беру жүйесінде ана тілінің оқыту тәсілін ұсынды. Қазақ әдебиетінің іргесін қалаушы Мұхтар Әуезов ағартушы, ғалым Ахмет Байтұрсынұлының ашқан қазақ мектебінің алға қойған ұстанымы – жаңа дәуір қазағын ана тілінде сусындатып, сауаттандырумен шектелмей, олардың әлеуметтік ортада ішкі ой-танымын, талғамын қазақшаландыру екенін жазып кеткен. Осылай ғалым қазақ баласының білімді азамат болып қалыптасуы үшін жаңа жол салып берді. Ахмет Байтұрсынұлы. «...Қазақша дұрыстап қат жаза білуге бір-екі-ақ жыл керек. Қазақша оқу дегенде мен осы күнгі мұсылманша оқып жүрген жолменен оқуды айтпаймын, қазақтың тіліменен оқуды айтамын. Бұл күнгі мұсылманша оқып жүрген жолдың бұлғалақ-жырғалағы көп, оныменен жүріп қат жаза білуге жеткенше русша білуден уақыт кем кетпейді. Себебі, қазақ тіліменен оқытпай, ноғай, түрік, парсы, араб тілінде жазылған кітаптар араласып, бас қатып, мый ашып, балалар әуре-тәуре болады. Сондықтан оқу керектігі даусыз болса, оқуға керек құралдарды сайлау керектігі де даусыз. Жақсы құралменен іс істегенде көпке тиіп жанды қинамайды. Оқу құралы да сондай, жан қинамайтұғын болса, жақсы болады. Әр істің басы қиын. Басында қиналмай кетсе, онан әрі тың кетеді. Бұлай болған соң әуелі оқу құралы жақсы болып жан қинамасына не керек?» – деп, «ана тіл» деген сөздің негізгі мәні атау тұлғадағы ұғым екеніне арнайы тоқталып, оған үлкен салмақ салып, төл тіліміздің бастау көзін ашып алады. Ағартушы-ғалымның осы ойларынан оның дала жастарын «қазақтың тіліменен оқытуды» көксейтінін көріп отырмыз.

Білім алу саласының қазақ халқының өміріндегі кенжелеп қалған жағдайы ғалым, ағартушының мектеп оқулықтарын жазу ісіне кірісуіне ықпал етті. Ғалым мектеп оқулықтарын жазу ісіне кенеттен келмеген. Ол бұл жолға қазақ арасындағы ұзақ жылдардан бері артта қалып келе жатқан осы бір кенже салаға үлкен дайындықпен, кіріссе керек. Ағартушы ұстаз 1913 жылы ғылым-білім туралы: «... ғылым, өнер турасында біздің жайымыз ... жарлының халі сықылды. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі, оқу үйрететін орындар сайлы болу керек, екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек» деген шешімге келген ғалым осы «керектерді» іске асыруда ең бірінші болып өзін өзгелерге үлгі ете білген. Тіл саласында «Оқу құралы» (1912, 1913, 1914), «Тіл – құралы» (1914, 1915, 1923) оқулықтарын, әдіскер-ұстаз ретінде «Баяншы» (1920), «Сауат ашқыш» (1926), «Әліп-би» (1928), «Тіл жұмсар» (1928) атты кітаптарды жазды.

Ахмет Байтұрсынұлының ғасыр толып отырған «Оқу құралы. Қазақша алифба» атты оқулығы алғаш 1912-ші жылы Орынбордағы жарық көрген. Автор «Балалар, бұл жол басы даналыққа» деп басталатын «Тарту» атты ғибрат тақпағын оқулықтың беташары ретінде берген. «Әліпби түзелмей, іс оңалмайтынын» білген ағартушы қазақ **әліпбиінің кестесін құруды** қолға

алады. Төменде Ахмет Байтұрсынұлының түзген әліпби кестесіне көңіл бөліңіздер:

№	1912	1927	Латынша	Кирилше	Айтылуы
1	2	3	4	5	6
1	ا	ا	A	a	a
2	ا	ا	Ә	ә	ә
3	ب	ب	B	б	бы/бі
4	پ	پ	P	п	пы/пі
5	ت	ت	T	т	ты/ті
6	ج	ج	C :	ж	жы/жі
7	د	د	D	д	ды/ді
8	ر	ر	R	р	ыр/ір
9	ز	ز	Z	з	ыз/із зы/зі
10	س	س	S	с	сы/сі
11	ش, ج	ش, ج	с, c	ш	шы/ші
12	غ	غ	Q	ғ	ғы
13	ق	ق	Q	қ	қы
14	ك	ك	K	к	кі
15	گ	گ	G	г	гі
16	ڭ	ڭ	N	ң	ың/ің
17	ل	ل	L	л	ыл/іл
18	م	م	M	м	мы/мі
19	ن	ن	N	н	ны/ны
20	ر	ر	O	о	о
21	و	و	Ö	ө	ө
22	ۇ	ۇ	u	ү	ү
23	ۇ, ڧ	ۇ, ڧ	ü, w	у, ۋ	у, ۋ
24	ه	ه	E	е	е
25	ى	ى	Ы	ы	ы
26	ئى	ئى	J	і	і
27	ي	ي	Ü	и	й
28	ى :	ى :	E	е	йе
				Дәйекше	

Өз еңбектерінде ғалым Абат Қыдыршаев ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің іргетасын қалаушысы екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Сонымен қатар, ол ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектерінің қазіргі кездегі оқыту-үйрету тәсілдерімен сабақтастықта екенін де көрсеткен.

Бүгінгі таңдағы бастауыш мектептерге арналған 1-сынып әліппесіндегі «Қазақ алфавитінің» авторын ажырата білу мақсатында «Қазақ әліпбиі, қазақ жазуын жетілдірудегі Ахмет Байтұрсынұлының рөлі» деген тақырып аясында мектеп бағдарламасында арнайы сағат бөліп оқыту өзекті мәселелердің бірі болмақ (ғалымдар пікірі). Арамызда әліппенің атасын білмейтін де мұғалімдердің кездесуі мүмкін ғой. Байтұрсынұлының кеңес кезеңіндегі, бірінші латын, сонан соң кирил әрпіне қопарылып, көшіп келген төте жазудағы «28» таңбамен түзілген әліпбиі аз ғана өзгеріске ұшыраған. Міне, осы ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы айқындап берген ана тіліміз жылдар бойы қазақ балаларына қызметін көрсетіп келеді.

Жүрегі «елім, жерім, ана тілім» деп соққан кейінгі әрбір қазақ баласы ретінде айтарым: ұлт мектебінің ұлы ұстазы, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану теориясының негізін салушы ағартушы, ғалым Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиін «ұлттық мұрамыз» деп мақтан тұтуымыз керек. Бұл – ұрпақ алдындағы ғалымның аманаты, ал біздің – парызымыз, сондықтан осындай асыл мұраны адалдық, адамдықпен жоғары деңгейде қорғай білейік.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Ө. Айтбаев. «Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қазақ тілінде қалыптасуы мен дамуы». «Ясауи университетінің Хабаршысы» ғылыми журналы, №4 (118) 2020 ж.
2. А.Т. Аширова. «Тіл білімінің алтын діңгегі – Ахмет Байтұрсынұлы». «Ұлт болмысы» журналы, 2017 жыл.
3. Мектептегі А. «Ахаң түзген әліпби» // Ана тілі, 30 қаңтар 1992.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ҰЛЫ ОЙЛАРЫН БҮГІНГІ ҰРПАҚҚА ЖЕТКІЗУ – ҰЛЫ МІНДЕТ

Кажикенова Сая Алкеновна
СҚО, Айыртау ауданы
«Саумалкөл қазақ орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, п.ғ.магистрі

Білім – бір құрал. Білімі көп
адам құралы сай ұста сықылды,
не істесе де келістіріп істейді.

А. Байтұрсынұлы

Ақын, ғалым, аудармашы, публицист, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы қарсаңында баспасөз беттерінде біршама мақала, зерттеу жұмыстары басылып, кей әріптестеріміздің іс-тәжірибелері де жарық көруде. Әрине, «Ұлт ұстазы» атанған Ахмет Байтұрсынұлының халыққа сіңірген еңбегі өлшеусіз. Елін надандықтан құтқару мақсатында «сары маса» болып, өлеңдер арнап, «Маса» жинағын шығаруы, кей адамдардың қыңыр мінезін, қазақтың жалқаулығын, шаруаға

қырсыздығын «Қырық мысал» аударма еңбегіне тақырып қылып алуы, газет беттеріне алуан түрлі мәселелерді мақала етіп шығаруы – бәрі-бәрі ұлы тұлғаның, сөз жоқ, ұлы еңбектері.

«Өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар-имандарын сатып жүргенде Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен. Ахмет Байтұрсынұлы – ұлтын шын сүйген шын ұлтшыл» - деген С. Сейфуллин пікірі де А. Байтұрсынұлының ерен еңбегін паш етеді. Ахмет сияқты ұлы адамның алдына қойған мақсат-міндеті оқу-ағарту ісі болған. Оны мына пікірі арқылы біле аламыз. «Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі» деген ғой. Осыған орай ғалым тіл лингвистикасына үлкен назар аударып, тұңғыш әліппеміз – «Оқу құралын», «Әдебиеттанымдық» еңбектерін жазды. Тіл білімі, әдебиеттану терминдерін қалыптастырды. Өзі қиын жағдайды басынан кешіріп жүрсе де, (бірнеше рет айдауда болып, абақтыда отырған) жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі – бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс» деп қараған ұстаз 1921-1925 жылдары Орынбордағы, 1926-1928 жылдары Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді.

Сол кездің өзінде «бала бастауыш мектепте бар пәнді тек ана тілінде ғана оқуы керек» деген қағидатты ұстана отырып, жұмыс жасады. «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды» деген пікірді де ұлы Ахаң қалдырған екен. Шынында да, өз ана тілінің уызына қанған, басқа тілдерге көңіл аудартпай-ақ, өз ана тілімен бар пәнді игерген бала бүгінгі күнгі ұрпақтай болмас еді. Қазір балаларымыз басқа тілде сөйлеуге шебер-ақ. Ол, әрине, бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне еніп, қалыптасып кеткен ұялы телефон т.с.с. салдары дер едік. Неге Ахандар, Алашорда азаматтары тіліміздің таза күйінде қалуына бар күштерін жұмылдырды?.. Өйткені тіл – ұлттықты сақтайтын ұлы құрал екені сол кезден-ақ мәлім еді.

Бүгінгі жаңартылған білім беру бағдарламасында ХХ ғасырдағы ұлы тұлғалардың бірі де бірегейі, қазақ тіл ғылымының негізін салып, тіл заңдылықтарын кейінгі ұрпағының қажетіне жарайтындай етіп қалдырған, халық перзенті, ақын, қоғам қайраткері, көсемсөз, тәржіма ісінің шебері болған А. Байтұрсынұлы шығармашылығына тиісті орын берілмей жатқан сыңайлы. Себебі 5-сыныптың «Қазақ әдебиеті» оқулығында Ахмет Байтұрсыновтың «Адамдық диқаншысы» мен «Егіннің бастары» деген өлеңдеріне 4-5 сағат берілсе, 10-сыныптың қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Қазақ тілі» оқулығында «Ахмет Байтұрсынов – жан-жақты ғалым» тақырыбына 1 сағат берілген екен. 5-сыныпта орта буынға жаңа ғана өткен оқушының тәрбие құндылығы жоғары Ахмет Байтұрсыновтың өлеңдерін, идеялық мазмұнын толықтай игере алуы, түсініп, тани алуы аса жеңіл емес екені түсінікті. Алайда 6-9 сыныптар аралығында бұл ақын шығармаларының кездеспеуі бізді тағы да қынжылтатыны сөзсіз. Жас ерекшеліктеріне сай осы сыныптардың бірінде тағы да тағылымдық мәні бар

Ахмет шығармалары енгізілсе жақсы болар еді. Сондай-ақ таңдау, қолданбалы курстар сағаттарынан да Ахметтануға көңіл бөлініп жатса, құба-құп алар едік. «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын?!» - деген А. Байтұрсынұлы пікіріне тағы да бір сүйенсек, жұртым, елім деп кеткен тұлғаның тәрбие-тәлімге толы шығармаларымен бүгінгі жас ұрпақ сусындап өсуі қажет.

Мен өлсем де өлемін жөнімменен,
Тәннен басқа немді алар өлім менен?!

Өлген күні апарып тығары – көр,
Мен жоқ болман көміліп тәнімменен.

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.

Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын.

Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін – деп, ертеңіне қаншама асыл дүние қалдырып кеткен ұлт зиялысы ұрпағының есінде қалуы керек. Осы себепті ертеңіне қалдырған ақын шығармалары бүгінгі ХХІ ғасыр ұрпағына жеткені абзал болар еді. Осы жолда біздер, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларын өзіміз де ерекше зерделеп, терең танып білуіміз шарт. Ахмет Байтұрсынұлын тану – балабақшадан, мектептен, жоғары оқу орындарынан басталады. Өйткені қазақтың төлқұжаты – Абай, Ахмет, Әлихан, Міржақып, Мағжандар... екені даусыз.

Пайдаланылған әдебиет:

1. А. Байтұрсынұлы, «Ақ жол». Алматы, «Жалын», 1991.
2. А. Байтұрсынұлы, «Қырық мысал». Алматы, «Жазушы», 2001.
3. Алаш ақиықтары. Алматы, «Алаш», 2006.
4. «Аңыз адам» журналы, №11. 2010.
5. Қазақ әдебиеті пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы. 2017.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ- ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Калиякбарова Рыскүл Ахметовна

СҚО Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы

«Айқын Нұрқатов атындағы Шұқыркөл орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Андатпа: Мақала Қазақстанның көрнекті саяси, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновқа арналған. Мұрағаттық құжаттарды талдау, мәселенің тарихнамасы негізінде "Үлкен Террор" жылдарында А.Байтұрсыновты тұтқындау және ату себептерін ашуға әрекет жасалды. Тарихи әділеттілікті қалпына келтіру ісінде билік тарапынан кедергілер анықталды, қуғын-сүргін құрбандарын ақтау тетігі зерделенді.

ХХІ ғасырдың екінші онжылдығы тарихшылардың ғылыми қоғамдастығы үшін мерейтойлық даталардың молшылығында айтулы оқиға

болды. Қазақстанның тарих ғылымы үшін Алаш Орда үкіметінің құрылғанына 100 жыл толуы аса маңызды оқиға болды, оның негізінде қазақ халқының тәуелсіздігі идеясы жатыр. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің қалыптасуына қазақ халқының лайықты ұлы, қазақ зиялыларының жарқын өкілі баға жетпес үлес қосты. XX ғ., көрнекті мемлекет қайраткері, араб әліпбиі негізінде жасалған жетілдірілген қазақ әліпбиінің авторы, қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі, этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы бойынша оқулықтардың авторы, ақын-ағартушы және аудармашы, публицист Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынов. Оның қаламына "әліппе", "Оқу құралы", "тіл білімі", "әдеби анықтамалық", "қазақ әдебиетінің тарихы" және басқа да көптеген шығармалар енген.

Әкесі тұтқындалғаннан кейін (Байтұрсын 1885 жылы Сібірге патша шенеуніктеріне қарсылық көрсеткені үшін жер аударылды) Ахмет Байтұрсынов 1886 жылы Торғай орыс-қазақ екі сыныптық училищесіне оқуға түсті. Оны бітіргеннен кейін 1891 жылдан 1895 жылға дейін Орынбордағы қырғыз (қазақ) мұғалімдер мектебінде оқыды. Болашақта ол тілдерді, еуропалық әдебиеттерді оқып, өзін-өзі дамытумен жүйелі түрде айналысты.

"XX ғ.басында Ахмет Байтұрсынов Қарқаралыда тұрып, алдымен заңсыз жұмыс істеп, содан кейін манифест жарияланғаннан кейін 1905 ж. 17 қазанда Қазақ халқының көрнекті және белсенді басшыларының бірі болып революциялық қозғалысқа қатысты. 1909 жылдың 1 шілдесіндегі реакцияға байланысты тұтқындалып, Семей түрмесіне қамалды, онда 1910 жылдың 21 ақпанына дейін сотсыз және тергеусіз ұсталды" [1, л.12-13]. Оған тағылған айып – дербес өзін-өзі басқару идеясын тарату, қазақтар мен орыстар арасында ұлттық араздықты қоздыру. Өзі А. Байтұрсынов қамау себептері туралы сұраққа былай жауап берді:" өз күшіне қарай патшаға петиция жазуға көмектескені үшін, онда қазақ халқының мүддесін қорғады, 1909 жылдан 1910 жылға дейін түрмеге қамау үшін сотталды және осы себепті қазақтар арасында өмір сүру құқығынан айырылды " [2, 284 бет]. Ресейлік "Речь" газетінде Мемлекеттік Думаның мүшесі Н.Скалозубовтың "қазақ ақыны Ахмет Байтұрсынұлы түрмеде" атты мақаласы жарияланды [3], онда автор ішкі істер министрі П.Г. Курловқа жүгінді. Хат назар аудартып, оның жариялануына көп ұзамай мынадай ұйғарым түсті:" бір апта ішінде Семей қаласынан шығып, үш жыл бойы қазақ даласынан тыс жерде болуға тиіс " [2, 284 б.]. Осылайша А.Байтұрсынов Орынборға қайта оралды.

Большевиктер партиясының қатарына кіре отырып, А. Байтұрсынов, ең алдымен, РКП(б) ұлттық саясатын жүзеге асыруға үміттенді: "жолдас Лениннің ұлттардың өзін-өзі билеуіне көзқарасы... дұрыс қолданған және өмірге әкелген жағдайда, ол қырғыз халқының қысым көрген ұлт ретіндегі мүдделерін толығымен қамтамасыз ете алады. ...Мен шешті кіруге Ресей

Большевиктер Коммунистік партиясы оның бағдарламасын жүзеге асыруда, атап айтқанда, Шығыс мәселесі бойынша оған көмектесу үшін Комитеттен мені Р.К. П. мүшелерінің қатарына қабылдауды сұраймын" [5, б. 7]. Бұл тұрғыда А.Байтұрсынов пен Комидің революциядан кейінгі алғашқы

жылдардың көрнекті саяси қайраткері, Коми автономиялық облысының ұйымдастырушысы Д. А. Батиевтің арасын жалғауға болады, ол да өзінің қоғамдық-саяси қызметін большевик ретінде бастаған жоқ (ол социалистік-революционерлер партиясында тұрған), бірақ уақыт өте келе компартияға кірді, атап айтқанда, Комиге қатысты РКП(б) ұлттық саясатын іске асырумен айналысу мүмкіндігімен тартылды [6].

1929 ж. 2 маусымда А. Байтұрсынов Қызылорда қаласына филологтар мен әдебиетшілердің жиналысына шақырылып, Алматы түрмесіне жіберіледі. А. Байтұрсыновтың қызы: "біз әкесінің ісі туралы ештеңе білмедік. Архангельск қаласынан әкесінен хат алғаннан кейін біз оның ОГПУ-ға жер аударылғанын білдік. Ал 1929 жылдың қазан айында Менің анам Бадрисафу (Александр-авт.) және мені Томск қаласына арнайы қоныс аударушылар ретінде жіберді, онда біз 1932 жылдың қазанына дейін тұрдық, анам Томскіден Батыс Сібір өлкесінің Нарын ауданына жер аударылды" [1, л.15].

А. Байтұрсынұлының арқасында бастан кешкен қиыншылықтарын қорытынды және сілтемелер. 1934 жылы ол Е. П. Пешковаға (М. Горькийдің әйелі) жүгінгеннен кейін "Халықаралық Қызыл Крест" арқылы жер аударудан босатылды.

Алайда Ахмет Байтұрсыновтың бостандығы, өмірі мен шығармашылық қызметі ұзаққа созылмады. Кеңес елінде жазалау шаралары, жаппай саяси қуғын-сүргін кең етек алды.

Осы мақсатта А. Байтұрсынов және басқалары басқарған алашордашылар қарулы жасақтар құрды, Қазақстан аумағында жазалау операцияларын жүргізді..., контрреволюциялық Колчак үкіметімен одақта сөз байласты" [1, л. 6]. 1938 жылы 8 желтоқсанда үкім орындалып, Ахмет Байтұрсынов атылды.

1988 жылғы 30 тамызда мемлекеттік қауіпсіздік органдарындағы тергеуді қадағалау жөніндегі бөлімнің бастығы, әділет кеңесшісі Л.Ф. Космарская Қазақ КСР прокуроры, II сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі Г. Б. Елемісовке КОКП ОК Саяси Бюросының комиссиясынан келіп түскен оны сот тәртібімен оналту туралы өтінішінің, сондай-ақ 1928 және 1937 жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған А. Б. Байтұрсыновтың әкесі А. Б. Байсалованың ксерокөшірмесін олардың істеріне мұқият тексеруді ұйымдастыру туралы өтінішпен жіберді. "Тексеру нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы өтініш 1988 жылғы 10 қазаннан кешіктірмей. КСРО Бас Прокурорына баяндау және КОКП ОК Саяси Бюросының комиссиясына ақпарат дайындау үшін КСР Одағының прокуратурасына хабарлау" [1, 20-бет].

Істі қарау барысында Г.Б. Елемісов наразылық білдіріп, Ахмет Байтұрсыновқа қатысты үштіктің қаулысының күшін жою және оның әрекеттерінде қылмыс құрамының болмауына байланысты істі іс жүргізумен тоқтату туралы мәселе көтерді.

1988 жылдың желтоқсанында Ахмет Байтұрсыновтың, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың және басқа да Қазақстан КП ОК

Бюроларының ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасын зерттеу жөніндегі комиссияның қорытындысы бойынша Қазақ ССР Мемкомиздатына Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл білімі, әдебиет және өнер институттарымен бірлесіп классиктердің таңдамалы шығармалары мен ғылыми еңбектерін дайындап, басып шығаруды тапсырды.

Осылайша, қазақ зиялыларының жарқын өкілі, Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескер А.Байтұрсыновтың ақталуы Оның қазасынан жарты ғасыр өткен соң орын алды. Бүгін А. Байтұрсыновтың құрметіне Қазақстанның көшелері мен мектептері аталды. Тіл білімі институты мен Қостанай мемлекеттік университеті оның есімімен аталады. Оңалтудан кейін Байтұрсыновтың балалары мен немерелері оның атындағы қоғамдық қор құрып, олардың отбасы тұрған үйде мұражай ашты. 2000 жылы Қостанай қаласында Ахмет Байтұрсыновқа ескерткіш орнатылды. А. Байтұрсыновтың қазақ халқының рухани мәдениетін, мемлекеттілігін дамыту жөніндегі идеялары бүгінгі күні де өзекті.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағаты. Ф.8131. Оп.31. 86105. Қадағалау өндірісі №909-59. Ахмет Байтұрсынов.
2. Жұртбай Т. менің азабым, мақтанышым – Алаш! Астана: Аударма, 2016. 1104 Б.
3. Н. Скалозубов қазақ ақыны Ахмет Байтұрсынұлы түрмеде отырған // сөйлеу. 1910. 21 ақпан.

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

Канапина Шолпан Баяновна,

СҚО Петропавл қаласы

«Мұрат Айтхожин атындағы №1 орта мектеп» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі.

Ахмет Байтұрсыновтың барлық еңбегінің мәнін бір ауыз сөзге сыйғызып айтар болсақ, ол – ұстаз, халық ұстазы.

Ахмет Байтұрсынов артына көп мұра қалдырды. Солардың бірі - қазақ тілінің тұңғыш әліппесі. Ол жазған мектеп оқулықтары 1914 жылдан 1928 жылға дейін пайдаланылып келді. Қазақ оқушылары сол кезде сауатын Байтұрсыновтың "Әліпбиімен" ашып, ана тілін Байтұрсыновтың "Тіл құралы" арқылы оқып үйренді. Ахмет Байтұрсыновтың атын қазақ баласының естімегені жоқ шығар. Оның әліпбиі мен оқу құралдарын оқып, сол ғылыми еңбектерінің арқасында қаншама адам сауатын ашты.

Қазақ даласында бала оқытуды, қазақты өнер - білімге жетелеуді парыз деп білген ұлы ақын бар өмірін осы жолда сарп етті. Ол мектептер ашып, мұғалімдік жұмыспен айналысты, жарғақ құлағы жастыққа тимей, масаша ызылдап, туған халқын оқуға, өнер - білімге шақырды. Өркениетті елдерден кейін қалып, көрінгенге жем болып жүргеніміз біліміміздің, өнеріміздің жеткіліксіздігінен, оқыса, ілгері кеткен елдер қатарына қосылуға талпынса, қазақ халқы да ешкімнен құр қалмайды, әңгіме талаптануда, намыстануда дейді.

Балалар, оқуға бар жатпа қарап,
Жуынып, киініңдер шапшаңырақ.
Шақырды тауық мана әлдеқашан,
Қарап тұр терезеден күн сығалап,-

деген өлең шумақтары арқылы балаларды мектепке оқуға шақырды. «Қазақ» газетінің 1913 жылдың 21 сәуіріндегі нөмірінде «Оқу жайы» деген мақала жарияланады. Сол мақалада А.Байтұрсынов қазақ үшін ең керегі оқу- білім екендігін айтады: «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатты сатады, ал сол шикізаттан жасалған өнімді екі-үш есе қымбатқа сатып алады. Бұл надандықтан келген кемшілік», -дейді. Бұған қоса, бұл өте аз көрсеткіш екенін қынжыла айтады.

Ахмет Байтұрсыновтың қазақ ғылымына еткен қызметі тек тіл білімі саласында емес, әдебиеттану саласында да айтарлықтай болды деп есептейміз. Өткен ғасырдың II-жартысында-ақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, 1923 жылы "Ер Сайын" жырын Москвада шығарды. 1926 жылы "23 жоқтау" атты жинағы жарық көрді.

Ал Ахмет Байтұрсыновтың "Әдебиет танытқыш" атты көлемді еңбегі-әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиеті тарихына арналған көлемді жұмыс. Бұл еңбекте қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, әдістемелік арналары, ең басты терминдері мен категориялары түгелдей дерлік қалыптастырылған. Осы туралы Сырбай Мәуленов былай дейді: «Сан салалы ғалым Ахмет Байтұрсынов туған тілдің, туған мәдениеттің басында тұрды. Туған тілдің әдеби нормасын жасады. Бірде- бір бөгде тілдің сөзін қоспай, бірде- бір цитата келтірмей, таза, мөлдір тілмен өзі тапқан қисынды баламалармен "Әдебиет танытқышты" жазып шықты.»

Ахмет Байтұрсынов – ақын. Ахмет Байтұрсыновтың өлеңдері өз ұлтының бостандығы мен тәуелсіздігі жолына арналды. Поэзиясының негізгі тақырыбы – қазақ халқының тағдыры, болашағы. Оның өлеңдері "Қырық мысал", "Маса", "Үзік" деген аттармен 1912 жылдан 1922 жылға дейін бірнеше рет басып шығарылды. Бұл өлеңде Ахмет Байтұрсынов «өзіне біткен түсі өзгерілмес» деп, белгілі бір саяси бағытқа түскенін, одан өзгерілмейтін; саяси бағыт: «ұйықтағандардың құлағына ызыңдап ояту» екенін көрсеткен. Оның иесі аяқтары ұзын, сары маса болып ызыңдап, ұйықтап жатқан халқын оятпақшы.

Ызыңдап ұшқан мынау біздің сары маса,
Сап- сары аяқтары ұзын маса,
Өзіне біткен түсі өзгерілмес,

Дегенмен қара яки қызыл маса.
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызыңдаса?

Ахмет Байтұрсынов қалай да халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету мақсатында ұлы Абай тапқан орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне көп көңіл аударады. Ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, бұл саланы байытуға мол үлес қосты. И. А. Крыловтың туындыларын аударып, "Қырық мысал" деген атпен 1909 жылы Петербургте бастырып шығарады. Мысалдарда әр түрлі аңдар, әр қилы адамдар кейпінен хабар беріп, ишара тұжырым жасалады. Кісілердің мінезі, өмір ағысы, тағдыр сабағы, заман қабағына қатысты көптеген жайттарды, әсіресе, патша отаршыларының зорлық-зомбылығы, байлардың тепкісі, елдің азып - тозуына байланысты сарындарды Ахмет жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді. Кейде ашық, дәл айтылатын ойлар да кездесіп қалады.

Бұл сөзге дегенім жоқ жылар-күлер,
Адам аз алдын болжап, анық білер.
Көкжалдар қойшы болса, кім біледі,
Береке ала қойға кірсе, кірер, - деген түйін тастайды.

Қазақ халқы балаларын молдаларға беріп оқытқан. Қазақ елінің озат ұлдары тек молдадан білім алып қоймай, Ресей мемлекетіне барып, жоғары оқу орындарында оқи бастады. Бұл туралы ақынның «Ғылым» деген өлеңінде айтылады.

«Ғылымдар дүниелік сиқыр болмақ,
Оқыған ол ғылымды кәпір болмақ».
Зулатып шарифатты шарт жүгініп,
Молдекең отырғанда мойнын толғап.
Сондықтан заман жүйрік, біздер шабан,
Артында ілесе алмай жүрміз әман.
Күн сайын өзгеріліп, өнер артып,
Бәрі де бара жатыр алға таман.
«Заманың түлкі болса, тазы боп шал»-
Деген сөз аятпенен бірдей маған.
Алақтап артымызға қарағыштап,
Жүргенде-ақ, озып, ұзап кетті заман.

Ахмет Байтұрсыновтың өмірлік кредосы – осы қазақ жұртына не болған? Неге ұйқыда? Неге оянбайды? Халқымды оятсам – деген тілекпен өмір сүрген.

Жол көрсеттім қазақ деген намысқа,
Жоқ сілтедім жақын емес, алысқа.
Өзге жұрттан өрге қадам басқанда,
Елім, сен де қатарыңнан қалыспа, -дей келе, публицистикалық бір мақаласында «Надандық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң, олжалы

деген жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы деген жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз бәрі-бәрі надандық кесапаты» деп ашына жазады.

А.Байтұрсынов қазақ халқының рухани көсемі, ұлт ұстазы. Оның ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы - туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған. Қазақ әдебиеті тарихында Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен мәдениеті тарихында Ахмет Байтұрсыновтың орны ерекше деп ойлаймын. Оның өмірбаяны, бар тірлік-тынысы, ой-арманы туған халқына деген қалтқысыз еңбек етуден тұрады. Сондықтан да оның өмірін жеке адамның, жеке бір маманның өмірі деп қарауға болмайды. Ол халықпен біртұтас, қалың елмен тамырлас, ел жүгін қайыспай көтерер нағыз халық перзенті екені сөзсіз.

Сөзімді Ахмет Байтұрсыновтың өз сөзімен аяқтағым келеді.

«Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет қылатын деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенше қарап тұрмай кірісіп істей білсе – ұлт жұмысы ұлғайып, толықпақшы»

Пайдаланылған әдебиет:

1. А. Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығы.
2. А. Байтұрсыновтың өлеңдері.
3. Д.Әшімов »Бес арыс», Алматы:»Жалын», 1992.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ

Койшибаева Гульжан Кайржановна

СҚО Тайынша ауданы

«Тайынша қаласы №4 орта мектебі» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Өз заманында халқының болашағы үшін жанқиярлық күреске бас тіккен, сол жолда жанын берген, қазақ зиялыларының ішіндегі әрі қайраткер, әрі ағартушы, әрі ақын, әрі ғалым, әрі публицист – Ахмет Байтұрсынов еді. Ол білім мен ғылымнан кенже қалған, малын бағып марғау қалған қазақ халқын маса болып ызыңдап оятып, білім мен ғылым үйренуге шақырады. Өзінің публицистикалық мақалаларында «Надандық, өнерсіздік ата жолдасымыз болғандықтан, олжалы жерлерде үлестен қалғанымыз-бәрі надандықтың кесапаты» деп, өз ойын өткір тілмен батыра айтқан. «Қазақ» газетінің 1913 жылдағы бірнеше санында, сондай-ақ «Оқу жайында» деген бас мақаласында ағартушылыққа байланысты бірнеше ой-пікірлерін жазған, қазақ даласындағы мектептер жайлы, оқытудың амал-жолдары туралы нақтылы мәселелер көтерген. «Қазақ» газетінің 1914 жылы 9 мамырындағы санында «Бастауыш» атты көлемді мақаласында білім берудің бірінші басқышы – бастауыш мектептің ахуалы, оқу құралдардың жоқтығы, мұғалімдер жетіспейтіндігін, арнайы бағдарламалардың жоқтығы,

миссионерлік ниеттегі «саясаттың» кері ықпалы бар екендігін , алғашқы үш жыл балалардың өз ана тілінде оқығаны дұрыс болатынын айтып ұсыныс білдіреді. Ел ішінде әр сатылы мектептерде мұғалім бола жүріп үлкен тәжірибе жинақтайды, «Әліпби» құралдарының кемшіліктерін көре отырып, қазақ әліпбиін жетілдіру мақсатын жолға қояды. Ахмет Байтұрсынов 1912 жылдары әліпбиді жаңаша түрлеу, қазақ тілінің ішкі табиғатын тану , жүйесін толық меңгеруге әкеледі деген болатын. Ғалымның «Әліпбиі» бірнеше рет қайта басылып , қазақ жұртына зор пайдасын тигізді. Сол заманда –ақ, «Әліпби оқушыны қызықтырып , өздігінен білім алуға ынталандырады, бала ұғымына аса қолайлы, тәжірибесі аз мұғалімдерге де оқытуға жеңіл» деген пікір айтқан екен. Ахметтің «Үлкендерге арналған әліппе» (Орынбор,1924ж.), қазақ тілін оқыту методикасы бойынша мұғалімдерге арналған «Баяншы» (Қазан, 1920), «Тіл жұмсар» (бірнеше басылымы бар), «Хрестоматия» секілді еңбектерін атаған орынды. Ғалымның аса көрнекті мұраларының ең абыройлысы – «Тіл құрал» еңбегі екені даусыз. «Тіл құрал» - қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Бұл кітап үш кітаптан тұрады, «Дыбыс жүйесі» (Фонетика), «Сөз жүйесі» (Морфология) және «Сөйлем жүйесі» (Синтаксис), алғаш рет қазақ тілінің грамматикалар жүйесін ғылыми жүйеге түсіріп, грамматикалық терминдерді қалыптастырған еңбегін баса айтқым келеді .

Термин жасаудағы ғалымның асқан шеберлігіне тәнті боламыз. Тілге қатысты әрбір категорияға термин ұсынған. Сан алуан лингвистика саласындағы терминдердің баршасы - А. Байтұрсыновтікі. Терминология мәселесіне ғалым айырықша мән берген, әдебиеттану саласындағы көптеген терминдер де Ахметтікі. Бұлар да өте сәтті, көңілге қонымды. Бүгінгі таңда ондаған, жүздеген өміршең терминдерді тіліміз бен ғылымымызға орнықтырғаны үшін ғалым есімі - қазақ мәдениеті мен ғылымының тарихына алтын әріптермен жазылуға құқылы.

Қазақ филологиясының тел ағысының бірі-әдебиеттану ғалымы болса, оның бастау көзінде де ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынов тұр. «Қазақ» газетінің 1913 жылығы 39,40,43 сандарында «Қазақтың бас ақыны» атты үлкен мақала жарияланды. Абайды күллі қазаққа танытқан тұңғыш зерттеулердің бірі. «Қазақтың бас ақыны Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын жоқ», -деп баға беріп, Абай өлеңдерінің артықшылықтарын, шеберлігін сөз еткен. Ахмет Байтұрсыновтың сөз өнері, әдебиет теориясы туралы ой-түйіндері «Әдебиет танытқыш» атты көлемді зерттеу еңбегінде топтастырылған. Бұл еңбек әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиет тарихына арналған тұңғыш зерттеу жұмысы және бүгінгі әдебиеттану саласының басы, негізі. Әрине , бұл зерттеу әдебиеттанудың бүкіл теориялық мәселелерін түгел қамтымағанымен , осы саладағы ең алғашқы таным - білім. Оның құндылығы да осында. Мұнда ғалым әдебиет теориясына қатысты көптеген мәселелерді қарастырып, талдап-танытып, әдебиет категорияларының терминдерін өзі ұсынады. Қазақ тіл ғылымының теориялық негізін орнықтырған А.Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттануының дамуына тікелей

атсалысқан ғалым. Осы ретте ең алдымен «Әдебиет танытқышты» атау қажет. «Қазіргі қазақ тіл біліміндегі секілді, қазақ әдебиеттануындағы әдеби терминдердің басым көпшілігінің баламаларын ойлап тапқан да Ахаң: Көріктеу, меңзеу, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, шендестіру, дамыту, түйдектеу ... – осылардың бәрінің түп-тамыры Ахаңда жатыр. Мұхтар Әуезовтің «Ахаң түрлеген ана тілі» дейтін әлдиінің әдебиет аясындағы бір нақты да затты көрінісі – осы». Демек, «Әдебиет танытқыштың» ең басты бағалылығы осылайша әдеби терминдерді қазақша қалыптастырғандығы», – дейді академик З.Қабдолов. 1926 жылы жарияланған «Әдебиет танытқыш» әдебиеттану, оның ішінде әдебиет теориясы саласында қазақ тілінде жарық көрген тұңғыш ғылыми еңбек екені даусыз. «Әдебиет танытқыш» деп атаудың өзінде үлкен мағына бар. Қазақ өлең құрылысының теоретигі, академик З.Ахметов «Әдебиет танытқыштың» құндылығын былай деп анықтады: «Әдебиет танытқышта» негізінен поэтика, стилистика, өлең құрылысына қатысты мәселелер көбірек сөз болады. Автор тілші-ғалым болғандықтан, оның қазақ поэзиясының ерекшеліктерін осы мәселелерге байланысты тексеріп талдайтыны түсінікті. Қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындай, бунақ, тармақ, шумақ ұғымдарын қалыптастырады. Демек, қазақ әдебиет теориясының өлең құрылысының басты терминдерін Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырғаны тек тәуелсіз кезде анықталды. «Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз» деп халқына сөз арнаған Ахмет көркем сөз өнерінің зерттеушісі, бастырушысы, жинақтаушысы, фольклоршысы бола білді. Оған дәлел «Ер Сайын» жырының кіріспесі мен түсініктемесін жазып шығаруы (1923 ж), «23 жоқтау» (1926) Москвада жарияланған, бұл жыр қазақ тарихының 400 жылдық мерзімін қамтитын 23 жоқтау мен трагедиялардан тұрады.

Кеңестік дәуірде саяси қысымның қаупіне қарамастан белгілі түркітанушы, академик А.Н.Кононов «Отандық түркітанушылардың биобиблиографиялық сөздігі» деген еңбегінде (1974) Байтұрсынұлының толық өмірбаянын беріп, әлеум.-қоғамдық қызметін, басты еңбектерін нақты айтты. Оның қазақ әліппесінің авторы екендігі, қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі, этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы оқулықтарын жазғандығы жайлы мәлімдеген.

Ұлы ғалымның ұлтжанды қасиетін танып қана қоймай, адамгершілік болмысы мен дара тұлғалық қасиетінен өнеге алу керек. Ахмет Байтұрсынов өзінің барлық саналы өмірін қазақ қоғамының білім-ғылымының дамуына, мектеп ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Сондықтан Ахмет Байтұрсыновты қазақ елінің ұлы педагогы ретінде тануымыз, оның еңбектерін сақтап, қолданып, ұмытпауымыздың түпкі негізінде үлкен құрмет жатыр. Ғалымның ұлт болашағы мен ертеңіне сенген үміті ақталуы үшін білім мен ғылымды үйренгісі келетін еліміздің ертеңі жастар қатарын көбейту -біздің ел алдындағы борыштарымыздың бірі. Осы тұрғыдан алғанда, халқымыздың ғылымын өркендетуге, білімі мен әдебиетін дамытуға

өлшеусіз үлес қосқан, аласапыран жылдарда қазақ елінің болашағын ойлаған алыптардың бірі - Ахмет Байтұрсыновтың есімі тарихымыздан ойып орын алатындығы сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов-Алматы: Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1990, 52 бет.
2. Бес арыс: Ахмет Байтұрсынұлы Шәкәрім Құдайбердіұлы Мағжан Жұмабай Жүсіпбек Аймауыт Міржақып Дулатұлы, Алматы «Жазушы», 1985, 541 бет.
3. А.Байтұрсынов Ақ жол-Алматы «Жалын», 1989, 461 бет.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ-ҰЛТ ЖАНАШЫРЫ

Жалаушина Жадра Абайқызы

СҚО Петропавл қаласы

«Мұрат Айтхожин атындағы № 1 орта мектеп» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

*«Ахмет Байтұрсынұлы - ұлттық тарихымызда
ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға».*

Әбіш Кекілбаев

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, ғалым, тілші, еңбегі ерекше ағартушы-педагог, сөз зергері, тамаша ақын, қазақтың баспасөз тілінің ұлттық үлгісін танытқан публицист, туған халқының рухани дүниесін биіктетуге көп күш салған ірі қоғам қайраткері..... Оның бүкіл еңбегінің мәнін бір ауыз сөзге сыйғызып айтар болсақ, ол Халық Ұстазы.

Бар өмірін өз халқына шын құштарлықпен қызмет ету жолына бағыштаған, бар бақытын содан тапқан, мәдениетіміз бен ғылымымызға қалтқысыз қызмет сіңірген, таланты мен тағдыры, жан дауасын тек сол мақсаттан тапқан жан, күрделі тұлға, зерделі ғалым. Күрделі болғанда ел-жұртының тарихы мен тағдыр талантын терең біліп толғаған, танымына лайық алысқа қол ұсынған алғашқы оқымысты. Осыған дейін ел ішінде оқу-ағарту ісіне дәл Ахмет Байтұрсынұлындай еңбек сіңірген ешкім жоқ.

Ахмет Байтұрсынұлы педагогика мәселесі мен ғана шектеліп қалмай, халық ағарту ісінің басқа салаларында да, әсіресе, тілге қатысты қыруар істер тындырды. Дәрежелі ғалымның дәлелдеуінше, тіл – мәдени өркендеудің басты факторы. Тіл жоқ жерде халық, біріншіден, ұлттық бет-бейнесінен айырылып қалады, екіншіден рухани, мәдени тозғындауға ұшырайды. Тілсіз, сөзсіз ақыл мен ойды қозғай алмайсың. Ал ой-санасыз сөз жоқ. Яғни, сөйлей білмесе, адамның хайуаннан айырмасы аз. Міне, осы тұрғыда Ахмет Байтұрсынұлы өлшеусіз көп қызмет етті. Бізге тілдің тереңдігі мен шеберлігін, тіл мәдениетінің мәнін, қасиетін дәлелдеп, тілімізді құрметтеуге

мәжбүр етті. Оның тіліміздің тазалығы мен дербес өмір сүруі үшін күресі бұл саладағы аса зор еңбегі - кеңінен мәлім, кім-кімнен болса да зор.

Ахмет Байтұрсынұлы - сан қырлы адам. Біріншіден, ол қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, жаңашыл ағартушы. Ол жазған мектеп оқулықтары 1914- 1915 жылдан 1927- 1928 жылға дейін пайдаланылып келді. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсынұлының "Әліпбиімен" ашып, ана тілін "Тіл құралы" арқылы оқып үйренді.

Екіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы-араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы. Бұл жазу да XX ғасырдың 10-ншы жылдарынан бастап 20-шы жылдардың соңына дейін қазақ мәдениетіне, оқу-ағартуына жақсы қызмет етті.

Үшіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы-қазақ әдебиеті мен мәдениетін зерттеуші тұңғыш филолог-ғалым.

Төртіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы-қазақ халқына, жас совет үкіметіне адал қызмет еткен ірі қоғам қайраткері.

Қазақ халқының абзал ұлдарының бірі, XX ғасырдың бас кезіндегі демократтық бағыттағы қазақ интеллигенциясының ең ірі, ең беделді өкілі, бір емес, екі рет жазғырылып, сталиндік режимнің құрбаны болған Ахмет Байтұрсынұлын осылай танимыз. Ахмет Байтұрсынұлының қызметі тек тіл білімі саласында емес, әдебиет тану саласында да айтарлықтай болды деп санаймыз. Өткен ғасырдың II жартысында - ақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, 1923 жылы "Ер Сайын" жырын Москвада шығарады. 1926 жылы "23 жоқтау" атты жинағы жарық көреді. Бұл да қазақ ауыз әдебиеті үлгілері. Ахмет Байтұрсынұлының "Әдебиет танытқыш" атты көлемді еңбегі-әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиеті тарихына арналған тұңғыш зерттеу жұмысы. Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, әдістемелік арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған.

Ахмет Байтұрсынұлы - мықты ақын. Сондықтан ол өз ұлтының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресте бұқараның жүрегіне қозғау салып, ұйқысынан оятар қаруы - өлең сөз деп түсінді. Қазақ халқының тағдыры, бүгінгісі мен ертеңгісі Ахмет поэзиясының өзегі болады. Ол өзінің ағартушылық, демократтық, гуманистік идеяларын халқына поэзия тілімен жеткізуді қалады. Ақын арманы – «Адамның диханшысы» болып халқына қызмет ету.

Адамның диханшысы қырға шықтым,
Көгі жоқ, көгалы жоқ – қорға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көтеруге құл халықтың.

Оның 1909 жылы Петербургте "Қырық мысал" деген кітабы, 1911 жылы Орынборда "Маса" атты өлеңдер жинағы жарық көреді. "Масаға" енген өлеңдер қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, қазақты шағуға дайын тұрған жылан. Оның иесі аяқтары ұзын, сары маса болып ызыңдап, ұйықтап жатқан халқын оятпақшы.

Қазағым – елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзіңді оянып.
Қанған жоқ па әлі ұйқың,
Ұйықтайтын бар не сиқың!

Қалай да халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын ұлы Абай тапқан орыс әдебиеті үлгілерін пайдаланып, аударма жасау дәстүрін жалғастырады. Мысалдарда әр түрлі аңдар, әр түрлі адамдар кейпінен хабар беріп, меңзейді. Кісілердің мінезі, өмір ағысы, тағдыр сабағы, заман қабағына қатысты көптеген жайттарды, әсіресе, патша отаршыларының зорлық - зомбылығы, жуандардың, байлардың тепкісі, елдің азып-тозуына байланысты сарындарды Ахмет Байтұрсынұлы жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді. Кейде ашық, дәл айтылатын ойлар да бар. «Масаға» кірген өлеңдер жоғарыда сөз болғандай авторды толғандырған, сол дәуірдің өзекті мәселелерін сөз етеді. Ақын сол кездегі қазақ қоғамының даму жағдайларына, жерлестерінің күн көріс, тіршілігіне сын көзбен қарайды. «Тар көрдің қуысына тығылып отырған», «пайдасы өз басынан арылмайтын, тұрмысында мол құрлы мағына жоқ» туыстарын сынға алады. Ақынның ойшылдық, суреткерлік бейнесі оның «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Жиған - терген» сияқты өлеңдерінде айрықша танылады. Осы жолдардағы бейнелікке көңіл аударып қарайықшы!

Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,

Сахара көлге қонып салқындаған.

Бір өртке қаудан шыққан душар болып,

Не қалды тәнімізде шарпылмаған?!

Отаршылдықтың өрті ғой бұл! Осыған қарсы тұрар кім бар, өрт сөндіре алар қазақта күш бар ма? Ақынды осы ойландырады.

Қандай ұлы адамды алсаңыз да, оның ұлылығы, ең алдымен, туған халқына деген көзқарасынан танылады. Ол сол ортадан шығып, халқын ілгері бастауды армандайды, бірақ оны соңынан ерте алмай, күйінеді, оған ашу-ызасын арнайды, айналып кете алмай, орала береді. Күрес жолында кездескен қиындық тар, жазықсыз қамау түрме жағдайындағы өмір мен оның мәні, күрестің мазмұны мен мақсаты жөнінде ойландырмай қоймайды. Бір мезгіл ол жазықсыз жанды ұстатқан қара ниетті адамдарды еске алады. Бірақ олардың ісін кек тұтпайды, надандықтан көреді.

Сәкен Сейфуллин кезінде былай деген болатын: «...Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен, ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл». Ол шын мәнінде ұлт жанашыры, ұлт ұстазы, халқымыздың рухани көсемі болған ірі тұлға.

Пайдаланылған әдебиет:

1. А. Байтұрсынұлы. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы. Атамұра, 2003.

2. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер, «Алаштың Ахметі», 2003.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ –ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ КӨСЕМІ

Жунусова Алданыш Карабаевна
СҚО Тайынша ауданы
«Ясная Поляна орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

*«Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық тарихымызда
ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға.»*

Ә.Кекілбаев

Ел басына төнген кешегі қара түнектің көбесі сетінеп, әділеттің ақ жалауы көтеріліп, Тәуелсіздік алғалы бері қазақтың ұлттық мәдениеті аспанында шуақты нұрын төгіп жарқырай жайнаған рухани көсемдер туралы, олардың өмірі мен шығармашылық өнері жайлы, азаматтық болмысы мен қайраткерлік қарымы туралы біраз дүниелер жазылып, көпке беймағлұм көмескі жайлардың көзі ашылғандай. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғандай, рухани қазынамыздың олқы тұсының орны тола бастады. Негізгі тақырыпқа көшпес бұрын, тарих тұңғыығына батып мәңгі жоғала жаздаған Ахмет Байтұрсынұлы сияқты Алаш ардагері арыс ұлдарымыздың асыл еңбектерін көздің қарашығындай сақтап. Оқушыларға тәрбие беруде патриоттық, эстетикалық тұрғыда біз ұстаздар қауымы сабақта қолданып келеміз. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ жазба тілін күллі қазақ халқының игілігіне айналдыру идеясын ұсынды. Яғни, халықты жаппай сауаттандыру үшін бар білімін, күш-жігерін салды. Қазақ халқына рухани күш беру үшін халықты жаппай сауаттандыруды, білім беруді тезірек қолға алмаса, қазақ қоғамының заман ағымына ілесе алмай қалып қоятынын терең түсінген ғалым жүйесі қазақ жазба тіліне түбегейлі реформа жасап еліне еңбегі сіңді. Араб әліпбиін пайдалана отырып, халық тілінің тоғыз дауысты және он тоғыз дауысыздан тұратын дыбыс жүйесін негізге алып қазақ әліпбиін жасап көрсетті. Қазіргі таңға дейін Ахмет жасаған әліпби құнын жойған жоқ және жоймайды да, ұрпақ жалғастығымен жалғаса береді. Ахмет Байтұрсынұлы - ұлы реформатор ғалым болып қазақ тарихында есімі сақталып қалды. Халықты оқуға шақырған, білімнің қажеттігін түсіндірген жалаң үгітші емес, қазақ арасында ағартушылық жұмыстарын, мектеп ісін жолға қоюға көп күш салған, ұстаздық құрған ғұлама ғалым. Ұлы ағартушы Алтынсариннің бастамасын ілгері дамытып, нағыз ғылымдық дәрежеге көтеріп, жетер жеріне жеткізіп берді.

Бүгінгі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістер білім беру ісіне өзіндік ықпал етіп отыр. Қоғамдағы әлеуметтік жағдайларды негізге ала отырып,

білім мен тәрбие берудің мазмұны жаңаша жасалу үстінде. Мұнда ұлттық салт –дәстүр, мәдениетімізді меңгеруге аса зор мән беріліп, жалпы білім берудің әлемдік стандартына сай келтіру мәселесі қарастырылып келеді. Қазіргі таңдағы сабақта қолданылатын әдістеріміз де сол Ахмет көрсеткен тәсілдерден тұрады. «Әрбір ұстаз сабаққа кірер алдын ниеті болуы керек»- деген, пікір қалдырады. Халықты ағарту, оларды қараңғылықпен қарсы күресіп, білім жолына үгіттеу ниетін ұстанғанын көруге болады ағартушының. Ахаң – күрделі тұлға, зерделі ғалым. Күрделі болғанда ел-жұртының тарихы мен тағдыр талантын терең біліп толғаған, танымына лайық алысқа қол ұсынған алғашқы оқымыстысы. Кең құлашты, ұлан-асыр терең ойлы ғалым – халық ұлы өмірдің қай саласында да өз пікір-толғамын, бағдар-бағытын білдіріп келеді. Осыншама санқырлы қызметін жазған еңбектері арқылы жалпылама тізбелеп жеткізуге болар, бірақ шағын мақалада саралап айта алмасымыз анық. Мына заман талабына сай, ұлттық білім жүйесін қазақ тілінде сабақ бере отырып ұлтжандылыққа шақыра отырып, патриоттық тәрбие беру. Салтымыз бен дәстүрімізді күнделікті қайталап отыру арқы сабақта әдістермен оқушының бойына сіңдіре білуіміз керек. Мысалға Ахаңның нақыл сөздері – ояну дәуіріндегі рухани және саяси күрестегі елшілдік рух, ұлтшылдық сезім, мемлекетшілдік сана көрінісінің қайнары екенін көруге болады. Осындай әр тақырыпта түрлі құнды нақыл сөздерін күнделікті тақтаға жазып мағынасын сұрап отыруда есте сақтау қабілетін дамытуға болады. Ахмет жұртына өткеннің өкінішін емес, бүгінгінің баяндылығына, келешектің кемелділігіне адастырмай жеткізетін бағыт-бағдар нұсқады. Кемдіктегі елінің береке бірлігімен теңдікке жету жолында қолға алар қоғамдық істерін көрсетті. Жем болудан құтылудың амалын қарастырды, ілгерілеу жолын айқындады. «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек. Бай болуға – кәсіп керек. Күшті болуға – бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» міне тауып айтылған дәл бүгінгіні көрсетіп отыр. Бой түзейтін емес, ой түзейтін заманда нақты іске көшу керек білім жолында. Дегенмен де мәдениетімізге орасан еңбек сіңірген адам ер жасы елуге келіп отырған шағында, біз оның қазақ әдебиеті мен халық ағарту істері саласындағы қайталанбас қызметін атап өтуге өзімізді парыздармыз деп санаймын.

Тарихи деректерге жүгінсек Ахмет аға саналы ғұмырында 5 рет абақтыға қамалған. Алғашында патшаға қарсы теріс пікір таратып жүр деген жаламен ұсталған. Онан кейін саясаткер Ә.Бөкейхановпен бірігіп, үкіметке қарсы жасырын ұйым құрып, қарсы үгіт өрбітіп жүр делінген. Тағы бір айып-ол тек қазақ балаларын оқыту керек деп есептейді, -деген сан-сақты жалған айыптармен қудаланған. Сөйтіп едені сыз, терезесі жоқ абақты қаратүнек үйірген қараңғы үйге айналды. Осынау ауыртпалықтың бәрін ақын ағаның басына үйіп-төгіп берсе де ол өнерден, білім-ғылымнан келте қалмай, қараңғы халқына күндей жарық бола білді емес пе?! С.Кәкішов «Ахаң туралы ақиқат» кітабының 69-бетінде былай деп жазады: «Көп отырып шаршаған кезде Ахаң домбырасын алып, ән айтқанды жақсы

көретін.Күйлерді де көп тартатын.Ұлттық музыканы ғана емес,операны да жақсы көретін Ахаң мені Падрес апаммен бірге бірнеше рет операға да апарды»Міне,осы естеліктерден-ақ ақын ағаның тағы бір жаңа қырын тани түсесің.Ақынның өз ұрпағы болмағанмен,ақиқатқа толы деректер- мен бөлісіп қалам тербеген інісі Кәкіштің баласы Самырат Кәкішовті бауырына басып,өз баласындай тәрбиелеген.Осындай бауырға деген қамқорлықты,кең-пейілділік пен ақжүректілікті ел ағасының бойынан зерттеген сайын көргеніме қайранмын.Өмірі жоқшылықта,қуғыншылықта өтсе-дағы мақсатына қол жеткізген ғибратты ғұмырының өзі-халқының рухани көсемі бола білгендігінің дәлелі бар.

Ахмет Байтұрсынов және оның серіктері, шын мәнінде кеңестік билікті амалсыз мойындады. Бірақ Ахаң ешқашанда қазақ халқының рөлін көтеру және қазақ елін ұлттық тұрғыдан дербес ету идеясынан бас тартқан емес. Ол 1920 жылы 17 мамырда В.Лениннің атына хат жолдап, «... Ресейде коммунистер көп, бірақ нағыз идеялық коммунистер өте аз, оның үстіне олар шет аймақтарда аз немесе мүлде жоқ», — дей келе қазақ жерінің билігін қазақтан шыққан комунистер қолына беруді талап еткен еді [5, 4 б.].

Осы жылдың 12 шілдесінде Ахмет Байтұрсынов тағы да Т. Рысқұлов, Н.Ходжаев, З.Валидов, Ә.Ермеков, Х.Юмагулов тәрізді түркі халықтарының көрнекті тұлғаларымен бірге В.Ленинге хат жолдап, оның бұрынғы отарлаушы ел пролетариаты яғни орыс жұмысшы табы шеткері аймақтардағы отар елдер еңбекшілерін азат етеді деген қағидамен және панисламизмге қарсы күреске шақырған ұранымен өздерінің келіспейтінін ашық мәлімдеді [6, 354 б.].

1920-1922 ж.ж. Өлкелік Халық Комиссариаты жанындағы Академиялық Орталықтың төрағасы қызметін атқарады. Халық ағарту комиссариаты жанынан құрылған Академиялық орталықтың (Академцентр) тұңғыш төрағасы ретінде Қазақ елінің ғылымын академиялық жолмен басқаруды ұйымдастырудың негізін қалады.

1922-1925 ж.ж. Қазақ Халық ағарту Комиссариаты жанындағы Ғылыми- әдеби комиссиясының төрағасы, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы болады.

1925-1928 ж.ж. Қазақ елінің екінші астанасы болған Қызылорда қаласында тұрады, әрі ұлт жұмысының көшбасында болады.

1928 жылы қыркүйекте Алматы Қазақ мемлекеттік университетіне профессор лауазымымен қызметке кіреді. 4-қарашада «Еңбекші қазақ» газеті «Қазақ университетінің ашылуы» атты құттықтау сөзін, «Емле туралы» мақаласын жариялайды. Мұнда 1929 жылдың маусымына дейін қызмет атқарады.

1931 жылы РСФСР қылмысты істер кодексінің 58-бабының ең ауыр тармағы бойынша ату жазасына кесіледі, бірақ үкім қайта қаралып, 10 жылға бас бостандығынан айырылып, екінші рет жер аударылады.

1931-1933 жылы Беломор- Каналда айдауда болады. Жыл соңында Ресейдің Кривошеин ауданына қарасты Жуково елді мекеніне тұрақтауға рұқсат алып, осында әйелімен жылға жуық тұрады. Осы жылы 28-қаңтарда

жерлестері «Сарыарқа самалы» басылымында «Жауға түскен жан сөзі», «Қарқаралы қаласына», «Жұртыма» өлеңдерін жариялайды.

1934 жылы «Қызыл крест» қоғамының араласуымен түрмеден босатылып, Алматыға келеді. Осы жылы «Қазақ тілі грамматикасының тарихы» атты ғылыми еңбек жазуды бастайды.

1934 жылы 16-желтоқсанда Орталық мұражайға кеңесшілік жұмысқа тұрады, мұнда 1936 жылдың 21-қыркүйегіне дейін істейді.

Осы жылдары суретші В.Н.Хлудовтың қазақ тұрмысы туралы туындыларына «Заклучение по картинам художника Хлудова» сараптама пікір жазады. Өкінішке орай, И.Сталиннің 1925 жылғы 29 мамырдағы «Ақ жол» газеті туралы хаты Ахмет Байтұрсыновты және оның серіктерін «ұлтшылдар» және «шоқаевшылдар» ретінде қуғындауға теориялық негіз қалады. Қазақстандағы қуғын-сүргінді жергілікті басшы Ф.Голощекин жандандыра түсті. Ақырында алғаш Архангельскіде, соңынан Томскіде 1929-1934 жылдары айдауды болған Ахмет Байтұрсынов, көп кешікпей, 1937 жылы қуғын-сүргіннің жаңа толқынына ілігіп жазықсыз атылып кетті. Қорыта келе, Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ мәдениетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Ол өзінің құдай берген талантын туған халқына деген сүйіспендікпен суғарып, толассыз еңбекпен шыңдаған қайсар да қаһарман ғалым. Ахметтің «Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік» деген жүректен шыққан тілектес сөздерін әрбір ұстаз оқушы санасына құя отыруы керек. Ол – қараңғылық тұңғығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы. Не оқыту жүйесі, не өзіндік жазуы қалыптаса қоймаған, мал соңына ерген, малмен бірге ұйықтап, малмен бірге жусаған қалың ұйқыдағы халқының қамын жеп, сауатын ашпақ боп сары масадай ызындаған үлкен ақын, тілім деп түн ұйқысын төрт бөлген талантты тілші, шебер аудармашы, түркі тілдес халықтар тұлға тұтқан түрколог қоғам ісіне араласқан мемлекет қайраткері- Ахметтен қалған құнды дүниелерді ұрпақ бойына сіндіру ұстаздар біздің парызымыз болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиет:

- 1.- Алматы: Қазақ университеті, 20001. «Қазақ тілі мен әдебиеті» ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журналдары
- 2.Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы- 1 том: Алматы: «Алаш»-2003
3. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті 1993 ж

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ

Туякбаева Жамиля Бостановна

СҚО Петропавл қаласы

«Бірінші гимназия» КММ

қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі, педагог-модератор

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алған еді. Онымен қоса, қазақ графикасын жасап, қазақ педагогиканы қалыптастырып, құрған.

Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасының ішіндегі ең көлемді еңбегі – “Әдебиет танытқыш”. “Әдебиет танытқыш” – Ахмет Байтұрсынұлының философиялық ойын, әдебиетшілік назарын, сыншылық келбетін толық көрсететін жүйелі зерттеу, қазақ ойшылдығын ерекше зор еңбек.

Р.Б.Үсембаева «А.Байтұрсынұлы мұралары арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу» тақырыбына орындаған кандидаттық диссертациясының бірінші тарауында XX ғасырдың басындағы педагогикалық ой-пікірлердің бүгінгі зерттелу жайына тоқтала отырып, А.Байтұрсынұлының педагогикалық көзқарасының қалыптасуына қоғамдық-тарихи жағдайлардың ықпалын ғылыми-педагогикалық тұрғыда саралайды, сол кездегі қаланған білім жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Ал екінші тарауда ғұламаның артына қалдырған еңбектеріндегі адамгершілік мәселелері жан-жақты сарапталып, бүгінгі мектеп оқушыларының адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың алғышарттары қарастырылады. Сол мақсатта пән сабақтарының мүмкіндіктерін негізге ала отырып, бастауыш сынып оқушыларын «Ахметтану» атты пәндік үйірмелерге тарту, «Ахмет поэзиясы» атты кештер жүргізу арқылы оқушылардың рухани құндылық қасиеттерін қалыптастыру мүмкіндіктері қамтылады.

Сонымен, шетел классик-педагогтарының халықтық идея туралы еңбектері және қазақ ғалым-педагогтарының қазақ жазушы-педагогтарының халықтық идеясы туралы жалпылама зерттеулері біздің зерттеуімізге тарихи-теориялық негіз болды.

Жалпы, “Әдебиет танытқыш” алғаш рет 1926 жылы шықты, 1989 жылы “Жазушы” баспасы, 1991 жылы “Жалын” баспасы шығарды. Соңғы басылымда бұрынғы жариялануда кеткен бірталай селкеуліктер жөнделді, олар – кейбір шатасқан сөздердің, баспа кінәсінен кеткен қателіктердің бұрмаланған текстердің түзетілуі болды.

“Әдебиет танытқышта” Ахмет Байтұрсынов әдебиеттанудың әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріліп, шет сөзді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-бірімен сабақтас, ұйқас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттық қазақы жүйесін жасап берді. Олардың басым көпшілігі автор репрессияға ұшырап, кітаптың тыйым салынғанына қарамастан, әдеби тілге кіріп кетті. Байтұрсынов мұраларындағы тәрбиелік мәні бар ұлттық тағылымның негізгі түрі — бата. «Бата — біреуге алғыс бергенде айтылатын сөз. Батағөй шалдар басы бар табақты алып келгенде, асты жеп болғанда да бата қылып, көбінесе бата тамақ жеп болған соң істеледі», — деп, бата беру жолдарын баяндайды.

А.Байтұрсыновтың педагогикалық көзқарасындағы халықтық идеясына М.Әуезов 1923 жылы оның 50 жылдық мерейтойына орай жазған мақаласында мынадай баға берген екен: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түлеткен ана тілі, Ахаңның салған әдебиеттегі елшілдік ұран — «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдары қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымас қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмыт-пайтын істер болмақ».

Ғалым-тарихшы М.Қозыбаев: «Ахмет Байтұрсынов — XX ғасырдың ұлы реформаторы» атты мақаласында «...Ахмет болса, ұлт-азаттық қозғалысына гуманистік, ұлттық сипат берді. Еуропалық күрес рухын ұлттық сарын, әуенмен қабыстырды.

Қорыта келе, А.Байтұрсынов - өзінің ағартушылық қызметі мен педагогикалық көзқарастары арқылы халықтық идеяны кеңінен насихаттап, оны нақты іске асыру жолына бар өмірін арналған ғұлама ұстаз, халық педагогы, «ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға». Қазақ халқы үшін қызмет етуді өмірлік мұрат тұтқан аяулы азаматтың артында қалған мұралары қазіргі егемен еліміздің жас ұрпағына қоғамдық тәрбие беруде айрықша мән-маңызы бар екенін көрсетті. Қазақ жазушы-педагогтарының шығармашылықтарындағы халықтық идеяның мәні - ана тілін, ата тарихын, ұлттық мәдениетін, халқының ауыз әдебиетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, туған өлке табиғаты мен географиясын жүйелі оқытуға баса назар аударып, оларды жас ұрпаққа қоғамдық тәрбие берудің негізі екендігін дәлелдеуінде деп түсінеміз.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы. – Алматы. Қазақстан, 1995. -32б.
2. Кожаметов С. Педагогика мәселелері. Қазақ мемлекет баспасы, Алматы, 1940. -120б.
3. Дайрабаева А. Қазақстанда дидактикалық ойлардың дамуы. пед.ғыл.кан. дисс. 13.00.01. Алматы, 1994. -160б.
4. Ахметова Г.К. Образовательный идеал в теории и практике подготовки педагогических кадров. Алматы. 2000.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ - ҰЛЫ ТҰЛҒА

Джапашева Акбота Маратовна
СҚО Тайынша ауданы
«Ясная Поляна орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, мұғалім, аудармашы, қоғам қайраткері, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш Орда өкіметінің мүшесі болған ұлы тұлға. Елі үшін ағартушылық жолында аянбаған еңбекқор ұлт жанашыры.

Өз ұлтының тағдыры үшін күрескен жарық жұлдыз бүгінгі дәуірге дейін еңбектері бағаланып келеді. Ахмет бала кезінен сөз танып, оны ұғып, өздігінен ізденіп, көркем сөздің елде жоғары бағаланатынын сезіп өсті, халқының халін жақсы түсінген Ахмет редакция қызметіне араласа отырып қазақ әдебиетінің кірпішін қалауға себепші жанның бірі бола білді. Ахметтің саналы өмірге аяқ басқан кезінен бастап, халық поэзиясын, Абай, Ыбырай шығармаларын, орыс әдебиетін оқып нәтижесін көрсетті, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы, ірі ғалым, көсемсөз шебері, түркітанушы, дарынды ақын, аудармашы, ұлт жанашыры- Ахмет Байтұрсынұлы өз дәуірінің жарық жұлдызына айналды. Қазіргі таңдағы орны бөлек, осындай ағартушы, білім нәрін себуші, дарын иесіне биыл 150 жыл толып отыр, өзі ашқан «Қазақ» газетіне 110 жыл. Ахмет есімі қазаққа қайтып оралғанда ғұлама ғалымның зор еңбегі бөгетті бұзған дариядай екпінмен келіп, ұлттық білім мен мәдениетімізді, саяси өмірімізді ғажап байлыққа кенелтті, елінің алдынан қолына шам алып шықты. Тәуелсіздік таңы оңай келмеді қаншама төгілген батырларымыздың қаны бар, жазықсыз атылған ақындарымыз бар бүгінгі арайлы таңымыздың атуына себепшілердің бірі А. Байтұрсынұлын естен шығармауымыз тиіс. Ахметтің жасаған еңбектері қаншама десеңізші, журналист және педагог қызметін қоса атқара жүріп аянбады. Ол - қазақ тілі емлесінің реформаторы, грамматиканың және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы қазақ балаларының ана тілінде сауат ашып, білім алуына көп күш жұмсады. Маңдайымызға біткен дәуірдің жарық жұлдызы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының –еңбегін біз ұстаздар келешек ұрпаққа жеткізіп отыруымыз керек. Істеген ісінің жемісі-соңынан келе жатқан жастарға жол көрсеткен ұлтжан Ахметті сол кездің өзінде бағаланды. Сол заманда Ахаң ашқан қазақ мектебінен білім алуға келушілер саны арта түсті, педагог қызметін атқара жүріп ана тіліне аса мән берді, Әліппені жазып, жаппай сауаттылықа жол ашты. Жазған шығармаларын елінің жағдайымен

байланысты көрсетіп отырды. Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны-«Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсауының арқасында 1912 жылы Орынборда « Оқу құралы » басылып шығады. Бұл оқулық 1912-1925 жылдар аралығында 9 рет қайта басылса, оқулықтың жалғасы «Оқу құралы 2» кітабы 1913 жылы жарық көріп, 1924 жылға дейін 4 рет басылып шығады. Ал ғалымның «Тіл-құрал» атты үш кітаптан тұратын еңбегі қазақ мәдениетінің асқар шыңы болды. Қазіргі қазақ қауымы білім алып жатқан бұл оқулықтың фонетика бөлімі 1914 жылы, морфология бөлімі 1915 жылы, синтаксис бөлімі 1916 жылдары жарық көріп, 1928 жылға дейін бірнеше рет жарыққа шықты. А. Байтұрсынұлы журналист және педагог. Ол - қазақ тілі емлесінің реформаторы, грамматиканың және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы қазақ балаларының ана тілінде сауат ашып, білім алуына көп күш жұмсады. 1934 жылы 16-желтоқсанда Орталық мұражайға кеңесшілік жұмысқа тұрады, мұнда 1936 жылдың 21-қыркүйегіне дейін істейді. Осы жылдары суретші В.Н.Хлудовтың қазақ тұрмысы туралы туындыларына «Заключение по картинам художника Хлудова» сараптама пікір жазады. Өкінішке орай, И.Сталиннің 1925 жылғы 29 мамырдағы «Ақ жол» газеті туралы хаты Ахмет Байтұрсыновты және оның серіктерін «ұлтшылдар» және «шоқаевшылдар» ретінде қуғындауға теориялық негіз қалады. Қазақстандағы қуғын-сүргінді жергілікті басшы Ф.Голощекин жандандыра түсті. Ақырында алғаш Архангельскіде, соңынан Томскіде 1929-1934 жылдары айдауды болған Ахмет Байтұрсынов, көп кешікпей, 1937 жылы қуғын-сүргіннің жаңа толқынына ілігіп жазықсыз атылып кетті. «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға.» Ә.Кекілбаев өз пікірін осылай қалдырды.

Ахмет Байтұрсынұлының - еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі-соңынан келе жатқан жастарға өнеге болып қалыптастыру біз ұстаздардың қолында. Сол жылдары Ахмет мектебіне тізіліп, кіріп жатқан жас буын, жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ахметті өзінің басшысы деп санады. «Ахаң ашқан қазақ мектебі», «Ахаң түрлеген ана тілі», «Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны» тақырыпта айтылды.

Ұлы тұлғаның, «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ халқына жасаған қызметі , оның барлық қиындыққа мойымай төзе білгенін көріп еліне жасаған батырлығы деп айтар едім. Өз ұлты үшін күрескен ақын, жазушы, ұстаз , қауіп қатерлерден қаймықпады , тек өз қазағын алға тартуда тер төкті . Елім , жерім, қазағым деп ешнәрседен тайынбады. Міне өз елінің нағыз жанашыры, қамқоршысы болған ұлы тұлға бола білді. Ақынның қазағын мәдениетке жетелеудегі арманы бүгінде орындалып азуы алты қарыс мемлекеттермен білім, өнер, ғылым,

мәдениетпен терезесі тең болып осындай дәрежеге жетті. Қазақстанда ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалады. Ол жүйенің элементтері ұлттық жазу жүйесі, ұлттық негіздегі бағдарламалар оқу әдістемелік құралдар жазып пайдалануға ұсынды. Ахмет Байтұрсынұлы осы жүйенің барлық элементтерінде қазақтың тілін, ауыз әдебиетін, мәдениетін, тарихын, әдет – ғұрпын, салт – дәстүрлерін қазақ мектептерінде оқытып, оқушыларға ұлттық тәрбие беру мақсатында пайдалану жолдарын көрсетті. Ал енді әдістемеге тоқталар болсам, А.Байтұрсынұлы мұралары негізінен бастауыш мектепке және Қазақстандағы бастауыш мектеп жүйесін жандандыруға арналғандықтан ғұламаның еңбектерін барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес мектепке дейінгі мекемелерде оқушылардың жас ерекшеліктеріне негіздей отырып жасады. Бастауыш бұл еңбектерін мектептің оқу тәрбие үрдісіне енгізетін болсақ, егеменді еліміздің келешегін ойлайтын, мәдени – құндылық қасиеттері жетілген жеке тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік бар екенін байқауға болады.Туған халқын сүю, оны өнер білімге шақыру, халақтық салт – дәстүрлерді қастерлеу, ана мейірімділік, бата тілектің маңызы қазақ халқының даналығы, оның тәрбиелік мәні туралы даналық сөздер, өлеңдері бастауыш мектеп оқу бағдарламаларына ендіріліп оқытылса, олардың оқушыларға ұлттық тәрбие берудегі маңызы ерекше болар еді. Қорыта келе, салтымызды, тілімізді, дінімізді сақтап қалу біздей патриот жастар арқасында Қазақстан болашағын гүлдендіретін жас буында Ахметтің еңбектерін көрсете отырып жақсылыққа, бауырмалдылыққа шақыруда ұстаздар аянбаңыздар, шырағын сөндірмеңіздер.

Пайдаланылған әдебиет:

- 1.- Алматы: Қазақ университеті, 20001. «Қазақ тілі мен әдебиеті» ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журналдары
- 2.Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы- 1 том: Алматы: «Алаш»-2003

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «АДАМДЫҚ ДИҚАНШЫСЫ» ӨЛЕҢІ

Габбасова Самал Саркеновна

СҚО Петропавл қ.

«7 орта мектеп» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып: 5 «А»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Ахмет Байтұрсынұлының «адамдық диқаншысы» өлеңі	

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	5Т/Ж2 Ақын шығармашылығымен танысып, әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау.
Сабақтың мақсаты	Оқушылар мәтінді түсініп оқиды, қосымша ақпараттарды анықтайды, факты мен көзқарасты анықтайды, мәтін идеясымен байланысын анықтайды.
Бағалау критерийі:	мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау
Құндылықтарға баулу:	Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік. - ұлттық сана-сезім; - тәуелсіздік; - береке, бірлік, ынтымақты сақтау;
Ақпарат көзі	Оқулық: Қазақ әдебиеті 5-сынып, 1-бөлім, «Мектеп», 2017ж. Авторлары: Керімбекова Б., Қуанышбаева Ә.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 1.Ұйымдастыру кезеңі 2.Психологиялық ахуал 3. Үй жұмысын тексеру 4. Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру.	1.Сәлемдесу. Оқушылармен амандасып, түгендеу. «Жүректен жүрекке» әдісі арқылы оқушылар бір-біріне тілек айтып психологиялық ахуал тудырады. 2. «Мозайка» әдісі арқылы топқа бөлу. «Береке, бірлік, ынтымақ» суреттері арқылы 4 топқа бөлінеді. топ басшысын анықтау. Үй жұмысын «Өрмекші» әдісі арқылы ортаға шығарып тексеру.	Оқушылар амандасады. Оқушылар қағаз қиындыларын дұрыс құрастырып топқа бөлінеді.		Қағаз қиындылар

			Қ/Б«Бас бармақ» әдісі 	Жіп														
Сабақтың ортасы Мәтіналды жұмыс.	Оқылым алдындағы тапсырма. Ақын өміріне туралы тоқталу. Видеоролик көрсету. «Конверт сұрақ» әдісі арқылы оқушылар бір-біріне сұрақтар қояды. 1. Ахмет Байтұрсынұлы кім ? 2. Ақын кімге қызмет етуді қалайды? 3. Оқу, білім туралы қандай өлең білесің? 4. Ақынның тағы басқа қай шығармасын оқыдың? <table border="1"><thead><tr><th>Бағалау критерийі</th><th>Дескриптор</th></tr></thead><tbody><tr><td>Өлең шумағын түсініп оқиды;</td><td>-оқушылар бір-біріне тақырыпты ашу бойынша сұрақтар қояды;</td></tr><tr><td>Өлең тақырыбын ашатын сұрақтарға жауап береді;</td><td>-сұрақтарға толық, дұрыс жауап береді.</td></tr><tr><td>-оқушылар бір-біріне сұрақ қояды;</td><td></td></tr></tbody></table>	Бағалау критерийі	Дескриптор	Өлең шумағын түсініп оқиды;	-оқушылар бір-біріне тақырыпты ашу бойынша сұрақтар қояды;	Өлең тақырыбын ашатын сұрақтарға жауап береді;	-сұрақтарға толық, дұрыс жауап береді.	-оқушылар бір-біріне сұрақ қояды;		Оқушылар сұрақтарға жауап береді.	ҚБ Топтар бір – бірін бағалайды   							
Бағалау критерийі	Дескриптор																	
Өлең шумағын түсініп оқиды;	-оқушылар бір-біріне тақырыпты ашу бойынша сұрақтар қояды;																	
Өлең тақырыбын ашатын сұрақтарға жауап береді;	-сұрақтарға толық, дұрыс жауап береді.																	
-оқушылар бір-біріне сұрақ қояды;																		
Топтық жұмыс. Оқылым, жазылым тапсырмасы Мәтінмен жұмыс.	 : 3-тапсырма. Ахмет Байтұрсынұлы мысал жазрын кімдерден аударған? Бағанды толықтырып, дөңгелектеріне жазыңдар. <table border="1"><tbody><tr><td>Шығарма авторы</td><td>Аударылған шығарма атауы</td></tr><tr><td>А.С. Пушкин</td><td>Балықшы мен балық</td></tr><tr><td>И.А. Крылов</td><td>Егінің бастары</td></tr><tr><td></td><td></td></tr></tbody></table> Оқушылар кестені толықтырады. Мәтіннен түсінгендерін өз ойларын айтады. <table border="1"><thead><tr><th>Бағалау критерий</th><th>Дескриптор</th></tr></thead><tbody><tr><td>-кесте толтырады;</td><td>-авторы мен шығарма атын жазады;</td></tr><tr><td>-өз ойларымен түсінгенін айту.</td><td></td></tr></tbody></table>	Шығарма авторы	Аударылған шығарма атауы	А.С. Пушкин	Балықшы мен балық	И.А. Крылов	Егінің бастары			Бағалау критерий	Дескриптор	-кесте толтырады;	-авторы мен шығарма атын жазады;	-өз ойларымен түсінгенін айту.		Оқушылар кестені толтырып, өз ойларын айтады, түсінгендерін айтады.	ҚБ. Мадақтау арқылы Тамаша Жақсы Нашар	Оқул
Шығарма авторы	Аударылған шығарма атауы																	
А.С. Пушкин	Балықшы мен балық																	
И.А. Крылов	Егінің бастары																	
Бағалау критерий	Дескриптор																	
-кесте толтырады;	-авторы мен шығарма атын жазады;																	
-өз ойларымен түсінгенін айту.																		

		-өз ойларымен түсінгенін айтады.							
	Жазылым тапсырмасы. I топ: Ахмет Байтұрсынұлы туралы кластер құрастырады II топ: 5 тапсырма. «Адамдық диқаншысы» мысалын топта талдау. Өлең сюжеті бойынша таныстырылым жасайды. III топ. 6 тапсырма. Мысал бойынша «Адамдықтың сыры» атты сценарий құрастырады. IVтоп: «Адам мен табиғат» тақырыбына «Венн диаграмасын» салу.		Оқушылар берілген тапсырмалар бойынша өз ойларын ортаға шығып қорғайды.	ҚБ. «Мадақтау сэндвичі» әдісі 	Оқул пост марк лер				
	<table border="1"> <tr> <td>Бағалау критерийі</td> <td>Дескриптор</td> </tr> <tr> <td>-оқушылар әр топқа берілген тапсырмаларды орындау;</td> <td>-оқушылар әр топқа берілген тапсырмаларды орындайды;</td> </tr> </table>		Бағалау критерийі	Дескриптор	-оқушылар әр топқа берілген тапсырмаларды орындау;	-оқушылар әр топқа берілген тапсырмаларды орындайды;			
Бағалау критерийі	Дескриптор								
-оқушылар әр топқа берілген тапсырмаларды орындау;	-оқушылар әр топқа берілген тапсырмаларды орындайды;								
Сабақтың соңы Рефлексия			Сұрақтарға жауап береді.		Рефл сия п тары				
Бағалау	Дескриптор мен бағалау критерийін басшылыққа алып бағалау.								
Үй жұмысы	Мысалдан ұнаған жерлерін жаттап келу.								

